Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ



ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

4-том

АЛМАТЫ

ББК 67. 99(2К)—3
К — 17

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫ
ЖИНАҒЫН БАСЫП ШЫҒАРУ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

Досполов Д. (председатель),
Нұрпейісов С. С., Изюмников В. К.,
Елемесов Ғ. Б., Айтмұқанбетов Т. Қ.,
Бацула А. Е., Жандосов С. О.,
Карбовский Э. С., Әбділдин Ж. М.

К $\frac{1203020000-122}{401(05)-88}$ 84—88

ББК 67. 99(2К)—3

II БӨЛІМ

ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МЕН МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР. АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРАВОЛАРЫ

5-тарау

ТҰРҒЫН ҮЙ ЗАҢЫ

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ТҰРҒЫН ҮЙ КОДЕКСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1983 жылғы 30 июньдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., № 28, 299-ст.)

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1-статья. Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексі бекітілсін және ол 1984 жылғы 1 январьдан бастап күшіне енгізілсін.

2-статья. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексін күшіне енгізу тәртібін белгілеу және Қазақ ССР-інің заңдарын осы Кодекске сәйкес келтіру тапсырылсын.

ҚАЗАҚ ССР-інің ТҰРҒЫН ҮЙ КОДЕКСІ

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі нәтижесінде елімізде аса маңызды әлеуметтік проблемалардың бірін шешу — еңбекшілердің тұрғын үй жөніндегі қажетін қанағаттандыру үшін керекті алғы шарттар жасалды.

Коммунистік қоғам орнатудың лениндік идеяларын іс жүзіне асыра отырып, халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін арттыру бағытын жүргізе отырып, Совет мемлекеті Коммунистік партия белгілеген тұрғын үй құрылысының программасын дәйектілікпен жүзеге асыруда.

Мемлекеттік жоспарлар негізінде мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорын дамытудың жоғары қарқыны, кооперативтік және жеке тұрғын үй құрылысына көмектесу жөнінде мемлекет қолданып отырған шаралар СССР Конституциясы және Қазақ ССР Конституциясы кепілдік беретін азаматтардың тұрғын үй алу правосын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасауда.

Тұрғын үй қорының сақталуын қамтамасыз ету, оның пайдаланылу мерзімін ұзарту, тұрғын үйлердің тұрмысқа жайлылық дәрежесін арттыру мемлекеттік маңызы бар міндет болып табылады. Бұл міндетті шешуге қоғамдық ұйымдар мен азаматтар белсене қатысуда.

СССР Конституциясы және Қазақ ССР Конституциясы азаматтарды өздеріне берілген тұрғын үйге ұқыпты қарауға міндеттейді.

Советтік тұрғын үй заңдары азаматтардың тұрғын үй алу правосын қамтамасыз ету, тұрғын үй қорын тиімді пайдалану және қорғау ісіне көмектесуге тиіс.

I бөлім

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-статья. **Қазақ ССР азаматтарының тұрғын үй алу правосы**

СССР Конституциясына және Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР-інің азаматтары тұрғын үй алуға праволы. Бұл право мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорын дамытып, қорғау, коопера-

тивтік және жеке тұрғын үй құрылысына көмектесу, тұрмысқа жайлы тұрғын үйлер салу программасының жүзеге асырылуына қарай берілетін тұрғын үйлерді жұртшылықтың бақылауымен әділетті бөлу, сондай-ақ пәтер мен коммуналдық қызмет үшін төленетін ақының аз болуы арқылы қамтамасыз етіледі.

2-статья. **Қазақ ССР тұрғын үй заңдарының міндеттері**

Қазақ ССР тұрғын үй заңдарының міндеттері СССР Конституциясы және Қазақ ССР Конституциясы кепілдік беретін азаматтардың тұрғын үй алу правосын қамтамасыз ету, тұрғын үй қорының тиісінше пайдаланылуын және сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үй қатынастарын реттеу, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары саласындағы заңдылықты нығайту болып табылады.

3-статья. **ССР Одағының және Қазақ ССР-інің тұрғын үй заңдары**

Қазақ ССР-інде тұрғын үй қатынастары ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздері және соларға сәйкес шығарылатын ССР Одағының тұрғын үй заңдарының басқа да актілері бойынша, осы Кодекс және Қазақ ССР тұрғын үй заңдарының өзге актілері бойынша реттеледі.

Тұрғын үйлерді салуға байланысты қатынастар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің тиісті заңдары бойынша реттеледі.

4-статья. **Тұрғын үй қоры**

Қазақ ССР-інің территориясындағы тұрғын үйлер, сондай-ақ басқа құрылыстардағы тұрғын жайлар тұрғын үй қорын құрайды.

Тұрғын үй қорына мыналар кіреді:

мемлекетке қарасты тұрғын үйлердегі және басқа құрылыстардағы тұрғын жайлар (мемлекеттік тұрғын үй қоры);

колхоздарға және басқа кооперативтік ұйымдарға, олардың бірлестіктеріне, кәсіподақ және өзге қоғамдық ұйымдарға қарасты тұрғын үйлер және басқа құрылыстардағы тұрғын жайлар (қоғамдық тұрғын үй қоры);

тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне қарасты тұрғын үйлер (тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің қоры);

азаматтардың өзіндік меншігіндегі тұрғын үйлер (жеке тұрғын үй қоры).

Тұрғын үй қорына мемлекеттік-колхоздық және өзге мемлекеттік-кооперативтік бірлестіктеріне, кәсіпорындарға және ұйымдарға қарасты тұрғын үйлер де кіреді. ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес бұл үйлерге қоғамдық тұрғын үй қоры үшін белгіленген ережелер қолданылады.

Тұрғын үйлердегі сауда, тұрмыстық және өнеркәсіптік сипаты жоқ өзге мұқтаждарға арналған адам тұрмайтын жайлар тұрғын үй қорына кірмейді.

5-статья. **Мемлекеттік тұрғын үй қоры**

Мемлекеттік тұрғын үй қоры халық депутаттары жергілікті Советтерінің қарауында (жергілікті Советтердің тұрғын үй қоры) және министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қарауында (ведомстволық тұрғын үй қоры) болады. ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес қалалар мен жұмысшы поселкелеріндегі ведомстволық тұрғын үй қорының үйлері СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советі бел-

гілейтін тәртіп бойынша және мерзімде бірте-бірте халық депутаттары жергілікті Советтерінің қарауына берілуге тиіс.

6-статья. **Тұрғын үйлер мен тұрғын жайлардың мақсаты**

Тұрғын үйлер мен тұрғын жайлар азаматтардың тұрғылықты тұруына, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша қызметтік тұрғын жайлар мен жатақханалар ретінде пайдалануға арналады. Тұрғын үйлердегі жайларды өнеркәсіптік сипаттағы мұқтаждар үшін беруге тыйым салынады.

7-статья. **Тұрғын үйлер мен тұрғын жайларды тұрғын үй қорынан шығару**

Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлердің жайына мезгіл-мезгіл, Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін мерзімдерде тексеру жүргізіледі. Тұруға жарамсыз тұрғын үйлер мен тұрғын жайлар басқа мақсаттарда пайдалану үшін қайта жабдықталады не мұндай үйлер халық депутаттарының облыстық, Алматы қалалық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша бұзылады.

Тұрғын үйлер мен тұрғын жайлардың техникалық және санитариялық жайына тексеру жүргізу тәртібін Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

8-статья. **Тұрғын үйлер мен тұрғын жайларды адам тұрмайтын жайларға ауыстыру**

Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұруға жарамды тұрғын үйлер мен тұрғын жайларды адам тұрмайтын үйлерге ауыстыруға, әдетте, жол берілмейді. Тұрғын үйлер мен тұрғын жайларды адам тұрмайтын үйлерге ауыстыру ерекше реттерде осы Кодекстің 7-статьясының бірінші бөлігінде аталған органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Ведомстволық және қоғамдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлері мен тұрғын жайларын адам тұрмайтын үйлерге ауыстыру тиісті министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың және қоғамдық ұйымдардың орталық органдарының ұсыныстары бойынша жүргізіледі.

Колхоздарға қарасты тұрғын үйлер мен тұрғын жайларды адам тұрмайтын үйлерге ауыстыру колхоз мүшелері жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

9-статья. **Азаматтардың тұрғын үй праволары мен міндеттері**

Қазақ ССР азаматтарының мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерінен не тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлерінен белгіленген тәртіп бойынша тұрғын жай алуға правосы бар.

Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі, сондай-ақ тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлеріндегі тұрғын жайлар азаматтарға мерзімсіз пайдалануға беріледі.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес азаматтар өзіндік меншігінде тұрғын үйді (үйдің бір бөлігін) иемденуге праволы.

Заңда көзделген негіздер мен тәртіптен басқа жағдайларда ешкім де өзінің тұрғын жайынан шығарылмайды немесе оның тұрғын жайды пайдалану правосы шектелмейді.

Азаматтар өздері тұратын үйге ұқыпты қарауға, тұрғын жайды өз мақсатына сәйкес пайдалануға, тұрғын жайларды пайдалану ережелері мен социалистік тұрмыс ережелерін сақтауға, суды, газды, электр және жылу энергиясын үнемді жұмсауға міндетті.

Тұрғын үйлер мен тұрғын жайларды азаматтар өзінің бас пайдасы

үшін, еңбексіз табыс табу мақсаттарында және басқа да арам пиғыл мақсаттарында, сондай-ақ қоғам мүддесіне нұқсан келтіретіндей етіп пайдалануға тиісті емес.

10-статья. **ССР Одағының тұрғын үй қатынастарын реттеу саласындағы компетенциясы**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес тұрғын үй қатынастарын реттеу саласында ССР Одағының қарауына мыналар жатады:

1) тұрғын үй қатынастарын заң жүзінде реттеудің бірлігін қамтамасыз ету;

2) одақтық бағыныстағы тұрғын үй шаруашылығына басшылық ету, одақтық-республикалық бағыныстағы тұрғын үй шаруашылығына жалпы басшылық ету;

3) тұрғын үй шаруашылығын мемлекеттік басқару органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің жалпы негіздерін белгілеу;

4) одақтас республикалар, СССР министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары бойынша тұрғын үй қорын күрделі жөндеу жөніндегі жоспарлы тапсырмаларды бекіту;

5) тұрғын үй қорын жөндеу саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізу;

6) одақтас республикалар, СССР министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары бойынша тұрғын үй қорын пайдалануға және жөндеуге арналған финанс және материалдық ресурстардың жұмсалу нормативтерін белгілеу;

7) тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алудың бірыңғай тәртібін белгілеу;

8) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алудың, тұрғын жайлар берудің және оларды пайдаланудың негізгі ережелерін белгілеу;

9) пәтер ақының мөлшерін және тұрғын жайлар мен коммуналдық қызметке ақы төлеу жөнінде жеңілдіктер белгілеу;

10) тұрғын үй-құрылыс кооперативтерін ұйымдастырудың және олардың қызметінің негізгі ережелерін белгілеу;

11) тұрғын үй қорының пайдаланылуын және сақталуын мемлекеттік бақылау және оны жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

12) СССР Конституциясына және ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес тұрғын үй қорын пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету саласындағы жалпы одақтық маңызы бар басқа да мәселелерді шешу.

11-статья. **Қазақ ССР-інің тұрғын үй қатынастарын реттеу саласындағы компетенциясы**

Тұрғын үй қатынастарын реттеу саласында Қазақ ССР-інің қарауына ССР Одағының компетенциясы шеңберінен тыс мыналар жатады:

1) республикада тұрғын үй қатынастарын заң жүзінде реттеу;

2) одақтық-республикалық және республикалық бағыныстағы тұрғын үй шаруашылығына басшылық ету, бұл шаруашылықты мемлекеттік басқару органдарын ұйымдастыру және олардың қызмет тәртібін белгілеу;

3) республикада тұрғын үй қорын күрделі жөндеу жөніндегі жоспарлы тапсырмаларды бекіту;

4) республика территориясындағы тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру;

5) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу, тұрғын жайлар беру және оларды пайдалану тәртібін белгілеу;

6) пәтер ақы және коммуналдық қызмет үшін ақы төлеу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

7) тұрғын үй-құрылыс кооперативтерін ұйымдастыру және олардың қызмет тәртібін, олардың мүшелерінің праволары мен міндеттерін белгілеу;

8) тұрғын үйлерді техникалық жағынан пайдалану ережелері мен нормаларын және үй іргесіндегі территорияларды пайдалану ережелерін белгілеу;

9) тұрғын үй қорының пайдаланылуын және сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

10) тұрғын үй қорын пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету саласындағы басқа да мәселелерді, егер олар ССР Одағының компетенциясына жатқызылмаған болса, шешу.

12-с т а т ь я. **Халық депутаттары облыстық, Алматы қалалық Советтерінің тұрғын үй қорын пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі**

Халық депутаттарының облыстық, Алматы қалалық Советтері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес:

1) өздеріне қарасты тұрғын үй шаруашылығына басшылық етеді;

2) облыстың, Алматы қаласының тұрғын үй шаруашылығын дамыту жөніндегі жоспарлы тапсырмаларды бекітеді және олардың орындалуын бақылайды;

3) тұрғын үй қорының пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алудың жайын, сондай-ақ тұрғын алаңның дұрыс бөлінуін бақылауды жүзеге асырады;

5) тұрғын үй қорын пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету саласындағы басқа да мәселелерді шешеді.

13-с т а т ь я. **Халық депутаттары аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің тұрғын үй қорын пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі**

Қазақ ССР халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес:

1) өздеріне қарасты тұрғын үй шаруашылығына басшылық етеді;

2) ауданның, қаланың, қаладағы ауданның, поселкенің, селолық елді мекеннің тұрғын үй шаруашылығын дамыту жөніндегі жоспарлы тапсырмаларды бекітеді және олардың орындалуын бақылайды;

3) Советтің қарауындағы тұрғын үй қорының тиісті техникалық жайын, күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізілуін қамтамасыз етеді;

4) ведомстволық және қоғамдық тұрғын үй қорының жайы мен пайдаланылуын, тұрғын үй-құрылыс кооперативтері үйлерінің және азаматтардың өзіндік меншігіндегі үйлердің күтіп ұсталуын бақылауды жүзеге асырады;

5) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есебін жүргізеді;

6) халық депутаттарының тиісті жергілікті Советіне қарасты тұрғын үй қорын бөледі және халық депутаттары жергілікті Советтерінің үйлерінен азаматтарға тұрғын жайлар береді, тұрғын үй жағдайларын

жақсартуға мұқтаж азаматтар есебінің дұрыс жүргізілуін әрі ведомстволық және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерінен, сондай-ақ тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлерінен азаматтарға тұрғын жайлардың дұрыс берілуін бақылауды жүзеге асырады;

7) ССР Одағының заңдарына, осы Кодекске және Қазақ ССР-інің өзге заңдарына сәйкес тұрғын үй қорын пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету саласындағы басқа да мәселелерді шешеді.

II бөлім

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН БАСҚАРУ

14-статья. Тұрғын үй қорын пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес тұрғын үй қорын пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару ісін СССР Министрлер Советі, Қазақ ССР Министрлер Советі, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар, сондай-ақ соған арнайы уәкілдігі бар мемлекеттік органдар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

15-статья. Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігінің тұрғын үй қорын пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару өкілеттігі

Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі Қазақ ССР-інде тұрғын үй қорын пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын арнайы уәкілдігі бар мемлекеттік орган болып табылады.

Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі тұрғын үй қорын басқару, оны пайдалану және жөндеу саласында үйлестіруді жүзеге асырады.

Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігінің өз компетенциясы шеңберінде шығаратын актілері Қазақ ССР-інің территориясында министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, оларға қарасты кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар үшін, сондай-ақ халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, тұрғын үй-құрылыс кооперативтері мен азаматтар үшін міндетті.

16-статья. Мемлекеттік тұрғын үй қорын басқаруды жүзеге асыратын органдар

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің тұрғын үй қорын басқаруды олардың атқару комитеттері және олар құратын басқару органдары жүзеге асырады.

Ведомстволық тұрғын үй қорын басқаруды министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар және оларға бағынысты кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар жүзеге асырады.

17-статья. **Қоғамдық тұрғын үй қорын басқаруды жүзеге асыратын органдар**

Қоғамдық тұрғын үй қорын басқаруды колхоздардың және басқа кооперативтік ұйымдардың, олардың бірлестіктерінің басқару органдары, кәсіподақ және өзге қоғамдық ұйымдардың органдары өз уставтарына (ережелеріне) сәйкес жүзеге асырады.

18-статья. **Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің қорын басқаруды жүзеге асыратын органдар**

Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің қорын басқаруды кооперативтерді басқару органдары өз уставтарына сәйкес жүзеге асырады.

19-статья. **Қоғамдық ұйымдардың, еңбек коллективтері мен азаматтардың мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорын басқаруға және оның сақталуын қамтамасыз етуге қатысуы**

Кәсіптік одақтар, басқа қоғамдық ұйымдар, еңбек коллективтері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына және қоғамдық ұйымдардың уставтарына (ережелеріне) сәйкес, сондай-ақ азаматтар мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорын басқаруға және оның сақталуын қамтамасыз етуге қатысады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу, тұрғын алаң алуға кезектілікті белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерінде оны бөлу қоғамдық бақылау арқылы және жариялылық сақтала отырып жүзеге асырылады.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбек коллективтерінің шешімі бойынша коллективтік шарттарда тұрғын жайларды бірінші кезекте алуға правосы бар жұмысшылар мен қызметшілер үшін, сондай-ақ еңбекте жоғары көрсеткіштерге жеткен әрі қоғамдық өмірге белсене қатысып жүрген өндіріс жаңашылдары мен озаттары үшін оларды жұмыс орны бойынша тұрғын алаңмен қамтамасыз ету кезінде тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж деп танудың жеңілдікті негіздері, сондай-ақ осы мақсатта бөлінетін тұрғын алаңның-саны да көзделуі мүмкін. Коллективтік шарттарда аталған өндіріс жаңашылдары мен озаттарына тұрғын жайларды бірінші кезекте беру көзделуі мүмкін.

Мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ лауазымды адамдар тұрғын үй қорын пайдалануды және оның сақталуын жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырған кезде қоғамдық ұйымдардың, еңбек коллективтері мен азаматтардың ұсыныстарын барынша ескеріп отыруға міндетті. [1]

20-статья. **Қоғамдық ынталы органдардың тұрғын үй қорын басқаруға және оның сақталуын қамтамасыз етуге қатысу тәртібі**

Үй-көше, квартал комитеттері және басқа қоғамдық ынталы органдар өздері туралы ережелерге сәйкес тұрғын үй қорын пайдалануда және оның сақталуын қамтамасыз етуде мемлекеттік органдарға көмек көрсетеді, тұрғын үй қорын басқаруға және азаматтардың тұрғын жайларды пайдалану мен тұрғын үйлерді күтіп ұстау ережелерін сақтауын қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қатысады.

---

[1] 19-статьяға 1984 ж. 28 августағы және 1986 ж. 12 июньдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 36, 447-ст.; 1986 ж. № 25, 243-ст.).

21-с т а т ь я. **Тұрғын үй-пайдалану ұйымдары**

Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорын пайдалану үшін тұрғын үй-пайдалану ұйымдары құрылады, олардың қызметі шаруашылық есеп негізінде жүзеге асырылады.

Тұрғын үй-пайдалану ұйымдары тұрғын үй қорының сақталуын және оның тиісінше пайдаланылуын, азаматтарға жоғары дәрежеде қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ азаматтардың тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үйді және үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелерін сақтауын бақылайды.

Тұрғын үйді бір ғана тұрғын үй-пайдалану ұйымы пайдалана алады. Егер ведомстволық немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерін пайдалану үшін тұрғын үй-пайдалану ұйымын құру мүмкін болмаса, үйлерді пайдалану ісін тікелей тиісті кәсіпорын, мекеме, ұйым жүзеге асырады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес тұрғын үй-пайдалану ұйымы туралы үлгі ережені Қазақ ССР Министрлер Советі немесе СССР министрлігі, мемлекеттік комитеті, ведомствосы бекітеді.

22-с т а т ь я. **Құрылыс салушылардың жаңадан салынған үйлердегі тұрғын алаңның бір бөлігін қоныстандыру үшін халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне және басқа ұйымдарға беруі**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес СССР Министрлер Советі құрылыс салушылардың мемлекеттік күрделі қаржылар есебінен жаңадан салынған үйлердегі тұрғын үй алаңының бір бөлігін қоныстандыру үшін халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне және басқа ұйымдарға беруінің негіздері мен шарттарын, сондай-ақ берілетін тұрғын алаңның көлемін белгілеуге праволы.

23-с т а т ь я. **Үлес қосып қатысу тәртібімен берілген қаржылар есебінен салынған үйлердегі тұрғын алаңды бөлу**

Кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың қаржыларын үлес қосып қатысу тәртібімен қатыстыру арқылы салынған үйлердегі тұрғын алаң қоныстану үшін құрылысқа қатысушылар арасында олардың берген қаржыларына сәйкес бөлінеді.

24-с т а т ь я. **Тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алу**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алу СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіппен ССР Одағы үшін бірыңғай жүйе бойынша жүзеге асырылады.

25-с т а т ь я. **Тұрғын үй қорының пайдаланылуы мен сақталуын мемлекеттік бақылау**

Тұрғын үй қорының пайдаланылуы мен сақталуын мемлекеттік бақылау барлық министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, мемлекеттік, кооперативтік және басқа қоғамдық кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің, лауазымды адамдар мен азаматтардың тұрғын алаңды бөлу және азаматтарға тұрғын жайлар беру тәртібін, тұрғын үй қорын пайдалану, оны техникалық жақсы жағдайда күтіп ұстау ережелерін сақтауын қамтамасыз етуді өзіне міндет етіп қояды.

26-с т а т ь я. **Тұрғын үй қорының пайдаланылуы мен сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар**

Тұрғын үй қорының пайдаланылуы мен сақталуын мемлекеттік бақылауды халық депутаттарының Советтері, олардың атқарушы және жарлықшы органдары, сондай-ақ соған арнайы уәкілдігі бар мемлекеттік органдар ССР Одағының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады.

III бөлім

АЗАМАТТАРДЫ ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

1-тарау

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ ҮЙЛЕРІНЕН ТҰРҒЫН ЖАЙЛАР БЕРУ

27-статья. Азаматтардың тұрғын жай алу правосы

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерінен ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген тәртіп бойынша пайдалану үшін тұрғын жай алуға правосы бар. Тұрғын жайлар сол елді мекенде тұрақты тұратын аталған азаматтарға (егер ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында өзгеше белгіленбеген болса), әдетте, әр семьяға жеке пәтер түрінде беріледі.

Азаматтар тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп ССР Одағының заңдарымен, осы Кодекспен және Қазақ ССР-інің басқа заңдарымен көзделген негіздер бойынша танылады.

28-статья. Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің мүшелерін және өзіндік меншігінде тұрғын үйі бар азаматтарды тұрғын алаңмен қамтамасыз ету

Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж мүшелері, өзіндік меншігінде тұрғын үйі бар азаматтар және бұл үйлерде тұратын басқа азаматтар тұрғын жайлармен жалпы негіздер бойынша қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйінен тұрғын жаймен қамтамасыз еткен кезде тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесі тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үйіндегі тұрғын жайды босатуға міндетті, ал өзіндік меншік правосында тұрғын үйі (үйдің бір бөлігі) бар азамат белгіленген тәртіп бойынша үйді (үйдің бір бөлігін) нелiктен шығаруға міндетті.

29-статья. Азаматтарды тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп тану негіздері

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп мынадай азаматтар танылады:

1) семьяның әрбір мүшесіне арналған тұрғын алаңмен халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советінің атқару комитеті белгілейтін дәрежеден кем қамтамасыз етілгендер;

2) белгіленген санитариялық және техникалық талаптарға сай келмейтін тұрғын үйде (тұрғын жайда) тұратындар;

3) жатақханаларда тұратындар, бұған маусымдық және уақытша қызметкерлер, сондай-ақ оқуға байланысты қоныстанған азаматтар кірмейді;

4) бір бөлмеде немесе оңашаланбаған жапсарлас бөлмелерде екі немесе одан да көп семья болып тұратындар;

5) тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлеріндегі немесе басқа азаматтардың өзіндік меншік правосындағы үйлеріндегі тұрғын жайларды қосымша жалдаушылар, уақытша тұрғындар не жалдаушылар ретінде ұзақ уақыт тұратындар және басқа тұрғын жайы жоқтар.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген өзге негіздер бойынша да азаматтар тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп танылуы мүмкін.

30 с т а т ь я. **Азаматтардың жекелеген категорияларын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп тану негіздері**

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп тұрмысқа жайлы жеке пәтері жоқ мынадай адамдар да танылады:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері;

2) Совет Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, сондай-ақ Даңқ, Еңбек Даңқы және «СССР Қарулы Күштерінде Отанға қызмет еткені үшін» ордендерінің барлық үш дәрежесімен наградталған адамдар;

3) белгіленген тәртіп бойынша бекітілетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурудың ауыр түрлерінен зардап шегетін адамдар;

4) «Ардақты ана» атағы берілген аналар.

31-с т а т ь я. **Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды олардың тұрғылықты жері бойынша есепке алу**

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу, әдетте, тұрғылықты жері бойынша халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комитетінде жүзеге асырылады. ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес СССР Министрлер Советі және Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін реттерде және тәртіп бойынша азаматтар өздері тұрмайтын жерлерде де есепке алынуы мүмкін.

32-с т а т ь я. **Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды олардың жұмыс орны бойынша есепке алу**

Тұрғын үй қоры бар және тұрғын үй құрылысын жүргізетін немесе тұрғын үй құрылысына үлес қосып қатысатын кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істейтін, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу жұмыс орны бойынша, ал олардың қалауымен — тұрғылықты жері бойынша да жүзеге асырылады. Пенсияға шығуына байланысты осы кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істеуін тоқтатқан азаматтар солармен бірдей есепке алынады.

Семьяның бір мүшесін есепке алу семьяның басқа мүшелерінің өз қалауымен жұмыс орны бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебіне алынуына кедергі келтірмейді.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген реттерде кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның еңбек коллективіне тікелей қызмет көрсететін медицина, мәдени-ағарту және басқа мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері өз қалауы бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебіне сол еңбек коллективінің жұмысшыларымен және қызметшілерімен бірдей алынады.

33-с т а т ь я. **Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу тәртібі**

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу, сондай-ақ азаматтарға тұрғын жайлар беру кезегін анықтау тәртібі ССР Одағының заңдарымен, осы Кодекспен және Қазақ ССР-інің басқа заңдарымен белгіленеді.

Азаматтардың өздерін және олардың семья мүшелерін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебіне қою туралы арыздарын осы Кодекстің 31 және 32-статьяларында аталған органдар қарайды. Қабылданған шешімдер туралы арыз иелеріне жазбаша түрде хабарланады.

Соңғы бес жыл ішінде тұрғын үйді айырбастау, өзіндік меншік правосындағы өзіне қарасты тұруға жарамды тұрғын үйді (үйдің бір бөлігін) иеліктен шығару, тұрғын жайды қирату немесе бұлдіру, тұрғын үй-құрылыс кооперативінен шығуы нәтижесінде өзінің тұрғын үй жағдайларын қасақана нашарлатып жіберген азаматты есепке алудан бас тартылуы мүмкін.

34-с т а т ь я. **Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есептен шығару негіздері**

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтар мынадай реттерде ғана есептен шығарылуы мүмкін:

1) тұрғын үй жағдайларын жақсартса, осыған байланысты есепте тұрудың негіздері жойылса;

2) басқа елді мекенге тұрақты тұруға кетсе;

3) жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға немесе басқа жазалау шараларына алты айдан астам мерзімге сотталуы сол жерде тұруға мүмкіндік бермейтін болса;

4) егер пенсияға шығуына немесе сайланбалы қызмет бойынша жұмысқа ауысуына байланысты болмай, азамат есепте тұратын кәсіпорынмен, мекемемен және ұйыммен еңбек шартын доғарса;

5) азамат тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждығы туралы шындыққа сай келмейтін мәліметтер табыс етсе не лауазымды адамдар есепке алу туралы мәселені шешкен кезде заңсыз әрекеттер жасаса;

6) ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген басқа реттерде.

Есепте тұрған азамат қайтыс болған немесе басқа жерге тұрақты тұруға кеткен ретте, егер оларды тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп тану негіздері сақталса, оның орнына семья мүшелерінің біреуі есепке алынады; бұл ретте жұмыс орны бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебіне семья мүшесі, егер ол осы кәсіпорында, мекемеде, ұйымда жұмыс істейтін болса ғана, ал есепте тұрған азамат өндірістегі қайғылы оқиға салдарынан немесе кәсіптік аурудан қайтыс болған ретте семья мүшесі оның осы кәсіпорында, мекемеде, ұйымда жұмыс істеген-істемегеніне қарамастан есепке алынады.

35-с т а т ь я. **Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда есепке алудың жайын бақылау**

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда есепке алудың жайын бақылауды халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері және кәсіптік одақтардың тиісті органдары жүзеге асырады.

36-с т а т ь я. **Азаматтарға тұрғын жайлар берудің кезектілігі**

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебінде тұрған азаматтарға тұрғын жайлар тізім бойынша белгіленген кезектілік тәртібімен, есепке алынған уақытқа сүйене отырып беріледі.

Бірінші кезекте және кезектен тыс тұрғын жайлар берілу правосы бар азаматтар жеке тізімге енгізіледі.

Жұмыс орны бойынша есепке алынған азаматтардың тізімін халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті бекітеді. Тізімде кейін болған өзгерістер туралы кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның басшысы тізімді бекіткен атқару комитетіне хабарлауға міндетті.

Тұрғын жай алуда мыналардың кезегі неғұрлым кейінгі мерзімге қалдырылуы мүмкін: еңбек тәртібін қасақана бұзатын адам; маскүнем-

дігі немесе бұзақылығы үшін әкімшілік жазалау немесе қоғамдық ықпал ету шаралары бірнеше рет қолданылған азамат; қылмыс жасағаны үшін сотталған адам, егер бұл ретте ол осы Кодекстің 34-статьясының 3-тармағына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебінен шығаруға жатпаса; мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұсақтап ұрлаған адам; қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылданбайтын адам; ата-аналық праволарынан айрылған адам және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген басқа реттерде.

Кезектілікті кейінге қалдыру туралы мәселені азаматты есепке алған орган шешеді.

37-с т а т ь я. **Тұрғын жайларды бірінші кезекте беру**

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж мынадай адамдарға тұрғын жайлар бірінші кезекте беріледі:

Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне және қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлердің (партизандардың) семьяларына және белгіленген тәртіп бойынша соларға теңестірілген адамдарға;

Совет Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне, сондай-ақ Даңқ, Еңбек Даңқы, «СССР Қарулы Күштерінде Отанға қызмет еткені үшін» ордендерінің барлық үш дәрежесімен наградталған адамдарға;

ССР Одағының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша бекітілетін аурулар тізімінде көрсетілген кейбір созылмалы аурудың ауыр түрлерінен зардап шегетін адамдарға;

азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысы кезеңінде және СССР-ді қорғау жөніндегі басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армияның құрамында болған адамдарға, азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысының партизандарына, сондай-ақ СССР-ді қорғау жөніндегі ұрыс операцияларына қатысқан басқа да адамдарға;

I және II топтағы еңбек мүгедектеріне және әскери қызметшілер қатарынан шыққан I және II топтағы мүгедектерге;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқару, СССР азаматының адам өмірін құтқару жөніндегі, социалистік меншік пен право тәртібін қорғау жөніндегі борышын орындау кезінде қаза тапқан не қайғылы оқиға салдарынан өндірісте қаза тапқан адамдардың семьяларына;

өндіріс саласында ұзақ уақыт бойы адал еңбек еткен жұмысшылар мен қызметшілерге. Сол кәсіпорында (бірлестікте, ұйымда) үздіксіз жұмыс істеу мерзімі он жылдан кем болмауға тиіс;

«Ардақты ана» атағы берілген аналарға, төрт және одан да көп баласы бар көп балалы семьяларға және жалғызілікті аналарға;

егіз бала туған семьяларға;

жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік-техникалық оқу орындарының мұғалімдері мен басқа да педагог қызметкерлеріне. [1]

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен азаматтардың басқа категорияларына да тұрғын жайды бірінші кезекте алу правосы берілуі мүмкін.

38-с т а т ь я. **Тұрғын жайларды кезектен тыс беру**

Табиғат апаты салдарынан тұрғын үйі тұруға жарамсыз болып қалған азаматтарға, сондай-ақ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заң-

[1] 37-статьяның бірінші бөлігі 1986 ж. 4 июльдегі Указымен он бірінші абзацпен толықтырылған (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1986 ж., № 28, 275-ст.).

дарында көзделген басқа да реттерде, тұрғын жай кезектен тыс беріледі.

39-с т а т ь я. **Тұрғын алаң нормасы**

Тұрғын алаң нормасы бір адамға он екі шаршы метр көлемінде белгіленеді.

Тұрғын жай тұрғын алаң нормасының шеңберінде беріледі, бірақ халық депутаттары облыстық Советінің тиісті атқару комитеті, халық депутаттары Алматы қалалық Советінің атқару комитеті белгілейтін көлемнен кем болмауға тиіс.

Азаматтардың жекелеген категорияларына тұрғын алаң нормасынан тыс бөлме түрінде немесе он шаршы метр мөлшерінде қосымша тұрғын алаң беріледі. Кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінен зардап шегетін азаматтарға, сондай-ақ бұл алаң атқаратын жұмысының жағдайлары мен сипатына қарай қажет болатын азаматтарға қосымша тұрғын алаң көлемі ұлғайтылуы мүмкін.

СССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес қосымша тұрғын аланды беру тәртібі мен шарттары және оны алуға правосы бар азаматтар категориясының тізбесі СССР Одағының заңдарымен белгіленеді.

40-с т а т ь я. **Тұрғын жайларға қойылатын талаптар**

Азаматтарға тұру үшін берілетін тұрғын жай сол елді мекеннің жағдайларына сәйкес тұрмысқа жайлы болуға, белгіленген санитариялық және техникалық талаптарға сай келуге тиіс.

Тұрғын жайлар сол елді мекеннің шегінде берілуге тиіс.

Тұрғын жайларды берген кезде бір бөлмеге жұбайлардан басқа тоғыз жастан асқан әртүрлі жынысты адамдарды қоныстандыруға жол берілмейді.

Тұрғын жай азаматтың жұмыс орны, оның денсаулық жайы, сондай-ақ басқа да көңіл аударарлық жағдайлары ескеріле отырып беріледі.

Мүгедектерге, қартайғандарға, жүрек-тамыр және басқа ауыр сырқаты бар ауруларға тұрғын жайлар олардың тілегі ескеріле отырып, төменгі этаждардан немесе лифтісі бар үйлерден беріледі.

Берілетін тұрғын жайдың көлемін анықтаған кезде семьяда жүктілігі 20 аптадан асқан әйелдің бар екендігі ескеріледі.

41-с т а т ь я. **Тұрғын жайларды беру тәртібі**

Азаматтарға тұрғын жайларды мыналар береді:

халық депутаттары жергілікті Советтерінің тұрғын үй қорының үйлерінен — атқару комитетінің жанында Советтердің депутаттарынан, қоғамдық ұйымдардың, еңбек коллективтерінің өкілдерінен құрылатын тұрғын үй мәселелері жөніндегі қоғамдық комиссияның қатысуымен халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті;

ведомстволық тұрғын үй қорының үйлерінен — кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті бекіткен бірлескен шешімі бойынша, ал СССР Министрлер Советі белгілеген реттерде — кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімі бойынша беріледі, кейіннен халық депутаттары тиісті

Советінің атқару комитетіне тұрғын жайлардың қоныстану үшін берілгендігі туралы хабарланады;

қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерінен — тиісті ұйымның органы мен оның кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімі бойынша беріледі, кейіннен халық депутаттары тиісті аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комитетіне тұрғын жайлардың қоныстану үшін берілгендігі туралы хабарланады.

Мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне берген үйлерде боса-

ған тұрғын жайларға (5-статья), сондай-ақ кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қаржыларын үлес қосып қатысу тәртібімен қатыстыра отырып салынған үйлерде босаған тұрғын жайларға бірінші кезекте осы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж қызметкерлері қоныстандырылады. Қоныстандырудың аталған тәртібі тұрғын үйдің берілу немесе құрылысының аяқталу уақытына қарамастан қолданылады.

42-статья. **Тұрғын жайларды берудің жариялылығы**

Тұрғын жайлар алуға тиіс адамдардың тізімі еркін танысу үшін ілініп қойылады.

Аталған тізімдердің формасына мыналар енгізілуге тиіс: семьяның құрамы, есепке қойылған уақыт, тұрғын жайды бірінші кезекте не кезектен тыс алу үшін негіздер.

43-статья. **Пәтерде босаған тұрғын жайларды беру**

Егер екі және одан да көп жалдаушы тұрған пәтерде басқа тұрғын жайдан оңашаланбаған бөлме босаса, ол жапсарлас тұрғын жайды иемденген жалдаушының пайдалануына өтеді.

Егер пәтерде оңаша бөлме босаса, дәл сол пәтерде тұратын жалдаушы белгіленген норма бойынша тұрғын алаңмен қамтамасыз етілмегендіктен, бұл бөлме соның пайдалануына беріледі.

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есебінде тұрған жалдаушының айрықша правосы бар. Мұндай азаматтар болмаған кезде босаған бөлме жалпы тәртіп бойынша қоныстандырылады.

44-статья. **Тұрғын жайға берілетін ордер**

Мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйінен тұрғын жай беру туралы шешімнің негізінде халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті азаматқа берілген тұрғын жайға қоныстану үшін бірден-бір негіз болып табылатын ордер береді.

Ордердің формасын Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес әскери қалашықтардағы тұрғын жайларға ордерлер беру ССР Одағының заңдарында көзделген тәртіп бойынша жүргізіледі.

45-статья. **Тұрғын жайға берілген ордерді заңсыз деп тану**

Азаматтар тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждығы туралы шындыққа сай келмейтін мәліметтерді табыс еткен, ордерде аталған тұрғын жайға басқа азаматтардың немесе ұйымдардың праволары бұзылған, лауазымды адамдар тұрғын жай беру туралы мәселені шешкен кезде заңсыз әрекеттер жасаған реттерде, сондай-ақ тұрғын жайларды беру тәртібі мен шарттары бұзылған өзге реттерде тұрғын жайға берілген ордер сот арқылы заңсыз деп танылуы мүмкін.

Ордерді заңсыз деп тану туралы талап ордер берілген күннен бастап үш жыл ішінде мәлімденуі мүмкін. Егер ордер алған адамдардың заңсыз әрекеттерінің салдарынан ордер берілген болса, мұндай талап ордер берілген күннен бастап үш жылдан кейін де мәлімденуі мүмкін.

46-статья. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және тұрғын жайлар беру тәртібі

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және тұрғын жайлар беру тәртібін Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ республикалық кәсіптік одақтар советі бекітеді.

2-тарау

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ ҮЙЛЕРІНДЕГІ ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

47-статья. Тұрғын жайды жалдау шарты. Тұрғын жайды жалдау шартын жасау

Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғын жайды жалдау шарты жалға беруші — тұрғын үй-пайдалану ұйымы (ал ол болмаған кезде — тиісті кәсіпорын, мекеме, ұйым) мен жалдаушы — өз атына ордер берілген азамат — арасында тұрғын жайға берілген ордер негізінде жазбаша түрде жасалады.

Тұрғын жайды жалдау шартында тараптардың тұрғын жайларды пайдалану жөніндегі праволары мен міндеттері белгіленеді.

Тұрғын жайды жалдаудың үлгі шартын, тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үйді және үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Тұрғын жайды жалдау шартынан туындайтын қатынастарға тиісті реттерде ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің азаматтық заңдарының ережелері де қолданылады.

48-статья. Тұрғын жайды жалдау шартының предметі

Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі жалдау шартының предметі, әдетте, жеке пәтер болып табылады.

Ортақ бір есіктен кіріп басқа бөлмемен жалғасқан бөлме (жапсарлас бөлмелер), бөлменің бір бөлігі, сондай-ақ қосалқы жайлар (ас үй, дәліздер, қоймалар және сол сияқтылар) жалдау шартының дербес предметі бола алмайды.

49-статья. Жалдаушының семья мүшелері

Жалдаушының семья мүшелеріне жалдаушының өзімен бірге тұратын жұбайы, жалдаушының өзінің де, оның семьясының кез келген мүшелерінің де балалары (оның ішінде бала ғып алынғандар), ата-аналар (бала ғып алушылар) жатады. Басқа адамдар, егер олар жалдаушымен тұрақты бірге тұрса және онымен ортақ шаруашылық жүргізсе, жалдаушының семья мүшелері болып танылуы мүмкін. Асырауындағы еңбекке қабілетсіз адамдар, егер олар жалдаушымен тұрақты бірге тұрса, жалдаушының семья мүшелері болып табылады.

50-статья. Жалдаушының семья мүшелерінің праволары мен міндеттері

Жалдаушының өзімен бірге тұратын семья мүшелері жалдаушымен тең дәрежеде барлық праволармен бірдей пайдаланады және тұрғын жайды жалдау шартынан туындайтын барлық міндеттерді атқарады. Семьяның жасы толған мүшелері аталған шарттан туындайтын міндеттемелер бойынша жалдаушымен бірге мүліктік жағынан жауапты болады.

Егер осы Кодекстің 49-статьясында аталған азаматтар жалдаушының семья мүшелері болудан қалса, бірақ өздері иемденген тұрғын жайда тұра беретін болса, жалдаушы мен оның семья мүшелері сияқты олардың да дәл сондай праволары мен міндеттері болады.

51-статья. Жалдаушының өзі иемденген тұрғын жайға басқа азаматтарды қоныстандыру правосы

Жалдаушы өзі иемденген тұрғын жайға өзінің жұбайын, балаларын, ата-аналарын, басқа адамдарды белгіленген тәртіп бойынша қоныстандыруға праволы, бұған өз семьясының жасы толған барлық мүшелерінің жазбаша келісімін алуы керек. Ата-аналарға олардың жасы толмаған балаларын қоныстандыру үшін семья мүшелерінің келісімі талап етілмейді.

Осы статьяға сәйкес тұрғын жайға қоныстанған адамдар, егер қоныстанған кезде бұл азаматтардың, жалдаушының және онымен бірге тұратын семья мүшелерінің арасында өзге келісім болмаса, бұл тұрғын жайды онда тұратын басқа адамдармен бірдей пайдалану правосына ие болады.

52-статья. Тұрғын жайды пайдаланғаны үшін және коммуналдық қызмет үшін ақы төлеу

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғын жайды пайдаланғаны үшін төленетін ақы (пәтер ақы) мөлшерін СССР Министрлер Советі белгілейді.

Белгіленген нормалар бойынша жалдаушы мен оның семья мүшелеріне тиесілі тұрғын алаңға, сондай-ақ артық алаңға, егер оның көлемі бүкіл семьяға шаққанда бір адамға тиесілі тұрғын алаң нормасының жартысынан аспаса, ақы бір есе мөлшерде төленеді. Қалған артық тұрғын алаңды пайдаланғаны үшін төленетін ақы СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін көтеріңкі мөлшерде алынады.

Коммуналдық қызмет (сумен жабдықтау, газ, электр, жылу энергиясы және басқа қызметтер) үшін төленетін ақы белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтер бойынша пәтер ақыдан бөлек алынады.

Жалдаушы пәтер ақыны өткен айдан кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей және коммуналдық қызмет ақысын дер кезінде төлеуге міндетті.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес пәтер ақы және коммуналдық қызмет үшін төленетін ақы жөніндегі жеңілдіктер ССР Одағының заңдары бойынша белгіленеді.

Колхоздарға қарасты үйлерде тұратын азаматтарға колхоз мүшелері жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімі бойынша пәтер ақы жөнінде жеңілдіктер берілуі мүмкін.

53-статья. Жылуы мен жарығы бар тұрғын жайды тегін пайдалану

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес селолық жерлерде, елді мекендерден тыс жерлерде (ал ССР Одағының заңдарында белгіленген реттерде — жұмысшы және өзге поселкелерде) жұмыс істейтін және тұратын мамандар жылуы мен жарығы бар тұрғын жайды тегін пайдаланады. Мұндай тұрғын жайлармен қамтамасыз етілетін мамандар категориясының тізбесін және оларға тұрғын жайлар беру тәртібін СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

54-статья. Уақытша кетіп қалған азаматтардың тұрғын жайының сақталу мерзімдері

Жалдаушы немесе оның семья мүшелері уақытша кетіп қалған жағдайда олардың тұрғын жайы алты ай бойы сақталады. Неғұрлым ұзақ мерзімге уақытша кетіп қалған азаматтардың тұрғын жайының сақталу шарттары мен реттері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша белгіленеді.

Егер жалдаушы немесе оның семья мүшелері дәлелді себептермен алты айдан астам уақытқа кетіп қалса, бұл мерзімді кетіп қалған адамның арызы бойынша жалға беруші ұзартуы мүмкін.

55-статья. Азаматтардың тұрғын жайының сақталу реттері

Азаматтардың тұрғын жайы мынадай реттерде сақталады:

1) мерзімді міндетті әскери қызметке шақырылған ретте — мерзімді әскери қызметтің барлық уақыты бойы, сондай-ақ офицерлер запастан үш жылға дейінгі мерзімге міндетті әскери қызметке шақырылған ретте — міндетті әскери қызметті өтеу кезеңіне; мерзімнен тыс қызметтегі прапорщиктер, мичмандар және әскери қызметшілер ретінде міндетті әскери қызметте болған ретте — міндетті әскери қызметте болудың алғашқы бес жылы бойы;

2) жұмыс жағдайлары мен сипатына (кемелердің экипаждары, геологиялық, іздестіру партияларының, экспедицияларының қызметкерлері және сол сияқтылар) не оқу жағдайына қарап тұрғылықты тұратын жерден уақытша кеткен ретте — сол жұмысты орындаудың немесе оқудың барлық уақыты бойы;

3) балаларды мемлекеттік балалар мекемесіне, туысқандарына немесе қорғаншыға (қамқоршыға) тәрбиелеуге орналастырған ретте — олардың бұл мекемеде, туысқандарында немесе қорғаншыда (қамқоршыда) жасы толғанға дейін болуының барлық уақыты бойы.

Егер мемлекеттік балалар мекемесіне, туысқандарына немесе қорғаншысына (қамқоршысына) тәрбиелеуге берілген балалар тұрған тұрғын жайда олардың семья мүшелері тұрмайтын болса, жалға беруші бұл тұрғын жайды қосымша жалдау шарты бойынша балалар кеткен уақытқа басқа азаматтарға жалға беруге праволы.

Жасы толған балалар қайтып оралғаннан кейін не жасы толмаған балалардың заңды өкілдері тұрғын жайдың босатылуын және оған балалардың қоныстануын талап етуге праволы;

4) қорғаншы (қамқоршы) міндеттерін атқаруына байланысты басқа жаққа кеткен ретте — бұл міндеттерді доғарғанға дейінгі барлық уақыт бойы;

5) емдеу-профилактика мекемесінде, оның ішінде емдеу-еңбек профилакторийінде болған ретте — онда болудың барлық уақыты бойы;

6) қамауға алынған ретте — қамауда болудың барлық уақыты бойы;

7) бас бостандығынан айыруға немесе сол жерде тұру мүмкіндігін болғызбайтын өзге жазалау шарасына сотталған ретте — сот үкімінің орындалу күнінен бастап алты ай бойы;

8) ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген өзге реттерде.

Осы статьяның 1—6-тармақтарында аталған реттерде бұл тармақтарда аталған мерзімдер біткен күннен бастап кетіп қалған адамда тұрғын жайды пайдалану правосы алты ай бойы сақталады.

56-статья. **Адамның тұрғын жайды пайдалану правосын жойылды деп тану тәртібі**

Адамның белгіленген мерзімнен тыс басқа жаққа кетуінің салдарынан бұл адамның тұрғын жайды пайдалану правосын жойылды деп тану жалға берушінің немесе бұл тұрғын жайда тұруға қалған басқа тұрақты пайдаланушылардың талабы бойынша сот тәртібімен жүргізіледі.

57-статья. **Жалдаушы уақытша кетіп қалған ретте тұрғын жайды пайдалану правосы**

Жалдаушысы уақытша кетіп қалған тұрғын жайда тұратын семья мүшелері өздері иемденген барлық тұрғын жайды бұрынғы шарттар бойынша пайдалануға праволы. Бұл ретте олар осы тұрғын жайды жалдау шарты жөніндегі барлық праволарды жүзеге асырады және міндеттерді атқарады.

Пайдалану правосы уақытша кетіп қалған азаматтың атына сақталатын тұрғын жай артық тұрғын жай деп саналмайды.

58-статья. **Уақытша кетіп қалған жалдаушының міндеттері**

Жалдаушының уақытша кетіп қалуы оны тұрғын жайды жалдау шарты жөніндегі барлық міндеттерді орындаудан босатпайды, бұған осы Кодекстің 59-статьясында көзделген реттер кірмейді.

59-статья. **Міндетті әскери қызметте жүрген азаматтың тұрғын жайын жалға берушінің пайдалануы**

Егер осы Кодекстің 55-статьясының бірінші тармағына сәйкес өз атына тұрғын жай сақталатын азаматтың тұрғын жайында оның семья мүшелері тұрмайтын болса, онда шақырылған күннен бастап үш ай өткеннен кейін жалға беруші бұл тұрғын жайды жалдау шарты бойынша шақырылған азаматтың мерзімді әскери қызметте болу уақытына басқа азаматтарға беруге праволы.

Әскери қызметші қайтып оралғаннан кейін бұл тұрғын жайдың дереу босатылуын және оған қоныстанатынын талап етуге праволы. Жалдаушы мен оның семья мүшелері тұрғын жайды босатудан бас тартқан ретте, олар әскери қызметшінің талабы бойынша өздеріне басқа тұрғын жай берілу-берілмеуіне қарамастан сот арқылы үйден шығарылуға тиіс.

60-статья. **Тұрғын жайды броньдау**

Жалдаушылар мен олардың семья мүшелері иемденген тұрғын жайлар олар шет елге жұмысқа жіберілген кезде — шет елде болудың барлық уақыты бойы, Қиыр Солтүстік аймақтарына және соларға теңестірілген жерлерге жұмысқа кеткен кезде — еңбек шарты күшінде болған барлық уақыт бойы, ал ССР Одағының заңдарында көзделген реттерде — Қиыр Солтүстік аймақтарында және соларға теңестірілген жерлерде болудың барлық уақыты бойы броньдалады.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша тұрғын жайларды броньдаудың басқа реттері де көзделуі мүмкін.

61-статья. **Сақтық куәлігін (бронь) беру**

60-статьяда аталған реттерде территориясында броньдалатын тұрғын жай орналасқан халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті тұрғын жайға сақтық куәлігін (бронь) береді.

Егер жалдаушы немесе оның семья мүшелері бронь мерзімі біткеннен кейін алты айдың ішінде тұрғын жайға қоныстанбаса, олар бұл тұрғын жайға правосын жойды деп танылуы мүмкін.

62-статья. **Сақтық куәлігін беруге жол берілмейтін реттер**

Сақтық куәлігі (*бронь*) мыналарға берілмейді:

1) қосымша жалдаушыларға және уақытша тұрғындарға;

2) жатақханаларда және қызметтік тұрғын жайларда тұратын адамдарға;

3) тұрғын жайды жалдау шартын өзгерту немесе бұзу туралы талап мәлімделген адамдарға қатысты — дау белгіленген тәртіп бойынша шешілгенге дейін.

63-статья. **Броньдалған тұрғын жайды пайдалану**

Жалдаушы мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйіндегі броньдалған тұрғын жайға қосымша жалдау шарты бойынша қоныстандыруға не оған броньды қолдану мерзімінің шеңберінде уақытша тұрғындар қоныстандыруға праволы.

Тұрғын жайға ақы төлеу және оның тиісті жағдайда күтіп ұсталуы мен сақталуын қамтамасыз ету жалдаушының міндеті болып табылады.

64-статья. **Броньдалған тұрғын жайдан қосымша жалдаушылар мен уақытша тұрғындарды шығару**

Жалдаушы немесе оның семья мүшелері қайтып оралғаннан кейін сақтық куәлігінің қолданылу мерзімі біткен-бітпегеніне қарамастан олар броньдалған тұрғын жайдың дереу босатылуын талап етуге праволы.

Қосымша жалдаушылар немесе уақытша тұрғындар бұл тұрғын жайды босатудан бас тартқан ретте олар жалдаушының талабы бойынша басқа тұрғын жай берілместен сот арқылы үйден шығарылуға тиіс.

65-статья. **Тұрғын жайды броньдауға байланысты дауларды шешу тәртібі**

Сақтық куәлігін беру, оның қолданылу мерзімін ұзарту, мерзімінен бұрын доғару, сақтық куәлігін заңсыз деп тану, сондай-ақ адамдардың тұрғын жайға правосы жойылды деп тану туралы барлық дауларды сот шешеді.

66-статья. **Тұрғын жайларды айырбастау**

Тұрғын жайды жалдаушы, уақытша кетіп қалғандарды қоса отырып, өзімен бірге тұратын семья мүшелерінің жазбаша келісімі бойынша, иемденген тұрғын жайды басқа жалдаушымен немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесімен, оның ішінде басқа елді мекенде тұратындармен айырбастауға праволы.

Егер семья мүшелері айырбастау туралы келісімге келе алмаса, онда олардың кез келгені иемденген тұрғын жайды әртүрлі үйлердегі (пәтерлердегі) тұрғын жайға еріксіз айырбастауды сот арқылы талап етуге праволы.

Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың үйлеріндегі тұрғын жайларды айырбастауға солардың келісімі бойынша ғана жол беріледі. Айырбастау жөніндегі келісімнен бас тартуға сот арқылы шағым берілуі мүмкін, бұған колхоздарға қарасты үйлердегі тұрғын жайларды айырбастау реттері кірмейді.

Тұрғын жайларды айырбастау тәртібі және айырбастауға жол берілмейтін жағдайлар ССР Одағының заңдарымен, осы Кодекспен және Қазақ ССР-інің басқа заңдарымен белгіленеді.

Семья қатынастары жағынан жақын байланыстағы адамдар (жұбайлар, алдыңғы немесе кейінгі ұрпақ жағынан тікелей туыстар, ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілер, олармен бірге тұратын семья мүшелері) арасында тұрғын жайдың бір бөлігі айырбасталуы, сондай-ақ айырбастауға қатысушымен бірге тұратын адамдардың бәрі көшірілмей-ақ айырбасталуы (семья ішіндегі айырбас) мүмкін.

67-статья. **Тұрғын жайды айырбастауға жол берілмейтін жағдайлар**

Тұрғын жайды айырбастауға мынадай жағдайда жол берілмейді:

1) егер жалдаушыға тұрғын жайды жалдау шартын бұзу немесе өзгерту туралы немесе ордерді заңсыз деп тану туралы талап қойылса;

2) егер тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесін кооперативтен шығару туралы мәселе қозғалса;

3) егер айырбастау алыпсатарлық немесе жалған сипатта болса;

4) егер үйге (тұрғын жайға) құлау хаупі төнсе не үй халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің шешімі бойынша авариялық жағдайда немесе бұзуға жатады деп танылса, не мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін берілсе;

5) егер тұрғын жай қызметтік болып табылса немесе жатақханада болса;

6) егер айырбасталатын тұрғын жайлардың біреуі СССР Министрлер Советінің немесе Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша халық шаруашылығының аса маңызды салаларындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тізіміне енгізілген кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның үйінде болса өз тілегі бойынша дәлелді себептерсіз, немесе еңбек тәртібін бұзғаны үшін, немесе қылмыс жасағаны үшін жұмыстан шығарылуына байланысты кәсіпорынмен, мекемемен, ұйыммен еңбек қатынасын доғарған жұмысшылар мен қызметшілерді (олармен бірге тұратын адамдарды қоса) сот арқылы сол үйлерден шығаруға жол берілген болса. Басқа негіздер бойынша еңбек қатынасын доғарған, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты емес себеппен тұрғын жай алған азаматтар жалпы негіздер бойынша айырбастау жүргізуге праволы;

7) егер айырбастауға байланысты айырбастаушы тараптардың біреуінің тұрғын үй жағдайлары елеулі түрде нашарлап кетсе, соның салдарынан ол тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж болып шықса;

8) ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген өзге реттерде.

68-статья. **Қосымша жалдаушылар мен уақытша тұрғындар үшін айырбастаудың салдары**

Айырбасталатын тұрғын жайды босатпаған қосымша жалдаушылар мен уақытша тұрғындар басқа тұрғын алаң берілместен сот арқылы үйден шығарылуы мүмкін.

69-статья. **Тұрғын жайларды айырбастау туралы келісімнің заңды күшіне енуі**

Тұрғын жайларды айырбастау туралы келісім халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері беретін ордерлер (44-ста-

тья) алынған кезден бастап күшіне енеді. Ордер беруден бас тартуға алты ай мерзімнің ішінде сот арқылы шағым берілуі мүмкін.

Ордерлер айырбастаушы тараптардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша беріледі.

70-статья. **Айырбастау туралы келісімді заңсыз деп тану**

Осы Кодекстің 67-статьясында көзделген мән-жайлар болған кезде жасалған айырбастау заңсыз деп танылады.

Айырбастау туралы келісім Қазақ ССР-інің Азаматтық кодексінде мәмлені заңсыз деп тану үшін белгіленген негіздер бойынша да заңсыз деп танылуы мүмкін.

Айырбастау туралы келісімді және берілген айырбастау ордерлерін заңсыз деп тану сот арқылы жүргізіледі.

71-статья. **Айырбастауды заңсыз деп танудың салдары**

Айырбастау заңсыз деп танылған ретте тараптар бұрын иемденген тұрғын жайларына қайта көшірілуге тиіс.

Тараптардың біреуінің заңсыз әрекеті салдарынан айырбастау заңсыз деп танылған реттерде кінәлі адам айырбастау салдарынан болған шығындарды (заттарды тасымалдау, тұрғын жайды жөндеу құны және сол сияқтылар) екінші тарапқа өтеуге міндетті.

Айырбастауды жүргізу кезінде тараптардың біреуі негізсіз алған ақшалай сома немесе басқа мүлік мемлекет кірісіне өндіріп алынады.

72-статья. **Тұрғын жайларды айырбастау ережелері**

Тұрғын жайларды айырбастау ережелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

73-статья. **Жалдаушы иемденген тұрғын жайдың орнына оның шағын көлемді тұрғын жай алу правосы**

Белгіленген нормадан тыс артық тұрғын алаңы бар жалдаушы семья мүшелерінің келісімімен өзіне халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетінен, кәсіпорыннан, мекемеден, ұйымнан (тұрғын үйдің қайсысына қарайтынына байланысты) иемденген тұрғын жайдың орнына белгіленген тәртіп бойынша шағын көлемді тұрғын жай берілуін талап етуге праволы.

74-статья. **Тұрғын жайды қосымша жалдау**

Тұрғын жайды жалдаушы өзімен бірге тұратын семья мүшелерінің келісімімен және жалға берушінің келісімімен осы Кодексте және Қазақ ССР-інің басқа заңдарында белгіленген реттерде және тәртіп бойынша тұрғын жайды қосымша жалға өткізуге праволы.

Жалдаушы уақытша басқа жаққа кеткен кезде тұрғын жайды жалдау шарты бойынша жалға берушінің алдында жауапты бола отырып, өзі иемденген барлық тұрғын жайды, ал басқа реттерде — иемденген тұрғын алаңның бір бөлігін қосымша жалға өткізуге праволы.

75-статья. **Тұрғын жайды қосымша жалдауға болмайтын жағдайлар**

Егер қосымша жалдаушыны қоныстандыру нәтижесінде әрбір тұрғынға келетін тұрғын алаңның мөлшері осы Кодекстің 39-статьясының бірінші бөлігінде белгіленген нормадан кем болып шықса, тұрғын жайды, сондай-ақ қызметтік тұрғын жайлар мен жатақханалардағы тұрғын жайларды қосымша жалға өткізуге жол берілмейді.

76-статья. **Қосымша жалдау шарты**

Қосымша жалдау шарты кейіннен тиісті тұрғын үй-пайдалану ұйымында тіркелетін болып жазбаша түрде жасалуға тиіс.

Пәтерде бірнеше жалдаушы тұрған кезде тұрғын жайды қосымша жалға өткізу үшін барлық жалдаушылардың келісімі талап етіледі.

Тұрғын жайды қосымша жалға өткізудің белгіленген тәртібін сақтамау қосымша жалдау шартын заңсыз деп тануға әкеп соғады, ал қоныстанған азаматтар басқа тұрғын жай берілместен сот арқылы үйден шығарылуға тиіс.

77-статья. **Қосымша жалдау шарты бойынша тұрғын жайды пайдаланғаны үшін ақы төлеу**

Қосымша жалдау шарты бойынша тұрғын жайды пайдаланғаны үшін ақы тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ осы тұрғын жай үшін жалдаушы төлейтін пәтер ақыдан аспауға тиіс.

Дачалы және курортты жерлердегі тұрғын жайды бір маусымға өткізу Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген ставкалар бойынша жүргізіледі.

78-статья. **Қосымша жалдау шартын доғару**

Қосымша жалдау шартының мерзімі өткеннен кейін қосымша жалдаушының шартты жаңғыртуға правосы болмайды және жалдаушының талабы бойынша басқа тұрғын жай берілместен сот арқылы үйден шығарылуға тиіс.

Мерзімі көрсетілмей жасалған қосымша жалдау шартын жалдаушы кез келген уақытта доғаруы мүмкін, бірақ жалдаушы қосымша жалдаушыға шарттың қолданылуы доғарылатыны туралы үш ай бұрын ескертуге міндетті.

Қосымша жалдау шарты осы Кодекстің 97-статьясында көзделген негіздер бойынша да доғарылуы мүмкін.

79-статья. **Еңбексіз табыс табу үшін пайдаланылатын тұрғын алаңды алып қою**

Егер жалдаушы тұрғын алаңды еңбексіз табыс табу мақсатымен үнемі қосымша жалдауға өткізетін болса, қосымша жалға өткізілетін оңаша тұрғын жай сот арқылы алынуы, ал заңсыз алынған сома мемлекет кірісіне өндіріп алынуы мүмкін.

80-статья. **Уақытша тұрғындар**

Тұрғын жайда жалдаушының және оның семьясының жасы толған мүшелерінің рұқсаты бойынша қосымша жалдау шартын жасамай-ақ тұратын адамдар уақытша тұрғындар деп танылады.

Уақытша тұрғындарды бір жарым айдан артық мерзімге қоныстандыруға осы Кодекстің 76-статьясының екінші бөлігінің ережелері сақталғанда ғана жол беріледі.

Жалдаушының немесе оның семья мүшелерінің талабы бойынша уақытша тұрғындар екі апта мерзімнің ішінде тұрғын жайды босатуға міндетті. Бас тартқан ретте олар басқа тұрғын жай берілместен сот арқылы үйден шығарылуға тиіс.

81-статья. **Тұрғын жайды жалдау шарты доғарылған ретте қосымша жалдаушылар мен уақытша тұрғындарды үйден шығару**

Қосымша жалдаушылар мен уақытша тұрғындардың тұрғын алаңды өз бетінше пайдалану правосы болмайды.

Жалдау шартының доғарылуына байланысты қосымша жалдау шарты бір мезгілде доғарылады. Қосымша жалдаушылар мен уақытша тұрғындар тұрғын жайды босатудан бас тартқан ретте басқа тұрғын жай берілместен сот арқылы үйден шығарылуға тиіс.

82-статья. **Қорғаншылар мен қамқоршыларды үйден шығару**

Жалдаушының тұрғын жайына қорғаншы немесе қамқоршы ретінде қоныстанған адамдардың бұл тұрғын жайды өз бетінше пайдалану правосы болмайды. Егер бұл тұрғын жай заңда белгіленген тәртіп бойынша қорғаншыға немесе қамқоршыға бекітіліп берілмесе, қорғаншылықты немесе қамқоршылықты доғарғаннан кейін олар басқа тұрғын жай берілместен сот арқылы үйден шығарылуға тиіс.

83-статья. **Тұрғын үйді күрделі жөндеуге байланысты азаматтарға тұрғын жайлар беру**

Мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін күрделі жөндеуден өткізген кезде, жалдаушыны үйден шығармай жөндеу жүргізу мүмкін болмаса, жалға беруші бұл кезде жөнделетін тұрғын жайға жасалған жалдау шартын бұзбай-ақ жалдаушы мен оның семья мүшелеріне күрделі жөндеу өткізілетін уақытқа басқа тұрғын жай беруге міндетті. Жалдаушы бұл тұрғын жайға қоныс аударудан бас тартқан ретте жалға беруші оны сот арқылы қоныстандыруды талап ете алады.

Берілетін тұрғын жай осы Кодекстің 96-статьясының төртінші бөлігінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Тараптардың келісімі бойынша қоныс аударудың орнына жалдау шарты бұзылуы, ал жалдаушыға осы Кодекстің 39 және 40-статьяларында көзделген талаптарға сай келетін басқа тұрғын жай тұрақты пайдалануына берілуі мүмкін.

Күрделі жөндеуге байланысты қоныс аударуға шығарылған шығынды жалға беруші өтеуге тиіс.

Жалдаушы мен оның семья мүшелері иемденген тұрғын жай күрделі жөндеу нәтижесінде сақталмауы немесе елеулі түрде ұлғайтылуы мүмкін болған және жалдаушының артық тұрғын алаңы пайда болған реттерде жалдаушы мен оның семья мүшелеріне күрделі жөндеу басталғанға дейін тұрмысқа жайлы басқа тұрғын жай берілуі мүмкін. Егер күрделі жөндеу нәтижесінде тұрғын жай елеулі түрде тарылып кетсе, жалдаушының талабы бойынша оған және оның семья мүшелеріне күрделі жөндеу басталғанға дейін қолайлы басқа тұрғын жай берілуге тиіс.

Берілетін тұрғын жай осы Кодекстің 39-статьясында және 96-статьясының бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген талаптарға сай келуге тиіс.

Осы статьяны қолдану кезінде жалдаушы мен жалға берушінің арасында туған даулар сот арқылы шешіледі.

84-статья. **Тұрғын жайды жалдау шартын өзгерту**

Тұрғын жайды жалдау шарты жалдаушының, оның семья мүшелерінің және жалға берушінің келісімі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін, бұған ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздерінде, ССР Одағының басқа заң актілерінде және осы Кодексте көзделген реттер кірмейді.

85-статья. **Бір семьяға біріккен жалдаушылардың талабы бойынша шартты өзгерту**

Бір пәтерде тұратын және ондағы тұрғын жайларды жеке жалдау шарттары бойынша пайдаланатын азаматтар бір семьяға біріккен ретте, өздері немденіп отырған барлық тұрғын жайға олардың кез келгенімен бір жалдау шартын жасауды талап етуге праволы.

Жалға берушінің бір жалдау шартын жасаудан бас тартуына сот арқылы қарсылық білдірілуі мүмкін.

86-статья. **Семьяның басқа мүшесін жалдаушы деп тануға байланысты шартты өзгерту**

Жалдаушы семьясының жасы толған мүшесі жалдаушы мен семьяның жасы толған басқа мүшелерінің келісімімен бұрын жасалған жалдау шарты бойынша алғашқы жалдаушының орнына өзін жалдаушы деп тануды талап ете алады. Жалдаушы қайтыс болған ретте қайтыс болған адамның семьясының жасы толған кез келген мүшесі дәл осындай правоға ие болады.

Семья мүшесін жалдаушы деп тануға байланысты туатын даулар сот арқылы шешіледі.

Осы статьямен белгіленген ережелер СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша халық шаруашылығының аса маңызды салаларындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тізіміне енгізілген кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың үйлеріндегі тұрғын жайларды жалдауға қолданылмайды, олардың үйлерінен дәлелді себептерсіз өз қалауы бойынша немесе еңбек тәртібін бұзғаны үшін, немесе қылмыс жасағаны үшін жұмыстан шығарылуына байланысты кәсіпорынмен, мекемемен, ұйыммен еңбек қатынастарын доғарған жұмысшылар мен қызметшілерді (олармен бірге тұратын адамдарды қоса) сот арқылы үйден шығаруға жол беріледі, бұған жалдаушының қайтыс болуы немесе азаматтың еңбек қатынастарына байланыссыз пәтер алуы, немесе осы статьяда аталғаннан басқа себептер бойынша жұмыстан шығарылу реттері кірмейді.

87-статья. **Жалдаушының пәтерді қайта құруы және қайта жобалауы**

Тұрғын жай мен қосалқы жайларды жалдаушының қайта құруы және қайта жобалауы пәтердің тұрмысқа жайлылығын арттыру мақсатында ғана жүргізілуі мүмкін және оған халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің рұқсаты бойынша ғана жол беріледі.

Жалға беруші немесе жалдаушының семья мүшелері қайта құруға немесе қайта жобалауға келіспеген ретте дауды сот шешеді.

88-статья. **Жалдаушының тұрғын жайды жалдау шартын бұзуы**

Тұрғын жайды жалдаушы семья мүшелерінің келісімімен жалдау шартын кез келген уақытта бұзуға праволы.

Жалдаушы мен оның семья мүшелері басқа жерге тұрақты тұруға кеткен ретте тұрғын жайды жалдау шарты олар кеткен күннен бастап бұзылды деп саналады.

89-статья. **Жалға берушінің шартты бұзуы**

Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғын жайды жалдау шарты заңмен белгіленген негіздер бойынша ғана жалға берушінің талабы бойынша және тек сот арқылы бұзылуы мүмкін, бұған құлау хаупі төнген үйлерден шығару реттері кірмейді.

90-статья. **Тұрғын жайлардан шығару**

Мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйіндегі немденген тұрғын жайдан шығаруға заңмен белгіленген негіздер бойынша ғана жол беріледі.

Үйден шығару сот арқылы жүргізіледі. Тұрғын жайды өз бетінше немденген немесе құлау хаупі төнген үйлерде тұратын адамдарды ғана прокурордың санкциясы бойынша әкімшілік жолмен үйден шығаруға жол беріледі.

Тұрғын жайлардан шығарылатын азаматтарға сонымен бір мезгілде басқа тұрғын жай беріледі, бұған СССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздерінде (осы Кодекстің 97, 98-статьялары, 99-статьясының бірінші бөлігі, 106 және 110-статьялары) аталған реттер кірмейді.

91-статья. **Тұрмысқа жайлы басқа тұрғын жай бере отырып үйден шығару**

Тұрмысқа жайлы басқа тұрғын жай бере отырып, азаматтар мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерінен мынадай реттерде шығарылады, егер:

тұрғын жай орналасқан үй бұзуға жатқызылса;

үйге (тұрғын жайға) құлау хаупі төнсе;

үй (тұрғын жай) адам тұрмайтын үй етіп қайта жабдықтауға жатқызылса.

СССР Қарулы Күштерінің офицерлері, прапорщиктері мен мичмандары, мерзімнен тыс қызмет атқарушы әскери қызметшілері және соларға теңестірілген, міндетті әскери қызметтен отставкаға немесе запасқа шығарылған адамдар, сондай-ақ солармен бірге тұратын адамдар тұрмысқа жайлы басқа тұрғын жай беріле отырып, әскери қалашықтарда өздері иемденген тұрғын жайлардан шығарылуы мүмкін. СССР Қарулы Күштерімен байланысын үзген басқа адамдар да дәл осындай тәртіп бойынша әскери қалашықтардан шығарылуға тиіс.

92-статья. **Үйді (тұрғын жайды) бұзуға немесе қайта жабдықтауға байланысты тұрғын жай беру**

Егер тұрғын жай орналасқан үй мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскесі алынуына байланысты бұзуға жатқызылса, сондай-ақ, егер үй (тұрғын жай) адам тұрмайтын жай етіп қайта жабдықтауға жатқызылған болса, бұл үйден (тұрғын жайдан) шығарылатын азаматтарға тұрмысқа жайлы басқа тұрғын жайды жер учаскесі бөлініп берілетін немесе қайта жабдықтауға жатқызылған үй (тұрғын жай) берілетін мемлекеттік, кооперативтік немесе өзге қоғамдық ұйым береді.

Үй өзге реттерде бұзылса, бұл үйден шығарылатын азаматтарға тұрмысқа жайлы басқа тұрғын жайды бұзуға жатқызылған үй қарайтын мемлекеттік, кооперативтік немесе өзге қоғамдық ұйым, ал бұл ұйымның тұрғын жай беруге мүмкіндігі болмаған кезде — халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті береді.

93-статья. **Құлау хаупі төнген үйлерден шығаруға байланысты тұрғын жай беру**

Егер үйге (тұрғын жайға) құлау хаупі төнсе, бұл үйден (тұрғын жайдан) шығарылатын азаматтарға халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің шешімі бойынша халық депутаттары жергілікті Советінің үйінен немесе тиісті мемлекеттік, кооперативтік немесе өзге қоғамдық ұйымның үйінен тұрмысқа жайлы басқа тұрғын жай беріледі.

94-статья. **Азаматтарға басқа тұрғын жай бере отырып үйден шығару негіздері**

Басқа тұрғын жай бере отырып мыналар үйден шығарылуы мүмкін:

дәлелді себептерсіз өз қалауы бойынша, немесе еңбек тәртібін бұзғаны үшін, немесе қылмыс жасағаны үшін жұмыстан шығарылуына байланысты өзіне тұрғын жай берген халық шаруашылығының аса маңызды салаларындағы кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен еңбек қатынастарын доғарған жұмысшылар мен қызметшілер (олармен бірге тұратын адамдарды қоса). СССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес мұндай кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың тізімін СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді;

колхоздардың үйлерінен тұрғын жайлар алған азаматтар, егер олар колхоз мүшелігінен шығарылса немесе өз қалауы бойынша колхоздан шықса.

95-статья. **Азаматтарды басқа тұрғын жай бере отырып үйден шығарудың өзге реттері**

СССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес СССР Одағының заңдары бойынша азаматтарды басқа тұрғын жай бере отырып үйден шығарудың өзге реттері де көзделуі мүмкін.

96-статья. **Үйден шығарылуға байланысты басқа тұрғын жай беру**

Үйден шығарылуына байланысты азаматтарға берілетін тұрмысқа жайлы басқа тұрғын жай осы Кодекстің 40-статьясының талаптарына сай келуге және көлемі шығарылатын адам иемденген тұрғын жайдан кем болмауға тиіс.

Егер жалдаушы жеке пәтер немесе бір бөлмеден артық иемденсе, оған тиісінше жеке пәтер немесе дәл сонша бөлмеден тұратын тұрғын жай берілуге тиіс.

Егер жалдаушының артық тұрғын алаңы болса, тұрғын жай осы Кодекстің 39-статьясының бірінші бөлігінде көзделген нормаға сәйкес, ал жалдаушыға немесе қосымша тұрғын алаңға правосы бар онымен бірге тұратын адамға — қосымша тұрғын алаң алу правосы ескеріле отырып беріледі.

Үйден шығарылатын адамға осы Кодекстің 83-статьясының бірінші бөлігінде, 94, 99 және 110-статьяларында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ 107-статьясында аталған адамдарды қызметтік тұрғын жайлардан шығарған кезде берілетін тұрғын жай сол елді мекеннің шегінде әрі санитариялық және техникалық талаптарға сай болуға тиіс. Қоныс аудару азаматтың тұрғын үй жағдайларының осы Кодекстің 29-статьясының күші бойынша ол тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж болып қаларлықтай нашарлап кетуіне әкеп соқпауға тиіс.

Үйден шығарылатын адамға берілетін тұрғын жай осы тұрғын жай орналасқан адрес белгілене отырып, соттың шешімінде көрсетілуге тиіс.

97-статья. **Азаматтарға басқа тұрғын жай берілместен үйден шығару**

Егер жалдаушы, оның семья мүшелері немесе онымен бірге тұратын басқа адамдар тұрғын жайды ұдайы қиратса немесе бүлдірсе, немесе оны өз мақсатында пайдаланбаса, не социалистік тұрмыс ережелерін ұдайы бұзу арқылы басқалардың өздерімен бір пәтерде немесе бір үйде

тұруына мүмкіндік бермесе, ал ескерту және қоғамдық ықпал ету шаралары нәтижесіз болып шықса, жалға берушінің немесе басқа мүдделі адамдардың талабы бойынша кінәлілер басқа тұрғын жай берілместен үйден шығарылады. Ата-аналық праволарынан айрылған адамдар да, егер олардың ата-аналық праволарынан айрылуына байланысты балаларымен бірге тұруы мүмкін емес деп танылса, басқа тұрғын жай берілместен үйден шығарылуы мүмкін.

Бірге тұруға мүмкін болмағандықтан басқа тұрғын жай берілместен үйден шығарылуға тиіс адамдарды сот үйден шығарудың орнына иелігіндегі тұрғын жайды айырбастауға мүдделі тарап көрсеткен басқа тұрғын жайға айырбастауды міндеттеуі мүмкін.

98-статья. **Тұрғын жайды өз бетінше иемденген адамдарды үйден шығару**

Тұрғын жайды өз бетінше иемденген адамдар басқа тұрғын жай берілместен үйден шығарылады.

99-статья. **Ордер алған адамдардың заңсыз әрекеттеріне байланысты тұрғын жайға берілген ордерді заңсыз деп тану салдары**

Ордер алған адамдардың заңсыз әрекеттеріне байланысты тұрғын жайға берілген ордер заңсыз деп танылған ретте олар басқа тұрғын жай берілместен үйден шығарылуға тиіс. Егер ордерде аталған азаматтар бұрын мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйіндегі тұрғын жайды пайдаланып келсе, оларға өздері иемденген тұрғын жай немесе басқа тұрғын жай берілуге тиіс.

Егер тұрғын жайға берілген ордер басқа негіздер бойынша заңсыз деп танылса, ордерде аталған азаматтар өздері бұрын иемденген немесе басқа тұрғын жай беріле отырып үйден шығарылуға тиіс, бұған осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген реттер кірмейді.

3-тарау

ҚЫЗМЕТТІК ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

100-статья. **Қызметтік тұрғын жайлардың мақсаты**

Қызметтік тұрғын жайлар өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты жұмыс орны бойынша немесе оған таяу тұруға тиіс азаматтарды қоныстандыруға арналады. Тұрғын жай халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің шешімімен қызметтік тұрғын жай қатарына жатқызылады. Қызметтік тұрғын жайлар үшін, әдетте, жеке пәтерлер бөлінеді.

101-статья. **Қызметтік тұрғын жайлар берілетін қызметкерлер категориясының тізбесі**

Қызметтік тұрғын жайлар берілуі мүмкін қызметкерлер категориясының тізбесі ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша белгіленеді.

102-статья. **Колхоздарға қарасты үйлердегі қызметтік тұрғын жайлар**

Колхоздарға қарасты үйлердегі тұрғын жайларды қызметтік тұрғын жайлар қатарына жатқызу (оның ішінде ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздері күшіне енгізілгенге

дейін қоныстандырылған үйлердегі) және мұндай тұрғын жайлар берілуі мүмкін қызметкерлер категориясының тізбесін белгілеу халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті бекітетін колхоз мүшелері жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі.

103-статья. Совхоздардың үйлеріндегі қызметтік тұрғын жайлар

Совхоздардың үйлеріндегі тұрғын жайлар совхоздардың қызметкерлерін және қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес шаруашылықтың үйлерінен тұрғын алаң берілетін басқа адамдарды қоныстандыруға арналады және қызметтік тұрғын жайлар қатарына жатқызылады.

104-статья. Әскери қызметшілерге арналған қызметтік тұрғын жайлар

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес, СССР Министрлер Советі белгілейтін реттерде, әскери қызметшілердің жекелеген категориясына қызметтік тұрғын жайлар берілуі мүмкін.

105-статья. Қызметтік тұрғын жайларды беру және пайдалану тәртібі

Қызметтік тұрғын жайларды беру және оларды пайдалану тәртібі ССР Одағының заңдарымен, осы Кодекспен және Қазақ ССР-інің басқа заңдарымен белгіленеді.

Қызметтік тұрғын жайды беру туралы шешімді жұмыс немесе қызмет орны бойынша тиісінше кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі, колхоз басқармасы немесе қоғамдық ұйымның органы қабылдайды. Шешімнің негізінде халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті азаматқа арнайы ордер береді.

Қызметтік тұрғын жайларды пайдалануға осы Кодекстің 47—59 және 83-статьялары қолданылады.

Қызметтік тұрғын жайды иемдену ордерінің формасын Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

106-статья. Басқа тұрғын жай берілместен қызметтік тұрғын жайлардан шығару

Кәсіпорынмен, мекемемен, ұйыммен еңбек қатынастарын доғарған жұмысшылар мен қызметшілер, сондай-ақ колхоз мүшелігінен шығарылған немесе өз қалауы бойынша колхоздан шыққан азаматтар басқа тұрғын жай берілместен өздерімен бірге тұратын барлық адамдармен қоса қызметтік тұрғын жайдан шығарылуға тиіс.

107-статья. Басқа тұрғын жай берілместен қызметтік тұрғын жайлардан шығаруға болмайтын азаматтар

Басқа тұрғын жай берілместен қызметтік тұрғын жайлардан мына адамдар шығарылмайды: соғыс мүгедектері және СССР-ді қорғау кезінде немесе өзге әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде жарақаттану, контузияға ұшырау немесе майып болу салдарынан, не майданда болуына байланысты ауыру салдарынан мүгедек болып қалған әскери қызметшілер арасынан шыққан басқа мүгедектер; майдандағы армия құрамында болған Ұлы Отан соғысына қатысушылар; СССР-ді қорғау кезінде немесе өзге әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілер мен партизандар-

дың семьялары; әскери қызметшілердің семьялары; қызмет міндеттерін орындау кезінде жарақаттану, контузияға ұшырау немесе майып болу салдарынан мүгедек болып қалған СССР Ішкі істер министрлігі органдарының қатардағы және бастық құрамындағы адамдары арасынан шыққан мүгедектер; өздеріне қызметтік тұрғын жай берген кәсіпорында, мекемеде, ұйымда кемінде он жыл жұмыс істеген адамдар; қызметіне байланысты тұрғын жай берілген, қызметтен босатылған, бірақ осы тұрғын жайды берген кәсіпорынмен, мекемемен, ұйыммен еңбек қатынастарын доғармаған адамдар; кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның таратылуына не қызметкерлер санының немесе штатының қысқартылуына байланысты жұмыстан босатылған адамдар; қартайғандығы бойынша пенсионерлер; дербес пенсионерлер; қызметтік тұрғын жай берілгеннен кейін қайтыс болған қызметкердің семья мүшелері; I және II топтағы еңбек мүгедектері, әскери қызметшілер арасынан шыққан I және II топтағы мүгедектер және соларға теңестірілген адамдар; өздерімен бірге жасы толмаған балалары тұратын жалғызілікті адамдар.

4 - тарау

ЖАТАҚХАНАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

108-статья. **Жатақханалардың мақсаты**

Жұмысшылар, қызметшілер, студенттер, оқушылар, сондай-ақ басқа азаматтар жұмыс істеу немесе оқу кезінде тұру үшін жатақханалар пайдаланылуы мүмкін. Жатақханаларға осы мақсаттар үшін арнайы салынған немесе қайта жабдықталған тұрғын үйлер беріледі.

109-статья. **Жатақханалардан тұрғын алаң беру және оны пайдалану тәртібі**

Жатақханалардан тұрғын алаң беру және оны пайдалану тәртібі ССР Одағының заңдарымен, осы Кодекспен және Қазақ ССР-інің басқа заңдарымен белгіленеді.

Жатақханадан тұрғын алаң жұмысшыларға, қызметшілерге, студенттерге, оқушыларға кәсіпорын, мекеме, ұйым немесе оқу орны әкімшілігінің, кәсіподақ комитеті мен комсомол комитетінің бірлескен шешімі бойынша, ал әскери қызметшілерге — командованиенің жарлығы бойынша беріледі.

Тұрғын жай беру туралы шешімнің негізінде әкімшілік жатақханадан берілген тұрғын алаңды иемденуге ордер береді. Ордердің формасын Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

110-статья. **Жатақханадан шығару**

Жұмысын доғарған маусымдық, уақытша қызметкерлер, мерзімді еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдар, сондай-ақ оқу орындарында оқыған және олардан шыққан адамдар жұмысына немесе оқуына байланысты өздеріне орын берілген жатақханадан басқа тұрғын жай берілместен шығарылуға тиіс.

Жұмысына байланысты жатақханадан орын алған кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басқа қызметкерлері жұмыстан дәлелді себептерсіз өз қалауымен, еңбек тәртібін бұзғаны немесе қылмыс жасағаны үшін шыққан ретте басқа тұрғын жай берілместен жатақханадан шығарылуы мүмкін. Өзге негіздер бойынша жұмысын доғарған адамдар, сондай-ақ осы Кодекстің 107-статьясында аталған адамдар оларға басқа тұрғын жай берілгенде ғана жатақханадан шығарылуы мүмкін.

5-тарау

АЗАМАТТАРДЫ ТҰРҒЫН ҮЙ-ҚҰРЫЛЫС КООПЕРАТИВТЕРІНІҢ ҮЙЛЕРІНДЕГІ ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

111-статья. **Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлерінен тұрғын жай алу правосы**

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтар тұрғын үй-құрылыс кооперативіне кіруге және одан пәтер алуға праволы.

112-статья. **Тұрғын үй-құрылыс кооперативіне кіруге тілек білдіруші азаматтарды есепке алу тәртібі**

Тұрғын үй-құрылыс кооперативіне кіруге тілек білдіруші азаматтарды есепке алу тәртібі ССР Одағының заңдарымен, осы Кодекспен және Қазақ ССР-інің басқа заңдарымен белгіленеді.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативіне кіруге тілек білдіруші азаматтарды есепке алу жанында кооператив құрылатын халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің шешімімен осы азаматтардың тұрғылықты жері бойынша, не кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімімен олардың жұмыс орны бойынша жүргізіледі.

Пенсияға шығуына байланысты осы кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істеуін тоқтатқан азаматтар, сондай-ақ өндірістегі қайғылы оқиға немесе кәсіптік ауру салдарынан қайтыс болған қызметкерлердің семьялары бұл кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың жұмысшыларымен және қызметшілерімен бірдей есепке алынады.

113-статья. **Азаматтарды тұрғын үй-құрылыс кооперативіне мүшелікке қабылдау шарттары**

Азаматтарды тұрғын үй-құрылыс кооперативіне мүшелікке қабылдау шарттары ССР Одағының заңдарымен, осы Кодекспен және Қазақ ССР-інің басқа заңдарымен белгіленеді.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативіне мүшелікке 18 жасқа толған, тұрғын үй-құрылыс кооперативі ұйымдастырылатын елді мекенде тұрақты тұратын және тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж адамдар қабылдануы мүмкін. ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша тұрғын үй-құрылыс кооперативіне мүшелікке қабылдаудың өзге де шарттары мен негіздері көзделуі мүмкін.

114-статья. **Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерін ұйымдастыру және олардың қызмет тәртібі**

Тұрғын үй-құрылыс кооперативтері халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың жанынан, сондай-ақ колхоздар мен өзге кооперативтік және қоғамдық ұйымдардың жанынан ұйымдастырылады.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерін ұйымдастыру және олардың қызмет тәртібі ССР Одағының заңдарымен, тұрғын үй-құрылыс кооперативінің Үлгі уставымен және Қазақ ССР-інің басқа заңдарымен белгіленеді.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативінің Үлгі уставын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативі кооперативке кіретін адамдардың жалпы жиналысы қабылдаған уставтың негізінде, тұрғын үй-құрылыс кооперативінің Үлгі уставына сәйкес жұмыс істейді. Тұрғын үй-құрылыс

кооперативінің уставы кооператив ұйымдастырылған жердегі халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетінде тіркелуге тиіс.

Ұйымдастырылатын тұрғын үй-құрылыс кооперативіне кіретін адамдардың халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті бекіткен тізіміне енгізілген азаматтар устав тіркелген уақыттан бастап сол кооперативтің мүшелері болып саналады. Қазіргі бар тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қабылданған азаматтар жалпы жиналыстың шешімін халық депутаттары тиісті жергілікті Советінің атқару комитеті бекіткен кезден бастап оның мүшелері болып саналады.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативтері өздеріне қарасты тұрғын үйлерді кооперативтік меншік правосында пайдалануды жүзеге асырады.

115-статья. **Халық депутаттары жергілікті Советтерінің тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің қызметін бақылауы**

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің қызметін, оларға қарасты үйлердің пайдаланылуы мен жөнделуін бақылауды жүзеге асырады. Халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті кооперативтің жалпы жиналысының немесе басқармасының шешімін, егер ол заңдарға қайшы келетін болса, бұзуға праволы.

116-статья. **Мемлекеттің тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне көмегі**

Мемлекет тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне оларға қарасты үйлерді пайдалануда және жөндеуде, сондай-ақ күрделі жөндеу өткізілетін уақытқа, егер бұл үйлерде тұратын азаматтарды шығармайынша жөндеу мүмкін болмаса, тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшелерін тұрғын жайлармен қамтамасыз етуде көмек көрсетеді.

117-статья. **Тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесіне тұрғын жай беру**

Тұрғын үй-құрылыс кооперативіне мүшелікке қабылданған адамға кооператив мүшелері жалпы жиналысының халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті бекіткен шешімі бойынша, семья мүшелерінің санына, оның мүшелік жарнасының сомасына және тұрғын үй-құрылыс кооперативінің Үлгі уставында көзделген тұрғын алаңның ең көп көлеміне сәйкес бір немесе бірнеше бөлмеден тұратын жеке пәтер беріледі.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үйіндегі пәтерлерге қоныстандыру халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті беретін ордерлер бойынша жүргізіледі. Ордер беруден бас тартуға сот арқылы шағым берілуі мүмкін.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үйіндегі тұрғын жайды немденуге берілетін ордердің формасын Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

118-статья. **Тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесі иемденген тұрғын жайды басқа тұрғын жайға айырбастау. Тұрғын жайды бөлу**

Тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесі өзімен бірге тұратын семья мүшелерінің келісімімен халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің рұқсаты бойынша өзі иемденген тұрғын жайды халық депутаттары жергілікті Советтерінің, мемлекеттік, кооперативтік және өзге қоғамдық ұйымдардың үйлеріндегі, сондай-ақ өзі тұратын сол елді мекенде, сол сияқты басқа елді ме-

кендерде орналасқан басқа тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлеріндегі басқа тұрғын жайға, белгіленген тәртіп сақтала отырып, тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үйіне қоныстанатын адам кооператив мүшелігіне қабылданған жағдайда, айырбастауға праволы.

Егер тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесі мен оның семья мүшелері айырбастау туралы келісімге келе алмаса, онда кооператив мүшесі, сондай-ақ жиналған жарнаның бір бөлігіне правосы бар деп танылған оның семья мүшесі иелігіндегі тұрғын жайды басқа үйлердегі (пәтерлердегі) тұрғын жайларға сот арқылы еріксіз айырбастатуды талап етуге праволы.

Осы Кодекстің 67-статьясында көрсетілген реттерде айырбастауға жол берілмейді.

Кооператив мүшесі және жиналған жарнаның бір бөлігіне правосы бар деп танылған оның жұбайы неке бұзылғаннан кейін, егер оларға жеке оңаша бөлмелер бөліп беру мүмкін болса, иемденген тұрғын жайды бөлуді талап етуге праволы.

119-статья. **Тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшесінің тұрғын үй праволары мен міндеттерін белгілеу**

Тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшесінің, сондай-ақ оның семья мүшелерінің праволары мен міндеттері, тұрғын жайларды пайдалану шарттары мен пайдалануды доғару негіздері кооператив уставымен белгіленеді.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативінің уставы бойынша мыналар көзделеді: тұрғын жайды жалға өткізу мен оған уақытша тұрғындарды қоныстандыру тәртібі; тұрғын үй-құрылыс кооперативінің уақытша кетіп қалған мүшесі мен оның семья мүшелерінің пәтерге правосын сақтау шарттары; жиналған жарнаны бөлу кезінде тұрғын жайды пайдалану тәртібі және тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үйіндегі тұрғын жайларды пайдаланудың өзге шарттары.

120-статья. **Кооперативтен шығару**

Кооператив мүшесі кооперативтен мынадай реттерде шығарылуы мүмкін:

1) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждығы туралы шындыққа сай келмейтін мәліметтер табыс етсе;

2) тұрғын жайды үнемі қиратса немесе бүлдірсе, немесе оны өз мақсатында пайдаланбаса;

3) социалистік тұрмыс ережелерін үнемі бұзса, егер бұл басқалардың онымен бір пәтерде немесе бір үйде тұруына мүмкіндік бермесе, ал ескерту және қоғамдық ықпал ету шаралары нәтижесіз болып шықса; ата-аналық праволарынан айрылса, егер олардың ата-аналық праволарынан айрылуына байланысты балаларымен бірге тұруы мүмкін емес деп танылса;

4) тұрғын үй-құрылыс кооперативінің уставы бойынша көзделген басқа реттерде.

121-статья. **Үй бұзылған ретте тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үйінде тұратын азаматтардың праволарын қамтамасыз ету**

Егер тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қарасты үй жер учаскесі мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін алынуына байланысты бұзылуға жатқызылса, кооперативке бұзылатын үйдің орнына сонымен бірдей тұрғын үй меншікке беріледі.

6-тарау

ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ ҮЙЛЕРІНДЕГІ ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

122-статья. **Азаматтың өзіндік меншік правосындағы тұрғын үйді пайдалану**

Өзіндік меншігінде тұрғын үйі (үйдің бір бөлігі) бар азаматтар оны өздерінің және семья мүшелерінің тұруы үшін пайдаланады. Олар үйге басқа азаматтарды қоныстандыруға, сондай-ақ ССР Одағының заңдарымен, осы Кодекспен және Қазақ ССР-інің басқа заңдарымен белгіленген шарттар және тәртіп бойынша оны жалға өткізуге праволы.

Азаматтардың өзіндік меншігіндегі тұрғын үйлер олардан алынуы мүмкін емес, меншік иесі тұрғын үйді пайдалану правосынан айрылуы мүмкін емес, бұған ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген басқа реттер кірмейді.

123-статья. **Меншік иесінің семья мүшелерінің және бұрынғы семья мүшелерінің праволары мен міндеттері**

Меншік иесінің семья мүшелерінің ауқымы осы Кодекстің 49-статьясына сәйкес белгіленеді.

Меншік иесінің өзіне қарасты үйге өзі қоныстандырған семья мүшелері, егер оларды қоныстандыру кезінде өзгеше айтылмаса, үйдегі тұрғын жайды онымен бірдей пайдалануға праволы. Олар меншік иесі берген тұрғын жайға өздерінің жасы толмаған балаларын қоныстандыруға праволы. Семьяның басқа мүшелерін қоныстандыруға меншік иесінің келісімі бойынша ғана жол беріледі. Меншік иесімен семья қатынастарын доғарған реттерде де бұл адамдардың тұрғын жайды пайдалану правосы сақталады, алайда олар үйді және үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау және ағымдағы жөндеуді жүргізу жөнінде жұмсалған шығындарға қатысуға міндетті.

Тұрғын жайды пайдалану тәртібі туралы және жұмсалған шығындарға қатысу мөлшері туралы даулар сот арқылы шешіледі.

124-статья. **Меншік иесінің тұрғын үйінің сақталуын қамтамасыз ету**

Өзіндік меншігінде тұрғын үйі бар азаматтар оның сақталуын қамтамасыз етуге, өз есебінен ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізуге, үй іргесіндегі территорияны реттеп ұстауға міндетті.

Мемлекет өзіндік меншігінде тұрғын үйі бар азаматтарға үйлерді жөндеуге және тұрмысқа жайлы етуде көмек көрсетеді. Азаматтарға қарасты үйлерді жөндеуді олардың қалауы бойынша халық тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары жүргізуі мүмкін.

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері азаматтарға қарасты үйлердің күтіп ұсталуын бақылауды жүзеге асырады.

125-статья. **Тұрғын жайды жалдауға шарт жасау**

Азаматтардың өзіндік меншік правосындағы үйлерінде меншік иесі мен жалдаушының арасындағы тұрғын жайды жалдау шарты жазбаша түрде жасалады.

Жалдау шартының предметі тұрғын жай, оның ішінде жапсарлас бөлме және бөлменің бір бөлігі болуы мүмкін.

Шарт мерзімі мен басқа жағдайлар тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

126-статья. **Азаматтардың өзіндік меншік правосындағы үйлердегі тұрғын жайды пайдаланғаны үшін және коммуналдық қызмет үшін төленетін ақы**

Азаматтардың өзіндік меншік правосындағы үйлердегі тұрғын жайды пайдаланғаны үшін төленетін ақы тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ Қазақ ССР Министрлер Советі осы үйлер үшін белгілеген ең жоғары ставкалардан аспауға тиіс.

Коммуналдық қызмет үшін төленетін ақы тұрғын жайды пайдаланғаны үшін төленетін ақыдан тыс, белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтер бойынша алынады.

Тұрғын жайды пайдаланғаны үшін және коммуналдық қызмет үшін ақы төлеу мерзімі тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

127-статья. **Жалға берушінің өзіндік меншік правосындағы үйден жалданған тұрғын жайға жалдаушының азаматтарды қоныстандыруға правосы**

Жалға берушінің өзіндік меншік правосындағы үйден жалданған тұрғын жайға жалдаушының осы Кодекстің 49-статьясында аталған адамдарды қоныстандыруына жалға берушінің келісімі бойынша ғана жол беріледі. Жалдаушы жасы толмаған балаларды қоныстандырған кезде мұндай келісім талап етілмейді.

128-статья. **Жалдаушының семья мүшелерінің праволары**

Осы Кодекстің 49-статьясында аталған жалдаушының семья мүшелері жалдау шарты бойынша тең правомен пайдаланады және онымен бірдей міндет атқарады.

129-статья. **Жалдау шартын өзгерту**

Азаматтардың өзіндік меншік правосындағы үйлерде жалдау шарты тараптардың келісімі бойынша ғана өзгертіледі.

130-статья. **Күрделі жөндеу кезінде жалдаушыны үйден шығару**

Күрделі жөндеу жүргізген кезде, егер жөндеу үйде тұрған адамдарды шығармайынша жүргізілуі мүмкін болмаса, үйді меншіктенуші жалдаушылардың шығуын талап етуге праволы. Жалдаушы бас тартқан ретте меншік иесі оның сот арқылы үйден шығарылуын талап етуге праволы.

Жөндеу аяқталғаннан кейін меншік иесі үйден шығарылған адамдарға бұрын немденген тұрғын жайын беруге міндетті, бұған күрделі жөндеу нәтижесінде қайта жобалануына байланысты жалға өткізілген тұрғын жай сақталмайтын реттер кірмейді.

131-статья. **Тұрғын жайды қосымша жалға өткізу және уақытша тұрғындарды қоныстандыру**

Тұрғын жайды қосымша жалға өткізуге, сондай-ақ уақытша тұрғындарды қоныстандыруға үйді меншіктенушінің келісімі бойынша ғана жол беріледі.

Үйді меншіктенушінің рұқсаты бойынша қоныстанған жалдаушы, қосымша жалдаушы және уақытша тұрғындар арасындағы қатынастарға осы Кодекстің 74—78, 80 және 81-статьяларында белгіленген ережелер тиісінше қолданылады.

Меншік иесі қосымша жалдау шартының мерзімі біткеннен кейін жалдаушының шартты жаңғыртуынан бас тартуға праволы. Егер шарт-

та мерзім белгіленбеген болса, меншік иесі жалдаушы мен қосымша жалдаушыға бұл туралы үш ай бұрын ескерте отырып, жалдаушыдан қосымша жалдау шартын доғаруын талап етуге праволы.

Меншік иесі уақытша тұрғындардың кез келген уақытта үйден шығуын талап етуге праволы.

132-статья. **Жалдаушының шартты жаңғырту правосы. Шартты бұзу**

Жалдаушының шарт мерзімі өткеннен кейін шартты жаңғыртуға правосы бар. Егер шарт бір жылдан аспайтын мерзімге, осы мерзім өткеннен кейін тұрғын жайды босатуға міндеттеме отырып жасалса, жалдаушының шартты жаңғыртуды талап етуге правосы жоқ.

Жалдаушы шарт бойынша міндеттемелерін ұдайы орындамаған ретте меншік иесі жалдаушының шартты жаңғырту правосына қарсылық білдіруге праволы. Меншік иесі шартты жаңғыртудан бас тартуға, ал егер шарт мерзімі көрсетілмей жасалған болса, онда тұрғын жай үйді меншіктенушінің жеке өзі немесе оның семья мүшелері тұруы үшін қажет болған ретте де оны бұзуды талап етуге праволы. Шарттың бұзылатындығы немесе оны жаңғыртудан бас тарту туралы жалдаушыға үш ай бұрын ескертілуге тиіс.

Егер жалдаушы тұрғын жайды пайдаланғаны және коммуналдық қызмет үшін үш ай бойы дәлелді себептерсіз ақы төлемесе, сондай-ақ осы Кодекстің 97-статьясының бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша меншік иесі шартты бұзуды талап етуге праволы.

Жалдау шарты бұзылған тұрғын жайды босатудан жалдаушы бас тартқан ретте ол өзімен бірге тұратын барлық адамдармен қоса басқа тұрғын жай берілместен сот арқылы үйден шығарылуға тиіс.

133-статья. **Үй басқа меншік иесіне ауысқан кезде жалдау шартының сақталуы**

Жалдауға берілген тұрғын жай орналасқан үйге (үйдің бір бөлігіне) меншік правосы басқа адамға ауысқан кезде жаңа меншік иесі үшін жалдау шарты күшін сақтайды.

134-статья. **Жер учаскелері алынуына байланысты үйлері бұзылуға жататын азаматтарды тұрғын жайлармен қамтамасыз ету**

Мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелері алынуына байланысты азаматтардың өзіндік меншігіндегі тұрғын үйлер бұзылған ретте аталған азаматтарға, олардың семья мүшелеріне, сондай-ақ бұл үйлерде тұрақты тұратын басқа азаматтарға мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерінен белгіленген нормалар бойынша пәтерлер беріледі.

Азаматтардың қалауы бойынша халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері олардың тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне мүшелікке кезексіз кіру (пәтерлер берудің орнына) және олардан пәтерлер алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес пәтерлер беру тәртібін СССР Министрлер Советі белгілейді.

135-статья. **Меншік иесіне бұзылатын үйдің құнын өтеу**

Тұрғын үйлерді меншіктенушілерге пәтерлер беруден басқа олардың таңдауы бойынша не бұзылатын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың құны төленеді, не бұл үйлерді, құрылыстар мен құрылғылар-

ды бөлшектеуден шыққан материалдарды өз еркі бойынша пайдалануға право беріледі. Бұзылатын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың құнының өтелу мөлшері мен тәртібін ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес СССР Министрлер Советі белгілейді.

136-статья. **Үйлері бұзылуға жататын азаматтар үшін жаңа орында тұрғын үйлер, құрылыстар мен құрылғылар салу**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес азаматтардың бұзылуға жататын иелігіндегі тұрғын үйлер мен құрылыстар олардың қалауы бойынша көшірілуі және жаңа орында қалпына келтірілуі мүмкін.

СССР Министрлер Советі белгілеген реттерде, үйлері бұзылуға жататын азаматтар үшін олардың қалауы бойынша жаңа орында тұрғын үйлер, құрылыстар мен құрылғылар салынып, осы азаматтардың өзіндік меншігіне беріледі. Бұл ретте бұзылатын тұрғын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың құны өтелмейді.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес үйлерді көшіру кезіндегі шарттарды СССР Министрлер Советі белгілейді.

IV бөлім

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ

137-статья. **Жалға берушінің тұрғын үй қорының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері**

Мемлекеттік және қоғамдық органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар тұрғын үй қорының сақталуы мен оның тұрмысқа жайлылығын арттыру туралы қамқорлық жасауға міндетті.

138-статья. **Жалға берушінің тұрғын үй қорын күтіп ұстау жөніндегі міндеттері**

Жалға беруші тұрғын үйлерді дер кезінде жөндеуге, үйлер мен тұрғын жайлардың инженерлік жабдықтарының іркіліссіз жұмыс істеуін, подъездерді, үйлер мен үй іргесіндегі территорияның жалпы пайдаланудағы басқа орындарын тиісінше күтіп ұстауды қамтамасыз етуге міндетті.

139-статья. **Азаматтардың тұрғын үйлердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері**

Азаматтар тұрғын жайлардың сақталуын қамтамасыз етуге, санитариялық-техникалық және өзге жабдықтарға, көркейту объектілеріне ұқыпты қарауға, тұрғын үйді және үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелерін, өрт хауіпсіздігі ережелерін сақтауға, подъездерде, лифт кабиналарында, баспалдақ алаңшаларында және жалпы пайдаланудағы басқа орындарда тазалық пен тәртіп сақтауға міндетті.

Тұрғын жай немесе оның жабдығы зақымданған ретте жалдаушы зақымды өз есебінен жоюға немесе зақымды жоюға шығарған шығынды жалға берушіге өтеуге міндетті.

Жалдаушы жалдап отырған тұрғын жайдың сапасын жақсарту жөнінде шығарған шығындар өтелуге тиісті емес.

140-статья. **Жалдаушылардың өздері иемденген тұрғын жайларды жөндеу жөніндегі міндеттері**

Тұрғын жайларды жалдаушылар Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленетін шарттарда және тәртіп бойынша тұрғын жайларды өз есебінен ағымдағы жөндеуден өткізуге, ал тұрғын жайды босатқан кезде — оны тиісті жағдайда өткізуге міндетті.

141-статья. **Азаматтардың тұрғын жайларды ағымдағы жөндеуден өткізуіне халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің көмектесуі**

Азаматтардың тұрғын жайларды ағымдағы жөндеуден өткізуіне халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері көмектеседі.

142-статья. **Тұрғын үй қорын пайдалану мен жөндеуді ұйымдастыру**

Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорын, сондай-ақ тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің қорын пайдалану мен жөндеу тұрғын үй қорын пайдаланудың әрі жөндеудің бірыңғай ережелері мен нормалары міндетті түрде сақтала отырып жүзеге асырылады.

Тұрғын үйлерді күрделі жөндеудің мердігерлік ережелерін және тұрғын үйлерді күрделі жөндеудің мердігерлік Үлгі шартын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді немесе сол белгілейтін тәртіп бойынша бекітіледі.

Тұрғын үй қорын техникалық жағынан пайдалану ережелері мен нормалары Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша бекітіледі.

143-статья. **Мемлекеттік тұрғын үй қорын пайдалану мен жөндеуді жүзеге асыру тәртібі**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес қалалар мен жұмысшы поселкелеріндегі мемлекеттік тұрғын үй қорын (ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) пайдалану мен жөндеуді СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша бірыңғай тұрғын үй-пайдалану және бірыңғай жөндеу-құрылыс қызметтері жүзеге асырады.

144-статья. **Қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерін және тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлерін техникалық қызметпен қамту және жөндеу**

Мемлекеттік тұрғын үй-пайдалану және жөндеу-құрылыс қызметтері қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерін және тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлерін техникалық қызметпен қамтуды және жөндеуді шарт бойынша жүзеге асырады.

Үйлерді техникалық қызметпен қамтуға және жөндеуге байланысты шығындарды төлеу мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін қызметпен қамту және жөндеу үшін белгіленген шарттар негізінде жүргізіледі.

145-статья. **Селолық жерлердегі тұрғын үй қорын пайдалану мен жөндеуді ұйымдастыру**

Қолхоздарға, совхоздарға және селолық жерлерде орналасқан басқа кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға қарасты тұрғын үйлерді пайдалану мен жөндеуді олардың тұрғын үй-пайдалану және жөндеу-

құрылыс қызметтері жүзеге асырады. Мұндай қызметтер болмаған ретте аталған үйлерді пайдалану мен жөндеуді халық депутаттары жергілікті Советтерінің тұрғын үй-пайдалану және жөндеу-құрылыс ұйымдары жүзеге асырады.

146-статья. Мемлекеттік тұрғын үй қорын пайдалану мен жөндеуге арналған шығындарды қаржыландыру

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің тұрғын үй қорын пайдалану мен жөндеуге (ағымдағы және күрделі) арналған шығындарды қаржыландыру тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының қаржылары есебінен, ал бұл қаржылар жетпеген ретте — мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Бедомстволық тұрғын үй қорын пайдалану мен ағымдағы жөндеуге арналған шығындарды қаржыландыру кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға бағынатын тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының қаржылары есебінен, ал бұл қаржылар жетпеген ретте — тиісті кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қаржылары есебінен жүзеге асырылады. Ведомстволық тұрғын үй қорын күрделі жөндеу тиісті кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың осы мақсаттарға арналған қаржылары есебінен жүзеге асырылады.

147-статья. Қоғамдық тұрғын үй қорын және тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің қорын пайдалану мен жөндеуге арналған шығындарды қаржыландыру

Қоғамдық тұрғын үй қорын пайдалану мен жөндеуге арналған шығындарды қаржыландыру қор иелерінің өз қаржылары есебінен жүзеге асырылады.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлерін пайдалану мен жөндеуге арналған шығындарды қаржыландыру кооперативтердің қаржылары есебінен жүзеге асырылады.

148-статья. Адам тұрмайтын құрылыстарды және адам тұрмайтын тұрғын жайларды пайдалану мен жөндеуге арналған шығындарды қаржыландыру

Тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының балансында тұрған сауда, тұрмыстық және өнеркәсіптік емес сипаттағы өзге мұқтаждарға арналған тұрғын үйлердегі адам тұрмайтын жекелеген құрылыстарды және адам тұрмайтын тұрғын жайларды пайдалану мен жөндеуге байланысты шығындар, сондай-ақ оларды пайдалану мен жөндеуді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының шаруашылық қызметін жоспарлаған кезде ескеріледі.

149-статья. Тұрғын үй қорын пайдалану мен жөндеуді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорын және тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің қорын пайдалану мен жөндеу үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстар СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советіне, СССР министрліктеріне, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарына олардың жұмсалу нормаларына сәйкес бөлінеді.

V бөлім

ТҰРҒЫН ҮЙ ЗАҢДАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

150-статья. Тұрғын үй қорын дұрыс пайдаланбағаны және тұрғын үй заңдарын басқаша бұзғаны үшін жауаптылық

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу, есептен шығару және азаматтарға тұрғын жайлар беру тәртібін бұзуға;

тұрғын үйлер мен тұрғын жайларға қоныстандырудың белгіленген мерзімін сақтамауға;

тұрғын жайларды пайдалану, жалпы пайдаланудағы орындарды, баспалдақ алаңшаларын, лифтілерді, подъездерді, үй іргесіндегі территорияларды санитариялық жағынан күтіп ұстау ережелерін бұзуға;

тұрғын үйлер мен тұрғын жайларды өз бетінше қайта жабдықтауға және қайта жобалауға әрі оларды өз мақсатында пайдаланбауға;

тұрғын үйлерді, тұрғын жайлар мен инженерлік жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзуға, оларды шаруақорлықпен күтіп ұстамауға;

тұрғын үйлерді, тұрғын жайларды, олардың жабдықтарын және көркейту объектілерін бүлдіруге кінәлі адамдар

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік немесе өзге де жауапқа тартылады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша тұрғын үй заңдарын басқаша бұзғаны үшін де жауаптылық белгіленуі мүмкін.

151-статья. Тұрғын үй қорына келтірілген нұқсанды өтеу

Тұрғын үйлерге, тұрғын жайларға, инженерлік жабдыққа, көркейту объектілеріне және үй маңындағы учаскелердегі жасыл желекке нұқсан келтірген кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, сондай-ақ азаматтар келтірілген нұқсанды өтеуге міндетті.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің азаматтық заңдарына сәйкес нұқсан мөлшері белгіленеді және ол өтеледі.

Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың нұқсанды өтеуге байланысты шығынға ұшырауына кінәлі лауазымды адамдар мен басқа қызметкерлер белгіленген тәртіп бойынша материалдық жауапқа тартылады.

VI бөлім

ТҰРҒЫН ҮЙ ДАУЛАРЫН ШЕШУ

152-статья. Тұрғын үй дауларын шешу тәртібі

Тұрғын үй дауларын ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес сот, арбитраж, аралық және жолдастық соттар, сондай-ақ соған уәкілдігі бар басқа да органдар шешеді.

VII бөлім

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

153-статья. Шет елге жіберілген азаматтарды тұрғын жайлармен қамтамасыз ету

Шет елге жұмысқа жіберілген азаматтар келген жерлерінде СССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес тұрғын жайлармен СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп пен шарттар бойынша қамтамасыз етіледі.

154-статья. Халықаралық шарттар

СССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес, егер СССР-дің халықаралық шарты бойынша советтік тұрғын үй заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Егер Қазақ ССР-інің халықаралық шартында Қазақ ССР-інің тұрғын үй заңдарында көзделгендегіден өзгеше ережелер белгіленген болса, Қазақ ССР-інің тұрғын үй заңдары жөнінде де дәл осындай тәртіп қолданылады.

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ТҰРҒЫН ҮЙ КОДЕКСІН КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1983 жылғы 29 ноябрьдегі
УКАЗЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., № 49, 528-ст.)

«Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексін бекіту туралы» Қазақ ССР-інің 1983 жылғы 30 июньдегі Заңының 2-статьясына сәйкес (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., № 28, 299-ст.) Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

1. Қазақ ССР-інің заңдары алдағы уақытта Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексіне сәйкестендірілгенге дейін тұрғын үй қатынастарын реттейтін Қазақ ССР-інің пайдаланылып жүрген заң актілері қолданылады, өйткені олар Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексіне қайшы келмейді.

2. Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексі Кодекс күшіне енгізілгеннен кейін, яғни 1984 жылғы 1 январьдан бастап пайда болған тұрғын үй право қатынастарына қолданылады.

Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексі күшіне енгізілгенге дейін пайда болған тұрғын үй право қатынастарында тараптардың праволары мен міндеттерін жүзеге асыру 1984 жылғы 1 январьдан бастап Кодекске сәйкес реттеледі.

3. Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексінде келтірілген СССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдары негіздерімен бұрын белгіленген ережелер Негіздер күшіне енгізілген күннен, яғни 1982 жылғы 1 январьдан бастап СССР Жоғарғы Советі Президиумының «СССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңы негіздерін күшіне енгізу тәртібі туралы» 1981 жылғы 7 декабрьдегі Указына сәйкес (СССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1981 ж., № 49, 1286-ст.) қолданылады.

4. Қазақ ССР Тұрғын үй кодексінің 28-статьясындағы екінші бөлікте көзделген ретте үйді (үйдің бір бөлігін) иеліктен шығару Қазақ ССР

Азаматтық кодексінің 102-статьясымен белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

Қазақ ССР Тұрғын үй кодексінің 28-статьясындағы екінші бөліктің мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйінен тұрғын жаймен қамтамасыз етілген ретте тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшесінің тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үйіндегі тұрғын жайды босату міндеті туралы, сондай-ақ өзіндік меншік правосында тұрғын үйі (үйдің бір бөлігі) бар азаматтың белгіленген тәртіп бойынша үйді (үйдің бір бөлігін) иеліктен шығару міндеті туралы ережелерінің кері күші болады және ол 1984 жылғы 1 январьға дейін мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйінен тұрғын жай алынған реттерде қолданылады.

Қазақ ССР Азаматтық кодексінің 102-статьясымен белгіленген бір жылдық мерзім бұл реттерде 1984 жылғы 1 январьдан бастап есептеледі.

5. Қазақ ССР Тұрғын үй кодексінің 33-статьясындағы үшінші бөліктің ережелері 1984 жылғы 1 январьға дейін тұрғын үй жағдайларын қасақана нашарлатып жіберген реттерге де қолданылады деп белгіленсін. 1984 жылғы 1 январьға дейін өздерінің тұрғын үй жағдайларын қасақана нашарлатып жіберген, бірақ тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебіне алынған адамдар, егер есепке алудың дұрыстығы туралы мәселе қаралатын күні тұрғын үй жағдайларын қасақана нашарлатып жіберген күннен бастап бес жыл өтпеген болса, есептен шығарылуы мүмкін.

6. Мемлекеттік балалар мекемесіне, туысқандарына, қорғаншыға немесе қамқоршыға тәрбиелеуге орналастырылған уақытша болмаған балалардың (Қазақ ССР Тұрғын үй кодексінің 55-статьясындағы 3-тармақ) тұрғын жайға правосының күші жойылды деп тану туралы істер қысқартуға жатады, ал оларды тұрғын алаңға правосын жойды деп тану туралы 1984 жылғы 1 январьға дейін орындалмаған сот шешімдері орындауға жатпайды.

7. Қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерін атқаруына байланысты уақытша болмаған азаматтардың (Қазақ ССР Тұрғын үй кодексінің 55-статьясындағы 4-тармақ) тұрғын алаңға правосының күші жойылды деп тану туралы істер қысқартуға жатады, ал оларды тұрғын алаңға правосын жойды деп тану туралы 1984 жылғы 1 январьға дейін орындалмаған сот шешімдері орындауға жатпайды.

8. Жалдаушының семья мүшесімен тұрғын жайды жалдау туралы бөлек жалдау шартын жасасу туралы (Қазақ ССР Азаматтық кодексінің 279-статьясындағы екінші бөлік) 1984 жылғы 1 январьға дейін сотта қаралып бітпеген істер қысқартуға жатады, ал тұрғын алаңды бөлу туралы 1984 жылғы 1 январьға дейін орындалмаған сот шешімдері орындауға жатпайды.

9. Жұмысшылар мен қызметшілерді басқа тұрғын жай бере отырып үйлерінен шығаруға жол берілетін халық шаруашылығының аса маңызды салалары кәсіпорындарының, мекемелерінің, ұйымдарының тізімдері алдағы уақытта бекітілгенге дейін Қазақ ССР Азаматтық кодексінің 318-статьясына сәйкес бұрын үйлерінен шығаруға жол берілген халық шаруашылығының аса маңызды салаларының және жекелеген ведомстволардың кәсіпорындары мен мекемелерінің тізімдері күшін сақтайды.

10. Қазақ ССР Тұрғын үй кодексінің 135-статьясындағы мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алу кезінде бұзылатын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың құнын өтеу шарттары туралы ереже бұзу туралы шешім 1982 жылғы 1 январьға дейін шығарылған, бірақ ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын

үй заңдарының негіздері күшіне енгізілген уақытта үйді меншіктенушіге оның таңдауы бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес пәтер берілмеген не үйдің, құрылыстар мен құрылғылардың құны өтелген реттерге де қолданылады.

11. Қазақ ССР Үкіметінің шешімдерін Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексіне сәйкестендіру Қазақ ССР Министрлер Советіне тапсырылсын.

12. Осы Указ 1984 жылғы 1 январьдан бастап күшіне енгізіледі.

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1963 жылғы 28 декабрьдегі
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., № 2)

99—106, 112-статьяның екінші бөлігі, 120, 132, 133, 226, 226—1, 227, 258, 259, 261—270, 276, 330—333, 337-статьялар

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ [2]

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1959 жылғы 22 июльдегі
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1959 ж., № 22—23, 177-ст.)

82-статья

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ [3]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ
1984 жылғы 22 мартта
ҚАБЫЛДАҒАН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 14, қосымша)

152—155-статьялар

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1970 жылғы 23 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1970 ж., № 52, қосымша)

23, 36 және 38-статьялар

---

[1] 2-том, 7-бетті қараңыз.
[2] 13-том, 8-бетті қараңыз.
[3] 12-том, 173-бетті қараңыз.
[4] 3-том, 292-бетті қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1979 жылғы 14 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

8-статьяның 4-пункті

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1980 жылғы 13 ноябрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

12-статьяның 2-пункті, 21-статья, 30-статьяның 5-пункті

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

5-статья, 20-статьяның 1—4 пункттері

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

16-статьяның 6-пункті, 17-статьяның 1, 4, 7—10-пункттері, 31-статьяның 3-пункті

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [5]

Қазақ ССР-інің
1968 жылғы 20 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

18-статьяның 1—3 және 6-пункттері

---

[1] 1-том, 145-бетті қараңыз.
[2] 1-том, 163-бетті қараңыз.
[3] 1-том, 191-бетті қараңыз.
[4] 1-том, 221-бетті қараңыз.
[5] 1-том, 254-бетті қараңыз.

МАСКҮНЕМДІК ПЕН АЛКОГОЛИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ САМОГОН ҚАЙНАТУДЫ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1985 жылғы 23 майдағы
УКАЗЫ
(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 23, 248-ст.)

31-статья

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ЖҰМЫСШЫ ПОСЕЛКЕЛЕРІНДЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІН ТЕХНИКАЛЫҚ ИНВЕНТАРИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 18 январьдағы № 24
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 4, 10-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР-інің қалалары мен жұмысшы поселкелерінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін техникалық инвентаризациялау туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 18 январьдағы
№ 24 қаулысымен
Б Е К І Т І Л Г Е Н

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ЖҰМЫСШЫ ПОСЕЛКЕЛЕРІНДЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІН ТЕХНИКАЛЫҚ ИНВЕНТАРИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың балансында тұратын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және сыртқы көркейту объектілері, сондай-ақ қалалар мен жұмысшы поселкелеріндегі азаматтардың өзіндік меншігіндегі тұрғын үйлер, құрылыстар және құрылғылар техникалық инвентаризациялауға жатады.

2. Техникалық инвентаризациялаудың мақсаты инвентаризацияланатын объектілердің құрамы, техникалық жайы мен құны, сондай-ақ оперативтік және перспективалық жоспарлау, финанс, сақтық және статистикалық органдарды бастапқы деректермен қамтамасыз ету, халық шаруашылығының өзге де қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдаланылатын натуралық көлемдік көрсеткіштер туралы қажетті мәліметтерді алу болып табылады.

3. Техникалық инвентаризациялаудың жайына және оны жүргізуге жалпы басшылықты Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашы-

[1] 12-том, 58-бетті қараңыз.
[2] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

лық министрлігі жүзеге асырады. Техникалық инвентаризациялауды жүргізу техникалық инвентаризациялау бюросына жүктеледі.

4. Мыналар техникалық инвентаризациялауға жатпайды:

діни орындардың үйлері (шіркеулер, мешіттер және т. б.), солардың заявкалары бойынша және халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің рұқсатымен инвентаризациялау жүзеге асырылатын тұрғын үйлерден, қора-жайлардан және басқа құрылыстардан басқалары;

Азаматтық авиация министрлігі, Қатынас жолдар министрлігі, СССР Ішкі істер министрлігі мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі, СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитеті мен Қазақ ССР Мемлекет хауіпсіздігі комитеті кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының балансындағы үйлер мен құрылыстар, осы министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің келігіндегі, инвентаризациялау жалпы негіздерге орай жүзеге асырылатын тұрғын жайлардан, әкімшілік, сауда және коммуналдық-тұрмыстық үйлерден басқалары.

5. Негізгі және ағымдық техникалық инвентаризациялау жүргізіледі.

Негізгі техникалық инвентаризациялау объектіні пайдалануға берудің нақ алдында, жұмыс істеп тұрған объктілерді бір ұйымнан екіншісіне өткізген кезде, сондай-ақ егер бұрын инвентаризациялау жүргізілмеген болса, жұмыс істеп тұрған объектілер бойынша жүзеге асырылады.

Ағымдық техникалық инвентаризациялау тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және сыртқы көркейту объектілерінің құрамындағы, жайы мен құнындағы өзгерістерді тіркеу мақсатымен жүргізіледі.

6. Азаматтардың өзіндік меншігі правосы негізінде немденетін тұрғын үйлерді, құрылыстар мен құрылғыларды инвентаризациялау бес жылда кемінде бір рет жүргізіліп, бағалау актісінің бір данасы халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің финанс бөліміне беріледі.

7. Техникалық инвентаризациялау атқарушы жобалау-смета документтемесі мен бұрын жүргізілген тексеру материалдарын пайдалана отырып натурада жүргізіледі.

8. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және сыртқы көркейту объектілерін, сондай-ақ азаматтардың өзіндік меншігі правосы негізінде немденетін тұрғын үйлерді, құрылыстар мен құрылғыларды техникалық инвентаризациялау солардың иелерінің есебінен жүргізіледі.

Әл-ауқаты кемдеу азаматтардың өзіндік меншігі правосы негізінде немденетін тұрғын үйлерді, құрылыстар мен құрылғыларды инвентаризациялау жөніндегі есепке алу-бағалау жұмыстарына ақы төлеу ерекшелік реттерде халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің шешімі бойынша жергілікті бюджеттің қаржылары есебінен жүргізілуі мүмкін.

9. Инвентаризациялау жөнінде орындалған жұмыстар үшін уақтылы төленбеген соманы техникалық инвентаризациялау бюросы заңдармен белгіленген тәртіп бойынша кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдардан және азаматтардан өндіріп алады.

10. Осы Ережеге сәйкес Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының келісуі бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және сыртқы көркейту объектілерін техникалық инвентаризациялауды жүргізу тәртібі туралы нұсқауды әзірлеп, бекітеді.

11. Техникалық инвентаризациялау бюросы есеп берудің белгіленген түрлерін статистикалық органдарға табыс етеді.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУДІ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 4 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 740 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1978 жылғы 24 ноябрьдегі № 436
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 23, 83-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. СССР Министрлер Советінің «Тұрғын үй қорын пайдалануды және жөндеуді одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1978 жылғы 4 сентябрьдегі № 740 қаулысы (СП СССР 1978 ж., № 22, ст. 137) басшылыққа алынып, қалтқысыз орындалатын болсын.

Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын қамтамасыз ету, оның техникалық пайдалану дәрежесін арттыру, тұрғын үйлерді жөндеуді және оларда тұратын халыққа қызмет көрсетуді жақсарту Қазақ ССР-інің совет органдарының, министрліктерінің, ведомстволарының, кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері басшыларының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады деп саналсын.

2. Халық депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларына мыналар міндеттелсін:

тұрғын үй шаруашылығын басқаруды жетілдіру, оның материалдық-техникалық базасын нығайту, үйлерді күрделі және ағымдағы жөндеуді кезінде және сапалы жүргізу, осы мақсаттарға бөлінетін қаржылар мен материалдық ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану, тұрғын үй шаруашылығына ғылым мен техника жетістіктерін кеңінен енгізу, тұрғын үйлердің инженерлік жабдығының жұмысын басқаруды автоматтандыру мен диспетчерлендіру, пайдалану жөніндегі персоналдың еңбегін механикаландыру есебінен мемлекеттік тұрғын үй қорын техникалық пайдалануды түбегейлі жақсартуды қамтамасыз ету;

тұрғын үй-пайдалану және жөндеу-құрылыс ұйымдарының кадрларын даярлау мен олардың мамандығын көтеру жөніндегі жұмысты күшейту, тұрғын үйлерді тиісінше күтіп-ұстау, сақтау және оларда тұратын халыққа қызмет көрсету мәдениеті жөнінде тұрғын үй шаруашылықтары қызметкерлерінің жауапкершілігін көтеру;

тұрғын үй шаруашылығын басқаруға қатысуға халықты кеңінен тарту, үй комитеттерінің қызметін жандандыру, тұрғын үй қорының сақталуына және социалистік тұрмыс ережелерін сақтауға азаматтардың жауапкершілігін көтеруге айрықша назар аудару;

тұрмыстың жоғары мәдениеттілігі, пәтерлерді, үйлерді, инженерлік жабдық пен үй іргесіндегі учаскелерді үлгілі күтіп-ұстау жолындағы социалистік жарыстың формаларын барынша дамытып, жетілдіре беру;

Москва, Ленинград, Новосибирск және Ярославль қалаларының

---

[1] 26-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 1 октябрьдегі № 400 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 20, 85-ст.).

Қаулының 7, 8, 10, 13, 15, 22—25-пункттері және қосымша Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

29-пункт СССР Министрлер Советінің «Тұрғын үй қорын пайдалануды және жөндеуді одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1978 ж. 4 сентябрьдегі № 740 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

үлгісі бойынша тұрғын үйлердің техникалық жайы мен пайдаланылуы және оларға іргелес территорияларды көркейту жөнінде байқаулар өткізуді практикалау.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігіне, Қазақ ССР Финанс министрлігіне халыққа қызмет көрсетуді, тұрғын үйлерді күтіп-ұстауды едәуір жақсартуды және тұрғын үй қорын пайдаланудың рентабельділігін арттыруды қамтамасыз етуді ескере отырып, облыстық атқару комитеттерімен, Алматы қалалық атқару комитетімен, республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп, СССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Азаматтық құрылыс және архитектура жөніндегі мемлекеттік комитет пен К. Д. Памфилов атындағы Коммуналдық шаруашылық академиясының методикалық ұсыныстары негізінде халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қарамағындағы тұрғын үй шаруашылығын басқарудың схемаларын әзірлеп, 1980 жылдың II тоқсанында Қазақ ССР Министрлер Советіне бекітуге енгізу тапсырылсын.

Осы схемаларды әзірлеген кезде тұрғын үй-пайдалану ұйымдарын ірілендіру, күрделі және ағымдағы жөндеуге, инженерлік жүйелерге қызмет көрсетуге тиісті ұйымдарды мамандандыру, халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің қазіргі бар тұрғын үй-пайдалану және жөндеу-құрылыс ұйымдары, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары мен ұйымдары негізінде, бірінші кезекте ірі қалаларда, мемлекеттік тұрғын үй қорына, оның ведомстволық бағынысына қарамастан және тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлеріне шарт жасасу жолымен техникалық қызмет көрсетуді, ағымдағы және күрделі жөндеуді қамтамасыз ететін бірыңғай жөндеу-құрылыс және бірыңғай тұрғын үй-пайдалану қызметтерін құру көзделсін.

Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті бұдан былай аталған бірыңғай қызметтер құрылғанға дейін жөндеу-құрылыс ұйымдары жоқ кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен, сондай-ақ тұрғын үй-құрылыс кооперативтерімен тікелей шарттар бойынша олардың иелігіндегі тұрғын үй қорына күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізетін болсын.

4. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары СССР Министрлер Советінің 1967 жылғы 26 августағы № 807 қаулысына[1] (Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 жылғы 30 ноябрьдегі № 816 қаулысы)[2] сәйкес ведомстволық тұрғын үй қорын мыналарды ескере отырып халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне беруді одан әрі жүргізсін:

майда пайдалану ұйымдарының балансындағы және тиісті техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен қамтамасыз етілмеген ведомстволық тұрғын үйлерді бірінші кезекте беруді;

ведомстволық тұрғын үй қорына қызмет көрсетумен және оны жөндеумен айналысатын және өнеркәсіп кәсіпорындарының территориясынан тыс орналасқан ұйымдар мен кәсіпорындарды (өндірістік базасымен қоса), сондай-ақ жоспарда көзделген жалақы қорын, материалдық және финанс ресурстарын ведомстволық тұрғын үй қорын беруімен бір мезгілде (оған қызмет көрсету, оны күрделі және ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстардың көлеміне пропорциялы түрде) беруді.

Берілетін ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлеріне олар

[1] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.
[2] 55-бетті қараңыз.

үшін белгіленген еңбекақы төлеу шарттары, жеңілдіктер мен артықшылықтар бұл ұйымдар мен кәсіпорындарда жұмыс істейтін кезеңіне сақталсын.

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері кәсіпорындар мен ұйымдар берген ведомстволық үйлерден босайтын тұрғын жайларды аталған кәсіпорындар мен ұйымдардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуды қажет ететін қызметкерлеріне бірінші кезекте беруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне Қазақ ССР-інің министрліктерімен және ведомстволарымен, одақтық бағыныстағы кәсіпорындармен және ұйымдармен келісіп алғаннан кейін ведомстволық тұрғын үйлерді халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне берудің шарттары мен мерзімдерін белгілеу міндеттелсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың аталған мәселе жөніндегі ұсыныстарын СССР-дің министрліктерімен және ведомстволарымен келісіп алып, оларды республика Министрлер Советінің қарауына енгізсін.

6. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерінің тұрғын үй ұйымдарына Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Газ шаруашылығы бас басқармасы жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар көрсететін коммуналдық қызмет (суық су, канализация, санитариялық тазарту және газ) үшін жиналған қаржының 2 процентін 1979 жылдан бастап өз қарамағында қалдырып, бұл соманы тұрғын үй шаруашылықтарының пайдалану қажетіне қосымша жұмсауға рұқсат етілсін.

9. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне тұрғын үйлерді, олардың ведомстволық бағынысына қарамастан, күрделі жөндеуден кейін атқару комитеттері тағайындайтын мемлекеттік комиссиялардың пайдалануға қабылдауын қамтамасыз ету, қабылдау актілерін кейіннен бекіту міндеттелсін.

11. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1980 жылдан бастап Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларында облыстық атқару комитеттеріне, Алматы қалалық атқару комитетіне, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына олардың қарамағындағы тұрғын үй қорын күрделі жөндеу жөніндегі тапсырмаларды белгілейтін болсын.

Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі облыстық атқару комитеттерімен және Алматы қалалық атқару комитетімен бірлесе отырып, сондай-ақ тұрғын үй қоры бар Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары тұрғын үй қорын күрделі жөндеу жөніндегі ұсыныстарды жоспарлардың жобаларымен қоса республиканың Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті тұрғын үй қорын күрделі жөндеудің жылдық, бес жылдық және перспективалық жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз етсін.

12. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне материалдық-техникалық ресурстарды халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің тұрғын үй қорын және ведомстволық тұрғын үйлерді пайдалану мен жөндеу үшін Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарларында осы мақсатқа арнап көзделген ресурстар мөлшеріне сүйене отырып, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігіне, сондай-ақ Қазақ ССР-інің министр-

ліктері мен ведомстволарына (материалдық ресурстарды Қазақ ССР Министрлер Советі бөлетіндеріне) жоспарларда жеке көрсетіп бөлуді көздеу міндеттелсін.

14. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары 1980 жылдан бастап өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың кіріс және шығыс баланстарында негізгі қорларды күрделі жөндеуге арналған шығынның жалпы көлемімен қоса тұрғын үй қорын күрделі жөндеуге арналған шығындарды да көздейтін болсын.

16. Облыстық атқару комитеттеріне, Алматы қалалық атқару комитетіне, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық жоспарларында белгіленетін мемлекеттік күрделі қаржылардың көлемінен тыс мыналарға қаржы жұмсауға рұқсат етілсін:

негізгі қорларды (тұрғын үйлер мен жатақханалар салудан басқа) дамытуға және тұрғын үй шаруашылығының жөндеу, транспорт және жабдықтау ұйымдарының айналым қаржыларын толықтыруға, құрылыс материалдары мен тұрғын үйлерді жөндеуге арналған детальдарды өндіретін кәсіпорындарды жобалауға, салуға және реконструкциялауға, тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының шеберханалары мен қоймаларын жобалауға, салуға және реконструкциялауға, олар үшін жөндеу жабдығын, инвентары мен аспабын алуға — тұрғын үй қорын күрделі жөндеуге арналып көзделетін қаржылардан бөлінетін үлестің 10 процентіне дейінін;

мектептерді, мәдени-тұрмыстық мақсаттарға арналған үйлер мен ғимараттарды және коммуналдық кәсіпорындарды күрделі жөндеуді жүзеге асыратын жөндеу-құрылыс ұйымдарының меншікті өндірістік базасын жобалауға, салуға және кеңейтуге — бұл объектілерді күрделі жөндеуге арналып көзделетін қаржылардан бөлінетін үлестің 10 процентіне дейінін.

Аталған жұмыстарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне жөндеу-пайдалану қажетіне арнап бөлінетін ресурстар есебінен, сондай-ақ бұл ресурстарды жергілікті көздерден табу есебінен жүзеге асырылсын.

17. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті 1979 жылдан бастап экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері мен Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің жөндеу-құрылыс ұйымдарының күшімен халықтың заказдары бойынша және оның қаржысы есебінен жүзеге асырылатын пәтерлерді жөндеу жөніндегі қызметтердің көлемін едәуір ұлғайтуды көздейтін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті халыққа аталған қызметтерді көрсетуге байланысты жұмыстарды орындауға қажетті материалдық-техникалық ресурстарды белгіленген тәртіп бойынша бөлуді көздейтін болсын.

18. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті пәтерлерді халық күшімен жөндеуге қажетті жабын, өндеу және басқа материалдармен, санитариялық-техникалық жабдықпен және бұйымдармен, аспаппен, ағаштан және темірден жасалған бұйымдармен бөлшек сауда жасауды ұлғайтуға пәрменді шаралар қабылдасын.

19. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1979 жылдан бастап республикалық министрліктер мен ведомстволарға экономикалық және әлеуметтік дамудың жылдық жоспарларында тұрғын үй шаруашылығының жөндеу-пайдалану қажеттері үшін шағын механикаландыру құралдарын, инвентарь мен аспап өндіру жөніндегі тапсырмаларды көздейтін болсын.

20. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, министрліктер мен ведомстволар тұрғын үйлер мен микроаудандар құрылысының жобаларын әзірлеген кезде бұл үйлер мен аудандардың инженерлік жүйелерінің жұмысын автоматтандыру мен диспетчерлендіруді көздесін.

21. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті 1980 жылдан бастап мыналарды көздесін:

тұрғын үйлердің типті жобаларын әзірлеген және түзеткен кезде тұрғын үйлердің құрылыс конструкциялары мен инженерлік жабдығына ұтымды техникалық қызмет көрсету мен оны жөндеу жөнінде нұсқаулар бар «Техникалық пайдалану» бөлімін;

биіктігі 5 қабатты және одан да жоғары тұрғын үйлердің типті жобаларында үйлерге кіретін есіктерді ашудың пәтерлерден басқарылуын және баспалдақ алаңдарына электр жарығын берудің автоматты басқарылуын қамтамасыз ететін арнаулы тетіктерді.

27. Облыстық атқару комитеттеріне, Алматы қалалық атқару комитетіне, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына тұрғын үйлер құрылысының сапасына бақылауды күшейту, шалалықтары мен ақаулары болса, оларға қоныстандыруға жол бермеу міндеттелсін.

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті мердігер құрылыс ұйымдарына тұрғын үй құрылысының сапасы жөнінде талап қоюды күшейтсін.

28. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті ведомстволық тұрғын үй қорының пайдаланылуы мен жөнделуіне тұрақты бақылауды жүзеге асырсын, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерінің мәжілістерінде бұл мәселе жөнінде кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларын дүркін-дүркін тыңдап отырсын.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫ МЕН КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1967 жылғы 30 ноябрьдегі № 816
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1967 ж., № 15, 84-ст.)

СССР Министрлер Советінің «Тұрғын үй қоры мен коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалануды жақсарту туралы» 1967 жылғы 26 августағы № 807 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

[1] 2-пункттің «а» тармағы, 3-пункт, 4-пункттің «б» тармағының екінші абзацы, 5, 6-пункттері, 9-пункттің екінші абзацы, 12-пункттің екінші абзацы, 14, 16-пункттер, 17-пункттің «а» тармағы, 18, 20, 24, 26, 30—32-пункттер, 33-пункттің «а» тармағы, 35-пункт, 37-пункттің «в» тармағы, 41-пункт және оған Қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

40-пункт СССР Министрлер Советінің «Тұрғын үй қоры мен коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалануды жақсарту туралы» 1967 ж. 26 августағы № 807 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

1. Еңбекшілер депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына тұрғын үй қоры мен коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалануды түбегейлі жақсартуды қамтамасыз ету, қазіргі тұрғын үйлердің сақталуына және олардың күтімін жақсартуға шара қолдану, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың шығынын азайтып, рентабельділігін арттыру міндеттелсін.

2. Еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық, аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларына мыналар міндеттелсін:

б) тұрғын үй-коммуналдық қызметті ұйымдастыруды батыл жақсарту және халыққа коммуналдық қызмет көрсету ісін жетілдіру;

в) тұрғын үй басқармаларын, тұрғын үй-коммуналдық конторларды және үй басқармаларын іскер, тұрғын үйді пайдалану қызметін жетік білетін тәжірибелі инженер-техник кадрлармен нығайтуға шаралар қолдану;

г) тұрғын үй басқармаларының, тұрғын үй-коммуналдық конторлардың, үй басқармаларының жұмысына барынша көмек көрсету, тұрғын үй қорының бүлінбеуі үшін, тұрғын үйлерді пайдаланушы ұйымдар басшыларының ролін және тұрғын үй шаруашылығының шаруашылық-финанс жұмысы үшін олардың жауапкершілігін арттыру.

4. Еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

а) 1968—1969 жылдар ішінде тұрғын үйді пайдаланушы барлық ұйымдарды шаруашылық есепке көшіріп, тұрғын үйлерді пайдалану жөніндегі шығынын (күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыннан басқасын) өз кірісі есебінен толтыру;

б) 1968 жылдың 1 январынан бастап тұрғын үйлерден тыс жерлердегі су құбырын, канализация, газ, жылу беру, электр жүйелерін тұрғын үйлерді пайдаланушы ұйымдардың балансынан шығарып, тиісті коммуналдық кәсіпорындардың балансына беру және оларды пайдалану жөніндегі шығынның бәрін осы кәсіпорындардың есебіне жатқызу.

7. Тұрғын үйлерді пайдаланушы ұйымдардың шаруашылық финанс жағдайын жақсарту және олардың рентабельділігін арттыру мақсатымен облыстық, Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

а) адамдар тұруға арналмаған үйлерді тиімді пайдалануды, пәтер ақыны және үй жалдағаны үшін алынатын ақыны дұрыс және мезгілінде алуды қамтамасыз ету;

б) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына басқа ұйымдардың көрсететін қызметі үшін төленетін төлемдердің тарифы мен есебін ең қысқа уақыт ішінде ретке келтіру;

в) әкімшілік-басқару аппаратының және күтуші қызметкерлердің жұмсауына бөлінген қаражатты ысырап етуге жол бермеу, үй басқармаларын ірілендіруді және есеп жұмысын механикаландыруды онан әрі іске асыру;

г) тұрғын үйлерді пайдалануға және жөндеу мұқтажына бөлінген қаражатты нөғұрлым тиімді жұмсауға, материалдар мен отынды үнемдеуге, жылу және электр қуатының орынсыз шығын болуын жоюға шаралар қолдану.

8. Еңбекшілер депутаттары Советтерінің атқару комитеттеріне, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің басшыларына тұрғын үйлерді мезгілінде жөндеп отыру, жөндеу жұмыстарында механикаландыруды кеңінен енгізу, жөндеу жұмысының мерзімін қысқарту, сапасын арттыру және құнын арзандату міндеттелсін.

9. Еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына тұрғын үйлерді ағымдағы жөндеу үшін ірі үй басқармаларының, тұрғын үйлерді пайдаланушы конторлардың немесе бір топ үй басқармаларының жанынан шеберханалар ұйымдастыру тапсырылсын.

10. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына 1968 жылдың 1 июліне дейін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық тұрғын үйлерді жөндеу және пайдалану мұқтажына керекті материалдардың, жабдықтардың, запас бөлшектердің қазіргі қолданылып жүрген жұмсалу нормасын қайта қарап реттеу және бұл нормаларды тиісті номенклатура бойынша Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жергілікті өнеркәсіпті жабдықтау және өнім өткізу бас басқармасына, Қазақ ССР Министрлер Советінің Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасына табыс ету міндеттелсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне Қазақ ССР Министрлер Советінің Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасымен және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жергілікті өнеркәсіпті жабдықтау және өнім өткізу бас басқармасымен бірлесе отырып, жоғарыдағы реттелген нормаларды қорыту, оларды СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және СССР Министрлер Советінің Жабдықтау жөніндегі бас басқармасымен келісу, сөйтіп Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне енгізу тапсырылсын.

11. Қазақ ССР Сауда министрлігіне 1968 жылдан бастап Алматы қаласында, облыс орталықтарында, ірі қалаларда үй басқармаларына, тұрғын үйлерді пайдаланушы конторларға және тұрғын үйлер салатын кооперативтерге ақшасын банк арқылы аудару жолымен запас бөлшектер, ұсақ құрал-саймандар сатуды ұйымдастыру тапсырылсын.

Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне ақшасын банк арқылы аудару жолымен сатылатын запас бөлшектердің, ұсақ құрал-саймандардың номенклатурасын Қазақ ССР Сауда министрлігімен келісу тапсырылсын.

12. Еңбекшілер депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

— (үшінші абзац) 1968 жылдан бастап еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің, үй басқармаларының, тұрғын үйлерді пайдаланушы конторлардың жөндеу-құрылыс ұйымдарының күшімен пәтер иелерінің заказдары бойынша пәтерлерді жөндеуді ұйымдастыру.

13. Қазақ ССР Финанс министрлігіне, облыстық, Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне жергілікті Советтердің қарамағындағы тұрғын үй қорының техникалық жағдайына қарай олардың күрделі жөндеуінің амортизациялық төлемінің қолданылып жүрген нормасынан тыс күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бюджет жобаларында қаражат белгілеу тапсырылсын.

15. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жергілікті өнеркәсіпті жабдықтау және өнім өткізу бас басқармасына жөндеу-құрылыс ұйымдарын қаруландыру үшін халық шаруашылығы жоспарларының жобаларында Қазақ

ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, механизмдер, автомобиль транспорты, жабдықтар бөліп отыруды көздеу тапсырылсын.

17. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне мыналар тапсырылсын:

б) тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жүргізгенде ертеде салынған коммуналдық үлкен үйлердегі пәтерлерді және бір семьяға арналған пәтерлерді қайтадан жобалау жұмысын жүргізу;

в) қажет болған жағдайда тұрғын үйлер басқармаларының, қалалық, аудандық коммуналдық шаруашылықтардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің тұрғын үйлер органдарының жанынан тұрғын үйлердің, мәдени-ағарту мекемелерінің коммуналдық шаруашылық объектілерінің күрделі жөнделу сапасына техникалық бақылау жасайтын топтар құру. Бұл топтардың жұмсауына қажетті қаражат көрсетілген объектілерді күрделі жөндеу сметасында осы мақсат үшін көзделген қаражат есебінен жұмсалсын.

19. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, облыстық, Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа ғылым мен техниканың ең соңғы табыстарын, механизациялаудың және есептеу техникасының қазіргі заман құралдарын енгізу жөнінде қажетті шараларды іске асыру міндеттелсін; үш жылдың ішінде су тартатын канализациялық станциялардың, ұсақ котельныйлардың, су құбыры станцияларының, тұрғын үйлердегі су тартатын станциялардың жұмысын және лифтерді басқаруды автоматтандыру, сондай-ақ коммуналдық шаруашылықтың барлық құрылыстарын автоматты басқаруға көшіру қамтамасыз етілсін.

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, бұл үшін қажетті материалдардың, аппаратураның, машиналар мен жабдықтардың мөлшерін анықтау; ал Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жергілікті өнеркәсіпті жабдықтау және өнім өткізу бас басқармасына, Қазақ ССР Министрлер Советінің Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасына, СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен СССР Мемлекеттік жабдықтау басқармасына берілетін жылдық заявкаларда жоғарыда көрсетілген материалдық-техникалық ресурстарды ескеру тапсырылсын.

21. Облыстық, Алматы және Қарағанды қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына таяудағы жылдардың ішінде барактарда тұратын халықты жақсы жабдықталған жаңа үйлерге көшіруді қамтамасыз ету міндеттелсін. Бұл үшін мемлекеттік күрделі қаржы есебіне салынған тұрғын үйлерден заказшылардың жергілікті Советтерге беруге міндетті 10 процент мөлшерінен тыс қажетті мөлшерде пәтерлер бөлінсін.

22. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына қалалық су құбырларынан алынатын ауыз суды өнеркәсіп орындарының өндірістік мақсаттарға пайдалануларының экономикалық тиімділігі мәселесін қарау тапсырылсын. 1968 жылы ондай суды өнеркәсіп орындарының пайдалануын азайту және оны халыққа көп беру жөнінде шаралар жасалсын, ауыз суды көп керек ететін тұтынушылар үшін лимит белгіленсін.

23. Еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

— ең таяудағы уақытта қалалар мен қалалық поселкелерде су құбырларынан шаруашылыққа және ішуге жұмсалатын суға есеп жүргізу және әрбір қала бойынша, құрылыстар мен су құбыры жүйелерінің техникалық жағдайы арттырылатынын есептей отырып, суды ең көп жұмсаудың барлық тұтынушыларға бірдей міндетті көрсеткіштерін бекіту;

— тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтарда ауыз судың, газдың, жылу және электр қуатының шығынын азайту жөнінде практикалық шаралар жасап, іске асыру.

25. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, облыстық Советтердің атқару комитеттеріне Коммуналдық шаруашылық министрлігіне бөлінетін күрделі қаржы есебіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық орындарының электротехникалық, насос-компрессорлық, тағы басқа жабдықтарын жөндеу жұмысын орталықтандыру үшін облыс аралық жөндеу кәсіпорындарын (заводтар немесе шеберханалар) құру мәселесін қарап шешу тапсырылсын.

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің заявкалары бойынша коммуналдық шаруашылықтың мамандандырылған автомобильдерінің двигательдерін, шасси агрегаттарын жөндеуді қамтамасыз ету міндеттелсін.

27. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне қалалар мен қалалық поселкелерді, ең алдымен облыс орталықтарын жылумен қамтамасыз ету үшін шаруашылық есептегі кәсіпорындарды (жылу жүйесі бар біріккен котельныйлерді) ұйымдастыру жұмысын жүргізе беру тапсырылсын. Оларға барлық коммуналдық котельныйлер мен жылу жүйелеріне, сондай-ақ оларды пайдалану, жөндеу, үй ішіндегі жылу жүйесінде болатын авариялярды жою жұмыстары жүктелсін.

28. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігіне жыл сайын жас мамандарды бөлу жоспарларында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық үшін инженер-техник қызметкерлер бөлуді қарастыру тапсырылсын.

29. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетіне 1968 жылдан бастап жұмысшылар дайындаудың жалпы жоспары шеңберінде маман жұмысшылар, шеберлер, үй басқарушыларын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық үшін көпшілік кәсіптік жұмысшылар дайындауға кірісу тапсырылсын.

Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта істейтін инженер-техник қызметкерлер мен жұмысшылардың мамандығын арттыру жөніндегі жұмысты кеңінен өрістету тапсырылсын.

33. Еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық, аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің басшыларына мыналар міндеттелсін:

б) тұрғын үйлерді жалдау жөніндегі договорларды, социалистік қоғам ережелерін орындамайтын адамдарға үй комитеттері, жолдастық соттар, қоғамдық ұйымдар арқылы қоғамдық ықпал жасау;

в) шаруашылық-финанс жоспарларының жобаларын жасауға, үйлерді пайдалануды жақсарту, материалдардың жұмсалуына бақылау жасау, жөндеу жұмысының мезгілінде жүргізілуі және оның сапасы, үлгілі тәртіп және жоғары тұрмыс мәдениеті үшін тұрғындардың арасында социалистік жарыс ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға үй комитеттерін, қоғамдық комиссияларды, активтерді қатыс-

тыру; тұрғындарды ерiктiлiк негiзде үй маңындағы учаскелер мен аулаларды жақсартуға, көгалдандыруға қатыстыру;

г) үй басқармалары мен тұрғын үй-коммуналдық конторлардың шаруашылық-финанс жұмыстарын тексеруге үй комитеттерiнiң уәкiлдерiн қатыстыру.

34. Облыстық, Алматы қалалық Советтерiнiң атқару комитеттерiне, Қазақ ССР министрлiктерi мен ведомстволарына, мемлекеттiк тұрғын үй қорын күтiп ұстау, бүлдiрмеу жөнiнде азаматтардың жауапкершiлiгi туралы қазiргi қолданылып жүрген заңдарды мүлтiксiз орындауларын қамтамасыз ету тапсырылсын.

36. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлiгiне күнделiктi жұмсайтын шығындар сметасында «Таңдаулы үй басқармасы», «Балалар арасында мәдени-көпшiлiк жұмысын жақсы жолға қойғаны үшiн», «Халық арасында физкультура мен спорт жұмысын жақсы ұйымдастырғаны үшiн» конкурстар өткiзiп тұру үшiн жыл сайын 3, 5 мың сом қарап отыруға рұқсат етiлсiн.

37. Еңбекшiлер депутаттары Советтерiнiң атқару комитеттерiне мыналар мiндеттелсiн:

а) қалалар мен қалалық поселкелерде азаматтардың өзiндiк меншiк правосымен пайдаланатын үйлерiнiң мезгiлiнде жөнделуiне, күтiп ұсталуына үй комитеттерiмен, қоғамдық комиссиялармен, активтермен бiрлесе отырып, бақылау жасау;

б) азаматтардың өзiндiк меншiк үйлерiн жергiлiктi Советтердiң жөндеу-құрылыс ұйымдарының күшiмен жөндеуге (азаматтармен договорлар жасау негiзiнде) көмек көрсету;

в) азаматтардың тұрғын үйлерiн жөндеу үшiн бөлшек сауда жүйесi арқылы жергiлiктi құрылыс материалдарын сатуды өрiстету;

г) жеке үй салатын жерлерде қалалық, аудандық ұйымдардың күшiмен және жеке үй иеленушiлердiң қатысуымен санитарлық тазалау және жақсарту жұмыстарын жүргiзу.

38. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлiгiне, облыстық және Алматы қалалық Советтерiнiң атқару комитеттерiне қалалар мен қалалық поселкелердi жақсартуды жобалау жұмысына бөлiнген қаражат есебiнен жүргiзуге рұқсат етiлсiн. Оған көзделген жалпы қызметкер саны мен еңбек ақы қоры шеңберiнде жобалауға лимит белгiленбесiн.

39. Еңбекшiлер депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерiнiң атқару комитеттерiне, Қазақ ССР министрлiктерi мен ведомстволарына осы қаулыға байланысты тұрғын үй-коммуналдық кәсiпорындарды пайдалану шығыны артатын болғандықтан ол шығынның орнын толтыру үшiн қажетті мөлшерде қаражат iздестiрiп табу мiндеттелсiн.

ТҰРҒЫН ҮЙ-ПАЙДАЛАНУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ ҮЛГІ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 16 ноябрьдегі № 452
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 24, 76-ст.)

Қазақ ССР-iнiң Тұрғын үй кодексiнiң 21-статьясына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

Тұрғын үй-пайдалану ұйымы туралы үлгі ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 16 ноябрьдегі
№ 452 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ТҰРҒЫН ҮЙ-ПАЙДАЛАНУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ ҰЛГІ ЕРЕЖЕ

1. Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорын пайдалану үшін тұрғын үй-пайдалану ұйымдары құрылады, олардың қызметі шаруашылық есеп негізінде жүзеге асырылады.

2. Тұрғын үй-пайдалану ұйымының негізгі міндеттері мыналар:

тұрғын үй қорының сақталуын және оның тиісінше пайдаланылуын, азаматтарға жоғары дәрежеде қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың Тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үйді және үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелерін сақтауын бақылау;

тұрғын үйлердің күрделі жөнделуін уақтылы жүргізіп, үйлер мен тұрғын жайлардың инженерлік жабдықтары кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Тұрғын үй қорын техникалық жағынан пайдалану ережелері мен нормаларына сәйкес жалға берушінің міндеттеріне жатқызылған ағымдағы жөндеуді, подъездерді, үйлер мен үй іргесіндегі территорияның жалпы пайдаланудағы басқа да орындарын тиісінше күтіп ұстауды жүзеге асыру;

тұрғын үй шаруашылығын күтіп ұстау және дамыту жөніндегі жоспарлы тапсырмаларды орындап, тұрғын үй қорын пайдалану мен жөндеу кезінде мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау;

материалдық және энергетикалық ресурстардың, судың үнемделуін, пайдалану мен жөндеуге бөлінген қаржылардың және қайтарылмалы материалдардың ұтымды пайдаланылуын, сондай-ақ пәтер және арендалық ақының уақтылы төленуін қамтамасыз ету.

3. Тұрғын үй-пайдалану ұйымы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

ғылым мен техниканың ең соны жетістіктерін, жұмысты ұйымдастырудың прогресті әдістері мен еңбекті ғылыми ұйымдастыруды тұрғын үй шаруашылығына енгізіп, рационализаторлық пен өнертабысты дамытады, тұрғын үй қорының көркейтілуін арттыруға, кадрларды оқытып, олардың біліктілігін көтеруге қамқорлық жасайды, қол еңбегінің үлесін кемітеді;

айлық, тоқсандық және перспективалық шаруашылық-финанс жоспарларын әзірлейді, тұрғын үй қорын техникалық жағынан тексеруді уақтылы (Тұрғын үй қорын техникалық жағынан пайдалану ережелері мен нормаларында көзделгеніндей) ұйымдастырады, соның негізінде күрделі және ағымдағы жөндеу жоспарларын әзірлейді, сондай-ақ олардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді;

жаңадан салынған және күрделі жөнделген, территориясы түпкілікті көркейтілген, инженерлік жабдықтардың, оның ішінде лифтілердің жұмысын басқару диспетчерлендірілген, кемістігі жоқ тұрғын үйлерді пайдалануға қабылдап алуды қамтамасыз етеді, тұрғын үйлер мен олардың инженерлік жабдықтарын қысқы кезеңде пайдалануға жыл сайын уақтылы дайындап отырады;

тұрғын үй қорын жөндеу жөнінде заказ берушінің функциясын орындайды, жөндеу-құрылыс ұйымдарының жөндеу жұмыстарының ұзақтығы нормаларын сақтауын және олардың орындалу сапасын бақылайды;

еңбек қорғау мен хауіпсіздік техникасын жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

меншікті өндірістік базасын салу жөнінде заказ берушінің функциясын орындайды;

ведомстволық тұрғын үй қорын халық депутаттары жергілікті Советтерінің балансына қабылдауға қатысады, жергілікті Советтердің үйлерін ведомстволарға беру туралы және жергілікті Советтердің тұрғын үйлерін белгіленген тәртіп бойынша халыққа сату туралы ұсыныстар әзірлейді;

тұрғын және адам тұрмайтын үй-жайларды жалдаушылармен жалдау мен аренда шарттарын жасасады, сондай-ақ олардың орындалуын бақылайды;

кооперативтік тұрғын үйлер мен үй іргесіндегі территорияларға күтім жасауды тұрғын үй-құрылыс кооперативтерімен жасасқан шарт бойынша, осыған байланысты шығындарды мемлекеттік тұрғын үй қорына күтім жасауға арнап белгіленген шарттар негізінде кооперативтерге төлеттіре отырып жүзеге асырады;

өз жұмысының стилі мен әдістерін жетілдіріп, халыққа қызмет көрсетудің жаңа формаларын енгізеді және қызмет көрсету мәдениетін көтереді;

үй комитеттерімен және басқа қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұртшылықты тұрғын үй қорының сақталуын қамтамасыз етуге қатыстырады, жоғары мәдениетті тұрмыс және тұрғын үй қорын үлгілі күтіп ұстау жөнінде социалистік жарыс, конкурстар, байқаулар ұйымдастырады;

азаматтардың хаттарын, шағымдарын, арыздарын заңдарда белгіленген тәртіп бойынша қарайды;

балалар мен жеткіншектердің тұрғылықты жерлердегі демалысы үшін жағдайлар жасайды;

қарамағындағы тұрғын үй қорын пайдалану мен жөндеу мәселелері бойынша қажетті есепті белгіленген тәртіпке орай жасайды, сондай-ақ оларды тиісті ұйымдарға уақтылы жіберіп отырады;

барлық тұрғын үйлердің, үй-жайлардың, құрылыстар мен инженерлік жабдықтардың Тұрғын үй қорын техникалық жағынан пайдалану ережелері мен нормаларында көзделген техникалық документтемесін жинап, сақтайды және оған белгіленген тәртіп бойынша қажетті өзгерістер енгізеді.

4. Тұрғын үй-пайдалану ұйымы осы Үлгі ережеде көзделмеген басқа да функцияларды заңдарда белгіленген тәртіп бойынша орындайды.

5. Тұрғын үй-пайдалану ұйымы өз қызметінде ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, басқа да нормативтік актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

6. Тұрғын үй-пайдалану ұйымының басшысын тиісінше халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті, сондай-ақ тұрғын үй қорына иелік жасайтын министрлік, ведомство, кәсіпорын, мекеме, ұйым қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

7. Тұрғын үй-пайдалану ұйымының басшысы ұйымға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жауап береді, оның компетенциясына енетін мәселелерді шешкен кезде барлық мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық мекемелерде өкілі болып табылады.

Тұрғын үй-пайдалану ұйымының басшысы халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтары, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары, мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының

актілері негізінде және оларды орындау үшін өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарады.

8. Тұрғын үй-пайдалану ұйымының өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған дөңгелек мөрі, сондай-ақ Мемлекеттік банктің тиісті мекемесінде есеп айырысу счеты болады.

9. Тұрғын үй-пайдалану ұйымын тарату мен қайта құру заңдарда белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

ҮЙ ІШІНДЕГІ СУ ҚҰБЫРЛАРЫ, КАНАЛИЗАЦИЯ, ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КҮТУ ШЫҒЫНДАРЫН ОСЫ ЖҮЙЕЛЕР МЕН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДАН ТАБЫС ТАБАТЫН ҚӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-ПАЙДАЛАНУ ҰЙЫМДАРЫНА ӨТЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУДЫ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 23 декабрьдегі № 742
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., № 24, 151-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. СССР Министрлер Советінің «Тұрғын үй қоры мен коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалануды жақсарту жөніндегі шаралары туралы» 1967 жылғы 26 августағы № 807 қаулысына[2] сәйкес СССР Финанс министрлігімен және СССР Мемлекеттік банкпен келісілген үй ішіндегі су құбырлары, канализация, жылу және электр жүйелері мен құрал-жабдықтарды техникалық күту шығындарын осы жүйелер мен құрал-жабдықтарды пайдаланудан табыс табатын кәсіпорындардың тұрғын үй-пайдалану ұйымдарына өтеу тәртібі туралы Нұсқау бекітілсін және ол 1969 жылғы 1 январьдан бастап қолданылатын болсын.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1968 жылғы 23 декабрьдегі
№ 742 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

ҮЙ ІШІНДЕГІ СУ ҚҰБЫРЛАРЫ, КАНАЛИЗАЦИЯ, ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КҮТУ ШЫҒЫНДАРЫН ТҰРҒЫН ҮЙ-ПАЙДАЛАНУ ҰЙЫМДАРЫНА ӨТЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ

1. Үй ішіндегі су құбырлары, канализация, жылу және электр жүйелері мен құрал-жабдықтарды техникалық күту шығындарын осы жүйелер мен құрал-жабдықтарды пайдаланудан табыс табатын кәсіпорындар мен ұйымдар (мұның ішінде көтерме бағамен сатып алып, қайта сататындар да бар), кімге бағынатынына қарамастан, тұрғын үй-пайдалану ұйымдарына өтеп отырады.

2. Үй ішіндегі жоғарыда көрсетілген жүйелер мен құрал-жабдық-

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

тарды техникалық жөндеудің мынадай шығындары тұрғын үй-пайдалану ұйымдарына қайтарылады:

а) жүйелер мен құрал-жабдықтарды техникалық күтумен айналысатын қызмет адамдарының еңбекақысы мен сыйлықтар төлеуге кеткен шығындар, осы қызметкерлерді әлеуметтік сақтандыруға бөлінетін қаржылар;

б) жүйелер мен құрал-жабдықтарды пайдалану мұқтаждарына және ағымдағы жөндеуге жұмсалатын материалдар, тетіктер, запас бөлшектер үшін кеткен шығындар;

в) жүйелерді, құрал-жабдықтарды пайдалану мұқтаждары мен ағымдағы жөндеуге жұмсалатын құрал-саймандардың, арнаулы киімдердің, инвентарьлардың тозуына, сондай-ақ еңбек қорғау және хауіпсіздік техникасына кеткен шығындар.

3. 2-пунктте көрсетілген жүйелер мен құрал-жабдықтарды техникалық күтуге жұмсалып, өтеуге жататын шығындар тиісті үй ішіндегі жүйелермен және құрал-жабдықтармен жабдықталған тұрғын үй ауданының әрбір шаршы метріне тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының жұмсаған нақты шығындары есебі бойынша анықталады, бірақ олар осы Нұсқаудың 4-пунктіне сәйкес белгіленген шығындардан аспауға тиіс.

Көрсетілген шығындар 1968 жылдың үш тоқсанындағы аналитикалық есептің, бухгалтерлік есептің мәліметтеріне сүйеніп анықталады және орта көрсеткішті анықтау үшін тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының белгілі бір тобын іріктеп алу керек.

Үй ішіндегі жүйелер мен құрал-жабдықтарды техникалық жөндеуге қажетті нақты шығындар үй шаруашылығының қажетсінуінен әлде қайда төмен болған жағдайда (қызметкерлер штатының толық болмауынан) бұл шығындар 20 процентке дейін көбейтілуі мүмкін, бірақ олар осы Нұсқаудың 4-пунктіне сәйкес белгіленген сомадан аспауға тиіс.

4. Нақты шығынмен салыстыру үшін тұрғын үй ауданының әрбір шаршы метріне жұмсалатын шығын нормасын анықтауда мына нормативтерді пайдаланған жөн:

— қызметкерлердің саны тұрғын үй қорын техникалық күтудің және ағымдағы жөндеудің Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі бекіткен нормаларымен анықталады;

— еңбекақы жөніндегі шығындар СССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеті мен ВЦСПС-тің 1967 жылғы 20 ноябрьдегі № 511/П—28 қаулысында көзделген қызмет айлығына сәйкес, сондай-ақ сыйлық беру туралы қолданылып жүрген ережелерге, белгіленген коэффициенттерге, үстемелерге және қосымша еңбек ақыларға сәйкес анықталады;

— әлеуметтік сақтандыруға қаржы бөлу жергілікті Советтердің тұрғын үй-коммуналдық кәсіпорындары үшін есептелген еңбекақы сомасының 4,7 проценті мөлшерінде, ал басқа ведомстволардың кәсіпорындары мен ұйымдары бойынша осы ведомстволар үшін бекітілген нормаларға сәйкес қабылданады;

— материалдарға кететін шығындар үй басқармаларында қолданылып жүрген нормативтер бойынша есептеледі;

— арнаулы киімдердің тозу шығындары СССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен тегін киім беру нормалары бойынша анықталады.

5. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне қарасты үй басқармаларының саны 10-нан асатын қалаларда өтелуге тиісті шығындарды қалалық Советтерге қарасты барлық тұрғын үй

ауданының кемінде 25 проценті құрамына кіретін үй басқармаларының тобына қарай анықтауға болады.

Егер тұрғын үй қоры жекелеген кәсіпорындар мен ұйымдарға қарасты болса, онда жинақтағандағы шығындар қаланың (елді мекеннің) барлық мемлекеттік тұрғын үй қорының кемінде 25 процентіне ие кәсіпорындар (ұйымдар) топтарының тұрғын үй шаруашылығы бойынша анықталуы мүмкін.

6. Тұрғын үй ауданының әрбір шаршы метріне айына жұмсалатын шығындарды өтеудің нормалары қалалық тұрғын үй басқармасымен немесе кәсіпорындармен және ұйымдармен су құбырлары, канализация, электрмен, жылумен жабдықтайтын мүдделі кәсіпорындармен бірге келісіліп, халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советтерінің атқару комитеттерінде бекітіледі. Бекітілген нормалар тек осы Нұсқаудың 4-пунктінде көрсетілген нормативтер өзгерген жағдайда ғана қайта қаралады.

Тұрғын үй-пайдалану ұйымдарына су, электр энергиясын, жылу энергиясын беруді және олардан ағып шыққан лас суды қабылдауды өнеркәсіп орындары немесе басқа ұйымдар жүргізген жағдайда шығындарды өтеу нормасы осы кәсіпорындармен және ұйымдармен келісіледі.

7. Жүйелер мен құрал-жабдықтарды техникалық жөндеуге кеткен шығындарды өтеудің осы Нұсқауға сәйкес есептеліп, бекітілген нормалары осы қаладағы (елді мекендегі) барлық тұрғын үй-пайдалану ұйымдарымен (олардың кімге бағынатынына қарамастан) есеп жасасқанда қолданылады.

8. Тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының аналитикалық есебінде техникалық күтуге жұмсалып, өтелуге (қайтарылуға) жататын шығындардың сомасы су құбырлары, канализация, жылумен және электрмен жабдықтаушы ұйымдардың қарызы ретінде көрсетіледі.

Кіріс және шығыс сметасында, тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының есептерінде осы кәсіпорындар мен ұйымдардан түсуге тиісті сома жеке статьямен көрсетіледі.

9. Үй ішіндегі жүйелер мен құрал-жабдықтарды техникалық күту шығындарын су құбырлары, канализация, жылумен және электрмен жабдықтайтын, тағы басқа кәсіпорындар тұрғын үй-пайдалану ұйымдарына қарасты үйлер шаруашылығы мұқтаждарына пайдаланылған канализация, су, жылу және электр энергиясы қызметі үшін берілетін счеттардың есебі арқылы өтеледі. Өтелуге тиісті сома счетта жеке жолға жазылады. Егер бұл есеп дер кезінде төленбесе, техникалық күту жөніндегі шығындарды өтеуге міндетті кәсіпорын тұрғын үй-пайдалану ұйымына қайтарылуға тиісті соманы аударады, сонымен қатар төлем мерзімін өткізгені үшін белгіленген мөлшерде өсім төлейді.

Техникалық күту шығындарын тұрғын үй-пайдалану ұйымына қайтарылуға жататын, көрсетілген тәртіппен есептелмеген және аударылмаған шығындардың сомасын тұрғын үй-пайдалану ұйымының төлем талаптарын қою жолымен өндіріп алуына болады.

10. Жоспар жасалатын жылға арналған шығындарды өтеу сомасын анықтау үшін тұрғын үй-пайдалану ұйымдары (жоспарлау органдарының мәліметтеріне сүйеніп) тиісті су құбырлары, канализация, электрмен және жылумен жабдықтайтын кәсіпорындар мен ұйымдарға әр жылдың 15 июнінен кешіктірмей су құбырымен, канализациямен, электрмен, жылу орталығымен және ыстық сумен жабдықталған жылдық орташа тұрғын үй ауданы туралы келесі жылға арналған мәліметтерді хабарлайды.

11. Жылдық есепті жасағаннан кейін тұрғын үй-пайдалану ұйымдары тиісті су құбырлары, канализация, электрмен және жылумен жабдықтайтын кәсіпорындар мен ұйымдарға су құбырымен, канализациямен, электрмен, орталықтан берілетін жылумен және ыстық сумен жабдықталған тұрғын үй алаңының жылдық орташа нақты мәліметтерін, сондай-ақ жүйелер мен құрал-жабдықтарды техникалық күту жөніндегі нақты шығындары туралы мәліметтерді хабарлайды, осылардың негізінде (қажет болған жағдайда) осы жүйелер мен құрылымдарды техникалық күтуге жұмсалған шығындарға қайтадан тиісті есеп жасалады.

12. Үй ішіндегі жүйелер мен құрылымдарды өз күшімен және өз қаражатымен күтетін су құбырлары, канализация, электрмен және жылумен жабдықтаушы кәсіпорындар, ұйымдар тұрғын үй-пайдалану ұйымдарына шығындар сомасын өтеуден босатылады.

13. Тұрғын үй-пайдалану ұйымдарына үй басқармалары, коммуналдық кәсіпорындар комбинаттары (тұрғын үй қорын пайдалануға қатысты болғанда), кәсіпорындар мен ұйымдардың жеке баланстағы тұрғын үй-пайдалану конторлары (бөлімдері), сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық есепке көшірілмеген тұрғын үй қоры жатады.

14. Мектеп, аурухана, балалар, тағы басқа мәдени-тұрмыс мекемелері мен ұйымдары үйлеріндегі жүйелер мен құрал-жабдықтарды күту жөніндегі шығындар өтелуге жатпайды.

15. Бұл Нұсқау СССР Энергетика және электрлендіру министрлігі жүйесіндегі жылумен және электрмен жабдықтайтын кәсіпорындар мен ұйымдарға қолданылмайды.

ҚАЗАҚ ССР-інде ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСАРТУҒА МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТҰРҒЫН ЖАЙЛАР БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ МЕН КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 14 сентябрьдегі № 385
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР КЖ, 1984 ж., № 19, 66-ст.)

Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексі күшіне енгізілуіне байланысты және тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар беру тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіптік одақтардың Қазақ республикалық советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР-інде Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар берудің осыған қосылған тәртібі бекітілсін.

2. Халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж, тұрғын жайларды кезектен тыс және бірінші кезекте алу правосымен пайдаланатын азаматтарды қамтамасыз ету үшін тұрғын алаң бөлу тәртібін белгілесін.

3. Қалаларда мердігерлік әдіспен тұрғын үйлер салу жөніндегі бірыңғай заказ берушінің функциялары жүктелген халық депутаттары

[1] 4-пункт Қазақ ССР Зандарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

жергілікті Советтерінің атқару комитеттері пайдалануға беруге жататын тұрғын үйлердегі тұрғын аланды бөлу жоспарларын жыл сайын экономикалық және әлеуметтік даму жоспары бекітілгеннен кейін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бойынша, Қазақ ССР-і Тұрғын үй кодексінің 23-статьясын қатаң басшылыққа ала отырып әзірлеп, кәсіптік одақтар советтерінің қатысуымен бекітетін болсын.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен
Кәсіптік одақтардың Қазақ
республикалық советінің
1984 жылғы 14 сентябрьдегі
№ 385 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР-інде ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСАРТУҒА МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТҰРҒЫН ЖАЙЛАР БЕРУ ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне және Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексіне сәйкес осы Тәртіп тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға мемлекеттік, қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерінен тұрғын жайлар берудің бірыңғай ретін белгілейді, ол Қазақ ССР-інің территориясында орналасқан халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін міндетті болып табылады.

2. Тұрғын жайлар алу үшін сол елді мекенде тұрақты тұратын (егер ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында өзгеше белгіленбеген болса) және тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтар есепке алынады.

3. Тұрғын жайлар азаматтарға, әдетте, семьяға жеке пәтер түрінде мерзімсіз пайдалануға беріледі.

4. Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж мүшелері, өзіндік меншігінде тұрғын үйі бар азаматтар және осы үйлерде тұратын басқа да азаматтар тұрғын жайлармен жалпы негіздерде қамтамасыз етіледі.

5. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу, тұрғын алаң алудың кезектілігін белгілеу, сондай-ақ оны бөлу қоғамдық бақылау арқылы және жариялылықты сақтай отырып жүзеге асырылады.

Халық депутаттары аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері жанында тұрғын үй мәселелері жөнінде қоғамдық комиссиялар құрылады, олардың құрамында атқару комитеті председателінің орынбасары (комиссияның председателі), кәсіптік одақтар советінің өкілі (комиссия председателінің орынбасары), жергілікті Советтердің депутаттары, қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтерінің өкілдері болады. Комиссияның құрамы мен оның жұмыс тәртібін халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті бекітеді.

6. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу, есептен шығару және азаматтарға тұрғын жайлар беру тәртібін бұзуға, сондай-ақ тұрғын үйлер мен тұрғын жайларға қоныстандыру-

дың белгіленген мерзімдерін сақтамауға кінәлы адамдар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жауап береді.

II. Азаматтарды тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп тану негіздері

7. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп мынадай азаматтар танылады:

а) семьяның әрбір мүшесіне арналған тұрғын алаңмен халық депутаттары облыстық, Алматы қалалық Советінің атқару комитеті белгілейтін дәрежеден кем қамтамасыз етілгендер.

Тұрғын жайларды бірінші кезекте алуға правосы бар азаматтардың жекелеген категориялары (осы Тәртіптің 28-тармағы) үшін, егер семьяның әрбір мүшесінің тұрғын алаңмен қамтамасыз етілуі халық депутаттары облыстық, Алматы қалалық Советінің атқару комитеті белгілейтін дәрежеден жоғары болса, оларды тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп танудың өзге негіздері көзделуі мүмкін;

б) белгіленген санитариялық және техникалық талаптарға сай келмейтін тұрғын үйде (тұрғын жайда) тұратындар;

в) жатақханаларда тұратындар, бұған маусымдық және уақытша қызметкерлер, сондай-ақ оқуға байланысты қоныстанған азаматтар кірмейді;

г) бір бөлмеде немесе оңашаланбаған жансарлас бөлмелерде екі немесе одан да көп семья болып тұратындар;

д) басқа тұрғын жайы жоқ, тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлеріндегі немесе азаматтардың өзіндік меншік правосындағы үйлеріндегі тұрғын жайларды қосымша жалдаушылар, уақытша тұрғындар не жалдаушылар ретінде ұзақ уақыт тұратындар.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлерінде немесе басқа азаматтардың өзіндік меншік правосындағы үйлерінде қосымша жалдаушылар, уақытша тұрғындар не жалдаушылар ретінде халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советінің атқару комитеті белгілеген мерзімнен кем тұрмайтын азаматтар ұзақ уақыт тұратындар деп танылады.

8. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп тұрмысқа жайлы жеке пәтері жоқ мынадай адамдар да танылады:

а) Ұлы Отан соғысының мүгедектері;

б) Совет Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, сондай-ақ Даңқ, Еңбек Даңқы және «СССР Қарулы Күштерінде Отанға қызмет еткені үшін» ордендерінің барлық үш дәрежесімен наградталған адамдар;

в) белгіленген тәртіп бойынша бекітілетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурудың ауыр түрлерінен зардап шегетін адамдар;

г) «Ардақты ана» атағы берілген аналар.

Осы тармақтың «в» тармақшасын қолданған кезде тұрғын жайларды бірінші кезекте алу правосын беретін (осы Тәртіптің 28-тармағы) аурулар ескеріледі.

III. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу тәртібі

9. Сол елді мекенде (егер ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен өзгеше белгіленбеген болса) тұрақты тұру (тұрақты тіркеуімен) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу-

дың және оларға тұрғын жайлар берудің міндетті шарты болып табылады.

Қәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда ұзақ уақыт бойы адал жұмыс істейтін, жақын жердегі басқа елді мекенде тұратын және тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж жұмысшылар мен қызметшілер, ерекшелік ретінде, халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері мен тиісті кәсіптік одақтар советінің рұқсатына орай жұмыс орны бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждардың есебінде алынуы мүмкін.

10. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу, әдетте, тұрғылықты жері бойынша халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комитетінде жүргізіледі.

11. Тұрғын үй қоры бар және тұрғын үй құрылысын жүргізетін немесе тұрғын үй құрылысына үлес қосып қатысатын кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істейтін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу жұмыс орны бойынша, ал олардың қалауымен — тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады. Пенсияға шығуына байланысты осы кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істеуін тоқтатқан азаматтар солармен бірдей есепке алынады. Семьяның бір мүшесін есепке алу семьяның басқа мүшелерінің өз қалауымен жұмыс орны бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебіне алынуына кедергі келтірмейді.

Ірі кәсіпорындарда, ұйымдарда тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу цехтар мен бөлімшелер бойынша ұйымдастырылуы мүмкін. Мұндай реттерде семьяның бір кәсіпорында, ұйымда істейтін мүшелері өздерінің қалауымен әрқайсысы өз цехында, бөлімшесінде есепке алынады.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен көзделген реттерде кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның еңбек коллективіне тікелей қызмет көрсететін медицина, мәдени-ағарту және басқа мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебіне өз қалауы бойынша сол еңбек коллективінің жұмысшыларымен және қызметшілерімен бірдей алынады.

12. Тұрғын үй қоры жоқ және тұрғын үй құрылысын жүргізбейтін немесе тұрғын үй құрылысына үлес қосып қатыспайтын кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істеуін пенсияға шығуына байланысты тоқтатқан азаматтар тұрғылықты жері бойынша халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетінде есепке алынады.

13. Басқа жерге жұмысқа кетуіне байланысты өздері немденген тұрғын жайларды заңмен белгіленген тәртіп бойынша броньдаған азаматтар, егер олар бронь мерзімі біткеннен кейін броньдалған тұрғын жайға қайта оралып, қоныстанса, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждардың есебіне алынуы мүмкін.

14. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есебін:

халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерінде — тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімдер немесе арнайы тағайындалған лауазымды адамдар;

кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда — кәсіподақ комитетінің келісуі бойынша әкімшілік арнайы тағайындаған лауазымды адамдар жүргізеді.

15. Есепке алу үшін азамат арыз береді. Арызға үй кітабынан көшірме, финанстық дербес счеттің көшірмесі, ал қажет болған реттерде техникалық инвентаризация бюросының, денсаулық сақтау мекемеле-

рінің анықтамалары және осы мәселені шешуге қатысты басқа да документтер қоса тіркеледі.

Арыз Азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждарды есепке алу туралы арыздарын тіркеу кітабына тіркеледі, ол белгіленген форма бойынша (№ 1 қосымша) жүргізіледі.

16. Азаматтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін есепке алу туралы арызын халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетінде тұрғын үй мәселелері жөніндегі қоғамдық комиссия, ал кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда — кәсіподақ комитетінің тұрғын үй-тұрмыстық комиссиясы мұқият тексеріп, тұрғын үй жағдайларын тексеру актісін белгіленген форма бойынша (№ 2 қосымша) жасайды. Осыдан кейін тиісті комиссия арызды және тұрғын үй жағдайларын тексеру материалдарын қарап, азаматты есепке алу немесе есепке алудан бастарту туралы тиісті халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетіне немесе кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетіне ұсыныс енгізеді.

17. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу тұрғылықты жері бойынша халық депутаттарының жергілікті Советі атқару комитетінің шешіміне орай, ал жұмыс орны бойынша — кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің бірлескен шешіміне орай жүргізіледі. Жұмыс орны бойынша есепке алу туралы мәселелерді қарағанда кезде еңбек коллективінің ұсынысы ескс алынады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу туралы арыздар тиісті халық депутаттары Советінің атқару комитетіне, кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға түскен күннен бастап бір ай мерзім ішінде қаралады.

Қабылданған шешім туралы азаматтарға жазбаша түрде хабарланады.

18. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есебі бірыңғай тізім бойынша жүргізіледі, одан тұрғын жайларды бірінші кезекте және кезектен тыс алуға правосы бар азаматтар бір мезгілде жекелеген тізімдерге енгізіледі.

Кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда тұрғын жайлар алу үшін есепке қойылған азаматтар тізімінің көшірмелері халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетіне беріледі.

Халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті, егер азаматтар аталған тізімге тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар беру тәртібі бұзылып енгізілген болса оны кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті қайта қарау үшін қайтаруға праволы.

19. Есепке алынған азаматтар тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу кітабына енгізіледі, ол халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетінде, кәсіпорында, мекемеде, ұйымда қатаң түрде есеп берілетін документ ретінде белгіленген форма бойынша (№ 3 қосымша) жүргізіледі.

Кітапта тазартып өшіруге жол берілмейді. Документтер негізінде енгізілетін түзетулерді, сондай-ақ өзгерістерді тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есебін дұрыс жүргізу жөніндегі жауапкершілік жүктелген лауазымды адам растап, мөр басады.

20. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін есепке алынған әрбір азаматқа есептік іс-қағазы жүргізіледі, онда есепке алуға негіз болып табылатын барлық қажетті документтер болуға тиіс.

21. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар кітаптардың, кезекте тұрғандардың

тізімдерінің және тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есептік іс-қағаздарының дұрыс сақталуын қамтамасыз етеді.

22. Жыл сайын 1 январьдан 1 апрельге дейін халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін есепте тұрған азаматтарды қайта тіркейді. Қайта тіркеу барысында қажет болған жағдайда кезекте тұрғандардың тұрғын үй жағдайлары қосымша тексеріледі.

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар нақтыланған тізімдерді 15 апрельден кешіктірмей тиісті халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетіне жібереді.

23. Азаматтар тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждардың есебінде тұрғын жай алғанға не есептен шығарылғанға дейін тұрады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтар мынадай реттерде ғана есептен шығарылуы мүмкін:

а) тұрғын үй жағдайларын жақсартса, егер семьяның әрбір мүшесіне арналған тұрғын алаң тұрғын жай беру үшін белгіленген көлемнен кем болмаса (осы Тәртіптің 48-тармағы) және тұрғын жай беру үшін басқа негіздер жойылса;

б) басқа елді мекенге тұрақты тұруға кетсе;

в) жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға немесе басқа жазалау шараларына сотталуы сол жерде алты айдан астам мерзімге тұруға мүмкіндік бермесе;

г) егер пенсияға шығуына немесе сайланбалы қызмет бойынша жұмысқа ауысуына байланысты болмай, азамат есепте тұратын кәсіпорынмен, мекемемен және ұйыммен еңбек шартын доғарса;

д) азамат тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждығы туралы шындыққа сай келмейтін мәліметтер табыс етсе не лауазымды адамдар есепке алу туралы мәселені шешкен кезде заңсыз әрекеттер жасаса.

Азаматтарды есептен шығару оларды есепке алған органдардың шешімі бойынша: халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетінде — тұрғын үй мәселелері жөніндегі қоғамдық комиссияның ұсынысымен; кәсіпорында, мекемеде, ұйымда — кәсіподақ комитетінің тұрғын үй-тұрмыстық комиссиясының ұсынысымен жүзеге асырылады.

Қабылданған шешім туралы азаматтарға есептен шығару негіздері көрсетіле отырып жазбаша түрде хабар берілуге тиіс.

24. Есепте тұрған азамат қайтыс болған немесе басқа жерге тұрақты тұруға кеткен ретте, оның орнына семья мүшелерінің біреуі, егер оларды тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж деп тану негіздері сақталса, есепке алынады; бұл ретте жұмыс орны бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебіне семья мүшесі, егер ол осы кәсіпорында, мекемеде, ұйымда жұмыс істейтін болса ғана, ал есепте тұрған азамат өндірістегі қайғылы оқиға салдарынан немесе кәсіптік аурудан қайтыс болған ретте семья мүшесі оның осы кәсіпорында, мекемеде, ұйымда жұмыс істеген-істемегеніне қарамастан есепке алынады.

25. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда есепке алудың жайын бақылауды халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері және кәсіптік одақтардың тиісті органдары жүзеге асырады.

IV. Азаматтарға тұрғын жайлар берудің кезектілігі

26. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебінде тұрған азаматтарға тұрғын жайлар белгіленген кезектілік тәртібі бойынша, есепке алынған уақытқа сүйене отырып беріледі.

Бірінші кезекте және кезектен тыс тұрғын жайлар алу правосы бар азаматтар тұрғын алаң беруге арналған жеке тізімдерге енгізіледі.

27. Азаматтарға тұрғын жайлар беру кезектілігін:

тұрғылықты жері бойынша есепке алынған азаматтар жөнінде — халық депутаттарының тиісті жергілікті Советінің атқару комитеті;

жұмыс орны бойынша есепке алынған азаматтар жөнінде — заңдармен көзделгеннен басқа реттерде кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі кәсіподақ комитетімен бірлесе отырып белгілейді.

28. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж мынадай адамдарға тұрғын жайлар бірінші кезекте беріледі:

а) Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлердің (партизандардың) семьяларына және белгіленген тәртіп бойынша соларға теңестірілген адамдарға.

Қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілер мен партизандар семьяларының мүшелеріне мыналар жатады: қаза тапқанына немесе хабар-ошарсыз кеткеніне байланысты пенсия алып тұрған олардың асырауындағы адамдар; ата-аналары, екінші рет некелеспеген жұбайы, олардың пенсия алатын-алмайтынына қарамастан; өз семьялары жоқ балалары немесе өз семьялары болғанымен жасы толғанға дейін мүгедек болғандар, сондай-ақ әкесі мен шешесі қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен өз семьялары бар балалары;

б) Совет Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне, сондай-ақ Даңқ, Еңбек даңқы, «СССР Қарулы Күштерінде Отанға қызмет еткені үшін» ордендерінің барлық үш дәрежесімен наградталған адамдарға;

в) СССР Денсаулық сақтау министрлігі СССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеті мен ВЦСПС-тің келісуі бойынша бекіткен аурулар тізімінде көрсетілген кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінен зардап шегетін адамдарға;

г) азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысы кезеңінде және СССР-ді қорғау жөніндегі басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армияның құрамында болған адамдарға, азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысының партизандарына, сондай-ақ СССР-ді қорғау жөніндегі ұрыс операцияларына қатысқан басқа да адамдарға;

д) I және II топтағы еңбек мүгедектеріне және әскери қызметшілер қатарынан шыққан I және II топтағы мүгедектерге;

е) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқару, СССР азаматының адам өмірін құтқару жөніндегі, социалистік меншік пен право тәртібін қорғау жөніндегі борышын орындау кезінде қаза тапқан не қайғылы оқиға салдарынан өндірісте қаза тапқан адамдардың семьяларына;

ж) өндіріс саласында ұзақ уақыт бойы адал еңбек еткен жұмысшылар мен қызметшілерге. Сол кәсіпорында (бірлестікте, ұйымда) үздіксіз жұмыс істеу мерзімі он жылдан кем болмауға тиіс. Мұның өзінде бірінші кезекте тұрғын жай алуға право беретін өндіріс саласындағы жұмыс ұзақтығының мерзімі кәсіподақ комитеті кәсіпорынның, ұйымның әкімшілігімен жасасқан коллективтік шартпен белгіленеді;

з) «Ардақты ана» атағы берілген аналарға, көп балалы (төрт және одан да көп баласы бар) семьяларға және жалғызілікті аналарға;

и) егіз бала туған жағдайда семьяларға;

к) азаматтардың ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген басқа категорияларына.

29. Мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерді, прапорщиктерді, мичмандарды және СССР Қарулы Күштерінің, СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің әскерлері мен органдары офицер құрамының

денсаулық жағдайына, жасына қарай немесе штаттардың қысқаруы бойынша запасқа немесе отставкаға шыққан адамдарын халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері СССР Одағының заңдарымен белгіленген мерзімде тұрғын алаңмен бірінші кезекте қамтамасыз етеді.

Егер мерзімнен тыс қызметтің әскери қызметшілері, прапорщиктер мен мичмандар міндетті әскери қызметте кемінде 20 календарьлық жыл болған жағдайда оларды тұрғын алаңмен қамтамасыз ету аталған тәртіп бойынша жүргізіледі.

30. Азаматтарға кезектен тыс тұрғын жай:

а) табиғат апаты салдарынан тұрғын үйі тұруға жарамсыз болып қалса;

б) СССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген басқа реттерде беріледі.

31. Заңсыз сотталу салдарынан тұрғын жайды пайдалану правосынан айрылған азаматтарға бұрын өзі иемденген тұрғын жайды қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда (үй бұзылған немесе адам тұрмайтындай етіп қайта жабдықталған, азамат иемденген тұрғын жай күрделі жөндеуден кейін жойылған не оның көлемі елеулі түрде кішірейген, тұрғын жай басқа азаматқа заңда белгіленген тәртіп бойынша берілген т. с. с.) халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі сол елді мекеннен тұрғын алаңның қолданылып жүрген нормалары мен семья құрамын ескере отырып, тұрмысқа жайлы сондай тұрғын жайды кезектен тыс, бірақ өтініш жасаған күннен бастап үш айдан кешіктірмей береді.

32. Аспирантураны, клиникалық ординатураны, жоғары, арнаулы орта, кәсіптік-техникалық және басқа оқу орындарын бітіріп, бөлу тәртібі бойынша басқа жерге жұмысқа жіберілген адамдар, олардың семья мүшелері келген соң кәсіпорын, мекеме, ұйым оларға тұрғын жайды кезектен тыс беруге міндетті.

Ағарту, мәдениет, денсаулық сақтау, сауда тұрмыстық қызмет көрсету, сот, прокуратура мекемелері мен мемлекеттік статистика органдарына, СССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті жүйесінің қалалық кәсіптік-техникалық оқу орындарына, СССР ДОСААФ-ының оқу және спорт ұйымдарына, сондай-ақ аудан орталықтары мен селолық жерлердегі байланыс кәсіпорындарына жұмысқа жіберілген жас мамандарды, ведомстволық тұрғын алаң болмаған реттс, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері тиісті кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өтініші бойынша тұрғын алаңмен қамтамасыз етеді.

33. 30 жасқа дейін алғаш рет некелесетін, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж жас жұбайларға (осы Тәртіптің 7-тармағы), ең кемі бөлме, ал некелескеннен кейінгі алғашқы үш жылда бала туған жағдайда жас семьяларға бір бөлмелі пәтер беріледі.

Азаматтардың аталған категорияларына жаңа тұрғын алаң мен босайтын пәтерлер (бөлмелер) халық депутаттары облыстық, Алматы қалалық Советінің атқару комитеті белгілеген тәртіп бойынша беріледі.

34. Басқа жерге жұмысқа ауыстырылған қызметкерлер мен олардың семья мүшелеріне тұрғын жай еңбек шарттарымен көзделген шарт бойынша беріледі.

35. Тұрғын жай алуда мыналардың кезегі неғұрлым кейінгі мерзімге қалдырылуы мүмкін: еңбек тәртібін қасақана бұзатын адам, маскүнемдігі немесе бұзақылығы үшін әкімшілік жазалау немесе қоғамдық ықпал ету шаралары бірнеше рет қолданылған азамат; қылмыс жасағаны үшін сотталған адам, егер бұл ретте ол Тұрғын үй кодексінің 34-

статьясының 3-тармағына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждар есебінен шығаруға жатпаса; мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұсақтап ұрлаған адам; қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылданбайтын адам; ата-аналық праволарынан айрылған адам және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен көзделген басқа да реттерде.

Аталған азаматтарға тұрғын жай беру кезегін неғұрлым кейінгі мерзімге ауыстыру туралы шешімдерді тиісінше кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі кәсіподақ комитетімен немесе халық депутаттарының тиісті жергілікті Советінің атқару комитетімен бірлесе отырып, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту не оларға қоғамдық ықпал ету шараларын қолдану туралы материалдардың негізінде қабылдайды.

36. Тұрғын жайларға қойылатын талаптарға (осы Тәртіптің 48-тармағы) сай келетін тұрғын жайды алудан талай рет негізсіз бастартқан азаматтарға тұрғын жай алу кезегі, ерекшелік реттерде, келесі жылға ауыстырылуы мүмкін. Бұл мәселені халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерінде — тұрғын үй мәселелері жөніндегі қоғамдық комиссиялар, кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда — кәсіподақ комитеттерінің тұрғын үй-тұрмыстық комиссиялары берілген тұрғын жайды алудан бастартқан азаматтың қатысуымен қарайды. Кезектілікті ауыстыру туралы шешімді тиісінше халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті немесе кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті қабылдайды. Қабылданған шешім туралы азаматқа кезектілікті ауыстыру негізі көрсетіліп жазбаша түрде хабарланады.

V. Тұрғын жайларды беру тәртібі

37. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, сондай-ақ кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар тұрғын алаң бөлудің бекітілген жоспарларына сәйкес, тұрғын жайлар берудің кезектілігіне сүйеніп (осы Тәртіптің 26-тармағы), ағымдағы жылда тұрғын алаң беру белгіленген азаматтардың тізімін жыл сайын жасайды. Тұрғын жайлар беру туралы тізімдер баршаның есінде болу үшін ілініп қойылады.

38. Азаматтар шұғыл түрде (табиғат апатына байланысты, құлау қатері төнген, бұзуға жататын үйлерден (тұрғын жайлардан) және т. б.) қоныс ауыстырылатыннан басқа реттерде, сондай-ақ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен көзделген басқа реттерде есепте тұрмаған азаматтарға тұрғын жайлар бөлуге жол берілмейді.

39. Тұрғын жайлар берер алдында азаматтар тиісінше халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетіне, кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігіне осы Тәртіптің 15-тармағымен көзделген документтерді, сондай-ақ семьяның жасы толған мүшелері тұрғын жай алғаннан кейін бұрынғы тұрғын жайды босататыны туралы жазбаша міндеттемені жаңадан табыс етуге тиіс.

40. Халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті жанындағы тұрғын үй мәселелері жөніндегі қоғамдық комиссия немесе кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның кәсіподақ комитетінің тұрғын үй-тұрмыстық комиссиясы тұрғын жайлар берер алдында кезектегі әрбір адамның тұрғын үй жағдайларын жаңадан тексеріп, қоныстандыру үшін тұрғын жайлар беру туралы тиісінше халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетіне немесе кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетіне ұсыныс енгізеді.

41. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғын жайлар азаматтарға халық депутаттарының аудан-

дық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша беріледі.

42. Ведомстволық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғын жайлар азаматтарға кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комптеті бекіткен шешімі бойынша, ал СССР Министрлер Советі көздеген реттерде — қоныстандыру үшін тұрғын жайлар беру туралы кейіннен халық депутаттарының тиісті Советінің атқару комитетіне хабарлай отырып әкімшілік пен кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімі бойынша беріледі.

43. Қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғын жайлар азаматтарға тиісті ұйымның органы мен кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімі бойынша беріліп, қоныстандыру үшін тұрғын жайлар берілгені туралы кейіннен халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комитетіне хабарланады.

44. Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің арасында тұрғын жайлар беру туралы мәселе жөнінде пайда болған келіспеушіліктерді сол кәсіпорын, мекеме, ұйым қарайтын жоғары тұрған ұйым мен кәсіптік одағының жоғары тұрған органы қарайды.

45. Азаматтардың тұрғын жайлар алуына арналған тізімдерін кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар тұрғын жайларға қоныстандырудың белгіленген мерзімін (осы Тәртіптің 50-тармағы) сақтау мақсатында үй пайдалануға берілерден екі ай бұрын халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетіне табыс етеді.

46. Халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің әкімшілік пен кәсіподақ комитеттерінің жұмысшылар мен қызметшілерге тұрғын жайлар беру туралы бірлескен шешімдерін бекіткен кезде кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың тізімдеріне басқа азаматтарды енгізуге правосы жоқ. Егер әкімшілік пен кәсіподақ комитетінің қызметкерге тұрғын жайлар беру туралы шешімінде тұрғын жайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар беру туралы тәртіпті бұзуға жол берілсе, ол шешім қосымша қарау үшін халық депутаттарының жергілікті Советі атқару комитетінің ескертпелерімен бірге тиісті кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға қайтарылады.

47. Мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне берген үйлердегі тұрғын жайларға, сондай-ақ кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қаржыларын (үлес қосу тәртібі бойынша) қатыстырып салынған үйлердегі босайтын тұрғын жайларға бірінші кезекте осы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж қызметкерлері қоныстандырылады. Қоныстандырудың аталған тәртібі тұрғын үйдің берілу немесе құрылысының аяқталу уақытына қарамастан қолданылады.

48. Тұру үшін азаматтарға берілетін тұрғын жай сол елді мекеннің шегінде және осы елді мекеннің жағдайларына сәйкес тұрмысқа жайлы болуға, белгіленген санитариялық-техникалық талаптарға сай келуге тиіс.

Азаматтарға тұрғын жай бір адамға халық депутаттары облыстық, Алматы қалалық Советінің атқару комитеті белгілеген, бірақ кемінде тоғыз шаршы метр көлемде беріледі.

49. Тұрғын жайларды берген кезде бір бөлмеге жұбайлардан басқа, тоғыз жастан асқан әр түрлі жыныстағы адамдарды қоныстандыруға жол берілмейді.

Тұрғын жай азаматтың жұмыс орны, денсаулық жағдайы, сондай-ақ назар аударуға тұрарлық басқа да жағдаяттары ескеріліп беріледі.

Мүгедектерге, қартайғандарға, жүрек-тамыр және басқа ауыр сырқаты бар ауруларға тұрғын жайлар, әдетте, төменгі этаждардан немесе лифтісі бар үйлерден беріледі.

Берілетін тұрғын жайдың көлемін анықтаған кезде семьяда жүктілігі 20 аптадан асқан әйелдің бар екені ескеріледі.

Көлемі жағынан бір семьядан артық тұру белгіленген санитариялық талаптарды қамтамасыз етпейтін пәтерлерге екі және одан да көп семьяларды қоныстандыруға болмайды.

50. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар тұрғын үйлерді мемлекеттік комиссиялар пайдалануға қабылдап алғаннан кейін 30 күннен аспайтын мерзімде тұрғын жайларға қоныстандыруға тиіс. Азаматтардың көшіп кетуіне байланысты босаған тұрғын жайлар да осындай мерзімде қойыстандырылуға тиіс.

51. Егер екі және одан да көп жалдаушы тұрған пәтерде басқа тұрғын жайдан оңашаланбаған бөлме босаса, ол жанасарлас тұрғын жайды иемденген жалдаушының пайдалануына өтеді.

Егер пәтерде оңаша бөлме босаса, сол пәтерде тұратын жалдаушы белгіленген норма бойынша тұрғын алаңмен қамтамасыз етілмегендіктен, бұл бөлме соның пайдалануына беріледі.

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есебінде тұрған жалдаушының артықшылық правосы бар. Мұндай азаматтар болмаған жағдайда босаған бөлме жалпы тәртіп бойынша қоныстандырылады.

52. Белгіленген нормадан артық тұрғын алаңы бар жалдаушы, семья мүшелерінің келісуі бойынша, өзі иемденіп отырғанын айырбастап, белгіленген тәртіпке орай көлемі шағын тұрғын жай беруді халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетінен, кәсіпорыннан, мекемеден, ұйымнан (тұрғын үйдің кімнің иелігінде екендігіне қарай) талап етуге праволы.

53. Бір тұрғын жайдан басқасына бүкіл семьясымен қоныс аударған кезде жалдаушы бұрын иемденген тұрғын жайды босатуға және оның жабдықтарын, тұрғын жайды жалдау шартымен көзделген талаптарды сақтай отырып, тұрғын үй пайдалану ұйымына акті бойынша өткізуге міндетті.

VI. Ордерді ресімдеу мен беру тәртібі

54. Мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйінен тұрғын жай беру туралы шешімнің негізінде халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті азаматқа белгіленген форма бойынша (№ 4 қосымша) ордер береді, ол берілген тұрғын жайға қоныстану үшін бірден-бір негіз болып табылады.

Ордердің бланкілері қатаң түрде есеп берілетін документ ретінде халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетінде сақталады.

55. Тұрғын жайларға қоныстандыру ордерлерін беруді тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлім немесе арнайы тағайындалған

лауазымды адамдар тұрғын жайды беру туралы шешімге толық сәйкес жүргізеді.

Ордер нақты бос тұрған тұрғын жайға ғана берілуі мүмкін.

56. Ордер тікелей тұрғын жай берілетін азаматқа немесе, ерекшелік реттерде, белгіленген тәртіпке орай куәландырылған сенімхат бойынша басқа адамға беріледі.

Ордерді алған кезде оған енгізілуге жататын семьяның барлық мүшелерінің паспорттары (туу туралы куәліктері) немесе оларды ауыстыратын басқа документтер, сондай-ақ семьяның жасы толған барлық мүшелерінің берілген тұрғын жайға қоныстануға жазбаша түрде келісуі табыс етілуге тиіс.

57. Тұрғын жайға ордер беруді халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті мынадай реттерде тоқтата тұруы мүмкін:

семьяның нақты құрамы тұрғын жай беру туралы шешімде көрсетілгенге сәйкес келмесе;

тұрғын жай беру туралы мәселені шешуге ықпал ететін басқа да жағдаяттардың беті ашылса.

58. Берілген тұрғын жайға қоныстандыру кезінде ордер тұрғын үйді пайдалану ұйымына өткізілуге тиіс, мұнда ол қатаң түрде есеп берілетін документ ретінде сақталады.

59. Әскери қалашықтардағы тұрғын жайларға ордер беру СССР Одағының заңдарымен көзделген тәртіп бойынша жүргізіледі.

Қазақ ССР-інде Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар беру тәртібіне

№ 1 ҚОСЫМША

Азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаждарды есепке алу туралы арыздарын тіркеу

КІТАБЫ

Елді мекен _____

(қала, поселке, село, ауыл)

_____

(халық депутаттары жергілікті Советі атқару

_____

комитетінің, кәсіпорынның, мекеменің,

_____

ұйымның аты)

Басталды _____ 19 ж.

Аяқталды _____ 19 ж.

Рет саны бойынша №№	Арыздың түскен датасы	Арыз берушінің фамилиясы, аты, әкесінің аты	Иемденіп отырған тұрғын жайдың адресі	Арыздың комиссияның қарауына берілген датасы	Комиссияның ұсынысы. Датасы	Атқару комитетінің, кәсіпорынның, мекеменің, ұжымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің шешімі (датасы мен номері)	Қабылданған шешім туралы арыз берушіге хабарланды (хаттың датасы мен номері)

[1] Халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті жанындағы тұрғын үй мәселелері жөніндегі қоғамдық комиссия, кәсіпорын, мекеме, ұйым кәсіподақ комитетінің тұрғын үй-тұрмыстық комиссиясы.

Қазақ ССР-інде Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар беру тәртібіне

№ 2 ҚОСЫМША

Арыз берушінің тұрғын үй жағдайларын тексеру

АКТІСІ

Елді мекен _____ 19 ж.
(қала, поселке, село, ауыл)

Мына құрамдағы комиссия _____

_____

_____

_____көшесіндегі № _____ үйде № _____ корпустың № _____

пәтерінде тұратын азамат _____ тұрғын үй жағдайларын
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

тексеріп, мынаны анықтады:

1. _____
(халық депутаттары жергілікті Советінің, ведомствоның,

_____
тұрғын үй-құрылыс кооперативінің, өзіндік меншік правосы негізіндегі)

_____ үйінде иемденіп отырған тұрғын жай тұрғын алаңы

_____шаршы метр _____бөлмеден тұрады.

Әрбір бөлменің көлемі _____ шаршы метр.

Бөлмелер _____ этажды
(оңашаланған, жапсарлас)

үйдің _____ этажында.

Үй _____
(тастан қаланған, ірі панелді, ағаш үй, ескірген, авариялық

_____ . Бөлмелер _____
күйде) (құрғақ, дымқыл, жарық, қараңғы)

Пәтер _____ .
(жеке, коммуналдық)

2. Үйдің (тұрғын жайдың) тұрмысқа жайлылығы: _____
(су құбыры,

_____
канализация, ыстық су, жылытуы (орталықтан, пеш) ваннасы,

_____
лифт, телефон)

3 _____ тұрғын жайды жалдаушы, тұрғын үй-құрылыс
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)
кооперативінің мүшесі, үйді меншіктенуші (керегінің асты сызылсын).

4. Бұл алаңда тұратындар:

Рет саны бойынша №	Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Туыстық қатысы	Бұл елді мекенде қай уақыттан бері тұрады	Бұл тұрғын жайға қашан тіркелген. Тұрақты немесе уақытша	Жұмыс орны. Қызметі.

5. Арыз берушінің семьясы туралы қосымша деректер _____
(Ұлы Отан

_____
соғысы мүгедегінің, қаза тапқан әскери қызметшінің, пенсионердің

_____
семьясы, көп балалы семья және т. б.)

6. Комиссияның қорытындысы _____

Комиссия мүшелерінің қолы _____

_____

_____

М. О. Тұрғын үй-пайдалану ұйымының бастығы _____
(қолы)

Арыз берушінің қолы _____

Қазақ ССР-інде Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар беру тәртібіне
№ 3 ҚОСЫМША

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу
КІТАБЫ

Елді мекен _____
(қала, поселке, село, ауыл)

_____
(халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің,

_____
кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның аты)

Басталды _____ 19 ж.

Аяқталды _____ 19 ж.

Рет саны бойынша №№	Есепке алынған арыз берушінің фамилиясы, аты, әкесінің аты. Семья құрамы (фамилиясы, аты, әкесінің аты, туыстық қатысы, жасы, қай уақыттан бері тұрады)	Жұмыс орны. Атқаратын қызметі. Бұл кәсіпорындағы, мекемедегі, ұйымдағы жұмыс стажы	Немесін отырған тұрған жайдың адресі және қысқаша сипаттамасы	Бұл елді мекенде тұрған мерзімі	Есепке алудың негізі	Атқару комитетінің, жұмысшылық немесе кәсіпорын комитетінің есепке алу туралы шешімі (номері мен датасы)	Тұрғын жай беруге ар алған тізімге енгізілді (кезегінің саны және №)	Тұрғын жай беру туралы шешім қашан қабылданды (датасы мен №	Ордердің номері және оны берген датасы	Есепке алудан шығару туралы шешім (шешімнің датасы және №)	Ескерту

Ескертулер:

1. Халық депутаттарының жергілікті Советі атқару комитетінің ұйғаруы бойынша кітап тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімге немесе тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж адамдардың есебін алуды жүргізуге арнайы тағайындалған лауазымды адамға; кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға беріледі.

2. Кітап номерленіп, шнурлануға және оған халық депутаттарының жергілікті Советі атқару комитетінің мөрі басылып, атқару комитеті секретарының және тұрғылықты жері немесе жұмыс орны бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есебін алу дұрыс жүргізілуіне жауапкершілік жүктелген лауазымды адамның қолы қойылуға тиіс.

3. Кітап қатаң түрде есеп берілетін документ ретінде сақталады. Кітапта тазартып өшіруге жол берілмейді. Документтер негізінде енгізілетін түзетулер мен өзгерістерді тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есебін алу дұрыс жүргізілуіне жауапкершілік жүктелген лауазымды адам растап, мөр басады.

Қазақ ССР-інде Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар беру тәртібіне

№ 4 ҚОСЫМША

Тұрғын жай ордерінің формасы

Халық депутаттары _____

Советінің атқару комитеті _____

_____ 19 ж.

ТҰРҒЫН ЖАЙ ОРДЕРІНІҢ ТҮБІРІ

№ _____ серия _____

Фамилиясы _____

Аты, әкесінің аты _____

Жұмыс орны _____

Қызметі _____

_____ жылдан _____
(халық депутаттарының жергілікті Советі атқару

_____
комитетінің, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның)

кезегінде тұр.

Тұрғын алаңды _____
(халық депутаттары жергілікті Советінің атқару

_____ беріп отыр.
комитеті, кәсіпорын, мекеме, ұйым)

Қандай тұрғын алаң берілді _____
(жаңа құрылыстан, көшіп кетуіне бай-

_____
ланысты, мақсатты тұрғын алаң есебінен)

Ордер берудің негізі _____
(тұрғын жай беру туралы шешім)

19 ж. _____ № _____

Қоныстанушылар саны	Бөлмелер саны	Пәтер (жеке, коммуналдық)	Берілетін тұрғын жайдың көлемі	
			Тұрғын алаң	Жеке пәтердің жалпы көлемі

Адрес _____

(проспект, көше, тұйық көше т. б.)

үй № _____

корпус № _____

пәтер № _____

бөлме № _____

Халық депутаттары _____

_____

Советі атқару комитетінің Тұрғын аланды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің бастығы (арнайы тағайындалған лауазымды адамы)

_____

(қолы)

Ордерді алдым

_____ 19 ж. _____

(қолы)

СЕМЬЯ ҚҰРАМЫ

Рет саны бойынша №	Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Туыстық қатысы
1.		
2.		
3.		
4.		
5.		
6.		

Халық депутаттары _____

_____ Советі атқару комитетінің Тұрғын аланды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің инспекторы

_____

(қолы)

Қазақ ССР-інде Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар беру тәртібіне

№ 4 ҚОСЫМША

Халық депутаттары _____

Советінің атқару комитеті _____

_____ 19 ж.

ТҰРҒЫН ЖАЙ ОРДЕРІНІҢ БАҚЫЛАУ ТАЛОНЫ

№ _____ серия _____

Фамилиясы _____

Аты, әкесінің аты _____

Жұмыс орны _____

Қызметі _____

_____ жылдан _____
(халық депутаттарының жергілікті Советі атқару

_____ кезегінде тұр.
комитетінің, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның)

Тұрғын алаңды _____
(халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті,

_____ беріп отыр.
кәсіпорын, мекеме, ұйым)

Қандай тұрғын алаң берілді _____
(жаңа құрылыстан, көшіп кетуіне байланысты,

_____
мақсатты тұрғын алаң есебінен)

Ордер берудің негізі _____
(тұрғын жай беру туралы шешім)

19 ж. _____ № _____

Қоныстанушылар саны	Бөлмелер саны	Пәтер (жеке, коммуналдық)	Берілетін тұрғын жайдың көлемі	
			Тұрғын алаң	Жеке пәтердің жалпы көлемі

Адрес _____

(проспект, көше, тұйық көше т. б.)

үй № _____

корпус № _____

пәтер № _____

бөлме № _____

Халық депутаттары _____

Советі атқару комитетінің Тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің бастығы (арнайы тағайындалған лауазымды адамы)

_____

(қолы)

М. О.

СЕМЬЯ ҚҰРАМЫ

Рет саны бойынша №	Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Туыстық қатысы
1.		
2.		
3.		
4.		
5.		
6.		

Халық депутаттары _____

Советі атқару комитетінің Тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің инспекторы (арнайы тағайындалған лауазымды адамы)

_____

(қолы)

Азамат _____ аталған тұрғын жайға _____

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

адамнан тұратын семьясымен _____ 19 ж. қоныстанды.

М. О. Тұрғын үй-пайдалану ұйымының бастығы

_____

(қолы)

_____ 19 ж.

Бақылау талоны үйді тұрғын үй-пайдалану ұйымына берген күннен бастап екі күн ішінде халық депутаттары _____ Советі атқару комитетінің Тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөліміне (арнайы тағайындалған лауазымды адамына) қайтаруға жатады.

Қазақ ССР-інде Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар беру тәртібіне
№ 4 ҚОСЫМША

Халық депутаттары _____

Советінің атқару комитеті _____

_____ 19 ж.

ТҰРҒЫН ЖАЙ ОРДЕРІ

№ _____ серия _____

Азамат _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

адресі _____
(проспект, көше, тұйық көше және т. б.)

үй № _____ корпус № _____ пәтер № _____ пәтерде _____
(жеке, коммуналдық)

_____ бөлмеден
(жапсарлас, оңаша)

тұратын көлемі ____ шаршы метрлік тұрғын алаңды немденуге правосы бар _____ адамнан тұратын семьяға берілді.

Ордер берудің негізі _____
(тұрғын жай беру туралы шешім)

19 ж. _____ № _____

Халық депутаттары _____
Советі атқару комитетінің Тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің бастығы (арнайы тағайындалған лауазымды адамы) _____

_____
(қолы)

М. О.

Берілген тұрғын жайға қоныстану үшін осы ордер бірден-бір негіз болып табылады, ол алынған күннен бастап 10 күн ішінде тұрғын үй-пайдалану ұйымына өткізілуге тиіс, мұнда ол қатаң түрде есеп берілетін документ ретінде сақталады.

СЕМЬЯ ҚҰРАМЫ

Рет саны бойынша №	Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Туыстық қатысы
1.		
2.		
3.		
4.		
5.		
6.		

Халық депутаттары _____
Советі атқару комитетінің Тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің инспекторы (арнайы тағайындалған лауазымды адамы) _____
(қолы)

ҚЫЗМЕТТІК ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ БЕРУ МЕН ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУДЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК ТҰРҒЫН ЖАЙЛАР БЕРІЛЕТІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТІЗБЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1986 жылғы 25 декабрьдегі № 488
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1987 ж., № 2, 9-ст.)

Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексінің 100—107-статьяларына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Осыған қосылған Қызметтік тұрғын жайларды беру мен пайдалану тәртібі туралы нұсқау және Қызметтік тұрғын жайлар берілетін қызметкерлер категориясының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар қызметтік тұрғын жайлардың тиісінше есепке алынып, қатаң түрде өз мақсатында пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1986 жылғы 25 декабрьдегі
№ 488 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚЫЗМЕТТІК ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ БЕРУ МЕН ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ

1. Қызметтік тұрғын жайлар өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты жұмыс орны бойынша немесе оған таяу тұруға тиіс азаматтарды қоныстандыруға арналады.

Тұрғын жай халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің шешімімен қызметтік тұрғын жай қатарына жатқызылады.

Қызметтік тұрғын жайлар үшін, әдетте, жеке пәтерлер бөлінеді.

2. Колхоздарға қарасты үйлердегі тұрғын жайларды қызметтік тұрғын жайлар қатарына жатқызу (оның ішінде ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздері күшіне енгізілгенге дейін қоныстандырылған үйлердегі) және мұндай тұрғын жайлар берілуі мүмкін қызметкерлер категориясының тізбесін белгілеу халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті бекітетін колхоз мүшелері жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі.

3. Совхоздардың үйлеріндегі тұрғын жайлар совхоздардың қызметкерлерін және қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес шаруашылықтың үйлерінен тұрғын алаң берілетін басқа адамдарды қоныстандыруға арналады және қызметтік тұрғын жайлар қатарына жатқызылады.

---

[1] 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

4. ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес, СССР Министрлер Советі белгілейтін реттерде, әскери қызметшілердің жекелеген категориясына қызметтік тұрғын жайлар берілуі мүмкін.

5. Тұрғын жайлар, үйдің (совхоздар мен колхоздардың үйлерінен басқасы) кімнің иелігінде екеніне қарамастан, мүдделі кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің бірлескен өтініші негізінде халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің шешімімен қызметтік тұрғын жайлар қатарына жатқызылады.

Өтініште қызметтік тұрғын жайға арналып қандай тұрғын жайлар бөлінетіні, олардың көлемі, қандай қызметкерлер категориясына бекітілетіні көрсетіліп, оған осы тұрғын жайлардың планы қоса беріледі.

6. Тұрғын жайлар (совхоздар мен колхоздардың үйлерінен басқалары) оларды қызметтік тұрғын жайлар қатарына енгізу туралы шешім қабылдаған сол халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің шешімімен қызметтік тұрғын жайлар қатарынан шығарылады.

Колхоздың иелігіндегі үйлердегі тұрғын жайлар қызметтік тұрғын жайлар қатарынан колхоз мүшелері жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімімен шығарылады, ол кейіннен халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитетінде бекітіледі.

7. Қызметтік тұрғын жайлардың есебі халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитетінде қызметтік тұрғын жайларды есепке алу кітабында (№ 1 қосымша) жүргізіледі.

8. Қызметтік тұрғын үйлер тұрмысқа жайлы болуға, белгіленген санитариялық және техникалық талаптарға сай келуге, азаматтардың жұмыс орнының территориясында немесе оған тікелей таяу жерде болуға тиіс.

Қызметтік тұрғын жай Қазақ ССР-і Тұрғын үй кодексінің 39-статьясымен белгіленген тұрғын алаң нормасы шеңберінде беріледі, бірақ тиісті халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық атқару комитеті белгілеген көлемнен кем болмауға тиіс.

Қызметтік тұрғын жай берген кезде бір бөлмеге тоғыз жастан асқан әртүрлі жынысты адамдарды (жұбайлардан басқа) қоныстандыруға жол берілмейді.

9. Қызметтік тұрғын жайды беру туралы шешімді жұмыс немесе қызмет орны бойынша тиісті кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі, колхоз басқармасы немесе қоғамдық ұйымның органы қабылдайды.

Шешімнің негізінде халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті белгіленген форма (№ 2 қосымша) бойынша азаматқа арнайы ордер береді, ол осы тұрғын жайға қоныстану үшін бірден-бір негіз болып табылады. Ордердің бланкілері қатаң түрде есеп берілетін документ болып табылады. Ордер қызметтік тұрғын жай берілетін азаматтың тікелей өзіне немесе белгіленген тәртіпке орай куәландырылған сенімхат бойынша басқа адамға беріледі.

10. Қабылданған шешімге сәйкес қызметтік тұрғын жай жұмысшыға немесе қызметшіге еңбек шартының, колхозға мүшеліктің күші бар уақытқа пайдалануға беріледі.

11. Қызметтік тұрғын жайды пайдалану жалға беруші (кәсіпорын, мекеме, ұйым, колхоз басқармасы немесе қоғамдық ұйымның органы)

мен жалдаушы арасында ордер негізінде жасалатын қызметтік тұрғын жайды жалдаудың үлгі шартымен (№ 3 қосымша) ресімделеді.

Қызметтік тұрғын жайларды пайдалануға Қазақ ССР-і Тұрғын үй кодексінің 47—59 және 83-статьялары қолданылады.

12. Қызметтік тұрғын жайды пайдаланғаны үшін ақы мен коммуналдық қызметтер үшін ақы белгіленген тәртіп пен мөлшерде алынады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне сәйкес қызметтік тұрғын жайды пайдаланғаны үшін пәтер ақы және коммуналдық қызметтер үшін төленетін ақы жөніндегі жеңілдіктерді ССР Одағының заңдары белгілейді.

Колхоздардың иелігіндегі үйлердегі қызметтік тұрғын жайларда тұратын азаматтарға оларды пайдаланғаны үшін пәтер ақы жөнінде колхоз мүшелері жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімі бойынша жеңілдіктер берілуі мүмкін.

13. Кәсіпорынмен, мекемемен, ұйыммен еңбек қатынастарын доғарған жұмысшылар мен қызметшілер, сондай-ақ колхоз мүшелігінен шығарылған немесе өз қалауы бойынша колхоздан шыққан азаматтар басқа тұрғын жай берілместен өздерімен бірге тұратын барлық адамдармен қоса қызметтік тұрғын жайдан шығарылуға жатады.

14. Басқа тұрғын жай берілместен қызметтік тұрғын жайлардан мына адамдар шығарылмайды:

соғыс мүгедектері және СССР-ді қорғау кезінде немесе өзге әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде жарақаттану, контузияға ұшырау немесе майып болу салдарынан, не майданда болуына байланысты науқастануы салдарынан мүгедек болып қалған әскери қызметшілер арасындағы басқа мүгедектер;

майдандағы армия құрамында болған Ұлы Отан соғысына қатысушылар;

СССР-ді қорғау кезінде немесе өзге әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілер мен партизандардың семьялары;

әскери қызметшілердің семьялары;

қызметтік міндеттерін орындау кезінде жарақаттану, контузияға ұшырау немесе майып болу салдарынан мүгедек болып қалған СССР Ішкі істер министрлігі органдарының қатардағы және бастық құрамындағы адамдар арасындағы мүгедектер;

өздеріне қызметтік тұрғын жай берген кәсіпорында, мекемеде, ұйымда кемінде он жыл жұмыс істеген адамдар;

қызметіне байланысты тұрғын жай берілген, одан босатылған, бірақ осы тұрғын жайды берген кәсіпорынмен, мекемемен, ұйыммен еңбек қатынастарын доғармаған адамдар;

кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның таратылуына не қызметкерлер санының немесе штатының қысқартылуына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

қартайғандығы бойынша пенсионерлер, дербес пенсионерлер;

қызметтік тұрғын жай берілген қайтыс болған қызметкердің семья мүшелері;

I және II топтағы еңбек мүгедектері, әскери қызметшілер арасындағы I және II топтағы мүгедектер мен соларға теңестірілген адамдар;

өздерімен бірге кәмелетке толмаған балалары тұратын жалғызілікті адамдар.

Аталған адамдарды басқа тұрғын жай беріп шығарған жағдайда ол тұрғын жай сол елді мекенде болуға, белгіленген санитариялық және техникалық талаптарға сай келуге тиіс.

15. Егер қызметтік тұрғын жай орналасқан үй мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскесі алынуына байланысты бұзуға жатқызылса, сондай-ақ егер үй (қызметтік тұрғын жай) адам тұрмайтын үй-жай етіп қайта жабдықтауға жатқызылған болса, бұл үйден (қызметтік тұрғын жайдан) шығарылатын азаматтарға тұрмысқа жайлы басқа тұрғын жайды жер учаскесі бөлініп берілетін немесе қайта жабдықтауға жатқызылған үй (қызметтік тұрғын жай) берілетін мемлекеттік, кооперативтік немесе қоғамдық ұйым береді.

Қызметтік тұрғын жай орналасқан үй өзге реттерде бұзылса, бұл үйден шығарылатын азаматтарға тұрмысқа жайлы басқа тұрғын жайды бұзуға жатқызылған үйді немденген мемлекеттік, кооперативтік немесе өзге қоғамдық ұйым, ал бұл ұйымның тұрғын жай беруге мүмкіндігі болмаған жағдайда — халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті береді.

Аталған реттерде берілетін тұрғын жайлар осы Нұсқаумен белгіленген тәртіп бойынша қызметтік тұрғын жайлар қатарына жатқызылуы мүмкін.

Қызметтік тұрғын жайларды беру мен пайдалану тәртібі туралы нұсқауға

№ 1 ҚОСЫМША

Халық депутаттары_____Советі атқару комитетінің,

(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның)

Қызметтік тұрғын жайларды есепке алу кітабы

Қызметтік тұрғын жайдың адресі (қаланың, жұмысшы поселкесінің, совхоздың, колхоздың, көшенің аты, үй мен пәтердің номері)	Тұрғын үй мен қызметтік тұрғын жай кімнің иелігінде	Қызметтік тұрғын жайдың көлемі			Халық депутаттары Советі атқару комитетінің тұрғын жайды қызметтік тұрғын жайлар қатарына жатқызу туралы шешімінің номері мен датасы немесе колхоз мүшелері жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімін бекіту	Халық депутаттары Советі атқару комитетінің тұрғын жайды қызметтік тұрғын жайлар қатарынан шығару туралы шешімінің номері мен датасы немесе колхоз мүшелері жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімін бекіту	Ескерту
		бөлмелер	тұрғын алаң шаршы метр есебімен	жалпы алаң шаршы метр есебімен			

Қызметтік тұрғын жайларды беру мен пайдалану тәртібі туралы нұсқауға
№ 2 ҚОСЫМША

Қызметтік тұрғын жайға арналған ордердің формасы

Халық депутаттары _____

Советінің атқару комитеті _____

Қызметтік тұрғын жайға иелік ордерінің түбірі

№ _____ сериясы _____

_____ 19 ____ ж.

Ордер азамат _____ мына адрес бойынша _____
(қала,

_____ № _____ үй, _____ бөлмеден
жұмысшы поселкесі, совхоз, колхоз, көше)

тұратын, тұрғын алаңы _____ шаршы метр, жалпы көлемі _____ шаршы метр _____ № _____ потердегі қызметтік тұрғын жайды жалдау мен қоныстану шартын жасасу үшін берілді.

Семья мүшелері: _____
(берілген тұрғын жайға жалдаушымен бірге қоныстана-

_____
тындар, фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған жылы, жалдаушымен

_____
туыстық қатысы көрсетілсін)

Тұрғын жай халық депутаттары _____

Советі атқару комитетінің 19___ жылғы №_____ шешімімен қызметтік тұрғын жайлар қатарына енгізілген.

Ордер қызметтік тұрғын жайды жалдау мен қоныстану шартын жасасу үшін қолданылады.

Ордерді бердім (қолы)

Ордерді алдым (қолы)

* * *

Қызметтік тұрғын жайларды беру мен пайдалану тәртібі туралы нұсқауға

№ 2 ҚОСЫМША

Халық депутаттары _____

Советінің атқару комитеті

Қызметтік тұрғын жайға иелік ордері

№ _____ сериясы _____

_____ 19 ____ ж.

Ордер азамат _____ мына адрес бойынша _____
(қала,
_____, № _____ үй, _____ бөлмеден
жұмысшы поселкесі, совхоз, колхоз, көше)

тұратын, тұрғын алаңы _____ шаршы метр, жалпы көлемі _____ шаршы метр № ____ пәтердегі қызметтік тұрғын жайды жалдау мен қоныстану шартын жасасу үшін берілді.

Семья мүшелері: _____
(берілген тұрғын жайға жалдаушымен бірге қоныста-
_____
натындар, фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған жылы, жалдаушымен

_____
туыстық қатысы көрсетілсін)

Тұрғын жай халық депутаттары _____

Советі атқару комитетінің 19 ____ жылғы № _____ шешімімен қызметтік тұрғын жайлар қатарына енгізілген.

Ордер қызметтік тұрғын жайды жалдау мен қоныстану шартын жасасу үшін қолданылады.

Ордерді бердім (қолы)

Мөрдің орны

* * *

Қызметтік тұрғын жайларды беру мен пайдалану тәртібі туралы нұсқауға

№ 3 ҚОСЫМША

Қызметтік тұрғын жайды жалдаудың
ҮЛГІ ШАРТЫ

_____ 19 ____ жылы
(елді мекеннің аты)

Бір тараптан _____
(тұрғын үй-пайдалану ұйымының немесе қарамағында

_____
қызметтік тұрғын жайы бар кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның,

совхоздың, колхоздың аты)

негізінде іс-әрекет етуші, бұдан былай «Жалға беруші» деп аталатын

_____және екінші тараптан бұдан
(қызметі, фамилиясы, аты, әкесінің аты)

былай «Жалдаушы» деп аталатын азамат _____атынан
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

_____19 ____ жылғы _____берілген ордер негізінде

_____осы шартты төмендегі туралы
(ордерді кімнің бергені көрсетілсін)

жасасты:

1. Жалға беруші жалдаушыға оның _____
(кәсіпорын, мекеме, ұйым және

_____
жалдаушының қызметі)

жұмыс істейтін уақытына арнап _____
(елді мекеннің аты)

көшесіндегі №_____үйде _____бөлмеден тұратын, тұрғын алаңы

_____шаршы метр №_____пәтердегі қызметтік тұрғын жайды пайдалануға береді.

Берілетін қызметтік тұрғын жайдың және оның инженерлік жабдықтарының сипаттамасы мен техникалық жайы осы шартқа қосылған паспортта көрсетілген, паспорт оның құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Жалға беруші мыналарға міндеттенеді:

а) жалдаушыға қызметтік тұрғын жайды түзік күйде беруге;

б) қызметтік тұрғын жайға уақтылы күрделі жөндеу жүргізуге және оның инженерлік жабдықтары үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

в) егер жалдаушыны шығармай жөндеу жүргізу мүмкін болмаса, күрделі жөндеу жүргізілетін уақытқа (мұның өзінде жөнделетін үй-жайға арналған жалдау шартын бұзбастан) жалдаушы мен оның семья мүшелеріне басқа тұрғын жай беруге;

г) тұрғын және қосалқы жайлардағы инженерлік жабдықтардың бүлінуі мен ақауын жалдаушының заявкасын алған кезден бастап үш күннен кешіктірмей жөндеуге, ал авария болған ретте оны дереу тоқ-

татуға. Бүлінү мен авария болған жағдайда олардың салдарын екі ай мерзім ішінде өз есебінен, немесе, егер бұлар жалдаушының (басқа кінәлы адамдардың) кінәсынан болғаны дәлелденсе, шығындарды кейіннен солардың есебіне жатқыза отырып жөндеуге;

д) қызметтік тұрғын жайларды тексеріп тұруға және жабдықтарға Тұрғын үй қорын техникалық пайдалану ережелері мен нормаларында көзделген мерзімдерде профилактикалық күтім жасауға.

3. Жалдаушы мыналарға міндеттенеді:

а) тұрғын және қосалқы жайлардың сақталуын қамтамасыз етуге, санитариялық-техникалық және өзге де жабдықтарға, көркейту объектілеріне ұқыпты қарауға, Тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үй мен үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелерін, өрт хауіпсіздігі мен социалистік тұрмыс салты ережелерін сақтауға, подъездерде, лифті кабиналарында, баспалдақ алаңшаларында және жалпы пайдаланудағы басқа орындарда тазалық пен тәртіп сақтауға, суды, газды, электр және жылу энергиясын үнемді жұмсауға, тұрғын жайларды жеке басының баюы мен еңбексіз табыс табу мақсатында пайдаланбауға;

б) пәтер ақысын, онымен бір мезгілде коммуналдық және басқа қызметтер ақысын белгіленген тәртіпке орай бекітілген тарифтер бойынша өткен айдан кейінгі айдың онынан кешіктірмей ай сайын төлеп отыруға;

в) өзі немденген тұрғын және қосалқы жайлар мен олардың жабдықтарын әрбір 3—4 жыл сайын Тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үй мен үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелерінде көрсетілген көлемде өз есебінен ағымдағы жөндеуден өткізуге;

г) жалға берушінің жазбаша рұқсатынсыз тұрғын және қосалқы жайларды қайта құрмауға және қайта жобаламауға, жылыту және санитариялық-техникалық приборлар мен жабдықтардың басқа түрлерінің орнын ауыстырмауға.

Тұрғын немесе қосалқы жайды өз бетінше қайта құрған немесе қайта жобалаған жалдаушы үй-жайды өз есебінен бұрынғы қалпына келтіруге міндетті;

д) жалдаушының немесе онымен бірге тұратын адамдардың кінәсынан үй-жайдың және оның жабдықтарының бүлінуіне байланысты барлық шығындарды заңда белгіленген тәртіп пен мөлшерде жалға берушіге өтеуге;

е) басқа тұрақты тұрғын жерге бүкіл семьясымен кеткен жағдайда өздері немденген тұрғын және қосалқы жайлар мен олардың жабдықтарын босатып, жалға берушіге акті бойынша түзік күйде өткізуге. Мұның өзінде алған кезде үй-жайдың жекелеген конструкциялары немесе әрленген жерлері бүлінуі мүмкін жалдаушы орнатқан жабдықтар мен тетіктерді алуға тыйым салынады.

Тұрғын және қосалқы жайларды жалдаушының оларды бүлдіруі, сондай-ақ жалдаушының міндетіне сәйкес ағымдағы жөндеу жөнінде орындалмаған жұмыстар үй-жайларды өткізу актісінде көрсетіледі. Мұндай ретте қажетті жөндеу құны және жалға берушінің келтірілген ақауларды жөндеу жөніндегі шығындары жалдаушының есебінен төленуге жатады.

Үй-жайларды өткізу актісін жалға беруші мен жалдаушының уәкілдері жасап, қол қояды.

4. Семьяның қамелетке толған мүшелері осы шарттан туындайтын міндеттемелер бойынша жалдаушымен бірдей мүліктік жағынан жауап береді.

5. Егер жалдаушы кәсіпорынмен, мекемемен, ұйыммен, колхозбен еңбек қатынастарын доғарған болса, бұл шарт жалға берушінің талап

етуі бойынша бұзылуы мүмкін. Жалдаушыны және онымен бірге тұрған барлық адамдарды олар иемденген қызметтік тұрғын жайдан шығару заңда көрсетілген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

6. Осы шартта көзделмеген мәселелер Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексі мен басқа да заңдық және нормативтік актілерге сәйкес шешіледі.

7. Осы шартты орындау кезінде пайда болған дауларды сот немесе бұған уәкілдігі бар басқа органдар шешеді.

8. Бұл шарт екі данада жасалған, оның бірі жалға берушіде, екіншісі жалдаушыда сақталады.

Жалға беруші (қолы)

Жалдаушы (қолы)

Тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үй мен үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелерімен жалдаушы танысқан.

Жалдаушы (қолы)

* * *

Қызметтік тұрғын жайды жалдаудың үлгі шартына

КОСЫМША

_____ _____
(елді мекеннің аты)

көшесіндегі №_____үйдің №_____пәтеріндегі қызметтік тұрғын жайдың

ПАСПОРТЫ

Үй _____
(тұрғын үй-пайдалану ұйымының, кәсіпорынның, мекеменің,

_____тұрғын үй қорына кіреді.
ұйымның, совхоздың, колхоздың аты)

Үй-жайдың сипаттамасы

Жалпы көлемі _____шаршы метр тұрғын жай тұрғын алаңы _____шаршы метр _____бөлмеден тұрады, соның ішінде:

№ 1 бөлме _____шаршы метр;
№ 2 бөлме _____шаршы метр;
№ 3 бөлме _____шаршы метр;
№ 4 бөлме _____шаршы метр;

көлемі _____шаршы метр, _____конфоркалы _____плитамен жабдықталған ас үйі _____
(газ, электр немесе өзге) (жеке, жалпы пайдаланудағы) және _____ жабдықталған ванна бөлмесі,
(раковинамен, жуғышпен)

_____ жабдықталған санитариялық торап,

көлемі _____ шаршы метр дәліз, көлемі _____ шаршы метр антресоль, көлемі _____ шаршы метр қабырғаға кіріктіре жасалған шкафтар, көлемі _____ шаршы метр шолан-қоймалар.

Тұрғын жай _____
(пешпен немесе бір орталықтан жылытумен, қоқыс құбырымен,
_____
су құбырымен, канализациямен, электр жарығымен)
_____ жабдықталған.

Пәтерде _____
(телефон, радио, телевизия жүйелері, кіру есіктерін
_____ бар.
дистанциялық басқару, т. б.)

Тұрғын үй 19 _____ жылғы _____ пайдалануға берілген.

Тұрғын жай мен оның жабдықтары түзік күйде.

Жалға беруші (қолы) Жалдаушы (қолы)

* * *

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1986 жылғы 25 декабрьдегі
№ 488 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚЫЗМЕТТІК ТҰРҒЫН ЖАЙЛАР БЕРІЛЕТІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Тұрғын үй-пайдалану учаскелерінің (үй басқармаларының) бастықтары (басқарушылары), қараушы-техниктері (мастерлері), аға мастерлері, балалар аулалық клубтарының спорт жөніндегі ұйымдастырушы-педагогтері мен нұсқаушылары.

2. Тұрғын үйлер мен қызметтік үй-жайлар қазандықтарының машинистері, кочегарлары мен от жағушылары.

3. Авариялық жұмыстардың мастерлері, слесарьлары, электрмен-газбен пісірушілер, электр монтерлері, тазарту құрылыстарының операторлары, насос станцияларының машинистері, су құбыры және канализация басқармаларының су құбыры мен канализация жүйелерін шолушылар.

4. Тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының (тұрғын үй шаруашылығының өндірістік трестері және басқалары) слесарь-сантехниктері, электриктері, электр монтерлері, электр механиктері, газбен-электрмен пісірушілері, лифтілерді басқару жөніндегі диспетчерлері.

5. Демалыс үйлері мен аймақтарының, профилакторийлердің комендanttары (шаруашылық меңгерушілері).

6. Мектептердің, кәсіптік-техникалық училищелердің, арнаулы оқу орындары мен балалар мекемелерінің директорлары (меңгерушілері) және тәрбиешілері.

7. Мектептердің, ауруханалардың, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің слесарь-сантехниктері мен слесарь-электр монтерлері.

8. Тұрақты емдеу мекемелерінің бас дәрігерлері, жедел және шұғыл медициналық жәрдем машиналарының жүргізушілері, ауруларды күтетін кіші медициналық сестралар, санитаркалар.

9. Аудандық, селолық және поселкелік әнтекалардың басқарушылары.

10. Селолық және поселкелік байланыс бөлімшелерінің бастықтары, анықтама учаскелерінің телефонистері мен хат тасушылар.

11. Әуелік, радио-релейлік, кабельдік байланыс желілеріне, күшейткіш пункттерге күтім жасайтын кезекші техниктер, аға техниктер, радио- және телевизия станцияларына, әуелік радио-релейлік және кабельдік байланыс желілеріне, күшейткіш пункттер мен арнаулы объектілерге күтім жасайтын цехтар мен учаскелердің бастықтары, аға инженерлері мен инженерлері, аға электр механиктері мен электр механиктері, электр монтерлері мен антенші-мачташылары, кабельші-дәнекерлеушілері, арнаулы машиналардың жүргізушілері.

12. Милицияның учаскелік инспекторлары, сот орындаушылары мен мемлекеттік нотариустар.

13. Совхоз жұмысшылары және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес совхоздардың тұрғын үйлерінен қызметтік тұрғын алаң берілетін басқа да адамдар.

14. Тоған және балық өсіретін шаруашылықтардың балық өсірушілері, машинистері, жүргізушілері, электриктері.

15. Қосалқы және оқу шаруашылықтарының қызметкерлері, ауыл шаруашылық өндірісінің салалары базасында жұмыс істейтін кәсіптік-техникалық училищелердің оқытушылары мен өндірістік оқу мастерлері.

16. Мемлекеттік ақпылық шаруашылықтарының, орман шаруашылықтары мен қорықтардың директорлары, учаске бастықтары, инспекторлары, саятшылары, орман күтушілері, орманшылары, егерьлері.

17. Жол-жөндеу және жол-пайдалану пункттерінің бастықтары, жол мастерлері, желілік механиктері, аға прорабтары, машинистері, жүргізушілері, жөндеушілері мен жұмысшылары, жол шолушылары, жол бригадирлері, көпір мастерлері, орман қорғанын ағаштары дистанциясының мастерлері және темір жол өткелдерінің кезекшілері.

18. Жол жиһазының бригадирлері, мастерлері мен монтерлері, өзен транспортының аккумуляторшылары.

19. Газ жабдықтары мен жер асты газ құбырларына күтім жасайтын, авариялық-диспетчерлік қызметтің мастерлері мен слесарьлары, авариялық машиналардың жүргізушілері.

20. Метеорологиялық, су балансты, агрометеорологиялық, аэрологиялық, авиаметеорологиялық, қар көшкіндері станцияларының және табиғи ортаны бақылау лабораторияларының бастықтары, инженер-техник қызметкерлері, гидрологиялық, метеорологиялық және агрометеорологиялық күзеттердің байқаушылары, кіші техниктері, техниктері.

21. Тұрмыстық қатты қалдықтарды ұқсату заводтарының технологиялық жабдықтарының бас мамандары, смена мастерлері, техниктері, машинистері, жөндеуші-слесарьлары, электр слесарьлары, газбен-электрмен пісірушілері, автотрактор техникасының жүргізушілері, көкыс тиеу станциялары мен санитариялық тазалау кәсіпорындарының тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарының транспорт-жинау және ассенизация машиналарының жүргізушілері, қалалық электр транспортының жүргізушілері.

ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАНЫҢ ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ТҰРҒЫН АЛАҢДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ БӨЛУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ (БЮРОСЫ) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ, ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ АУДАНДЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІНІҢ АТҚАРУ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ФИЗКУЛЬТУРА ЖӘНЕ СПОРТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 30 марттағы № 124
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 9, 32-ст.)

(Үзінді)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

Осыған қосылған мына ережелер бекітілсін:

облыстық бағыныстағы қаланың халық депутаттары қалалық Советі атқару комитетінің тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімі (бюросы) туралы.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 30 марттағы
№ 124 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАНЫҢ ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ТҰРҒЫН АЛАҢДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ БӨЛУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ (БЮРОСЫ) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Облыстық бағыныстағы қаланың халық депутаттары қалалық Советі атқару комитетінің тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімін (бюросын) [1] Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес облыстық бағыныстағы қаланың халық депутаттары қалалық Советі құрады және өз қызметінде ол халық депутаттарының қалалық Советі мен оның атқару комитетіне бағынады.

2. Бөлімнің (бюроның) негізгі міндеті азаматтардың тұрғын үйге деген қажетін неғұрлым толық қанағаттандыру және олардың СССР Конституциясы мен Қазақ ССР Конституциясы кепілдік берген тұрғын үй алу правосын қамтамасыз ету мақсатында тұрғын алаңды дұрыс есепке алу мен бөлуді қамтамасыз ету болып табылады.

3. Тұрғын жайларды айырбастауда азаматтарға қызмет көрсету жөніндегі қалалық бюро бөлімге (бюроға) тікелей бағындырылған.

4. Бөлім (бюро) өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттарының қалалық Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен

[1] Бұдан былай текст бойынша «бөлім (бюро)».

жарлықтарын, басқа да нормативтік актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

5. Бөлім (бюро) өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) тұрғын алаңды бөлудің жылдық және перспективалық жоспарларын жасау жөніндегі ұсыныстарды қалалық жоспарлау комиссиясымен бірлесе отырып әзірлеп, оларды халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитетінде бекітуге табыс етеді;

б) тұрғын үй-құрылыс кооперативтерін ұйымдастыру мен комплектілеу, кооперативтік құрылысты дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

в) кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар тұрғын алаңды бөлудің жылдық жоспарына сәйкес алатын тұрғын алаңға қоныстандыруға арналған документтерді тексеруді және оны ресімдеуді жүргізеді;

г) мыналарды белгіленген тәртіп бойынша ресімдеу мен беруді жүзеге асырады:

мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғын жайларға қоныстануға право беретін ордерлерді;

тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлеріндегі тұрғын жайларға қоныстануға право беретін ордерлерді;

қызмет бабындағы тұрғын жайларды пеленуге берілетін ордерлерді;

тұрғын жайларға берілетін сақтық куәліктерді (броньдарды);

д) халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитеті бекіткен жоспарларға сәйкес бұзуға жататын үйлерден азаматтарды көшіреді;

е) запасқа шығарылған немесе отставкаға кеткен әскери қызметшілерге тұрғын үй-тұрмыстық жағдай жасау жөніндегі материалдарды әзірлеп, халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитетіне табыс етеді;

ж) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есебін алу жайына талдау жасап, халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитетіне тиісті ұсыныстар енгізеді;

з) жаңадан салынған тұрғын үйлердегі, бұрыннан бар тұрғын үй қорындағы босаған тұрғын алаңның есебін жүргізеді, тұрғын алаңды бөлу жөнінде ұсыныстар әзірлеп, халық депутаттары қалалық Совеі атқару комитетінің қарауына енгізеді;

и) азаматтардың тұрғын алаңмен қамтамасыз етілуіне байланысты оларды есептен шығару туралы мәселені белгіленген тәртіп бойынша шешеді;

к) босаған тұрғын алаңға және жаңадан салынған үйлердегі тұрғын алаңға уақтылы қоныстандыру ісін жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

л) халық депутаттарының қаладағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің пәтер мәселелері жөніндегі инспекторларының жұмысына методикалық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады;

м) халық депутаттарының қаладағы аудандық Советтерінің атқару комитеттерінде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың бірыңғай есебі жүргізілуін бақылайды;

н) азаматтарды бөлімнің (бюроның) компетенциясына жататын мәселелер бойынша қабылдауды ұйымдастырады, азаматтардың тұрғын үй мәселелері жөнінде келіп түсетін арыздары мен хаттарын қарап, олар бойынша шешімдер қабылдайды;

о) халық депутаттарының қаладағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің пәтер мәселелері инспекторларын тұрғын алаңды есепке алу мен бөлу жөніндегі есепке алу және есеп беру документтемесінің бланкілерімен қамтамасыз етеді;

п) қоғамдық активті тұрғын алаңды есепке алу мен бөлуге байланысты мәселелерді қарауға қатыстырады;

р) тұрғын жайларды айырбастауда азаматтарға қызмет көрсету жөніндегі қалалық бюроның қызметіне басшылық етеді, бұл бюроның финанс-шаруашылық қызметіне жылына кемінде бір рет тексеру жүргізеді, ал ол жоқ жерде тұрғын үйлерді айырбастауда азаматтарға қызмет көрсетеді, тұрғын алаңды айырбастау және тұрғын алаңды қосымша жалға өткізу жөніндегі документтерді ресімдейді.

6. Бөлімге (бюроға) мынадай право беріледі:

а) бөлімге (бюроға) жүктелген функцияларды орындау үшін халық депутаттарының қаладағы аудандық Советтерінің атқару комитеттерінен, кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан қажетті мәліметтер, анықтамалар, документтер мен түсініктемелер сұратуға және алуға;

б) есепке қою және тұрғын алаң беру үшін азаматтардан қажетті мәліметтер мен документтерді сұратуға және алуға;

в) халық депутаттарының қаладағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің тұрғын үй мәселелері жөніндегі инспекторларының, сондай-ақ кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтардың есебін алу және тұрғын алаң беру мәселелері жөніндегі жұмысына тексеру жүргізуге, тұрғын алаңның есебін алудың дұрыстығы мен оған қоныстандырудың уақтылылығын тексеруге;

г) босаған тұрғын алаң туралы тұрғын үй-пайдалану ұйымдарынан мәліметтер сұратуға;

д) егер кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің тұрғын алаң беру жөніндегі шешімдері қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін болса, бұл шешімдерді бұзу және өзгерту туралы халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитетіне ұсыныстар енгізуге;

е) халық депутаттары Советі атқару комитетінің тұрғын алаң беру туралы шешіміне ықпал еткен заңсыз мән-жағдайлар анықталған кезде ордерлер берілуін Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексі 45-статьясына сәйкес тоқтата тұруға;

ж) заңмен белгіленген тәртіп бойынша мыналарды:

— тұрғын алаңды есепке алу және оны беру ережелерін бұзуға кінәлы лауазымды адамдарды;

— тұрғын алаң алу жөніндегі есепке қойдыру үшін жалған документтер табыс еткен азаматтарды жауапқа тарту туралы мәселе қоюға;

з) бөлімнің (бюроның) функциясынан туындайтын істер бойынша талаптар қоюға және соттарда сөз сөйлеуге.

7. Бөлімді (бюроны) меңгеруші басқарады, оны халық депутаттарының қалалық Советі қызметке бекітеді және қызметтен босатады.

Қалалық Советтің сессиялары аралығындағы кезеңде, кейіннен Советтің кезекті сессиясында бекіттіре отырып, қалалық Советтің атқару комитеті бөлім (бюро) меңгерушісінің міндетін атқарушыны тағайындайды және меңгерушінің міндетін атқарушыны босатады.

Бөлім (бюро) меңгерушісінің орынбасарын, бас (аға) бухгалтерді бөлім (бюро) меңгерушісінің ұсынуы бойынша халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

8. Бөлімнің (бюроның) меңгерушісі:

бөлімнің (бюроның) жұмысын ұйымдастырады және оның қызметі үшін толық жауап береді;

халық депутаттары қалалық Советінің шешімдері, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының актілері негізінде және оларды орындау үшін өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарып, олардың орындалуын бақылайды;

егер қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін болса, өз орынбасарының бұйрықтары мен нұсқауларын бұзады;

осы Ереженің 7-тармағының үшінші абзацында аталған адамдардан басқа бөлім (бюро) қызметкерлерін белгіленген тәртіп бойынша, еңбек туралы заңдарға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

бөлім (бюро) қызметкерлеріне заңдармен белгіленген көтермелеу шараларын қолданады және жазалар береді;

бөлім (бюро) атынан сенімхатсыз әрекет етеді, барлық мекемелер мен ұйымдарда оның өкілі болып табылады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бөлімнің (бюроның) мүлкі мен қаржысына нелік етеді, шарттар жасасып, сенімхаттар береді;

халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитетіне бөлімнің (бюроның) компетенциясына жататын мәселелер жөніндегі шешімдер мен жарлықтардың жобаларын енгізеді;

халық депутаттары қалалық Советі атқару комитетінің және басқа жоғары тұрған органдардың бөлім (бюро) қызметіне қатысты шешімдері мен жарлықтарының орындалуын бақылауды ұйымдастырады;

бөлімнің (бюроның) компетенциясына енетін мәселелер бойынша ағымдағы және перспективалық жоспарлар жасау үшін қажетті материалдарды халық депутаттарының қаладағы аудандық Советтері атқару комитеттерінен, кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан сұратып алады;

депутаттардың сұрау салуына, сондай-ақ азаматтардың арыздарына, ұсыныстары мен хаттарына белгіленген мерзімдерде жауап береді;

бөлім (бюро) қызметінің мәселелері талқыланатын кеңестер шақырады;

азаматтарды қабылдайды, олардың ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын қарап, солар бойынша қажетті шаралар қолданады;

финанс тәртібінің сақталуын, социалистік меншіктің қорғалуын, мемлекеттік құпияның сақталуын қамтамасыз етеді;

бөлім (бюро) қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі шараларды ұйымдастырады.

9. Бөлім (бюро) жанында тұрғын үй-құрылыс кооператпвтерінің қызметіне байланысты мәселелерді қарау жөнінде комиссия құрылады.

Комиссияның құрамын бөлім (бюро) меңгерушісі бекітеді.

10. Бөлімнің (бюроның) штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

11. Бөлім (бюро) өз жұмысы туралы халық депутаттарының қалалық Советі мен оның атқару комитеті алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жерлеріндегі жиналыстарында есеп береді.

12. Бөлім (бюро) қалалық бюджет есебінен қаржыландырылады, СССР Мемлекеттік банкісінің мекемелерінде ағымдағы счеты болады, заңды ұйым болып табылады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҮЙЛЕРДЕ ТҰРҒЫН ЖАЙДЫ ЖАЛДАУДЫҢ ҮЛГІ ШАРТЫН ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ, ТҰРҒЫН ҮЙ МЕН ҮЙ ІРГЕСІНДЕГІ ТЕРРИТОРИЯНЫ КҮТІП ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 17 декабрьдегі № 487
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 3, 8-ст.)

Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексінің 47-статьясына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

Осыған қосылған Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорындағы үйлерде тұрғын жайды жалдаудың үлгі шарты және Тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үй мен үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелері бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 17 декабрьдегі
№ 487 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҮЙЛЕРДЕ ТҰРАТЫН ЖАЙДЫ ЖАЛДАУДЫҢ ҮЛГІ ШАРТЫ

_____ 19 жылы
(елді мекеннің аты)

Бір тараптан _____
(тұрғын үй-пайдалану ұйымының немесе қарамағында тұрғын

_____
жайы бар кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның аты)

туралы бекітілген Ереже негізінде іс-әрекет етуші бұдан былай «Жалға беруші» деп аталатын _____
қызметі, фамилиясы, аты,

_____ және екінші тараптан бұдан былай «Жалдаушы» деп аталатын
әкесінің аты

азамат _____ 19 жылғы _____
фамилиясы, аты, әкесінің аты

_____
ордерді кімнің бергені көрсетілсін

берілген № ____ ордер негізінде осы шартты төмендегі туралы жасасты:

1. Жалға беруші _____
елді мекеннің аты

көшесіндегі № _____ үйден тұрғын алаңы _____

шаршы метр _____ бөлмелі № _____ пәтерді (№ _____

пәтердегі бөлмені) жалдаушы мен оның семья мүшелеріне мерзімсіз пайдалануға береді.

Қазақ ССР-інде Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу және оларға тұрғын жайлар беру тәртібіне

№ 4 ҚОСЫМША

Халық депутаттары _____

Советінің атқару комитеті _____

_____ 19 ж.

ТҰРҒЫН ЖАЙ ОРДЕРІ

№ _____ серия _____

Азамат _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

адресі _____
(проспект, көше, тұйық көше және т. б.)

үй № _____ корпус № _____ пәтер № _____ пәтерде _____

_____
(жеке, коммуналдық)

_____ бөлмеден
(жапсарлас, оңаша)

тұратын көлемі _____ шаршы метрлік тұрғын алаңды иемденуге правосы бар _____ адамнан тұратын семьяға берілді.

Ордер берудің негізі _____
(тұрғын жай беру туралы шешім)

19 ж. _____ № _____

Халық депутаттары
Советі атқару комитетінің Тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің бастығы (арнайы тағайындалған лауазымды адамы) _____

_____
(қолы)

М. О.

Берілген тұрғын жайға қоныстану үшін осы ордер бірден-бір негіз болып табылады, ол алынған күннен бастап 10 күн ішінде тұрғын үй-пайдалану ұйымына өткізілуге тиіс, мұнда ол қатаң түрде есеп берілетін документ ретінде сақталады.

СЕМЬЯ ҚҰРАМЫ

Рет саны бойынша №	Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Туыстық қатысы
1.		
2.		
3.		
4.		
5.		
6.		

Халық депутаттары _____
Советі атқару комитетінің Тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің инспекторы (арнайы тағайындалған лауазымды адамы)

_____
(қолы)

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҮЙЛЕРДЕ ТҰРҒЫН ЖАЙДЫ ЖАЛДАУДЫҢ ҮЛГІ ШАРТЫН ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ, ТҰРҒЫН ҮЙ МЕН ҮЙ ІРГЕСІНДЕГІ ТЕРРИТОРИЯНЫ КҮТІП ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 17 декабрьдегі № 487
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 3, 8-ст.)

Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексінің 47-статьясына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Осыған қосылған Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорындағы үйлерде тұрғын жайды жалдаудың үлгі шарты және Тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үй мен үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелері бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 17 декабрьдегі
№ 487 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҮЙЛЕРДЕ ТҰРҒЫН ЖАЙДЫ ЖАЛДАУДЫҢ ҮЛГІ ШАРТЫ

_____ _____ 19 жылы
(елді мекеннің аты)

Бір тараптан _____
(тұрғын үй-пайдалану ұйымының немесе қарамағында тұрғын

_____
жайы бар кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның аты)

туралы бекітілген Ереже негізінде іс-әрекет етуші бұдан былай «Жалға беруші» деп аталатын _____
қызметі, фамилиясы, аты,

_____ және екінші тараптан бұдан былай «Жалдаушы» деп аталатын
әкесінің аты

азамат _____ 19 жылғы _____
фамилиясы, аты, әкесінің аты

_____
ордерді кімнің бергені көрсетілсін

берілген №_____ордер негізінде осы шартты төмендегі туралы жасасты:

1. Жалға беруші _____
елді мекеннің аты

көшесіндегі № _____ үйден тұрғын алаңы _____

шаршы метр _____ бөлмелі № _____ пәтерді (№ _____

пәтердегі бөлмені) жалдаушы мен оның семья мүшелеріне мерзімсіз пайдалануға береді.

Берілетін тұрғын жайдың және оның инженерлік жабдықтарының сипаттамасы мен техникалық жайы осы шартқа қосылған паспортта көрсетілген, паспорт оның құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Жалға беруші мыналарға міндеттенеді:

а) жалдаушыға тұрғын жайды түзік күйде беруге;

б) тұрғын үйге уақтылы жөндеу жүргізуге, үй мен тұрғын жайдың инженерлік жабдықтары үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, үйдің подъездерін, жалпы пайдаланудағы басқа да орындар мен үй іргесіндегі территорияны тиісінше күтіп ұстауға;

в) егер жалдаушыны шығармай жөндеу жүргізу мүмкін болмаса, күрделі жөндеу жүргізілетін уақытқа (мұның өзінде жөнделетін үй-жайға арналған жалдау шартын бұзбастан) жалдаушы мен оның семья мүшелеріне басқа тұрғын жай беруге;

г) тұрғын үйдегі инженерлік жабдықтардың бүлінуі мен ақауын жалдаушының заявкасын алған кезден бастап үш күннен кешіктірмей жоюға, ал авария болған ретте оны дереу тоқтатуға. Егер бүліну мен авария жалдаушының (басқа кінәлы адамдардың) кінәсынан болғаны дәлелденсе, бүліну мен аварияның салдарын екі ай мерзім ішінде өз есебінен немесе шығындарды кейіннен солардың есебіне жатқыза отырып жоюға;

д) тұрғын жайды, тұрғын үйді тексеріп тұруға және жабдықтарға Тұрғын үй қорын техникалық пайдалану ережелері мен нормаларында көзделген мерзімдерде профилактикалық күтім жасауға.

3. Жалдаушы мыналарға міндеттенеді:

а) тұрғын жайдың сақталуын қамтамасыз етуге, санитариялық-техникалық және өзге де жабдықтарға, көркейту объектілеріне ұқыпты қарауға, Тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үй мен үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелерін, өрт хауіпсіздігі ережелерін сақтауға, подъездерде, лифт кабиналарында, баспалдақ алаңшаларында және жалпы пайдаланудағы басқа орындарда тазалық пен тәртіп сақтауға, суды, газды, электр және жылу энергиясын үнемді жұмсауға;

б) пәтер ақысын және онымен бір мезгілде коммуналдық қызметтер (сумен, газбен, электр, жылу энергиясымен жабдықтау және басқа қызметтер) ақысын белгіленген тәртіпке орай бекітілген тарифтер бойынша өткен айдан кейінгі айдың онынан кешіктірмей ай сайын төлеп отыруға;

в) өзі иемденген тұрғын жай мен оның жабдықтарын өз есебінен әрбір 3—4 жыл сайын ағымдағы жөндеуден өткізуге, соның ішінде қабырғаларды, аралық қабырғалар мен төбені әктеп, сырлауға; қабырғаларға тұсқағаз жапсыруға, еденді, есік пен терезе блоктарын сырлауға, қабырға қаптамаларын жөндеуге, әйнек салуға, есік пен терезе бұйымдарын, электр розеткаларын, сөндіргіштерді, патрондарды, сондай-ақ жалдаушының кінәсынан мерзімінен бұрын істен шыққан су крандарын, су томыртқалағыштарды, ванналарды, қол жуғыштарды, раковиналарды, жуғыштарды, су ағызғыш бактарды, тұрғын үйдің басқа да конструкциялық элементтерін ауыстырып, жөндеуге және өз бетінше қосымша қойылған жылыту приборлары мен олардың секцияларын алып тастауға;

г) халық депутаттарының жергілікті Советі атқару комитетінің рұқсатынсыз тұрғын жай мен қосалқы жайларды қайта құрмауға және қайта жобаламауға, жылыту және санитариялық-техникалық приборлардың орнын ауыстырмауға. Жалдаушы жалдап отырған үй-жайдың сапасын жақсарту жөнінде шығарған шығындар өтеуге жатпайды. Тұрғын немесе қосалқы жайды өз бетінше қайта құрған немесе қайта жобалаған жалдаушы үй-жайды өз есебінен бұрынғы қалпына келтіруге міндетті;

д) жалдаушының немесе онымен бірге тұратын адамдардың кінәсынан тұрғын жайдың, тұрғын үйдің және олардың жабдықтарының бүлінуіне байланысты барлық шығындарды заңда белгіленген тәртіп пен мөлшерлерде жалға берушіге өтеуге;

е) бір тұрғын жайдан екіншісіне бүкіл семьясымен қоныс аударған кезде тұрғын жай мен оның жабдықтарын босатып, жалға берушіге акті бойынша түзік күйде өткізуге. Мұның өзінде алған кезде үй-жайдың жекелеген конструкциялары немесе әрленген жерлері бүлінуі мүмкін жалдаушы орнатқан жабдықтар мен тетіктерді алуға тыйым салынады.

Тұрғын жайды жалдаушының оны бүлдіруі, сондай-ақ тұрғын жайды жалдаушының міндетіне енетін ағымдағы жөндеу жөнінде орындалмаған жұмыстар тұрғын жайды өткізу актісінде көрсетіледі. Мұндай ретте қажетті жөндеудің құны және жалға берушінің келтірілген ақауларды жөндеу жөніндегі шығындары жалдаушының есебінен төлеуге жатады.

Тұрғын жайды өткізу актісін жалға беруші мен жалдаушы жасап, қол қояды.

4. Жалдаушының мынадай правосы бар:

а) иемденген тұрғын жайға өзінің жұбайын, балаларын, ата-аналарын, басқа адамдарды белгіленген тәртіп бойынша қоныстандыруға, бұған өз семьясының барлық жасы толған мүшелерінің жазбаша келісімін алу керек. Ата-аналарға олардың жасы толмаған балаларын қоныстандыру үшін семья мүшелерінің келісімі талап етілмейді;

б) уақытша кетіп қалғандарын қоса алғанда өзімен бірге тұратын семья мүшелерінің жазбаша келісімі бойынша иемденген тұрғын жайын Тұрғын жайларды айырбастау ережелерінде белгіленген тәртіпке орай басқа жалдаушымен немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесімен, оның ішінде басқа елді мекенде тұратындармен айырбастауға;

в) белгіленген нормалардан артық тұрғын алаңы болған кезде семья мүшелерінің келісімімен өзіне халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетінен, кәсіпорыннан, мекемеден, ұйымнан (тұрғын үйдің қайсысына қарайтынына байланысты) иемденген тұрғын жайының орнына белгіленген тәртіп бойынша шағын көлемді тұрғын жай берілуін талап етуге;

г) Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексінің 74—78-статьяларымен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша өзімен бірге тұратын семья мүшелерінің келісімімен және жалға берушінің келісімімен тұрғын жайды қосымша жалға өткізуге.

Жалдаушы уақытша басқа жаққа кеткен кезде тұрғын жайды жалдау шарты бойынша жалға берушінің алдында жауапты бола отырып, өзі иемденген барлық тұрғын жайды, ал басқа реттерде — иемденген тұрғын алаңның бір бөлігін қосымша жалға өткізуге праволы.

Уақытша кетіп қалған азаматтар үшін пайдалану правосы сақталатын тұрғын алаң артық тұрғын алаң деп есептелмейді;

д) семья мүшелерінің келісімімен жалдау шартын кез келген уақытта бұзуға.

5. Жалдаушының өзімен бірге тұратын семья мүшелері жалдаушымен тең дәрежеде барлық праволармен бірдей пайдаланады және тұрғын жайды жалдау шартынан туындайтын барлық міндеттерді атқарады. Семьяның жасы толған мүшелері аталған шарттан туындайтын міндеттемелер бойынша жалдаушымен бірге мүліктік жағынан жауапты болады.

6. Жалдаушы немесе оның семья мүшелері уақытша кетіп қалған кезде оларға тұрғын жай алты ай бойы сақталады. Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексінің 55-статьясында көзделген реттерде уақытша кетіп

қалған жалдаушыға немесе оның семья мүшелеріне тұрғын жай одан да ұзақ мерзімге сақталады.

Егер жалдаушы немесе оның семья мүшелері дәлелді себептермен алты айдан астамға кетіп қалса, бұл мерзімді кетіп қалған адамның арызы бойынша жалға беруші ұзарта алады.

7. Бұл шарт жалдаушының, оның семья мүшелерінің және жалға берушінің келісімімен ғана өзгертілуі мүмкін.

8. Жалға берушінің талабы бойынша бұл шарт заңмен белгіленген негіздерге орай ғана және тек сот арқылы бұзылуы мүмкін, бұған тұрғын жайды өз бетінше немденген немесе құлау хаупі төнген үйлерде тұратын адамдар қосылмайды.

9. Осы шартпен көзделмеген мәселелер Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексіне және басқа заңдық актілерге сәйкес шешіледі.

10. Осы шарттың орындалу кезінде пайда болған дауларды сот немесе оған өкілеттігі бар басқа органдар шешеді.

11. Осы шарт екі данада жасалған, оның бірі жалға берушіде, екіншісі жалдаушыда сақталады.

Жалға беруші (қолы) **Жалдаушы** (қолы)

Тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үй мен үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелерімен жалдаушы танысқан.

Жалдаушы (қолы)

* * *

Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорындағы үйлерде тұрғын жайды жалдаудың үлгі шартына

ҚОСЫМША

_____ _____

елді мекеннің аты

көшесіндегі № _____ үйдің № _____ пәтеріндегі тұрғын жайдың

ПАСПОРТЫ

Үй _____

тұрғын үй-пайдалану ұйымының, кәсіпорынның, мекеменің,

_____ тұрғын үй қорына кіреді.

ұйымның аты

ҮЙ-ЖАЙДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Жалпы көлемі _____ шаршы метр тұрғын жай тұрғын алаңы _____ шаршы метр _____ бөлмеден тұрады, соның ішінде:

№ 1 бөлме _____ шаршы метр,

№ 2 бөлме _____ шаршы метр,

№ 3 бөлме _____ шаршы метр,

№ 4 бөлме _____ шаршы метр,

№ 5 бөлме _____ шаршы метр,

ас үйдің көлемі _____ шаршы метр, _____

конфоркалы _____ (газ, электр немесе өзге) плиталы және _____ (раковинамен, жуғышпен)

_____ жабдықталған, ванна бөлмесі _____

жабдықталған санитариялық торабы _____

жабдықталған дәлізінің көлемі _____ шаршы метр, қабырғаға кіріктіре жасалған шкафтардың көлемі _____ шаршы метр,

антресольдердің көлемі _____ шаршы метр,

шолан-койманың көлемі _____ шаршы метр.

Тұрғын жай _____
(электр жарығымен, пешпен немесе бір орталықтан жылытумен,

_____
су құбырымен, канализациямен, қоқыс құбырымен

_____ жабдықталған.

Пәтерде _____ (телефон, радио, телевизия жүйелері) бар.

Тұрғын үй 19 ____ жылғы _____ пайдалануға берілген.

Тұрғын жай мен онын жабдықтары түзік жағдайда.

Жалға беруші (қолы) **Жалдаушы** (қолы)

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 17 декабрьдегі
№ 487 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ, ТҰРҒЫН ҮЙ МЕН ҮЙ ІРГЕСІНДЕГІ ТЕРРИТОРИЯНЫ КҮТІП ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы Ережелер мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорындағы үйлерде тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үй мен үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау тәртібін белгілейді.

I. Тұрғын жайлар мен тұрғын үйлерді күтіп ұстау және оларды пайдалану

1. Тұрғын жайды пайдалануға арналып Мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорындағы үйлерде тұрғын жайды жалдаудың бекітілген үлгі шарты негізінде жалдаушы мен тұрғын үй-пайдалану ұйымы арасында жазбаша түрде шарт жасалады.

2. Тұрғын жайды жалдаушы және онымен бірге тұратын адамдар мыналарға міндетті:

а) берілген тұрғын жайға мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ ордерді тұрғын үй-пайдалану ұйымына тапсырған күннен бастап 20 күннен кешікпей қоныстануға;

б) берілген тұрғын жайды жалдау шартының талаптарына сәйкес тікелей өз мақсатында пайдалануға;

в) тұрғын жайдың сақталуын қамтамасыз етіп, санитариялық-техникалық және басқа жабдықтарға ұқыпты қарауға, подъездерде, лифт кабиналарында, баспалдақ алаңшаларында және жалпы пайдаланудағы басқа да орындарда тазалық пен тәртіп сақтауға, суды, газды, электр және жылу энергиясын үнемді жұмсауға;

г) өздері немденген тұрғын жайдың техникалық және санитариялық жайын тексеруге келген тұрғын үй-пайдалану ұйымының қызметкерлері мен қоғамдық үй комитетінің өкілдеріне кедергі жасамауға;

д) бір орталықтан жылытылмайтын үйлерде қысқы кезеңде ұдайы пеш жағып, тұрғын жайда қалыпты температура сақтап отыруға;

е) бір және екі этажды тұрғын үйлердегі баспалдақ алаңшалары мен дәліздерді тұрғын жайда тұратын тұрғындардың санына сәйкес белгіленген график бойынша күн сайын жуып-сыпыруға;

ж) тұрғын жайда ақаулар бары анықталған жағдайда оларды жоюға мүмкін болған шараларды қолдануға және қажетті реттерде бұл туралы тұрғын үй-пайдалану ұйымына немесе тиісті авариялық қызметтерге хабарлауға;

з) пеш пен ас үйлік оттықтарды жаққан, электр, газ және басқа приборларды пайдаланған кезде өрт хауіпсіздігі ережелерін сақтауға, қолдан жасалған қорғағыш пробкалар орнатылуына жол бермеуге;

и) тұрғын жайдан қоқысты, тамақ қалдықтарын, қайталама шикізатты тұрғын үй-пайдалану ұйымы арнайы бөлген орындарға ұдайы шығарып тұруға;

к) немденген үй-жайда жылыту кезеңі басталғанға дейін жыл сайын терезелерді, балкондар мен кірме есіктерді бітеп-қымтауға.

3. Тұрғын жайды жалдаушының және онымен бірге тұратын адамдардың мыналарды істеуіне тыйым салынады:

а) оңай тұтанатын сұйық заттарды, қышқылдарды, тұрмыстық қалдықтарды және канализацияны ластайтын басқа да заттарды санитариялық құрылғыларға ағызуға және тастауға;

б) канализация жүйесі мен сифондар ластанған ретте санитариялық құрылғыларды пайдалануға;

в) жылу торабында үйге жылу берілуін өз бетінше реттеуге және жылыту приборларының қосымша секцияларын орнатуға;

г) үй тұрмысында пайдаланатын заттарды балкондарға, лоджияларға, өрт сөндірушілер кіріп-шығатын жолдарға, ортақ дәліздерге, баспалдақ алаңшаларына және запас есік алдына үйіп тастауға, сондай-ақ киімді, көрпе-жастық тысын, кілемдерді және басқа заттарды қоршаудың жақтауынан асыра іліп қоюға. Жануарлар мен құстарды балкондар мен лоджияларда ұстауға да тыйым салынады;

д) өрт шығу немесе жарылу хаупі бар материалдарды, сондай-ақ ауаны ластайтын заттарды тұрғын жайда, жертөледе, баспалдақ алаңшаларында, балкондарда, лоджияларда сақтауға;

е) үй-жайдың бүлінуіне әкеп соқтыратын немесе тұрғындардың калыпты жағдайларын бұзатын жұмыстарды тұрғын жайда жүргізуге;

ж) балкондарда, лоджияларда немесе терезелер ашық тұрған кезде радиолаларды, ойнатқыштарды және дауыс зорайтқыш басқа да құрылғыларды пайдалануға.

Сағат 23-тен 7-ге дейін тұрғын жайда тыныштық сақталуға тиіс. Аталған уақытта қандай да болсын дауыс зорайтқыш құрылғыларды пайдалануға олардың даусы басқа тұрғындардың тыныштығын бұзбайтындай дәрежеде бәсеңдетілген жағдайда ғана жол берілуі мүмкін;

з) тұрғын үйлердің шатырына тұрғын үй-пайдалану ұйымының рұқсатынсыз жеке радио-телевизия антенналарын орнатуға;

и) балкондар мен лоджияларда қандай да болсын қондырғыларды орнатуға және оларды қайта жабдықтауға.

4. Бір семья иемденген тұрғын жайда ит пен мысық ұстауға санитария мен гигиена ережелері сақталған жағдайда, ал бірнеше семья иемденген тұрғын жайда, сонымен қатар, онда тұратын жасы толған барлық адамдардың жазбаша түрде келісуі болған жағдайда жол беріледі. Көп пәтерлі үйлерде бір баспалдақ алаңындағы тұрғын жай тұрғындарының да осындай келісуі қажет.

5. Киім, кілем және үй тұрмысында пайдаланатын басқа да заттарды тазалауға тұрғын үй-пайдалану ұйымы белгілеген орындарда ғана рұқсат етіледі.

6. Бірнеше семья иемденген тұрғын жайда жалпы пайдаланудағы орындарды пайдалану тәртібі, сондай-ақ оларды сыпырып-тазалау кезектілігі тұрғын жайды жалдаушылардың бәрінің өзара келісуі бойынша белгіленеді.

7. Тұрғын жайды жалдаушы пәтер ақыны және коммуналдық қызметтер (сумен, газбен, электр және жылу энергиясымен жабдықтау, тағы басқа қызметтер) ақысын тұрғын үйді жалдау шартымен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде төлеп отыруға тиіс.

8. Бірнеше семья иемденген тұрғын жайда жарық берудің, пешпен жылытудың, жалпы пайдаланудағы орындарды жөндеудің жалпы шығынын бөлу, телефондар мен коммуналдық қызметтер ақысын төлеу тұрғын жайды жалдаушылардың келісуі бойынша жүргізіледі. Келісім болмаған жағдайда шығын былай бөлінеді:

а) ортақ счетчик болған жағдайда электр энергиясы үшін — әрбір жалдаушының жарық беру нүктелері мен тұрмыстық электр приборларының қуатына пропорционалды түрде;

б) ортақ пешпен жылыту үшін — жылытылатын үй-жайлардың көлеміне пропорционалды түрде;

в) ортақ телефон үшін — тұрғын жайда тұрып, телефонмен пайдаланатын тұрғындардың неше рет сөйлескеніне қарамай олардың саны

бойынша. Қалааралық телефон арқылы сөйлесуді сөйлескен адам төлейді;

г) жалпы пайдаланудағы орындарды жөндеу және оларға жарық беру, газ үшін — тұрғындардың (үй шаруасындағы әйелдерді, уақытша тұрғындарды және жасына қарамай балаларды қоса алғанда) саны бойынша.

9. Бірнеше семья иемденген тұрғын жайдың тұрғындары арасындағы жалпы пайдаланудағы орындарды сыпырып-тазалау, коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығындарды бөлу және қосалқы үй-жайларды пайдалану туралы даулар белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

10. Жалдаушы өзі иемденген тұрғын жай мен оның жабдықтарын өз есебінен әрбір 3—4 жыл сайын ағымдағы жөндеуден өткізуге, соның ішінде қабырғаларды, аралық қабырғалар мен төбені әктеп, сырлауға, қабырғаларға тұскағаз жапсыруға, еденді, есік пен терезе блоктарын сырлауға, қабырға қаптамаларын жөндеуге, әйнек салуға, есік пен терезе бұйымдарын, электр розеткаларын, сөндіргіштерді, патрондарды, сондай-ақ жалдаушының кінәсынан мерзімінен бұрын істен шыққан су крандарын, су томыртқалағыштарды, ванналарды, қол жуғыштарды, раковиналарды, жуғыштарды, су ағызғыш бактарды, унитаздарды, тұрғын үйдің басқа да конструкциялық элементтерін ауыстырып, жөндеуге және өз бетінше қосымша қойылған жылыту приборлары мен олардың секцияларын алып тастауға міндетті.

11. Тұрғын жай мен қосалқы үй-жайларды жалдаушы мен оның семья мүшелерінің қайта құруы немесе қайта жобалауы олардың тұрмысқа жайлылығын арттыру мақсатында ғана жүргізілуі мүмкін және оған жалға берушінің келісімі мен халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің рұқсаты бойынша жол беріледі. Мұндай келісім мен рұқсат қосалқы үй-жайларда шеберханаларды, ал лоджияларды торлармен және әйнектелген терезелермен жабдықтауға да болуға тиіс.

Тұрғын немесе қосалқы үй-жайды өз бетінше қайта құрған немесе қайта жобалаған жалдаушы үй-жайды өз есебінен бұрынғы қалпына келтіруге міндетті.

12. Тұрғын жайды жалдау шарты бойынша жалдаушының праволары мен міндеттері осы тұрғын жайда онымен бірге тұратын семьяның басқа мүшесіне көшкен ретте тұрғын үй-пайдалану ұйымы жаңа жалдаушының атына жеке счет ашады.

13. Тұрғын үй-пайдалану ұйымы тұрғын жайды уақтылы (Тұрғын үй қорын техникалық пайдалану ережелері мен нормаларына сәйкес) тексеріп, нәтижелерін тиісті актілерде көрсетуге және солардың негізінде жалдаушыдан тұрғын жайға ағымдағы жөндеу жүргізуді талап етуге міндетті.

14. Тұрғын үй-пайдалану ұйымдары мыналарға міндетті:

а) тұрғын үйлерді Тұрғын үй қорын техникалық пайдалану ережелері мен нормаларына сәйкес тексеріп, олардың нәтижелері негізінде үйлерді уақтылы жөндеп отыруға;

б) тұрғын үйлер мен олардың жабдықтарын қысқы кезеңде пайдалануға жыл сайын уақтылы әзірлеуге;

в) тұрғын үйлер мен тұрғын жайлардың инженерлік жабдықтары кідіріссіз жұмыс істеуін, тұрғын үйлердің подъездері, жалпы пайдаланудағы басқа да орындар және үй іргесіндегі территориялар тиісінше күтіп ұсталуын қамтамасыз етуге.

15. Тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының есебінен мына жұмыстар атқарылады:

а) тозған конструкцияларды (іргетастарды, қабырғаларды, аралық қабырғаларды, төбе жапқыштарды, шатырларды, баспалдақ алаңшаларын, лифтілерді, қоқыс құбырларын) жөндеу мен ауыстыру;

б) тұрғындардың кінәсынан мерзімінен бұрын істен шыққаннан басқа реттерде, тұрғын жайлардағы есіктерді, терезе жақтауларын, еденderді, жылыту пештерін, ас үй плиталарын, инженерлік жүйелер мен санитариялық-техникалық приборларды жөндеу мен ауыстыру;

в) тұрғын үйлер мен олардың жабдықтарының жекелеген конструкцияларының ақауы уақтылы жойылмауына байланысты ішкі пәтерлік ағымдағы жөндеу жүргізу.

II. Үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау

16. Үй іргесіндегі территорияны пайдалану мен жөндеуді үйлерге не тұрғын үй-пайдалану ұйымдары жүзеге асырады.

17. Бос алаңдар болған жағдайда тұрғын үй-пайдалану ұйымы үй іргесіндегі территорияда:

а) кір жаюға, киім, кілем және үй тұрмысында пайдаланатын басқа да заттарды тазалауға арналған алаң жабдықтауға;

б) футбол, баскетбол, волейбол, городки, теннис ойнауға, сондай-ақ гимнастикамен шұғылдануға арналған спорт алаңдарын; құм салатын жәшіктермен, әткеншектермен, тақтайдан жасалған тербелмемен, шатыр-қалқанмен және басқа құрылғылармен жабдықталып, сәбилерге арналған ойын алаңдарын; спорт және балалар алаңдарында мұз айдындары мен сырғанақ тебетін төбешіктер ұйымдастыруға тиіс.

18. Тұрғын үй-пайдалану ұйымдары үй комитеттерімен және басқа қоғамдық ұйымдармен бірлесіп тұрғындардың үй іргесіндегі территорияда жасыл желектер көлемін ұлғайту жөніндегі инициативасын барынша қолдап отыруға тиіс.

19. Тұрғын жайды жалдаушы және онымен бірге тұратын адамдар жасыл желектерді, шаруашылық, спорт, балалар алаңдары мен олардың жабдықтарын сақтауға тиіс.

20. Мыналарға жол берілмейді:

а) тұрғын үйлердің фасадтарына, дуалдарға және бұл мақсаттарға арналмаған басқа да орындарда жарнамалар, плакаттар мен құлақтандырулар жапсыруға;

б) бос жатқан жер учаскелеріне немесе көшеге шығатын ашық аула учаскелеріне көрпе-жастық, киім, кілем және үй тұрмысында пайдаланатын басқа да заттарды ілуге;

в) аулаларда және үй іргесіндегі территорияның бұл мақсаттарға арналмаған басқа да орындарында автомашиналарды жууға;

г) тиісті рұқсатсыз аулада құрылыстар (гараждар, сарайлар, дуалдар және басқа құрылыстар) салуға;

д) өрт сөндірушілер кіріп-шығатын жолдар сақталған және тұрғын жайлардың терезелері күңгірттенбейтін жағдайда құрылыс материалдары мен отын жинауды қоспағанда аула территориясына металл сынықтарын, құрылыс қоқыстарын және басқа қалдықтарды үйіп тастауға;

е) аулаға тұрмыстық қалдықтарды төгуге, тастауға немесе өртеуге;

ж) коммуналдық шаруашылықтың жасыл желектерге нелік жасайтын органдарының рұқсатынсыз ағаштар мен бұталарды қайта отырғызуға немесе кесуге;

з) тұрғын үй-пайдалану ұйымының рұқсатынсыз үй іргесіндегі территорияны қазуға.

21. Тұрғын жайларды пайдалану, тұрғын үй мен үй іргесіндегі территорияны күтіп ұстау ережелерін бұзуға кінәлы адамдар СССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес әкімшілік немесе өзге жауапкершілікке тартылады.

АУЫЛ-СЕЛОЛЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ
МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ
1938 жылғы 23 майдағы № 136
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР заңдарының жинағы, 1939 ж., № 5, 27-ст.)

Қазақ ССР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Ауыл-селолық жерлерде жұмысшылар мен қызметшілер және оларға теңестірілген адамдар үшін пәтер ақының мынадай ставкалары белгіленіп, 1938 жылғы 1 майдан бастап күшіне енгізілсін:

Айлық жалақы	I шаршы метр үшін алынатын пәтер ақының ставкасы
20 сомға дейін	5,5 тиын
21 сомнан 30 сомға дейін	7,0 »
31 сомнан 40 сомға дейін	9,0 »
41 сомнан 50 сомға дейін	11,0 »
51 сомнан 60 сомға дейін	13,0 »
61 сомнан 70 сомға дейін	15,0 »
71 сомнан 80 сомға дейін	17,0 »
81 сомнан 90 сомға дейін	19,0 »
91 сомнан 100 сомға дейін	21,0 »
101 сомнан 110 сомға дейін	23,0 »
111 сомнан 120 сомға дейін	26,0 »
121 сомнан 130 сомға дейін	29,0 »
131 сомнан 140 сомға дейін	32,0 »
141 сомнан 150 сомға дейін	35,0 »
151 сомнан 160 сомға дейін	38,0 »
161 сомнан 170 сомға дейін	42,0 »
171 сомнан 180 сомға дейін	45,0 »
181 сомнан 190 сомға дейін	48,0 »
191 сомнан 200 сомға дейін	52,0 »
201 сомнан 210 сомға дейін	55,0 »
211 сомнан 220 сомға дейін	58,0 »
221 сомнан 230 сомға дейін	61,0 »
231 сомнан 240 сомға дейін	65,0 »
241 сомнан 250 сомға дейін	68,0 »
251 сомнан 260 сомға дейін	71,0 »
261 сомнан 270 сомға дейін	75,0 »
271 сомнан 280 сомға дейін	78,0 »
281 сомнан 290 сомға дейін	81,0 »
291 сомнан 300 сомға дейін	85,0 »

[1] Қазақ ССР-інің қалалар мен жұмысшы поселкелеріндегі пәтер ақысы ставкаларының мөлшері Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің «Қалалар мен жұмысшы поселкелеріндегі тұрғын үйлер үшін ақы төлеу туралы» 1928 ж. 14 майдағы қаулысымен реттеледі (РСФСР Заңдарының жинағы, 1928 ж., № 53, 402-ст.).

13-статья Қазақ ССР Министрлер Советінің 1947 ж. 31 декабрьдегі № 1087 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

24-статья Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

301 сомнан 310 сомға дейін	88,0 »
311 сомнан 320 сомға дейін	91,0 »
321 сомнан 330 сомға дейін	94,0 »
331 сомнан 340 сомға дейін	98,0 »
341 сомнан 350 сомға дейін	1 сом 01 тиын
351 сомнан 360 сомға дейін	1 » 04 »
361 сомнан 370 сомға дейін	1 » 08 »
371 сомнан 380 сомға дейін	1 » 11 »
381 сомнан 390 сомға дейін	1 » 14 »
391 сомнан 400 сомға дейін	1 » 18 »
401 сомнан 410 сомға дейін	1 » 21 »
411 сомнан 420 сомға дейін	1 » 24 »
421 сомнан 430 сомға дейін	1 » 27 »
431 сомнан 440 сомға дейін	1 » 30 »
441 сом және одан да көп	1 » 32 »

Ескертулер:

1. Осы ставкалар қалаларда орналасқан аудан орталықтарында қолданылмайды.

2. Бұл ставкалар аудандық атқару комитеттеріне бағынатын поселкелік Советтер мен совхоздарда қолданылады.

1 а. Алатын жалақысына және асырауындағы адамдардың санына қарай жұмысшылар мен қызметшілерге және оларға теңестірілген адамдарға мынадай жеңілдіктер жасалсын деп белгіленсін:

а) 140 сомға дейін жалақы алатын және асырауында бір адам барлар үшін алынатын пәтер ақы 10 процент, асырауында екі адам болғанда — 20 процент, асырауында үш адам болғанда — 30 процент, асырауында төрт адам болғанда — 40 процент және асырауында бес және одан да көп адамдар болғанда 50 процент кемітіледі;

б) айына 140 сомнан көбірек алатын және асырауында төрт адам болғанда 5 процент, асырауында бес адам болғанда 10 процент және асырауында алты және одан да көп адам болғанда 15 процент кемітіледі.

Ескертулер:

1. Осы жеңілдіктер қолданылғанда пәтер ақысының ставкасы айына 1 шаршы метр үшін 5,5 тиыннан кем бола алмайды.

2. Осы қаулының 6 және 7-статьяларында белгіленген пәтер ақының ставкалары үшін жеңілдіктер берілмейді [1].

2. Айына 20 сомнан артық жалақы алмайтын жұмысшылар мен қызметшілерге, мемлекеттік пенсионерлерге, әлеуметтік қамсыздандыруда немесе әлеуметтік сақтықта тұратын және айына 20 сомнан артық мөлшерде жәрдем немесе пенсия алатын адамдарға, өз тұсынан табатын табыстары жоқ қызыл әскерлердің семьяларына пәтер ақысының ставкасы бір шаршы метрден 5,5 тиын мөлшерінде белгіленеді.

Осы статьяда көрсетілген қызыл әскерлер семьяларын ауылдық және селолық Советтер пәтер ақы төлеуден босата алады.

3. Мемлекеттік пенсионерлер, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыруда немесе әлеуметтік сақтықта тұратын және айына 20 сомнан артық жәрдем немесе пенсия алатын адамдар жұмысшылар мен қызметшілер сияқты негізде пәтер ақы төлейді.

4. Дербес пенсионерлер тұратын тұрғын жай үшін жұмысшылар мен қызметшілерге белгіленген ставкалар бойынша төленуге тиісті пәтер ақының 50 процентін төлейді.

Пәтер ақысы белгіленгенде пенсионерлер алатын ставкасы (егер ондай болса) мен пенсиясы қоса ескеріледі.

---

[1] 1 а-статья Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің 1938 ж. 28 октябрьдегі № 1077 қаулысымен толықтырылған.

Кездейсоқ (үнемі табылмайтын) жалақы бұл орайда ескерілмейді[1]

5. Пенсиядан басқа ешқандай табысы жоқ Еңбек Ерлері тұрғын жай үшін пенсиясының 50 проценті мөлшерінен ақы төлейді. Жалдану бойынша жұмыс істеп жүрген Еңбек Ерлері бөлме үшін ақыны пенсиясын есепке алмай жалақысының есебінен төлейді.

6. Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясының, Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссариатының шекара және ішкі күзетінің кадр және басшы құрамының әскери қызметшілері үшін, сондай-ақ СССР Ішкі істер халық комиссариатының Мемлекеттік хауіпсіздік Бас басқармасының және жұмысшы-шаруа милициясының арнаулы атақ алған басшы құрамының адамдары үшін пәтер ақының мына ставкалары белгіленсін:

Айлық жалақы	I шаршы метр үшін алынатын пәтер ақының ставкасы
300 сомға дейін	30 тиын
301 сомнан 350 сомға дейін	35 »
351 сомнан 400 сомға дейін	40 »
401 сомнан 450 сомға дейін	45 »
451 сомнан 500 сомға дейін	50 »
501 сомнан 550 сомға дейін	55 »
551 сомнан 600 сомға дейін	60 »
601 сомнан 650 сомға дейін	65 »
651 сомнан 700 сомға дейін	70 »
701 сомнан 750 сомға дейін	75 »
751 сом және одан да көп	80 »

7. Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясының, СССР Ішкі істер халық комиссариатының шекара және ішкі күзетінің кесімді мерзімнен артық қызмет атқарған қатардағы кадр құрамының және кесімді мерзімнен артық қызмет еткен кадрлы кіші командалық және басшы құрамының әскери қызметшілері үшін айлық жалақысы 220 сомнан аспағанда бір шаршы метр үшін 15 тиын және айлық жалақысы 220 сомнан көп болғанда бір шаршы метр үшін 25 тиын мөлшерінде пәтер ақы белгіленсін.

8. Осы қаулының 6 және 7-статьяларында көрсетілген СССР Ішкі істер халық комиссариатының Мемлекеттік хауіпсіздік Бас басқармасы мен Жұмысшы-Шаруа милициясы Бас басқармасының әскери қызметшілері мен басшы құрамының адамдары үшін төлейтін пәтер ақысының мөлшерін белгілегенде көп жыл қызмет істегені үшін берілетін проценттік қосымшалар, шалғай жерлерде қызмет атқарғаны үшін төленетін компенсациялар ескерілмей бүкіл жалақысы есепке алынсын.

9. СССР Ішкі істер халық комиссариаты органдарының (Жұмысшы-Шаруа милициясы, өрттен сақтандыру және орман күзетінің бас басқармасы, азаматтық хал актыларының бөлімі, Мемлекеттік жерді картаға түсіру және картография Бас басқармасы, Тас жолдардың Бас басқармасы және тағы басқалары) қалған қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери ұйымдардың және басқа ведомстволардың қызметкерлеріне жалпы негізде жұмысшылар мен қызметшілерге белгіленген пәтер ақысының ставкалары қолданылатын болып белгіленсін.

10. Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясының әскери қызметшілері және СССР Ішкі істер халық комиссариатының Мемлекеттік хауіпсіздік Бас басқармасының және Жұмысшы-Шаруа милициясының басшы құрамының адамдары әскери-оқу орындарына жіберілген жағдайда, сон-

[1] 4-статьяға Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің 1941 ж. 14 июньдегі № 474 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

дай-ақ олар лагерьлерде, ұзақ командировкада немесе стажировкада болғанда, егер уақытша тұратын жерінде оларға тегін немесе мекеме ерекше төлейтін немесе бір бөлегін төлейтін бөлме берілсе, мұндайда олардың үнемі тұратын жерінде пәтер ақысы олар үшін 6 және 7-статьяларында белгіленген ставкалардың 50 проценті мөлшерінде белгіленеді.

11. 6 және 7-статьяларда көрсетілген адамдармен бірге өз алдына жалақы табатын семья мүшелері тұратын болса, пәтер ақы Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясы әскери қызметшісінің немесе СССР Ішкі істер халық комиссариатының Мемлекеттік хауіпсіздік Бас басқармасының және Жұмысшы-Шаруа милициясының Бас басқармасы басшы құрамы адамдарының жалақысы (оклады) бойынша белгіленеді.

12. 6 және 7-статьяларда көрсетілген пәтер ақының ставкаларын жергілікті Советтер азайта да, көбейте де алмайды.

14. Муниципалдық қордың үйлеріндегі тұрғын жайды немденетін колхоздардың мүшелері пәтер ақысын осы қаулының 1-статьясында көрсетілген ставкалар бойынша, соңғы жылда тапқан еңбек күндері туралы колхоздардың анықтамасына сәйкес төлейді, бұл арада анықтамаларда еңбек күнінің ақшалай және заттай бөлегінің құны, заттай бөлегін мемлекеттік сатып алу бағалары бойынша ақшалай бөлегіне аударылып көрсетіледі.

15. Мемлекеттік оқу орындарынан стипендия алатындар үшін пәтер ақының ставкалары осы қаулының 1-статьясына сәйкес жұмысшылар мен қызметшілер үшін белгіленген ставкалар негізінде стипендиаттың жалақысының (стипендияны, сондай-ақ жалақы мен басқа табыстарды қоса) жалпы сомасына қарай белгіленеді. Стипендиясы күн көрістің бірден-бір көзі болып табылатын студенттерге пәтер ақының 25 проценті мөлшерінде жеңілдік беріледі.

16. Қол өнері-кәсіпшілік артельдерінің мүшелері емес және табыстарының жалпы сомасынан табыс салығын төлейтін қолөнершілер мен кәсіпшілердің төлейтін пәтер ақысының ставкаларын табыстарына қарай аудандық атқару комитеттері бір шаршы метр үшін 35 тиыннан 1 сом 96 тиынға дейінгі мөлшерде белгілейді.

17. Діни қызметкерлер тұрғын бөлмелер үшін ақыны табыстарына қарай бір шаршы метр тұрғын алаң үшін 1 сом 32 тиыннан 4 сом 40 тиынға дейінгі пәтер ақының ставкалары бойынша төлейді.

18. Жұмысшылар мен қызметшілерден алынатын пәтер ақыны есептегенде жұмысшылар мен қызметшілердің кесімді мерзімнен тыс табыстан басқа бүкіл жалақысы ескеріледі. Арнаулы ставка алатын және қосымша қызмет атқаратын, өзінің тұрақты ставкасына қосымша процеңттік ақы алатын жалдамалы еңбек адамдары пәтер ақысын өзінің барлық айлық табысынан төлейді.

Пәтер ақысы семьяда ең көп жалақы немесе табыс табатын семья мүшесінің жалақысынан немесе табысынан алынады, бұл арада тұрғын алаң ақысы пәтер ақы төлеушінің толық немесе ішінара асырауындағы барлық адамдар үшін осы жалақы немесе табыстан төленеді.

19. Пәтер ұстаушылар олар және олардың асырауындағы семья мүшелері тұратын тұрғын алаңының пәтер ақысын 1, 6 және 7-статьяларында көрсетілген ставкалар бойынша пәтер ұстаушының семьясының әр мүшесіне 9 шаршы метр мөлшерінде төлеуге правосы бар.

20. 19-статьяда белгіленген нормадан тыс тұрғын алаңның артығына пәтер ақының тиісті ставкаларының үш есе мөлшерінде ақы төленеді, бұл арада пәтер ұстаушы жұмысшы немесе қызметші болса, онда бір семьяға 4,5 шаршы метрге жетпейтін артық алаңы үшін бір есе мөлшерінде ақы төленеді.

Ескерту: Бір есе мөлшерде ақы төленетін қосымша аланды пайдалануға правосы бар семья контингенттері, сондай-ақ бұл контингенттерге берілетін қосымша алаңның мөлшері ерекше қаулымен реттеледі.

21. Бөлме үшін ақыны жұмысшылар мен қызметшілер, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар төленген айдан кейінгі айдың 10-шы күнінен кешіктірмей, қалған адамдар бөлме үшін ақыны төленетін айдың 15-і күнінен қалдырмай төлейді [1].

22. Муниципалдандырылған және мемлекет меншігіне алынған үйлердің пәтер ақысы үйлерді күту және қалпына келтіру мұқтаждарына жұмсалады.

23. Осы қаулының күші ауыл-селолық жерлерде орналасқан барлық үйлерге: муниципалдандырылған үйлерге, сондай-ақ мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық ұйымдарға қарайтын үйлерге қолданылады, жергілікті Советтер, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар 1924 жылдан бастап салған, пәтер ақысы ставкаларына 25 проценттен артық емес мөлшерде үстеме қосуға рұқсат берілген үйлерге бұл қаулының күші таратылмайды.

ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1957 жылғы 27 августағы № 601
ҚАУЛЫСЫ

Республикада мемлекеттік тұрғын үй қорын пайдалануды жақсарту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР министрліктерінің, ведомстволары мен халық шаруашылық советтерінің басшыларына мыналар міндеттелсін:

ж) жеке құрылыс жоспарларының орындалуын және жөндеу-құрылыс ұйымдарының өндірістік базаларын кеңейтуді, ең алдымен кептіру, ағаш өңдеу цехтарының, бетон және темір-бетон бұйымдарды дайындау жөніндегі полигондардың құрылысын салуды қамтамасыз ету.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР министрліктері, ведомстволары, облыстық атқару комитеттері және халық шаруашылық советтері тұрғын үй құрылысының жылдық жоспарларында авариялық қордан тұрғындарды көшіру үшін тұрғын үйлердің құрылысына күрделі қаржы бөлуді қарастыруға міндеттелсін.

5. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне екі ай мерзім ішінде тұрғын үйлерді күрделі және ағымдық жөндеуге материалдардың, жабдықтардың, механизмдер мен транспорт құралдарының жұмсалу нормаларын жасау және оны Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісе отырып бекіту тапсырылсын.

1958 жылдан бастап материалдық-техникалық жабдықтаудың жылдық жоспарларында тұрғын үй қорын күрделі және ағымдық жөн-

[1] 23-бетті қараңыз.

[2] 1-пункттің «а» — «е», «з» тармақтары Қазақ ССР Министрлер Советінің 1969 ж. 31 марттағы № 195 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

Қаулының 3, 4, 6, 7, 9, 12-пункттері, 13-пункттің бірінші абзацы, «а» мен «б» тармақтары, 14, 15-пункттері және оған қосымша Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

деуге материалдарды, жабдықтарды, механизм мен транспорт құралдарын осы нормалар бойынша бөлу қарастырылсын.

8. 1958 жылғы 1 январьдан бастап бір құрылысқа 20 мың сомнан астам мөлшерде мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлеріне сметасыз күрделі жөндеу жүргізуге тыйым салынсын.

1964 жылдың 1 январынан бастап үйлер мен ғимараттардың күрделі жөндеу сметаларындағы ойда болмаған шығындардың көлемі, заказ берушілердің ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жөндеу жұмыстарының толық сметалық құнының 4% көлемінде белгіленсін[1].

10. Қазақ ССР жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне, министрліктері мен ведомстволарына жөндеу-құрылыс ұйымдарының тиісті қызметкерлерінің окладтары деңгейінде техникалық қадағалау жөніндегі қызметкерлердің қызмет окладтарын белгілей отырып, жөндеу жұмыстарына бөлінген жылдық қаржыдан 0,7% мөлшерінде ақша бөлу есебінен еңбек жөніндегі жоспарлар шеңберінде тұрғын үйлердің жөндеуден өткізілуіне техникалық қадағалау жөнінде аппарат ұстауға рұқсат етілсін.

11. Үйлер мен ғимараттарды жөндеу жөніндегі жұмыстарды шарттар бойынша жергілікті Советтердің жөндеу-құрылыс трестері мен конторларына беретін министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары сметада қарастырып, жұмысшылар үшін жатақханалар мен тұрғын үйлерді салуға және жабдықтауға, сондай-ақ жөндеу-құрылыс ұйымдарының басқа да негізгі және айналым қаржыларын жасауға және толықтыруға күрделі жөндеу құнынан 3-тен 10 процентке дейін жөндеу-құрылыс ұйымдарына бөлуге міндеттелсін.

13. *(Төртінші абзац)* Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісім бойынша қажетті жағдайларда, үй басқармаларына кадрларды даярлауға бөлінген қаржыны орталықтандыруға рұқсат етілсін.

ҚАЗАҚ ССР-інде ТҰРҒЫН ЖАЙДЫ БРОНЬДАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУДЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ССР-інде ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ АЙЫРБАСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1985 жылғы 17 январьдағы № 20
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 4, 10-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Осыған қосылған Қазақ ССР-інде Тұрғын жайды броньдау тәртібі туралы нұсқау және Қазақ ССР-інде Тұрғын жайларды айырбастау ережелері бекітілсін.

---

[1] 8-пункттің екінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 ж. 27 майдағы № 421 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

[2] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1985 жылғы 17 январьдағы
№ 20 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР-інде ТҰРҒЫН ЖАЙДЫ БРОНЬДАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ

1. ССР Одағы мен одақтас республикалардың Тұрғын үй заңдарының негіздеріне және Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексіне сәйкес Қазақ ССР-інің территориясында тұрғын жайларды броньдаудың бірыңғай тәртібі осы Нұсқаумен белгіленеді.

2. Жалдаушы мен оның семья мүшелеріне мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғын жай мынадай реттерде броньдалады:

а) шет елге жұмысқа жіберілген кезде — шет елде болудың барлық уақыты бойы;

б) Қиыр Солтүстік аймақтарына және соларға теңестірілген жерлерге жұмысқа кеткен кезде — еңбек шарты күшінде болған барлық уақыт бойы, ал ССР Одағының заңдарында көзделген реттерде — Қиыр Шығыс аймақтарында және соларға теңестірілген жерлерде болудың барлық уақыты бойы;

в) ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген басқа реттерде.

3. Жалдаушы мен оның семья мүшелеріне жалдау шарты бойынша немденген бүкіл тұрғын жай онда семьяның басқа мүшелерінің қалуына немесе олардың бірге кетуіне қарамастан броньдалады. Соңғы ретте тұрғын алаң семьяның кететін мүшелеріне де броньдалады.

Жалдаушы семьясының онымен бірге тұратын бұрынғы мүшелерінің де тұрғын жайды жалдауға жалдаушы мен оның семья мүшелеріндей правосы бар.

4. Тұрғын жайды броньдауды азаматтар кеткен кезінен алты айдан кешіктірмей жүргізуге тиіс.

Егер азаматтар тұрғын жайға правосын жойған деп сот арқылы танылмаса, осы мерзім өткеннен кейін аталған тұрғын жай оларға да броньдалуы мүмкін.

5. Осы Нұсқаудың 2-тармағында аталған реттерде халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті жалға берушіге табыс ету үшін жалдаушыға немесе оның семья мүшелеріне белгіленген форма (№ 1 қосымша) бойынша сақтық куәлігін (бронь) береді.

6. Сақтық куәлігінің (броньның) қолданылу мерзімі оны берген күннен бастап есептеледі.

7. Сақтық куәлігі (бронь) тұрғын үйдің кімге қарасты екеніне қарамастан броньдалатын тұрғын жайдың орналасқан жерінде беріледі.

Броньдалған тұрғын жай Броньдалған тұрғын жайлардың есеп кітабында белгіленген форма (№ 2 қосымша) бойынша есепке алынады.

8. Сақтық куәлігін (бронь) алу үшін жалдаушы (оның семья мүшесі) немесе оның сенімхаты бойынша басқа адам арыз береді. Арызға броньдалатын тұрғын жайға арналған жеке финанс счетының көшірмесі, еңбек шарты бойынша жұмысқа кеткен кезде — еңбек шартының көшірмесі, ал басқа реттерде — тиісті кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның өтініші қоса тіркеледі.

Қызметкер семьясының осы қызметкердің жұмыс орнына баратын мүшесі тек арыз береді.

9. Сақтық куәлігі (бронь) азаматқа екі данада беріледі, оның біреуін ол броньдалатын тұрғын жайдың орналасқан жеріндегі тұрғын үй-пайдалану ұйымына табыс етіп, тұрғын жайды броньдаған азаматта қалатын екінші данасына қол қойдыртады.

Сақтық куәлігі (бронь) тұрғын үй-пайдалану ұйымында қатаң түрде есеп берілетін документ ретінде сақталады.

10. Сақтық куәлігі (бронь) осы Нұсқаудың 2-тармағында көзделген мерзімдерге беріледі.

Шет елде болу уақытын ұзартқан, еңбек шартын қайта жасаған немесе ұзартқан жағдайда және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген басқа реттерде сақтық куәлігі (бронь) азаматтың арызы бойынша жаңа мерзімге беріліп, оның тұрғын жайды броньдау правосын қуаттайтын документтер (еңбек шартының, кәсіпорын, мекеме, ұйым өтінішінің көшірмелері) қоса тіркеледі.

11. Сақтық куәлігі (бронь) мыналарға берілмейді:

а) қосымша жалдаушыларға және уақытша тұрғындарға;

б) жатақханаларда және қызметтік тұрғын жайларда тұратын адамдарға;

в) тұрғын жайды жалдау шартын өзгерту немесе бұзу туралы талап мәлімделген адамдарға,— дау белгіленген тәртіп бойынша шешілгенге дейін.

12. Сақтық куәлігін (броньды) беруден бас тартуға сот арқылы шағым жасауға болады.

13. Азаматқа берілген сақтық куәлігі (бронь) сот арқылы жарамсыз деп танылуы мүмкін.

14. Тұрғын жайды броньдаған азаматтар тұрғын жайды жалдау шарты жөніндегі правосын сақтайды және міндеттерін атқарады. Пайдалану правосы уақытша кетіп қалған азаматтә сақталатын тұрғын алаң артық деп саналмайды.

15. Жалдаушы броньдалған тұрғын жайға қосымша жалдау шарты бойынша, белгіленген тәртіпке орай қоныстандыруға не оған сақтық куәлігінің (броньның) қолданылу мерзімі шеңберінде уақытша тұрғындар қоныстандыруға праволы.

16. Егер жалдаушы немесе оның семья мүшелері сақтық куәлігінің (броньның) қолданылу мерзімі біткеннен кейінгі алты ай ішінде өздеріне үй-жайды қайтару туралы талап қоймаса, тұрғын жайды жалдау шарты сот арқылы бұзылады.

17. Мерзімнен тыс әскери қызметшілерге, прапорщиктерге, мичмандарға және СССР Қарулы Күштерінің, СССР Ішкі істер министрлігі мен СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитеті органдарының офицер құрамындағы адамдарына, сондай-ақ олардың семья мүшелеріне заңдарда белгіленген реттерде тұрғын жай тұрақты тұрғылықты жерінде броньдалады.

18. Жеке тұрғын үй қоры мен тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлерінде тұрғын жайлар тұрғын үй иесінің семья мүшелеріне және тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшесінің семья мүшелеріне осы Нұсқаумен белгіленген тәртіп бойынша броньдалады.

Сақтық куәлігінің (броньның) формасы

Қазақ ССР-інде Тұрғын жайды броньдау тәртібі туралы Нұсқауға
№ 1 ҚОСЫМША

Халық депутаттары _____ _____

Советінің атқару комитеті _____ _____ 19 ж.

№ _____ **САҚТЫҚ КУӘЛІГІНІҢ (БРОНЬНЫҢ) ТҮБІРІ**

Азамат _____ мына адрес бойынша _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

_____
(қала, поселке, село, ауыл, проспект, көше, тұйық көше және т. б.)

№ _____ үй, № _____ корпус, № _____ пәтер _____
(бөлек, коммуналдық)

пәтердегі _____ бөлмелі көлемі _____
(жапсарлас, оңашаланған)

шаршы метр өзі иемденген тұрғын жайды _____
(қайда)
кетуіне байланысты броньдауға арнап берілді.

Броньдау негізі _____
(еңбек шарты, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның

_____
өтініші)

Осы сақтық куәлігі (бронь) 19 _____ жылғы _____ _____ _____ _____ 19 _____ жылғы _____ дейін күшінде.

Халық депутаттары _____

_____ Советі атқару комитетінің Тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің бастығы (арнайы тағайындалған лауазымды адамы)

_____ _____
(қолы)

Сақтық куәлігінің (броньның) бірінші және екінші даналарын алдым

_____ _____ 19 ж.

_____
(қолы)

Қазақ ССР-інде Тұрғын жайды броньдау тәртібі туралы Нұсқауға
№ 1 ҚОСЫМША

Халық депутаттары _____

_____ Советінің атқару комитеті

_____ _____ 19 ж.

№ _____ САҚТЫҚ КУӘЛІГІ (БРОНЬ)
(бірінші данасы)

Азамат _____ мына адрес бойынша:
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

_____
(қала, поселке, село, ауыл, проспект, көше, тұйық көше және т. б.)

№ _____ үй, № _____ корпус, № _____ пәтер _____
(бөлек, коммуналдық)

пәтердегі _____ бөлмелі көлемі _____
(жапсарлас, оңашаланған)

шаршы метр өзі иемденген тұрғын жайды _____
(жайда)

кетуіне байланысты броньдауға арнап берілді.

Броньдау негізі _____
(еңбек шарты, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның

_____
өтініші)

Осы сақтық куәлігі (бронь) 19 _____ жылғы _____

19 _____ жылғы _____ дейін күшінде.

Халық депутаттары _____

_____ Советі атқару комитетінің Тұрғын аланды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің бастығы (арнайы тағайындалған лауазымды адамы)

_____
(қолы)

М. О.

Қазақ ССР-інде Тұрғын жайды броньдау тәртібі туралы Нұсқауға
№ 1 ҚОСЫМША

Халық депутаттары _____ _____

_____ Советінің атқару комитеті

_____ _____ 19_____ ж.

№_____ САҚТЫҚ КУӘЛІГІ (БРОНЬ)
(екінші данасы)

Азамат _____мына адрес бойынша:
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

_____
(қала, поселке, село, ауыл, проспект, көше, тұйық көше және т. б.)

№ _____үй, №_____ _____корпус, №_____пәтер_____
(бөлек, коммуналдық)

_____пәтердегі _____бөлмелі көлемі_____
(жапсарлас, оңашаланған)

шаршы метр өзі немденген тұрғын жайды _____
(қайда)

кетуіне байланысты броньдауға арнап берілді.

Броньдау негізі _____
(еңбек шарты, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның

_____
өтініші)

Осы сақтық куәлігі (бронь) 19 _____ жылғы _____

19 _____жылғы _____дейін күшінде.

Халық депутаттары _____

_____ Советі атқару комитетінің Тұрғын алаңды есепке алу және бөлу жөніндегі бөлімінің бастығы (арнайы тағайындалған лауазымды адамы)

М. О.

_____
(қолы)

Сақтық куәлігінің (броньның) бірінші данасын тұрғын үй-пайдалану ұйымы алды

_____ _____19 _____ж.

_____
(қолы)

Қазақ ССР-інде Тұрғын жайды броньдау тәртібі туралы Нұсқауға

№ 2 ҚОСЫМША

Броньдалған тұрғын жайларды есепке алу
КІТАБЫ

Елді мекен _____
(қала, поселке, село, ауыл және т. б.)

_____
(халық депутаттары жергілікті Советі атқару

_____
комитетінің аты)

Басталды _____ 19 ___ ж.

Аяқталды _____ 19 ___ ж.

Рет саны бойынша №	Арыздың түскен датасы	Арыз берушінің фамилиясы, аты, әкесінің аты	Броньдалатын тұрғын жайдың адресі мен көлемі	Тұрғын жайды броньдаудың негізі (еңбек шарты, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның, өтініші)	Сақтық куәлігінің (броньның) датасы мен номері	Тұрғын жай қашша мерзімге броньдалады	Ескерту

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 жылғы 17 январьдағы № 20 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР-інде ТҰРҒЫН ЖАЙЛАРДЫ АЙЫРБАСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Осы Ережелер мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі, сондай-ақ тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлеріндегі тұрғын жайларды айырбастау тәртібін белгілейді.

2. Тұрғын жайларды екі, үш және одан да көп жалдаушылар мен тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің мүшелері арасында айырбастауға болады.

3. Тұрғын жайды жалдаушы, уақытша кетіп қалғандарды қоса отырып, өзімен бірге тұратын семья мүшелерінің жазбаша келісімі бойынша, иемденген тұрғын жайды басқа жалдаушымен немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесімен, оның ішінде басқа елді мекенде тұратындармен айырбастауға праволы.

Егер семья мүшелері айырбастау туралы келісімге келе алмаса, онда олардың кез келгені иемденген тұрғын жайды әртүрлі үйлердегі (пәтерлердегі) тұрғын жайға еріксіз айырбастатуды сот арқылы талап етуге праволы.

4. Жалдаушылар немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің мүшелері пайдаланып отырған пәтерлер (бөлмелер) ғана айырбастау объектісі бола алады. Семья қатынастары жағынан жақын байланыстағы адамдар (жұбайлар, алдыңғы немесе кейінгі ұрпақ жағынан тікелей туыстар, ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілер, олармен бірге тұратын семья мүшелері) арасында тұрғын жайдың бір бөлігі айырбасталуы, сондай-ақ айырбастауға қатысушымен бірге тұратын адамдардың бәрі көшірілмей-ақ айырбасталуы (семья ішіндегі айырбас) мүмкін.

5. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың үйлеріндегі тұрғын жайларды айырбастауға солардың келісуі бойынша ғана жол беріледі. Айырбастау жөніндегі келісімнен бас тартуға сот арқылы шағым берілуі мүмкін, бұған колхоздарға қарасты үйлердегі тұрғын жайларды айырбастау реттері кірмейді.

6. Қамқоршылықтағы адамдар иемденген тұрғын жайларды айырбастау үшін тиісті қорғаншылық пен қамқоршылық органының жазбаша келісімі талап етіледі.

7. Белгіленген тәртіпті сақтай отырып тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үйіне қоныстанатын адам кооператив мүшелігіне қабылданған жағдайда тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесі иемденіп отырған тұрғын жайды өзімен бірге тұратын семья мүшелерінің келісуімен халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің рұқсаты бойынша халық депутаттары жергілікті Советтерінің, мемлекеттік, кооперативтік және өзге қоғамдық ұйымдардың үйлеріндегі, сондай-ақ өзі тұратын елді мекендегі де, басқа елді мекендердегі де өзге тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлеріндегі басқа тұрғын жайға айырбастауға праволы.

Егер тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшелері мен оның семья мүшелері айырбастау жөніндегі келісімге келе алмаса, онда жиналған жарнаның бір бөлігіне праволы деп танылған кооператив мүшесі, сондай-ақ оның семья мүшесі иемденген тұрғын жайды әртүрлі үйлердегі (пәтерлердегі) тұрғын жайларға еріксіз айырбастатуды сот арқылы талап етуге праволы.

8. Қосымша жалдаушылардың, уақытша тұрғындар мен үй шаруасындағы әйелдердің (қызметкерлердің) тұрғын жайларды айырбастауға правосы жоқ.

9. Тұрғын жайларды айырбастауға мыналарда жол беріледі:

а) халық депутаттары жергілікті Советтерінің үйлерінде, халық депутаттарының жергілікті Советі атқару комитетінің келісуімен;

б) ведомстволарға қарасты үйлерде, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімі бойынша;

в) қоғамдық ұйымдарға қарасты үйлерде, тиісті ұйымның органы мен оның кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімі бойынша;

г) колхоздарға қарасты үйлерде, колхоз басқармасы мен кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімі бойынша;

д) тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үйлерінде, кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша.

Тұрғын жайларды басқа қаладағыларға айырбастаған кезде, олардың қай ведомствоға қарасты екеніне қарамастан, халық депутаттарының тиісті жергілікті Советтері атқару комитеттерінің келісімі алынуға тиіс.

10. Тұрғын жайларды айырбастауға қатысушы азаматтар айырбастауға рұқсат алу үшін халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетіне немесе тұрғын жайларды айырбастау жөніндегі органға № 1 қосымшаға сәйкес форма бойынша арыз береді. Сол елді мекенде айырбастаған жағдайда арыз бір данада, басқа қалаға айырбастаған жағдайда — екі данада беріледі.

11. Тұрғын жайды айырбастау жөніндегі арызда аталған мәліметтерді тиісті тұрғын үй-пайдалану ұйымы, ал ол болмаған жағдайда — қарауында тұрғын жайы бар кәсіпорын, мекеме, ұйым, колхоз басқармасы немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативінің басқармасы куәландырады.

12. Тұрғын жайды айырбастау туралы арызға мынадай документтер қоса тіркеледі:

а) айырбастау жөнінде осы Ереженің 9-тармағымен көзделген тиісті рұқсат;

б) кооператив мүшесінің тұрғын жайды айырбастауына рұқсат ету және кооперативтік тұрғын жайға қоныстанатын адамның кооперативке қабылдауға келісімі туралы (айырбастайтын тараптардың біреуі тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесі болып табылатын реттерде) тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) қаулысынан үзінді;

в) тұрғын үй-пайдалану ұйымының анықтамасы, ал ол болмаған ретте — кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігінің, колхоз басқармасының айырбасталатын тұрғын жайдың жайы және семья құрамы туралы анықтамасы;

г) егер айырбастайтын тұрғын жайда қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) адамдар тұратын болса, қорғаншылық және қамқоршылық органының келісімі.

Айырбастау жөніндегі документтерді тапсырған кезде азаматтар айырбастау органына семьяның жасы толған барлық мүшелерінің паспорттарын және семьяның жасы толмаған мүшелерінің туу туралы куәліктерін көрсетеді.

13. Тұрғын жайды айырбастауға мынадай реттерде жол берілмейді:

а) егер жалдаушыға тұрғын жайды жалдау шартын бұзу немесе өзгерту туралы немесе ордерді заңсыз деп тану туралы талап қойылса;

б) егер тұрғын үй-құрылыс кооперативінің мүшесін кооперативтен шығару туралы мәселе қозғалса;

в) егер айырбастау алыпсатарлық немесе жалған сипатта болса;

г) егер үйге (тұрғын жайға) құлау хаупі төнсе не үй халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің шешімі бойынша авариялық жағдайда немесе бұзуға жатады деп танылса, не мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін берілсе;

д) егер тұрғын жай қызметтік болып табылса немесе жатақханада болса;

е) егер айырбасталатын тұрғын жайлардың біреуі СССР Министр-

лер Советінің немесе Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша халық шаруашылығының аса маңызды салаларындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың тізіміне енгізілген кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың үйінде болса, өз тілегі бойынша дәлелді себептерсіз, немесе еңбек тәртібін бұзғаны үшін, немесе қылмыс жасағаны үшін жұмыстан шығарылуына байланысты кәсіпорынмен, мекемемен, ұйыммен еңбек қатынасын доғарған жұмысшылар мен қызметшілерді (олармен бірге тұратын адамдарды қоса) сот арқылы сол үйлерден шығаруға жол берілген болса.

Басқа негіздер бойынша еңбек қатынасын доғарған, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты емес себеппен тұрғын жай алған азаматтар жалпы негіздер бойынша айырбастау жүргізуге праволы;

ж) егер айырбастауға байланысты айырбастаушы тараптардың біреуінің тұрғын үй жағдайлары елеулі түрде нашарлап кетсе, соның салдарынан ол тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж болып шықса;

з) ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарымен көзделген басқа реттерде.

14. Осы Ережелердің 13-тармағымен көзделген жағдайлар кезінде жасалған айырбас заңсыз деп танылады.

Айырбастау туралы келісім мәмлені заңсыз деп тану үшін Қазақ ССР-інің Азаматтық кодексі белгілеген негіздер бойынша да заңсыз деп танылуы мүмкін.

Айырбастау туралы келісімді және берілген айырбастау ордерлерін заңсыз деп тану сот арқылы жүргізіледі.

15. Тұрғын жайларды айырбастау заңсыз деп танылған ретте тараптар бұрын иемденген үй-жайларға қайта қоныстандыруға жатады.

16. Айырбастау тараптардың біреуінің теріс іс-әрекеттері салдарынан заңсыз деп танылған реттерде кінәлы адам айырбастау салдарынан пайда болған шығындарды (заттарды тасымалдау құнын, үй-жайды жөндеу және т. б.) екінші тарапқа өтеуге тиіс.

17. Айырбас жасаған кезде тараптардың біреуі негізсіз алған ақшалай сома немесе басқа мүлік мемлекет кірісіне өндіріп алынады.

18. Тұрғын жайларды айырбастау туралы келісім халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері беретін ордерлерді (№ 2 қосымша) алған кезден бастап күшіне енеді. Ордер беруден бас тартуға алты ай мерзім ішінде сот арқылы шағым жасалуы мүмкін.

19. Тұрғын жайларды айырбастау ордері айырбастаушы тараптардың біреуінің тұрғылықты жерінде беріледі.

20. Айырбасталатын тұрғын жайды босатпаған қосымша жалдаушылар мен уақытша тұрғындар басқа тұрғын алаң берілместен сот арқылы шығарылады.

21. Егер айырбас жүргізілетін тұрғын жай басқа одақтас республиканың территориясында орналасқан үйде болса, айырбастау ССР Одағының, Қазақ ССР-інің және тиісті одақтас республиканың заңдарымен көзделген тәртіп бойынша жасалады.

Қазақ ССР-інде Тұрғын жайларды айырбастау ережелеріне
№ 1 ҚОСЫМША

Тұрғын жайды айырбастау туралы
А Р Ы З

1. _____
(жалдаушының, тұрғын үй-құрылысы кооперативі мүшесінің
_____
фамилиясы, аты, әкесінің аты)

2. Адресі _____

үйіндегі телефоны _____

3. Жұмыс орны _____

қызметі _____, қызмет телефоны _____

4. Үй _____

_____

_____ қарасты.

5. Айырбастауға тұрғын алаңы _____ шаршы метр _____ бөлмелі пәтерді немесе тұрғын алаңы _____ шаршы метр _____ бөлмені (оның бір бөлігін) айырбастауға ұсынамын.

6. Айырбасталатын тұрғын жай _____
(газы, су құбыры, канализациясы,
_____
орталықтан немесе пешпен жылытылатын, ваннасы, лифтісі және т. б.)

бар _____ этажды үйдің _____ этажында орналасқан.
(тастан қаланған, ағаш)

Пәтер (бөлме) _____
(бөлек, құрғақ, жарық, оңашаланған, салқын, жартылай
_____
жертөледе және т. б.)

Пәтерде біздің бөлмеден басқа _____ бөлме бар, оларда _____ адамнан құралған _____ семья тұрады.

7. Аталған тұрғын жайда _____ 19 _____ жылы _____
(кім және қашан)
_____ адамға берген № _____ ордер негізінде _____
бастап тұрып келемін.

8. Қазіргі уақытта бұл тұрғын жайда, жасы толмағандарды қоса алғанда:

Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Арыз берушіге туыстық қатысы	Ауыстырылатын тұрғын жайда қай уақыттан бері тұрады	Жұмыс орны және қызметі

Бұлардан уақытша кетіп қалғандары (Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексінің 55 және 60-статьялары) _____

_____

9. Тұрғын алаңға правосы жоқ тұрғындар: _____

_____

(қосымша жалдаушылар, уақытша тұрғындар)

10. Бұрын есепте тұрған немесе ордерге енгізілген, бірақ кетіп қалған адамдар туралы мәліметтер:

Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Арыз берушіге туыстық қатысы	Қашан және қайда кетті

11. Айырбастау себебі _____

_____

12. Менің тұрғын жайымды мыналарға айырбастауға рұқсат етуді өтінемін:

а) _____ қаласының _____ көшесіндегі № _____

үйдегі азамат(ша) _____ тұрғын алаңы _____

шаршы метр _____ бөлмелі тұрғын жайына;

Ордер _____ атына ресімделсін.

Семья құрамына _____

_____ енгізілсін;

б) екі тұрғын жайға:

1) _____ қаласының _____ көшесіндегі № _____

үйдегі азамат(ша) _____

тұрғын алаңы _____ шаршы метр _____ бөлмелі пәтеріне;

Ордер _____ атына ресімделсін.

Семья құрамына _____

_____ енгізілсін;

2) _____ қаласының _____ көшесіндегі № _____

үйдегі азамат(ша) _____

_____

тұрғын алаңы _____ шаршы метр _____ бөлмелі пәтеріне;

Ордер _____ атына ресімделсін.

Семья құрамына _____

_____ енгізілсін.

13. Жалдаушының (тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшесінің) тікелей өзінің қолы _____

Семьяның жасы толған мүшелерінің қолы _____

_____

_____

14. Азамат(ша) _____

арызында аталған мәліметтерді куаттаймын

_____ (қолы)

_____ (тұрғын үй-пайдалану ұйымының немесе кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның басшысы немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативінің председателі)

М. О.

"_____" _____ 19 _____ ж.

Қазақ ССР-інде Тұрғын жайларды айырбастау ережелеріне
№ 2 ҚОСЫМША

(бет жағы)

Халық депутаттары _____ Советінің атқару комитеті

№ _____ ОРДЕР

_____ № _____
(қала, аудан, поселке, село, ауыл, көше)

үйдегі пәтерде тұратын, жалпы көлемі _____ шаршы метр тұрғын алаңы бар

_____ бөлмелі тұрғын жайы бар азамат(ша) _____
(фамилиясы, аты,

_____
әкесінің аты)

19 _____ ж. _____

берілді, оның және онымен бірге тұратын, құрамында _____ адамы бар

семья мүшелерінің азамат(ша), _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

айырбастау тәртібі бойынша оның _____
(қала, аудан, поселке, село, ауыл, көше)

_____№_____ үйдегі тұрғын алаңы_____ шаршы метр

_____бөлмелі тұрғын жайына қоныстануға правосы бар.

(сырт жағы)

Азамат(ша) _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

мүшелері ауыстырылатын тұрғын жайда есепте тұруға жататын семьясы

_____адамнан құралған.

Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Туыстық қатысы	Туған жылы

Айырбастауға рұқсат етілді _____
(қолы)

М. О.

ЖАТАҚХАНАЛАР ТУРАЛЫ ҮЛГІ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ МЕН КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОВЕТІНІҢ
1985 жылғы 21 январьдағы № 26
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 5, 12-ст.)

Қазақ ССР-інің Тұргын үй кодексінің 108—110-статьяларына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіптік одақтардың Қазақ республикалық советі қ а у л ы е т е д і:

1. Осыған қосылған Жатақханалар туралы үлгі ереже бекітілсін.

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары кәсіподақ және комсомол ұйымдарының келісуі бойынша сол министрлік пен ведомствоның нақты жағдайлары мен ерекшеліктерін ескере отырып жатақханалар туралы ережелерді бекітсін.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің 1985 жылғы 21 январьдағы № 26 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН

ЖАТАҚХАНАЛАР ТУРАЛЫ ҮЛГІ ЕРЕЖЕ

1. Жұмысшылар, қызметшілер, студенттер, оқушылар, сондай-ақ басқа азаматтар жұмыс істеу немесе оқу кезеңінде тұру үшін жатақханалар пайдаланылуы мүмкін. Жатақханаларға осы мақсаттар үшін арнайы салынған немесе қайта жабдықталған тұргын үйлер беріледі.

2. Жатақханалар халық депутаттарының тиісті аудандық, қалалық, каладағы аудандық Советінің атқару комитетінде міндетті түрде тіркелуге жатады.

Жатақханаларды тіркеген кезде халық депутаттарының тиісті Советінің атқару комитеті осы мақсат үшін берілетін үй-жайлар жатақханаларды жайғастырудың, жабдықтау мен күтіп ұстаудың санитариялық ережелеріне, сондай-ақ осы Үлгі ереженің талаптарына сәйкес келуін тексереді.

Тіркелген жатақханаға халық депутаттарының тиісті жергілікті Советінің атқару комитеті осыған қосылған форма бойынша жатақхана ордерін бергеннен кейін қоныстандырылады.

3. Жатақханадағы тұргын жайлар бір бөлмеде бірнеше адам тұрып, оның әрқайсысы жеке кереует алатын кереуеттік тектес немесе әрбір тұрушыға түгелдей немесе ішінара қолайлы бөлек бөлме берілетін бөлмелік тектес болуы мүмкін. Егер жатақханада тұрушының семьясы үш адамнан асса, оған екі бөлмелі тұргын жай да берілуі мүмкін.

Кереуеттік тектес жатақханалардағы бір бөлмеге әр түрлі жыныстағы адамдарды қоныстандыруға тыйым салынады.

Бір этажда кереуеттік және бөлмелік тектес тұргын жайларды жабдықтауға болмайды.

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

4. Жатақханадан тұрғын алаң жұмысшыларға, қызметшілерге, студенттерге, оқушыларға кәсіпорын, мекеме, ұйым немесе оқу орны әкімшілігінің, кәсіподақ комитеті мен комсомол комитетінің бірлескен шешімі бойынша кезекшілік тәртібімен, ал әскери қызметшілерге — командованненің жарлығы бойынша беріледі.

Жатақханадан тұрғын алаң беру туралы шешім негізінде әкімшілік ордер (ордердің формасы қоса беріліп отыр) береді.

Мерзімді әскери қызметке шақырылуына байланысты жатақханадан шыққан адамдарға олар әскери қызметті өтеуін аяқтағаннан кейін сол кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға немесе оқу орнына оралған ретте жатақханадан тұрғын алаң қайтадан берілуге тиіс.

5. Жұмысшыларды, қызметшілерді, студенттерді, оқушыларды, сондай-ақ басқа азаматтарды жатақханаға қоныстандыруды және оларды тіркеуді белгіленген тәртіп бойынша жатақхананың коменданты немесе оның функциясын атқаратын адам әкімшілік берген ордер негізінде жүргізеді.

6. Жатақханадағы бір тұрушыға арналған тұрғын алаңның мөлшері 6 шаршы метрден кем болмауға тиіс.

7. Жатақхана үлгі нормалар бойынша мебельмен, төсек-орынмен және басқа инвентарьмен жабдықталады. Жатақхананың әкімшілігі төсек-орынның уақтылы ауыстырылуын (10 күнде кемінде бір рет), жуылуын және дезинфекциялануын қамтамасыз етеді.

8. Жатақханадан шығатын адамдар комендантқа немесе оның функциясын атқаратын адамға мебельді, төсек-орынды және басқа инвентарьды өткізуге тиіс.

Мебельді, төсек-орынды өткізбеген, сондай-ақ оларды бүлдірген адамдар жатақханаға келтірген залалды белгіленген тәртіп бойынша өтеуге міндетті.

9. Қажет болған жағдайда кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігінің жатақханада тұратын адамдарды (семья мүшелерімен бірге) сол немесе басқа жатақхананың өзге тұрғын жайларына қайта қоныстандыруға правосы бар. Бөлмелік тектес тұрғын жайда тұратын адамды қайта қоныстандырғанда оған бөлмелік тектес басқа тұрғын жай беріледі.

Жатақханада тұрушы басқа тұрғын жайға қоныстанудан бастартқан ретте дау сот арқылы шешіледі.

10. Маусымды, уақытша қызметкерлер мен мерзімді еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдар, сондай-ақ оқу орындарында оқып жүріп, олардан шығып кеткен адамдар өздеріне жұмысқа немесе оқуға байланысты берілген жатақханадан басқа тұрғын жай берілмей шығарылуға жатады.

Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың жұмысқа байланысты жатақханада қоныстанған басқа қызметкерлері дәлелді себептерсіз өз өтініші бойынша, еңбек тәртібін бұзғаны үшін немесе қылмыс жасағаны үшін жұмыстан шығарылған ретте басқа тұрғын жай берілмей шығарылады.

11. Басқа тұрғын жай берілмей мыналарды жатақханадан шығаруға болмайды:

а) соғыс мүгедектерін және СССР-ді қорғау кезінде немесе әскери қызметтің басқа міндеттерін атқару кезінде алған жарақаттың, контузияның немесе зақымның салдарынан не майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер қатарындағы басқа мүгедектерді;

б) майдандағы армия құрамында болған Ұлы Отан соғысына қатысушыларды;

в) СССР-ді қорғау кезінде немесе әскери қызметтің басқа міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілер мен партизандардың семьяларын;

г) әскери қызметшілердің семьяларын;

д) СССР Ішкі істер министрлігі органдарының қатардағы және басшы құрамдағы қызмет бабындағы міндеттерін орындау кезінде алған жарақаттың, контузияның немесе зақымның салдарынан мүгедек болған адамдар қатарындағы мүгедектерді;

е) жатақхана берген кәсіпорында, мекемеде, ұйымда кемінде он жыл жұмыс істеген адамдарды;

ж) тұрғын жай қызметіне байланысты беріліп, одан босатылған, бірақ осы тұрғын жайды берген кәсіпорынмен, мекемемен, ұйыммен еңбек қатысын үзбеген адамдарды;

з) кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның таратылуына байланысты не қызметкерлер санының немесе штаттың қысқартылуы бойынша жұмыстан шығарылған адамдарды;

и) қартайғаны жөніндегі пенсионерлерді, дербес пенсионерлерді;

к) жатақхана берілген қызметкер қайтыс болғанда оның семья мүшелерін;

л) I және II топтағы еңбек мүгедектерін, әскери қызметшілер қатарындағы I және II топтағы мүгедектерді;

м) жасы толмаған балалармен бірге тұратын жалғызілікті адамдарды.

12. Қарамағында жатақханасы бар кәсіпорын, мекеме, ұйым оған күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізеді.

13. Жатақханадағы ішкі тәртіп ережелерін кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі кәсіподақ комитетімен және комсомол комитетімен бірлесіп бекітеді.

14. Жатақханада тәртіп пен тазалық сақтау, мәдени-бұқаралық жұмыс жүргізу үшін жатақханада тұратын жұмысшылардан, қызметшілерден, студенттерден, оқушылардан және басқа азаматтардан совет құрылады, ол кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігімен және қоғамдық ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жүргізеді.

15. Жатақханадағы кереуеттік тектес тұрғын жайларды пайдалануға ақы Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген тарифтер бойынша алынады. Бұл тұрғын жайлардағы коммуналдық қызметтердің шығындары кереует — орын ақысының тарифіне енеді және олар үшін жеке ақы төлеттірілмейді. Бөлмелік тектес тұрғын жайларда тұратын адамдар тұрғын жайларды пайдалануға үшін, сондай-ақ коммуналдық қызметтер үшін ақыны мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғын жайлармен пайдалануға үшін белгіленген тарифтер бойынша, жалпы негіздерде төлейді.

16. Жатақхананың тұрғын жайларын пайдалануға, коммуналдық қызметтер мен тұрмыс қажетін өтегені үшін ақыны онда тұрушылар тұрғаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей ай сайын, ал оқу орындарында олардың әкімшілігі белгілеген мерзімдерде төлейді. Мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен соманың 0,1 проценті мөлшерінде өсім өндіріледі.

17. Жатақханаларда тұрушылармен саяси-тәрбие және мәдени-бұқаралық жұмыс жүргізу үшін кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі қажет болған жағдайда штаттық нормативтерге сәйкес кәсіподақ комитеті мен комсомол комитетінің келісуі бойынша тәрбиеші тағайындайды, оның міндеттері мен жұмыс режимін кәсіподақ комитетінің келісуі бойынша кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның немесе оқу орнының жұмыс режиміне қарай белгілейді.

Тәрбиешілер негізінен педагогтық білімі немесе педагогтық немесе бұқаралық-саяси жұмыста практикалық тәжірибесі бар адамдардан тағайындалады.

Жатақхана ордерінің формасы

(бет жағы)

Халық депутаттары _____

_____ _____ атқару комитеті

Жатақханаға орналған
№_____ ОРДЕР

19_____ ж.

_____
(ұйымның аты)

мына адрес бойынша:_____ _____
(қала, аудан, посёлке)

_____ №_____ үй, жалпы көлемі _____ шаршы метр,
(көше)

құрамында жалпы тұрғын алаңы _____ шаршы метр _____ бөлмесі бар жатақханаға қоныстандыру үшін берілді.

Ордер беру үшін негіз — халық депутаттары _____

_____ Советі атқару комитетінің 19_____ жылғы _____

№ _____ шешімі.

(сырт жағы)

Жатақханада мыналар бар:

а) тұрғын алаңы _____ шаршы метр бөлмелік тектес _____ тұрғын жайлар.
(сөзбен)

Бөлмелердің номерлері: _____

_____

б) тұрғын алаңы _____ шаршы метр кереует тектес _____ тұрғын жайлар.
(сөзбен)

Орындар саны _____, бөлмелердің номерлері
(сөзбен)

_____

Халық депутаттары _____

Советі атқару комитетінің председателі _____
(қолы)

(мөр)

Жатақханадан тұрғын алаң алуға арналған ордердің формасы

(бет жағы)

_____
(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның аты)

ОРДЕР

_____мына адрес бойынша _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

_____көшесі, № ____
(аудан, қала, поселке)

үйдегі жатақхананың _____этажындағы № _____ бөлмедегі _____

_____
(кереуеттік тектес, бөлмелік тектес)

тұрғын жайға қоныстануына рұқсат етілді.

(сырт жағы)

Мүшелері осы бөлмеге тіркелетін семья _____
(фамилиясы, аты,

_____ _____ адамнан құралған:
әкесінің аты)

Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Туыстық қатысы	Туған жылы

Ордер беру үшін негіз — әкімшіліктің, кәсіподақ комитеті мен комсомол комитетінің 19____ жылғы _____

№____ бірлескен шешімі.

Кәсіпорынның,
мекеменің,
ұйымның басшысы _____
(қолы)

(мөр)

_____19 ___ж

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТА МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДІ ЖҰМСАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1983 ЖЫЛҒЫ 6 АПРЕЛЬДЕГІ № 282 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 29 апрельдегі № 196
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 10, 43-ст.)

(Үзінді)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың пайдалану мұқтаждарына арнап материалдық-техникалық ресурстарды жұмсау нормаларына сәйкес оларды Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына бөлуді белгіленген тәртіп бойынша көздейтін болсын.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1984 жылдан бастап халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне және тиісті министрліктер мен ведомстволарға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу жөнінде тапсырмалар белгілеп отырсын.

5. Облыстық, Алматы қалалық атқару комитеттері, кәсіпорындары мен ұйымдарында коммуналдық су құбырлары бар Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары:

өнеркәсіптік мұқтаждар үшін тұтынылатын ауыз суға арналған лимиттер енгізілмеген жерлерде оларды 1983 жылдан бастап енгізіп, кәсіпорындар мен ұйымдардың лимиттен тыс тұтынатын ауыз суына арналған көтеріңкі тарифтерді Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуі бойынша бекітсін.

7. Облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары халықтың тұрмыстық мұқтаждары үшін тұрғын үйлерді электр плиталарымен жабдықтау жөнінде жыл сайынғы экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларымен өздеріне белгіленетін тапсырмалар шеңберінде, бір орталықтан жылытылып, ыстық сумен жабдықталатын тұрғын үйлерде, соның ішінде СССР министрліктері мен ведомстволарының республика территориясындағы үйлерінде асханалық плиталар қолдану туралы ұсыныстарды Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің энергиямен жабдықтаушы ұйымдарының келісуі бойынша Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне енгізіп отырсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті аталған материалдарды қорытып, Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізіп отырсын.

8. Облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері, кәсіпорындары мен ұйымдарының балансында тұрғын үйлер мен коммуналдық шаруашылық объектілері бар Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары:

1984 жылдан бастап тұрғын үй қоры мен коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалану және жөндеу кезінде пайдаланылатын қара металдар прокатының, трубалардың, цементтің, ағаш материалдардың және терезелік шынының шығынын, жұмыстарды ұйымдастыру дәрежесін арттыру, индустриалдық конструкцияларды кеңінен қолдану және тасымалдау мен жұмыстарды жүргізу кезінде материалдардың

[1] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

ысырабын жою есебінен жыл сайын орта есеппен 1,5—2 процент кемітуді қамтамасыз етсін. Осының нәтижесінде үнемделген материалдар тұрғын үйлер мен коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалану және жөндеу мұқтаждарына жұмсалатын болсын;

тұрғын үйлерді, үйлер мен құрылыстарды күрделі жөндеу, қайта құру және құлату кезінде демонтаждалатын, жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру немесе халыққа сату үшін қайталап пайдалануға болатын ағаш бұйымдардың, санитарлық-техникалық және басқа жабдықтар мен материалдардың зақымдануына, бүлінуіне, құрып кетуіне жол бермеу жөнінде шаралар қолдансын;

көп шығындарды керек етпейтін тиімді шараларды енгізуге ерекше назар аудара отырып тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта отынның, жылу және электр энергиясының, негізгі құрылыс материалдарының жұмсалуына тұрақты бақылау жасауды қамтамасыз етсін;

тұрғын үй қоры мен аула территорияларын қалыпты техникалық және санитарлық жағдайда күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды орындауға халықты кеңінен қатыстырып отырсын, сондай-ақ отынды, жылу және электр энергиясын, газды, суды үнемді жұмсау, тұрғын үй қорына ұқыпты қарау қажеттігін халық арасында насихаттауды күшейтетін болсын.

ТҰРҒЫН ҮЙ-ҚҰРЫЛЫС КООПЕРАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1982 жылғы 1 октябрьдегі № 402
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 20, 87-ст.)

КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАР ҮШІН САЛЫНҒАН ҮЙЛЕРДЕН ТҰРҒЫН АЛАҢДЫ ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ ҰСТАП ҚАЛУЫН ТӘРТІПТЕУ ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 19 октябрьдегі № 645
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 21, 104-ст.)

СССР Министрлер Советінің «Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін салынған үйлерден тұрғын алаңды халық депутаттары Советтерінің ұстап қалуын тәртіптеу туралы» 1970 жылғы 7 сентябрьдегі № 741 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне кәсіпорындар мен ұйымдардан оларға арнап жаңадан салынған тұрғын үйлерден тұрғын алаң ұстап қалудың СССР Үкіметі белгілеген нормалары мен тәртібін қатаң сақтау міндетілсін.

3. Халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің кәсіпорындар мен ұйымдардан ССР Одағының қолданылып жүрген заңдарында қаралмаған реттерде және мөлшерлерде тұрғын алаң ұстап қалуларына тыйым салынсын.

---

[1] 8-том, 339-бетті қараңыз.

[2] 4-пункт, Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

2-пункт СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 7 сентябрьдегі № 741 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖАСТАРДЫҢ ТҰРҒЫН ҰЙ КОМПЛЕКСТЕРІН ЖӘНЕ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН КООПЕРАТИВТІК ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР САЛУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1985 ЖЫЛҒЫ 5 ИЮЛЬДЕГІ № 628 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1985 жылғы 5 августағы № 268
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 19, 61-ст.)

ҚӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРАЖАТЫНА САЛЫНҒАН ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ ТҰРҒЫНДАРДЫ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1967 жылғы 7 февральдағы № 68
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражатына салынған тұрғын үйлерге тұрғындарды енгізу тәртібі туралы» 1966 жылғы 26 октябрьдегі № 842 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорын туралы Ережені қолданатын кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражатына салынған тұрғын үйлерге тұрғындар Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Қарулы Күштерін жаңадан едәуір қысқарту туралы Заңға сәйкес СССР Қарулы Күштерінен босатылатын әскери қызметкерлерді еңбекке орналастыру және материалдық-тұрмыс жағынан қамтамасыз ету туралы» 1960 жылғы 9 марттағы № 244 қаулысының 2-пунктіне сәйкес енгізілуге жатпайтын болып белгіленсін.

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ЕҢБЕК ТУРАЛЫ ЗАҢДАР КОДЕКСІ [3]

Қазақ ССР-інің
1972 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1972 ж., № 31)

128-статья

ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1974 жылғы 27 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(1986 ж. 4 июльдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1986 ж., № 28, 274-ст.).

75-статья

[1] 8-том, 342-бетті қараңыз.

[2] 2 және 4-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

3-пункт СССР Министрлер Советінің 1966 ж. 26 октябрьдегі № 842 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

[3] 3-том, 7-бетті қараңыз.

[4] 125-бетті қараңыз.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ МҰҚТАЖДАР ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН АЛЫП ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ИЕЛІГІНДЕГІ ҚҰЛАТЫЛАТЫН ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ЖӘНЕ БАСҚА ҚҰРЫЛЫСТАР МЕН ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ҚҰНЫН ОЛАРҒА ӨТЕУ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1962 жылғы 25 январьдағы № 61

ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 17 ноябрьдегі № 446 қаулысының редакциясы бойынша — Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 23, 78-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

СССР Министрлер Советінің «Мемлекеттік және қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты азаматтардың иелігіндегі құлатылатын тұрғын үйлердің және басқа құрылыстар мен құрылғылардың құнын оларға өтеу және тұрғын үймен қамтамасыз ету тәртібі туралы» 1961 жылғы 15 декабрьдегі № 1131 қаулысы (СССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 21 октябрьдегі № 1015 қаулысының редакциясында) басшылыққа алынып, орындалатын болсын, бұл қаулыда ол:

а) былай деп белгіленеді:

— мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты азаматтардың өзіндік меншігіндегі тұрғын үйлері құлатылған ретте аталған азаматтарға, олардың семья мүшелеріне, сондай-ақ осы үйлерде тұрақты тұратын басқа да азаматтарға мемлекеттік немесе қоғамдық тұрғын үй қорының үйлерінен белгіленген нормалар бойынша пәтерлер беріледі. Пәтерлер сол елді мекеннің жағдайларына лайықталып көркейтілген, белгіленген санитариялық және техникалық талаптарға сай болуға тиіс. Сонымен қатар құлатылатын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың құны тұрғын үйлер иелерінің таңдауы бойынша оларға не төленеді, не бұл үйлерді, құрылыстар мен құрылғыларды бұзғандағы материалдарды өз қалауынша пайдалануға право беріледі. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері азаматтардың тілегі бойынша оларды (пәтерлер беру орнына) тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің мүшелігіне кезектен тыс кіріп, олардан пәтер алу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді;

— азаматтардың иелігіндегі құлатуға жататын тұрғын үйлер мен құрылыстар олардың тілегі бойынша жаңа орынға көшірілуі және қалпына келтірілуі мүмкін;

— СССР Министрлер Советі белгілеген реттерде, үйлері құлатылуға жататын азаматтар үшін олардың тілегі бойынша жаңа орында тұрғын үйлер, құрылыстар мен құрылғылар салынып, осы азаматтардың өзіндік меншігіне беріледі. Мұның өзінде құлатылатын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың құны өтелмейді;

— мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты азаматтардың өзіндік меншігіндегі тұрғын үйлерді, құрылыстар мен құрылғыларды құлатқан жағдайда оларға жеміс-жидек ағаштары мен егістердің құны да төленеді;

— мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты азаматтардың өзіндік меншігіндегі тұрғын үйлерді құлату жекелеген әрбір ретте халық депутаттары өлкелік, облыстарының халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің, республ-

ликалық (одақтас республикалардың) бағыныстағы басқа қалалардың халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің, автономиялық республиканың Министрлер Советінің, ал облысқа бөлінбеген одақтас республикаларда — одақтас республиканың Министрлер Советінің рұқсатымен ғана жол берілуі мүмкін;

— мемлекеттік немесе кооперативтік және басқа қоғамдық кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға (тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінен басқа) жер учаскелерін бөлген жағдайда аталған қаулының 1-тармағына (осы қаулының 1-тармағы «а» тармақшасының екінші — төртінші абзацтары) сәйкес азаматтарға пәтерлерді осы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар береді. Мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қоюдың қалған реттерінде, соның ішінде оларды тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне бөлген жағдайда, азаматтарға пәтерлерді халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері береді;

— мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты азаматтардың өзіндік меншігіндегі құлатылатын тұрғын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың, сондай-ақ жеміс-жидек ағаштары мен егістердің құнын азаматтарға жер учаскелері бөлінетін мемлекеттік немесе кооперативтік және өзге де қоғамдық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар (тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінен басқа) төлейді. Мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қоюдың қалған реттерінде, соның ішінде оларды тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне бөлген жағдайда, азаматтардың өзіндік меншігіндегі құлатылатын тұрғын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың, сондай-ақ жеміс-жидек ағаштары мен егістердің құнын халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері төлейді;

— мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты құлатуға жататын тұрғын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың құны СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 2 октябрьдегі № 961 қаулысымен (СП СССР, 1981 ж., № 28, 165-ст.), (Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 14 декабрьдегі № 509 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 2, 7-ст.) көзделген тәртіп бойынша бекітілген бағалау нормаларына орай осы үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың тозуын есепке ала отырып белгіленеді;

— құны азаматтарға өтелетін жеміс-жидек ағаштары мен егістерді бағалауға арналған нормативтерді анықтау мен бекіту тәртібін одақтас республикалардың Министрлер Советтері белгілейді;

— құлатылатын тұрғын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың, жеміс-жидек ағаштары мен егістердің құнын белгілеу үшін халық депутаттары аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері комиссиялар құрады, олардың құрамында халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің финанс және коммуналдық бөлімдерінің өкілдері, жер пайдалану мен оны қорғау жөніндегі аудандық мемлекеттік инспектор халық депутаттары селолық (поселкелік) Советінің өкілі, жер учаскесі алынатын жер пайдаланушы, жер учаскесі бөлінетін кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның өкілі, сондай-ақ халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің қалауы бойынша басқа да органдардың өкілдері болады;

— комиссиялардың шешімдерін халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің тиісті атқару комитеті бекітеді;

— халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық

Советі атқару комитетінің құлатылатын тұрғын үйлердің, құрылыстар мен құрылғылардың, сондай-ақ жеміс-жидек ағаштары мен егістердің құнын белгілеу туралы шешімі табыс етілгеннен бастап 10 күн мерзім ішінде ол шешім жөнінде халық депутаттары өлкелік, облыстық, қалалық (ауданға бөлінген қалаларда) Советінің атқару комитетіне, автономиялы республиканың Министрлер Советіне, ал облысқа бөлінбеген одақтас республикаларда — одақтас республиканың Министрлер Советіне шағымдануға болады. Аталған органдардың шешімдері түпкілікті болып табылады;

— мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты азаматтардың өзіндік меншігіндегі тұрғын үйлер мен құрылыстарды жаңа орынға көшіру және қалпына келтіру жер учаскелері бөлінетін мемлекеттік немесе кооперативтік және өзге де қоғамдық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың (тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінен басқа) қаржылары есебінен жүргізіледі. Мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қоюдың қалған реттерінде, соның ішінде оларды тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне бөлген жағдайда, тұрғын үйлер мен құрылыстарды көшіру мен қалпына келтіруді тиісті құрылыс ұйымдары халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің қаржылары есебінен жүргізеді.

Аталған тұрғын үйлер мен құрылыстар жаңа орынға сол жердің шенберінде көшірілуі мүмкін. Егер қолданылып жүрген заңдар бойынша бұл орындар жеке тұрғын үй құрылысына арнап жер учаскелерін бөлуге жол берілетін болса және тұрғын үйлер мен құрылыстардың техникалық жайы оларды көшіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайда, олар көшіріледі. Көшіру мүмкіндігін жекелеген әрбір ретте халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті мүдделі кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды, сондай-ақ құлатуға жататын тұрғын үйлер мен құрылыстардың иелерін қатыстыра отырып анықтайды;

— көшіруді жүзеге асыратын ұйымдармен жасасқан шарттар бойынша тұрғын үйлер мен құрылыстарды жаңа орында қалпына келтірген жағдайда оларды тұрғын үйлер мен құрылыстар иелерінің қаржылары есебінен жөндеу жөнінде қосымша жұмыстар орындалуы мүмкін;

— қаржылары есебінен тұрғын үйлерді жаңа орынға көшіру және қалпына келтіру жүзеге асырылатын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері үй иелеріне, олардың семья мүшелеріне және осы үйлерде тұрақты тұратын басқа да азаматтарға тұрғын үйлерді жаңа орынға көшіру мен қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар жүргізілетін мерзімге арнап тұрғын үй береді;

— аталған қаулыға сәйкес Азаматтардың өзіндік меншігіндегі тұрғын үйлерді, құрылыстар мен құрылғыларды құлатуға, көшіруге және қалпына келтіруге байланысты есеп айырысу тәртібі мен шарттары туралы нұсқауды одақтас республикалардың Министрлер Советтерінің қатысуымен СССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, СССР Финанс министрлігі, СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісі әзірлеп, СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің келісуі бойынша бекітеді;

б) одақтас және автономиялы республикалардың Министрлер Советтеріне, халық депутаттары өлкелік, облыстық, қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне жаңа құрылысты жүзеге асырған жағдайда тұрғын үйлердің негізсіз құлатылуына жол бермеуді міндеттеді.

БАСҚА ТҰРҒЫН ЖАЙ БЕРЕ ОТЫРЫП ҮЙЛЕРІНЕН СОТ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРУҒА БОЛАТЫН КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, МЕКЕМЕЛЕР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1985 жылғы 17 июньдегі № 205
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 16, 47-ст.)

ССР Одағы мен одақтас республикалардың тұрғын үй заңы негіздерінің 37-статьясына, Қазақ ССР-і Тұрғын үй кодексінің 94-статьясына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Дәлелді себептерсіз өз қалауы бойынша, немесе еңбек тәртібін бұзғаны үшін немесе қылмыс жасағаны үшін жұмыстан шығарылуына байланысты еңбекке қатысын доғарған жұмысшылар мен қызметшілерді (олармен бірге тұратын адамдарды қоса) басқа тұрғын жай бере отырып үйлерінен сот арқылы шығаруға болатын халық шаруашылығының аса маңызды салалары кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының осыған қосылған тізімі бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1985 жылғы 17 июньдегі
№ 205 қаулысымен
Б Е К І Т І Л Г Е Н

ДӘЛЕЛДІ СЕБЕПТЕРСІЗ ӨЗ ҚАЛАУЫ БОЙЫНША, НЕМЕСЕ ЕҢБЕК ТӘРТІБІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН НЕМЕСЕ ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАНЫ ҮШІН ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЕҢБЕККЕ ҚАТЫСЫН ДОҒАРҒАН ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ (ОЛАРМЕН БІРГЕ ТҰРАТЫН АДАМДАРДЫ ҚОСА) БАСҚА ТҰРҒЫН ЖАЙ БЕРЕ ОТЫРЫП ҮЙЛЕРІНЕН СОТ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРУҒА БОЛАТЫН ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ САЛАЛАРЫ ҚӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ, МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ[2]

Қара және түсті металлургия

Қарағанды металлургия комбинаты
М. И. Калинин атындағы Шымкент қорғасын заводы
В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты
Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Өскемен титан-магний комбинаты
СССР-дің 50 жылдығы атындағы Павлодар алюминий заводы
Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Ақтөбе ферросплав заводы.
Қ. И. Сәтпаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинаты

Химия өнеркәсібі

СССР-дің 50 жылдығы атындағы Жамбыл суперфосфат заводы

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] Тізімге — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 13 августағы № 228 — р және 1986 ж. 9 июльдегі № 186 — р жарлықтарымен өзгерістер енгізілген.

Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Шымкент «Фосфор» өндірістік бірлестігі
Қазақстанның Ленин комсомолы атындағы Жамбыл «Химпром» өндірістік бірлестігі
Шевченко пластмасса заводы
Павлодар химия заводы

Машина жасау заводтары

С. М. Киров атындағы завод, Петропавл қаласы
«В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігі
Қостанай дизель двигателі заводы

Транспорт ұйымдары

Темір жол транспорты
Қазақ ССР-інің территориясындағы темір жолдар басқармалары мен бөлімшелерінің қызметтері мен бөлімдеріне бекітілген тұрғын алаң

Ауыл шаруашылық кәсіпорындары

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құс фабрикалары
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құс шаруашылығы жөніндегі өндірістік бірлестіктері, асыл тұқымды құс өсіретін заводтары мен асыл тұқымды құс өсіретін шаруашылықтары
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал маркайту, бордақылау және дайындау жөніндегі аудандық (ауданаралық) мамандандырылған мемлекеттік кооперативтік бірлестіктері

Мұнай және газ өнеркәсібі кәсіпорындары құрылысы министрлігі

«Мангышлакнефтегазстрой» тресі

Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі

«Главкаратаухимстрой» трестерінің кәсіпорындары мен ұйымдары

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі

Қабырғалық материалдар өндіру жөніндегі кәсіпорындар
«Қарағандацемент» өндірістік бірлестігі

СССР Қорғаныс министрлігі

СССР Қорғаныс министрлігінің иелігіндегі тұрғын үйлер

Денсаулық сақтау мекемелері

Емдеу-профилактика, аптека мекемелерімен және санитариялық-эпидемиологиялық станциялармен комплексте салынған тұрғын үйлер (пәтерлер)

Қазақ ССР Ғылым академиясы

Қазақ ССР Ғылым академиясының Ядролық физика институты мен Жоғары энергиялар физикасы институты

Ескерту. Үйден шығарудың аталған тәртібі осы институттардың Алматы қаласындағы Фрунзе ауданының Алатау жұмысшы поселкесінде Қазақ ССР Ғылым академиясының Ядролық физика институты тұрғын үй-коммуналдық конторының үйлерінде тұратын жұмысшылары мен қызметшілеріне қолданылады.

6-тарау

ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ

§ 1. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ЗАҢЫН КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ
1974 жылғы 27 декабрьдегі
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1975 ж., № 2)

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы Заңы 1975 жылғы 1 марттан бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы Заңын күшіне енгізу тәртібін белгілеу және Қазақ ССР-інің заңдарын осы Заңға сәйкестендіру Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына тапсырылсын.

ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1974 жылғы 27 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(1986 ж. 4 июльдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1986 ж., № 28, 274-ст.)

Ұлы Октябрь социалистік революциясы елімізде халыққа білім беруді, ғылым мен мәдениетті дамыту үшін саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасады. Тарихи қысқа кезең ішінде совет қоғамының рухани өмірінің барлық салаларында социалистік идеология орнықты. Совет Одағы Коммунистік партиясының басшылығымен жаңа адамды — коммунизмнің белсенді құрылысшысын қалыптастыру міндеті ойдағыдай шешілуде. Адамзат тарихында тұңғыш рет халыққа білім берудің шын мәніндегі демократиялық жүйесі қалыптасты. Халыққа білім және коммунистік тәрбие беру туралы лениндік идеялар дәйектілікпен жүзеге асырылуда.

---

[1] 3-статья Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Басқа одақтас республикалармен ерікті бірігу және тең праволылық негізінде құрамына Қазақ Советтік Социалистік Республикасы кіретін СССР-де социализмнің жеңуі еліміздің тез әрі жан-жақты дамуын, совет халқының материалдық әл-ауқатының, білім және мәдени дәрежесінің үздіксіз өсуін қамтамасыз етті, балаларды мектепке дейін тәрбиелеу үшін қолайлы жағдайлар жасауға, жастарға жаппай орта білім беруді дәйектілікпен жүзеге асыруға, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары білім жүйесін кеңінен дамытуға мүмкіндік туғызды.

Совет мемлекетінде барлық азаматтардың білім алуға нақты мүмкіндігі бар, оларға бейімділігіне, қабілетіне, кәсіптік даярлығына, біліміне сәйкес және қоғамдық қажеттерді ескере отырып, мамандық, кәсіп пен жұмыс түрін таңдап алуға право беріледі.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету негізінде социализмді жоспарлы әрі жан-жақты жетілдіру, совет қоғамының коммунизмге қарай одан әрі ілгері басуы жағдайында СССР-дегі халыққа білім беру жүйесінің мақсаты — жоғары білімді, творчестволықпен ойлайтын, терең біліммен қаруланған, жан-жақты, үйлесімді дамыған азаматтарды, марксизм-ленинизм идеяларымен тәрбиеленген, буржуазиялық идеология мен моральға ымырасыздық, Отанға деген сүйіспеншілік, социалистік Отанның перзенті болғандық үшін мақтаныш, халықтардың достығы мен туысқандығы, еңбекке саналы көзқарас, жауапкершілік, ұйымшылдық пен тәртіп, СССР Конституциясын, Қазақ ССР Конституциясын және совет заңдарын сақтау, социалистік тұрмыс ережелерін құрметтеу рухында тәрбиеленген, қоғамдық және мемлекеттік өмірге белсене қатысатын коммунизм жолындағы сенімді күрескерлер даярлау болып табылады.

Қазіргі кезеңде оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру, коммунистік дүниетанымды қалыптастыру, жас ұрпақты еңбекке даярлауды түбегейлі жақсарту, елімізде жаппай кәсіптік білім беруді бірте-бірте енгізу, коммунистік құрылыстың барлық салаларын білікті жұмысшы кадрлармен және мамандармен қамтамасыз ету, олардың кәсіптік дәрежесін үнемі арттыру аса зор маңызға ие болып отыр. Осы зор әрі жауапты міндеттерді ойдағыдай шешу ғылыми-техникалық прогресс негізінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету, еңбек өнімділігінің ең жоғары дүние жүзілік дәрежесіне жету, совет адамдарының рухани қажетін дамытып, барған сайын неғұрлым толық қанағаттандыру, социалистік қоғамдық қатынастарды жетілдіру ісіне жәрдемдесуге тиіс.

Біздің елімізде білім беру шын мәнінде бүкіл халықтық іс болып табылады. Мемлекет, семья, қоғамдық ұйымдар, еңбек коллективтері бірлескен күш-жігермен жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие мен білім беруді қамтамасыз етуде. Бұл істе қызметі идеялық сенімге, өзінің кәсіптік және қоғамдық жауапкершілігін терең сезінуге, педагогтік шеберлікке, эрудиция мен мәдениетке негізделген педагог қызметкерлердің ролі ерекше. Мұғалімнің, тәрбиешінің, басқа да педагог қызметкерлердің еңбегі — игілікті әрі абыройлы іс. Олар жас адамның рухани дүниесін қалыптастырады, оларға қоғам ең аяулысын — балаларды, жастарды сеніп тапсырады.

Халыққа білім беру жүйесін дамытуға совет ғылымы елеулі үлес қосады, оның жетістіктері қоғамның басты өндіргіш күші мен ең бағалы байлығы болып табылатын жан-жақты дамыған адамды қалыптастыру ісінде кеңінен пайдаланылады.

Халыққа білім беру туралы совет заңдары елімізде халыққа білім беру ісін жетілдіруге, қоғамдық қатынастардың осы саласында социалистік заңдылықты одан әрі нығайтуға белсене қызмет етуге тиіс.

I бөлім

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-статья. Халыққа білім беру туралы совет заңдарының міндеттері

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы заңдары совет адамдарының талап-тілегін және социалистік қоғамның Совет мемлекетінің азаматтары, коммунизмнің белсенді құрылысшылары ретінде балалар мен жастарға білім және коммунистік тәрбие беру жөніндегі қажетін неғұрлым толық қанағаттандыру, жан-жақты, үйлесімді дамыған жеке адамды қалыптастыру, халық шаруашылығын білікті жұмысшы кадрлармен және мамандармен қамтамасыз ету мақсатында халыққа білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

2-статья. ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы заңдары

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы заңдары ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздерінен және осыларға сәйкес шығарылатын ССР Одағының халыққа білім беру туралы басқа да заң актілерінен, осы Заңнан және Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы өзге де заң актілерінен тұрады.

3-статья. Қазақ ССР азаматтарының білім алу правосы

Қазақ ССР-інің азаматтары білім алуға праволы.

Бұл право оқудың барлық түрінің тегіндігі арқылы, жастарға жаппай орта білім беруді жүзеге асыру арқылы, оқудың өмірмен, өндіріспен байланысты болуы негізінде кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары білім берудің кеңінен дамытылуы арқылы; сырттай және кешкі оқуды дамыту арқылы; оқушылар мен студенттерге мемлекеттік стипендия мен жеңілдіктер беру арқылы; мектеп оқулықтарын тегін беру арқылы; мектепте ана тілінде оқу мүмкіндігі арқылы; өздігінен білім алуға жағдай жасау арқылы қамтамасыз етіледі.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің еңбек туралы заңдарына сәйкес кадрларды кәсіпке тегін оқыту, олардың еңбек біліктілігін арттыру және қайта даярлау ұйымдастырылады.

4-статья. Қазақ ССР-інде халыққа білім берудің негізгі принциптері

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес Қазақ ССР-інде халыққа білім берудің негізгі принциптері мыналар:

1) СССР-дің барлық азаматтарының тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, тіліне, дінге көзқарасына, кәсібінің түрі мен сипатына, тұрғылықты жеріне және басқа жағдайларға қарамастан білім алудағы теңдігі;

2) жастарға жаппай орта білім беру;

3) жастарға кәсіптік білім беру;

4) барлық оқу-тәрбие мекемелерінің мемлекеттік және қоғамдық сипаты;

5) білім берудің барлық түрінің тегіндігі, мектеп жасына дейінгі балалар мен оқушылардың бір бөлігін мемлекет есебінен толық қамтамасыз ету, оқушылар мен студенттерге стипендия мен жеңілдіктер

Қазақ ССР Заңдарының жинағы, 4-том, 1986 ж.

беру, мектеп оқулықтарын тегін беру, алуан түрлі материалдық көмек көрсету;

6) оқитын тілді таңдап алудың еркіндігі: ана тілінде немесе СССР-дің басқа да халқының тілінде оқуы;

7) халыққа білім беру жүйесінің біртұтастығы және оқу орындарының барлық түрінде білім берудің сабақтастығы, сол арқылы оқудың төменгі сатысынан жоғары сатысына көшу мүмкіндігінің қамтамасыз етілуі;

8) оқыту мен коммунистік тәрбие берудің біртұтастығы; балалар мен жастарды тәрбиелеуде оқу-тәрбие мекемелерінің, семьяның, қоғамдық ұйымдардың, еңбек коллективтерінің ынтымақтастығы;

9) жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің өмірмен, коммунистік құрылыс практикасымен, қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекпен байланысы; политехникалық, еңбек тәрбиесі мен оқыту;

10) білім берудің ғылыми сипаты, ғылымның, техниканың, мәдениеттің ең жаңа жетістіктері негізінде оның ұдайы жетілдіріліп отыруы;

11) білім мен тәрбие берудің гуманистік, жоғары адамгершілік сипаты;

12) білім берудің дін ықпалына жол бермейтін зиялылық сипаты;

13) жыныска бөлмей бірге оқыту.

Жалпы білім беретін орта мектептер, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта, жоғары оқу орындары және басқа оқу-тәрбие мекемелері өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыра отырып, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық прогресс талаптарын ескеру арқылы балалар мен жастарды оқыту және тәрбиелеу сапасын ұдайы жетілдіріп отырады.

5-статья. **Қазақ ССР-інде халыққа білім беру жүйесі**

Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР-інде халыққа білім берудің бірыңғай жүйесі бар және ол жетілдірілуде, бұл жүйе азаматтардың жалпы білім алуын және кәсіптік даярлығын қамтамасыз етеді, жастарға коммунистік тәрбие беруге, оларды рухани дамытып, денесін шынықтыруға қызмет етеді, еңбекке және қоғамдық қызметке даярлайды.

Қазақ ССР-інде халыққа білім беру жүйесіне мыналар жатады:

мектепке дейінгі тәрбие;

жалпы орта білім;

кәсіптік-техникалық білім;

арнаулы орта білім;

жоғары білім;

мектептен тыс тәрбие.

6-статья. **ССР Одағының халыққа білім беру саласындағы компетенциясы**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес ССР Одағының мемлекеттік өкіметі мен басқаруының жоғары органдарының қарауына халыққа білім беру саласында мыналар жатады:

1) СССР-де халыққа білім беруге басшылық етудің жалпы принциптерін және оны басқару жүйесін белгілеу;

2) халыққа білім беру ісін дамытудың жалпы одақтық жоспарларын және халық шаруашылығы үшін білікті жұмысшы кадрлар мен мамандар даярлау жоспарларын белгілеу;

3) ССР Одағының халыққа білім беру органдарына басшылық ету; халыққа білім беру жүйесінің одақтық бағыныстағы оқу-тәрбие,

ғылыми-зерттеу және басқа мекемелерін, ұйымдары мен кәсіпорындарын басқару;

4) оқу орындарының және халыққа білім беру жүйесінің басқа да мекемелерінің үлгілерін белгілеу, олар туралы ережелерді (уставтарды) бекіту, оқу орындарына қабылдау жасын және оларда оқу мерзімдерін белгілеу;

5) одақтық бағыныстағы жоғары оқу орындарын, сондай-ақ арнаулы орта, кәсіптік-техникалық оқу орындарын, жалпы білім беретін мектептерді ұйымдастыру, қайта құру және жабу;

6) оқу орындарының және халыққа білім беру жүйесінің басқа да мекемелерінің штаттарын анықтау, олардағы қызметкерлердің еңбегін нормалау және ақы төлеу тәртібін белгілеу;

7) барлық оқу-тәрбие мекемелеріне оқу-методикалық басшылықтың жалпы принциптерін белгілеу, оқу жоспарларын бекіту және оқу программаларын бекіту тәртібін анықтау;

8) оқу орындары мен халыққа білім беру жүйесінің басқа да мекемелерінің оқу-материалдық базасын дамытудың жалпы одақтық жоспарларын белгілеу;

9) оқу-тәрбие мекемелерінде оқитын және тәрбиеленетін адамдарға материалдық көмектің түрлері мен нормаларын белгілеу;

10) халыққа білім беру саласындағы мемлекеттік бақылау және оны жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

11) халыққа білім беру саласындағы статистикалық есептің және есеп берудің бірыңғай жүйесін белгілеу;

12) СССР Конституциясына, ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне және ССР Одағының басқа да заң актілеріне сәйкес халыққа білім берудің жалпы одақтық маңызы бар басқа да мәселелерін шешу.

7-статья. **Қазақ ССР-інің халыққа білім беру саласындағы компетенциясы**

Қазақ ССР-інің мемлекеттік өкіметі мен басқаруының жоғары органдарының қарауына халыққа білім беру саласында мыналар жатады:

1) халыққа білім беру ісін дамытудың республикалық жоспарларын және халық шаруашылығы үшін білікті жұмысшы кадрлар мен мамандар даярлау жоспарларын белгілеу;

2) Қазақ ССР-інің халыққа білім беру органдарына басшылық ету: халыққа білім беру жүйесінің республикалық бағыныстағы оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және басқа мекемелерін, ұйымдары мен кәсіпорындарын басқару;

3) заңдарда белгіленген тәртіп бойынша республикалық бағыныстағы арнаулы орта, кәсіптік-техникалық оқу орындарын, жалпы білім беретін мектептерді ұйымдастыру, қайта құру және жабу;

4) педагогика ғылымы саласында ғылыми-зерттеу жұмысын дамытудың республикалық жоспарларын белгілеу және олардың жетістіктерін практикаға енгізу;

5) республикалық және жергілікті бағыныстағы халыққа білім беру мекемелерінің оқу-материалдық базасын дамытудың республикалық жоспарларын белгілеу;

6) Қазақ ССР-інің территориясында орналасқан оқу орындарының және халыққа білім беру жүйесінің басқа да мекемелерінің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) жекелеген пәндер бойынша оқулықтарды, оқу құралдарын және оқу программаларын белгіленген тәртіп бойынша бекіту;

8) республикалық және жергілікті бағыныстағы оқу-тәрбие мекемелеріне оқу-методикалық басшылықты белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асыру;

9) Қазақ ССР-інің құрметті атақтарын белгілеу және оларды халыққа білім беру жүйесінің қызметкерлеріне беру;

10) егер ССР Одағының компетенциясына жатқызылмаған болса, халыққа білім берудің басқа да мәселелерін шешу.

8-статья. **Қазақ ССР-інде халыққа білім беру ісіне басшылық ету**

СССР Конституциясына және Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР-інде халыққа білім беру ісіне басшылықты ССР Одағының, Қазақ ССР-інің мемлекеттік өкіметі мен басқаруының жоғары органдары, халық депутаттарының жергілікті Советтері мен олардың атқару комитеттері жүзеге асырады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес СССР-де халыққа білім беру жүйесінің мемлекеттік басқару органдары — СССР Оқу министрлігі, СССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі — халыққа білім беру саласында, халық шаруашылығы үшін білікті жұмысшы кадрлар мен мамандар даярлауда бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. СССР-дің халыққа білім беру жүйесін мемлекеттік басқару органдары өздері туралы СССР Министрлер Советі бекітетін ережелерге сәйкес Қазақ ССР-інде жалпы орта, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары білім беру, мектепке дейінгі және мектептен тыс тәрбиелеу ісіне, әдетте, солардың жүйесіне кіретін Қазақ ССР-інің одақтық-республикалық министрліктері мен мемлекеттік комитеттері арқылы басшылық етеді және тікелей өздеріне бағынатын оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және басқа мекемелерді, ұйымдар мен кәсіпорындарды басқарады.

Басқа министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, кооперативтік және өзге қоғамдық ұйымдардың орталық органдары өздеріне қарасты оқу-тәрбие мекемелеріне басшылықты жүзеге асырады.

СССР-дің халыққа білім беру жүйесін мемлекеттік басқару органдары, ведомстволық бағынысына қарамастан, оқу-тәрбие мекемелері үшін, сондай-ақ осы оқу-тәрбие мекемелері қарауында болатын министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар үшін міндетті болып табылатын оқу, тәрбие, методикалық, ғылыми жұмыс жөніндегі жалпы ережелерді әзірлейді, оқу-тәрбие мекемелерінің қызметін бақылайды, ССР Одағының заңдарына сәйкес халыққа білім беру жүйесіне басшылық ету жөніндегі басқа да өкілеттікті жүзеге асырады.

Қазақ ССР-інде халыққа білім беру жүйесін мемлекеттік басқару органдары — Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі — өз компетенциясы шеңберінде халыққа білім беру саласында, халық шаруашылығы үшін білікті жұмысшы кадрлар мен мамандар даярлауда бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Қазақ ССР-інің халыққа білім беру жүйесін мемлекеттік басқару органдары өздері туралы Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін ережелерге сәйкес жалпы орта, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары білім беру, мектепке дейінгі және мектептен тыс тәрбиелеу ісіне басшылық етеді.

Қазақ ССР Оқу министрлігі жалпы орта білім беру, мектепке дейінгі және мектептен тыс тәрбиелеу ісіне, әдетте, халық депутаттары-

ның облыстық, Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің оқу бөлімдері арқылы басшылық етеді, тікелей өзіне бағынатын оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және басқа мекемелерді, ұйымдар мен кәсіпорындарды басқарады.

Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті кәсіптік-техникалық білім беру ісіне, әдетте, халық депутаттарының облыстық, Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің кәсіптік-техникалық білім жөніндегі басқармалары арқылы басшылық етеді, тікелей өзіне бағынатын мекемелерді, ұйымдар мен кәсіпорындарды басқарады және ведомстволық бағынысына қарамастан, Қазақ ССР-інің кәсіптік-техникалық оқу орындарына білікті жұмысшылар даярлаудың сапасын бақылауды қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жоғары және арнаулы орта білім беру ісіне басшылық етеді және тікелей өзіне бағынатын жоғары және арнаулы орта оқу орындарын, мекемелер мен ұйымдарды басқарады, бағынысында жоғары және арнаулы орта оқу орындары бар Қазақ ССР-інің министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары арқылы Қазақ ССР-інің басқа да жоғары және арнаулы орта оқу орындарына оқу-методикалық басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақ ССР-інің жоғары және арнаулы орта оқу орындарының оқу, методикалық және тәрбие жұмысының мәселелері жөніндегі қызметін бақылайды.

9-статья. **Халық депутаттары жергілікті Советтерінің халыққа білім беру ісіне басшылық ету саласындағы өкілеттігі**

Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті Советтерінің халыққа білім беру ісіне басшылық ету саласындағы өкілеттігі ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша белгіленеді.

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері:

өздеріне бағынатын оқу-тәрбие мекемелеріне басшылық етеді, олардың жүйесін дамытып, дұрыс орналастыруға, осы мекемелердің оқу-материалдық базасын нығайтуға, сондай-ақ Советтердің территориясында орналасқан оқу орындарының үйлерін оқу жылы басталғанға дейін іске қосуға шаралар қолданады;

жастарға жаппай орта білім беруді және оларға жаппай кәсіптік білім беруге көшуді қамтамасыз етеді; мектепке дейінгі және мектептен тыс тәрбиелеу ісіне басшылық етеді; балалар мен жеткіншектерді тәрбиелеуде семьяға жәрдем көрсетеді;

педагог кадрларды іріктеу мен орналастыруда оқу-тәрбие мекемелеріне көмек көрсетеді;

оқушыларға мектеп оқулықтарын тегін беруді, медициналық қызметпен тегін қамтамасыз етуді; қоғамдық тамақтандыруды, сондай-ақ мектептерді, мектепке дейінгі балалар мекемелерін, мектептен тыс және басқа оқу-тәрбие мекемелерін шаруашылық жағынан қамтамасыз етуді ұйымдастырады және бақылайды;

оқудың және тәрбиенің өмірмен, өндіріспен байланысын нығайтуға шаралар қолданады, мектеп оқушыларын еңбекке даярлаудың бағытын белгіленген тәртіп бойынша анықтайды, халық шаруашылығының кадрларға деген қажетін, сондай-ақ оқушылардың бейімі мен қабілетін ескере отырып, тиісті өндірістік және оқу-материалдық базаның негізінде оларды еңбекке баулуды ұйымдастырады; оқушылардың оқуға және еңбек тәрбиесіне байланысты қоғамдық пайдалы, өнімді еңбегін, оларды кәсіптік бағдарлау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

жалпы білім беретін орта мектептерге, орта кәсіптік-техникалық училищелерге және арнаулы орта оқу орындарына қабылдау жоспар-

ларына сәйкес оларды оқушылармен толықтыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады, осы жоспарлардың орындалуын бақылайды; жалпы білім беретін орта мектепті бітірген жастарды жұмысқа орналастыру жоспарларына сәйкес жалпы білім беретін орта мектептердің түлектерін жұмысқа орналастыруға және жас жұмысшы кадрлар мен мамандарды тұрақтандыруға жәрдемдеседі;

Советтердің территориясында орналасқан орта кәсіптік-техникалық училищелердің, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының жұмысына көмек көрсетеді;

мектеп жасындағы балаларды есепке алуды жүзеге асырады, белгіленген тәртіп бойынша жаппай оқу қорын бөледі және оның пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады, мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, колхоздар мен басқа қоғамдық ұйымдардың оқу-тәрбие мекемелеріне көмек көрсету жөніндегі қызметін үйлестіріп отырады;

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халыққа білім беру жүйесіне басшылық ету жөніндегі басқа да өкілеттікті жүзеге асырады.

10-статья. **Оқу тәрбие мекемелерінің қарастылығы**

Оқу-тәрбие мекемелері халыққа білім беру жүйесін мемлекеттік басқару органдарының және басқа мемлекеттік органдардың қарауында болады. Оқу-тәрбие мекемелерінің жекелеген түрлері колхоздардың, өзге кооперативтік және басқа қоғамдық ұйымдардың қарауында болуы мүмкін.

11-статья. **Оқу-тәрбие мекемелерін ашу шарттары**

Оқу-тәрбие мекемелері, белгіленген тәртіп бойынша олардың қажеттігін ескере отырып және тиісті үйлері, оқу жабдықтары мен басқа қажетті жабдықтар болған, педагог (инженер-педагог, ғылыми-педагог) кадрлармен қамтамасыз етілген жағдайда ғана ашылады.

12-статья. **Оқу-тәрбие мекемесіне басшылық**

Оқу-тәрбие мекемесіне басшылықты тиісінше меңгеруші, директор, ректор жүзеге асырады, ол өз жұмысында педагогикалық коллектив пен қоғамдық ұйымдарға сүйеніп отырады.

Оқу-тәрбие мекемесіндегі оқу, тәрбие, методикалық, ғылыми жұмыс мәселелерінің коллегиялы түрде қаралуын қамтамасыз ету үшін педагог қызметкерлерден, жұртшылық өкілдерінен және кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың еңбек коллективтері өкілдерінен педагогикалық совет (жоғары оқу орнының советі) құрылады.

Оқу-тәрбие мекемесінің қоғамдық ұйымдары мен еңбек коллективі оқушылар мен студенттерді оқыту, тәрбиелеу және оларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету ісін жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға, сондай-ақ оқу-тәрбие мекемесі қызметінің басқа да мәселелерін шешуге қатысады.

13-статья. **Қазақ ССР-інде халыққа білім берудің ғылыми негіздері**

Қазақ ССР-інде халыққа білім беру жүйесі әлеуметтік-экономикалық прогресс талаптарына сәйкес, ғылым, техника, мәдениет жетістіктері негізінде олардың даму перспективасы ескеріле отырып, дамытылады және жетілдіріледі. Педагогика ғылымы халыққа білім беру проблемаларын ғылымның басқа салаларымен тығыз байланыста әзірлеуді жүзеге асырады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес педагогика ғылымы саласындағы зерттеулерді жүргізіп, үйлестіретін басты ғылыми мекеме СССР Педагогика ғылым академиясы болып табылады, ол өз міндеттерін СССР Ғылым академиясымен, басқа да ғылыми, сондай-ақ оқу-тәрбие мекемелерімен өзара бірлесе отырып орындайды.

Жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық білім беру проблемаларын зерттеуді тиісті ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындары да жүзеге асырады.

Республиканың халыққа білім беру органдары Қазақ ССР Ғылым академиясымен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен бірлесе отырып ғылым, техника, мәдениет жетістіктерін оқу-тәрбие мекемелерінің жұмысына енгізуді ұйымдастырады.

14-статья. **Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, олардың еңбек коллективтерінің халыққа білім беру ісін дамытуға қатысуы**

Мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, колхоздар, өзге де кооперативтік, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, творчестволық одақтар, басқа да қоғамдық ұйымдар, бұқаралық информация құралдары халыққа білім беру жүйесін дамытуға, сондай-ақ еңбекшілердің кәсіптік оқуына, біліктілігін арттыруға белсене қатысады, жұмысшылардың, колхозшылар мен қызметшілердің білім алуына жәрдемдеседі, балалар мен жастарға идеялық-саяси, еңбек, адамгершілік, праволық, эстетикалық және дене тәрбиесін беруді жақсартуға, жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын кәсіптік бағдарлауға, оқу орындарының білікті жұмысшы кадрлар мен мамандар даярлау жөніндегі жұмысына көмектеседі.

Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың еңбек коллективтері «Еңбек коллективтері және кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды басқаруда олардың ролін арттыру туралы» СССР Заңына, ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне, осы Заңға және басқа заң актілеріне сәйкес халыққа білім беру ісін дамытуға қатысады.

15-статья. **Оқушылар мен студенттерге праволық тәрбие мен білім беруді ұйымдастыру**

Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, сондай-ақ бағынысында оқу орындары бар Қазақ ССР-інің басқа да министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары оқушылар мен студенттерге праволық тәрбие мен білім беру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. Аталған жұмыс Қазақ ССР Юстиция министрлігінің қатысуымен жүргізіледі.

16-статья. **Азаматтардың өздігінен білім алуы**

Азаматтардың өздігінен білім алуына, олардың жалпы білім, кәсіптік және мәдени дәрежесін арттыруға жәрдемдесу мақсатында халық университеттері, лекторийлер, курстар және саяси, ғылыми білімдерді таратудың басқа да қоғамдық формалары ұйымдастырылады.

Халыққа білім беру органдары мен мекемелері азаматтардың өздігінен білім алуын ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

Азаматтардың өздігінен білім алуына сондай-ақ мәдениет органдары мен мекемелері, баспасөз, телевизия, радио және басқа да бұқаралық информация құралдары жәрдемдеседі.

II бөлім

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ

17-статья. Мектепке дейінгі балалар мекемелері

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу үшін неғұрлым қолайлы жағдай туғызу және семьяға қажетті көмек көрсетуді көздеп жалпы мақсаттағы бала яслилерінің, бала бақшаларының, бала ясли-бақшаларының және басқа мектепке дейінгі балалар мекемелерінің жүйесі жоспарлы түрде дамытылады.

Денесінің немесе ақыл-ойының жетілуінде кемістігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін арнаулы мақсаттағы мектепке дейінгі балалар мекемелері ұйымдастырылады.

18-статья. Мектепке дейінгі балалар мекемелерін ұйымдастыру

Мектепке дейінгі балалар мекемелерін халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттері, сондай-ақ олардың рұқсатымен мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, колхоздар, өзге кооперативтік және басқа қоғамдық ұйымдар ұйымдастырады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес мектепке дейінгі балалар мекемелері өз қызметін СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша бекітілетін Ереже негізінде жүзеге асырады.

19-статья. Мектепке дейінгі тәрбие міндеттері

Мектепке дейінгі балалар мекемелері семьямен тығыз ынтымақтаса отырып, балаларды жан-жақты, үйлесімді дамыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады, олардың денсаулығын сақтап, нығайтады, дене тәрбиесі мен эстетикалық тәрбие беруді қамтамасыз етеді, танымдық ықылас пен қабілетті дамытады, балалардың бойында табиғатқа, туған өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілікті, үлкендерге құрметпен қарау сезімін, рақымдылықты, жолдастық пен коллективизмді, басқа да жоғары адамгершілік қасиеттерді дарытады, балаларды мінез-құлық мәдениетіне, еңбек сүйгіштікке, дербестікке, бастапқы практикалық дағдыларға баулиды, оларды ұйымшылдық пен тәртіпке үйретеді, мектепте оқуға даярлайды.

Қазақ ССР-інде балалар Советтік Отанның бейбітшіл мақсат-ниеті мен дүние жүзі халықтарын құрметтеу рухында тәрбиеленеді.

20-статья. Мектепке дейінгі балалар мекемелеріне педагогикалық басшылық ету, оларға медициналық қызмет көрсету

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес мектепке дейінгі балалар мекемелеріне педагогикалық басшылықты және ведомостволық бағынысына қарамастан, оларды педагог қызметкерлермен қамтамасыз етуді СССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі және оның жергілікті органдары жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде балалар арасында емдеупрофилактикалық және санитариялық-гигиеналық жұмысты белгіленген тәртіп бойынша СССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, оның жергілікті органдары, сондай-ақ қарауында денсаулық сақтау мекемелері бар министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомостволар жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің ведомстволық бағынысына қарамастан, оларды медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етуді тиісті денсаулық сақтау органдары жүзеге асырады.

III бөлім

ЖАППАЙ ОРТА БІЛІМ БЕРУ. КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ

21-статья. **Жаппай орта білім беру**

Халықтың білім, саналылық және мәдени дәрежесін одан әрі арттыру, жастарды өмірге, еңбек пен қоғамдық қызметке даярлау мақсатында Қазақ ССР-інде әлеуметтік-экономикалық даму мен ғылыми-техникалық прогресс қажеттеріне сәйкес, коммунистік құрылыс перспективаларын ескере отырып, барлық жерде жастарға жаппай орта білім беру жүзеге асырылады. Совет мемлекеті жеткіншек ұрпаққа жаппай орта білім беру үшін қажетті жағдай туғызады.

Жаппай орта білім беру жалпы білім беретін орта мектептерде, орта кәсіптік-техникалық училищелер мен арнаулы орта оқу орындарында жүзеге асырылады, оларда Қазақ ССР-інің бүкіл территориясында негізінен оқыту мен тәрбиелеудің қатаң сабақтастығы, жалпы орта білім берудің негізінен бірыңғай мазмұны мен бірыңғай дәрежесі қамтамасыз етіледі. Оқу орындары, олардың педагогикалық коллективтері оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу сапасына жауап береді.

Орта білім алу — Қазақ ССР-інің әрбір жас азаматының борышы әрі міндеті.

22-статья. **Кәсіптік білім беру**

Жастарға жаппай кәсіптік білім беруге дәйектілікпен көшу мақсатында орта кәсіптік-техникалық училищелерде, сондай-ақ арнаулы орта және жоғары оқу орындарында кәсіптік білім беру дамытылып, жетілдіріле түседі; жалпы білім беретін орта мектептерде политехникалық негізде белгілі бір кәсіпті меңгерумен ұштастыру арқылы еңбекке үйрету ісі жүргізіледі.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес кәсіпті (мамандықты) меңгерген адамдарды аттестациялау және оларға квалификация беру СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша жүргізіледі.

Оқу орындарын бітірген адамдарға берілген разрядтар, кластар, категориялар, сондай-ақ квалификация (мамандық) барлық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін міндетті.

23-статья. **Оқыту тілі**

Жалпы білім беретін мектептің оқушыларына ана тілінде немесе СССР-дің басқа халқының тілінде оқуға мүмкіндік беріледі. Ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар өз тілегі бойынша балаларына тиісті оқыту тіліне қарай мектепті таңдап алуға праволы. Сабақ оқытылатын тілден басқа оқушылар өз тілегі бойынша СССР-дің басқа халқының тілін оқып-үйрене алады.

Сабақ орыс тілінде жүргізілмейтін оқу орындарында ана тілімен қатар, ұлтаралық қатынас құралы ретінде совет адамдары өз еркімен қабылдаған орыс тілін оқып-үйрену үшін осы тілдерді еркін меңгеруді, Қазақ ССР халқының ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы білім алуға даярлаудың бірыңғай дәрежесін қамтамасыз ететін қажетті жағдай туғызылады.

Дүние жүзі халықтарының мәдениетімен негұрлым кеңінен таныс у және кәсіптік білімді тереңдету мүмкіндігін ұлғайту мақсатында оқу орындарында шетел тілдерін оқыту да жүзеге асырылады.

VI бөлім

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ

24-с т а т ь я. **Жалпы білім беретін орта мектептер**

Жалпы білім беретін орта мектеп балалар мен жастарға жалпы орта білім мен коммунистік тәрбие беруді жүзеге асыратын бірыңғай, еңбек, политехника мектебі болып табылады.

Жалпы білім беретін орта мектептің біртұтастығы Қазақ ССР халқының ұлттық ерекшеліктерін жан-жақты ескеру арқылы ССР Одағының бүкіл территориясында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру принциптерінің ортақтығымен, жалпы орта білімнің негізінен бірыңғай мазмұнымен және бірыңғай дәрежесімен қамтамасыз етіледі.

Жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларды еңбекке баулу мен үйретуді қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекпен ұштастыра отырып жүзеге асырады.

Жалпы білім беретін орта мектепте политехникалық оқыту бүкіл оқу-тәрбие процесінің мазмұны және ұйымдастырылуы арқылы, оқушыларды теория мен практикада осы заманғы өндіріс негіздерімен таныстыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Жалпы білім беретін орта мектептің оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу оқу сабақтары, қоғамдық пайдалы, өнімді еңбек, кластан тыс және мектептен тыс алуан түрлі жұмыс процесінде жүзеге асырылады. Мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі формасы сабақ болып табылады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес мектепте балаларды оқыту 6 жастан басталады. Аталған жастан бастап оқытуды енгізу тәртібін СССР Министрлер Советі белгілейді.

25-с т а т ь я. **Даярлық кластары**

Ана тілінен басқа тілде оқитын балаларды және мектепке дейінгі балалар мекемелерінде тәрбиеленбеген балаларды мектепке даярлау мақсатында Қазақ ССР заңдарымен белгіленетін тәртіп бойынша мектептерде қажет болған реттерде даярлық кластары ұйымдастырылады.

26-с т а т ь я. **Жалпы білім беретін орта мектептің уставы**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес жалпы білім беретін орта мектептер өз қызметін СССР Министрлер Советі бекітетін Жалпы білім беретін орта мектептің уставы негізінде жүзеге асырады.

27-с т а т ь я. **Жалпы білім беретін орта мектептің басты міндеттері**

Жалпы білім беретін орта мектептің басты міндеттері мыналар:

балалар мен жастарға әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің осы заманғы талаптарына сай келетіндей жалпы орта білім беруді жүзеге асыру, оқушыларды ғылым негіздерін терең әрі тиянақты білумен қаруландыру, компьютерлік сауаттылықты қамтамасыз ету және электронды-есептеу техникасын пайдалану дағдысын үйрету, білімін үздіксіз жетілдіруге, оны өздігінен толықтырып, практикада қолдана білуге тәрбиелеу;

идеялық-саяси тәрбие беру, оқушылардың бойында марксшіл-лениндік дүниетанымды қалыптастыру, коммунистік сенімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, советтік патриотизм мен социалистік интернационализмге, социалистік Отанды қорғауға әзір тұруға, КПСС пен Совет мемлекетінің ішкі және халықаралық саясатын, елімізде және дүние жүзінде болып жатқан оқиғаларды дұрыс түсінуге тәрбиелеу;

кәсіпті саналы түрде таңдап алуды, белсенді еңбек қызметі мен қоғамдық қызметке әзірлікті қамтамасыз ететін қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекпен ұштастыра отырып, оқушыларды еңбекке баулу және үйрету, кәсіптік бағдарлау; экономикалық тәрбие беру;

оқушылардың бойында жоғары адамгершілік қасиеттерді, гуманизм, жолдастық пен коллективизм, жауапкершілік, ұйымшылдық пен тәртіптілік сезімін, мінез-құлық пен тұрмыс мәдениетін дарытуға, социалистік меншікке, табиғатқа, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

оқушыларға праволық тәрбие беру, совет заңдары мен социалистік тұрмыс ережелерін құрметтеуге баулу, оларды сақтау қажеттігін сезіне білушілікті қалыптастыру;

эстетикалық тәрбие беру, өмірдегі, еңбек пен өнердегі әсемдікке деген құштарлықты және оны жасау қабілетін дамыту;

оқушыларға дене тәрбиесін беру, олардың денсаулығын нығайту.

Жалпы білім беретін орта мектеп өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыра отырып, оқушылардың жан-жақты, үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді.

28-с т а т ь я. **Оқушыларды еңбекке баулу және үйрету**

Мектеп оқушыларының мектепте қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке жүйелі түрде қатысуын қамтитын еңбекке баулу және үйрету олардың жас ерекшелігі мен жеке-дара ерекшелігін, қабілетін, денсаулық жайын ескере отырып жүргізіледі және қажетті жағдай болған ретте көншілік кәсіптердің бірін меңгерумен аяқталады.

СССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес оқушыларды еңбекке баулу, үйрету және кәсіптік бағдарлау мақсатында ұйымдастырылатын қоғамдық пайдалы, өнімді еңбек жалпы білім беретін мектептерде, мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарында, мектеп пен мектепаралық оқу және оқу-өндірістік шеберханаларында, орта кәсіптік-техникалық училищелердің шеберханаларында, кәсіпорындардың оқу цехтары мен учаскелерінде, сондай-ақ оқушылардың өндірістік бригадаларында және өзге түрде жүзеге асырылады. Нақ осы мақсатта жазғы каникул кезінде мектеп оқушылары ерікті түрде, ата-аналардың келісуімен, мектептің және денсаулық сақтау органдарының бақылауымен халық шаруашылығында шамасы келетін қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке қатысады. Оқушылардың қоғамдық пайдалы, өнімді еңбегінің шарттары және оны ұйымдастыру СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша анықталады.

Жалпы білім беретін әрбір орта және орталау мектепке базалық кәсіпорын, ұйым бекітіледі. Жалпы білім беретін мектептер мен базалық кәсіпорындардың, ұйымдардың өзара қарым-қатынасы СССР Министрлер Советі бекітетін Ережемен реттеледі.

29-с т а т ь я. **Жалпы білім беретін мектептегі кластан тыс жұмыс**

Жалпы білім беретін мектепте бүкіл оқу-тәрбие процесімен тығыз байланысты, комсомол және пионер ұйымдарының, жұртшылық пен ата-аналардың белсене қатысуымен оқудан тыс уақытта кластан тыс

жұмыс жүргізіледі: жекелеген оқу пәндерін, білім салаларын терең үйрену жөнінде факультативтік сабақтар, үйірмелер, секциялар, студиялар, көркемөнерпаздар коллективтері, музейлер, клубтар ұйымдастырылады, сондай-ақ кластан тыс жұмыстың басқа да түрлері пайдаланылады. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың еңбек коллективтері, мәдениет, спорт мекемелері, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, ерікті қоғамдар, творчестволық одақтар, бұқаралық информация құралдары кластан тыс жұмысты жүргізуге жәрдемдеседі.

30-статья. **Жалпы білім беретін мектептің территориялық қолайлылығын қамтамасыз ету**

Жалпы білім беретін мектептің оқушылар үшін территориялық қолайлылығы мектепті мейлінше ыңғайлы аудандастыру, селолық жерде оқушылардың мектепке тегін барып, қайтуы, мектептер жанында жайлы интернаттар ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Жергілікті жағдайға байланысты жалпы орта білім беретін мектепте оқытудың барлық сатыларының біртұтастығы мен сабақтастығын сақтай отырып, I—IV кластар құрамында бастауыш мектептер, I—IX кластар құрамында орталау мектептер және I—XI кластар құрамында орта мектептер жеке-жеке құрылады.

31-статья. **Селолық жерлерде оқушыларды тасымалдауды қамтамасыз ету**

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері тиісті министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қатысуымен селолық жерлерде жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын мектепке дейін және одан үйіне дейін үнемі тегін тасымалдауды қамтамасыз етеді, бұл үшін маршрутты автобустарды, қала төңірегіндегі және жергілікті поездарды, өзен кемелерін, сондай-ақ колхоздардың, совхоздардың, орман кәсіпшілігі шаруашылықтарының және басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың балаларды тасымалдау үшін арнайы жабдықталған транспортын пайдаланады.

32-статья. **Жаппай оқу қоры**

Жалпы білім беретін мектептерде қажет болған реттерде оқушыларға материалдық көмек көрсету (тегін тамақтандыру, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз ету және материалдық көмектің басқа да түрлері), олардың арасында сауықтыру шараларын жүргізу және заңдарда көзделген өзге де шығындар үшін жаппай оқу қоры жасалады.

Жаппай оқу қоры мектептерді күнделікті ұстауға жұмсалатын шығынның кем дегенде бір процент мөлшеріндегі бюджет қаржысы есебінен, сондай-ақ колхоздардың, өзге де кооперативтік, кәсіподақ ұйымдарының және басқа жолдармен түсетін қаржыларды жұмылдыру есебінен жасалады.

Жаппай оқу қоры туралы ережені Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

33-статья. **Жалпы білім беретін мектептердің жекелеген түрлері. Мектеп-интернаттар, мектеп жанындағы интернаттар. Балалар үйлері**

Қоғамдық тәрбиелеуді ұлғайту, оқушыларды жан-жақты жетілдіру үшін неғұрлым қолайлы жағдай туғызу, сондай-ақ балаларды тәрбиелеу ісінде семьяға көмек көрсету мақсатында оқу-материалдық базасы болған жағдайда күн ұзағына болатын және күн ұзағына болатын топтары бар жалпы білім беретін мектептер, жекелеген оқу пәндерін,

білім салаларын, өнер мен спорт түрлерін тереңірек үйрететін мектептер мен кластар, мектеп-бала бақшалары, жалпы білім беретін мектеп-интернаттар, мектеп жанындағы интернаттар белгіленген тәртіп бойынша құрылады.

Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынан айрылған балалар мен жеткіншектер өздері үшін ұйымдастырылатын балалар үйлері мен жалпы білім беретін мектеп-интернаттарда тәрбиеленеді және толық мемлекет қамқорлығында болады.

Ұзақ емделуге мұқтаж балалар мен жеткіншектер үшін жалпы білім беретін сауықтырушы санаторийлік-орман мектептері, санаторийлік мектеп-интернаттар, санаторийлік балалар үйлері ұйымдастырылады. Мұндай балалар мен жеткіншектердің оқу сабақтары сондай-ақ ауруханаларда, санаторийлерде және үйде өткізіледі.

Денесінің немесе ақыл-ойының жетілуінде әдеттегі жалпы білім беретін мектепте оқуына бөгет жасайтын кемістіктері бар, сондай-ақ ерекше тәрбие жағдайына мұқтаж балалар мен жеткіншектер үшін жалпы білім беретін арнаулы мектептер, мектеп-интернаттар мен балалар үйлері ұйымдастырылады, олар осы балалар мен жеткіншектерді оқыту, тәрбиелеу, емдеу және қоғамдық пайдалы еңбекке даярлау ісін қамтамасыз етеді.

34-статья. **Мектеп-интернаттарға және балалар үйлеріне қабылдау**

ССР Одағының заңдарына сәйкес балалар мен жеткіншектерді мектеп-интернаттарға және балалар үйлеріне қабылдау СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша жүргізіледі.

35-статья. **Жалпы білім беретін мектептер мен балалар үйлеріне қамқорлық жасау**

Мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, колхоздар, өзге де кооперативтік, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдар жалпы білім беретін мектептерге, мектеп-интернаттар мен балалар үйлеріне қамқорлық жасауды жүзеге асырады. Олар белгіленген тәртіп бойынша бұларға материалдық базасын нығайтуда, кластан тыс және мектептен тыс оралуан шаралар өткізуде, еңбек және тынығу лагерін ұйымдастыруда көмек көрсетеді, оқушыларды еңбекке баулиды және кәсіптік бағдарлауды жақсартуға жәрдемдеседі.

36-статья. **Жұмыс істейтін жастарға арналған жалпы білім беретін орта мектептер**

Халық шаруашылығында жұмыс істейтін және орта білімі жоқ адамдар үшін жалпы білім беретін кешкі (сменалық) және сырттай оқытатын орта мектептер ұйымдастырылады, сондай-ақ жалпы орта білім алудың экстернатты формасы қолданылады.

Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, олардың еңбек коллективтері, қоғамдық ұйымдары жұмыс істейтін жастарды кешкі (сменалық) және сырттай оқытатын мектептерге тартуға жәрдемдесуге, осы мектептердің қалыпты қызмет атқаруы және оқушылардың оқуы үшін, жұмысты оқумен ұштастыруы үшін қажетті жағдай туғызуға міндетті.

37-статья. **Халық шаруашылығында жұмыс істейтін және орта білімі жоқ адамдарға арналған жалпы білім беретін арнаулы орта мектептер**

Халық шаруашылығында жұмыс істейтін және көру, есту, сөйлеу мүшелерінің кемістігі бар адамдар үшін жалпы білім беретін кешкі

(сменалық) және сырттай оқытатын арнаулы орта мектептер немесе жұмыс істейтін жастарға арналған жалпы білім беретін орта мектептерде арнаулы кластар ұйымдастырылады.

38-статья. **Орталау білім туралы куәлік**

Жалпы білім беретін орталау мектепті бітірген адамдарға орталау білім туралы куәлік, ал мінез-құлқы үлгілі болып, оқуда зор табыска жеткендерге — үздіктік белгісі бар куәлік беріледі.

Орталау білім туралы куәлік оқуды жалпы білім беретін орта мектепте жалғастыруға, орта кәсіптік-техникалық училищеге немесе арнаулы орта оқу орнына түсуге право береді.

39-статья. **Жалпы орта білім туралы аттестат және кәсіп бойынша квалификация берілгендік туралы куәлік**

Жалпы білім беретін орта мектепті бітірген адамдарға жалпы орта білім туралы аттестат тапсырылады, ал мектепте оқу кезеңінде белгілі бір кәсіпті меңгергендерге сондай-ақ белгіленген тәртіппен кәсіп бойынша квалификация (разряд, класс, категория) берілгендігі туралы куәлік (растама) тапсырылады.

40-статья. **Жалпы білім беретін орта мектепті бітірген адамдарды алтын және күміс медальдармен, мақтау грамоталарымен наградтау**

Жалпы білім беретін орта мектепті бітірген және мінез-құлқы үлгілі болып, оқу мен еңбекте ерекше табысқа жеткен адамдар — алтын және күміс медальдармен, ал жекелеген пәндерді оқып-үйренуде ерекше табысқа жеткен адамдар мақтау грамоталарымен наградталады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес Алтын және күміс медальдар туралы ережені — СССР Министрлер Советі, ал Мақтау грамотасы туралы ережені СССР Оқу министрлігі бекітеді.

41-статья. **Мақтау қағаздарымен наградтау**

Жалпы білім беретін мектептердің барлық пәндер бойынша жылдық үздік бағалары бар, мінез-құлқы үлгілі және мектептің қоғамдық өміріне белсене қатысқан оқушылары мақтау қағаздарымен наградталады.

V бөлім

КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

42-статья. **Орта кәсіптік-техникалық училищелер**

Жастарға кәсіптік-техникалық білім беру бір үлгідегі бірыңғай кәсіптік-техникалық оқу орындарында — білікті жұмысшы кадрларын жоспарлы түрде даярлауды қамтамасыз ететін орта кәсіптік-техникалық училищелерде жүзеге асырылады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес орта кәсіптік-техникалық училищелерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру принциптерінің біртұтастығы, жалпы орта білім берудің негізінен бірыңғай мазмұны мен бірыңғай дәрежесі, ССР Одағының бүкіл территориясында білікті жұмысшы кадрларын даярлауға қойылатын бірыңғай талаптар қамтамасыз етіледі.

Орта кәсіптік-техникалық училищелерде оқушылардың білім дәрежесі мен еңбекке даярлығын, олар алатын кәсіптердің күрделілігін

ескере отырып, оқытудың сараланған мерзімдері белгіленеді, тиісті бөлімшелер мен топтар ұйымдастырылады.

Орта кәсіптік-техникалық училищелерде оқыту күндізгі және кешкі формалар бойынша жүзеге асырылады.

43-статья. **Орта кәсіптік-техникалық училище туралы ереже**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес орта кәсіптік-техникалық училищелер өз қызметін СССР Министрлер Советі бекітетін Орта кәсіптік-техникалық училище туралы ереженің негізінде жүзеге асырады.

44-статья. **Орта кәсіптік-техникалық училищелердің басты міндеттері**

Орта кәсіптік-техникалық училищелердің басты міндеттері мыналар:

халық шаруашылығы үшін әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сәйкес, осы заманғы экономикалық ойлауға жетік, ғылымның, өндірістің, осы заманғы есептеу техникасының негіздерін терең әрі тиянақты білетін, жоғары кәсіптік шеберлікті меңгерген, жаңа техника мен технологияны ойдағыдай игеруге қабілеті жететін, оларды жасауға белсене қатыса алатын, техникалық жағынан білімді білікті жас жұмысшы кадрлар даярлау;

жастарға кәсіптік және жалпы орта білім беруді жүзеге асыру;

оқушыларға идеялық-саяси тәрбие беру, олардың бойында марксистік-лениндік дүниетанымды қалыптастыру, коммунистік сенімге, советтік патриотизм мен социалистік интернационализмге баулу, социалистік Отанды қорғауға әзір тұруға, КПСС пен Совет мемлекетінің ішкі және халықаралық саясатын, елімізде және дүние жүзінде болып жатқан оқиғаларды дұрыс түсінуге тәрбиелеу;

болашақ жас жұмысшыларды дамыған социалистік қоғамның саналы әрі белсенді мүшесі, өз елінің жұмысшы табына тән революциялық идеологиясы, моралі, мақсат-мұддесі, коллектившілдік психологиясы, жоғары адамгершілік қасиеттері, еңбек, мінез-құлық пен тұрмыс мәдениеті бар шаруақор иесі етіп тәрбиелеу; социалистік меншікке, табиғатқа, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға баулу;

праволық тәрбие беру, оқушыларды совет заңдары мен социалистік тұрмыс ережелерін құрметтеуге баулу, оларды сақтау қажеттігін сезіне білушілікті қалыптастыру;

эстетикалық тәрбие беру, өмірдегі, еңбек пен өнердегі әсемдікке деген құштарлықты және оны жасау қабілетін дамыту;

оқушыларға дене тәрбиесін беру, олардың денсаулығын нығайту.

Орта кәсіптік-техникалық училищелер өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыра отырып, оқушылардың жан-жақты, үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді.

45-статья. **Орта кәсіптік-техникалық училищелердегі оқудан тыс жұмыс**

Орта кәсіптік-техникалық училищелерде факультативтік сабақтар ұйымдастырылады. Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының және басқа ерікті қоғамдардың бастауыш ұйымдары, үйірмелер, секциялар, студиялар, музейлер, көркемөнерпаздар коллективтері, клубтар құрылады, сондай-ақ оқудан тыс жұмыстың өзге де түрлері пайдаланылады. Комсомол, кәсіподақ ұйымдары, твор-

чествolық одақтар мен басқа да қоғамдық ұйымдар, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың еңбек коллективтері, мәдениет, спорт мекемелері, бұқаралық информация құралдары орта кәсіптік-техникалық училищелерде, оқушылардың жатақханаларында жүргізілетін оқудан тыс жұмысқа белсене қатысады.

46-статья. **Орта кәсіптік-техникалық училищелердің базалық кәсіпорындармен өзара қарым-қатынасы**

Орта кәсіптік-техникалық училищелер халық шаруашылығының тиісті салалары үшін білікті жұмысшы кадрларын даярлауға мамандандырылады және белгіленген тәртіп бойынша кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың негізінде құрылады; орта кәсіптік-техникалық училищелер өз жұмысын тиісті мекемелердің негізінде де жүргізе алады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес орта кәсіптік-техникалық училищелер мен базалық кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың өзара қарым-қатынасы СССР Министрлер Советі бекітетін Ережемен реттеледі.

47-статья. **Орта кәсіптік-техникалық училищелерге түсу правосы**

Қазақ ССР-інде орта кәсіптік-техникалық училищелерге түсу правосын орталау немесе жалпы орта білімі бар СССР азаматтары пайдаланады.

Орта кәсіптік-техникалық училищелерге қабылдау СССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітетін ережелерге сәйкес жүргізіледі.

48-статья. **Орта кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларының өндірістік практикасы**

Орта кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларының өндірістік практикасы білікті жұмысшы кадрларын кәсіптік даярлаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Өндірістік практика осы заманғы техникамен жарақтандырылған, прогресті технология мен еңбек ұйымдастырудың жоғары дәрежесіне не озат кәсіпорындарда, бірлестіктерде, ұйымдарда, цехтарда, учаскелер мен жұмыс орындарында өткізіледі.

Өндірістік практика белгіленген тәртіп бойынша СССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітетін Орта кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларының өндірістік практикасы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

49-статья. **Квалификация, диплом және аттестат беру**

Орта кәсіптік-техникалық училищелерді бітірген және осы училищелерде немесе оларға түсерден бұрын жалпы орта білім алған адамдарға — тиісінше кәсіп бойынша квалификация (разряд, класс, категория) берілгені және жалпы орта білім алғаны туралы диплом немесе кәсіп бойынша квалификация (разряд, класс, категория) берілгені туралы диплом, ал ерекше үздік шыққандарға үздіктік белгісі бар диплом тапсырылады.

Орта кәсіптік-техникалық училищелерде немесе оларға түсерден бұрын қандай да болсын себептермен жалпы орта білім ала алмаған адамдарға — кәсіп бойынша квалификация (разряд, класс, категория)

берілгені туралы аттестат, ал ерекше үздік шыққандарға үздіктік белгісі бар аттестат тапсырылады.

50-статья. **Жұмыс істейтін жастарға кәсіптік-техникалық білім беру. Өндірісте кәсіпке үйрету.**

Халық шаруашылығында жұмыс істейтін және жаңа жұмысшы кәсібін алғысы немесе біліктілігін арттырғысы келетін адамдарға және жалпы білім беретін мектепті бітірген соң өндіріске баратын, бірақ кәсібі жоқ жастарға кәсіптік-техникалық білім беру орта кәсіптік-техникалық училищелерде оқытудың кешкі (сменалық) формасы арқылы жүзеге асырылады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде аталған адамдарды кәсіпке үйрету курстарда, оқу-курс комбинаттарында және жұмысшыларды өндірісте кәсіпке үйретудің басқа да формаларында жүргізіледі, сондай-ақ орта кәсіптік-техникалық училищелер негізінде ұйымдастырылуы мүмкін. Өндірісте кәсіпке үйретуден өткен және квалификациялық емтихандарды тапсырған адамдарға кәсіп бойынша квалификация (разряд, класс, категория) берілгені туралы белгіленген тәртіп бойынша бірыңғай формалы куәлік тапсырылады.

Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жұмысшыларды өндірісте кәсіпке үйрету үшін қажетті жағдайлар мен оқу-өндірістік база жасайды және олардың оқуын бақылауды жүзеге асырады.

VI бөлім

АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ

51-статья. **Арнаулы орта оқу орындары**

Арнаулы орта білім беру техникумдарда, училищелерде және белгіленген тәртіп бойынша арнаулы орта оқу орындарына жатқызылған басқа да оқу орындарында жүзеге асырылады.

Қазақ ССР-інің бүкіл территориясындағы арнаулы орта оқу орындарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру принциптерінің біртұтастығы, жалпы орта білім берудің негізінен бірыңғай мазмұны мен бірыңғай дәрежесі, арнаулы орта білімі бар білікті мамандар даярлауға қойылатын бірыңғай талаптар қамтамасыз етіледі.

Арнаулы орта оқу орындарында мамандар даярлау оқытудың күндізгі, кешкі және сырттай оқыту формалары арқылы жүзеге асырылады.

Арнаулы орта оқу орындарында білім дәрежесі мен алынатын мамандықтың күрделілігін ескере отырып оқытудың сараланған мерзімдері белгіленеді. Арнаулы орта оқу орнында оқу үшін таңдап алған тиісті мамандыққа сәйкес кәсіп бойынша орта кәсіптік-техникалық училищелерді бітірген адамдарға оқытудың қысқартылған мерзімдері белгіленуі мүмкін.

52-статья. **Арнаулы орта оқу орындары туралы ереже. Арнаулы орта оқу орындарының уставтары**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес арнаулы орта оқу орындары өз қызметін СССР Министрлер Советі бекітетін СССР-дің Арнаулы орта оқу орындары туралы ереженің және аталған Ережеге сәйкес әрбір арнаулы орта оқу орны әзірлеп, арнаулы орта оқу орны бағынатын министрлік, мемлекеттік комитет немесе ведомство бекітетін уставтардың негізінде жүзеге асырады.

53-статья. Арнаулы орта оқу орындарының басты міндеттері

Арнаулы орта оқу орындарының басты міндеттері мыналар:

әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сәйкес арнаулы орта білімді, ғылым негіздерін терең әрі тиянақты білетін, осы заманғы экономикалық ойлауға жетік, мамандық бойынша қажетті теориялық даярлығы мен практикалық дағдысы бар, жаңа техника мен технологияны жасау және қолдану ісіне қатысуға қабілеті жететін, электронды-есептеу техникасымен жұмыс істей алатын, өндірістің бастапқы буындарын басқару мен қоғамдық-саяси және тәрбие жұмысын жүргізу дағдыларын меңгерген білікті мамандар даярлау;

жастарға кәсіптік және жалпы орта білім беруді жүзеге асыру;

оқушыларға идеялық-саяси тәрбие беру, олардың бойында маркстік-лениндік дүниетанымды қалыптастыру, коммунистік сенімге, советтік патриотизм мен социалистік интернационализмге баулу, социалистік Отанды қорғауға әзір тұруға, КПСС пен Совет мемлекетінің ішкі және халықаралық саясатын, елімізде және дүние жүзінде болып жатқан оқиғаларды дұрыс түсінуге тәрбиелеу;

жоғары адамгершілік қасиеттерге, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа, тәртіпке, еңбекке деген творчестволық көзқарасқа, гуманизмге, жолдастық пен коллективизмге, мінез-құлық пен тұрмыс мәдениетіне, социалистік меншікке, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға баулу; экологиялық тәрбие беру;

оқушыларға праволық тәрбие беру, оларды совет заңдары мен социалистік тұрмыс ережелерін құрметтеуге баулу, оларды сақтау қажеттігін сезіне білушілікті қалыптастыру;

эстетикалық тәрбие беру, өмірдегі, еңбек пен өнердегі әсемдікке деген құштарлықты және оны жасау қабілетін дамыту;

оқушыларға дене тәрбиесін беру, олардың денсаулығын нығайту.

Арнаулы орта оқу орындары өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыра отырып, оқушылардың жан-жақты, үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді.

54-статья. Арнаулы орта оқу орындарындағы оқудан тыс жұмыс

Арнаулы орта оқу орындарында факультативтік оқу ұйымдастырылады, ерікті қоғамдардың бастауыш ұйымдары, үйірмелер, секциялар, студиялар, музейлер, көркемөнерпаздар коллективтері, клубтар құрылады, сондай-ақ оқудан тыс жұмыстың өзге де түрлері пайдаланылады. Комсомол, кәсіподақ ұйымдары, творчестволық одақтар мен басқа да қоғамдық ұйымдар, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың еңбек коллективтері, мәдениет, спорт мекемелері, бұқаралық информация құралдары оқудан тыс жұмысқа белсене қатысады.

55-статья. Арнаулы орта оқу орындарына түсу правосы

Қазақ ССР-інде арнаулы орта оқу орындарына түсу правосын орталау немесе орта білімі бар СССР азаматтары пайдаланады.

Арнаулы орта оқу орындарына қабылдау СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекітетін ережелерге сәйкес жүргізіледі.

56-статья. Арнаулы орта оқу орындары оқушыларының практикасы

Арнаулы орта оқу орындары оқушыларының практикасы оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Практика

кезінде оқушылар мамандар ретінде жұмыс дағдысын, ал техникалық, ауыл шаруашылық және басқа мамандықтар бойынша, мұның үстіне,— жұмысшы кәсіптерінің бірін меңгерелі, ол бойынша белгіленген тәртіппен квалификация (разряд, класс, категория) беріледі.

Практика СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекітетін Арнаулы орта оқу орындары оқушыларының практикасы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

57-статья. **Квалификация мен диплом беру**

Арнаулы орта оқу орындарын бітірген адамдарға — алған мамандығына сәйкес квалификация, белгіленген үлгідегі диплом және омырауға тағатын белгі беріледі.

Арнаулы орта оқу орындарын бітірген, оқуда зор табыстарға жеткен және өзін қоғамдық жұмыста көрсеткен адамдарға үздіктік белгісі бар диплом беріледі.

VII бөлім
ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ

58-статья. **Жоғары оқу орындары**

Жоғары білім беру университеттерде, институттарда, академияларда, завод-жоғары техникалық оқу орындарында және белгіленген тәртіп бойынша жоғары оқу орындарына жатқызылған басқа да оқу орындарында жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындарында мамандар даярлау оқытудың күндізгі, кешкі және сырттай оқыту формалары арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнында оқу үшін таңдап алынған мамандыққа сай келетін мамандық бойынша арнаулы орта оқу орындарын бітірген адамдар үшін жоғары оқу орындарында оқытудың қысқартылған мерзімдері белгіленуі мүмкін.

59-статья. **Жоғары оқу орындары туралы ереже. Жоғары оқу орындарының уставтары**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес жоғары оқу орындары өз қызметін СССР Министрлер Советі бекітетін СССР-дің Жоғары оқу орындары туралы ережесінің және аталған Ережеге сәйкес әрбір жоғары оқу орны әзірлеген, жоғары оқу орны бағынатын министрлік, мемлекеттік комитет немесе ведомство бекітетін уставтардың негізінде жүзеге асырады.

60-статья. **Жоғары оқу орындарының басты міндеттері**

Жоғары оқу орындарының басты міндеттері мыналар:

жоғары білімді, маркстік-лениндік теорияны меңгерген, терең және тиянақты теориялық білімі, мамандық бойынша практикалық дағдысы, осы заманғы экономикалық ойлауға жетік, ғылыми-техникалық революция жетістіктерін пайдалану, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыру, ұйымдық-басқару, қоғамдық-саяси және тәрбие жұмысын жүргізу ісіне қабілеті жететін жоғары білікті мамандар даярлау;

студенттерді коммунистік қоғамның идеялық жағынан сенімді, жоғары азаматтық және адамгершілік қасиеттері бар белсенді құрылысшысы, коллектившіл, социалистік Отанды қорғауға әзір патриот әрі интернационалист етіп тәрбиелеу;

оқу мен еңбекке жауапты, творчестволықпен қарауға, тәртіпке, ұйымшылдыққа, жоғары мәдениетке, социалистік меншікке ұқыпты қарауға баулу; экологиялық тәрбие беру;

праволық тәрбие беру, қоғамдық борышқа, СССР азаматтарының праволары мен міндеттеріне саналы қарауға қалыптастыру;

жоғары эстетикалық талғамды қалыптастыру;

студенттерге дене тәрбиесін беру, олардың денсаулығын нығайту;

студенттердің жан-жақты, үйлесімді дамуын қамтамасыз ету;

мамандар даярлау сапасын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық прогреске жәрдемдесетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау, осы жұмыстардың нәтижелерін практикаға енгізуге белсене қатысу;

ғылыми-педагог және ғылыми кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру;

педагог қызметкерлер мен халық шаруашылығының жоғары білімі бар басқа да мамандарының біліктілігін арттыру;

оқулықтар мен оқу құралдарын жасау.

61-статья. **Жоғары оқу орындарына түсу правосы**

Қазақ ССР-інде жоғары оқу орындарына түсу правосын, білім алған оқу орнының түріне қарамастан, орта білімі бар СССР азаматтары пайдаланады.

Жоғары оқу орындарына қабылдау СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекітетін ережелерге сәйкес жүргізіледі. Жоғары оқу орындарына түсетін адамдарға қойылатын талаптар оқу орындарында жүзеге асырылатын жалпы орта білім берудің мазмұны мен дәрежесіне сәйкес болуға тиіс.

62-статья. **Жоғары оқу орындары студенттерінің практикасы және оларды бітірушілердің стажировкасы**

Жоғары оқу орындары студенттерінің практикасы оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекітетін Жоғары оқу орындары студенттерінің практикасы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Практикалық дағдыны жетілдіру үшін жоғары оқу орындарын бітірушілер тиісті кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар әкімшілігінің басшылығымен және жоғары оқу орындарының бақылауымен мамандық бойынша стажировкадан өтеді.

63-статья. **Квалификация мен диплом беру**

Жоғары оқу орындарын бітірген адамдарға алынған мамандыққа сәйкес квалификация, белгіленген үлгідегі диплом және омырауға тағатын белгі беріледі.

Жоғары оқу орындарын бітірген, оқуда зор табыстарға жеткен және өзін ғылыми, қоғамдық жұмыста көрсеткен адамдарға үздіктік белгісі бар диплом беріледі.

64-статья. **Халық шаруашылығы мамандарының біліктілігін арттыру**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес халық шаруашылығы мамандарының біліктілігін арттыру жоспарлы түрде біліктілікті арттыру институттарында, жоғары оқу орындары жанындағы біліктілікті арттыру факультеттерінде, министрліктер мен ведомостволар, озат кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдар, жоғары және арнаулы

орта оқу орындары жанындағы біліктілікті арттыру курстарында, сондай-ақ басқа да мекемелер мен ұйымдарда СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Халық шаруашылығы мамандарының біліктілігін арттыруға жалпы методикалық басшылықты СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жүзеге асырады.

Халық шаруашылығының жоғары білімі бар маман кадрларын ғылым мен техниканың жаңа перспективалы бағыттары бойынша қайта даярлау осы мақсатта СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жоғары оқу орындары жанынан құратын факультеттерде жүргізіледі.

VIII бөлім

МЕКТЕПТЕН ТЫС ТӘРБИЕ БЕРУ

65-статья. **Мектептен тыс тәрбие жұмысы**

Балалар мен жастарға коммунистік тәрбие беру, жан-жақты мүддесі мен қабілетін дамыту, еңбек пен қоғамдық қызмет дағдысына үйрету, кәсіптік бағдарлау, дербестік пен жауапкершілікті, білімге құштарлықты, ғылымға, техникаға, өнерге, әдебиетке деген ықыласты баулу, әскери-патриоттық тәрбие беру, олардың парасатты демалысы мен тынығуын ұйымдастыру, денсаулығын нығайту мақсатында Қазақ ССР-інде баршаның қолы жететін мектептен тыс мекемелер желісі құрылып, дамытылады, сондай-ақ тұрғылықты жерлерде тәрбие жұмысы жүргізіледі.

Мектептен тыс тәрбие жұмысын мектептен тыс мекемелер жалпы білім беретін мектептермен, арнаулы орта, кәсіптік-техникалық оқу орындарымен, семьямен бірлесе отырып жүзеге асырады. Мектептен тыс тәрбие жұмысын жүргізуге мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, колхоздар, өзге де кооперативтік, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, творчестволық одақтар, басқа қоғамдық ұйымдар, бұқаралық информация құралдары қатысады.

66-статья. **Мектептен тыс мекемелер**

Мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, колхоздар, өзге де кооперативтік, кәсіподақ, комсомол ұйымдары және басқа қоғамдық ұйымдар белгіленген тәртіп бойынша пионерлер мен мектеп оқушыларының сарайлары мен үйлерін, балалар мен жасөспірімдер кітапханаларын, кәсіптік-техникалық оқу орындары оқушыларының мәдениет сарайлары мен үйлерін, спорт сарайлары мен техника үйлерін, жас техниктер, натуралистер, туристер станциялары мен клубтарын, балалар темір жолдарын, спорт мектептерін, пионер лагерьлерін, еңбек пен тынығу лагерьлерін және басқа мектептен тыс мекемелер құрады.

Тұрғылықты жерлерде балалар мен жастарды тәрбие жұмысымен кеңінен қамту мақсатында балалар мен жеткіншектердің мүдделестер клубтарының, техникалық және көркем творчество үйірмелерінің, спорт секцияларының желісі дамытылып, мектептен тыс тәрбие берудің басқа да түрлері қолданылады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес мектептен тыс мекемелердің номенклатурасы СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша бекітіледі. Тұрғылықты жерлерде балалар мен жеткіншектер клубтарының жұмы-

сын ұйымдастыру және оларды материалдық қамтамасыз ету тәртібін Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

Балалар мен жеткіншектерді өнердің әр алуан түріне мақсаткерлікпен үйрету үшін белгіленген тәртіп бойынша музыка, көркем-сурет және басқа мектептер құрылады.

67-статья. **Мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру**

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері мектептен тыс тәрбие беру ісіне басшылықты жүзеге асырады, мектептен тыс мекемелердің бағынысына қарамастан олардың жұмысын үйлестіреді, микроаудандағы оқушылар арасындағы тәрбие жұмысының орталығы ретінде мектеп қызметін жетілдіреді; мектептен тыс тәрбие беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын дамытуға, әрбір ауданда, қалада түрлі бағытта қызмет істейтін мектептен тыс мекемелер комплексін құруға, тұрғылықты жерлерде ойын және спорт алаңдарын ұйымдастыруға шаралар қолданады; тұрғын алқаптарда балалар мен жастар арасында жұмыс жүргізуге арналған үй-жайлар бөледі және оларды жабдықтармен қамтамасыз етеді. Мұндай үй-жайлар тұрғын кварталдарды жобалап, салу кезінде көзделеді.

Қәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың иелігіндегі клубтар, сарайлар, мәдениет үйлері, стадиондар, жүзу бассейндері, спорт залдары мен спорт алаңдары белгіленген тәртіп бойынша жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта оқу орындарының оқушыларына тегін пайдалану үшін беріледі.

IX бөлім

ОҚУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ПРАВОЛАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

68-статья. **Оқушылар мен студенттердің праволары**

СССР Конституциясына және Қазақ ССР Конституциясына сәйкес оқушылар мен студенттерге білімнің барлық түрін тегін алу қамтамасыз етіледі.

Оқуына және тәрбие алуына неғұрлым қолайлы жағдай туғызу мақсатында оқушылар мен студенттерге ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша тиісті праволар мен жеңілдіктер беріледі.

Оқу-тәрбие мекемелерінің оқу кабинеттері мен лабораторияларын, аудиторияларын, кітапханалары мен оқу залдарын, басқа да оқу және оқу-көмекші бөлмелерін, клубтарын, мәдениет үйлерін, өзге де мәдени-тұрмыстық объектілерін, оқу орындарының спорт базалары мен гимараттарын, спорт инвентарьларын, басқа да жабдықтарын оқушылар мен студенттердің тегін пайдалануға правосы бар.

Оқушылар мен студенттер белгіленген тәртіп бойынша оқу орындарында стипендиялармен, жәрдемдермен, жатақханалармен, интернаттармен, медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі, транспортта жеңілдікті немесе тегін жүріп-тұру правосын және материалдық көмектің басқа да түрлерін пайдаланады. Өндірістен қол үзбей оқитындардың жұмыс орнында қосымша демалыс алуға, қысқартылған жұмыс аптасын және басқа жеңілдіктер алуға правосы бар.

Оқушылар мен студенттердің өндірістік оқуы мен практикасын, қоғамдық пайдалы, өнімді еңбегін ұйымдастырған кезде оларға кінәраттысыз және хауіпсіз еңбек жағдайы қамтамасыз етіледі.

Оқушылар мен студенттер өздерінің қоғамдық ұйымдары арқылы оқу процесін, идеялық-тәрбие жұмысын жетілдіру, қоғамдық пайдалы,

өнімді еңбек пен ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру, үлгерім, тәртіп, стипендиялар тағайындау мәселелерін және оқушылар мен студенттердің оқуына, еңбегіне, мінез-құлық мәдениетіне, тұрмысы мен тынығуына байланысты басқа да мәселелерді талқылауға, ал белгіленген тәртіппен солар бойынша шешімдер қабылдауға да қатысады.

Орта кәсіптік-техникалық училищелерді, арнаулы орта және жоғары оқу орындарын бітірген адамдар алған кәсібіне (мамандығына) және квалификациясына сәйкес жұмыспен қамтамасыз етіледі. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері жалпы білім беретін орта мектептерді бітірген адамдардың жұмысқа орналасуына жәрдем көрсетеді.

69-статья. **Оқушылар мен студенттердің міндеттері**

Оқушылар мен студенттердің борышы мен міндеті — социалистік Отанның лайықты азаматы болу, СССР Конституциясы мен Қазақ ССР Конституциясын білу және сақтау, СССР және Қазақ ССР Гербін, Жалауы мен Гимнін құрметтеу, коммунистік сенімді дәйектілікпен игеру және оны қорғай білу, Коммунистік партия мен совет халқының революциялық, еңбек және жауынгерлік дәстүрлеріне адал болу, өз бойында жолдастық пен коллективизм сезімін баулу, қоғамдық өмірге белсене қатысу.

Оқушылар мен студенттер:

білімді және практикалық дағдыны жүйелі түрде әрі терең меңгеруге, өз қабілетін дамытуға, білімін өздігінен толықтыруға және оны практикада қолдана білуге төселуге;

қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке, өзіне өзі қызмет етуге қатысуға, оқу-тәрбие мекемесінің ішкі тәртіп ережелерін (оқушыларға арналған ережелерді) сақтауға, тәртіпті әрі ұйымшыл болуға, кінәратсыз өмір салтын ұстауға, өзінің мәдени дәрежесін арттыра беруге;

социалистік меншікті сақтап, нығайтуға, табиғатты аялап, оның байлығын қорғауға, совет заңдарын мүлтіксіз сақтауға және социалистік тұрмыс ережелерін құрметтеуге, қоғамға жат көріністерге ымырасыз болуға;

денсаулығын нығайтуға, физкультурамен шұғылдануға, өзін социалистік Отанды қорғау ісіне әзірлеуге міндетті.

X бөлім

ПЕДАГОГ КАДРЛАР. ПЕДАГОГТІК ҚЫЗМЕТ. ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІПТІК ПРАВОЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

70-статья. **Педагогтік қызметпен шұғылдану**

Мектепке дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінде, жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында, өзге де оқу-тәрбие мекемелерінде тәрбиеші, мұғалім, оқытушы, өндірістік оқыту шебері және басқа да педагог қызметкер (инженер-педагог, ғылыми-педагог қызметкер) ретінде жұмыс істеуге тиісті білімі мен кәсіптік даярлығы бар адамдар жіберіледі.

Педагогтік шеберлікті жетілдіру, творчестволық инициативаны дамыту және тапсырылған іс үшін жауапкершілікті арттыру мақсатында мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта оқу орындарының және басқа оқу-тәрбие мекемелерінің педагог қызметкерлеріне үнемі аттестация жүргізіліп тұрады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру ту-

ралы заң негіздеріне сәйкес аттестациялауға жататын педагог қызметкерлер категорияларының тізбесі СССР Министрлер Советі анықтайтын тәртіп бойынша белгіленеді.

Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушы құрамының бос орындарына белгіленген тәртіп бойынша белгілі бір мерзімге конкурс бойынша тағайындалған адамдар осы қызметке кейіннен қайта сайланады.

Педагогтік қызметпен шұғылданатын адамдар біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан не педагогтік және тәрбиешілік міндеттерін орындауға қиындық келтіретін денсаулық жағдайына байланысты қызметіне сәйкес келмейтіні анықталған ретте, сондай-ақ педагогтік қызметті жалғастырумен сыйыспайтын биморальдық қылық жасаған ретте, ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің еңбек туралы заңдарымен белгіленген тәртіп бойынша педагогтік жұмыстан босатылады.

71-статья. Педагог кадрлар даярлау

Оқу-тәрбие мекемелеріне педагог кадрлар даярлау университеттерде, институттарда, басқа да жоғары оқу орындарында, ал жекелеген мамандықтар бойынша — арнаулы орта оқу орындарында жүзеге асырылады.

Педагог кадрлар даярлау ісі оқу-тәрбие мекемелерінің идеялық және кәсіптік дәрежесі, азаматтық борыш сезімі жоғары, адамгершілік ары таза, үлкен білімдарлығы мен мәдениеті бар, балалар мен жастарға өнеге бола алатын, социализмді жетілдіру, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жағдайында халыққа білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттерді шешуге әзір педагог қызметкерлерге деген қажетін қамтамасыз етуге тиіс.

72-статья. Ғылыми-педагог және ғылыми кадрлар даярлау

Ғылыми-педагог және ғылыми кадрлар даярлаудың негізгі формасы жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің жанынан ұйымдастырылатын аспирантура болып табылады.

Аспирантураға жоғары білімі бар СССР азаматтары қабылданады.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес Аспирантура туралы ереже СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша бекітіледі.

73-статья. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында, біліктілікті арттыру институттарында, жоғары оқу орындары жанындағы біліктілікті арттыру курстарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, сондай-ақ басқа да мекемелер мен ұйымдарда жүзеге асырылады.

Жалпы білім беретін мектептер, орта кәсіптік-техникалық училищелер мен басқа да оқу-тәрбие мекемелері үшін басшы педагог кадрлар даярлау жоғары білімі және педагогтік жұмыс тәжірибесі бар адамдар арасынан жүзеге асырылады.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау, оқу-тәрбие мекемелері үшін басшы педагог кадрлар даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру СССР-дің және Қазақ ССР-інің халыққа білім беру жөніндегі тиісті мемлекеттік басқару органдарына, сондай-ақ оқу-тәрбие мекемелері бағынатын министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға жүктеледі.

74-статья. **Педагог қызметкерлердің кәсіптік праволары мен міндеттері**

Педагог қызметкерлердің кәсіптік праволары мен міндеттері ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздерімен, осы Заңмен, ССР Одағының және Қазақ ССР-інің басқа да заң актілерімен, тиісті оқу-тәрбие мекемелері туралы қағидалармен, уставтармен, ішкі тәртіп (ішкі еңбек) ережелерімен, аталған мекемелерде қолданылатын басқа да қағидалармен және ережелермен белгіленеді.

Мұғалімдердің және басқа педагог қызметкерлердің кәсіптік праволары, ар-намысы мен абыройы заңмен қорғалады.

Мемлекеттік органдар, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдар, еңбек коллективтері, бұқаралық информация құралдары, сондай-ақ азаматтар мұғалімдер мен басқа да педагог қызметкерлердің ролін, беделі мен мәртебесін арттыруға барынша жәрдем көрсетеді.

75-статья. **Халыққа білім беру қызметкерлеріне арналған жеңілдіктер мен артықшылықтар**

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халыққа білім беру қызметкерлері мемлекет есебінен төленетін ұзартылған демалыстарды, селолық жерде, жұмысшы поселкелерінде жылу мен жарық берілетін тегін тұрғын үйді, тұрғын үй беру, пенсиямен қамтамасыз ету ісінде артықшылықтарды, басқа да жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдаланады.

76-статья. **Педагог қызметкерлер мен халыққа білім беру жүйесінің басқа да қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін орындауына жағдай жасалуын қамтамасыз ету**

Қазақ ССР Министрлер Советі, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, халыққа білім беру органдары мен мекемелері, министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомостволар педагог қызметкерлер мен халыққа білім беру жүйесінің басқа да қызметкерлеріне ойдағыдай жұмыс істеу және біліктілігін үнемі арттыру үшін қажетті жағдай жасалуын, заң бойынша белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтардың берілуін қамтамасыз етеді; педагог кадрларды тұрақтандыру жөнінде шаралар қолданады; бұл адамдарды тікелей міндеттерін атқарудан өзге іске алаңдатуға жол бермей, олардың еңбегі мен жұмыс уақытын дұрыс пайдалануына, еңбек және тұрмыс жағдайын жақсартуға, медициналық қызметпен қамтамасыз етілуіне, санаторийлер мен курорттарда емделуіне әрі тынығуына ұдайы қамқорлық жасап отырады.

77-статья. **Халыққа білім беру қызметкерлерін ерекше еңбек сіңіргені үшін көтермелеу**

Жеткіншек ұрпақты оқытып, тәрбиелеуде, жұмысшы кадрлары мен мамандарды даярлауда ерекше еңбек сіңіргені үшін халыққа білім беру қызметкерлері белгіленген тәртіп бойынша:

СССР орденлерімен және медальдарымен наградтауға;

ССР Одағының құрметті атақтарын және Қазақ ССР-інің құрметті атақтарын беруге;

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен және Грамотасымен наградтауға;

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында халыққа білім беру қызметкерлері үшін белгіленген есімді медальдармен, үздіктік медальдармен және белгілермен наградтауға ұсынылады.

XI бөлім

АТА-АНАЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ ОРНЫНДАҒЫ АДАМДАРДЫҢ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ПРАВОЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

78-статья. Ата-аналар мен олардың орнындағы адамдардың праволары

Ата-аналар мен олардың орнындағы адамдар:

балаларды белгіленген тәртіп бойынша мектепке дейінгі балалар мекемелеріне, жалпы білім беретін мектептерге, орта кәсіптік-техникалық училищелерге, арнаулы орта оқу орындарына тәрбиелеу және оқыту үшін беруге;

балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелерін талқылауға, балалары оқитын және тәрбиеленетін оқу-тәрбие мекемелерінде кластан тыс (оқудан тыс), мектептен тыс тәрбие, сауықтыру жұмысын жүргізуге қатысуға;

ата-аналар комитеттерін, оқу-тәрбие мекемелері жанындағы советтерді және басқа қоғамдық ынталы органдарды сайлауға және оларға сайлануға правосы бар.

79-статья. Ата-аналар мен олардың орнындағы адамдардың міндеттері

СССР Конституциясына және Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР азаматтары балаларды тәрбиелеуге қамқорлық жасауға, оларды қоғамдық пайдалы еңбекке даярлауға, социалистік қоғамның лайықты мүшесі етіп өсіруге міндетті.

Ата-аналар мен олардың орнындағы адамдар:

балаларды жоғары коммунистік адамгершілік, Отанға деген сүйіспеншілік, гуманизм, жолдастық, коллективизм, үлкенді құрметтеу, социалистік меншікке, табиғатқа ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге; тәртіпке, реттілікке, ұйымшылдыққа, совет заңдары мен социалистік тұрмыс ережелерін сақтауға үйретуге; балаларды дербес гигиена ережелеріне, еңбек дағдысына баулуға, қоғамдық пайдалы қызметке әзірлеуге; олардың эстетикалық дамуы мен денесін шынықтыруына, денсаулығын нығайтуына қамқорлық жасауға;

балаларды мектеп жасына жеткен соң жалпы білім беретін мектепке беруге, оқушылардың оқу орындарына баруын қамтамасыз етуге, олардың дәлелсіз себеппен оқудан қалуына жол бермеуге;

балалардың жалпы орта және кәсіптік білімді дер кезінде алуы үшін қажетті жағдай туғызуға, олардың қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке қатысуына жәрдемдесуге міндетті.

Балаларды семьяда тәрбиелеу оларды мектептер мен басқа да оқу орындарында, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде тәрбиелеумен табиғи түрде ұштастырылады әрі кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдардың белсенді көмегі арқылы жүзеге асырылады. Еңбек коллективтері семьяны нығайтуға, балаларды тәрбиелеу ісін жақсартуға жәрдемдесетін жағдай туғызуға қатысады, бұл істе ата-аналар мен олардың орнындағы адамдарға көмектеседі.

80-статья. Халық арасында педагогикалық білімді тарату

Халыққа білім беру органдары мен мекемелері ғылым және мәдениет органдарымен, мекемелерімен, педагогикалық қоғамдармен, басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, бұқаралық информация құралдарының жәрдемі арқылы халық арасында педагогикалық білімнің таратылуын қамтамасыз етеді, ата-аналар мен олардың орнындағы адамдарға балаларды тәрбиелеу ісінде педагогикалық көмек көрсетеді.

XII бөлім

ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫ

81-статья. Оқу-тәрбие мекемелерінің үйлері

Оқу-тәрбие мекемелерінің үйлері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалар бойынша салынады және тікелей өз мақсатында ғана пайдаланылады. Оқу-тәрбие мекемелерінің үйлерін салу республиканың климат жағдайы мен өзге де ерекшеліктері ескеріле отырып жүргізіледі және оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың осы заманғы талаптарына сәйкес келуге тиіс. Елді мекендер мен тұрғын алқаптарды жобалау, салу және қайта құру кезінде мектептер, мектепке дейінгі балалар мекемелерін, сондай-ақ мектептен тыс мекемелер салу көзделуге тиіс.

82-статья. Халыққа білім беру мекемелерінің оқу-материалдық базасын дамыту

Халыққа білім беру мекемелерінің оқу-материалдық базасын дамыту мен нығайту мемлекеттік бюджет қаржысы, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында көзделетін күрделі қаржы есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, колхоздар, өзге де кооперативтік, кәсіподақ, комсомол ұйымдары және басқа қоғамдық ұйымдар белгіленген тәртіп бойынша оқу-тәрбие мекемелерінің оқу-материалдық базасын дамытып, нығайтуға, оқу үйлерін, жатақханаларды және оқу-тәрбис мекемелерінің басқа да ғимараттары мен үй-жайларын салуға, жөндеуге, жабдықтауға қатысады.

XIII бөлім

ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНДЫҚ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

83-статья. Халыққа білім беру туралы заңдарды бұзғандық үшін жауаптылық

Жастарға жаппай орта білім беруді жүзеге асыру туралы, мектепті шіркеуден бөлу туралы заңдарды немесе халыққа білім беру саласындағы басқа да заңдарды бұзуға жол берген лауазымды адамдар мен азаматтар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жауапты болады.

XIV бөлім

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ССР-інде БІЛІМ АЛУ ПРАВОСЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР

84-статья. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақ ССР-інде білім алу правосы

СССР территориясында тұратын шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың ССР Одағының заңдарымен белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақ ССР-інде совет азаматтарымен бірдей білім алуға правосы бар.

85-статья. Халықаралық шарттар

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Халыққа білім беру туралы заң негіздеріне сәйкес, егер СССР-дің халықаралық шарты бо-

йынша СССР Одағының халыққа білім беру туралы заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Егер Қазақ ССР-інің халықаралық шартында Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы заңдарында көзделгендегіден өзгеше ережелер белгіленген болса, Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы заңдары жөнінде де дәл осындай тәртіп қолданылады.

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ЗАҢЫН КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1975 жылғы 25 февральдағы
УКАЗЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1975 ж., № 10)

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің «Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы Заңын күшіне енгізу туралы» 1974 жылғы 27 декабрьдегі Қаулысына сәйкес (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1975 ж., № 2) Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

1. Қазақ ССР заңдары Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы Заңына сәйкестендірілгенге дейін Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы қолданылып жүрген заң актілері алдағы уақытта да қолданыла береді, өйткені олар Заңға қайшы келмейді.

2. Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы Заңы халыққа білім беру саласының Заң күшіне енгізілгеннен кейін, яғни 1975 жылғы 1 марттан бастап пайда болған право қатынастарына қолданылады.

Халыққа білім беру саласының Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы Заңы күшіне енгізілгенге дейін пайда болған право қатынастарында 1975 жылғы 1 марттан кейін пайда болатын праволар мен міндеттер Заңға сәйкес белгіленеді.

3. ССР Одағы мен одақтас республикалардың халыққа білім беру туралы заңдарының Негіздері бойынша бұрын белгіленген, Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы Заңында баяндалған ережелер Негіздерінің тиісті ережелері күшіне енгізілген уақыттан бастап қолданылады.

4. Заңның педагогтық қызмет істеуге рұқсат ету тәртібін көздейтін 70-статьяның бірінші бөлігінің ережесі тиісті білімі жоқ, бірақ педагогтық жұмыс тәжірибесі бар және 1976 жылғы 1 январьға дейін педагогтық қызмет істеуге рұқсат етілген адамдарға қолданылмайды [1].

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ЗАҢЫНЫҢ 22, 24 ЖӘНЕ 30-СТАТЬЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ РЕТІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1986 жылғы 18 сентябрьдегі
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1986 ж., № 39, 389-ст.)

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:
1986 жылғы 4 июльдегі Қазақ ССР Заңының редакциясындағы

[1] 4-статьяға 1986 ж. 28 июльдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1986 ж., № 31, 318-ст.).

Қазақ ССР-інің Халыққа білім беру туралы Заңының 22-статьясының бірінші бөлігінде, 24-статьясының алтыншы бөлігінде және 30-статьясының екінші бөлігінде көзделген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1986 ж., № 28, қосымша) жалпы білім беретін орта мектепке балаларды 6 жастан бастап оқытатын он бір жылдық оқу мерзімін енгізу және жастарға жаппай кәсіптік білім беруге көшу біртіндеп, қажет жағдайлардың жасалуына қарай жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

Жалпы орта білім беретін мектептерді он бір жылдық оқу мерзіміне көшіруді аяқтағанға дейін құрамында I—III (IV) кластар бар бастауыш мектептер, құрамында I—VIII кластар бар сегіз жылдық мектептер және құрамында I—X (XI) кластар бар орта мектептер сақтала беруі мүмкін. Осы сегіз жылдық және жалпы білім беретін орта мектептерді бітірген адамдарға тиісінше орталау білім туралы куәлік пен жалпы орта білім туралы аттестат беріледі, олар тиісінше жалпы білім беретін тоғыз жылдық және он бір жылдық мектеп бітіргенін куәландыратын документтерге теңестіріледі.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1979 жылғы 14 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

8-статьяның 5-пункті

[1] 1-том, 145-бетті қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1980 жылғы 13 ноябрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

24-статья

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

23-статья

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

21-статья

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1968 жылғы 20 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

20-статья

---

[1] 1-том, 163-бетті қараңыз.
[2] 1-том, 191-бетті қараңыз.
[3] 1-том, 221-бетті қараңыз.
[4] 1-том, 254-бетті қараңыз.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЛАТЫНШАДАН ОРЫС ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАҢА АЛФАВИТКЕ АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1940 жылғы 10 ноябрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі бірінші шақырылуының бесінші сессиясының стенографиялық есебі, 1940 ж.)

Қазақ ССР еңбекшілерінің қазақ жазуын латыншадан орыс графикасы негізіндегі жаңа алфавитке ауыстыру жөніндегі тілегін қабылдай отырып, жаңа алфавиттің үлкен саяси және мәдени маңызы бар екенін, оның мәдениетті онан әрі көтеруде, қазақ әдебиет тілін дамытуда және СССР халықтарының мызғымас достығын бұрынғыдан да гөрі күшейтуде маңызды құрал екенін ескере отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясы қаулы етті:

1. Қазақ жазуын латыншадан орыс графикасы негізінде жаңа қазақ алфавитіне ауыстыру туралы Қазақ ССР колхозшыларының, жұмысшылары мен интеллигенттерінің, халық көпшілігінің тілегі қанағаттандырылсын.

2. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі ұсынған 41 әріптен тұратын, оның ішінде 32 әрпі орыс тіліндегі жазуда қолданылатын функцияларымен және қазақ тіліндегі арнаулы дыбыстарды беретін қосымша 9 әрпі бар жаңа қазақ алфавитінің жобасы бекітілсін.

ҰЙҒЫР ЖАЗУЫН ЛАТЫНШАДАН ОРЫС ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАҢА ҰЙҒЫР АЛФАВИТІНЕ АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1947 жылғы 4 февральдағы
УКАЗЫ

Ұйғыр еңбекшілерінің ұйғыр жазуын латыншадан орыс графикасы негізіндегі жаңа алфавитке ауыстыру жөніндегі тілегін қабылдай отырып, жаңа алфавиттің үлкен саяси және мәдени маңызы бар екенін оның мәдениетті онан әрі көтеруде, ұйғыр әдебиет тілін дамытуда және СССР халықтарының мызғымас достығын бұрынғыдан да гөрі күшейтуде маңызды құрал екенін ескере отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

1. Ұйғыр жазуын латыншадан орыс графикасы негізінде жаңа ұйғыр алфавитіне ауыстыру туралы ұйғыр колхозшыларының, жұмысшылары мен интеллигенттерінің, халық көпшілігінің тілегі қанағаттандырылсын.

---

[1] 3 және 4-статьялар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ алфавитіндегі әріптердің тізілу реті және Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1957 жылғы 5 июльдегі Указымен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1983 жылғы 25 августағы Указының редакциясы бойынша — бекітілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1957 ж., № 6; Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., № 36, 378-ст.).

[2] 3, 4, 5-статьялар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Ұйғыр әдебиет тілінің жаңа алфавит негізіндегі орфографиясының ережелері Қазақ ССР Министрлер Советінің 1947 жылғы 4 июньдегі № 460 қаулысымен бекітілген.

2. Қазақ ССР Министрлер Советі ұсынған 41 әріптен тұратын, оның ішінде 33 әрпі орыс тіліндегі жазуда қолданылатын функцияларымен және ұйғыр тіліндегі арнаулы дыбыстарды беретін қосымша 8 әрпі бар жаңа ұйғыр алфавитінің жобасы бекітілсін.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН КЕЙБІР МЕКТЕПТЕРДЕ АРАБ ТІЛІН ОҚЫП-ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ ОСЫ МЕКТЕПТЕР ҮШІН ПЕДАГОГ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1975 жылғы 29 апрельдегі № 233
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Қазақ ССР Ғылым академиясының, Қазақ ССР Оқу министрлігінің, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің мына ұсыныстары қабылдансын:

— 1977/78 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін 10 орта мектепте және мектеп-интернатта шетел тілі ретінде және олардың 5-де — оны 2 кластан бастап терең оқып үйрену үшін араб тілін оқытуды ұйымдастыру туралы.

Қазақ ССР Оқу министрлігіне облыстық атқару комитеттерінің және Алматы қалалық атқару комитетінің келісімі бойынша араб тілін оқып үйрену енгізілетін мектептердің тізбегін анықтау тапсырылсын;

— 1976/77 оқу жылынан бастап С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде араб және қазақ тілдерін қатар оқып үйрене отырып «Шығыс тілдері және әдебиет» мамандығы бойынша араб тілінің маманын даярлау туралы.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі аталған мәселені СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен белгіленген тәртіппен келісетін болсын:

— С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде Шығыс халықтарының әдебиеті мен тілі кафедрасын құру туралы.

2. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі:

— жоғары оқу орындарының ректорларына араб тілін оқып үйренуге тілек білдірген студенттер үшін курстар ұйымдастыруға рұқсат етсін;

— курстардың оқу жоспарларын, программасын және оқыту мерзімін белгіленген тәртіппен келісетін болсын;

— араб тілін оқыту енгізілетін жалпы білім беретін мектептерді, жоғары оқу орындарын қажетті жабдықпен және көрнекі оқу құралдарымен қамтамасыз етуге шаралар қолдансын;

— араб тілін терең меңгеруге көмектесетін әдеттегі, ұзақ ойнайтын күйтабақтарға сабақтар, әндер, тақпақтар, шағын әңгімелер және көркем шығармалардан үзінділер жазылған тонофильмдерге заказды және 1976 жылы және одан кейінгі жылдары алуды қамтамасыз ететін болсын.

3. Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне 1976 жылы Қазақ ССР Ғы-

лым академиясының Тіл білімі институтының құрамында Шығыстану бөлімін ұйымдастыру көзделсін.

4. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі таяудағы 2—3 жылда мектептер, курстар оқушыларының, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларының қажеттерін қанағаттандыруды ескере отырып сондай-ақ тиісті оқу орындарының кітапханаларын комплектілеу үшін араб тілін оқып-үйрену жөніндегі программаларға сәйкес оқулықтар, оқу-методикалық әдебиет және көрнекі оқу құралдарын басып шығарсын.

5. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Финанс министрлігімен бірлесіп 1976 жылы «Мектеп» баспасы құрамында араб тіліндегі әдебиетті басып шығаратын бөлімді ұйымдастыру туралы мәселені шешетін болсын.

6. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Оқу министрлігімен, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен бірлесіп араб тілін оқып-үйрену көзделген мектептерді оқытушы кадрларымен қамтамасыз етуге шаралар қолдансын.

ҚАЗАҚ ССР ОҚУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1970 жылғы 9 февральдағы № 74 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 3, 15-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Оқу министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1970 жылғы 9 февральдағы № 74 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР ОҚУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Оқу министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Оқу министрлігіне бағынады.

Қазақ ССР Оқу министрлігі республикада жалпы орта білім беруге, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуге және педагогика ғылымдарының дамуына басшылық жасайды.

Қазақ ССР Оқу министрлігі республикадағы халық ағарту жүйесінің жағдайына және оның одан әрі өркендетілуіне, жалпы білім беретін

[1] Қаулының 2-пункті Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

мектептердің, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің барлық типтеріндегі балалар мен жастарды оқытудың, тәрбиелеудің сапасына, сондай-ақ педагогика ғылымдарының жағдайы мен дамуына жауап береді.

2. Қазақ ССР Оқу министрлігінің басты міндеттері мыналар:

балалар мен жастарға міндетті жалпы сегіз жылдық білім беруді және жалпы орта білімге көшуді қамтамасыз ету[1], оларды ғылымдардың негізі жөнінде берік біліммен қаруландыру, оларда коммунистік жоғары саналылықты қалыптастыру, оларды адамгершілік, дене және эстетикалық жағынан өсіріп жетілдіру, жастарды өмірге, еңбекке, мамандықты саналы түрде таңдай білуге даярлау;

халық ағарту жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру, жалпы білім беретін мектептердің, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің және балаларды қоғамдық тәрбиелеудің басқа формаларының жүйесін дамыту;

мектептерде жалпы орта политехникалық білімнің мазмұнын және оқушыларды еңбекке даярлауды жетілдіру;

мемлекеттік жоспардың халық ағарту жөніндегі тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз ету;

ғылымдардың негіздері бойынша жалпы білім беретін орта мектептерге арналған оқу жоспарлары мен программаларын жетілдіру, олардың базасында тұрақты оқулықтарды әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бастырып шығару, мектептерге, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелеріне оқу-методикалық жағынан басшылық жасауды жақсартуға халық ағарту органдарына көмек көрсету;

кадрлар даярлауды жоспарлау және олармен халық ағарту мекемелерін қамтамасыз ету, мұғалімдердің, тәрбиешілердің және басқа ағарту қызметкерлерінің мамандығын арттыру, еңбек пен басқару ісін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды енгізу, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалануға жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсеткен жас мамандарды басшы жұмысқа жоғарылату;

педагогтық институттардың ғалым-педагог кадрларын, мұғалімдерді, халық ағарту мекемелерінің басқа да қызметкерлерін кеңінен қатыстыра отырып, тәрбие және оқыту мәселелері жөнінде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу, мектептер мен басқа да ағарту мекемелерінің жұмыс практикасында ғылыми зерттеулердің жақсы нәтижелері мен озық тәжірибені пайдалану;

жалпы білім беретін мектептерді, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерін оқу процесінің талаптарына және ғылым мен техника дамуының қазіргі заманғы дәрежесіне жауап беретін жабдықпен және көрнекі оқу құралдарымен жарақтандыру;

мұғалімдердің, тәрбиешілердің, Министрлік жүйесіндегі мекемелер мен ұйымдардың басқа да қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту.

3. Қазақ ССР Оқу министрлігі жалпы орта білім беру мен мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу ісіне халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің халық ағарту бөлімдері арқылы басшылық жасайды, өзіне бағынатын мекемелер мен ұйымдарды тікелей басқарады.

Қазақ ССР Оқу министрлігі, халық депутаттары облыстық, аудандық, қалалық Советтері атқару комитеттерінің халық ағарту бөлімдері, олардың қарамағындағы мекемелер мен ұйымдар Қазақ ССР Оқу министрлігінің біртұтас жүйесін құрады.

[1] Қазақ ССР-інің халыққа білім беру туралы Заңының 3-статьясын қараңыз (127-бет).

4. Қазақ ССР Оқу министрлігі өз қызметінде СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Оқу министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады, қазір күшінде бар заңдардың Министрлік жүйесіндегі мекемелер мен ұйымдарда дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Оқу министрлігі өз компетенциясына жататын мәселелер жөніндегі заңдардың қолданылу практикасын қорытады, заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына белгіленген тәртіп бойынша енгізеді.

5. Қазақ ССР Оқу министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің ұсыныстары негізінде республикада халық ағарту ісін (жоғары және арнаулы орта білім орындарынан басқасын) дамытудың жылдық және перспективалық жоспарларының жобаларын жасап, оларды Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етеді;

б) жалпы білім беретін мектептерде, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінде балалар мен жастарды оқыту мен тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру жөніндегі шараларды жасап, бұларды республиканың министрліктерімен, ведомстволарымен, халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерімен бірлесе отырып жүзеге асырады;

в) барлық жалпы білім беретін мектептердің, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің (олардың қай ведомствоға бағынатынына қарамастан) қызметіне оқу-тәрбие және методикалық жұмыс мәселелері жөнінде бақылау жасайды;

г) СССР Оқу министрлігі жалпы білім беретін мектептерге мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелеріне арнап бекіткен үлгі оқу жоспарлары мен программаларының негізінде республиканың жалпы білім беретін мектептері, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелері үшін оқу жоспарлары мен программаларын жасап, бекітеді;

д) балаларды мектепке дейін тәрбиелеу, мектеп оқушыларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері, мектептен тыс балалар мекемелерінің жұмысы жөнінде нұсқау-методикалық ережелерді, көрнекі оқу құралдары мен лаборатория жабдығының тізбегін, емтихан документациясы мен қатаң есеп беру бланкілерін, сондай-ақ бастапқы есептің негізгі документациясының басқа да формаларын жасап бекітеді;

е) қол тума және аударма мектеп оқулықтары мен мұғалімдер үшін оқу-методикалық құралдарды дайындауды ұйымдастырады, оларды СССР Оқу министрлігі бекіткен номенклатура бойынша басып шығаруға рұқсат береді, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, қол тума және аударма мектеп оқулықтарын, сондай-ақ мұғалімдерге арнап оқу-методикалық құралдарды басып шығарудың жоспары мен тиражын жасап, бекітеді; жалпы білім беретін мектептер мен басқа да балалар мекемелерінде киноны, радионы, телевизияны және қазіргі заманғы басқа да техникалық құралдарды кеңінен пайдалануды ұйымдастырады;

ж) халық ағарту бөлімдерімен және мектептері, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері бар Қазақ ССР-інің министрліктерімен, ведомстволарымен бірлесе отырып, көрнекі оқу құралдарына, оқу жабдығына деген қажеттерді анықтайды және олармен барлық жалпы білім

беретін мектептерді, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерін қамтамасыз етеді;

з) жалпы орта білім беретін мектептердің жоғары кластары оқушыларының бастапқы әскери даярлықтан өтуіне белгіленген тәртіп бойынша оқу-методикалық басшылық жасайды, әскери оқу жетекшілерін іріктеп алуды және даярлауды қамтамасыз етеді, бастапқы әскери даярлық үшін оқу-материалдық база жасайды, осы даярлықтың ұйымдастырылуын және жүргізілуін бақылайды;

и) мектептердегі, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелеріндегі, балалар үйлеріндегі және Министрлік жүйесінің басқа да мекемелері мен ұйымдарындағы методикалық жұмысқа басшылық жасайды;

к) кәсіподақ, басқа да қоғамдық және ғылыми ұйымдарды қатыстыра отырып, халық арасында педагогикалық білімдерді тарату жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

л) отандық және шет елдік ғылым мен практиканың оқу ісі саласындағы жетістіктерін үйренуді, бұл жетістіктерді эксперименттік жолмен тексеруді және оларды практикаға енгізуді ұйымдастырады;

м) белгіленген тәртіп бойынша педагогикалық газеттер мен журналдар шығарады;

н) жалпы білім беретін мектептердің, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің оқу-материалдық базасын нығайту жөнінде шаралар қолданады;

о) СССР Оқу министрлігі бекіткен үлгі ережелердің негізінде мектептер, мектепке дейінгі, мектептен тыс балалар мекемелері және Министрлік жүйесіндегі басқа да мекемелер мен ұйымдар туралы ережелерді жасап, бекітеді;

п) Қазақ ССР-інің мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, белгіленген тәртіп бойынша мектеп оқушыларының республикалық спорт жарыстарын, туристердің, жас натуралистердің слеттерін, оқушылардың техникалық және бейнелеу творчествосына байқаулар, мектеп олимпиадаларын, оқу-тәрбие сипаты бар басқа да шараларды ұйымдастырады;

р) Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып, мектептерде, балалар үйлері мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балалардың денсаулығын қорғауды және шынықтыруды қамтамасыз ететін жағдайлардың сақталуы мен шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

с) ата-ананың қамқорынсыз қалған балалардың мүдделерін қорғау мәселесі жөнінде халық ағарту органдарына басшылық жасайды;

т) айрықша үздік шыққан ағарту қызметкерлерін атаулы медальдармен, құрмет грамоталарымен наградтауға, құрметті атақтар беруге белгіленген тәртіппен ұсынады; мұғалімдерді, басқа да ағарту қызметкерлерін, сондай-ақ балалар мен жастарды тәрбиелеу және оқыту жұмысына белсене қатысып жүрген адамдарды «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогымен наградтайды және көтермелеудің өзге түрлерін де қолданады;

у) халық шаруашылық жоспары шегінде жалпы білім беретін орта мектептерді және мектептен тыс балалар мекемелерін ашу мәселесін белгіленген тәртіп бойынша қарайды;

ф) Қазақ ССР Оқу министрлігінің қарамағындағы оқу орындарына, ұйымдар мен мекемелерге арнап салынатын үйлер мен ғимараттар құрылысының жобалау-смета документациясын белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

х) Министрлікке тікелей бағынатын оқу орындары мен мекемелерді қаржыландырады, статистикалық және бухгалтерлік есеп пен есеп берудің дұрыс жолға қойылуын ұйымдастырады және бақылайды, өз қарамағындағы мекемелер мен ұйымдарда финанс бақылауын жүзеге асырады және документтік тексерулер жүргізеді;

ц) мектептердің, мектеп-интернаттардың, балалар үйлерінің, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің, Министрлік жүйесіндегі басқа да мекемелер мен ұйымдардың әкімшілік-басқару, оқу-тәрбие және қызметші персоналының құрылымы мен штатын белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

ч) азаматтардың хаттарын (арыздары мен шағымдарын) дер кезінде қарауды ұйымдастыра отырып, бұл хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ мектептердің, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің және Министрлік жүйесіндегі басқа да ұйымдар мен мекемелердің қызметіндегі еңбекшілер хаттарында айтылған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

6. Қазақ ССР Оқу министрлігі мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, кәсіподақтардың, семья мен мектепке көмектесу советтерінің және басқа қоғамдық ұйымдардың белсенді көмек көрсетулеріне сүйене отырып, ағарту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады.

7. Қазақ ССР Оқу министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі тағайындайды, ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Оқу министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Оқу министрі бөліп береді.

8. Қазақ ССР Оқу министрі:

а) Министрлікке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді. Министрдің орынбасарларының, басқармалар мен бөлімдер бастықтарының Министрлік қызметінің жекелеген салаларын басқару үшін, жалпы білім беретін мектептердің және Министрлік жүйесіндегі басқа да ұйымдар мен мекемелердің жұмысы үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

б) Министрліктің компетенциясы шегінде СССР-дің және Қазақ ССР-інің қазір күшінде бар заңдары, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Оқу министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады, халық депутаттары облыстық, Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің халық ағарту бөлімдері, Министрлік жүйесіндегі мекемелер мен ұйымдар міндетті түрде орындауға тиісті нұсқаулар береді және олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Оқу министрінің оның компетенциясына кіретін оқу ісін басқару мәселелері жөніндегі бұйрықтары мен нұсқаулары республиканың жалпы білім беретін барлық мектептері мен оқу-ағарту мекемелері, сондай-ақ олар бағынатын министрліктер мен ведомстволар үшін міндетті болып табылады;

в) қажет болған жағдайда Қазақ ССР-інің басқа да министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады;

г) Министрлік аппаратының және оған қарасты мекемелер мен ұй-

ымдардың қызметкерлерін бекітілген номенклатураға сәйкес тағайындайды және босатады;

д) Министрліктің басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді, сондай-ақ Министрлікке тікелей бағынатын мекемелер мен ұйымдардың ережелері мен уставтарын бекітеді.

9. Қазақ ССР Оқу министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және оның қызмет жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

10. Қазақ ССР Оқу министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп отыратын мәжілістерінде оқу ісін, педагогика ғылымдарын дамытудың негізгі мәселелерін және Министрлік қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, мекемелер мен ұйымдарға практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің халық ағарту бөлімдері басшыларының баяндамаларын, Министрліктің басқармалары мен бөлімдерінің, Министрлік жүйесіндегі мекемелер мен ұйымдардың есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында талас туған жағдайда Министр бұл талас туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне өздері тарапынан баяндай алады.

11. Оқу программалары, оқулықтар, оқу құралдары мен методикалық материалдар туралы қорытындылар әзірлеу үшін, педагогика ғылымдарының жетістіктері мен озық тәжірибені пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақ ССР Оқу министрлігі жанында көрнекті ғалымдардан, аса жетік мамандардан, сондай-ақ ғылыми педагогикалық қоғамдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен ғылыми методикалық совет құрылады.

Ғылыми методикалық советтің құрамы мен ол туралы ережені Қазақ ССР Оқу министрі бекітеді.

12. Қазақ ССР Оқу министрлігі орталық аппаратының құрылымын және қызметкерлері санын СССР Оқу министрлігімен келіскеннен кейін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін Қазақ ССР Оқу министрі белгіленген тәртіп бойынша бекітеді.

13. Қазақ ССР Оқу министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген өз аты, қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ОҚУ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 9 июньдегі № 252
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 13, 50-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің оқу бөлімі туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1983 жылғы 9 июньдегі
№ 252 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ОҚУ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің оқу бөлімін[1] ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі құрады және ол өз қызметінде халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі мен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Оқу министрлігіне де бағынады.

Оқу бөлімі халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері оқу бөлімдерінің, жалпы білім беретін мектептердің, мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс балалар мекемелерінің және халыққа білім берудің басқа да мекемелерінің жұмысына басшылықты жүзеге асырады, балалар мен жастардың оқуы мен тәрбиесінің жайына және сапасына жауап береді.

2. Оқу бөлімінің негізгі міндеттері мыналар:

жастарға қоғамдық және ғылыми прогрестің осы заманғы талаптарына сай келетін жалпыға бірдей міндетті орта білім беруді қамтамасыз ету, мектеп оқушыларын оқыту сапасын арттыру, оларды өз білімдерін үздіксіз жетілдіре беруге ұмтылып, оны өздігінен толықтыра түсуге және практикада қолдана білуге баулу;

оқудың өмірмен байланысын нығайту, оқушыларды белсенді еңбек және қоғамдық қызметке, кәсіпті саналы түрде таңдауға даярлау ісін жақсарту;

жас ұрпақта маркстік-лениндік көзқарас қалыптастыру, социалистік интернационализмге, советтік патриотизмге және социалистік Отанды қорғауға дайын болуға баулу;

оқушыларды коммунизм құрылысшысының моральдық кодексінің талаптары рухында жоғары адамгершілік қасиеттерге баулу;

балалар мен жастарды жан-жақты үйлесімді өсіріп-жетілдіру, олардың мәдениетін дамыту, денсаулығын нығайтып, эстетикалық және дене тәрбиесін беру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

мектеп жасына дейін және мектептен тыс тәрбиелеуді қамтамасыз ету;

оқу-тәрбие мекемелерінің жүйесін дамытып, оқу-материалдық базасын, сондай-ақ мектеп оқушыларын еңбекке баулу мен тәрбиелеудің материалдық базасын нығайту;

еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды енгізу, қарамағындағы оқу-тәрбие мекемелерін білікті педагог кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімдері мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану және кадрларды тұрақтандыру үшін жағдайлар жасау.

3. Оқу бөлімі өзіне жүктелген міндеттерді халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі тұрақты комиссияларының, кәсіподақ органдарының және басқа қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып және солармен өзара бірлесіп шешеді.

4. Оқу бөлімі өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің

[1] Бұдан былай текст бойынша — «Оқу бөлімі».

заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, СССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Оқу министрлігінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, осы Ережені, сондай-ақ басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады.

5. Оқу бөлімі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

мектеп жасындағы балалардың есебін алуды қамтамасыз етеді;

жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінде оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің мектептермен байланысын нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

мектептің өндіріспен байланысын нығайту, мектеп оқушыларын еңбекке баулуды, тәрбиелеуді және кәсіптік бағдарлауды жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

жалпы білім беретін мектептер, мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс балалар мекемелері мен халыққа білім берудің басқа да мекемелері жүйесін ұтымды орналастыру, оқушыларды еңбекке баулу мен тәрбиелеу үшін мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарды, кәсіпорындардың оқу цехтары мен учаскелерін, совхоздар мен колхоздардың өндірістік базасын, сондай-ақ оқушылардың өндірістік бригадаларын және мектеп оқушыларының басқа да еңбек бірлестіктерін пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады;

кешкі (сменалық) және сырттан жалпы білім беретін орта мектептердің жұмысын жақсартуға шаралар қолданады;

жұмыс істеп жүрген жастарды белгіленген тәртіп бойынша оқуға тартуды, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, совхоздар мен колхоздардың оқушыларға жұмысты оқумен ұштастыру үшін қажетті жағдайлар жасауын, оларға белгіленген жеңілдіктердің берілуін қамтамасыз етеді;

кәсіптік-техникалық оқу орындарын жалпы білім беретін мектептердің сегізінші және оныншы кластарын бітірушілермен толықтыруға жәрдемдеседі;

облыс (Алматы қаласы) территориясындағы жалпы білім беретін мектептердің, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің ведомстволық бағынысына қарамастан олардың оқу-тәрбие және методикалық жұмыс мәселелері жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асырады;

жалпы білім беретін мектептердің, мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс балалар мекемелерінің және халыққа білім берудің басқа да мекемелерінің оқу-материалдық базасын, сондай-ақ мектеп оқушыларын еңбекке баулу мен тәрбиелеудің материалдық базасын нығайтуға шаралар қолданады;

оқу-тәрбие процесіне оқытудың осы заманғы құралдарын (кино, радио, телевизия хабарларын т. с. с.) енгізуге басшылық жасайды;

жалпы білім беретін мектептерді, мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс балалар мекемелерін және халыққа білім берудің басқа да мекемелерін оқу программаларымен, жоспарларымен, көрнекі-оқу құралдармен және жабдықтармен, нұсқау-методикалық әдебиетпен, қатаң түрде есеп беру бланкілерімен қамтамасыз ету жөнінде жұмыс жүргізеді;

жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын оқулықтармен тегін қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

селолық жерлердегі жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын мектептерге тегін апарып, алып қайтуды, сондай-ақ оқушыларды еңбек сабағы өтетін жерге апаруды белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз етуге шаралар қолданады;

жалпыға бірдей оқу қорын жасау мен пайдаланудың дұрыстығын бақылауды жүзеге асырады;

жалпы білім беретін мектептер мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балаларға ыстық тамақ ұйымдастырылуын бақылайды;

ата-аналарының қамқоршылығынан айрылған балаларды орналастыруда қорғаншылық және қамқоршылық органдарына көмек көрсетеді;

мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мен жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі жөніндегі сабақтар мен дәрістер өткізудің сапасын жақсартуды қамтамасыз етеді, мектеп оқушылары арасында мектептік спорт жарыстарын, туристер слеттерін, техникалық творчество байқауларын, олимпиадаларды және оқу-тәрбиелік сипаттағы басқа да шараларды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады;

сабақтан тыс уақытта балалардың тұрғылықты жерінде олардың демалысын ұйымдастырады;

балалардың қадағалаусыз қалуының және жасы толмағандар арасында тәртіп бұзушылықтардың алдын алу жөнінде жұмыс жүргізеді;

оқушы жастарға праволық тәрбие берудің формалары мен әдістерін жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асырады;

жалпы білім беретін мектептердің, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің, пионер және профильдік лагерьлердің балалардың денсаулығын қорғау және сауықтыру шараларын жүргізу жөніндегі жұмысын бақылайды;

өрт хауіпсіздігі техникасы ережелерінің орындалуын және балалардың жол травматизмін болдырмау шараларының қабылдануын мүдделі мекемелермен, ұйымдармен бірлесе отырып қамтамасыз етеді;

жалпы білім беретін мектептердің, мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс балалар мекемелерінің және халыққа білім берудің басқа да мекемелерінің жұмыс практикасына ғылым жетістіктері мен педагогтық озық тәжірибенің уақтылы енгізілуін, халық арасында педагогикалық білімдердің таратылуын, ата-аналарға және оларды алмастыратын адамдарға балалар мен жеткіншектерді тәрбиелеуде педагогикалық көмек көрсетілуін қамтамасыз етеді, халыққа білім беру туралы заңдардың түсіндірілуін ұйымдастырады;

облыстық (Алматы қалалық), қалалық, аудандық және қаладағы аудандық бюджеттерде тұратын жалпы білім беретін мектептердегі, мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс балалар мекемелеріндегі және халыққа білім берудің басқа да мекемелеріндегі жоспарлау-финанс жұмысын бақылауды ұйымдастырады, олардың штат кестелері мен сметаларын бекітеді және оларды қаржыландыруды жүзеге асырады;

жалпы білім беретін мектептерде, мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс балалар мекемелерінде және халыққа білім берудің басқа да мекемелерінде ұдайы тексерулер мен тексерістер жүргізеді, социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

жалпы білім беретін мектептерде, мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс балалар мекемелерінде және халыққа білім берудің басқа да мекемелерінде бастапқы есепке алуды ұйымдастырады, белгіленген тәртіп бойынша статистикалық және бухгалтерлік есеп беруді алады, жиынтық бухгалтерлік есептер мен баланстар жасайды, олардың тиісті органдарға уақтылы табыс етілуін қамтамасыз етеді;

күрделі қаржының тиімді пайдаланылуын, жаңа құрылыстың ұтымды орналастырылуын қамтамасыз етеді, жалпы білім беретін мектептер, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің, мұғалімдерге арналған тұрғын үйлердің және халыққа білім берудің басқа да объектілерінің құрылысына бақылау жасауды жүзеге асырады, оларды пайдалануға қабылдау ісіне қатысады, күрделі құрылыс пен күрделі жөндеуге байланысты басқа да мәселелерді өз компетенциясы шеңберінде шешеді;

жалпы білім беретін мектептерді, мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс балалар мекемелерін және халыққа білім берудің басқа да мекемелерін материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырады, бөлінген қорлардың алынуын және олардың өз мақсатына пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

барлық үлгідегі мектептерді және халыққа білім берудің басқа да мекемелерін қызметкерлердің білікті кадрларымен қамтамасыз етеді, олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, кадрларды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу және еңбек тәртібін сақтау жөнінде жұмыс жүргізеді;

кадрларды, әсіресе селолық жерлерде тұрақтандыру жөнінде шаралар қолданады, кәсіподақ және басқа ұйымдармен бірлесіп ағарту қызметкерлеріне қажетті және қолданылып жүрген заңдармен көзделген тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасау жөнінде жұмыс жүргізіледі;

ағарту, жоғары мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетімен бірлесіп социалистік жарыс ұйымдастырады, оның қорытындыларын шығарады, халыққа білім беру қызметкерлерін белгіленген тәртіп бойынша көтермелейді. Еңбектің озық әдістері мен озық тәжірибені зерттеуді, қорытуды және таратуды ұйымдастырады;

жоғары және арнаулы орта педагогикалық оқу орындарымен бірлесіп оқушыларды іріктеп, мұғалімдік кәсіпке бағдарлауды жүргізеді;

еңбекшілердің хаттары, арыздары мен шағымдары уақтылы және дұрыс қаралуын, азаматтардың қабылдануын ұйымдастырады, шағымдарды тудыратын себептерді жоюға шаралар қолданады.

Облыстық (Алматы қалалық) оқу бөлімінің осы Ережеде баяндалған праволармен қатар қолданылып жүрген заңдармен оған берілген басқа да праволары бар.

6. Оқу бөлімінің қызметі дара басшылық пен коллегиялылықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

7. Оқу бөлімін меңгеруші басқарады, оны халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі бекітеді.

Оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасарлары болады, оларды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті тағайындайды.

8. Оқу бөлімінің меңгерушісі:

бөлімнің қызметіне басшылық жасайды және бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарып, олардың орындалуын ұйымдастырады және тексереді. Қажет болған реттерде халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің басқа бөлімдерінің және басқармаларының басшыларымен бірлескен бұйрықтар шығарады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бөлімнің қызметкерлерін, сондай-ақ бөлімге тікелей бағынысты ағарту ұйымдары мен мекемелерінің басшыларын жұмысқа қабылдап, жұмыстан босатады;

бекітілген шығыс сметасы шеңберінде ақша қаражаттарына иелік етеді.

9. Оқу бөлімінде коллегия құрылуы мүмкін. Коллегия құрамын халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті бекітеді.

Оқу бөлімінің коллегиясы өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде жалпы білім беретін мектептерге, мектеп-интернаттарға, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс мекемелерге басшылықтың негізгі мәселелерін қарайды, қабылданған шешімдердің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелерін, аса маңызды бұйрықтардың жобаларын, сондай-ақ бөлімнің компетенциясына енетін басқа да мәселелерді талқылайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, бөлім меңгерушісінің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Меңгеруші мен коллегия мүшелері арасында келіспеушіліктер болған ретте меңгеруші пайда болған келіспеушіліктер туралы халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитетіне баяндай отырып, өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері, өз кезегінде, өз пікірін халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитетіне хабарлай алады.

10. Оқу бөлімі облыстық (Алматы қалалық) бюджетте тұрады.

Бөлімнің құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

11. Оқу бөлімі заңды ұйым болып табылады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ УСТАВЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 15 майдағы № 325
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 10, 52-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Педагогикалық қоғамының осыған қосылған Уставы бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1970 жылғы 15 майдағы
№ 325 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ УСТАВЫ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақ ССР Педагогикалық қоғамы бұқаралық ерікті қоғамдық ұйым болып табылады.

Педагогикалық қоғамның мақсаты — советтік педагогиканың теориялық проблемаларын терең және жан-жақты тұжырымдау, педагоги-

калық ғылымның практикамен байланысын барынша нығайту, балалар мен жастарды оқытудың және тәрбиелеудің озық тәжірибесін өмірге пәрменді енгізу арқылы республикада халық ағарту ісін онан әрі дамытуға жәрдемдесу.

2. Педагогикалық қоғам өз мақсаттарына жету үшін:

а) Қоғамның мүшелерінің творчестволық инициативасын қолдап, дамытып отырады және педагогикалық ғылым мен практиканың жас өспірім ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, формалары мен әдістерін жетілдіре беруге бағытталған мәселелерін тұжырымдаумен шұғылданушы адамдардың бәріне практикалық көмек көрсетеді;

б) жұмыс тәжірибесін алмасуды ұйымдастырады және педагогикалық ғылым мен практиканың ең таңдаулы жетістіктерін мектептердің, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің жұмыс практикасына енгізуге жәрдемдеседі; ата-аналар мен олардың орнындағы адамдарға балалар мен жас өспірімдерді тәрбиелеуде педагогикалық көмек көрсетеді [1];

в) қоғамның мүшелеріне олардың идеялық-теориялық дәрежесін арттыруына, арнаулы білімдерін молайтып, тереңдетуіне көмек көрсетеді;

г) балалар мен жастарға коммунистік тәрбие берудің теориясы мен практикасының мәселелері жөнінде теориялық дискуссиялар мен көпшілікке арналған лекциялар ұйымдастырып, өткізеді, педагогикалық оқулар мен ғылыми-практикалық конференциялар өткізуге қатысады;

д) оқу және тәрбие жұмысының мазмұнын, формалары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі таңдаулы ғылыми-зерттеу жұмысына, таңдаулы ұсынысқа конкурстар өткізеді және жеңіп шыққандарға сыйлықтар береді;

е) ғылыми-зерттеу мекемелерімен, жоғары және арнаулы орта оқу орындарымен, мұғалімдердің білімін жетілдіру институттарымен келіскеннен кейін олардың қоғамдық ұйымдарының және жеке адамдардың педагогика мәселелері жөніндегі хабарламаларын тыңдап, талқылайды;

ж) мектептерге, жоғары және арнаулы орта оқу орындарына арналған оқулықтар, оқу-методикалық құралдар мен оқытудың техникалық құралдарын жасау жөніндегі жұмысқа белсене қатысады;

з) қоғамдық университеттерді, лекторийлерді, семинарларды, көрмелерді ұйымдастыруға және оқытушылар мен мұғалімдер, ата-аналар, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің қызметкерлері, жас өспірім ұрпақты оқыту және тәрбиелеу саласында жұмыс жүргізуші басқа да адамдар үшін бұқаралық шараларды өткізуге қатысады;

и) тиісті баспалар арқылы Қоғам мүшелерінің рефераттарын, Қазақ ССР Педагогикалық қоғамының конференциялары мен съездерінің материалдарын, кітапшаларын, жинақтарын белгіленген тәртіп бойынша басып шығарады;

к) одақтас республикалар мен шет елдерде халық ағарту мәселелерін зерттеу үшін белгіленген тәртіп бойынша экскурсиялар ұйымдастырып, өткізеді;

л) басқа қоғамдармен және ғылыми мекемелермен байланыстар орнатады;

м) педагогикалық ғылым мен практиканың мәселелеріне арналған халықаралық кеңестерге, съездерге, конгрестер мен конференцияларға белгіленген тәртіп бойынша қатысады.

---

[1] 2-пункттің «б» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 21 ноябрьдегі № 524 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

3. Педагогикалық қоғам өзінің жұмысы үшін база ретінде тірек мектептерді, мұғалімдердің білімін жетілдіру институттарын, ғылыми-зерттеу мекемелерін, педагогтық оқу орындарын, оқу-ағарту қызметкерлерінің үйлерін және басқа мекемелер мен ұйымдарды пайдаланады.

4. Педагогикалық ғылым мен практиканың міндеттеріне сәйкес және Қазақ ССР Педагогикалық қоғамы мүшелерінің тілектерін есепке ала отырып, Қоғамның Республикалық советі мен жергілікті бөлімшелерінің жанынан қоғамдық негіздерде секциялар, лабораториялар, тұрақты және уақытша комиссиялар құрылады, бұлар өз қызметін Қоғамның Республикалық советі Президиумы бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

5. Қазақ ССР Педагогикалық қоғамы, Қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелері заңды ұйымдар болып табылады және олардың Қоғамның эмблемасы бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

Қоғамның қалалық және аудандық бөлімшелері өздерінің финанс-шаруашылық қызметін Қоғамның қалалық, аудандық бөлімшелері советінің председателіне немесе председателінің орынбасарына Қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелері советтерінің президиумдары беретін сенім хат негізінде жүзеге асырады.

II. Қоғамның мүшелері, олардың міндеттері мен праволары

6. Қазақ ССР Педагогика қоғамы жеке және коллективтік мүшелерден тұрады.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мен балалардың мектептен тыс мекемелерінің қызметкерлері, мектептердің мұғалімдері, кәсіптік-техникалық училищелердің инженер-педагог қызметкерлері мен шеберлері, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының оқытушылары, оқушылары мен студенттері, халыққа білім беру органдарының, баспасөздің қызметкерлері, ғылыми қызметкерлер, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және өз қызметімен педагогика ғылымын және практикасын дамытуға жәрдемдесетін басқа да адамдар жеке мүшелер бола алады. Қоғамның жеке мүшелері бастауыш ұйымның жалпы жиналысында ашық дауыспен қабылданады.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мен балалардың мектептен тыс мекемелері, жалпы білім беретін мектептер, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары оқу орындары мен басқа да мекемелер, кәсіпорындар, совхоздар, колхоздар, ұйымдар коллективтік мүшелер бола алады [1].

7. Қоғам мүшесінің міндеттері:

а) Қоғам Уставының талаптарын, Қоғамның тиісті органдарының қаулылары мен шешімдерін орындау;

б) Қоғамның жұмысына белсене қатысу, ұйымдарда, мектептерде, оқу орындарында және халық арасында қоғамның мақсаттары мен міндеттері туралы түсінік жұмысын жүргізу;

в) қоғамның тапсырмаларын орындау;

г) балалар мен жастарды оқытудың және тәрбиелеудің мазмұнын, формалары мен әдістерін жетілдіруге бағытталған лекциялар оқу;

д) жұмыс тәжірибесін алмастыру, педагогикалық ғылым мен практиканың ең жақсы жетістіктерін мектептердің, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелерінің жұмыс практикасына енгізуге көмектесу;

[1] 6-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 21 ноябрьдегі № 524 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

е) педагогикалық оқулар мен ғылыми-практикалық конференцияларды өткізуге қатысу;

ж) халық үшін лекциялар ұйымдастыру, педагогикалық және ғылыми білімдерді тарату ісінде Қоғамға көмектің басқа да түрлерін көрсету;

з) Қоғамның ұйымдарының бірінде есепте тұру және секциялардың біріндегі жұмысқа қатысу;

и) мүшелік жарналарды дер кезінде төлеу.

8. Қоғам мүшелерінің мынадай правосы бар:

а) Қоғам мүшелерінің жиналыстарында шешуші дауысқа ие болуға, қоғамның конференцияларына, съездеріне, басшы және тексеру органдарына сайлауға және сайлануға;

б) Қоғамның басшы органдары мен олардың қызметкерлерінің жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге және олардың қызметін сынауға;

в) консультациялар, методикалық көмек алуға, Қоғамның кітапханаларын, методикалық кабинеттерін пайдалануға, Қоғам ұйымдастыратын семинарларға, лекторийлерге қатысуға;

г) Қоғамның баспа өнімдерінде Педагогикалық қоғамның Республикалық советі, облыстық, аудандық, қалалық бөлімшелері мақұлдаған еңбектерді жариялауға;

д) секциялардың, ғылыми-практикалық конференциялар мен симпозиумдардың, теориялық дискуссиялардың, педагогикалық оқулықтардың жұмысына және Қоғам жүргізетін басқа да шараларға қатысуға [1].

9. Қоғамға мүшелерді Қоғамның бастауыш ұйымының жалпы жиналысы қабылдайды.

Қабылдау жазбаша арыздың негізінде жеке тәртіппен жүргізіледі.

Бастауыш ұйымдар осы бастауыш ұйым құрылған ұйымдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда жұмыс істейтін азаматтарды, сондай-ақ жұмыс істемейтін азаматтарды (пенсионерлерді, үй шаруасындағы әйелдерді) қоғам мүшелігіне қабылдайды.

10. Қазақ ССР Педагогика қоғамының мүшелігіне қабылдаудан бастарту жайлы шағымдарды Қоғамның жоғары тұрған бөлімшелері советтерінің тиісті президиумдары қарайды [1].

11. Қазақ ССР Педагогикалық қоғамына қабылданған адамдарға мүшелік билеттер беріледі.

12. Қоғам мүшелігінен шығаруды Қоғамның аудандық, қалалық, облыстық бөлімшелері советтерінің президиумдары, Қоғамның Республикалық советінің Президиумы мынадай жағдайларда жүргізеді:

а) Қоғамның Уставын бұзғанда;

б) Қоғам мүшесінің қызметі Қоғамның міндеттеріне қайшы келгенде;

в) қоғамға жат қылық көрсеткенде.

Қоғам мүшесінен шығару туралы шешім Қоғамның тиісті президиумы мүшелерінің кемінде үштен екісінің көпшілік дауысымен қабылданады.

Қоғамның жаза алған мүшесі президиумның шешіміне бағыну тәртібімен одан жоғары тұрған орган арқылы бұздыра алады.

13. Дәлелсіз себептермен жыл бойы кіру немесе мүшелік жарнасын төлемеген Қоғам мүшелері Қоғамнан (Қоғамның Республикалық советі Президиумының, Қоғамның облыстық, қалалық, аудандық бөлімшелерінің советтері президиумдарының шешімдері бойынша) шығарылған болып табылады.

[1] 10-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 21 ноябрьдегі № 524 қаулысымен өзгерістер енгізілген. Осы қаулымен 8-пункт «д» тармағымен толықтырылды.

14. Қоғамның коллективтік мүшелерінің міндеттері:

а) Қоғам Уставының талаптарын, Қоғамның тиісті органдарының қаулылары мен шешімдерін орындау;

б) Қоғамның жұмысына белсене қатысу, оның тапсырмаларын дер кезінде және ұқыпты орындау, Қоғам алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыруда оның ролін көтеруге барынша көмектесу;

в) Қоғамның бастауыш ұйымының жемісті жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасауға жәрдемдесу;

г) белгіленген мөлшерде мүшелік жарналарды дер кезінде төлеу [1].

15. Қоғамның коллективтік мүшелерінің мынадай праволары бар:

а) Қоғам жүргізетін барлық шараларға қатысуға;

б) балалар мен жастарды оқыту және тәрбиелеу жұмысында Қоғамның ұйымдарынан көмек алуға;

в) Қоғамның материалдары мен баспа өнімдерін алуға [1].

16. Коллективтік мүшелерді Қоғамның аудандық, қалалық, облыстық бөлімшелері советтерінің президиумдары қабылдайды [1].

17. Қоғамның мүшелерін жұмысты белсенді жүргізгені үшін алғыспен, I, II, III дәрежелі дипломмен, ақшалай сыйлықпен, ескерткіш тартумен атап өтуге болады.

III. Қоғамның ұйымдары және олардың басшы органдары

18. Қазақ ССР Педагогикалық қоғамы территориялық-өндірістік принцип бойынша құрылады: қоғамның кемінде бес мүшесі бар бір мектепте, балалар мекемесінде, жоғары, арнаулы орта немесе кәсіптік-техникалық оқу орнында, ғылыми-зерттеу және басқа мекемелерде, сондайақ бір оқу орнының студенттері мен оқушылары бір бастауыш ұйымға біріктіріледі.

Бастауыш ұйымдар Қоғамның аудандық (қалалық) және облыстық бөлімшелеріне біріктіріледі.

19. Педагогикалық қоғамның жоғары органы — Қоғамның Республикалық советі бес жылда кемінде бір рет шақыратын Қазақ ССР Педагогикалық қоғамының съезі [1].

Съездің делегаттарын Қоғамның облыстық және Алматы қалалық конференцияларында Қоғамның мүшелері Қоғамның Республикалық советі белгілеген тәртіппен сайлайды.

Қоғамның Республикалық советінің шешімі бойынша немесе тексеру комиссиясының, немесе Қоғамның кемінде үш облыстық бөлімшесінің талап етуі бойынша Қоғамның кезектен тыс съезін шақыруға болады.

Қоғамның кезектен тыс съезін шақыру талап етілген жағдайда съезд екі ай мерзімнен кешіктірілмей шақырылуы тиіс:

а) Қоғамның Уставын өзгерту туралы;

б) Қоғам мүшелігінен шығару туралы мәселелерден басқа съезде қаралатын мәселелер жай көпшілік дауыспен шешіледі.

Уставты өзгерту туралы және Қоғам мүшелігінен шығару туралы мәселелерді съезге қатысқан делегаттардың көпшілігі — кемінде үштен екісі шешеді.

20. Қоғамның төменгі органдары жоғары органдардың бақылауында болып, есеп беріп отырады. Қоғамның жоғары органдарының шешімдерін төменгі органдары орындауға міндетті.

---

[1] 14, 15, 16-пункттерге және 19-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 21 ноябрьдегі № 524 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

21. Қоғамның съезі:

а) Қоғамның кезектегі міндеттерін белгілейді;

б) Қоғамның Республикалық советі мен тексеру комиссиясының есептерін тыңдап, бекітеді;

в) Қоғам Уставын өзгерту туралы мәселелерді қарайды;

г) Қоғам қызметіне қатысы бар басқа мәселелерді қарайды;

д) Қоғамның Республикалық советі мен тексеру комиссиясын ашық дауыспен 5 жыл мерзімге сайлайды [1];

е) Қоғамның құрылымын белгілейді.

22. Съездер аралығында Педагогикалық қоғамның қызметіне съезд белгілеген құрамда бес жыл мерзімге сайланатын Республикалық совет басшылық етеді [1].

23. Педагогикалық қоғамның Республикалық советі:

а) Қоғамның барлық ұйымдарының қызметіне басшылық етеді;

б) Қоғамның облыстық, қалалық, аудандық бөлімшелері мен бастауыш ұйымдарының съездердің, ұйымдардың, конференциялардың шешімдерін орындауын тексереді;

в) Қоғамның алдына қойылған міндеттерді негізге алып, Қоғам жұмысының бағыты мен мазмұнын анықтайды;

г) педагогикалық ғылымды дамыту, балалар мен жастарға коммунистік тәрбие беру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, оларды республиканың басшы органдарына табыс етеді;

д) Қоғамның барлық қаржысына иелік жасайды;

е) Қоғам мүшелеріне өз жұмысы туралы үнемі информация жасап тұрады;

ж) Қоғамның жекелеген ұйымдарының қызметі туралы есептер тыңдайды;

з) Қоғамның жылдық жоспарларын, есептері мен сметаларын бекітеді.

24. Қоғамның Республикалық советінің пленумдары қажет болған кезде, бірақ жылына кемінде екі рет жиналады және Республикалық совет мүшелерінің кемінде жартысы қатысқанда заңды деп саналады.

Пленум Педагогикалық қоғамның Республикалық советі мен оның Президиумы жұмысының мәселелерін, Педагогикалық қоғамның облыстық, қалалық және аудандық бөлімшелерінің жұмысы туралы есептерді, сондай-ақ халық ағарту ісін және педагогикалық ғылымды одан әрі дамытудың актуалдық мәселелерін тыңдап, талқылайды.

Қоғамның Республикалық советінің пленумы өз мүшелерінің ішінен Қоғам советінің президиумын ашық дауыспен сайлайды, оның құрамында президиумның председателі, председателінің орынбасарлары мен мүшелері болады, президиум советтің пленумдарының аралығындағы кезеңде Қазақ ССР Педагогика қоғамының басшы органы болып табылады [1].

25. Қазақ ССР Педагогикалық қоғамының Республикалық советінің Президиумы:

а) Қоғамның секциялары, лабораториялары, комиссиялары, конкурстары мен байқаулары, Қоғамның қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар туралы ережелерді бекітеді;

б) Қоғамның Республикалық советінің мәжілістерін шақыру даталарын бекітеді;

в) барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда Педагогикалық қоғамнан өкілдік жасайды;

---

[1] 21-пункттің «д» тармағына, 22-пунктке және 24-пункттің үшінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 21 ноябрьдегі № 524 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

г) Қоғамның съездерінің, оның Республикалық советі пленумдарының жұмысын есепке алып, олардың есептерін жасайды;

д) Қоғамның облыстық, аудандық, қалалық бөлімшелерінің қызметі туралы есептерін тыңдайды;

е) Қоғамның Республикалық советі пленумдарының шешімдерін Педагогикалық қоғамның ұйымдары мен кәсіпорындарының орындауын тексереді;

ж) Қоғамның Республикалық советі жанынан секциялар ұйымдастырып, олардың қызметіне басшылық жасайды, секциялардың басшылары мен секциялардың жұмыс жоспарларын бекітеді;

з) секциялардың ұсынысы бойынша лекциялардың тематикасы мен жоспарларын бекітеді, лекциялардың текстерін талқылап, оқу үшін және баспадан шығару үшін мақұлдайды;

и) методика және жұмысты ұйымдастыру мәселелері жөнінде Қоғам мүшелерінің кеңестері мен семинарларын шақырады;

к) шаруашылық есептегі кәсіпорындарды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады және жояды;

л) Педагогикалық қоғамның барлық қаржысына нелік жасайды;

м) Қоғамның Республикалық советі мен бөлімшелерінің штаттағы қызметкерлерін бекітеді [1].

IV. Қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелері мен олардың басқару органдары

26. Қоғамның облыстық (қалалық) конференциясы Педагогикалық қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелерінің жоғары органы болып табылады.

27. Облыстық (қалалық) конференция:

а) бөлімшенің советі мен тексеру комиссиясының есептерін тыңдап, бекітеді;

б) бөлімше советінің немесе Қоғамдық жоғары органдарының енгізген, Қоғам қызметіне қатысы бар мәселелерді қарайды;

в) бөлімшенің советі мен тексеру комиссиясын екіжарым жыл мерзімге және Қоғамның республикалық съезіне делегаттарды ашық дауыспен сайлайды [1].

28. Кезекті конференцияны совет екі жарым жылда бір рет шақырады [1].

Бөлімше советінің шешімі бойынша немесе қоғам мүшелерінің кемінде бес қалалық, аудандық жалпы жиналыстарының талап етуі бойынша, немесе Қоғамның Республикалық советінің қаулысы бойынша кезектен тыс конференция шақыруға болады.

Кезектен тыс конференция екі ай мерзім ішінде шақырылады.

Өкілдік нормалары мен конференцияға делегаттар сайлау тәртібін бөлімшенің советі белгілейді.

Конференция, егер оған сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысқан болса, заңды деп табылады.

Конференцияда қаралатын мәселелер делегаттардың жай көпшілік дауысымен шешіледі.

29. Конференциялар аралығында бөлімшенің қызметіне бөлімше советі басшылық жасайды.

---

[1] 25-пункттің «м» тармағына, 27-пункттің «в» тармағына және 28-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 21 ноябрьдегі № 524 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

Педагогикалық қоғамның облыстық және Алматы қалалық Советтерінің пленумдары қажет болған кезде, бірақ төрт айда кемінде бір рет жиналады.

Совет мүшелерінің кемінде жартысы қатысып отырса, советтің мәжілісі заңды деп саналады.

30. Бөлімшенің советі:

а) қалалық және аудандық бөлімшелердің қызметіне басшылық етеді;

б) Қоғамның съездер мен конференцияларының шешімдерін бөлімшелердің орындауын тексереді;

в) жоғары органдардың директиваларын орындау жөніндегі практикалық шаралар жасап, бекітеді;

г) совет президиумының қызметі туралы есептерді тыңдайды;

д) қалалық және аудандық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді тыңдайды;

е) бөлімшенің жоспарларын, есептері мен сметаларын бекітеді.

31. Совет ағымдағы жұмыстарды жүргізу үшін президиум сайлайды, оның құрамында президиум председателі, председательдің орынбасарлары және мүшелері болады.

32. Бөлімше советінің президиумы:

а) бөлімше советінің қаулысы мен Қоғамның жоғары органдарының нұсқауларын жүзеге асырады;

б) Қоғамның қалалық және аудандық бөлімшелерін ұйымдастырады, олардың қызметі туралы есептерін тыңдайды;

в) бөлімше советі жанынан секциялар ұйымдастырады және олардың қызметіне басшылық жасайды, секциялардың жұмыс жоспарларын бекітеді;

г) баяндамалардың, лекциялар мен кітапшалардың текстерін талқылап, оларды оқуға және бастыруға мақұлдап, ұсынады;

д) методика, педагогикалық насихат пен жұмыс тәжірибесін алмасу мәселелері жөнінде Қоғам мүшелерінің кеңестері мен семинарларын шақырады;

е) Қоғам мүшелерінің есебін жүргізеді;

ж) бөлімшенің барлық қаржысына иелік жасайды;

з) барлық мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен мекемелерде Қоғам бөлімшесінен өкілдік жасайды.

V. Қоғамның қалалық және аудандық бөлімшелері

33. Қоғамның қалалық бөлімшелері облысқа бағынатын қалаларда ұйымдастырылады. Аудандық бөлімшелер республиканың селолық аудандары мен ауданға бөлінген қалаларда ұйымдастырылады. Қоғамның қалалық және аудандық бөлімшелері Қоғамның кемінде 40—50 мүшесі бар жерде ұйымдастырылады.

34. Қоғам мүшелерінің қалалық, аудандық, жалпы жиналыстары Қоғамның қалалық, аудандық бөлімшелерінің жоғары органы болып табылады. Қоғам мүшелерінің қалалық, аудандық жиналыстарын Қоғам бөлімшелерінің советтері қажет болған кезде, бірақ алты айда кемінде бір рет шақырады.

35. Қоғам мүшелерінің қалалық, аудандық жалпы жиналыстары:

а) бөлімше советі мен тексеру комиссиясының есептерін тыңдап бекітеді;

б) Қоғамның қызметіне қатысы бар, бөлімше советі мен Қоғамның жоғары органдары енгізген мәселелерді қарайды, бөлімшенің жұмыс жоспарын бекітеді;

в) бөлімше советі мен тексеру комиссиясын екі жарым жыл мерзімге және Қоғамның облыстық конференциясына делегаттарды ашық дауыспен сайлайды [1].

36. Жалпы жиналыс, егер онда бөлімшеге біріктірілген Қоғам мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды деп саналады.

Жалпы жиналыста қаралатын мәселелер жиналысқа қатысып отырған Қоғам мүшелерінің жай көпшілік даусымен шешіледі.

37. Бөлімшенің советі өз мүшелері ішінен Қоғам бөлімшесі советінің президиумын бөлімше советі белгілейтін мөлшерде сайлайды, президиум советтің пленумдарының аралығындағы кезеңде Қоғам бөлімшесінің басшы органы болып табылады.

Қазақ ССР Педагогика қоғамы бөлімшесі советінің президиумы өз құрамынан председательді, председательдің орынбасарлары мен казначейді сайлайды.

Бөлімше советі айына кемінде бір рет жиналады. Советтің мәжілістері совет мүшелерінің кемінде жартысы қатысса заңды деп саналады [1].

38. Бөлімшенің президиумы:

а) совет мәжілістері аралығында бөлімшенің қызметіне басшылық етеді, жалпы жиналыстар мен қоғамның жоғары органдарының нұсқауларын жүзеге асырады;

б) совет жанынан секциялар ұйымдастырып, олардың қызметіне басшылық етеді, секциялардың председательдері мен жұмыс жоспарларын бекітеді; лекцияларды, баяндамаларды және педагогикалық насихатты жақсартуға қатысы бар басқа да материалдарды талқылап, оқуға мақұлдап, ұсынады;

в) Қоғам мүшелеріне мүшелік билеттерді табыс етеді, мүшелік жарналарды жинауды ұйымдастырады;

г) барлық мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен мекемелерде Қоғам бөлімшесінен өкілдік жасайды.

VI. Қоғамның бастауыш ұйымдары

39. Қоғамның бастауыш ұйымдары республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, кәсіптік-техникалық училищелерінде, мектептерде, мемлекеттік мекемелерде, қоғамдық, кооперативтік ұйымдарында, министрліктерде, совхоздарында, колхоздарында, кәсіпорындарында және басқа мекемелері мен ұйымдарында құрылады.

Қоғамның бастауыш ұйымдары Қоғамның қалалық немесе аудандық советі президиумының қаулысы бойынша Қоғамның бес және одан да көп мүшесі бар жерде құрылады.

40. Қоғамның бастауыш ұйымының міндеттері: Қоғам мүшелерін педагогикалық білімдерді тарату жөнінде жұмысқа белсенді қатыстыру, педагогикалық ғылымның жетістіктері мен озық тәжірибені практикаға енгізуге көмектесу, Қоғамға жаңа мүшелер тарту.

41. Қоғамның бастауыш ұйымының жалпы жиналысы қажет болған кезде, бірақ үш айда кемінде бір рет оның жұмыс мәселелерін талқылау үшін жиналады.

---

[1] 35-пункттің «в» тармағына және 37-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 21 ноябрьдегі № 524 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

Қоғамның бастауыш ұйымы мүшелерінің жалпы жиналысы, егер онда бастауыш ұйым біріктіретін Қоғам мүшелерінің кемінде жартысы қатысып отырса, заңды деп саналады.

42. Ағымдағы жұмыстарды орындау үшін Қазақ ССР Педагогика қоғамының бастауыш ұйымы жалпы жиналыста председательді, ал 15 және одан да көп мүшелері болғанда бюро сайлайды, бюроның құрамында председатель, секретарь және казначей болады.

Қазақ ССР Педагогика қоғамы бастауыш ұйымының председателі немесе бюросы бір жыл мерзімге сайланады [1].

43. Қоғамның бастауыш ұйымының бюросы:

а) бастауыш ұйым біріктіретін Қоғам мүшелерін осы Уставтан туатын міндеттерді орындауға тартады;

б) Қоғам бөлімшелерінің тематикалық жоспарларына сәйкес жаңа лекциялар, баяндамалар, методикалық талдауды әзірлеудің тематикалық жоспарларын жасайды және Қоғам мүшелеріне оларды әзірлеуге көмек көрсетеді; Қоғам мүшелерінің әзірлеген материалдарын (лекцияларды, баяндамаларды, кітапшаларды және басқаларын) талқылайды, олардың ішіндегі ең таңдаулыларын бастыру үшін жоғары ұйымның советіне ұсынады;

в) Қоғамның бастауыш ұйымы құрылған мекемеде немесе ұйымда, шефтік ұйымдарда, сондай-ақ совет президиумының (бастауыш ұйым құру туралы шешім қабылдаған) тапсырмасы бойынша басқа да мекемелер мен ұйымдарда лекциялар, баяндамалар, әңгімелер ұйымдастырады;

г) Қоғам мүшелеріне кіруге тілек білдірушілердің арыздарын қарайды және бұл арыздарды өз қорытындысымен қоса Қоғамның бастауыш ұйымының жалпы жиналысына шешу үшін табыс етеді;

д) мүшелік жарналар жинауды ұйымдастырады.

VII. Қоғамның секциялары

44. Қазақ ССР Педагогикалық қоғамның Республикалық советі, Қоғамның облыстық, қалалық және аудандық бөлімшелерінің советтері, сондай-ақ Қоғамның бастауыш ұйымдары жанынан секциялар құрылады.

45. Қазақ ССР Педагогикалық қоғамының Республикалық советі, Қоғамның облыстық, қалалық және аудандық бөлімшелерінің советтері жанындағы секциялар тиісінше республика астанасында, облыс орталықтарында, қалалар мен аудандарда тұратын Қоғамның барлық мүшелерін біріктіреді.

46. Секциялар Қоғамның тиісті ұйымдары советтерінің қоғамдық органдары болып табылады. Секциялар өз қызметін Қоғам мүшелерінің кеңінен ынта көрсетуі, Қоғам жүргізетін педагогикалық және ғылыми білімдердің бағыты, мазмұны, методикасы мен оларды насихаттауды ұйымдастыру мәселелерін творчестволықпен талқылау негізінде жүзеге асырады.

Насихаттың идеялық және тематикалық бағыттылығын, ғылыми дәрежесінің жоғары болуын және пәрменділігін қамтамасыз ететін шараларды жасап, жүзеге асыру, Қоғамның мүшелеріне ғылыми-методикалық жәрдем беру секцияларының негізгі міндеті болып табылады.

47. Секциялар (секциялардың бюролары) методикалық материал-

---

[1] 42-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 21 ноябрьдегі № 524 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

дарды бастыру үшін Қоғам мүшелерінің лекцияларды, баяндамаларды, кітапшаларды әзірлеуін, дайындалған материалдарды рецензиялауды және олардың талқылануын, Қоғам мүшелері оқитын лекцияларды, баяндамаларды аудиторияларда тыңдап, кейіннен талқылауды ұйымдастырады; тыңдаушылардың пікірлері мен тілектерін зерттейді; педагогикалық насихатты өрістету және жақсарту туралы ұсыныстарды советтер үшін әзірлейді, Қоғамның төменгі ұйымдары секцияларының жұмысына көмек береді.

48. Секцияларға біріктірілген Қоғам мүшелері жиналыста ашық дауыспен секцияның председателін, оның орынбасарларын, секретарын, ал қажетті жағдайда секцияның бюросын екі жыл мерзімге сайлайды.

Секцияның бюросы өз құрамы ішінен бюроның председателін, оның орынбасарларын және секретарын сайлайды.

Секцияның председателін, оның орынбасарларын, секретары мен мүшелерін және секцияның бюросын Қоғамның тиісті ұйымы советінің президиумы бекітеді.

49. Секция бюросы секция қызметінің аса маңызды мәселелерін талқылау, секция бюросының есебін тыңдап, бекіту және бюроны сайлау үшін секцияға біріктірілген Қоғам мүшелерінің жалпы жиналысын шақырады.

VIII. Қоғамның қаржылары

50. Қоғамның қаржылары мыналардан құралады:

а) Қоғам мүшелерінің кіру және мүшелік жарналарынан;

б) Қоғам жүргізетін лекциялардан, баяндамалардан және басқа шаралардан;

в) баспа қызметінің табысынан;

г) Қоғамның өндірістік кәсіпорындары қызметінің табыстарынан.

51. Қоғамның дербес мүшелері кіру жарнасы үшін 20 тиын, мүшелік жарна үшін жылына 50 тиын төлейді.

52. Қоғам мүшелері болып табылатын коллективтік мүшелік жарналарды Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Педагогикалық қоғамы туралы» 1961 жылғы 8 июльдегі № 468 қаулысында белгіленген мөлшерде төлейді [1].

53. Педагогикалық қоғамның Республикалық советіне, Қоғамның облыстық, қалалық, аудандық бөлімшелеріне түскен барлық табыстар, кіру және мүшелік жарналар, қоғамдық ұйымдардың, мекемелер мен адамдардың бөлген қаржылары Қоғам мүшелерінің ғылыми-педагогикалық дәрежесін көтеруге, ғылыми-педагогикалық жұмысты өрістетуге, педагогикалық насихатты жүргізуге байланысты шараларға, сондай-ақ Қоғамның ұйымдастыру-шаруашылық және басқа шараларына жұмсалады.

54. Қоғамның қаржысын пайдалану тәртібін Педагогикалық қоғамның Республикалық советінің Президиумы белгілейді.

Қазақ ССР Педагогика қоғамы республикалық аппарат қызметкерлеріне, сондай-ақ оның жергілікті жерлердегі органдарының қызметкерлеріне маңызды тапсырмаларды орындағаны үшін сыйлық беруге арнап және оларға біржолғы жәрдем көрсетуге арнап жалақы қорының 2 процентіне дейінгі мөлшерде шығындар жасай алады.

Қоғам бұл аталған шығындарды Қоғамның аппаратын ұстауға

---

[1] 52-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 21 ноябрьдегі № 524 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

арналған смета бойынша бекітілген жалақы қорының шегінде жұмсайды [1].

Педагогикалық қоғамның Республикалық, облыстық, қалалық советтері Қоғамның міндеттері мен мақсаттарын орындауға жәрдемдесетін белсенді қоғамшылдарға сыйлық, сондай-ақ оларға материалдық көмек беруіне болады, Қоғамның жеке мүшелерінен түскен мүшелік жарна сомасының 10 процентінен асырмай осы мақсаттарға арнап қаржы жұмсай алады. Мұның өзінде сыйлықтар төлеуге және ақшалай көмек көрсетуге Қоғамның бір мүшесіне жылына 100 сомнан асырмай қаржы жұмсауға рұқсат етіледі [2].

IX. Қазақ ССР педагогикалық қоғамы мен оның ұйымдарының тексеру комиссиялары

55. Қазақ ССР Педагогикалық қоғамының, Қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелерінің тексеру комиссиялары жылына екі рет мыналарды тексереді:

а) советтердің съезд (конференция) қаулыларының орындалуын;

б) советтің финанс қызметін;

в) советтің жұмысын.

Қоғамның қалалық және аудандық бөлімшелерінің тексеру комиссиялары советтердің есеп беру-сайлау жиналыстары мен Қоғамның жоғары органдарының қаулыларының орындалуын, мүшелік жарналар жинау және жиналған қаржылардың тиісті бөлігін Қоғамның жоғары органдарының советіне аудару жөніндегі жұмысын жылына кемінде екі рет тексереді.

56. Тексеру комиссиялары өз құрамы ішінен комиссияның председателін, председательдің орынбасарын және секретарын сайлайды.

Тексеру комиссияларының мәжілістерін қажет болған кезде комиссиялардың председательдері шақырады.

Тексеру комиссиялары өздерін сайлаған съездер, конференциялар, Қоғам мүшелерінің жалпы жиналыстары алдында өз қызметі жайлы есеп береді.

Съездер, конференциялар, Қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы аралығында тексеру комиссиялары тексерулердің қорытындылары бойынша ұсыныстарды тиісті советтің талқылауына енгізеді және олар туралы Қоғамның жоғары органдарына хабарлайды.

Тексеру комиссияларының мүшелері өздері тексеретін советтердің мүшелері бола алмайды.

Тексеру комиссияларының мүшелері өздері тексеретін советтердің мәжілістеріне кеңесші дауыс правосымен қатысады.

X. Қоғамды жоюдың тәртібі

57. Қазақ ССР Педагогикалық қоғамы өз қызметін Қоғамның съезінің немесе Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары бойынша тоқтатады.

58. Қоғам жойылғаннан кейін қалған барлық мүлік пен қаржы Қазақ ССР Министрлер Советінің нұсқауы бойынша мемлекеттік мекемелерге немесе қоғамдық ұйымдарға беріледі.

59. Қоғамның жергілікті бөлімшесін конференцияның (жалпы жиналыстың) шешімі немесе Қоғамның жоғары органының шешімі бойынша жоюға болады. Қоғамның жергілікті бөлімшесінің қызметін жойғанда оның мүлкі Қоғамның жоғары ұйымына беріледі.

---

[1] 54-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 21 ноябрьдегі № 524 қаулысымен екінші және үшінші абзацтармен толықтырылды.

[2] 54-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 ж. 22 июньдегі № 265 қаулысымен төртінші абзацпен толықтырылды.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ, ИНТЕРНАТ-МЕКТЕПТЕРДЕ, БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІНДЕ, ҚӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ УЧИЛИЩЕЛЕРДЕ, СУВОРОВТЫҚ УЧИЛИЩЕЛЕРДЕ, ОРТА АРНАУЛЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДЕРІНЕ ӨЗДЕРІ ҚЫЗМЕТ ЕТУІН КЕҢЕЙТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1959 жылғы 11 ноябрьдегі № 994
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1960 ж., № 2)

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың кейбір мектептерінде, мектеп-интернаттарында, балалар үйлерінде, кәсіптік-техникалық училищелерде, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында оқушыларды өздеріне өздері қызмет етуге тарту жөнінде елеулі жұмыстар жүргізіліп отырғанын көрсетеді.

Оқушылар мектептерде, мастерскойларда, жатақханаларда, асханаларда тәртіп сақтауға тартылуда, олардың төңірегінің тазалығын және жақсартылуын бақылауда, қолынан келгенінше мебельдерді, құрал-жабдықтарды, мектептерді және жатақханаларды жөндеуге қатысады.

Бірақ, ол жақсы тәжірибе республиканың барлық мектептерінің және басқа оқу орындарының игілікті ісіне айналдырылмаған.

Оқушыларды еңбекке тәрбиелеудің негізгі құралының бірі ретінде олардың өздеріне өздері қызмет етуіне зор маңыз бере отырып және оның оқушылардың бастама көрсеткіштігін, дербестігін дамытуға, тәртіптілігін арттыруға, тапсырылған іске жауапкершілігін, коллектив туралы қамқорлық сезімін, мемлекет мүлкіне ұқыпты көзқарас жасауын, еңбекті құрметтеу сезімдерін тәрбиелеуге жол ашатынын ескеріп, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Кәсіптік-техникалық білім бас басқармасына, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне және Қазақ ССР Министрлер Советінің Жоғары және орта арнаулы білім комитетіне балалар мен жастардың жасын, жынысын, денсаулық мүмкіншіліктерін, гигиена және олардың денсаулығы жөнінде қойылатын нормалар мен талаптарды ескере отырып, оқушылар мен студенттердің өздеріне қызмет етуін кеңейту міндеттелсін.

Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Кәсіптік-техникалық білім бас басқармасына, Қазақ ССР Министрлер Советінің Жоғары және орта арнаулы білім комитетіне екі апта мерзім ішінде жалпы білім мектептерінде, мектеп-интернаттарда, балалар үйлерінде, кәсіптік-техникалық училищелерде, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында оқушылардың сменалық сабағын,

[1] Қаулының 3, 4-пункттері және оның 1, 2 қосымшалары Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1968 ж. 24 июньдегі № 369 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

5—10-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмелі.

жастарын және жергілікті жағдайды ескере отырып, олардың өздеріне өздері қызмет ету еңбегін ұйымдастырудың тәртібін әзірлеп бекіту тапсырылсын.

Қазақ ССР Оқу министрлігі «Оқушылардың тәртіп ережесін» олардың өздеріне өздері қызмет ету ережесімен толықтыратын болсын.

2. Қазақ ССР Оқу министрлігінің бастауыш, жетіжылдық (сегізжылдық) және орта мектептерінің әкімшілік, оқыту-көмекші және қамту қызметкерлерінің типті штаты, сол сияқты мектептер жанындағы интернат қызметкерлерінің нормативы мен қызметтік окладтары осы қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

Бастауыш, жетіжылдық (сегізжылдық) және орта мектептердің сол сияқты мектептер жанындағы интернаттардың штаттарын осы қаулымен бекітілген типті штаттарға сүйене отырып, еңбекшілер депутаттарының қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері белгілейді.

§ 2. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІН ОДАН ӘРІ ӨРКЕНДЕТУ, МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» 1959 ЖЫЛҒЫ 21 МАЙДАҒЫ № 558 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1959 жылғы 31 августағы № 790

ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

4. Балаларды алдағы уақытта оқыту міндетіне жауап бергендей бірыңғай тәрбие беру мүддесін жүзеге асыру үшін мұнан былай жаңадан салатын үйлерде балалардың тек қана біріктірілген мекемелері — ясли-бақшалар салынсын.

Ведомстволық балалар мекемелерінен басқа біріктірілген барлық балалар мекемелеріне басшылық ету Қазақ ССР Оқу министрлігіне жүктелсін.

Балалар мекемелерінде балаларды емдеу-профилактикалық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға, санитарлық-гигиеналық тәртіпті сақтауға және ол мекемелерді медициналық кадрлармен толықтыруға жауапты лық Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне және оның жергілікті органдарына жүктелсін.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне және халық шаруашылығы советтеріне мұнан былай типтік жоба бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың тек қана біріктірілген (ясли-бақша) мекемелерін салуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

---

[1] Қаулының 1—3-пункттері, 4-пункттің төртінші, бесінші және алтыншы абзацтары, 5—8-пункттері, 9-пункттің «б» тармағы, 14-пункттің «а» тармағы, 15, 17, 19—23-пункттері және № 1, № 2 қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

9. Еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР-інің халық шаруашылығы советтеріне, министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

а) жарамды үйлерді ыңғайластыру және жоспарлы құрылысты арзандату есебінен, сондай-ақ қазіргі бар балалар яслилері мен бақшаларын кеңейту есебінен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін қосымша (бекітілген жоспардан тыс) ашуға шаралар қолдану.

Халық шаруашылығы советтеріне, министрліктерге, ведомстволарға және облыстық атқару комитеттеріне, қарауындағы өнеркәсіп кәсіпорындарына, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «СССР-де тұрғын үй құрылысын дамыту туралы» 1957 жылғы 31 июльдегі № 931 қаулысының 12-пунктіне [1] сәйкес тұрғын үй салуға жұмсалатын қаржының бір бөлігін мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салу үшін пайдалануға рұқсат етуге право берілсін;

в) мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін жөндеуден өткізу үшін жыл сайын қажетті құрылыс материалдарын бөліп отыру.

10. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және Қазақ ССР Финанс министрлігіне мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері жүйесінің қосымша өсуін тиісінше қаржылармен, жабдықпен және еңбек жөніндегі лимиттермен қамтамасыз ету міндеттелсін.

11. Еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне және Қазақ ССР Сауда министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) облыс орталықтарында және Алматы қаласында мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің заявкаларына сәйкес балалар мекемелеріне етті, сүтті, ет және сүт өнімдерін, жидектерді, жас жемістер мен овощтарды күн сайын айналмалы тасымалдауды ұйымдастыру және осы мақсаттар үшін арнаулы автомашиналар бөліп, оларды жабдықтау;

б) балалар мекемелерін шай және асхана ыдыстарымен қамтамасыз ету.

12. Облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне колхоздардың қаржылары есебінен тұрақты және маусымдық жұмыс істейтін мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салу жолымен мектеп жасына дейінгі балаларға қызмет көрсету жөніндегі колхоздардың инициативасын барынша қолдау, осы мақсаттар үшін құрылыс материалдарын сатып алуда колхоздарға қажетті көмек көрсету міндеттелсін.

13. Колхоздарға колхозшылардың балаларын тәрбиелеу үшін ұдайы жұмыс істейтін мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін құру, күрделі жұмыстардың жоспарларында балалар ясли-бақшаларының үйлерін үлгі жобалар бойынша салуды көздеу, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде тәрбиешілер ретінде жұмыс істеу үшін арнаулы педагогикалық және медициналық білімі бар адамдарды тарту ұсынылсын.

14. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне мыналар міндеттелсін:

б) материалдық-техникалық жабдықтаудың жыл сайынғы жоспарларында республиканың министрліктеріне, ведомстволарына және халық шаруашылығы советтеріне мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері үшін қатты және жұмсақ инвентарьға, музыка аспаптарына, электр приборларына, кілем бұйымдарына арнап қор бөлуді көздеу.

[1] СП СССР, 1957 ж., № 9, 102-ст.

16. Қазақстан Жазушылар одағына балалар жазушылары секциясының жұмысын жақсарту, жазушыларды мектеп жасына дейінгі балалар үшін қазақ және орыс тілдерінде шығармалар жазуға тарту міндеттелсін.

18. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Радиохабар және телевизия жөніндегі комитетке мектеп жасына дейінгі балалар үшін радио мен телевизия арқылы берілетін хабарлардың санын арттыру, балалар бақшаларының ең жақсы жұмыс тәжірибесін тарату, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және олардың денсаулығын сақтау мәселелерін бейнелейтін ата-аналарға арналған хабарларды кеңінен жүргізу міндеттелсін.

24. Қазақстан КП облыстық комитеттеріне, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақстан ЛҚСМ Орталық Комитетіне, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советіне және партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарына өнеркәсіп кәсіпорындарының, мекемелердің, колхоздардың, совхоздардың балалар мекемелеріне қамқорлық жасауын ұйымдастыра отырып, балаларды тәрбиелеу бүкілхалықтық іс болып табылатынын есте сақтай отырып, балалар мекемелерінің жұмысына совет жұртшылығының қалың тобын, еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің депутаттарын тарту міндеттелсін.

РЕСПУБЛИКАДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 7 июньдегі № 247
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап өтеді: республиканың партия, совет органдары, министрліктері мен ведомстволары мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің материалдық базасын нығайту және балаларды қоғамдық тәрбиелеуді жетілдіру жөнінде біршама жұмыс жүргізді. Оныншы бесжылдық және үстіміздегі бесжылдықтың екі жылы ішінде 202 мың кісілік мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі салынды. Қазіргі кезде 1 жастан 6 жасқа дейінгі жалпы балалар санының жартысына жуығы балалар бақшалары мен яслилерінің тәрбиесінде.

Сонымен қатар бұл маңызды істе елеулі кемшіліктер орын алған. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері жүйесінің дамуы оларға деген қажеттіліктен, әсіресе Алматы, Қызылорда, Семей, Талдықорған, Орал, Шымкент облыстарында артта қалып отыр. Қазақ ССР Байланыс министрлігінің, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігінің, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігінің, Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің, Қазақ ССР Мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының, Батыс Қазақстан Темір жолы басқармасының кәсіпорындары мен ұйымдары балалар бақшаларымен және ясилерімен қанағаттанғысыз қамтамасыз етілген. Семей сыртқы киім фабрикасында, Шығыс Қазақстан ет өнеркәсібі бірлестігінде, «Көкшетавмебель» бірлестігінде, Қарағанды механикалық-құю заводында,

геофизприбор» заводында мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері жоқ.

Селолық жерлерде мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін дамытуға аз көңіл бөлінеді. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі барлық совхоздар мен колхоздардың орталық усадьбаларында балалар бақшалары мен яслилерінің ашылуын, маусымды ясли-бақшалардың тұрақты жұмыс істейтіндер қатарына көшірілуін күні бүгінге дейін қамтамасыз етпей отыр.

Көптеген мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері санитариялық-гигиеналық талаптарға сай келмейтін бейімдей салған үй-жайларға орналасқан.

Жекелеген облыстық партия комитеттері, облыстық атқару комитеттері, министрліктер мен ведомстволар балалар бақшалары мен яслилерін салуға бөлінген күрделі қаржыны түгел игеруге тиісті шаралар қолданбайды, соның салдарынан тек 1981—1982 жылдары 18,0 мың орын кем қосылды. Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылыс министрлігі мен Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі осындай объектілер салу жөніндегі жоспарларын үнемі орындамайды.

Партия комитеттері, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, Қазақ ССР Оқу министрлігі мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жұмысын бақылауды әлі де жеткіліксіз жүзеге асырады. Мектепке дейінгі мекемелерді мебельмен, жұмсақ инвентарьмен, ыдыспен, көрнекі-оқу және методикалық құралдармен қамтамасыз ету мәселелері баяу шешіледі, олардағы балаларды тамақтандыру мен медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруда олқылықтар аз емес.

Балалар бақшалары мен яслилерінің тәрбиешілері мен меңгерушілерінің 30 процентке жуығында арнаулы білім жоқ, осы мекемелердің қызметкерлеріне қажетті тұрғын үй-тұрмыс жағдайларын жасау туралы қамқорлық барлық жерде бірдей ұдайы жасала бермейді.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттеріне, халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, республиканың министрліктері мен ведомстволарына мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің материалдық базасын дамыту жөніндегі жоспарлардың орындалуын бақылауды күшейту, балаларға мектепке дейін қоғамдық тәрбие беруге басшылықты жақсартып, бұл істе орын алып отырған елеулі кемшіліктерді жоюға шаралар қолдану міндеттелсін.

2. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

— мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салуға министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың қаржыларын үлес қосып қатысу тәртібімен пайдалану практикасын ұлғайтсын;

— мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салуды жүзеге асырушы министрліктер мен ведомстволарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға құрылыстар барынша аз бұзылатын жер учаскелерін бөлуге байланысты мәселелерді оперативті түрде шешіп отырсын, құрылыс құнының орынсыз қымбатталуына жол бермейтін болсын;

— босатылатын әкімшілік және басқа үйлерді бейімдеу мен қайта құру жөніндегі қажетті жұмыстарды белгіленген тәртіп бойынша жүргізе отырып, оларды мектеп жасына дейінгі мекемелер жүйесіне беру жолымен оны ұлғайтудың қосымша мүмкіндігін іздестірсін;

— таяу жылдарда мектепке дейінгі мекемелердегі балалар санын оларды комплектілеудің санитариялық-гигиеналық нормалары мен жос-

парлы-экономикалық нормативтерге сай келтірсін, жарамсыз үй-жайлардағы балалар ясли-бақшаларын олардан шығаруды қамтамасыз етсін;

— өнеркәсіп кәсіпорындары, бірлестіктер, совхоздар, колхоздар, басқа да ұйымдар коллективтерінің мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне үйлерге жөндеу жүргізу мен безендіруге қамқорлық көмек көрсету жөніндегі инициативаларын барынша қолдап отырсын.

3. 1983—1990 жылдарға арналған мынадай тапсырмалар белгіленсін:

— облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне — облыстар мен Алматы қаласы бойынша тұрақты мектеп жасына дейінгі мекемелердегі балалар контингентін № 1 қосымшаға сәйкес арттыру жөнінде;

— Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне, одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдарға — мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін № 2—4 қосымшаларға сәйкес салу және пайдалануға беру жөнінде.

4. Балаларға дене тәрбиесін беру мен шынықтыруды жақсарту мақсатында Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті экономикалық және әлеуметтік даму жоспарында қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жабық жүзу бассейні бар қуаты 280 және одан да көп кісілік мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салуды көздейтін болсын.

5. Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігінен, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігінен, Алматы қаласында және Алматы облысында құрылыс жүргізу жөніндегі территориялық бас басқармадан, Колхозаралық құрылыс ұйымдарының Қазақ республикалық советінен заказ беруші министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің салыну барысына жүйелі бақылау қою, құрылыс ұйымдары басшыларының осы мекемелерді іске қосу жөніндегі жоспарлардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде дербес жауапкершілігін арттыру талап етілсін.

6. Облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Оқу министрлігі:

— мектепке дейінгі мекемелерде балаларды тәрбиелеу мен оқытуды одан әрі жетілдіруге шаралар қолдансын, осы істегі озық тәжірибе мен педагогика ғылымының жетістіктерін кеңінен таратсын, мектепке дейінгі мекеменің семьямен байланысын нығайта берсін;

— мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін тәрбиешілердің білікті кадрларымен толықтыру және оларға қажетті тұрғын үй-тұрмыс жағдайлар жасау, олардың біліктілігін жүйелі түрде көтеру жөніндегі жұмысты жақсартсын;

— балалар бақшалары мен яслилерінің мебельмен, жұмсақ және қатты инвентарьмен, технологиялық және физкультуралық жабдықтармен неғұрлым толық жарақталуын қамтамасыз етсін;

— мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің ведомстволық иелігіне қарамастан әсіресе қазақ тіліндегі методикалық, көрнекі-оқу құралдармен және әдебиетпен қамтамасыз етуде оларға жан-жақты көмек көрсетіп отырсын.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жа-

нындағы «Главриссовхозстрой», облыстық атқару комитеттері 1983—1987 жылдары совхоздар мен колхоздардың орталық усадьбаларында тұрақты жұмыс істейтін мектепке дейінгі мекемелерді № 5 қосымшаға сәйкес ашатын болсын.

8. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы жылдық жоспарларда колхоздар қаржылары есебінен инициативалық негізде және қоғамдық ұйымдардың күшімен салынатын балалар бақша-ясли-лерінің құрылысы үшін тікелей мақсатпен материалдар, сондай-ақ осы объектілерді жабдықтау үшін мебельге, жұмсақ және қатты инвентарьға арналған қорлар бөлуді көздеп отырсын.

9. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне арнап мебель шығару жөніндегі тапсырмалардың Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 30 марттағы № 143 қаулысымен белгіленген көлемде сөзсіз орындалуын қамтамасыз етсін, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындарда аталған мебельді Қазақ ССР Оқу министрлігімен келісілген номенклатурада және үлгі мөлшерлерде жасап шығаруды ұлғайтуға қосымша шаралар қолдансын.

10. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі карамағындағы кәсіпорындарында өндіріс қалдықтарын, жергілікті шикізат пен материалдарды неғұрлым түгел әрі тиімді пайдалану есебінен ойыншықтар, ойын жабдықтарын шығаруды одан әрі арттыру және ұлғайту жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

11. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері үшін мебельге арналған қорларды Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, материалдық ресурстарды Қазақ ССР Министрлер Советі бөлетін республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволарына ұлғайтуға шаралар қолдансын.

Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы аталған мебельге арналып бөлінген лимиттердің қажетті ассортиментте және жоғары сапамен түгелдей және уақтылы товарлануын қамтамасыз етсін.

12. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балаларға медициналық көмек көрсетудің жайына жан-жақты бақылау қойып, олардың ауруға шалдығуын күрт азайтуға, санитариялық-гигиеналық нормалардың тамақтану режимі мен сапасының қатаң сақталуына, сауықтыру шараларының жүргізілуіне айрықша назар аударсын.

13. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері балалар бақшалары мен яслилерінің тамақтанудың жоғары сапалы өнімдерімен белгіленген нормалар бойынша және қажетті ассортиментте бірінші кезекте жабдықталуын қамтамасыз етсін, өнімдерді, картоп, овощтар мен жемістерді қоса орталықтандырып әкелуді кеңінен енгізсін.

14. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Оқу министрлігі мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне арналған әсіресе қазақ тіліндегі оқу-ме-

тодикалық құралдар мен музыкалық әдебиетті басып шығаруды ұлғайтсын және олардың полиграфиялық орындалу сапасын жақсартсын.

15. Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы облыстар, министрліктер мен ведомстволар бойынша мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жүйесі мен контингентінің дамуы туралы тоқсандық статистикалық есеп беруді белгіленген тәртіп бойынша енгізу туралы мәселені шешсін.

16. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Оқу министрлігі педагогикалық оқу орындары мен жалпы білім беретін орта мектеп жанындағы бір жылдық педагогика кластарында тәрбиешілер кадрларын даярлауды арттыру туралы мәселені белгіленген тәртіп бойынша шешетін болсын.

17. Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі, Қазақстан ЛҚСМ Орталық Комитеті кәсіподақ және комсомол ұйымдарының «Шефтер — балаларға», «Біздің қамқорлығымыз — балаларға» деген қозғалысты кең тарату, балалар бақшалары мен яслилеріне үздік қамқоршылық көмек жолындағы жарыс, балаларды тәрбиелеу мен денсаулығын қорғауды үлгілі жолға қоюға арналған байқаулар мен конкурстар ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жандандырсын.

Жас жұмысшылар, колхозшылар, студенттер мен оқушылар қатарынан жасақталған құрылыс отрядтарын мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салуға жіберу туралы Қазақстан ЛҚСМ Орталық Комитетінің инициативасы мақұлдансын.

18. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттері халыққа білім беру органдарының, партия, совет, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының, еңбек коллективтерінің күш-жігерін балаларға мектепке дейін қоғамдық тәрбие беруді одан әрі дамытып, жетілдіруге жұмылдырсын, осы қаулының орындалуын жүйелі бақылауға алсын.

19. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне жыл сайын 10 февральға баяндап отыратын болсын.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 7 шоньдегі № 247 қаулысына

№ 1 ҚОСЫМША

Республиканың тұрақты мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріндегі балалар контингентін облыстар мен Алматы қаласы бойынша арттыру жөніндегі

ТАПСЫРМА

(жыл аяғына, мың адам)

	1983 жыл	1984 жыл	1985 жыл	1990 жыл
1	2	3	4	5
Қазақ ССР-і бойынша — барлығы	975	1030	1100	1326
соның ішінде облыстар бойынша:				
Ақтөбе	43,5	46,3	49,8	60,3
Алматы	47,33	50,13	54,43	75,43
Шығыс Қазақстан	58,58	60,88	63,38	67,38

1	2	3	4	5
Гурьев	24,15	26,65	29,95	37,95
Жамбыл	57,5	61,7	66,4	88,4
Жезқазған	37,2	38,7	41	45
Қарағанды	88,4	91,8	95,4	100,4
Қызылорда	32,04	35,14	39,74	66,74
Көкшетау	43,3	44,8	47,1	53,1
Қостанай	80,95	82,45	83,65	85
Маңғышлақ	10,45	11,55	13,45	19,95
Павлодар	68,8	70,3	71,7	77,1
Солтүстік Қазақстан	43,3	44,4	45,9	46
Семей	41,84	44,84	49,24	69,24
Талдықорған	37,1	40,1	44,6	60,6
Торғай	22,14	24,24	27,04	32,04
Орал	32,79	34,99	38,79	51,79
Целиноград	52,73	55,53	58,73	63,73
Шымкент	80,4	88,3	97,3	140,45
Алматы қаласы	72,5	77,2	82,4	85,4

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 7 июньдегі № 247 қаулысына

№ 2 ҚОСЫМША

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салу мен пайдалануға беру жөнінде Қазақ ССР-інің республикалық министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне 1983—1985 және 1986—1990 жылдарға арнап берілген

ТАПСЫРМА

(орын)

Министрліктер мен ведомстволардың аты	1983 жыл	1984 жыл	1985 жыл	1986—1990 жылдары
1	2	3	4	5
БАРЛЫҒЫ	23580	22200	24060	148500
соның ішінде:				
Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі	—	560	—	2870
Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі	280	—	280	1400
Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі	280	140	460	1500
Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы министрлігі	140	140	280	1400
Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі	620	—	140	840
Қазақ ССР Байланыс министрлігі	—	280	280	840
Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі	—	—	280	320
Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі	280	—	280	—
Қазақ ССР Мәдениет министрлігі	—	—	—	320
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті	—	—	—	320
Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті	320	—	—	—
Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті	—	—	—	320
«Главалмаатастрой»	—	320	100	640
Қазақ ССР Мұнай өнімдерімен жабдықтау жөніндегі бас басқарма	—	—	80	340
Қазақ ССР Газ шаруашылығы бас басқармасы	—	—	—	660
«Казглавселезащита»	—	—	—	100

1	2	3	4	5
Қазақ ССР Ғылым академиясы	—	—	320	370
Қазақ ССР Министрлер Советі Іс Басқармасының шаруашылық басқармасы	—	140	—	—
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі (колхоздарды қосқанда)	11680	10920	10500	81200
Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі	—	370	—	1400
Қазақ ССР Өзен флоты бас басқармасы	—	—	140	560
Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы	—	140	100	600
Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі (республикалық бөлігі)	140	280	240	1800
Қазақ ССР «Госкомсельхозтехникасы»	920	910	1270	8000
ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі	140	—	250	1300
«Қазмежколхозстрой»	140	280	420	1200
«Қазахрыбакколхозсоюз»	—	—	—	200
Ақтөбе облыстық атқару комитеті	460	420	300	2000
Алматы облыстық атқару комитеті	420	320	—	2100
Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитеті	460	600	420	1700
Гурьев облыстық атқару комитеті	—	280	320	1800
Жамбыл облыстық атқару комитеті	280	280	280	3200
Жезказған облыстық атқару комитеті	280	320	140	1000
Қарағанды облыстық атқару комитеті	840	600	820	3000
Қызылорда облыстық атқару комитеті	280	280	560	2500
Көкшетау облыстық атқару комитеті	500	180	360	1000
Қостанай облыстық атқару комитеті	140	320	440	1500
Маңғышлақ облыстық атқару комитеті	140	280	—	600
Павлодар облыстық атқару комитеті	480	280	140	1000
Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті	160	600	320	800
Семей облыстық атқару комитеті	140	600	700	2000
Талдықорған облыстық атқару комитеті	600	280	440	2000
Торғай облыстық атқару комитеті	460	180	320	2000
Орал облыстық атқару комитеті	280	140	420	1800
Целиноград облыстық атқару комитеті	3200	1600	280	1500
Шымкент облыстық атқару комитеті	280	820	980	4000
Алматы қалалық атқару комитеті	2120	780	1400	4500

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 7 июньдегі № 247 қаулысына

№ 3 ҚОСЫМША

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салу мен пайдалануға беру жөнінде одақтық-республикалық министрліктер мен ведомстволарға 1983—1985 және 1986—1990 жылдарға арнап берілген

ТАПСЫРМА

(орын)

1	1983 жыл	1984 жыл	1985 жыл	1986—1990 жылдары
	2	3	4	5
Барлығы	7595	9610	12425	54885
соның ішінде:				
Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі	700	840	1120	5480
Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі	1880	2320	2860	8220
Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі	140	140	—	1120
Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі	420	280	—	1400

1	2	3	4	5
Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі	1160	2320	3280	9670
Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі	460	330	530	2400
Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі	140	700	740	1540
Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі	—	—	240	890
Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі	970	280	140	7850
Қазақ ССР Дайындау министрлігі	255	320	165	1380
Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі	—	90	90	825
Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі	960	1100	1240	5740
Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі	420	460	650	3000
Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігі	—	280	60	650
Қазақ ССР Геология министрлігі	90	140	470	2760
Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті	—	—	280	560
Қазақ ССР Мұнай өнімдерімен жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті	—	—	140	420
СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторы	—	—	140	560
Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі	—	—	280	280
Қазақ ССР Гидрология және метеорология қызметі	—	—	—	140

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 7 июньдегі № 247 қаулысына
№ 4 ҚОСЫМША

Қазақ ССР-і бойынша мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салу мен пайдалануға беру жөнінде одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдарға 1983—1985 және 1986—1990 жылдарға арнап берілген

ТАПСЫРМА

(орын)

1	1983 жыл	1984 жыл	1985 жыл	1986—1990 жылдары
	2	3	4	5
СССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Қапшағай механикаландыру құралдары заводы	—	—	—	140
Теміртау механикалық-құю заводы	—	—	280	280
«Энергостройиндустрия» тресі, Павлодар қаласы	—	—	320	—
«Экибастузэнергострой» тресі, Екібастұз қаласы	—	320	320	960
Алматы қазан-қосалқы жабдықтар мен құбыр заводы	—	—	140	—
«Средазремэнерго» өндірістік бірлестігінің «Экибастузэнергоремонт» кәсіпорны, Екібастұз қаласы	—	—	—	560
«Целиноэлектросетьстрой» тресінің № 57 механикаландырылған колоннасы	—	—	320	—
Мұнай өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
«Актюбинскнефть» өндірістік бірлестігі	—	320	—	640
Петровский атындағы Гурьев машина жасау заводы	—	—	140	280

1	2	3	4	5
«Эмбанефтегеофизика» тресі, Гурьев қаласы	—	—	280	—
«Эмбанефть» өндірістік бірлестігі, Гурьев қаласы	—	280	—	280
Батыс Қазақстан магистральды мұнай құбырлары басқармасы, Гурьев қаласы	—	—	280	280
«Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігі, Шевченко қаласы	140	140	140	700
Қазақ газ өңдеу заводы, Жаңа Өзен қаласы	—	—	280	—
СССР Мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Гурьев мұнай өңдеу заводы	280	—	—	280
Қарағанды резина техникалық бұйымдар заводы, Сарань қаласы	280	320	320	1480
Павлодар мұнай өңдеу заводы	—	—	—	640
«Чимкентшина» өндірістік бірлестігі	—	560	280	2520
Шымкент мұнай өңдеу заводы	—	280	—	560
СССР Көмір өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
«Қарағандауголь» өндірістік бірлестігі	420	800	1180	4370
«Қаргормаш» өндірістік бірлестігі	—	280	700	1600
«Қарағандашахтастрой» комбинаты	160	280	—	600
«Гидроуглегормаш» эксперимент заводы, Қарағанды қаласы	—	—	—	320
«Экибастузуголь» өндірістік бірлестігі	—	320	320	1600
«Экибастузшахтастрой» комбинаты	280	—	—	320
Газ өнеркәсібі министрлігінің Семей газ аппаратурасы заводы	—	—	320	—
СССР Қара металлургия министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Ақтөбе ферросплав заводы	—	140	280	780
Донской кен-байыту комбинаты, Хромтау қаласы	320	—	295	640
Жезді марганец руда басқармасы, Жезқазған облысы	—	280	—	280
Қарағанды металлургия комбинаты, Теміртау қаласы	280	—	280	840
Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Рудный қаласы	—	480	1120	2850
Лисаковск кен-байыту комбинаты, Қостанай облысы	—	—	—	320
Қачар кен-байыту комбинаты, Қостанай облысы	—	320	640	1920
Қазақ отка төзімді алюминий-силикат материалдар заводы, Рудный қаласы	—	—	—	320
Ермак ферросплав заводы	—	280	—	280
СССР Түсті металлургия министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
«Уралэнергоцветмет» өндірістік бірлестігі, Өскемен қаласы	—	—	160	140
«ВНИИцветмет» институты, Өскемен қаласы	—	—	160	—
«Казгипроцветмет» институты, Өскемен қаласы	—	140	—	—
Химия өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Ақтөбе хром қосылыстары заводы	—	—	280	320
Гурьев химия заводы	—	280	280	560

1	2	3	4	5
Қарағанды «Карбид» өндірістік бірлестігі	—	—	320	560
Қостанай химия талшықтары заводы	—	—	320	640
Тыңайтқыштар министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Ақтөбе химия заводы, Алға қаласы	—	—	320	320
Шилісай фосфорит руднигі, Октябрьск қаласы	320	—	320	640
Индер борат руднигі, Гурьев облысы	—	320	—	320
Жамбыл суперфосфат заводы	—	—	—	280
Жамбыл «Химпром» өндірістік бірлестігі	—	560	—	1120
Жаңа Жамбыл фосфор заводы	280	280	280	1120
Шымкент «Фосфор» өндірістік бірлестігі	280	280	—	840
«Қаратау» өндірістік бірлестігі, Жаңатас қаласы	560	—	560	1400
Ауыр машина жасау министрлігінің				
Алматы ауыр машина жасау заводы	—	—	—	320
Электр-техника өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары				
Өскемен конденсатор заводы	—	—	—	320
Петропавл электр өткізбейтін материалдар заводы	—	—	320	320
Семей «Қазахкабель» заводы	—	320	320	960
Талдықорған сілтілі аккумулятор заводы	280	280	280	2520
Талдықорған қорғасынды аккумулятор заводы	—	280	—	280
Шымкент «Электроаппарат» заводы	—	140	—	140
Кентау трансформатор заводы	—	280	—	560
«Қазтяжпромарматура» өндірістік бірлестігі	320	—	—	960
Семей арматура заводы	320	—	—	480
Орал арматура заводы	—	—	280	560
Целиноград насос заводы	—	280	—	140
Станок жасау және құрал-саймандар өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары				
Шымкент ұста-пресс жабдықтарын шығару жөніндегі өндірістік бірлестігі	—	280	—	280
Октябрьдің XX жылдығы атындағы Алматы станок жасау заводы	—	280	—	320
Прибор жасау, автоматтандыру құралдары және басқару жүйесі министрлігінің кәсіпорындары				
«Актюбрентген» өндірістік бірлестігі	—	—	320	600
Өскемен приборлар заводы	—	—	—	320
Көкшетау прибор жасау заводы	—	—	—	320
Автомобиль өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары				
Петропавл шағын литрлі двигатель заводы	—	—	—	320
Он алтыншы мемлекеттік подшипник заводы, Степногор қаласы	—	—	—	740
Шымкент кардан білігі заводы	—	—	140	140
Алматы подшипник-жөндеу заводы	—	—	—	140
Қостанай дизельді двигатель заводы	—	280	—	560

1	2	3	3	5
Трактор және ауыл шаруашылық машиналарын жасау министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Жамбыл трактор запас бөлшегі заводы	—	—	280	280
Қызылорда күріш машинасы заводы	—	280	—	280
«Қазтрактородеталь» өндірістік бірлестігі	—	200	—	560
«Сборочные механизмы» ғылыми-өндірістік бірлестігі, Павлодар қаласы	—	—	—	320
«В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігі	320	320	320	1600
Орал механика заводы	—	140	—	160
«Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестігі	280	280	560	2240
Макинка поршень сақиналары заводы	—	—	280	320
Мал шаруашылығы және жемшөп өндіру үшін машина жасау министрлігінің кәсіпорындары				
«Актюбинсксельмаш» заводы	—	280	—	560
Мамлютка машина жасау заводы	—	—	—	280
Целиноград шойын құю заводы	—	—	140	420
«Манкентживмаш» заводы, Белые воды селосы, Шымкент облысы	—	—	—	280
Құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігінің кәсіпорындары				
Жамбыл коммуналдық машина жасау заводы	—	—	280	—
Қалқаман жол машиналары заводы, Павлодар облысы	—	280	—	—
Кентау-экскаватор заводы	—	280	—	600
Жеңіл және тамақ өнеркәсібі машиналар мен тұрмыстық приборлар жасау министрлігінің Түркістан технологиялық жабдықтар заводы	—	—	—	280
СССР Орман және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі министрлігінің Қызылорда целлюлоза-картон заводы	—	—	280	280
СССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Ақтөбе темір-бетон шпалдар заводы	—	120	—	—
Қарағанды жылыту жабдығы заводы	—	—	280	280
Жетіқара кен-байыту комбинаты	—	280	370	560
Вишневка темір-бетон шпалдар заводы, Целиноград облысы	—	140	—	—
«НИИ стромпроект» институты, Алматы қаласы	—	—	—	100
Көкшетау каолин кен-байыту комбинаты	—	—	100	—
СССР Тамақ өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары				
Алматы маргарин заводы	—	—	—	140
Қарағанды маргарин заводы	—	—	—	140
СССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары				
Смирновка желім-желатин заводы	—	—	160	—
Степногор сүт-консерві өндірістік-эксперименттік комбинаты	—	—	140	—
«ВНИМП-ның» эксперименттік-механика заводы, Семей қаласы	—	—	—	140

1	2	3	4	5
СССР Балық шаруашылығы министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Гурьев балық өнеркәсібі өндірістік бірлестігі	—	—	140	560
«Мангышлакрыбхолодфлот» басқармасы	—	—	140	140
Шымкент гидролиз заводы	—	—	—	280
Медицина өнеркәсібі министрлігінің Шымкент химия-фармацевтика заводы	280	—	—	—
СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты	—	—	320	140
Луговой жылқы заводы, Жамбыл облысының Көгершін селосы	—	—	—	280
«Георгиевский» совхозы, Жамбыл облысының Степное селосы	—	—	—	280
Степноишим топырақ эрозиясына қарсы күресу жөніндегі тәжірибе станциясы, Көкшетау облысының Леонидовка селосы	—	—	—	140
Қостанай ауыл шаруашылығы институты	—	—	—	280
Семей зоотехникалық-мал дәрігерлік институты	—	—	—	160
Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институты	—	—	—	140
Қазақ ауыл шаруашылығы институты, Алматы қаласы	—	—	—	280
Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты, Орал қаласы	—	—	—	140
СССР «Госкомсельхозтехникасының» кәсіпорындары мен ұйымдары				
Қызылорда машина сынау станциясы, МИС поселкесі	—	—	140	140
Машина-трактор паркін жөндеу мен пайдалану-дың мемлекеттік ғылыми-зерттеу техника институты, Целиноград облысының Алексеевка қаласы	—	—	140	—
СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
«Союзцелинвод» тресі, Петропавл қаласы	—	320	—	320
«Главриссовхозстрой»	1230	1100	1450	5380
«Спецводопроводсельстрой» тресі, Петропавл қаласы	—	—	—	280
Қатынас жолдары министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Батыс Қазақстан Темір жолы басқармасы	140	520	480	2810
Тың Темір жолы басқармасы	325	910	300	2400
Целиноград вагон жөндеу заводы	—	—	280	—
Алматы Темір жолы басқармасы	370	800	740	2040
Электр вагон жөндеу заводы, Алматы қаласы	—	—	—	280
Азаматтық авиация министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Жоғары ұшқыш училищесі, Ақтөбе қаласы	—	—	—	420
№ 406 завод, Ақтөбе қаласы	—	—	—	280
№ 15 Құрылыс-монтаж басқармасы, Алматы қаласы	—	—	—	140

1	2	3	4	5
Қазақ Азаматтық авиация басқармасы	—	—	140	420
№ 405 завод, Алматы қаласы	—	—	—	140
Мұнай-газ құрылысы министрлігінің «Мангышлакнефтегазстрой» тресі, Шевченко қаласы	—	—	320	420
Транспорт құрылысы министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
«Актюбинсктрансстрой» тресі	280	—	—	—
№ 99 құрылыс басқармасы, Гурьев қаласы	—	—	—	140
«Павлодартрансстрой» тресі	—	—	—	280
«Целинтрансстрой» тресі	—	—	140	—
«Казахтрансстрой» тресі	—	—	280	280
«Көкшетавтрансстрой» тресі	—	280	—	320
СССР Геология министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Ақтөбе «Геотехника» заводы	—	—	280	—
Жосалы механика заводы, Қызылорда облысы	—	—	—	140
«Қазкварцсамоцветы» өндірістік бірлестігі, Талдықорған қаласы	—	—	—	50
Алматы «Қазгеофизприбор» заводы	—	—	—	320
Орталық Тұтыну қоғамдары одағының Қарағанды кооператив институты	—	—	280	—
СССР Стандарттар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Алматы «Эталон» заводы	10	20	70	140
Бүкілодақтық «Динамо» физкультуралық спорт қоғамының орталық советінің кәсіпорындары мен ұйымдары				
Қарағанды «Динамо» трикотаж спорт бұйымдары заводы	—	—	—	320
Басқа министрліктердің кәсіпорындары мен бұйымдары				
Көкшетау оттегі-тыныс алу аппаратурасы заводы	—	320	—	400
Петропавл орындаушы механизмдер заводы	—	140	—	320
Ворошилов атындағы машина жасау заводы, Орал қаласы	—	280	—	280
Орал «Омега» заводы	—	—	280	280
Киров атындағы Алматы машина жасау заводы	—	—	320	320
Орал «Металлист» заводы	—	280	—	840
Киров атындағы Петропавл заводы	320	—	—	640
Куйбышев атындағы Петропавл машина жасау заводы	—	320	—	640
Одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша барлығы	8895	17890	23105	83520

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 7 июньдегі № 247 қаулысына
№ 5 ҚОСЫМША

Колхоздарда, совхоздарда және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында тұрақты жұмыс істейтін мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін ашу жөнінде 1983—1987 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

(единица)

Министрліктер, ведомстволар мен облыстар	Колхоздарда				Совхоздарда және басқа ауылшаруашылық кәсіпорындарында					
	1983—84	— 85	— 86	— 87	1983—84	— 85	— 86	— 87		
Қазақ ССР-і	15	8	12	9	12	10	16	24	16	6
соның ішінде:										
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі	15	8	12	9	10	7	15	24	13	4
соның ішінде облыстар:										
Ақтөбе	1	—	—	—	—	1	3	3	—	—
Шығыс Қазақстан	—	—	1	—	1	—	—	1	2	2
Жамбыл	2	5	4	5	2	—	—	—	—	—
Жезқазған	—	—	—	—	—	—	2	—	2	1
Қарағанды	—	—	—	—	—	—	—	—	1	—
Қызылорда	3	1	—	1	—	—	2	7	3	—
Көкшетау	1	—	2	—	—	—	—	3	—	—
Қостанай	—	—	—	—	—	—	—	5	—	—
Маңғышлақ	—	—	—	—	—	—	1	—	—	—
Солтүстік Қазақстан	—	—	—	—	—	2	3	3	1	—
Семей	—	—	—	—	—	—	—	1	—	—
Талдықорған	2	—	3	1	3	—	—	—	2	—
Торғай	—	—	—	—	—	3	3	—	—	—
Орал	—	—	—	2	1	—	1	—	2	1
Шымкент	6	2	2	—	3	1	—	1	—	—
Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі	—	—	—	—	—	3	1	—	2	—
соның ішінде облыстар:										
Қарағанды	—	—	—	—	—	1	1	—	—	—
Қызылорда	—	—	—	—	—	—	—	—	2	—
Көкшетау	—	—	—	—	—	1	—	—	—	—
Шымкент	—	—	—	—	—	1	—	—	—	—
Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі	—	—	—	—	2	—	—	—	—	—
соның ішінде Қызылорда облысы	—	—	—	—	2	—	—	—	—	—
«Главриссовхозстрой»	—	—	—	—	—	—	—	—	1	2
соның ішінде Жамбыл облысы	—	—	—	—	—	—	—	—	1	2

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «БАЛАЛАРҒА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА ДАЯРЛАУ ТУРАЛЫ» 1984 ЖЫЛҒЫ 12 АПРЕЛЬДЕГІ № 317 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 29 апрельдегі № 167
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. СССР Министрлер Советінің «Балаларға мектеп жасына дейін қоғамдық тәрбие беруді одан әрі жақсарту және оларды мектепте оқуға даярлау туралы» 1984 жылғы 12 апрельдегі № 317 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептер реформасының негізгі бағыттарына сәйкес балаларға мектеп жасына дейін қоғамдық тәрбие беруді одан әрі дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырсын, мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыту жөніндегі жұмысты жақсартсын және оларды мектепте оқуға даярлауды қамтамасыз етсін.

3. Қала мен село халқының балалар бақшалары мен яслилеріне деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында:

облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республикада мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жүйесін одан әрі дамыту және олардың жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1983 жылғы 7 июньдегі № 247 қаулысымен белгіленген мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салу мен пайдалануға беру және олардағы балалар контингентін арттыру жөнінде 1984—1990 жылдарға арналған тапсырмаларды орындауға шаралар қолданатын болсын;

облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті әйелдердің қоғамдық өндіріске қатысу дәрежесі жоғары аудандар мен жаңа салынып жатқан қалаларда мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің құрылысын бірыңғай заказ беруші ретінде бірінші кезекте жүзеге асыруды ескере отырып, бұл мекемелердің ұтымды орналасуы мен салынуын қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері колхоздардың және басқа кооперативтік ұйымдардың күшімен олардың меншікті қаржылары есебінен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салуға барынша жәрдемдесіп отырсын.

4. Халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері халық ағарту және денсаулық сақтау органдарының қарамағындағы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне өнеркәсіп және ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қамқорлық көмегін ұйымдастырсын. Селолық жерлерде

[1] Қаулының 11-пункті мен оған № 1 және № 2 қосымшалары СССР Министрлер Советінің «Балаларға мектеп жасына дейін қоғамдық тәрбие беруді одан әрі жақсарту және оларды мектепте оқуға даярлау туралы» 1984 ж. 12 апрельдегі № 317 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

тұратын балаларды мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне тасып жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жоғары сапалы азық-түлік өнімдерімен қажетті мөлшерде және ассортиментте іркіліссіз жабдықталуын қамтамасыз етсін.

6. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі мен оның жер-жердегі органдары мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде сәбилерге медициналық қызмет көрсету мен гигиеналық тәрбие беруді жақсартуға шаралар қолдансын, балаларды тамақтандыруды ұйымдастыруға, денесінің өсуі мен денсаулығының жағдайына, сауықтыру шараларының жүргізілуіне жүйелі түрде дәрігерлік бақылауды жүзеге асырсын, нәресте және сәби жастағы барлық балалардың ауруға шалдығуын азайтуға күш сала отырып, олардың жыл сайын диспансерленуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР-інің ойыншықтар шығаратын басқа да министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті халық ағарту органдарымен бірлесіп ойыншықтар мен ойын жабдықтарының ассортиментін ұлғайтып, өндіруді арттыруға, сапасын жақсартуға, мұндай товарлардың мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріндегі сәбилерді тәрбиелеу міндеттеріне неғұрлым толық сай келетін жаңа үлгілерін жасауға шаралар қолдансын.

8. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институты, Қазақ Педиатрия ғылыми-зерттеу институты, педагогика және медицина институттарының тиісті кафедралары мектеп жасына дейінгі балалар педагогикасы мен психологиясының проблемаларын шешуге, мектеп жасына дейінгі балалардың өсіп-жетілуінің негізгі заңдылықтарын зерттеуге, олардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған іргелі зерттеулердің сапасын арттыратын болсын. Қоғамдық және семьялық тәрбие жағдайларында жан-жақты дамыған бала өсірудің әдістерін жасауға айрықша назар аударсын. Зерттеулердің нәтижелерін бала бақша жұмысының практикасына енгізудің тиімділігін арттырсын.

9. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР-інің салалық министрлігі мен ведомстволары, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері кәсіподақ органдарымен бірлесіп мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру жолындағы социалистік жарыстың кең өрістетілуін қамтамасыз етсін. Осы мекемелер қызметкерлерінің тұрмыс, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, денсаулығын қорғауға, тынығуы мен мәдени демалысын ұйымдастыруға тұрақты қамқорлық жасап отырсын.

10. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу проблемалары жөнінде ғылыми-методикалық әдебиет, көрнекі-оқу құралдарын, дидактикалық материалдар шығаруды, радио мен телевизия арқылы кинофильмдер, спектакльдер, хабарлар беруді көбейтсін. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған көркем әдебиеттің тиражын көбейтсін.

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ БАЛАЛАРЫН БАЛАЛАР БАҚШАЛАРЫМЕН ЖӘНЕ БАЛАЛАР ЯСЛИЛЕРІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1955 жылғы 1 февральдағы № 86
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

5. Халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне, сондай-ақ Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына балалар бақшалары мен балалар яслилерінің үйлерін өз мақсатына пайдаланбауға тыйым салынсын.

9. Өзінің жүйесінде қосалқы шаруашылықтары бар Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына қосалқы шаруашылықтарға балалар мекемелеріне ауыл шаруашылық өнімдерін — ет, май, сүт, сүт өнімдерін және басқа өнімдерді өткізудің тоқсандық жоспарларын белгілеу міндеттелсін.

11. Өзінің жүйесінде балалар мекемелері бар Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына жергілікті халыққа білім беру және денсаулық сақтау органдарымен келісу арқылы балалар бақшалары мен яслилерінің меңгерушілерін және тәрбиешілерін тағайындау міндеттелсін.

13. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне балалар мекемелеріне медициналық қызмет көрсетуді жақсарту, кем дегенде жарты жылда бір рет балалар мекемелеріндегі барлық балалар контингентін дәрігерлердің — мамандардың жан-жақты медициналық тексеруден өткізуін және емделуге мұқтаж балаларды емдеуге шаралар қолдану және қажетті профилактикалық шаралар жүргізу міндеттелсін.

Балалар мекемелеріндегі балалардың денесінің жетілуіне және балалар бақшалары мен балалар яслилерінің санитарлық жайына бақылау күшейтілсін.

15. Халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) балалар бақшалары мен балалар яслилерінің үйлерін жөндеу үшін қажетті құрылыс материалдарын бөлуді қамтамасыз ету;

б) балалар бақшалары мен балалар яслилеріне өнеркәсіп кәсіпорындары мен мекемелерінің қамқорлық жасауын ұйымдастыру және оларды көркейту, жабдықтау әрі олардың жұмысын жолға қоюды жақсарту ісінде балалар мекемелеріне қажетті көмек көрсетуін қамтамасыз ету;

в) балалар бақшалары мен балалар яслилерінің жанындағы ата-аналар советтерінің жұмысын жақсарту.

---

[1] Күшін жойды деп танылды:
4-пункттің «а» тармағы — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1957 ж. 10 июньдегі № 383 қаулысымен, 10-пункт — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 30 ноябрьдегі № 810 қаулысымен.
1—3-пункттер, 4-пункттің «б» тармағы, 6—8, 12, 14 және 16-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БІРІККЕН БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ — ЯСЛИ-БАҚШАЛАРДЫҢ ЕРЕЖЕСІ МЕН ҮЛГІ ШТАТТАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1960 жылғы 13 декабрьдегі № 1051
ҚАУЛЫСЫ

1. Мектеп жасына дейінгі біріккен балалар мекемесі — ясли-бақша туралы Ереже № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. *(Екінші абзац)* Колхоздардың мектеп жасына дейінгі біріккен балалар мекемелері — ясли-бақшалары қызметкерлерінің штаттарын және олардың еңбегіне ақы төлеуді СССР Министрлер Советінің 1951 жылғы 11 августағы № 2946 қаулысына сәйкес колхоз мүшелерінің жалпы жиналысы анықтайды.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1960 жылғы 13 декабрьдегі
№ 1051 қаулысына
№ 1 ҚОСЫМША

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БІРІККЕН БАЛАЛАР МЕКЕМЕСІ — ЯСЛИ-БАҚША ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Мектеп жасына дейінгі біріккен балалар мекемесі — ясли-бақша мектеп жасына дейінгі балаларға коммунистік тәрбие берудің, одан әрі мектепте оқыту міндеттеріне сай келетін бірыңғай жүйесін жүзеге асыру мүддесінде құрылады.

Ясли-бақшаларда екі айдан жеті жасқа дейінгі балалар тәрбиеленеді.

2. Ясли-бақшалар мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты жетілуін, денесінің дұрыс жетілуін, адамгершілікке тәрбиелеуді және ақыл-ойының жетілуін қамтамасыз етеді.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту ана тілінде жүргізіледі. Тәрбие жұмысы Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің программалық методикалық нұсқауларына сәйкес құрылады.

3. Ясли-бақшаларды аудандық, қалалық оқу бөлімдері, өнеркәсіп кәсіпорындары, мекемелер, совхоздар және басқа да ұйымдар, сондай-ақ колхоздар ұйымдастырады.

Ясли-бақшалар, олар кімнің қарауында екеніне қарамастан, тиісті аудандық немесе қалалық оқу бөлімдерінде тіркелуге тиіс.

4. Ясли-бақшалардың шаруашылық-финанс қызметіне басшылықты және бақылау жасауды ол қарауында болатын кәсіпорындардың немесе мекемелердің, совхоздардың әкімшілігі, колхоздардың басқармалары жүзеге асырады.

---

[1] Күшін жойды деп танылды:
2-пункт, 3-пункттің бірінші абзацы, 4-пункт — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1966 ж. 11 июльдегі № 490 қаулысымен.
Балалар бақшалары мен ясли-бақшалардың үлгі штаттарын бағынысына қарай Қазақ ССР Оқу министрлігінің және Қазақ ССР-інің басқа да министрліктері мен ведомстволарының органдары СССР Оқу министрлігі бекіткен үлгі штаттарға сәйкес бекітеді.

Барлық ясли-бақшаларда педагогикалық жұмысқа басшылықты және бақылау жасауды, олар кімнің қарауында екеніне қарамастан, аудандық, қалалық оқу бөлімдері жүзеге асырады.

Барлық ясли-бақшаларда балаларға емдеу-профилактикалық қызмет көрсетуге бақылау жасауды, олар кімнің қарауында екеніне қарамастан, тиісті денсаулық сақтау органдары жүзеге асырады.

5. Ясли-бақшалар арнайы салынған немесе ыңғайластырылған үйлерде мыналар болған жағдайда ашылады:

а) жастары бірдей әрбір топ үшін қажетті оңашаланған үй;

б) 1—2 балалар топтарына кіретін жеке есік;

в) медициналық бөлме мен изолятор;

г) музыка және физкультура сабақтары үшін зал.

Ескерту: Балалар 9 және 12 сағат болатын ясли-бақшаларда 3 жасқа дейінгі балалар топтарына арналған үйде фильтр, шешінетін орын, қабылдау бөлмесі, балалар бөлмесі, туалет, веранда, ал 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар топтарына арналған үйде — шешінетін орын, топ бөлмесі, жуынатын орын, туалет болуға тиіс.

Тәулік бойы жұмыс істейтін интернаттардағы топтарда ұйықтайтын бөлмелер болуға тиіс. Ясли-бақшалардағы топ бөлмелерінің пайдалы алаңының көлемі белгіленген нормативтерге сәйкес болуға тиіс.

Әкімшілік-шаруашылық үйлері (меңгерушінің кабинеті, персоналға арналған бөлме, белье қоятын орын, ас дайындайтын орын, қоймасы және тамақ үлестіретін шлюзі бар кухня, кір кептіретін жері бар кір жуатын орын, персоналға арналған киіну бөлмесі), медициналық бөлме және ауырған балаларға арналған үйлер балалар үйлерінен бөлек, бірақ олармен байланыс жасауға ыңғайлы жерде болуға тиіс.

Санитариялық-эпидемиологиялық станциялар тиісті аудандық немесе қалалық оқу бөлімдеріне, кәсіпорындарға, мекемелерге, совхоздарға, колхоздарға жақадан ашылатын ясли-бақшалардың учаскелерінің, үйлерінің және жабдықтарының белгіленген санитариялық-гигиеналық нормалар мен ережелерге, ал өрт сөндіру инспекциялары — өрт сөндіру ережелеріне сәйкес екендігі туралы қорытынды береді.

6. Ясли-бақшалардың жанында балалардың таза ауада ойнауына, бір нәрсемен айналысуына және ұйықтауына арналған СССР Министрлер Советінің Мемлекеттік құрылыс комитеті бекіткен мөлшерде қоршалған, көгалдандырылған және жабдықталған учаскелері болуға тиіс.

7. Ясли-бақшаларды жабдықтау Қазақ ССР Министрлер Советінің 1954 жылғы 31 майдағы № 445-р жарлығымен бекітілген балалар бақшалары мен балалар яслилеріне арналған бір үлгідегі жабдық тізімдеріне сәйкес жүргізіледі.

8. Ясли-бақшаларда балаларды тамақтандыру белгіленген нормаларға сәйкес (ең жас топта және бірінші кіші топта — балалар яслилерінің нормасы бойынша, ал 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар топтарында — балалар бақшаларының нормалары бойынша жас ерекшеліктері ескеріле отырып ұйымдастырылады.

Бір жасқа дейінгі балалар денсаулық сақтау органдарының сүт кухняларында әзірленген тамақпен немесе балалар мекемесінің кухнясында әзірленген тамақпен қамтамасыз етіледі.

II. Құрылымы

9. Қалаларда, жұмысшы поселкелерінде және басқа ірі елді мекендерде мынадай үлгідегі ясли-бақшалар ашылады:

6 топ — оның 2 тобы — 2 айдан 3 жасқа дейінгі балалар және 4 тобы — 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар;

7 топ — оның 3 тобы — 2 айдан 3 жасқа дейінгі балалар және 4 тобы — 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар.

Халқы аз елді мекендерде:

2 топ — оның 1 тобы — екі шағын тобы бар 2 айдан 3 жасқа дейінгі балалар және 1 тобы — 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар;

3 топ — оның 1 тобы — екі шағын тобы бар 2 айдан 3 жасқа дейінгі балалар және 2 тобы — 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар;

4 топ — оның 2 тобы — екі айдан 3 жасқа дейінгі балалар және 2 тобы — 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар.

10. Балалардың ясли-бақшаларда болуының ұзақтығын ата-аналарының жұмыс жағдайларына байланысты тәулігіне 9, 12 немесе 24 сағат болып белгіленеді. Тәулік бойы болатын ясли-бақшаларда бір жастан асқан балалар қабылданады.

11. Туберкулез интоксикациясы бар балалар үшін және әлсіз балалар үшін санаторийлік үлгідегі ясли-бақшалар құрылады.

12. Ясли-бақшалардағы балалар топтары жасына қарап комплектіленеді:

ең жас бірінші топ (бала өмірінің бірінші жылы);

ең жас екінші топ (бала өмірінің екінші жылы);

бірінші кіші топ (бала өмірінің үшінші жылы);

екінші кіші топ (бала өмірінің төртінші жылы);

ортаншы топ (бала өмірінің бесінші жылы);

үлкен топ (бала өмірінің алтыншы жылы);

мектепке даярлайтын топ (бала өмірінің жетінші жылы).

Топтағы балалар саны:

ең жас бірінші топта — 15 адам;

ең жас екінші топта, бірінші және екінші кіші топтарда — 20 адамнан;

ортаншы, үлкен және мектепке даярлайтын топтарда — 25 адам.

50, 75, 90 орындық ясли-бақшаларда әр жастағы балалар топтарын комплектілеуге жол беріледі.

III. Балаларды қабылдау және ауыстыру тәртібі

13. Оқу бөлімдерінің ясли-бақшаларына балаларды қабылдау балалардың тұратын жеріне қарай оқу бөлімдерінің жолдамалары бойынша жүргізіледі.

Ең жас топтарға және бірінші кіші топқа балаларға жолдаманы тиісті денсаулық сақтау органдарының тізімдері бойынша аудандық, қалалық оқу бөлімдері береді.

Аудан орталықтарынан алыс орналасқан ясли-бақшаларға (жергілікті жағдайларына байланысты) балаларды қабылдауды оқу бөлімдерінің тапсыруы бойынша ясли-бақшалардың меңгерушілері халық депутаттарының селолық (поселкелік) Советтерімен келісу арқылы жүргізеді.

Қәсіпорындардың, мекемелердің, совхоздардың және басқа ұйымдардың ясли-бақшаларына балаларды қабылдау тиісті кәсіпорындардың, совхоздардың, мекемелердің, ұйымдардың әкімшілігі кәсіподақ ұйымдарымен келісу арқылы берген, ал колхоздардың ясли-бақшаларына — колхоздардың басқармалары берген жолдамалар бойынша жүргізіледі.

Ескерту:

Ата-аналардың балаларымен алыстан келіп тұруын қысқарту мақсатымен оқу бөлімдеріне мынадай право беріледі: кәсіпорындардың, мекемелердің және басқа

ұйымдардың (колхоздардан басқа) ясли-бақшаларындағы орындардың 15 процентін ата-аналары осы кәсіпорында, мекемеде және ұйымда жұмыс істемейтін, бірақ балалар мекемесі орналасқан ауданда тұратын балалармен толықтыруға; кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен жолдамалар алмастыруға; ата-аналарының басқа жұмысқа ауысуы себепті ясли-бақшалардан (колхоздардың ясли-бақшаларынан басқа) балаларды шығарып тастауға тыйым салынады.

14. Жұмыс істейтін, көп балалы және жалғызілікті аналардың балалары, сондай-ақ оқу орындарында оқушы-аналардың балалары ясли-бақшаларға бірінші кезекте қабылданады.

Ескерту:

Арнайы күтіп-бағуды талап ететін соқыр, саңырау, орталық нерв жүйесі зақымданған балалар жалпы үлгідегі ясли-бақшаларға қабылданбайды.

15. Балаларды ясли-бақшаларға қабылдау ата-аналарының арыздары бойынша баланың денсаулық жайы туралы дәрігердің анықтамасын, ата-анасының жалақысы туралы анықтаманы беру арқылы және баланың туу туралы куәлікті көрсету арқылы жүргізіледі.

16. Балаларды келесі жас топтарына көшіру жыл сайын 25 августан 15 сентябрьге дейін жүргізіледі.

Ясли-бақшаларда босайтын орындар дереу толықтырылып отыруға тиіс.

Балаларды жыл ішінде қабылдау тек қана балаларды келесі жас топтарына көшіргеннен кейін орны толықтырылмаған немесе балалары балалар мекемесінен шығып кеткендіктен бос тұрған орынға ғана жүргізіледі.

17. Балаларды ясли-бақшалардан шығару медициналық қорытынды бойынша немесе балалар дәлелді себептерсіз ясли-бақшаларға екі аптадан астам уақыт бойы бармаған ретте, сондай-ақ балаларды ұстау үшін белгіленген ақы төлеу мерзімінен кейін екі аптаның ішінде ақы төлемеген жағдайда жүргізіледі.

18. Балаларды ясли-бақшаларда ұстағаны үшін СССР Министрлер Советінің 1948 жылғы 31 августағы № 3290 қаулысымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерге қарайтын балалар бақшалары мен балалар яслилерінде балаларын ұстағаны үшін ата-аналарының ақы төлеу мөлшері туралы СССР Министрлер Советінің 1948 жылғы 9 августағы № 3000 қаулысын қолдану жөніндегі СССР Финанс министрлігінің, СССР Денсаулық сақтау министрлігінің және ВЦСПС-тің нұсқауына сәйкес төлем алынады, ал колхоздарда ақы төлеу мөлшерін колхоз мүшелерінің жалпы жиналысы белгілейді.

IV. Штаттар және басшылық ету

19. Ясли-бақшалардың педагогикалық, медициналық және әкімшілік қызмет көрсету персоналының штаттары мекемелердің осы саласы үшін бекітілген штаттарға сәйкес белгіленеді.

20. Ясли-бақшалардың меңгерушілері қызметінде, әдетте, жоғары педагогтық (мектеп жасына дейінгі) білімі бар, арнаулы медициналық курстарды бітірген және балалармен кем дегенде 5 жыл жұмыс стажы бар адамдар тағайындалады.

Ескерту:

Аз комплектілі ясли-бақшаларда меңгерушілердің қызметіне орта педагогтық (мектеп жасына дейінгі) білімі, медициналық курс даярлығы және балалармен кем дегенде 5 жыл жұмыс стажы бар адамдар тағайындалуы мүмкін.

Педагог-методистің қызметіне жоғары педагогтық (мектеп жасына дейінгі) білімі, медициналық курс даярлығы және кем дегенде 2 жыл жұмыс стажы бар адамдар, сондай-ақ арнаулы орта педагогтық білімі, медициналық курс даярлығы және кем дегенде 5 жыл жұмыс стажы бар адамдар тағайындалады.

Бірінші кіші топтың және барлық келесі топтардың тәрбиешілері қызметіне мектеп жасына дейінгі педагогика училищесін бітірген адамдар тағайындалады.

Ең жас бірінші және екінші топтардың медициналық сестрасы қызметіне медицина мектептерін бітірген адамдар тағайындалады.

Музыка жетекшісі қызметіне арнаулы музыкалық білімі бар адамдар тағайындалады.

21. Оқу бөлімдерінің ясли-бақшаларының меңгерушілерін, тәрбиешілерін және музыка жетекшілерін аудандық, қалалық оқу бөлімдері қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Кәсіпорындардың, мекемелердің, совхоздардың және басқа ұйымдардың ясли-бақшаларының меңгерушілерін, тәрбиешілерін және музыка жетекшілерін осы кәсіпорындардың, мекемелердің, совхоздардың және ұйымдардың әкімшілігі аудандық, қалалық оқу бөлімдерімен келісу арқылы, ал колхоздарда — аудандық оқу бөлімдерінің ұсынысы бойынша колхоздардың басқармалары қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

22. Ясли-бақшалардың орта медициналық персоналын ясли-бақшалардың меңгерушілері денсаулық сақтау органдарымен келісу арқылы, ал колхоздарда — ясли-бақшалардың меңгерушілері колхоздардың басқармалары белгілейтін тәртіппен және денсаулық сақтау органдарының ұсыныстары бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақ ССР Оқу министрлігінің қарамағындағы ясли-бақшаның дәрігерін аудандық (қалалық) оқу бөлімінің меңгерушісі денсаулық сақтау органдарымен келісу арқылы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Басқа ведомстволардың ясли-бақшасының дәрігерін ведомствоның әкімшілігі денсаулық сақтау және халыққа білім беру органдарымен келісу арқылы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

23. Ясли-бақшалардың шаруашылық меңгерушілерін, аспаздары мен олардың көмекшілерін, бала күтушілерін, үй сыпырушыларын, түнгі бала күтушілерін және басқа қызмет көрсететін персоналын ясли-бақшалардың меңгерушілерін, ал колхоздарда—ясли-бақшалардың меңгерушілерін колхоз басқармалары белгілейтін тәртіппен қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

24. Осы Ережөнің 21, 22 және 23-пункттерінде аталған адамдарды, ясли-бақшалардың колхоз мүшелері болып табылатын қызметкерлерінен басқасын, қызметке тағайындау және қызметтен босату еңбек заңдарына сәйкес жүргізіледі.

25. Ясли-бақшалардың әкімшілігінің, педагогтық, медициналық және қызмет көрсету персоналының праволары мен міндеттері балалар бақшалары мен яслилерінің қызметкерлеріне арналған ішкі еңбек тәртібі ережелерімен анықталады.

26. Ясли-бақша жанынан ата-аналар комитеті құрылады, оған әрбір топтағы балалардың ата-аналарынан бір өкіл енеді. Ата-аналар комитеті өз жұмысында Қазақ ССР Оқу министрлігі бекітетін ата-аналар комитеттері туралы Ережені басшылыққа алады.

V. Ясли-бақшаларды қаржыландыру және олардың есеп беруі

27. Ясли-бақшалардың аудандық, қалалық оқу бөлімдері немесе олар қарамағында болатын кәсіпорындардың, мекемелердің, совхоздардың, ұйымдардың әкімшілігі, колхоздардың басқармалары бекіткен сметалары болады.

28. Ясли-бақшалардың меңгерушілері кредиттерді басқарушы болып табылады.

29. Ясли-бақшалардағы финанс және шаруашылық есебі, сондай-ақ олардың жұмысы туралы есеп беру белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

30. Ясли-бақшалар заңды ұйым правосымен пайдаланады және оның қазақ және орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі болады.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІ ҮШІН МЕБЕЛЬ ШЫҒАРУДЫ ҰЛҒАЙТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 30 мартгағы № 143
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1982 жылдан бастап Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне балалар мебелін шығару үшін қосымша қуаттар, сондай-ақ қажетті ағаш өңдейтін жабдықтар мен материалдық ресурстар жасау үшін жобалау-іздестіру жұмыстарының лимиттері мен күрделі қаржы бөлуді көздейтін болсын.

3. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі 1982 жылдан бастап мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері үшін арнаулы мебельді Қазақ ССР Оқу министрлігінің және өз қарамағында осындай мекемелері бар басқа да министрліктер мен ведомстволардың заявкалары бойынша қажетті ассортиментте және талап етілетін үлгі-мөлшерде шығарып, беріп тұруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақ ССР Оқу министрлігі 1982 жылдан бастап халық ағарту органдарының қарамағындағы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің арнаулы мебельге деген қажетін зерттеу негізінде оны қажетті ассортиментте және талап етілетін үлгі-мөлшерде шығару жөнінде заказдар беруді, сондай-ақ осы мебельді облыстар бойынша бөлуді жүзеге асырсын.

Осыған байланысты Қазақ ССР Оқу министрлігінің шаруашылық есепте тұратын орталық аппараты қызметкерлерінің санын басқару аппаратын ұстауға арнап Министрлікке жұмыс істеп тұрған мекемелер мен ұйымдар үшін белгіленген шекті қаржылар есебінен жалақы қоры айына 295 сом болатын екі единицаға ұлғайтылсын.

---

[1] Қаулының 1 және 5-пункттері мен оған қосымша Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

6-пункт СССР Министрлер Советінің нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІН ЖОСПАРЛАУДЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1963 жылғы 12 декабрьдегі № 989
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының басшыларынан мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне басшылықты күшейту, олардың материалдық базасын нығайту жолындағы жауапкершілігін арттыру, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жұмыс жағдайларын жақсарту және балаларды тәрбиелу ісінде ұдайы көмек көрсету талап етілсін.

2. Қазақ ССР Оқу министрлігіне барлық мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, олардың кімге бағынышты екеніне қарамастан, педагог кадрларымен комплектілеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ олардағы тәрбие жұмысына методикалық басшылықты жүзеге асыру тапсырылсын.

3. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне халық шаруашылық жоспарларында министрліктер мен ведомстволарды бөле отырып, халық шаруашылығы Советтері, еңбекшілер депутаттарының өлкелік және облыстық Советтерінің атқару комитеттері бойынша мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін өркендетуді көздеу міндеттелсін.

Еңбекшілер депутаттарының өлкелік және облыстық Советтерінің атқару комитеттері өзінің территориясында орналасқан барлық жүйелер мен ведомстволардың мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, одақтық ұйымдардың бағынысында тұрған мекемелерден басқасын, өркендетуді еске алып отырсын және өзінің ұсыныстарын Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және Қазақ ССР-інің тиісті министрліктері мен ведомстволарына тапсыратын болсын.

5. Өзінің төменгі буындары жоқ халық шаруашылығы советтерінің, министрліктер мен ведомстволардың мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері Қазақ ССР республикалық бюджетінен қаржыландырылады деп белгіленсін.

7. Еңбекшілердің мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне деген қажетін қанағаттандыру мақсатымен Қазақ ССР-інің халық шаруашылығы советтеріне, министрліктері мен ведомстволарына, өлкелік атқару комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне, Алматы және Қарағанды қалалық атқару комитеттеріне ясли-бақшалар ұйымдастыруға жарайтын, босаған әкімшілік және басқа үйлерді пайдалану ұсынылсын.

8. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, 1965 жылдан бастап, жас мамандарды даярлаудың халық шаруашылық жоспарында белгіленген оқушыларды қабылдау жоспарларының шегінде мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері үшін тәрбиешілер даярлауды ұлғайтуды көздеу міндеттелсін.

---

[1] 4-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1965 ж. 9 апрельдегі № 275 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

6-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫНА БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІМЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ІСІН ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1957 жылғы 30 майдағы № 324
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі колхозшылардың балаларының балалар мекемелерімен қызмет көрсетілуі қанағаттанғысыз екенін атап көрсетеді. Көпшілік колхоздарда тұрақты бала бақшалар мен яслилер жоқ, көптеген колхоз тіпті ауыл шаруашылығы жұмыстарының қауырт кездерінің өзінде маусымдық балалар мекемелерін ұйымдастырмайды.

Колхоздарда ашылған маусымдық балалар мекемелері мен алаңдары балалар мектептеріне қойылатын жай талаптардың өзіне сай емес. Бала бақшалар мен яслилер санитарлық нормаларға сай келмейтін үйлерде орналасады, оларда қажетті жабдықтар, инвентарь болмайды. Көптеген колхоздық балалар мекемелерінде балалардың тамағы нашар ұйымдастырылған.

Колхоздардағы балалар алаңдары мен яслилердің меңгерушілері мен тәрбиешілерінің көбісінің балалармен жұмыс істеуге қажетті даярлығы жоқ. Колхоз балалар мекемелерінің меңгерушілері мен тәрбиешілері курсынан өткен қызметкерлер бұл жұмысқа бекітілмейді. Соның нәтижесінде колхоздық балалар алаңдары мен яслилерінде балалармен тәрбие жұмысы мүлде қанағаттанғысыз жолға қойылған.

Колхоздардағы балалар мекемелеріне медициналық қызмет көрсету де қанағаттанғысыз ұйымдастырылған.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және оның жергілікті органдары колхоздардағы балалар мекемелерін ұйымдастыру ісіне қанағаттанғысыз басшылық етеді, ал халыққа білім беру және денсаулық сақтау органдары тәрбие жұмысын жолға қоюды жақсартуда және оларда колхозшылардың балаларына медициналық қызмет көрсетуде колхоздарға қажетті көмек көрсетпейді.

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына колхоздарға сату үшін сауда жүйелеріне балалар мебельдерін, жабдықтарын, жұмсақ және қатты инвентарын, сондай-ақ ойыншықтар мен балалар әдебиетін жеткізіп беруді ұйымдастыру міндеттелсін.

4. Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне халыққа білім беру, денсаулық сақтау органдарының және басқа министрліктер мен ведомстволардың балалар мекемелерімен бірдей негізде колхоздардағы тұрақты жұмыс істейтін балалар бақшалары мен яслилерін педагог және орта буынды медицина кадрларымен қамтамасыз ету міндеттелсін.

(Төртінші абзац) Колхоздардағы балалар бақшалары мен яслилерінің тәрбие жұмысының жайы жылына кем дегенде екі рет тексеріліп тұрсын.

5. Колхоздарға мыналар ұсынылсын:

б) балалар мекемелерін № 3 және 4-қосымшаларда көрсетілген нормаларға сәйкес тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету;

---

[1] 6-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 ж. 27 августағы № 492 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

Қаулының 1, 3-пункттері, 4-пункттің екінші және үшінші абзацтары, 5-пункттің «а» тармағы, 7, 8-пункттері және 1—4-қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

в) мектеп жасына дейінгі балалар бақшалары үшін қызметкерлер даярлау мақсатымен колхозшы әйелдерден педагогика училищелерінің мектеп жасына дейінгі балалар бөлімшелеріне тиісті білімі бар колхоз жастарын жіберу, оларға педагогикалық училищелерінде оқыған кездерінде қажетті материалдық көмек көрсету;

г) педагогика училищелерін бітірген және колхоздардың балалар бақшаларына жұмысқа жіберілген қызметкерлердің еңбек ақысы мөлшерін, ауыл шаруашылығы мамандарының еңбек ақысына шағып, белгілеу туралы мәселені колхозшылардың жалпы жиналыстарында қарау.

РЕСПУБЛИКА КОЛХОЗДАРЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1973 жылғы 14 майдағы № 260
ҚАУЛЫСЫ

ССРР Министрлер Советінің «Колхоздарда мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» 1973 жылғы 17 марттағы № 162 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Халық депутаттарының облыстық Советі атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі:

б) колхоздар мен колхозаралық кәсіпорындардағы және ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің құрылысына ұдайы бақылау жасауды жүзеге асыратын болсын және бұл құрылыста оларға қажетті көмек беретін болсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі мен Колхозаралық құрылыс ұйымдарының Қазақ республикалық Советіне колхоздардағы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салу мен пайдалануға беру жоспарларының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін, құрылыс жұмыстарының сапасына айрықша көңіл бөлетін болсын.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларының жобаларында 1974 жылдың жоспарынан бастап колхоздардағы ясли-бақшаларды салуды қамтамасыз етуге қажетті материалдық-техникалық ресурстарды және мердігерлік құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін көздеу (колхоздардың қаржысы есебінен) тапсырылсын.

4. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы колхоздардың, колхозаралық кәсіпорындар мен ұйымдардың мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін (олардың өз қаржысы есебінен) мемлекеттік балалар мекемелері үшін белгіленген норма бойынша балалар мебелімен, жабдықтармен, инвентарьлармен, мамық-қауырсын бұйымдармен, ыдыстармен, ойыншықтармен, оқу құралдарымен жабдықтауды жақсартатын болсын.

5. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашы-

[1] 1-пункттің «а» және «в» тармақтары және 8-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

9-пункт СССР Министрлер Советінің «Колхоздардағы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» 1973 ж. 17 марттағы № 162 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СП СССР, 1973 ж., № 8, 34-ст. қараңыз).

лығы министрлігі колхоздардағы, колхозаралық мекемелер мен ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін жоғары сапалы тамақ өнімдерімен қажетті ассортиментте және белгіленген норма бойынша кідіріссіз жабдықтауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақ ССР Оқу министрлігі мен оның жергілікті органдары:

— колхоздардың мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде тәрбие жұмысына басшылықты жақсартсын, педагог кадрларды іріктеу мен тағайындауға бақылауды күшейтсін, олардың мамандығын ұдайы көтеріп тұруды ұйымдастырсын;

— баланың жан-жақты жетілуі және оны мектепте ойдағыдай оқуға даярлау үшін колхозшылар арасында мектепке дейінгі қоғамдық тәрбие насихаттауды күшейтсін.

7. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі:

— балалардың дұрыс жетілуіне ұдайы медициналық бақылауды, колхоздар мен колхозаралық кәсіпорындардың және ұйымдардың мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балаларға емдеу-профилактикалық көмекті ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

— бұл мекемелердің санитарлық жағдайына және оларда санитарлық эпидемияға қарсы режимнің сақталуына ұдайы бақылау жасауды жүзеге асырсын;

— колхоздар мен колхозаралық кәсіпорындардың және ұйымдардың мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін осы ұйымдардың заявкасы бойынша медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етсін.

§ 3. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ

1. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕР

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖАСТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМІН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1984 ЖЫЛҒЫ 12 АПРЕЛЬДЕГІ № 313 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 25 майдағы № 211
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жастардың жалпы орта білімін одан әрі жетілдіру және жалпы білім беретін мектептің жұмыс жағдайларын жақсарту туралы» 1984 жылғы 12 апрельдегі № 313 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Облыстық партия комитеттері, Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті партия, совет және шаруашылық ұйымдарының, халыққа білім беру органдарының, мектептер мен басқа да оқу-тәрбие мекемелері педагогикалық коллективтерінің күш-жігерін КПСС Орталық Комитетінің июнь (1983 ж.), апрель (1984 ж.) Пленумдарының шешімдерінде, кемелденген социалистік қоғам кезеңінде еліміздің халыққа білім беру жүйесін жетілдірудің ғылыми негізделген ұзақ мерзімдік программасын айқындап берген Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарында жалпы білім беретін мектептің алдына қойылған міндеттерді орындауға шоғырландырсын. Бірыңғай, еңбектік, политехникалық оқудың лениндік принциптерін дәйекті түрде жүзеге асырсын, оның жұмысын сапалық жаңа дәрежеге көтерсін. Коммунизмнің идеялық және моральдық-саяси қасиеттері, еңбек және мінез-құлық мәдениеті жоғары белсенді құрылысшыларын тәрбиелеуді қамтамасыз етсін.

[1] 30-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жастардың жалпы орта білімін одан әрі жетілдіру және жалпы білім беретін мектептің жұмыс жағдайларын жақсарту туралы» 1984 ж. 12 апрельдегі № 313 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

3. Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті балаларды 6 жасынан оқытуға негізінен 1986—1990 жылдары көшуді жүзеге асырсын. Оқушы орындарымен, мұғалім және тәрбиеші кадрлармен, ұзартылған күн топтарымен қамтамасыз етілу сияқты қажетті жағдайлардың жасалуын ескере отырып көшудің аудандар бойынша нақты жоспарын жасайтын болсын.

Оқу материалының мазмұны республика ұлттық мектептерінің бастауыш кластарындағы оқу жылдары бойынша анықталып, 1986 жылға дейін оқулықтар мен көрнекі-оқу құралдары 6 жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әзірленіп, басып шығарылсын.

Денсаулық сақтау органдарымен бірлесіп балаларды диспансерлік қарау, оқу сағаттарын нормалау және мектеп гигиенасы талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін. Алты жасар балалар үшін сабақтың ұзақтығы 35 минут болып белгіленсін.

Мектепте 6 жасар балаларды оқытуға жағдайлар жасалғанға дейін олардың білім алуы балалар бақшаларында мұғалімдерді қатыстыра отырып 1-класс программасы бойынша жүргізіледі. 1-кластың бірыңғай программасы бойынша балалар бақшасында даярлықтан өтпеген балалардың бір тобы бастауыш мектептің қолданылып жүрген ұшжылдық оқу жоспары бойынша 7 жастан бастап оқытылатын болады. Әрбір мектеп бойынша балаларды 6 жастан оқытуға көшірудің нақты мерзімдерін халық депутаттары қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері белгілейді.

4. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарына сүйене отырып:

мектептерде, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта оқу орындарында жалпы білім даярлығының бірыңғай дәрежесін қамтамасыз етсін;

жаратылыс-математика циклындағы пәндерді оқыту дәрежесін арттырып, оны жеткіншек ұрпақтың бойында дүниенің қазіргі жаратылыстың ғылыми бейнесін, қазіргі өндірістің негізгі салалары мен басқа да қызмет сфераларында ғылымды практикада қолдану жөніндегі білімдер мен ұғымдарды қалыптастыруға бағыттайтын болсын;

оқушыларға компьютерлерді пайдалану дағдыларын дарытып, оларды осы техниканы халық шаруашылығында кеңінен қолдану жөніндегі біліммен қаруландыру үшін жалпы білім беретін мектептердің жоғары кластарында, кәсіптік-техникалық училищелерде, арнаулы орта оқу орындарында электронды-есептеу техникасының негіздерін оқытуды ұйымдастырсын. Бұл мақсатта оқушылар үшін арнаулы курс әзірлеу, қажетті оқулықтар, оқу құралдарын, мектептік және мектепаралық кабинеттер жасау, сондай-ақ базалық кәсіпорындар мен басқа да мекемелердің компьютерлік техникасын осы мақсаттарда пайдалану көзделсін;

коммунистік мұраттарды, биік адамгершілік-праволық қасиеттерді, социалистік интернационализм және өз елі үшін мақтаныш, еңбекке және социалистік Отанды қорғауға әзірлік сезімдерін, советтік өмір салтының артықшылықтарына қалтқысыз сенімді, буржуазиялық идеология мен моральға ымырасыздықты қалыптастыру мақсатында қоғамдық-саяси пәндерді оқыту ісін жетілдіре берсін.

Қазақ ССР тарихын оқытуды тәртіпке келтірсін.

Оқушыларға экономикалық және экологиялық білім беруде географияны оқып-үйрену мүмкіндіктері толығырақ пайдаланылсын. Қазақ ССР географиясын оқыту СССР географиясы курсымен табиғи түрде байланыстырылсын.

Адамгершіл мұраттары мен эстетикалық қажеттері жоғары, рухани жағынан бай, үйлесімді жетілген адамды қалыптастыруда әдебиет сабақтарының ролі күшейтілсін. Орта мектепте әдебиетті оқыту орыс, совет және шетел классикасының аса көрнекті туындыларын оқып үйрену негізінде жүргізілсін.

Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, творчестволық одақтар музыка, көркем, әдеби творчество, кино өнері жөнінде факультативтік сабақтар мен кластан тыс жұмысқа арналған программалар мен құралдар жасайтын болсын. Балалармен тікелей жұмыс істеуге мәдениет пен өнер қайраткерлері кеңінен қатыстырылсын.

5. Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Ғылым Академиясы қолданылып жүрген оқулықтарды мектептің міндеттері мен жаңа оқу жоспарына сәйкес қайта жасап, олардың ғылыми және идеялық-тәрбиелік дәрежесін арттырсын, ұғынықтылығын, практикалық бағыттылығын, пәнаралық байланыстарын қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті жаңа, жетілдірілген оқулықтарды көрнекі құралдармен және дидактикалық материалдармен бір комплектіде әзірлеп, басып шығаратын болсын.

Оқулықтар жазуға тәжірибелі мұғалімдер, методистер мен ғалымдар қатыстырылсын. Жаңа оқулықтар, әдетте, конкурстар негізінде шығарылып, мектептерде мұқият және кеңінен эксперименттік тексеруден өткізілгеннен кейін енгізіледі деп белгіленсін.

6. Қазақ ССР Оқу министрлігі, халыққа білім беру органдары оқытудың әдістері мен құралдарын жетілдірсін, оның белсенді формаларын бірінші кезекте қолдансын. Оқушылар кітаппен өздігінше жұмыс істеуге үйретілсін. Сабақтың пәрмеңділігі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде арттырылсын. Жоғары кластарда лекциялық және семинарлық сабақтар өткізу практикаға енгізілсін. Қабинеттік оқыту жүйесін ұйымдастыру жетілдірілсін.

Мектеп оқушыларын бүкіл оқыған кезеңінде психологиялық-педагогикалық зерттеу, олардың мүдделері мен бейімділігін анықтау жақсартылсын. Жекелеген оқушылардың оқуда артта қалуы мен мінез-құлқындағы кемшіліктердің себептерін дер кезінде зерттеп біліп, оларды жоюдың неғұрлым пәрменді жолдары таңдап алынсын.

Педагогикалық қызметтегі формализм табанды түрде жойылсын. Оқытудың неғұрлым оңтайлы әдістерін, формалары мен құралдарын таңдап алуда мұғалімдердің мүмкіндіктері кеңейтілсін. Педагогика ғылымының жетістіктері практикаға батылырақ енгізілсін. Педагогикалық қызметте рецептік методикалық ұсыныстарға, ұсақ-түйек шектеушілікке жол берілмесін. Мұғалімдер арасында жүргізілетін методикалық жұмыс жандандырылсын, олардың инициативалары, творчестволық ізденістері барынша дамытылсын, озық педагогикалық тәжірибе тереңірек зерттелсін. Класс жетекшісінің ролі мен беделі арттырылсын, балалармен оқу және тәрбие жұмысын жүргізуде оған қажетті жағдайлар жасалсын. Мұғалімдер мен тәрбиешілерге арналған методикалық әдебиеттің сапасын арттыру қамтамасыз етілсін.

Оқу-методикалық комплекстер жасалып, оларға ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиет, дидактикалық материалдар мен көрнекі құралдар да қосылсын.

7. Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті мектеп жұмысының мазмұны мен тиімділігі жөнінде халыққа білім беру органдарының, педагогикалық коллективтердің және әрбір мұғалімнің жауапкершілігін арттырсын. Оқушылардың білімі мен мінез-құлқын бағалауда формализм мен процент

қуушылық, либерализм фактілерін мектеп практикасынан түп-тамырымен батыл жоятын болсын. Үлгерім туралы мектептердің есеп беруін тоқтатсын. Мұғалімнің және жалпы мектептің жұмысына баға берудің ғылыми негізделген өлшемдері жасалып, мектеп пен мұғалім қызметінің нәтижелері тәрбиеленушілер білімінің тереңдігімен, баяндылығымен, идеялық және адамгершілік қасиеттерімен, олардың өмірге және еңбекке әзірлігімен бағаланатынын ескеріп, мектеп оқушыларының білімін әділ бағалауда олардың жауапкершілігі арттырылсын.

Орталау және орта мектепті бітіргеннен кейін оқушыларды саралап аттестациялау жүйесі жасалып, енгізілсін. Жекелеген пәндер бойынша қанағаттанғысыз бағалары бар оқушыларды келесі класқа көшіру немесе қайталап оқуға қалдыру туралы мәселелерді түпкілікті шешуде мектептердің педагогикалық советтерінің ролі арттырылсын. 1985/86 оқу жылынан бастап оқушылар үшін жаңа ережелер, тәртібі үшін, оқуға және қоғамдық пайдалы еңбекке ынталылығы үшін баға қою нормалары, сондай-ақ тоғызжылдық мектепті бітірген таңдаулы түлектерге үздік куәліктер, орта мектепті бітіргендерге алтын медальдармен қатар күміс медальдар беру енгізілсін.

8. Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті тіл мүкістігі, психикасы, дене дамуында, таяныш-қозғалыс мүшесінде кемістігі бар балалар үшін арнаулы мектептер мен мектеп-интернаттар, сондай-ақ ақыл-ойы дамуы тежелген балалар үшін оларды теңестіру кластары жүйесін әрбір аймақтық қажеттеріне сәйкес одан әрі дамытуды қамтамасыз етсін.

9. Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

кешкі және сырттан оқытатын мектептер жұмысының мазмұнындағы және оны ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктерді жойып, оларда оқу-тәрбие процесінің сапасын, білім игеру жөнінде оқушыларға қойылатын талапты күшейтсін;

жалпы орта білім алудың экстерндік формасын қолдану практикасын ұлғайтсын.

10. Қазақ ССР Оқу министрлігі, халыққа білім беру органдары ұзартылған күн мектептері мен топтарының жүйесін кеңейтіп, қызметін жақсартсын, оларда балалардың техникалық және көркем творчествосымен, ауыл шаруашылық тәжірибе жұмысымен, спортпен, туризммен жүйелі түрде айналысуын, өлкетану үйірмелерінде және ынтасына қарай басқа да нәрселермен шұғылдануын қамтамасыз етсін.

11. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті балалар мен жасөспірімдер арасында мектептен тыс тәрбие жұмысын жетілдіруге шаралар қолдансын.

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері оқушылармен тұрғылықты жерлерде жүргізілетін жұмысты түбегейлі жақсартсын, ынталары бойынша клубтар, техникалық және көркем творчество үйірмелері, спорт секциялары жүйесін дамытуға айрықша назар аударсын. Тұрғын үй корпустарында балалармен және жеткіншектермен жұмыс жүргізу үшін үй-жайлар бөліп, жабдықтайтын болсын.

Оқушылар арасында 1986—1990 жылдарға арналған кластан тыс жұмысты ұйымдастыруға кәсіподақтардың қатысуын одан әрі ұлғайту жөнінде Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің шаралары № 1 қосымшаға сәйкес мақұлдансын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті қалалық және селолық жерлерде мектептен тыс мекемелердің

жүйесін дамыту мен олардың материалдық-техникалық базасын нығайтудың 1990 жылдарға дейінгі кезеңге арналған нақты программасын жасап, жүзеге асырсын, онда әрбір ауданда Пионерлер мен мектеп оқушылары үйі болуын ескеретін болсын.

Семьяға көмекті күшейту, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде оның ролі мен жауапкершілігі жөнінде нақты шаралар жүзеге асырылсын. Ата-аналар комитеттерінің қызметі жанданып, ата-аналарға жаппай педагогикалық білім беру жүйесінің пәрменділігін арттыру қамтамасыз етілсін.

12. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті ғылыми-зерттеу институттары, университеттері мен педагогика институттары коллективтерінің күш-жігерін ҚПСС Орталық Комитетінің июнь (1983 ж.) және апрель (1984 ж.) Пленумдарының шешімдерінен, Жалпы орта білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарынан туындайтын халыққа білім беру ісін жетілдіру проблемаларын талдап шешуге бағыттайтын болсын.

Жеткіншек ұрпақтың бойында ғылыми, маркстік-лениндік көзқарасты қалыптастыру; жалпыға бірдей орта білім беру жағдайындағы оқыту мен тәрбие методикасы; еңбекке баулу, кәсіптік бағдар беру және оқытуды өнімді еңбекпен ұштастыру; жастарға жалпыға бірдей кәсіптік білім беру; мектепке дейінгі жастан бастап балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барлық сатыларында жеке адамды жан-жақты дамыту проблемалары жөнінде ғылыми-психологиялық ұсыныстар әзірлеу сияқты өзекті бағыттар бойынша зерттеулер жүргізуге айрықша назар аударылсын.

13. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті халыққа білім беру органдарының жұмыс стилі мен әдістерін жетілдіріп, мектептердің қызметіне инспекторлық бақылаудың пәрменділігін арттырсын, басты және педагог кадрларды іріктеу мен тәрбиелеуді жақсартсын, олардың педагогикалық шеберлігін жетілдірсін.

14. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті жаңа мектеп үйлерін салу, жалпы білім беретін мектептердің бұрынғы үйлеріне қосымша класс бөлмелері мен басқа да қосымша үй-жайлар салу, педагогикалық оқу орындары мен мұғалімдер білімін жетілдіру институттары үшін лабораториялық-оқу үйлері мен жатақханалар салу жоспарларының орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларының жобаларында ақыл-ой және дене дамуында кемістігі бар балаларға арналған арнаулы мектеп-интернаттар салуға, соның ішінде «Халық ағарту» саласы жөніндегі қаржылар есебінен оқу корпустарын және «Тұрғын үй құрылысы» саласы жөніндегі қаржылар есебінен жатақханалар салуға арналған күрделі қаржыны жеке жолмен бөлуді көздеп отырсын.

15. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Оқу министрлігі, халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеті оқу орындарында қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруды жақсартсын, ғылыми негізделіп жасалған рациондар, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын ұлғайту мен нығайту, қызмет көрсетудің формалары мен әдістерін жетілдіру негізінде барлық оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етсін.

16. Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті және халыққа білім беру органдары 1986—1990 жылдары оқу кабинеттерін, шеберханаларды, физкультура

залдарын, класс бөлмелері мен басқа да бөлмелерді қолданылып жүрген тізбеге сәйкес көрнекі-оқу құралдарымен, оқу жабдықтарымен және мебельмен комплектілеуді қамтамасыз етсін. Нақ осы мерзім ішінде барлық тоғызжылдық және орта мектептерде оқу кабинеттері мен шеберханалар жасалуын аяқтасын.

17. Қазақ ССР Оқу министрлігі халыққа білім беру мекемелеріне басшылық ету дәрежесін арттырсын, жұмыс стилі мен әдістерін, инспекторлық бақылауды, халыққа білім беру жүйесін жоспарлаудың ұйымдастырылуын жақсартуға шаралар қолдансын, білім берудің жай-күйіне терең талдау жасалуын, оқу және тәрбие жұмысының озық тәжірибесінің зерттеліп қорытылуы және кеңінен таратылуын қамтамасыз етсін.

18. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жалпы білім беретін мектеп үшін көрнекі-оқу құралдар мен оқу жабдықтарын өндіруге қажетті металдарға, ағашқа, пластмассаларға және басқа материалдарға, сондай-ақ комплектеуші бұйымдарға арналған қорларды Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне бөлуді қамтамасыз етсін.

19. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы физкультуралық жабдықтар мен инвентарьдың жалпы білім беретін мектептерге Қазақ ССР Оқу министрлігінің разнарядкалары бойынша нақты ақшасыз есеп айырысу жолымен спорттық және мәдени товарлар сататын аудандық (қалалық) магазиндер жүйесі арқылы өткізілуін қамтамасыз етсін.

20. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі киножөндеу шеберханаларында — мектептің кинопроекциялық аппаратурасын, ал тұрмыстық қызмет ету жүйесінің шеберханаларында — магнитофондарды, электрофондарды және дыбысты қайта жаңғыртатын басқа да аппараттарды нақты ақшасыз есеп айырысу жолымен жөндеуді жақсартуға шаралар қолдансын.

21. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі 1986—1990 жылдары ұзартылған күн топтары, оқу кабинеттері, шеберханалар мен мектептердің басқа да үй-жайлары үшін мебельдің толық жиынтығын жыл сайын бөлінетін лимиттер шеңберінде шығаруды қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жылдық жоспарлардың жобаларында Қазақ ССР Оқу министрлігінің жалпы білім беретін мектептерді және басқа ағарту мекемелерінің мебель мен маталарға деген қажетінің неғұрлым толық қамтамасыз етілуін көздеп отырсын.

22. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті көрнекі құралдар магазиндері (оқу коллекторлары) мен фильмотекалардың материалдық-техникалық базасын нығайтсын, 1984—1986 жылдар ішінде облыс орталықтарында аталған магазиндерді орнатуға қажетті қоймалары бар үй-жайлар беретін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1985—1990 жылдарға арналған жоспарларының жобаларында Қазақ ССР Оқу министрлігі үшін аталған магазиндер үшін қажетті автомобиль транспортын бөлуді көздесін.

23. Облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті мен Қазақ ССР Оқу министрлігі әрбір ауданда жалпы білім беретін мектептерге және басқа ағарту мекемелеріне бір орталықтан шаруашылық қызмет көрсету қызметінің құрылуын қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Оқу министрлігі Қазақ ССР Финанс министрлігімен және басқа мүдделі министрліктермен, ведомстволармен бірлесіп аталған қызметтерді құру тәртібі мен функцияларын үш ай мерзім ішінде

анықтап, қажет болған ретте Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсыныс енгізсін.

24. Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі педагогика институттары мен мұғалімдер (оқытушылар) даярлауды жүзеге асыратын университеттерде, сондай-ақ мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында электрондық-есептеу және микропроцессорлық техниканың типті кабинеттерін құрып, олардың базасында мұғалімдер (оқытушылар) даярлауды ұйымдастырсын.

25. Қазақ ССР Оқу министрлігі:

1986—1990 жылдары математиканы терендеп зерттейтін жалпы білім беретін орта мектептерде электрондық-есептеу және микропроцессорлық техниканың арнаулы кабинеттерін № 2 қосымшаға сәйкес құрып, оларды бекітілген үлгі тізбелерге орай жарақтандырсын, бұл мектептерді электрондық-есептеу және микропроцессорлық техниканы зерттеу жөніндегі методикалық база ретінде пайдалансын;

мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарда электрондық-есептеу және микропроцессорлық техника кабинеттерін № 3 қосымшаға сәйкес ұйымдастырып, оларда оқу жоспары бойынша еңбекке баулуға бөлінген уақыт есебінен электрондық-есептеу техникасы құралдарын пайдалануға байланысты профильдер бойынша (соның ішінде ЭВМ операторы мен деректер әзірлеу операторларын) даярлауды енгізсін. Мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарда оқушыларды аталған профильдер бойынша оқытып-үйретуді ұйымдастыруды базалық кәсіпорындар (ұйымдар) СССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 23 августағы № 662 қаулысымен [1] (Қазақ ССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 30 сентябрьдегі № 552 қаулысы; Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 20, 104-ст.) белгіленген тәртіп пен шарттар негізінде жүргізеді деп белгіленсін.

26. Қазақ ССР Финанс министрлігі жалпы мектептерді, сондай-ақ мұғалімдер (оқытушылар) даярлауды жүзеге асыратын оқу орындарын электрондық-есептеу және микропроцессорлық техника құралдарымен жарақтандыруға арналған қаржыны Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне жыл сайын бөліп отырсын.

27. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі 1985—1990 жылдары Қазақ ССР Оқу министрлігінің заявкасы бойынша электрондық-есептеу және микропроцессорлық техниканы қолдану мен техникалық күту саласындағы білікті мамандар даярлап, жалпы білім беретін мектептерге және басқа ағарту мекемелеріне жіберуді қамтамасыз етсін.

28. Полиграфияның материалдық-техникалық базасын нығайту, мектеп оқулықтарын, жалпы білім беретін мектептерге және басқа ағарту мекемелеріне арналған көрнекі-оқу құралдарды, әдебиетті басып шығару сапасын одан әрі жақсарту мақсатында Алматы қаласындағы полиграфиялық комбинатты қайта құру орынды деп танылсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1985 жылдан бастап Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне аталған мақсаттарға арнап жобалау-іздестіру жұмыстары мен күрделі қаржы лимиттерін бөліп отыруды көздейтін болсын.

29. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, облыстық комсомол комитеттері оқушылардың инициативасы мен өнерпаздығын дамытуға, мектеп комсомол және пионер ұйымдарының, оқушылар комитеттерінің беделін,

---

[1] СССР Заңдар жинағының 3-томын қараңыз.

берік білім, инабатты тәрбиелілік жолындағы күресте, мектеп істерін басқаруда, қоғамдық және еңбек қызметін ұйымдастыруда олардың ролін арттыруға шаралар қолдансын.

31. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық, аудандық комитеттері партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының, совет және шаруашылық органдарының, еңбек коллективтерінің назарын жалпы білім беретін мектептер және басқа ағарту мекемелері жұмысының көкейтесті мәселелеріне аударуды күшейтсін. Балаларды 6 жастан бастап оқытуға көшу, мектеп оқушыларының қоғамдық пайдалы, өнімді еңбегін ұйымдастыру, жастардың жалпыға бірдей кәсіптік оқуын енгізу мектептің, әсіресе селода, материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шаралардың жүзеге асуын қамтамасыз етсін. Коммунист мұғалімдердің жеткіншек ұрпақты оқытып-үйрету мен оған коммунистік тәрбие беру сапасын түбегейлі жақсартудағы авангардтық ролі мен жауапкершілігін күшейтсін.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 211 қаулысына

№ 1 ҚОСЫМША

КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОВЕТІНІҢ БАЛАЛАРМЕН МЕКТЕПТЕН ТЫС ЖҰМЫС ІСТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫН ОДАН ӘРІ ҰЛҒАЙТУ ЖӨНІНДЕ 1986—1990 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ШАРАЛАР

1. Кәсіподақтардың клуб мекемелері жанынан қосымша 1549 балалар секторын (бөлімін) ашу.

2. Клубтар мен мектептен тыс мекемелер базасында, тұрғылықты жерлерде балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша 5 мың үйірме және 7,5 мың әуесқойлық бірлестік ұйымдастырып, осының есебінен балалардың тынығудың ұйымдастырылған түрімен қамтылуын 250 мың адамға арттыру.

3. Бір сменада жұмыс істейтін жалпы білім беретін мектептер базасында 300 мың мектеп оқушысын жалпы қамтитын 1200 балалар мен жасөспірімдер клубын ашу.

4. 4,2 мың бала мен жасөспірімді қамтитын 28 жас техниктер клубын, 6 балалар мәдениет үйін қосымша ашу.

5. 3,5 мың бала мен жасөспірім қамтитын 50 оқушы бөлмесін қосымша жасау.

6. 1990 жылға дейін кәсіподақ лагерьлерінде тынығудың ұйымдасқан түрімен балалар мен жасөспірімдерді қамтуды 1486 мың адамға жеткізу.

7. 35 балалар-жасөспірімдер спорт мектебін, балалар және жасөспірімдер секциялары мен топтарды қосымша жасап, балаларды физкультурамен және спортпен қамту санын 70 мың адамға дейін арттыру.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 211 қаулысына № 2 ҚОСЫМША

Математиканы тереңдете оқытатын жалпы білім беретін мектептерде электронды-есептеу және микропроцессорлық техниканың арнаулы кабинеттерін жасау жөніндегі 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

	Мектеп саны (единица)				
	1986 жыл	1987 жыл	1988 жыл	1989 жыл	1990 жыл
ҚАЗАҚ ССР-і БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	1	3	3	6	8
соның ішінде:					
Ақтөбе облысы	—	—	—	1	—
Алматы облысы	—	1	—	—	—
Шығыс Қазақстан облысы	—	—	—	—	1
Гурьев облысы	—	—	—	—	1
Жамбыл облысы	—	1	—	—	—
Жезказған облысы	—	—	—	—	1
Қарағанды облысы	—	—	1	—	—
Қызылорда облысы	—	—	—	1	—
Көкшетау облысы	—	—	—	—	1
Қостанай облысы	—	—	—	1	—
Маңғышлақ облысы	—	—	—	—	1
Павлодар облысы	—	—	—	1	—
Солтүстік Қазақстан облысы	—	—	1	—	—
Семей облысы	—	—	—	—	1
Талдықорған облысы	—	—	1	—	—
Торғай облысы	—	—	—	—	1
Орал облысы	—	—	—	—	1
Целиноград облысы	—	—	—	1	—
Шымкент облысы	—	1	—	—	—
Алматы қаласы	1	—	—	1	—

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 211 қаулысына
№ 3 ҚОСЫМША

Мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарында электронды-есептеу және микропроцессорлық кабинеттерін құру жөнінде 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

	Мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттар саны (единица)				
	1986 жыл	1987 жыл	1988 жыл	1989 жыл	1990 жыл
ҚАЗАҚ ССР-і БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	1	7	5	5	7
соның ішінде:					
Ақтөбе облысы	—	1	—	—	—
Алматы облысы	—	—	1	—	—
Шығыс Қазақстан облысы	—	1	—	—	1
Гурьев облысы	—	—	—	1	—
Жамбыл облысы	—	—	1	—	—
Жезқазған облысы	—	—	—	1	—
Қарағанды облысы	—	1	—	—	1
Қызылорда облысы	—	—	1	—	—
Көкшетау облысы	—	1	—	—	—
Қостанай облысы	—	—	1	—	—
Маңғышлақ облысы	—	—	—	—	1
Павлодар облысы	—	—	1	—	1
Солтүстік Қазақстан облысы	—	1	—	—	—
Семей облысы	—	—	—	1	1
Талдықорған облысы	—	—	—	1	—
Торғай облысы	—	—	—	—	1
Орал облысы	—	—	—	1	—
Целиноград облысы	—	1	—	—	—
Шымкент облысы	—	1	—	—	—
Алматы қаласы	1	—	—	—	1

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖАСТАРҒА ЖАППАЙ ОРТА БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУДІ АЯҚТАУ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІ ОНАН ӘРІ ДАМЫТУ ТУРАЛЫ» 1972 ЖЫЛҒЫ 20 ИЮНЬДЕГІ № 463 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1972 жылғы 1 августағы № 439
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1972 ж., № 16, 73-ст.)

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жастарға жаппай орта білім беруге көшуді аяқтау және жалпы білім беретін мектепті онан әрі дамыту туралы» 1972 жылғы 20 июньдегі № 463 қаулысы бұлжытпай басшылыққа және орындауға алынсын.

5. Жалпыға бірдей оқу қорларынан материалдық көмек көрсетудің I—VIII кластардың оқушылары үшін белгіленген тәртібі жалпы білім беретін мектептердің IX—X (XI) кластарының оқушыларына да қолданылсын.

Қазақ ССР Финанс министрлігі осы мақсаттарға арнап тиісті қаржы бөлуді көздейтін болсын.

9. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Физкультура және спорт жөніндегі комитет барлық типтегі мектептердің, мектеп-интернаттардың оқушыларымен сабақ өткізу үшін спорт құрылыстары мен базаларын күндіз тегін беруді қамтамасыз етсін.

10. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі Қазақ ССР Оқу министрлігімен бірлесе отырып, мектептердегі санитариялық-профилактикалық жұмысты жақсарту және оқушылардың дене құрылысының дамуы мен саулығына медициналық байқауды күшейту жөніндегі шаралардың комплексін әзірлеп, жүзеге асырсын. Халық ағарту мекемелерін маманданған медициналық қызметкерлер кадрларымен комплектілеуді қамтамасыз етсін.

12. Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне мектептердің мұғалімдерінің, басшыларының және басқа ағарту қызметкерлерінің ғылыми мамандығын арттыруда, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде, олимпиадалар өткізуде халық ағарту органдарына көмек көрсету; ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары коллективтерінің жалпы білім беретін мектептермен және мектептен тыс мекемелермен творчестволық ынтымағын нығайтып, ұлғайту міндеттелсін.

---

[1] Мыналар күшін жойды деп танылды: 4-пункттің бесінші, алтыншы және жетінші абзацтары Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 30 декабрьдегі № 500 қаулысымен.

2, 3-пункт, 4-пункттің бірінші-төртінші абзацтары, 6, 8, 11, 13—25-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

26-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1972 ж. 20 июньдегі № 463 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТІҢ УСТАВЫ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 16 октябрьдегі № 634
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) СССР Министрлер Советінің 1970 жылғы 8 сентябрьдегі № 749 қаулысымен[2] мақұлданған жалпы білім беретін орта мектептің Уставы республиканың барлық жалпы білім беретін мектептерінде күшіне енгізілсін;

б) Уставты мұғалімдердің, білім беретін қызметкерлердің және оқушылардың зерттеуі ұйымдастырылсын;

в) мектеп жұмысында Уставтың ережелері қатаң орындалуы қамтамасыз етілсін;

г) Уставтың негізгі ережелерін оқушылардың ата-аналары арасында түсіндіру жұмысы жүргізілсін және оны халықтың арасында кеңінен насихаттау ұйымдастырылсын;

д) мұғалімдердің, мектеп және оқу органдарының басшыларының мамандығын арттыру жоспарларында жалпы білім беретін орта мектептің Уставын зерттеу көзделсін.

2. Қазақ ССР Оқу министрлігіне жалпы білім беретін орта мектептің Уставында көзделген нормативті документтерді жасап, белгіленген тәртіппен күшіне енгізу міндеттелсін.

ҚПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ТЕГІН ПАЙДАЛАНУЫНА КӨШУ ТУРАЛЫ» 1977 ЖЫЛҒЫ 24 НОЯБРЬДЕГІ № 1029 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[3]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1978 жылғы 2 январьдағы № 4
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап көрсетеді: СССР-дің жаңа Конституциясына сәйкес оқулықтарды тегін пайдалануға көшудің зор саяси, әлеуметтік және тәрбиелік маңызы бар.

ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің аталған қаулысын жүзеге асыру партия және совет органдарынан, мүдделі министрліктер мен ведомстволардан, халыққа білім беру органдарынан оқулықтардың мазмұнын жетілдіру, олардың көркемдік және полигра-

---

[1] 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

[3] 7-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

10-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 ж. 24 ноябрьдегі № 1029 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді. (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

фиялық орындалуын жақсарту, барлық мектептерде осы оқулықтардың қажетті кітапхана қорларын жасау жөнінде мақсатқа бағытталған жұмысты, сондай-ақ оларды сақтауды қамтамасыз ету жөнінде оқушылар мен ата-аналар арасында кең түсінік жұмысын жүргізуді талап етеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 24 ноябрьдегі № 1029 қаулысы қалтқысыз басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

2. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне, Қазақстан Компартиясы Алматы қалалық комитеті мен қалалық атқару комитетіне, Қазақ ССР Оқу министрлігіне республиканың жалпы білім беретін мектептерінде оқушылардың оқулықтарды тегін пайдалануына көшуді 1978—1983 жылдар ішінде жүзеге асыру міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісіп алғаннан кейін мектептердің барлық түрлерінің оқушыларды оқулықтармен тегін қамтамасыз етуге көшуінің тәртібі мен мерзімдерін бекітсін.

Оқулықтардың кітапхана қорларын жасау мен жаңартудың перспективалық және жылдық жоспарлары әзірленсін, әрбір класс пен пән бойынша оқулықтарды басып шығарудың және қосымша басудың мерзімдері мен тираждары белгіленсін, орта дәрежелі кәсіптік-техникалық училищелердің және арнаулы орта оқу орындарының мектеп оқулықтарына деген қажеті алдын ала көзделсін.

4. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Ғылым академиясы мектеп оқулықтарының идеялық-теориялық дәрежесін онан әрі арттыруды, олардың политехникалық бағытын күшейтуді, оқулықтардың құрылымын жетілдіріп, көлемін қысқартуды қамтамасыз етсін. Оқу жоспарының барлық пәндері бойынша республикада басып шығарылатын оқулықтардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге шаралар қабылдансын.

5. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымының Республикалық советі мектеп оқулықтарын дұрыс, ұтымды пайдалану үшін педагогтар коллективтері мен семьялардың жауапкершілігін арттырсын, кітапқа мемлекет мүлкі ретінде саналы, ұқыпты қарауға тәрбиелеу жөнінде оқушылар арасында жүйелі түрде жұмыс жүргізсін, бұл мақсат үшін оқу жұмысы мен мектептен тыс жұмыстың барлық формасы, бұқаралық насихат құралдары, баспа, радио, телевизия пайдаланылсын. Оқулықтардың жақсы сақталуына арналған жарыстар, байқаулар мен конкурстар өткізу кеңінен қолданылсын, кітап мерекелері, жас оқырмандар конференциялары ұйымдастырылсын, мектептік және мектеп аралық көрмелер өткізілсін.

6. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті:

мектеп оқулықтарының сапасын, олардың көркемдік және полиграфиялық орындалуын одан әрі жақсартуға;

1978—1985 жылдар ішінде I—IV кластардың барлық оқулықтарын, сондай-ақ жоғары кластардың биология, тарих, география, физика және химия оқулықтарын түрлі-түсті офсеттік тәсілмен басып шығаруға көшіруге шаралар қабылдансын;

сәнді мектеп оқулықтарын және оқу құралдарын жасауды осы мақсат үшін мамандандырылған Алматы полиграфия комбинатында жинақтасын;

1979 жылдан бастап баспалық көрнекі құралдардың көлемін жылына 100 мың баспа табақ-оттискіге дейін көлемде шығаруды қамтамасыз етсін;

оқулықтардың мектеп қорларын жасау нәтижесінде босап қалған қағаз ресурстарын көбінесе оқу-методикалық және балалар көркем әдебиетін шығаруды арттыруға пайдалансын;

«Мектеп» оқу-педагогикалық баспасы қызметкерлерінің іскерлік мамандығын үнемі көтеретін болсын, оны мектепте білім берудің қазіргі мазмұнын жақсы білетін мамандармен нығайтсын.

8. Қазақ ССР Оқу министрлігі Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісіп алғаннан кейін Қазақ ССР Оқу министрлігінде мектеп оқулықтарының кітапхана қорлары жөнінде бөлім ұйымдастыру, облыстық және Алматы қалалық оқу бөлімдерінің штаттарына мектеп оқулықтарының кітапхана қорлары жөнінде инспектор қызметін, ал қалалық және аудандық оқу бөлімдеріне — методист қызметін енгізу туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне үш ай мерзім ішінде ұсыныстар енгізсін.

9. Қазақ ССР Финанс министрлігі жалпы білім беретін мектептерде оқулықтардың кітапхана қорларын жасаумен, жаңартумен және пайдаланумен байланысты шараларды қаржыландыруға Қазақ ССР-інің мемлекеттік бюджетінен жыл сайын қаржылар бөліп отырсын.

11. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, Қазақстан Компартиясы Алматы қалалық комитеті, қалалық атқару комитеті, халыққа білім беру органдары жалпы білім беретін орта мектептердің оқушыларын осы қаулыға сәйкес оқулықтармен тегін қамтамасыз етуге ұйымшылдықпен көшуді жүзеге асыруға шаралар қабылдасын.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 жылғы 2 январьдағы № 4 қаулысына

ҚОСЫМША

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 24 ноябрьдегі № 1029 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

МЕКТЕПТІҢ КІТАПХАНАШЫСЫНА НЕМЕСЕ БАСҚА ҚЫЗМЕТКЕРІНЕ ОҚУЛЫҚТАРДЫҢ КІТАПХАНА ҚОРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕГЕНІ ҮШІН ҮСТЕМЕ АҚЫ ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ

200-ден 800 данаға дейін оқулықтар бар жерде — айына 3 сом

801-ден 2000 данаға дейін оқулықтар бар жерде — айына 5 сом

2001-ден 3500 данаға дейін оқулықтар бар жерде — айына 10 сом

(келесі әрбір 1500 дана оқулық үшін — 5 сомнан, бірақ жалпы үстеме ақы айына 30 сомнан аспауға тиіс).

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІ ҮШІН КӨРНЕКІ-ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН МЕКТЕП ЖАБДЫҚТАРЫН ШЫҒАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 14 ноябрьдегі № 678
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Көрнекі оқу құралдары мен оқу жабдықтарын шығаруды ұлғайту және олармен жалпы білім беретін мектептерді жабдықтауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1968 жылғы 27 августағы № 652 қаулысын орындау мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне, Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігіне 1969 жылдан бастап өздерінің кәсіпорындарында Қазақ ССР Оқу министрлігінің заказдары бойынша республиканың жалпы білім беретін мектептері үшін көрнекі-оқу құралдарын, жабдықтар, арнайы мебель шығару міндеттелсін.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында 1970 жылдан бастап Қазақ ССР Оқу министрлігінің заказдары бойынша республикалық және жергілікті бағыныстағы кәсіпорындарда жалпы білім беретін мектептер үшін көрнекі-оқу құралдарын және оқу жабдықтарын шығару тапсырылсын.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетіне материалдық-техникалық жабдықтау жоспарларында республиканың министрліктері мен ведомстволарын көрнекі-оқу құралдары мен оқу жабдықтарын әзірлеу үшін қажетті шикізатпен және материалдармен қамтамасыз етуді көздеу міндеттелсін.

5. Қазақ ССР Оқу министрлігінің оқу құралдарымен жабдықтау жөніндегі бас басқармасының магазиндерін ұйымдастыру және елді мекендерде мектептің оқу приборлары мен оқытудың техникалық жабдықтарын жөндейтін шаруашылық есептегі шеберханаларда, № 5 және 6 қосымшаларға сәйкес құру туралы ұсынысы қабылдансын.

Қазақ ССР Оқу министрлігіне, халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне Қазақ ССР Оқу министрлігінің оқу құралдарымен жабдықтау жөніндегі бас басқармасының магазиндерін және мектеп приборлары мен оқытудың техникалық жабдықтарын жөндейтін шеберханаларды ұйымдастыру үшін тиісті бөлмелерді бөлу тапсырылсын.

6. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, 1969 жылдың 1 июнінен бастап, Қазақ ССР Оқу министрлігіне бекітілген жалақы саны мен қоры шегінде, жас натуралистердің Республикалық станциясы жанында жалпы білім беретін мектептер үшін жеміс-жидек және овощ өсімдіктері мұляжының жиынтығын әзірлеу жөніндегі шаруашылық есептегі шеберхана ашуға рұқсат етілсін.

---

[1] Қаулының 1-пунктінің екінші абзацы, 3, 9-пункттері және 1—7 қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

10-пункт СССР Министрлер Советінің «Көрнекі-оқу құралдары мен оқу жабдықтарын шығаруды ұлғайту және олармен жалпы білім беретін мектептерді жабдықтауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1968 ж. 27 августағы № 652 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

7. Оқу жабдықтары мен көрнекі-оқу құралдарын сатып алуға арналған бюджет бойынша бөлінген қаржыларды неғұрлым тиімді пайдалану мақсатымен халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне облыстық және Алматы қалалық бюджеттерге мектеп мебелін, станок пен мектеп жабдықтарын және оқытудың техникалық құралдарын, оларды жергілікті жерлерде сатып алуға мүмкіндігі жоқ халыққа білім беру мекемелері үшін сатып алуға арналған қажетті қаржыны орталықтандыру ұсынылсын.

8. Республиканың министрліктері мен ведомстволары жалпы білім беретін мектептер, мектеп-интернаттар мектеп жасына дейінгі балалар және басқа да халық ағарту мекемелері үшін жабдықтар шығаруды және оларды беруді Қазақ ССР Оқу министрлігімен келісілген үлгі жобалар бойынша, Қазақ ССР Оқу министрлігінің оқу құралдарымен жабдықтау жөніндегі бас басқармасымен жасалған келісім бойынша жүргізетін болсын.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРГЕ АРНАЛҒАН КӨРНЕКІ-ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ОҚУ ЖАБДЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 18 августағы № 530
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Оқу министрлігіне және оның жергілікті жерлердегі органдарына жалпы білім беретін мектептерді көрнекі-оқу құралдарымен және оқу жабдықтарымен қамтамасыз еткен кезде СССР Оқу министрінің «Жалпы білім беретін мектептерге арналған үлгі көрнекі-оқу құралдары мен оқу жабдықтарының тізбегін бекіту туралы» 1968 жылғы 31 декабрьдегі № 107 бұйрығымен бекітілген үлгі көрнекі-оқу құралдарымен және оқу жабдықтарының тізбегін басшылыққа алу міндеттелсін.

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ОНАН ӘРІ ҰЛҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1965 жылғы 25 июньдегі № 470
ҚАУЛЫСЫ

Республиканың мектептерінде оқытудың техникалық құралдарын пайдалануды онан әрі ұлғайту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Оқу министрлігіне мыналар міндеттелсін:

---

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] 10-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1970 ж. 18 августағы № 530 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

Қаулының 2, 3-пункттері, 4-пункттің бірінші абзацы, 5-пункті және қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

а) оқытудың қолдағы бар техникалық құралдары — киноны, радионы, дыбыс жазуды, диафильмдерді, диапозитивтерді мектептер мен мұғалімдердің жұмыс практикасында пайдалануды және оларды енгізуді жақсартуға түбегейлі шаралар қолдану;

б) республиканың мектептер басшыларын, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерін оқу-тәрбие процесінде техникалық құралдарды қолдану методикасы мен техникасына оқытуды 1965 жылғы 1 июльден бастап ұйымдастыру;

в) оқытудың техникалық құралдарын пайдалану жөніндегі қажетті методикалық құралдар әзірлеу және басып шығару;

г) оқытудың техникалық құралдарын мектептерде қолданудың озат тәжірибесін жүйелі түрде зерттеу, тұжырымдау және таратып отыру.

4. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Финанс министрлігі оқу кинофильмдерін жасап шығару және аудару үшін Қазақ ССР Оқу министрлігіне қаражат бөліп отыруды көздейтін болсын.

Мектептер мен мектептен тыс мекемелерде әуесқой киностудиялар жүйесін барынша кеңінен дамытуға шаралар қолданылсын.

6. Қазақ ССР Оқу министрлігіне және Қазақ ССР Министрлер Советінің Радиохабар және телевизия жөніндегі мемлекеттік комитетіне мыналар міндеттелсін:

а) әрбір оқу жылына мектеп программасы бойынша телевизия және радио хабарларының тақырыптық жоспарларын және оларға аннотациялар әзірлеу;

б) 1966—1967 оқу жылынан бастап Алматы қаласының мектептерінің оқушылары үшін телевизиялық оқу хабарларын тәжірибе ретінде енгізу.

7. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне педагогикалық оқу орындарының барлық факультеттерінің оқу жоспарына мектептердің оқу-тәрбие жұмысында техникалық құралдарды пайдалану методикасына студенттерді оқытуды енгізу міндеттелсін.

8. Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне 1965 жылы Қазақ ССР Оқу министрлігінің Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институты жанынан оқытудың техникалық құралдарын қолдану лабораториясын құру тапсырылсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Оқу министрлігінің Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтына «Ғылым» бөлімі бойынша жалпы санының есебінен 3 штаттық единица бөлсін.

9. Қазақ халық шаруашылығы Советі жанындағы жергілікті кәсіпорындарды жабдықтау және өнімін өткізу Бас басқармасына Қазақ ССР Оқу министрлігінің, оқу бөлімдері мен мектептердің заявкалары бойынша мектептердің жұмысына оқытудың техникалық құралдарын кеңінен енгізу үшін қажет мектептерді проекциялық және дыбыс-техника аппаратурасымен, жабдықтармен, материалдармен және құралдармен кідіріссіз жабдықтауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

ҚПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН СЕЛОЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЫН ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1973 ЖЫЛҒЫ 2 ИЮЛЬДЕГІ № 471 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1973 жылғы 17 сентябрьдегі № 484
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1973 ж., № 20, 94-ст.)

Әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылыс саласында КПСС XXIV съезі алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда, қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюда жалпы білім беретін селолық мектепке зор маңыз бере отырып, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1973 жылғы 2 июльдегі № 471 қаулысы (СП СССР 1973 ж., № 16, 85-ст.) сөзсіз басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

2. Қазақстан КП облыстық және аудандық комитеттеріне, еңбекшілер депутаттарының облыстық және аудандық Советтері атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ темір жолы басқармасына және олардың жергілікті жерлердегі органдарына мыналар міндеттелсін:

— жалпы білім беретін селолық күндізгі, кешкі (сменалық) және сырттай оқитын мектептердің жұмысындағы кемшіліктерді жоюға қажетті шаралар алу, селода халыққа білім беруді одан әрі дамыту, мектептер жүйесін ұтымды орналастыру, олардың оқу-материалдық базасын нығайту, жастарды оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру, 1974—1980 жылдарда совхоздар мен ірі колхоздардың барлық орталық мекендерінде, әдетте, жалпы білім беретін орта мектептерді ашу жөніндегі нақты шараларды таяу жылдарда әзірлеп, жүзеге асыру. Негізінен алғанда селолық мектептерді бір сменалы оқуға көшіруді таяу жылдарда аяқтау;

— селода мектептерді, мұғалімдер үшін тұрғын үйлерді және оқушылар үшін интернаттарды салудың барысы мен сапасына, оларды оқу жылы басталғанға дейін пайдалануға беруге қатаң бақылау орнату. Мектеп үйлерін және оқушылар үшін интернаттар салу мен жөндеуде, қолда бар мектеп үйлеріне қосымша класс бөлмелері мен басқа да қажетті үйлерді салуды жүзеге асыруда, оқу кабинеттері мен шеберханаларды жабдықтауда селолық мектептерге көмек көрсету жөніндегі совхоздардың, колхоздар мен өнеркәсіп орындарының инициативасын барынша қолдау;

— таяудағы жылдарда барлық селолық мектептерді маман кадрлармен толықтыру, селолық жерде тұратын мұғалімдердің тұрғын үй-

---

[1] 8-пункттің «а» тармағының төртінші абзацы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 30 декабрьдегі № 500 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

Қаулының 3-пункті, 8-пунктінің «д» тармағы, 9-пунктінің екінші және үшінші абзацтары және 1—10 қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

16-пункт ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1973 ж. 2 июльдегі № 471 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

тұрмыс жағдайын жақсарту жөнінде үнемі қамқорлық жасау, селолық мектептердің мұғалімдері мен басқа да педагог қызметкерлері үшін белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтардың беріліп тұруына тұрақты бақылауды жүзеге асыру.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті колхоздардың қаржысы есебінен және қоғамдық ұйымдардың күшімен селолық жерлерде мектептер, оқушылар үшін интернаттар мен мұғалімдер үшін тұрғын үйлер, қолда бар мектеп үйлеріне қосымша класс бөлмелері мен басқа да үйлерді салуға арнап қажетті материалдарды және осы объектілерді жабдықтауға арналған қорларды арнаулы мақсатпен бөлетін болсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Оқу министрлігімен, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен және облыстық атқару комитеттерімен бірлесе отырып, оқытудың техникалық құралдарын қолдануды, оқушыларды еңбекке үйрету, оларға политехникалық білім беру және олармен кластан тыс жұмыс жүргізу үшін жағдай жасауды ескере отырып, жалпы білім беретін селолық мектептерді қазіргі үлгі жобалармен салуды қамтамасыз етсін, 1973—1974 жылдары өткен жылдардың жобалары бойынша салынған мектеп үйлерін, сондай-ақ қолда бар үйлерге қосымша құрылыстар салуға арналған блоктардың үлгі жобаларын ұтымды пайдалану жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді аяқтасын. Жаңа үлгі жобалар бойынша селолық мектептерді салу құнының нормативтері белгіленсін.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, «Главриссовхозстрой», СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің «Союзливодстрой» басқармасы, басқа да министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері:

а) жаңадан құрылатын және құрылыс салынатын совхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жиынтық сметаларында тиісті саланың күрделі қаржысы есебінен жалпы білім беретін мектептер салуды көздейтін болсын;

б) қажет болған ретте қолда бар совхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында мектеп үйлерін салу мен қайта құруды «Ауыл шаруашылығы» саласы бойынша өндірістік мақсаттағы объектілерді салуға көзделген құрылыс-монтаж жұмыстары көлемінің 2 процентіне дейінгі шектегі қаржы есебінен жүзеге асырсын.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық шаруашылығының жылдық жоспарларының жобаларын әзірлеген кезде Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігіне, Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігіне және селолық жерлердегі құрылысты жүзеге асырушы басқа да министрліктер мен ведомстволарға, сондай-ақ жергілікті, соның ішінде колхозаралық, құрылыс ұйымдарына селолық жерде мектептер, оқушылар үшін интернаттар мен мұғалімдер үшін тұрғын үйлер салу жөніндегі мердігерлік жұмыстардың көлемін белгіленген тәртіп бойынша белгілеп беретін болсын.

8. Жалпы білім беретін селолық мектептерде оқу-тәрбие процесінің дәрежесін арттыру, оқушыларды еңбекке үйретуді жақсарту, бұл мектептерді көрнекі-оқу құралдармен және жабдықпен қамтамасыз ету мақсатында:

а) Қазақ ССР Оқу министрлігі мен облыстық атқару комитеттері:

— жабдықталған оқу кабинеттері мен шеберханаларды барлық селолық орта мектептерде 1974—1977 жылдар ішінде және сегіз жыл-

дық мектептерде 1980 жылға дейін ұйымдастыру графиктерін әзірлесін, олардың кезінде орындалуына қатаң бақылау орнатсын;

— селолық мектептерді қажетті оқулықтармен, сондай-ақ көрнекі-оқу методикалық құралдармен және жабдықпен үлгі тізбектерге сәйкес бірінші кезекте қамтамасыз етуді ұйымдастырсын;

(Төртінші абзац) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі мен облыстық атқару комитеттерінің заявкалары бойынша оқу кабинеттерін жарақтандыру, сондай-ақ селолық мектептерде оқу мақсаттарына пайдаланылатын техниканың істен шыққанын оқтын-оқтын ауыстыру үшін жалпы білім беретін мектептерге автомобильдерді, тракторлар мен басқа да ауыл шаруашылық техникасын 1974 жылдан бастап бөлуді көздейтін болсын;

б) Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне Целиноград қаласында еңбекке үйрету және практикумдар жөніндегі оқу жабдығы комплектілерін өндіретін іске қосылатын қуаты 7,2 миллион сомдық заводты 1974—1975 жылдары жобалау және 1976—1978 жылдары салу жөніндегі заказшының функциясы жүктелсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық шаруашылық жоспарларының «Ағарту» саласы бойынша осы мақсатқа арнап қажетті күрделі қаржы бөлуді көздейтін болсын [1].

в) Қазақ ССР Оқу министрлігі:

— 1974 жылы «Казглавснабпростың» құрамында оқу қазақ тілінде жүретін мектептер үшін көрнекі-оқу құралдарын жасайтын арнаулы шеберхана ұйымдастырсын;

— 1974—1975 жылдары «Казглавснабпростың» облыстық базистік магазиндерінің облыстарда 6 филиалын және 1974—1980 жылдары аудан аралық 101 фильмхананы № 5 және 6 қосымшаларға сәйкес ашатын болсын.

Облыстық атқару комитеттері магазиндердің жаңадан ашылатын филиалдары мен фильмханалар үшін тиісті үйлер берсін.

Мектептерге көрнекі-оқу құралдарын, жабдық пен кинофильмдерді орталықтандырылған әдіспен жеткізуді ұйымдастыру үшін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жылдық жоспарлардың жобаларында Қазақ ССР Оқу министрлігіне арнаулы автотранспорт бөлуді көздейтін болсын;

г) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі 1974—1980 жылдарға арнап СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті:

белгілеген көлемде республиканың жалпы білім беретін мектептері мен педагогикалық оқу орындары үшін мебель өндіруді қамтамасыз етуді ескере отырып, мебель кәсіпорындарын арнаулы заттар жасауға бұдан бұрын басталған мамандандыруды одан әрі жүргізсін, оларды қайта құру мен ұлғайтуды жүзеге асырсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас

---

[1] 8-пункттің «б» тармағына Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1974 ж. 10 декабрьдегі № 604 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1975 ж., № 1, 1-ст.).

басқармасы Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігіне Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне жаңа ГОСТ-тарға сәйкес мектеп мебелін өндіру үшін оны өндіруді белгіленген көлеміне қарай металл, ағаш пен пластмасс бұйымдарына, лакқа, сыр мен қазіргі сәндік материалдарға арнап бекітілген нормативтер бойынша қорлар бөлуді қамтамасыз етсін;

е) Қазақ ССР Финанс министрлігі 1974 жылдан бастап республиканың Мемлекеттік бюджетінің жобаларында бұл жабдықтың үлгі тізбегі мен қазіргі үлгілердегі мектеп мебелінің құнын есептей отырып, мектептерді көрнекі-оқу құралдарымен, жабдықпен және мебельмен толықтыруға арнап бөлінетін қаржыны көбейтуді көздейтін болсын.

9. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық атқару комитеттері Қазақ ССР Министрлер Советінің 1965 жылғы 14 августағы № 578 және 1966 жылғы 30 марттағы № 226 қаулыларында [1] белгіленген тәртіп бойынша маршруттық автобустарды, қала маңындағы және жергілікті поездарды, өзен кемелерін, сондай-ақ совхоздардың, колхоздардың және басқа да кәсіпорындар мен ұйымдардың балаларды тасымалдау үшін арнайы жабдықталған транспортын пайдалана отырып, селолық жердегі жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын мектептерге және одан қайтқанда тегін жеткізіп отыруды жүйелі түрде қамтамасыз етсін.

(Төртінші абзац) Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және селолық жерде өз қарамағындағы ұйымдары бар басқа министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттерімен келіскеннен кейін, көрсетілген автобустарды оқушыларды мектептерге тасып жеткізу мәселелері нашар шешілген совхоздарға, колхоздарға және селодағы басқа да ұйымдарға бірінші кезекте бөлетін болсын.

10. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті республиканың Оқу министрлігінің заявкалары бойынша селолық мектептердің қазақ тіліндегі көрнекі-оқу құралдар мен дидактикалық әдебиетке деген қажетін қамтамасыз етсін, бұл үшін «Мектеп» баспасы жанынан арнаулы редакция құрылсын.

11. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетіне халық ағарту органдарымен жасасқан шарттар бойынша мектептердегі барлық оқу кино қондырғыларын жөндеу-техникалық қызмет көрсету жөнінде толық қабылдау; кинофильмдерді прокаттау жөніндегі аудан аралық бөлімшелерде мектептер үшін оқу фильмдерінің арнаулы қорларын жасай отырып, осы бөлімшелердің жүйесін дамытуды тездету, бұл фильмдерді халық ағарту бөлімдерінің разнарядкасы бойынша прокаттау; 1974 жылдан бастап Қазақ ССР Оқу министрлігінің заявкалары бойынша «Қазақфильм» киностудиясында қазақ тілінде диафильмдер жасап шығаруды ұйымдастыру міндеттелсін.

12. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, облыстық атқару комитеттері, совхоздардың, колхоздар мен басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарының басшылары барлық селолық орта және сегіз жылдық мектептер мен интернаттарда оқушыларға ыстық тамақ берілуін ұйымдастыруды, сондай-ақ осы мақсат үшін сауда ұйымдарына қажетті үйлер беруді қамтамасыз етсін.

13. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жалпы білім беретін селолық мектептердің

---

[1] 239-бетті қараңыз.

бәрін маман педагог кадрлармен таяу жылдарда қамтамасыз етсін және селолық мектептің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, оларды педагогикалық оқу орындары мен университеттерде даярлау дәрежесін арттыруға қажетті шаралар алатын болсын.

Қазақстан КП облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі педагогикалық институттар мен училищелерде оқуға село жастарын кеңінен тарту және студенттердің тұрмыс жағдайын жақсарту жөнінде жұмыс жүргізілетін болсын.

Мемлекеттік күрделі қаржы есебінен педагогикалық институттар мен училищелердің жанынан жатақханалар салу және оларды пайдалануға беру жөнінде 1974—1980 жылдарға арналған тапсырма № 8 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық шаруашылығы жоспарларының жобаларында тұрғын үй құрылысына арнап бөлінген күрделі қаржы көлемінің шегінде осы мақсатқа қажетті қаржыны көздейтін болсын.

14. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті «Комсомол — селолық мектепке» деген қозғалысты өрістету жөніндегі комсомол комитеттерінің жұмысын одан әрі жақсартуға шаралар алсын, мектеп үйлерін, интернаттар мен мұғалімдерге арнап тұрғын үйлер салу және қайта құру үшін студенттердің құрылыс отрядтарын жіберсін. Оқушыларға коммунистік тәрбие беруді жетілдіруге, оларды ауыл шаруашылығында өнімді еңбек етуге даярлауға барынша жәрдемдесіп отырсын.

15. Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне, Қазақ ССР Оқу министрлігі мен олардың жергілікті жердегі органдарына село мұғалімдеріне медициналық және санаториялық-курорттық қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде, олар үшін жеңілдіктермен берілетін жолдамалардың санын ұлғайтуды және елімізде экскурсиялар өткізуді көздей отырып, каникул кезеңінде олардың демалысын ұйымдастыру жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыру тапсырылсын. Мұғалімдер үшін облыстық және облыс аралық демалыс базаларын құру туралы мәселелер шешілсін, оларды жабдықтау мен ұстауға арнап кәсіподақ бюджетінен және басқа көздерден белгіленген тәртіп бойынша қаржы бөлу көзделсін.

СЕЛОЛЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫН НЫҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 9 июльдегі № 391
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1971 ж., № 15, 71-ст.)

Селолық жерлердегі жалпы білім беретін мектептердің оқу-материалдық базасын нығайту мақсатында және СССР Министрлер Советінің 1971 жылғы 4 майдағы № 255 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

[1] 1, 2, 6, 10-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

12-пункт СССР Министрлер Советінің «Селолық жерлердегі жалпы білім беретін мектептердің оқу-материалдық базасын нығайту жөніндегі кейбір шаралар туралы» 1971 ж. 4 майдағы № 255 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

3. Облыстық атқару комитеттері, республиканың министрліктері, ведомстволары, совхоздар мен колхоздар мектеп үйлерін салуды жүзеге асырған кезде мектептерде бір оқушы орнының құнын арзандату үшін күресе отырып, мейлінше үнемді типтік жобаларды қолданатын болсын.

4. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері мектептер құрылысына арнап участоктарды мектеп үйін мұғалімдерге арналған пәтерлермен және оқушыларға арналған интернатпен бір комплексте орналастыруды қамтамасыз ететін құрылыс жобалау нормаларына қатаң сәйкес түрде бөлетін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті жобалау ұйымдарының мектеп үйлерінің құрылысын жобалау нормаларын сақтауына тұрақты бақылау орнатсын.

5. Облыстық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мектеп үйлерін, оқушыларға арналған интернаттар мен мұғалімдерге арналған тұрғын үйлерді салуды өз инициативасымен және өз қаржысы есебінен жүзеге асырушы колхоздарға аталған құрылысты қажетті материалдармен қамтамасыз етуде, сондай-ақ мектептер мен интернаттарды мебельмен және оқу жабдығымен қамтамасыз етуде көмек көрсететін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті облыстық атқару комитеттерінің ұсыныстарын есепке ала отырып, мердігерлік әдіспен орындалатын құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспарларында колхоздардың қаржысы есебінен мектеп үйлерін салуды көздейтін болсын.

7. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті 1973 жылдан бастап «Қазахфильм» киностудиясында Қазақ ССР Оқу министрлігінің тақырыбы бойынша диафильмдер шығарып отыруды қамтамасыз ететін болсын.

8. Қазақ ССР Оқу министрлігінің Ы. Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институты шағын комплектілі мектептердің екі-үш класында бір мезгілде жұмыс істейтін мұғалімдерге арнап ұсыныстар мен методикалық құралдар және селолық жерлердегі қазақ, ұйғыр мектептеріне арнап дидактикалық материалдар әзірлейтін болсын.

9. Қазақ ССР Оқу министрлігіне «Казглавснабпрос» жанынан қазақ мектептеріне арнап диапозитивтер шығаратын мастерскойлар ұйымдастыру міндеттелсін.

Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті бұл мастерскойларды ұйымдастыру үшін қажетті жабдық бөлетін болсын.

11. Облыстық атқару комитеттері мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы:

а) селода мектеп оқушыларына арнап киім және аяқ киім, сондай-ақ оқу-жазу керек-жарақтарын сатуды жақсартуға шаралар алсын;

б) селолық жерлердегі мектептерде оқушылардың тамақтануын жақсартуды қамтамасыз етсін, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептердің жанындағы интернаттарда тұратын оқушылар үшін ата-аналардың қаражаты есебінен де, осы мақсаттарға арнап колхоздардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың бөлетін қаражаты есебінен де мектеп интернаттарда қолданылып жүрген нормалар бойынша күніне үш рет ыстық тамақ ұйымдастыратын болсын.

МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАРҒА ТИІСТІ ҮЙЛЕРДІ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1966 жылғы 11 июльдегі № 488
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1966 ж., № 33)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарға тиісті жалпы білім беретін мектептер орналасқан үлгі-жобамен салынған мектеп үйлері халық ағарту органдарына баланстағы құны бойынша тегін беріледі деп белгіленсін.

(Үшінші абзац) Жалпы білім беретін мектептер орналасқан бейімделген үйлер, сондай-ақ жеке жайлар кәсіпорындар мен ұйымдардың балансында қала береді.

2. Селолық мектептер мен қалалық поселкелердегі мектептердің үйлерін күрделі жөндеуден өткізу сол елді пункттердегі кәсіпорындар мен ұйымдарға жүктелсін.

Мектеп үйлерін күрделі жөндеуден өткізу сол үйлер балансында тұрған кәсіпорындардың, ұйымдар мен мектептердің қаржысының есебінен жүргізіледі.

3. Қазақ ССР Финанс министрлігі және халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері жыл сайын, 1967 жылғы 1 январьдан бастап, тиісті бюджеттерде мектептердің күрделі және кезекті жөндеуін өткізуге, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер пайдаланатын, бірақ кәсіпорындар мен ұйымдардың балансында тұратын үйлер мен жеке жайлардың аренда ақысына байланысты шығыстарына қаржы бөлетін болсын.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ, КӨРКЕМӨНЕР МЕКТЕПТЕРІ МЕН МЕКТЕПТЕН ТЫС МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІН ҰЛҒАЙТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫН НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1977 жылғы 29 декабрьдегі № 599
ҚАУЛЫСЫ

Балалар арасында тәрбие жұмысын жақсарту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Тұрғын үй қоры бар халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына 1978 жылдың 1 январьдан бастап тұрғын үй шаруашылығын пайдалану сметасында жиналатын пәтер ақының 2—3 процент мөлшерінде балалармен мәдени-көпшілік жұмыс жүргізуге шығындар көздеуге рұқсат етілсін.

---

[1] 1-пункттің екінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] Қаулының 1, 3—5-пункттері және 1—2 қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 11 июньдегі № 374
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Оқу министрлігінің кәсіпшілер одақтарының Қазақ республикалық советімен келісілген жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын қаржыландыру жоспарына сәйкес, кәсіподақ советтері мен комитеттері бойынша жазғы сауықтыру шараларымен жыл сайын қамту, ал министрліктер мен ведомстволар, еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері бойынша балалар мен жасөспірімдерді жазғы демалыспен өткен жылғыға қарағанда 5 проценттен кем емес қамту туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Республиканың министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті жыл сайын 1 марттан кешіктірмей жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің ұйымдасқан демалысы мен сауығуын қамтамасыз ету жөніндегі нақты шараларды белгілесін, оларда басқа мәселелермен қатар мыналарды көздейтін болсын:

а) жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын қала сыртындағы, санаториялық және қалалық пионер лагерьлерімен, спорт-еңбек лагерьлерімен, еңбек және демалыс лагерьлерімен, туристік жорықтармен, экскурсиялармен, экспедициялармен қамтуды;

б) пионер лагерьлерінің, еңбек және демалыс лагерьлерінің, спорт-еңбек лагерьлерінің, туристік базалардың жүйесін кеңейтуді;

в) колхозшылардың балаларын (колхоз басқармаларымен жасалған келісім бойынша) жазғы сауықтыру шараларымен қамтуды;

г) мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, балалар үйлерінің, арнаулы мектептер мен мектеп-интернаттардың барлық балаларын жазғы сауықтыру шараларымен қамтуды.

3. Министрліктер мен ведомстволарға, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттелсін:

а) жыл сайын 20 майға пионер, спорт, еңбек лагерьлерінің, еңбек және демалыс лагерьлерінің, туристік базалардың үйлері мен ғимараттарын жөндеуді аяқтау, оларды отынмен, мебельмен, транспортпен, спорт инвентарымен, өртке қарсы жабдықтармен және құтқару құралдарымен қамтамасыз ету.

Пионер лагерьлерінің ашылу мерзімі әдеттегідей, 5 июньнен, ал туристік базаларда — 15 июньнен кешіктірілмей белгіленсін;

б) жыл сайын, 10 майға дейін, балалармен жұмыс жүргізуге даярлықтан өтпеген адамдардың жіберілу оқиғаларына жол берместен пионер және басқа сауықтыру лагерьлерінің барлық түрлерін педагог—тәрбиешілермен, медицина және басқа да қызметкерлермен комплектеу.

Балалардың денсаулығы мен өмірінің, әсіресе тоғандарда шомылу, туристік жорықтар, экскурсиялар және экспедициялар кезінде хауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қамтамасыз етілсін.

Балалардың сауықтыру мекемелеріне жіберілетін балалар тиянақты медициналық байқаудан өткізілсін.

---

[1] 9-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

4. Республиканың министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті жазғы сауықтыру мекемелерінің, жорықтардың, экскурсиялар мен экспедициялардың шығындарын, тамақтану нормалары мен штаттарын анықтаған кезде мыналарды басшылыққа алсын:

а) қала сыртындағы пионер лагерьлері бойынша ВЦСПС Президиумының 1961 жылғы 7 апрельдегі және 1966 жылғы 7 июньдегі қаулыларымен бекітілген үлгі штатты кестесін;

санаториялы пионер лагерьлері бойынша бұдан басқа, ВЦСПС Президиумының 1966 жылғы 18 марттағы қаулысын және СССР Денсаулық сақтау министрінің 1966 жылғы 27 апрельдегі бұйрығын;

ВЦСПС Секретариатының 1968 жылғы 30 декабрьдегі қаулысымен бекітілген осы лагерьлерде балаларды ұстау құнының калькуляциясын;

б) қалалық пионер лагерьлері бойынша № 1 қосымшаға сәйкес үлгі штаттарын;

в) спорт-еңбек лагерьлері, еңбек және демалыс лагерьлері, туристік жорықтар, экскурсиялар және экспедициялар бойынша СССР Оқу министрінің «Мектеп оқушыларының арасында жазғы сауықтыру шараларын жүргізуді тәртіпке келтіру туралы» 1968 жылғы 19 июньдегі № 46 бұйрығымен бекітілген үлгі штаттарын және тамақтану нормаларын;

г) үй басқармалары жанындағы балалар алаңдары мен бөлмелерін құру және ұстау жөнінде — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 жылғы 10 сентябрьдегі № 718 қаулысын.

5. Мектеп жасына дейінгі балалардың сауықтыру мекемелерінде, мектептер жанындағы қалалық пионер лагерьлерінде, спорт-еңбек лагерьлерінде, еңбек және демалыс лагерьлерінде, жорықтарда, экспедицияларда, экскурсияларда бір балаға және оқушыға жұмсалатын шығынның нормасы № 2 және № 3 қосымшаларға сәйкес анықталсын.

6. Тегін берілетін жолдамалардың саны спорт-еңбек лагерьлеріндегі, еңбек және демалыс лагерьлеріндегі сауықтыру шаралары, туристік жорықтар, экспедициялар және экскурсиялар қамтитын оқушылардың жалпы санының 15 процентінен, ал қалалық пионер лагерьлерінде —10 проценттен аспауға тиіс деп белгіленсін.

7. Облыстық атқару комитеттері және Алматы қалалық атқару комитеті балалар мен жасөспірімдер арасындағы сауықтыру шараларына арналған шығындарды кәсіподақ ұйымдары мен ата-аналардың қаржыларын тарта отырып облыстың және Алматы қаласының бюджеттері есебінен өтейтін болсын.

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары республикалық бюджеттегі өздеріне бағынатын мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріндегі сауықтыру шараларына арналған шығындарды бұл мекемелерді ұстауға арналған сметаларда көзделген қаржылар шегінде өтейтін болсын.

8. Қазақ ССР Оқу министрлігі спорт-еңбек лагерьлері, қалалық пионер лагерьлері, еңбек және демалыс лагерьлері, туристік жорықтар, экскурсиялар және экспедициялар туралы ережелерді жасасын және бекітсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1969 жылғы 11 июньдегі
№ 374 қаулысына
№ 1 ҚОСЫМША

Қазақ ССР Оқу министрлігінің қалалық пионер лагерьлері қызметкерлерінің

ҮЛГІ ШТАТТАРЫ

	100 балаға арналған қалалық пионер лагері (26 күн)
Бастығы	1
Педагог-тәрбиеші	3
Дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы	0,5
Үй сыпырушы	1

Ескерту: 100 баладан артық болған кезде әрбір 30 балаға педагог-тәрбиеші қызметі қосымша енгізіледі.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1969 жылғы 11 июньдегі
№ 374 қаулысына
№ 2 ҚОСЫМША

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының сауықтыру мекемелерінде бір баланың болу мерзіміне жұмсалатын

ШЫҒЫНДАР НОРМАСЫ

(сом және тиын есебімен)

	мектеп жасына дейінгі балалардың сауықтыру мекемелері (75 күн)	Балалар үйінде (90 күн)	Туристік жорықтарда, экспедицияларда, экскурсияларда (13 күн)	100 және одан да артық қалалық пионер лагерьлерінде (26 күн)
Жалақы	Қолданылып жүрген штаттармен қызмет көрсетіледі.	Қолданылып жүрген штаттармен қызмет көрсетіледі.	2—08	4—18
Жалақыға үстеме есептеу	—	—	0—12	0—24
Маусым кезіндегі тамақтану	күніне балаға тағам үшін жұмсалатын қосымша норма 15 тиын	күніне балаға тағам үшін жұмсалатын қосымша норма 31 тиын	14—00	20—80
Шаруашылық шығындары, жабдық мәдени қызмет көрсету	—	—	3—00	1—30
			19—20	26—52
Барлығы:				
оның ішінде:				
ата-аналар қаржысы есебінен	—	—	40% 7—68	40% 10—61
бюджет бойынша қаржы есебінен	100%	100%	60% 11—52	60% 15—91

Ескерту: Егер балаларды дачаға шығаруға байланысты балалар бақшасы жазда тәулік бойы жұмыс істеуге көшірілсе, онда ол балалар бақшасының сауықтыру шараларына арналып көзделген бюджеттегі қаржылар шегінде 75 күн мерзімге аспаз көмекшісінің бір қызмет орнын, кір жуушының бір қызмет орнын және егер балалар ұйықтайтын бөлмелер бірінен бірі жеке үйлерде орналасса, түнгі бала күтушінің екі қызмет орнын қосымша тіркеуге праволы.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1969 жылғы 11 июньдегі
№ 374 қаулысына

№ 3 ҚОСЫМША

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының спорт-еңбек, еңбек және демалыс лагерьлерінде бір оқушыға жұмсалатын

ШЫҒЫНДАР НОРМАСЫ

(соммен және тиынмен)

	Оқушы контингентімен спорт-еңбек лагерьлері			50 және одан да артық оқушы контингенті бар еңбек және демалыс лагерьлері (26 күн)
	50-ден 100-ге дейінгі адам (26 күн)	101-ден 150-ге дейінгі адам (26 күн)	151-ден 200-ге дейінгі адам (26 күн)	
Жалақы	11—65	10—15	8—98	6—85
Жалақыға қоса есептеу	0—65	0—56	0—50	0—38
Маусым кезінде тамақтану	28—08	28—08	28—08	28—08
Шаруашылық шығындары	1—00	1—00	1—00	1—00
Барлығы:	41—38	39—79	38—56	36—31
оның ішінде:				
ата-аналардың қаржы есебінен 40%	16—56	15—92	15—40	14—52
бюджет бойынша қаржылар есебінен 60%	24—82	23—87	23—16	21—79

СЕЛОЛЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ТҰРАТЫН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТЕГІН ТАСУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1965 жылғы 14 августағы
УКАЗЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1965 ж., № 34)

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

1. Селолық жерлерде тұратын жалпы білім беретін бастауыш сегіз жылдық және орта мектептердің оқушылары мектепке дейін және мектептен тұратын жеріне дейін 1965 жылғы 1 сентябрьден бастап барлық жерде бірдей ұдайы тегін тасылатын болсын.

2. Қазақ ССР Министрлер Советі селолық жерлерде тұратын мектеп оқушыларын тегін тасуды қолдануға байланысты қажетті шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін болсын. Оқушыларды тегін тасуды ұйымдастырғанда маршруттық автобустар, совхоздардың және басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың транспорты, қала төңірегінде жүретін және жергілікті поездар, сондай-ақ колхоздардың транспорт құралдары пайдаланылатын болсын.

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ СЕЛОЛЫҚ ЖЕРЛЕРІНДЕ ТҰРАТЫН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТЕГІН ТАСУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1965 жылғы 14 августағы № 578
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1965 ж., № 36)

СССР Жоғарғы Советі Президиумының «Селолық жерде тұратын мектеп оқушыларын тегін тасу туралы» 1965 жылғы 9 июльдегі қаулысына[2] сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Селолық жерлерде тұратын жалпы білім беретін бастауыш сегіз жылдық және орта мектеп оқушыларын мектепке дейін одан қайтарда тұратын жеріне дейін ұдайы тегін тасуды 1965 жылғы 1 сентябрьден бастап барлық жерде бірдей қолдану қажет деп табылсын.

2. Еңбекшілер депутаттарының Тың өлкелік, облыстық, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттеріне 1965 жылғы 25 августқа дейін мыналар жүзеге асыру міндеттелсін:

в) әрбір елді мекен, совхоз, колхоз сайын мектепке дейін және одан қайтарда тасып жеткізуге мұқтаж оқушылардың саны, мектеп оқушыларын таситын транспорттың түрлері, оқушыларды тасуды ұйымдастыруға жауапты адамдар белгіленсін.

Оқушыларды тегін тасуды ұйымдастыруға маршруттық автобустар, совхоздардың және басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың транспортын, қала төңірегінде жүретін және жергілікті поездарды, сондайақ колхоздардың транспорт құралдарын пайдалану керек.

3. Қазақ темір жолы басқармасы қала төңірегінде жүретін және жергілікті поездармен мектеп оқушыларын тасу тәртібін, ол поездардың аялдайтын орындарын және қанша уақытқа тоқтайтынын белгілейтін болсын.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ СЕЛОЛЫҚ ЖЕРЛЕРІНДЕ ТҰРАТЫН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТЕГІН ТАСУ ТУРАЛЫ» 1965 ЖЫЛҒЫ 14 АВГУСТАҒЫ № 578 ҚАУЛЫСЫН ІШІНАРА ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ[3]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1966 жылғы 30 марттағы № 226
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1966 ж., № 18)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР-інің селолық жерлерінде тұратын мектеп оқушыларын тегін тасу туралы» 1965 жылғы 14 августағы № 578 қаулысының 2-пунктінің «в» тармақшасына

---

[1] 2-пункттің «в» тармағының үшінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1966 ж. 30 марттағы № 226 қаулысымен күші жойылды деп танылды. (239-бетті қараңыз).

1-пункттің екінші абзацы, 2-пункттің «а» және «б» тармақтары, 4 және 5-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

[3] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ішінара өзгеріс енгізіліп, оқушылардың тегін жүріп тұруына байланысты шығындар алдағы уақытта тиісті кәсіпорындардың, совхоздар мен ұйымдардың шаруашылық жұмыстарының нәтижесіне жатқызылатын болып белгіленсін.

Қазақ ССР Финанс министрлігіне мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, жоғарыда көрсетілген мақсатқа қажетті шығындарды кәсіпорындар мен совхоздардың жыл сайынғы финанс жоспарларында белгілеп отыру тапсырылсын.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫ, ТӘРБИЕЛЕУДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ ДАЯРЛАУДЫ ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ» 1977 ЖЫЛҒЫ 22 ДЕКАБРЬДЕГІ № 1111 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1978 жылғы 17 февральдағы № 66
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 6, 20-ст.)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап көрсетеді: республикада халыққа білім беру саласында едәуір табыстарға қол жетті. Жалпыға бірдей орта білім беруге көшу аяқталды. Жеткіншек ұрпақ өмірге толық орта біліммен аяқ басады, мұның өзі еңбек өнімділігін, рухани мәдениетті одан әрі арттыруға, коммунистік қоғам адамын қалыптастыруға жаңа мүмкіндіктер жасайды.

Білім берудің мазмұны жаңартылды, жаңа оқулықтар мен оқу құралдары жасалды. Көптеген мектептерде оқу-тәрбие жұмысының дәрежесі көтерілді. Оқушылардың қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке қатысуы артып келеді. Халыққа білім беру мекемелерінің оқу-материалдық базасы нығайды.

Сонымен қатар жалпы білім беретін мектептің жұмысындағы КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысында көрсетілген кемшіліктердің біздің республикаға да толық қатысы бар.

Жалпыға бірдей міндетті орта білім алу жағдайында оқушыларға еңбек үйрету, тәрбиелеу мен кәсіптік бағдар беру ісі кей жерлерде қоғамдық өндіріс пен ғылыми-техникалық прогрестің өскелең талаптарына жауап бермейді. Оқушыларға еңбек үйретуді ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасауға жекелеген министрліктер мен ведомстволар тарапынан аз көңіл бөлініп келеді, оқу-өндірістік комбинаттар жүйесі баяу дамуда.

---

[1] Мыналар күшін жойды деп танылды: 4-пункттің төртінші абзацы, 7-пункттің екінші және бесінші абзацтары, 10-пункттің төртінші абзацы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 30 декабрьдегі № 500 қаулысымен.

2, 3-пункттер, 5-пункттің үшінші абзацы, 6-пункт, 7-пункттің үшінші және төртінші абзацтары, 8-пункт, 14-пункттің бірінші — үшінші абзацтары, 15-пункт, 17-пункттің бірінші абзацы, 18-пункт; 19-пункттің бірінші абзацы, 20—23 пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

24-пункттің КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 ж. 22 декабрьдегі № 1111 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қарацыз).

Мектеп программалары мен оқулықтары бірқатар реттерде басы артық информация мен екінші дәрежелі материалдарға шамадан тыс толы. Оқыту мен тәрбиенің тұтас бірлік принципі үнемі дәйектілікпен жүзеге асырыла бермейді, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі формасы ретінде сабақты жетілдіруге тиісті көңіл бөлінбейді. Республикада көрнекі-оқу құралдар, оқу фильмдері және диафильмдер аз шығарылады.

Мектеп оқушыларын тәрбиелеуге, олардың қоғамдық белсенділігі мен инициативасын дамытуға оқушылар коллективінің ықпалы толық дәрежеде пайдаланылмайды. Көптеген мектептерде оқушылар комитеттері жоқ, біздің Отанымыздың өмірі мен Коммунистік партияның саясаты туралы оқушылардың жас ерекшеліктеріне жауап беретін жүйелі информация барлық жерде бірдей ұйымдастырылмаған.

Қазақ ССР Оқу министрлігі мен жергілікті жердегі халыққа білім беру органдары жалпы білім беретін мектептерде оқу-тәрбие процесінің барысында бақылауды жеткіліксіз дәрежеде жүзеге асырады, оқушылардың білім сапасын жақсарту, идеялық-саяси, еңбек және адамгершілік тәрбиенің жайы үшін мектеп басшылары мен педагогикалық коллективтерге тиісті талаптар қоймайды.

Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, халыққа білім беру органдары, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бірқатар жерлерде балалар мен жастарды еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеуде мектептің, семья мен өндірістік коллективтердің күш-жігерін біріктіре алмады, осы жұмыстың жақсы тәжірибесін баяу таратуда.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жалпы білім беретін мектептерде оқушыларды оқытуды, тәрбиелеуді және оларды еңбекке даярлауды одан әрі жетілдіру туралы» 1977 жылғы 22 декабрьдегі № 1111 қаулысы [1] қалтқысыз басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

4. Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті жалпы білім беретін мектепте еңбекке тәрбиелеудің және үйретудің жан-жақты жақсартылуын қамтамасыз етсін.

Бұл мақсатта:

мектепке таяу кәсіпорындарды, совхоздар мен колхоздарды пайдалануды есепке ала отырып, оқушыларға тиімді түрде еңбек үйрету және оларға кәсіптік бағдар беру ұйымдастырылсын, мектептерде бастауыш кластар үшін еңбек жөніндегі жұмыс бөлмелері, оқу шеберханалары жабдықталсын, оқу-тәжірибе учаскелері құрылсын. Мектеп оқушыларының қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуы олардың жас ерекшеліктеріне қарай жүзеге асырылсын;

(бесінші абзац) халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері жанындағы жастарға кәсіптік бағдар беру және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссиялардың жұмысы күшейтілсін, жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға кәсіптік бағдар беру жөніндегі оқу-методикалық кабинеттер ұйымдастырылсын;

қоғамдық қажеттерге сәйкес және оқушылардың бейімділігін, қабілеттілігін және еңбекке даярлығын ескере отырып, оқуын онан әрі жалғастырмайтын жалпы білім беретін орта мектептерді бітірушілердің бәрін халық шаруашылығының түрлі салаларына жоспарлы түрде жұ-

[1] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

мысқа тарту қамтамасыз етілсін. Орта мектепті бітіргеннен кейін оқушылардың материалдық өндіріс саласында жұмыс істеуге ұмтылуы барынша мадақталсын.

Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттері және Алматы қалалық атқару комитеті оқу орындарын оқушылардың өздері таңдап алу правосын ескере отырып, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта оқу орындарын және жалпы білім беретін мектептердің тоғызыншы кластарын сегізінші класты бітірген оқушыларды оқуға қамтудың жылдық және перспективалық бірыңғай жоспарлары негізінде сегізінші класты бітірушілермен толықтыру практикасын жетілдіре берсін.

5. Қазақ ССР Оқу министрлігі:

мектептерді еңбек үйрететін мұғалімдер кадрларымен нығайтсын, оларды педагогика институттары мен училищелерінде даярлауды ұлғайтсын.

9. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі, министрліктер мен ведомстволар, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері мектеп оқушыларының қоғамдық пайдалы еңбекке қатысу формаларын — мектеп шеберханаларын, оқушылардың өндірістік бригадаларын, еңбек және демалыс лагерьлерін және басқа да еңбек бірлестіктерін барынша дамытсын.

10. Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институты:

оқу жоспарларында, программалары мен оқулықтарда тиісті ғылымдар негіздері қажетті көлемде болуы, олардың оқылатын пәндердің политехникалық, еңбек және тәрбиелік бағытта жүргізілуін қамтамасыз етуі үшін оларға өзгерістер енгізсін;

оқу программалары мен оқулықтарды шамадан тыс күрделі және екінші дәрежелі материалдан арылтсын;

(бесінші абзац) оқушылардың оқу нагрузкасын бақылауды жүзеге асырсын, факультативтік сабақтарды Қазақ ССР-інің мектептерінде қолданылып жүрген оқу жоспарында көзделген көлемде сақтай отырып, олардың өткізілуін тәртіптесін.

11. Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

күні ұзартылған мектептер мен кластардың, әсіресе селолық жерлерде жұмысын жақсарту және оқу-материалдық базасын нығайту жөнінде нақты шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын;

жалпы білім беретін мектептердің даярлық кластарына балаларды қабылдауды ұлғайтсын;

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға ерекше қамқорлық жасай отырып, мектеп-интернаттардың, мектептер жанындағы интернаттардың жұмысын жақсартуды қамтамасыз етсін;

мектеп-интернаттардың үйлерін басқа мақсаттарға пайдалануға жол бермейтін болсын.

12. Жалпыға бірдей орта білім беруді жүзеге асыруда жалпы білім беретін кешкі (сменалық) мектептердің маңызды роль атқаратынын ескере отырып, Қазақстан Компартиясы облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, халық депутаттарының облыстық, қалалық және ауаудандық Советтерінің атқару комитеттері, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, республиканың министрліктері мен ведомстволары

жұмыс істеп жүрген жастардың толық көлемде орта білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасайтын болсын; жалпы білім беретін кешкі (сменалық) мектептер мен олардың филиалдарының жүйесін тікелей кәсіпорындарда, совхоздар мен колхоздарда кеңейтсін, олардың материалдық базасын нығайтуға және жұмысын жақсартуға шаралар қабылдансын.

Әлеуметтік даму жоспарларына және социалистік жарыс шарттарына жұмыс істейтін жастарды оқыту жөніндегі көрсеткіштерді енгізу еңбек коллективтеріне ұсынылсын.

13. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институты, Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті мұғалімдерге көмек ретінде оқу пәндері бойынша методикалық әдебиеттер шығарсын, мұғалімдерге арналған оқу құралдарының идеялық-теориялық және ғылыми-методикалық дәрежесін одан әрі көтеру жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырсын, мектеп кітапханаларының және орта білім беретін кәсіптік-техникалық училищелердің кітапханаларының қоғамдық-саяси, оқулық, көркем, анықтама-информациялық, ғылыми-педагогикалық әдебиетке және көрнекі-оқу құралдарға деген қажетін қамтамасыз етсін, бұл үшін тиісті басылымдардың тиражын арттырсын.

Мұғалімдерге, мектеп пен семьяға көмек көрсету үшін республикалық ғылыми-методикалық журналдардың мүмкіндігін анағұрлым толық пайдалануға шаралар қабылдансын; журналдардың редколлегия құрамы нығайтылсын, олардың жұмысына тәжірибелі педагогтар мен ғалымдар тартылсын.

14. *(Төртінші абзац)* Қазақ ССР Оқу министрлігі орта және сегіз жылдық мектептердің директорларын, олардың орынбасарларын, аудандық және қалалық оқу бөлімдерінің қызметкерлерін педагогикалық институттар жанындағы мамандық көтеру факультеттері мен мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында қайта даярлауды жүзеге асырсын.

16. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен және СССР Оқу министрлігімен келісіп алғаннан кейін жалпы білім беретін орта мектептерге мұғалімдік жұмысқа жіберілетін түлектердің саны мен профилін осы кадрларға деген қажетті есепке ала отырып республиканың әр университеті бойынша жыл сайын анықтап отырсын.

Университеттің мұғалімдік жұмысқа даярланатын студенттері үшін психология-педагогика пәндері циклін оқып-үйренуге бөлінетін сағат санын белгіленген тәртіп бойынша молайту көзделсін.

17. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Оқу министрлігі 1979 жылдан бастап педагогикалық институттар мен училищелерде бейнелеу өнері, физкультура, музыка және ән-күй мұғалімдерін даярлауды белгіленген тәртіп бойынша ұлғайтсын, осы оқу орындарының материалдық базасын нығайтуға және кеңейтуге қажетті шаралар қабылдансын.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті «Жалын» баспасы жанынан балалар үшін музыка мен бейнелеу өнері бойынша оқу құралдарын, оқулықтар және басқа әдебиет шығару жөніндегі редакция құратын болсын.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен Қазақстан Суретшілер одағының басқармасы Алматы қаласында Қазақ ССР Мемлекеттік өнер

музейі жанынан балалардың бейнелеу творчествосының тұрақты жұмыс істейтін республикалық көрмесін ұйымдастырсын.

19. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша мектептерді жөндеуге бөлінетін қаражат есебінен мектептердің сметаларында жалпы білім беретін мектептердің асханалары мен буфеттеріне жөндеу жүргізуге, техникалық бақылауды жүзеге асыруға, технологиялық және мұздатқыш жабдықты ауыстыруға қаражат көздейтін болсын, ал Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы осы жұмыстардың жүргізілуін қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жалпы білім беретін селолық мектептердің оқушыларына қызмет көрсетуі үшін шағын тоннажды автомобильдерді арнайы мақсатқа бөлуді жыл сайын көздеп отырсын.

ҚАЗАҚ ССР ОҚУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖАСТАРДЫ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1976 жылғы 29 декабрьдегі № 565
ҚАУЛЫСЫ

Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыруды одан әрі жақсарту мақсатында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Осыған қосылған Жастарды кәсіптік бағдарлау және орналастыру жөніндегі комиссия туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан КП Орталық Комитеті
мен Қазақ ССР Министрлер Советінің
1976 жылғы 29 декабрьдегі
№ 565 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ЖАСТАРДЫ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ[2]

2. Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссиялар халық депутаттарының аудандық, қалалық, облыстық Советтері атқару комитеттерінің жанында және Қазақ ССР Министрлер Советінің жанында құрылады.

3. Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі аудандық, қалалық, облыстық комиссияларды аудандық, қалалық,

---

[1] 1, 3-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Тақырыбына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 16 шольдегі № 252 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

[2] 1-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 16 шольдегі № 252 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

облыстық партия комитеттері және халық депутаттары Советтерінің тиісті атқару комитеттері құрады, олардың құрамын партия комитеттерінің бюросы және халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері бекітеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссияның құрамын Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

4. Жастарды кәсіптік-бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссия құрамына комиссия председателі, оның орынбасарлары, жауапты секретарь (штаттағы қызметкер) және мүшелері болып қоғамдық негізде жұмыс істейді. Комиссияға партия, кәсіподақ және комсомол комитеттерінің, Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитетінің, халыққа білім беру, кәсіптік-техникалық білім беру органдарының және шаруашылық ұйымдарының өкілдері кіреді.

Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссиялар қажет болған реттерде халық депутаттары Советтерінің тұрақты комиссияларымен және жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялармен бірлесіп жұмыс істейді. Комиссиялардың қаулылары халық депутаттарының тиісті советтерінің территориясында орналасқан барлық мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ қызмет адамдары мен азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

5. Жастардың кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі аудандық, қалалық, облыстық комиссиялар өз қызметінде қолданылып жүрген заңдарды және осы Ережені, сондай-ақ Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссияның ұсыныстарын басшылыққа алады.

6. Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі аудандық (қалалық) комиссиялар:

— жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық оқу орындарында, кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда және колхоздарда құрылған кәсіптік-консультациялық бюролар жүргізетін оқушыларды кәсіптік бағдарлау жөніндегі сондай-ақ оқушыларды еңбекке оқыту және кәсіптік бағдарлау жөніндегі мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттар жанындағы кәсіптік бағдарлау жөніндегі кабинеттер жүргізетін жұмысты біріктіреді және бағыттап отырады.

— Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитетінің, халыққа білім беру және кәсіптік-техникалық білім беру органдарының комсомол, кәсіподақ және шаруашылық ұйымдары өкілдерінің қатысуымен орта мектептерді бітірушілерді еңбекке орналастыру жөнінде белгіленген тапсырмаларды орындауға бағытталған шараларды белгілейді және 8 кластарды бітіретін оқушыларды жұмысқа орналастыруды немесе оған әрі оқытуды жүзеге асырады;

— жалпы білім беретін мектептердің сегізінші кластарын бітіретін оқушыларды кәсіптік-техникалық, арнаулы орта оқу орындарына және жалпы білім беретін орта мектептердің тоғызыншы кластарына қабылдаудың бірегей жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

— Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдарымен бірлесіп облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті мектептердің ұсыныстарын, денсаулықтары мен еңбек дағдыларының жағдайын ескере отырып белгіленген, жастарды еңбекке орналастыру жөніндегі жоспарлы тапсырмалар негізінде және шегінде

жастарды кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, совхоздар мен колхоздарға жібереді;

— кәсіптік-техникалық білім беру органдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, совхоздар мен колхоздардың жалпы білім беретін мектептерге оқушы жастарды кәсіптік бағдарлауды жүзеге асыруға, бұл жұмысты жоспарлы түрде, мақсат қоя жүргізуге жетекші мамандарды, өндіріс озаттарын тарта отырып, жан-жақты көмек көрсету жөніндегі жұмысын жандандырады;

— мектептердің, кәсіптік-техникалық училищелердің, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, совхоздар мен колхоздар басшыларының жастарды кәсіптік бағдарлауды жұмысқа қабылдауға және онан әрі оқытуға әзірлікті ұйымдастыру, олардың еңбегі, тұрмысы және жалпы білім дәрежесін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау, кәсіптік оқытуды жас жұмысшылар, колхозшылар және қызметшілер арасындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі хабарларын тыңдайды;

— кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, совхоздар мен колхоздардың жалпы білім беретін орта мектептерді, кәсіптік-техникалық училищелерді бітірушілерді және орта білім алмаған жастарды жұмысқа қабылдауға әзірлігіне бақылау ұйымдастырады;

— кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен және Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдарымен бірлесіп еңбек заңдарының орындалуын, кәсіптік оқытуды ұйымдастыруды, жастардың білім

және кәсіптік дәрежесін онан әрі арттыру үшін, олардың өндірісте тұрақтауына көмектесетін қажетті мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасалуын бақылауды жүйелі түрде жүзеге асырады;

— Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитетінің, халыққа білім беру және кәсіптік-техникалық білім беру органдарынан, кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдардан, совхоздар мен колхоздардан оқушыларды кәсіптік бағдарлау, оларды жұмысқа, оқуға орналастыру мәселелері жөніндегі қажетті хабарларды алып отырады және талдап қорытылған деректерді жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке ұйымдастыру жөніндегі жоғары тұрған комиссияға береді;

— жоғары және арнаулы орта оқу орындарының ректорларымен және комсомол комитеттерімен және Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдарымен бірлесіп конкурс бойынша өтпеген абитуриенттерді еңбекке орналастыруға шаралар қолданады.

7. Жастарды кәсіптік-бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі қалалық (аудандарға бөлінген қалалардағы) облыстық комиссиялар:

— тиісті мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер арқылы жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі шараларды белгілейді және жүзеге асырады;

— жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі аудандық (қалалық) комиссияның қызметін бақылайды, бағыттап және үйлестіріп отырады, методикалық көмек көрсетеді, олардың жұмысының оңды тәжірибесін талдап қорытады және таратып отырады.

8. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссия:

— кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, совхоздардың, колхоздардың, барлық үлгідегі оқу орындарының сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың оқушыларды кәсіптік бағдарлау және жалпы білім беретін мектептерді бітірушілерді еңбекке орналастыру жөніндегі жұмысын біріктіреді және бағыттап отырады;

— халық депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері жанындағы жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссиялардың қызметін бақылап және үйлестіріп отырады, оларға методикалық көмек көрсетеді, олардың жұмысының оңды тәжірибесін талдап қорытады және таратып отырады.

9. Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссиялар өзінің барлық қызметінде халық депутаттары Советтерінің тиісті атқару комитеттерінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің алдында жауапты.

10. Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссиялар өздерінің мәжілістерінде бекітілетін тоқсандық жоспарлар негізінде жұмыс істейді. Комиссиялардың жұмысына, мәселелерді қарау үшін әзірлеуге жергілікті Советтердің депутаттары, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, сондай-ақ кәсіподақ, комсомол және басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдері тартылады.

11. Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссиялардың мәжілістері олардың құрамының кемінде жартысы болған кезде праволы болып табылады.

12. Комиссиялардың қаулылары мәжіліске қатысқан комиссия мүшелерінің жай басым көпшілік дауысымен қабылданады.

Қаулыға председательдік етуші қол қояды және халық депутаттары жергілікті Советтерінің тиісті атқару комитетіне немесе жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссиялар-

ға, мекемелерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға, совхоздарға, колхоздарға, қоғамдық ұйымдарға орындау үшін көшірме түрінде жіберіледі.

13. Жастарды кәсіптік бағдарлау және еңбекке орналастыру жөніндегі комиссияларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету тиісінше халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттеріне және Қазақ ССР Министрлер Советіне жүктеледі.

ҚПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІ, БАУЛУДЫ, ОЛАРҒА ҚӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДІ ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ПАЙДАЛЫ, ӨНІМДІ ЕҢБЕГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ» 1984 ЖЫЛҒЫ 12 АПРЕЛЬДЕГІ № 314 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1984 жылғы 10 майдағы № 175 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиелеуді, баулуды, оларға кәсіптік бағдар беруді жақсарту және олардың қоғамдық пайдалы, өнімді еңбегін ұйымдастыру туралы» 1984 жылғы 12 апрельдегі № 314 қаулысы ескеріліп, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Облыстық партия комитеттері, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері жалпы білім беретін мектептер оқушыларын еңбекке тәрбиелеуді, баулуды және оларға кәсіптік бағдар беруді түбегейлі жақсартуға, олардың дербес өмірге практикалық және моральдық-психологиялық даярлық дәрежесін арттыруға, жеткіншек ұрпақтың бойында еңбекке деген саналы қажеттіліктің қалыптасуына шаралар қолдансын, бұл үшін қажетті жағдайлар жасайтын болсын. Мектеп оқушыларының ғылым негіздерін оқып-үйренуі олардың жүйелі, ұйымдастырылған шама-шарқына лайық қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуымен өзара тығыз байланысын қамтамасыз етсін.

3. Жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын еңбекке тәрбиелеу мен оларға кәсіптік бағдар беруді жақсарту мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдардың оқу цехтары мен учаскелерінде, мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарында, мектептік және мектепаралық оқу және оқу-өндірістік шеберханаларында, қосалқы шаруашылықтарда, өндірістік оқушылар бригадалары мен звеноларында, мектептің орманшылықтары мен басқа да еңбек бірлестіктерінде қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке оқушылардың міндетті түрде қатысуын жүзеге асыру қажет деп табылсын. Мектеп оқушыларын жазғы каникул кезінде халық шаруашылығындағы шамасы келетін жұмыстарға ерікті-

[1] 13-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиелеуді, баулуды, оларға кәсіптік бағдар беруді жақсарту және олардың қоғамдық пайдалы, өнімді еңбегін ұйымдастыру туралы» 1984 ж. 12 апрельдегі № 314 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

лік негізінде кеңінен қатыстырсын. Оқушы жастардың «өз еңбегім өз республикамның еңбегіне қосылады» деген ұранмен өтетін патриоттық қозғалысын өрістетсін. Пионер лагерьлерінде тынығып жатқан мектеп оқушыларының еңбекке қатысуына жағдайлар жасайтын болсын.

Оқушылардың қоғамдық пайдалы, өнімді еңбегіне тікелей басшылық ету мектептердің мұғалімдеріне, тәрбиешілеріне және оқу-өндірістік комбинаттарының өндірістік оқу мастерлеріне, кәсіпорындар мен ұйымдардың оқу цехтары мен учаскелерінің қызметкерлеріне жүктеледі.

4. Халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері жалпы білім беретін орта, тоғызжылдық, сондай-ақ арнаулы орта білім беретін мектептерге базалық кәсіпорындарды (ұйымдарды) бекітіп, оларға да жалпы білім беретін мектеппен қатар оқушыларды еңбекке даярлауды ұйымдастыру жөніндегі жауапкершілікті жүктейтін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері салалардың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында мектептердің базалық кәсіпорындарына (ұйымдарына) оқушыларды еңбекке даярлауды ұйымдастыруға қажетті материалдық ресурстар бөлуді көздеп отырсын.

5. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, халық ағарту, денсаулық сақтау органдары, кәсіподақ және комсомол комитеттері, педагогикалық коллективтер оқушылар мен олардың қоғамдық ұйымдарының өзіне өзі қызмет етуді еңбек, адамгершілік және гигиеналық тәрбиенің бөлінбес бөлігі ретінде дамыту жөніндегі инициативасын барынша қолдап отырсын. Ата-аналар комитеттерінің, кәсіпорындар мен ұйымдардың кәсіподақ комитеттерінің семья мен мектепке жәрдемдесу жөніндегі комиссияларының сәбилер мен жеткіншектерді тәрбиелеудегі, оқушыларды еңбекке тәрбиелеуге, соның ішінде семьяда балалар еңбегін ұйымдастыруға ата-аналардың ықпалын күшейтудегі ролін арттырсын.

6. Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР-інің басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволары оқушы жастарға кәсіптік бағдар беру жөніндегі жұмысты едәуір жақсартатын болсын.

Қазақ ССР Оқу министрлігі жалпы білім беретін орта мектептерде кәсіптік-бағдар берудің оқу-методикалық кабинеттерінің жұмыс дәрежесін арттырсын, мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттары мен ірі тоғызжылдық мектептерде осындай кабинеттер құратын болсын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті жастарға кәсіптік бағдар беру жөніндегі анықтама әдебиетті шығаруды арттырсын.

7. Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті орта кәсіптік-техникалық училищелердің базасында мектеп оқушыларын еңбекке баулуды, қоғамдық пайдалы, өнімді еңбегін ұйымдастыруды кеңінен практикаласын. Оқу программаларында мектеп оқушыларын еңбекке баулу мен орта кәсіптік-техникалық училищелердегі жастарды кәсіптік даярлаудың сабақтастығы көзделсін.

8. Халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері Қазақ ССР-інің мүдделі министрліктері мен ведомстволарының қатысуымен 1985—1986 жылдары мектеп оқушыларын еңбекке даярлауға арналған материалдық базаны дамыту жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын. Кәсіпорындар мен ұйымдардың оқу цехтары мен учаскелерін, мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарын, мектептік және мектеп-аралық оқу және оқу-өндірістік шеберханаларын, мектептердің еңбекке баулу кабинеттерін, оқу-тәжірибе учаскелерін, қосалқы шаруашылықтарды, тұрақты еңбек пен тынығу лагерьлерін, оқушылардың өндірістік бригадалары мен мектеп орманшылықтарының дала қостарын қажетті мөлшерде құруды, сондай-ақ оқушыларды еңбекке баулу мен қоғамдық пайдалы, өндірімді еңбегін ұйымдастыруға арналған үй-жайлар салуды қамтамасыз етсін.

Мектептер мен мектептен тыс мекемелердің мектеп оқушыларын еңбекке баулуға, техникалық творчество мен ауыл шаруашылық тәжірибешілігі жөніндегі кластан тыс және мектептен тыс жұмыс жүргізуге қажетті материалдармен қамтамасыз етілуі ұйымдастырылсын.

9. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға арналған жоспарларының жобаларында Қазақ ССР Оқу министрлігіне жалпы білім беретін мектептер үшін жыл сайын қосарлана басқарылатын 340 тракторды және 180 жүк автомобилін қосымшаға сәйкес бөлуді көздеп отырсын.

10. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарының, кәсіпорындардың (ұйымдардың) оқу цехтары мен учаскелерінің VIII—XI кластары оқушыларын еңбекке баулу жөніндегі жұмысын жақсартуға шаралар қолдансын.

11. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері белгіленген тәртіп бойынша бекітілетін кәсіптер тізіміне сүйене отырып, сондай-ақ халық шаруашылығының кадрларға деген қажеттерін, өндірістік және оқу-материалдық базасының бар-жоғы мен олардың мүмкіндіктерін, қалалық және селолық мектептердің ерекшеліктерін ескере отырып, мектеп оқушыларын еңбекке баулудың профильдерін, олардың қоғамдық пайдалы, өнімді еңбегінің нақты мазмұнын айқындасын, жалпы білім беретін мектептердің түлектерін уақтылы жұмысқа орналастыруды жүзеге асырсын. Тоғызжылдық және орта мектептерді бітірушілердің одан әрі оқуы мен жұмысқа орналасуының әр түрлі бағыттары бойынша оларды бөлуді жоспарлауды тәртіпке келтірсін.

12. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің басқа да министрліктері мен ведомстволары және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советімен және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетімен бірлесіп, оқушылардың өндірістік бригадаларының одан әрі дамуын қамтамасыз етсін, оларды әрбір ірі селолық мектепте ұйымдастырсын, олардың жұмысына мектеп оқушыларының басым көпшілігінің қатысуына күш салсын. Оқушылардың өндірістік бригадаларының құрамында ауыл шаруашылық жұмыстарының алуан түрі жөніндегі тұрақты звенолары жасақталсын.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 10 майдағы № 175 қаулысына

ҚОСЫМША

1986—1990 жылдары Қазақ ССР Оқу министрлігіне жалпы білім беретін мектеп үшін бөлінетін қосарлана басқарылатын жүк автомобильдері мен тракторлардың САНЫ

(жылына дана)

	Автомобильдер	Оқу тракторлары
БАРЛЫҒЫ	180	340
соның ішінде:		
Ақтөбе облысы	9	17
Алматы облысы	10	21
Шығыс Қазақстан облысы	10	17
Гурьев облысы	5	8
Жамбыл облысы	9	19
Жезқазған облысы	5	8
Қарағанды облысы	12	13
Қызылорда облысы	9	15
Көкшетау облысы	10	24
Қостанай облысы	13	26
Маңғышлақ облысы	3	4
Павлодар облысы	10	19
Солтүстік Қазақстан облысы	8	17
Семей облысы	9	19
Талдықорған облысы	9	19
Торғай облысы	6	15
Орал облысы	8	21
Целиноград облысы	12	23
Шымкент облысы	18	35
Алматы қаласы	5	—

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН СЕЛО МЕКТЕПТЕРІ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІШІНЕН МЕХАНИЗАТОР КАДРЛАРЫН ДАЯРЛАУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 21 январьдағы № 47
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың бірқатар селолық мектептері, колхоздары мен совхоздары оқушыларды еңбекке үйрету мен тәрбиелеу жөніндегі бірлескен жұмысты жемісті жүргізіп, оларды ауыл шаруашылығындағы маманданған еңбекке табысты дайындап келе жатқанын атап көрсетеді.

Республиканың орта мектептерінің көптеген бітірушілері колхоздар мен совхоздарда жұмыс істеуге қалады. Соңғы үш жылда орта мектеп бітірушілердің 78 мыңнан астамы ауыл шаруашылығында еңбекке орналастырылды.

Сонымен қатар Қазақ ССР Министрлер Советі еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, халыққа білім беру және ауыл шаруашылығы органдары соңғы кезде оқушыларды

мамандanған ауыл шаруашылығы еңбегіне дайындау және мектеп бітірушілерді совхоздар мен колхоздарда қалдыру жөніндегі селолық орта білім беретін мектептердің, совхоздар мен колхоздардың жұмысын нашарлатып алғанын атап көрсетеді.

Селолық мектептердің оқушыларын еңбекке даярлау көбінесе ауыл шаруашылығы өндірісінен тыс, оның сұранысын еске алмай, жүргізіледі. Өткен жылы селолық мектептердің IX—X кластарының 127 370 оқушыларының тек 20 780-і, немесе 16,3 проценті ғана, тракторлар мен ауылшаруашылығы машиналары бойынша практикумдарын өткен. Бұл мақсаттарға факультативтік сабақтар пайдаланылмайды десе де болады.

Кейбір облыстарда IX—X класс оқушыларының кәсіби дайындығы жүргізілмейтіндігін немесе тек жекелеген мектептерде жүргізілетіндігін, бұл үшін көптеген мектептердің қажетті жағдайлары бар болса да, дұрыс деуге болмайды. Оқушылық өндіріс бригадаларының саны азайып кетті, оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету нашарлады, тәжірибелік жұмыстың деңгейі төмендеді.

Көптеген совхоздар мен колхоздар мектептерге оқу кабинеттері мен шеберханаларды жабдықтауда тиісті көмек көрсетпейді, шаруашылықтардың шеберханаларында, мал шаруашылығы фермаларында оқушыларды жұмыс орнымен қамтамасыз етпейді, мектептерге білікті жұмысшылар мен мамандарды, сондай-ақ оқушылардың практикалық сабақтары мен өндірістік практикасы үшін техниканы, жанар-жағар май материалдарын бөлмейді. Кейбір колхоздар мен совхоздарда шаруашылықтарда жұмысқа қалатын мектеп бітірушілерге еңбек пен тұрмыс үшін қажетті жағдайлар жасалмайды.

Селолық жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасынан механизаторлық кадрларды дайындау және мектеп бітірушілерді ауыл шаруашылығында еңбекке орналастыру жөніндегі жұмысты жақсарту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне жалпы білім беретін село мектептерінде еңбек және политехникалық оқу жөніндегі жұмысты жақсарту, VIII—X кластардың оқушыларын механизаторлық мамандық бойынша даярлауды ұйымдастыру міндеттелсін.

2. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігімен және Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігімен бірлесіп орта мектептердің оқушыларын даярлауды ұйымдастыруды басшылыққа алу жөніндегі мамандықтар тізбегін анықтау, оқу жоспарлары мен программаларын жасау міндеттелсін.

3. Облыстық атқару комитеттеріне кадрлардың қажеттілігіне және оқу-өндірістік базаның мүмкіндіктеріне сәйкес Қазақ ССР Оқу министрлігінің келісімі бойынша жыл сайын 1 апрельге дейін әрбір келесі жылға VIII—X кластардың оқушылары даярлануға тиіс мектептер мен мамандықтарды бекіту, сондай-ақ бұл үшін базалық шаруашылықтар бекітіп беру міндеттелсін.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне, совхоздардың, «Қазсельхозтехника» кәсіпорындарының басшыларына кадрлар даярлау жоспарына сәйкес мыналар міндеттелсін және колхоздардың басқармаларына мыналар ұсынылсын:

а) жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын жұмысшы мамандықтарына оқыту үшін шаруашылықтарда, село жастарын оқыту үшін пайдалана отырып, оқу-өндірістік база ұйымдастыру;

б) оқушылармен сабақ өткізу үшін мамандар мен білікті мамандар бөлу;

в) оқушылардың өндірістік практикасын өткізу үшін жұмыс орындарын, машиналар, жанар-жағар май және басқа қажетті материалдар, аспаптар және жабдықтар беру;

г) оқушылардың өндірістік бригадаларының материалдық-техникалық базасын нығайтуды (оқушылардың өндірістік бригадалары туралы Ережеге сәйкес) шаралар қабылдау, оларға тұрақты жер учаскелерін, су шаруашылығы объектілерін, қажетті инвентарь мен ауыл шаруашылық техникасын бекітіп беру, оқушылардың бригадаларына өндірістік агрозоотехникалық жоспарларды белгілеуде, орындауда және тәжірибе жұмыстарын жүргізуде көмек көрсету, оқушылар бригадалары үшін дала қостарын жабдықтау немесе оқушыларды жұмыс орнына көлікпен жеткізуді қамтамасыз ету, олар үшін қоғамдық тамақтандыруды және қажетті мәдени-тұрмыстық жағдайлар ұйымдастыру;

д) мектеп бітірушілерді мектепте алған мамандықтары бойынша жұмыспен қамтамасыз ету, оларға қажетті өндірістік және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқу үшін мүмкіндіктер жасау.

5. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жалпы білім беретін село мектептерінің оқушыларын оқушылардың ғылыми қоғамдары мен үйірмелерінде, сондай-ақ мектептердің оқу-тәжірибе учаскелеріндегі тәжірибе жұмысының процесінде және оқушылардың өндірістік бригадаларындағы зерттеу жұмыстарына неғұрлым кеңінен тарту жөніндегі шараларды жасау міндеттелсін.

Облыстық атқару комитеттері жас натуралистер станцияларының оқу-материалдық базасын нығайтуға шаралар қолдансын.

6. Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне оқушыларды механизатор мамандықтарына оқытуға, село мектептерін бітірушілерді совхоздарда, колхоздарда және су шаруашылық ұйымдарында тұрақтандыруға ерекше көңіл бөле отырып, жалпы білім беретін село мектептерінің оқушыларды квалификациялау ауыл шаруашылық еңбегіне даярлау жөніндегі жұмысын жақсарту жөніндегі мәселелердің шешілуін тұрақты бақылауға алу міндеттелсін.

ОҚУШЫЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ МЕН ОЛАРҒА ҚӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДІҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҚСАРТУДЫҢ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 25 июньдегі № 364
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіподақ пен комсомол ұйымдары Қазақ ССР Оқу министрлігі, республиканың оқу бөлімдері мен мектептердің педагогикалық коллективтері КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жалпы білім беретін орта мектептің жұмысын одан әрі жетілдіру шаралары туралы»

1966 жылғы 10 ноябрьдегі № 874 қаулысын [1] орындай отырып, оқушыларды еңбекке баулу мен тәрбиелеуді, оларды өмір сүруге, саналы түрде кәсіп таңдауға даярлауды жақсарту жөнінде белгілі жұмыстар жүргізіп отырғанын атап көрсетеді.

Республика мектептерінде белгіленген мерзімде жаңа оқу программасы енгізілді, факультативтік сабақтар кеңейтілді және еңбекке баулудың оқу-материалдық базасын нығайту жөнінде шаралар қолданылды, көптеген мұғалімдер оқу мен кластан тыс жұмысты оқушыларға кәсіптік бағдар беруге шебер пайдаланады, еңбектен сабақ беретін оқытушылардың көпшілігі қайта даярлықтан өтті.

Республикада мектеп оқушыларының техникалық творчествосы жөніндегі кластан тыс жұмыс, жас натуралистердің жұмысы біршама жақсарды, селолық оқушылардың өндірістік бригадалары мен звенолары одан әрі дамып, қанат жаюда.

Оқушы жастарға кәсіптік бағдар беру жөніндегі Республикалық, облыстық, қалалық және аудандық ведомствоаралық советтер құрылды.

Сонымен қатар, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын еңбекке баулудың және тәрбиелеудің қойылысында, жастарға кәсіптік бағдар беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруда көптеген елеулі кемшіліктер бар екенін атап көрсетеді. Бұл жұмыстың дәрежесі КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1966 жылғы 10 ноябрьдегі № 874 қаулысында қойылған талаптарға әлі де болса сай емес.

Оқушыларды еңбекке баулу мен тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру жұмысы әсіресе VIII—X кластарда көбінесе нақтылы емес, республика халық шаруашылығын дамытудың талаптары мен перспективалары ескерілмей жүргізіледі.

Еңбекке баулудың қажетті оқу-материалдық базасы барлық мектептерде бірдей жасалмаған. Оқу шеберханаларының, қызмет көрсететін еңбек кабинеттерінің, қол еңбегіне арналған жұмыс бөлмелерінің, оқу-тәжірибе учаскелерінің, қажетті жабдықтар мен материалдардың болмауы салдарынан жекелеген мектептерде оқушыларды еңбекке баулу жөніндегі программа орындалмайды.

Ауыл шаруашылығы өндірісі кәсіптеріне баулу мен шофер-кәсіпкерлер даярлау енгізілген көптеген орта мектептерде программалардың орындалуын және оқушыларды мамандықтар бойынша сапалы даярлауды қамтамасыз ететін қажетті оқу-материалдық база жасалмаған. Базалық шаруашылықтар мектептерді сабақ өткізу үшін инженер-техник қызметкерлермен барлық кезде бірдей қамтамасыз етпейді, өндірістік практика өткізу үшін жұмыс орындарын, оқушылардың жүргізуге жеке үйренуі үшін тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарын, жанар-жағар май материалдарын бөлмейді.

1964—1965 жылдарда өнеркәсіп орындарында болған 103 оқу цехтары мен учаскелері түгелдей дерлік жойылған. Өндіріс технологиясы жөніндегі арнаулы кабинеттердің саны күрт қысқарды.

Мектептің өндірістік коллективтермен байланысы соңғы уақытта айтарлықтай нашарлады. Кейбір жерлерде мектепке тек материалдық көмек берумен ғана шектеледі, жекелеген жерлерде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді мектеп шеңберінде шектейтін зиянды тенденциялар байқала бастады.

Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Гурьев, Алматы және басқа облыс-

---

[1] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

тарда селолық оқушылардың өндірістік бригадаларының жұмысы қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Шаруашылық басшылары бригадаларға тұрақты жер учаскелерін, мал фермаларын, су шаруашылығы объектілерін қажетті инвентарь мен ауыл шаруашылығы техникасын бекітіп бермейді, осының нәтижесінде оқушылардың бригадасында қол еңбегі басым болады.

Еңбекке баулудың ғылым негіздерімен өзара байланысы нашар жүзеге асырылады. IX кластарда өндірістік практикаға бөлінген сағаттардың өз мақсаттарына пайдаланылмайтын фактілері кездеседі.

Еңбекке даярлауды ұйымдастыруда және оның методикасында, мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру жөніндегі жұмыста елеулі кемшіліктерге жол берілуде, бұл оқушылардың кәсіп таңдауына кері әсер етуде.

Қазақ ССР Оқу министрлігі, оның Ы. Алтынсарин атындағы Педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институты оқушыларды еңбекке баулу мен тәрбиелеудің, кәсіпке бағдарлау жұмысының озат тәжірибесін жеткіліксіз қорытады және бұл проблеманы ойдағыдай шешу үшін ғылыми негізделген ұсыныстарды аз береді. Көптеген педагогикалық институттардың ғылыми қызметкерлері еңбекке баулу мен тәрбиелеу мәселелерімен айналыспайды.

Республиканың жалпы білім беретін мектептері еңбек пәнінің мұғалімі кадрларымен қанағаттанғысыз толықтырылған. 6263 адамның 374-інің ғана жоғары және 1942-інің арнаулы орта білімі бар.

Алайда Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі педагогикалық училищелерде, педагогикалық институттарда және мұғалімдердің білімін жетілдіру институттарында, сондай-ақ сырттай және кешкі білім беру жүйесі арқылы еңбек пәнінің мұғалімдерін даярлау және олардың мамандығын арттыру мәселесін әлі де болса қанағаттанғысыз шешіп отыр.

Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі мектеп оқушыларының техникалық творчествосы және жас натуралистік жұмысы жөніндегі оқудан тыс жұмысты ұйымдастыруға, бұған ғалымдарды, кәсіпорындардың, совхоздар мен колхоздардың мамандарын тартуға аз көңіл бөледі. Республикада техника жөніндегі үйірме жұмысына оқушылардың 4,6 процент ғана қамтылған, жас натуралистердің 2928 үйірмесі ғана құрылған.

Көптеген мектептер мен мектептен тыс мекемелерде оқушыларға кәсіптік бағдар беру жөніндегі жұмыс барынша қанағаттанғысыз жүргізіледі, бұл жұмыста тиісті жүйе мен педагогикалық мақсатты бағыт жоқ.

Бірқатар кәсіптік-техникалық училищелерде қажетті жағдайлардың болмауы және кәсіптік бағдар беру жұмысының нашар болуы нәтижесінде сегізжылдық және орта мектеп бітірушілер бұл оқу орындарына әлі де болса аз түседі.

Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, комсомол және кәсіподақ ұйымдары, Қазақ ССР Оқу министрлігі мен республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволары мектептер мен оқу бөлімдерінің, кәсіпорындардың, совхоздар мен колхоздардың басшылары оқушыларды еңбекке тәрбиелеу мен кәсіптік бағдар берудің қорына оқушыларды еңбекке тәрбиелеу мен кәсіптік бағдар берудің қойылысына деген талапты нашарлатып отыр.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттеріне, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Оқу министрлігіне және республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволарына аталған кемшіліктерді жоюға шұғыл шаралар қабылдау және КПСС XXIV съезінің директиваларына сәйкес жастардың бейімділігін және халық шаруашылығының квалификациялы кадрларға деген қажетін ескере отырып, оқушыларды еңбекке даярлау мен кәсіптік бағдарлау жөніндегі жұмысты күшейту міндеттелсін, ол үшін:

— оқушыларды жалпы еңбекке даярлаудың жоғары деңгейін және оқу программасын сапалы орындауды қамтамасыз ететін IV—VIII кластарда еңбекке баулудың оқу-материалдық базасын нығайту жөнінде шаралар белгіленсін. 1974 жылға дейін әрбір сегізжылдық орта мектепте еңбекпен қамту жөніндегі оқу шеберханалары мен кабинеттерін жабдықтап, мектептегі немесе мектепаралық оқу-тәжірибе учаскелерін құратын болсын;

— облыс (қала, аудан) халық шаруашылығын өркендету перспективасын және жаппай кәсіптегі кадрларға деген қажеттілікті ескере отырып, әрбір орта мектеп бойынша IX—X кластардың оқушыларын еңбекке даярлау профилін және олардың мектепте, басқа да оқу орындарында немесе өндірісте мамандық алу жолын анықтасын.

Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті өнеркәсіп кәсіпорындарында, құрылыстарда, колхоздарда және совхоздарда, сондай-ақ мектепаралық оқу-өндірістік шеберханалар мен комбинаттарда оқу цехтарын, учаскелерін, лабораторияларын ұйымдастыру жөніндегі шараларды белгілеп жүзеге асыратын болсын;

— еңбек тәрбиесі программасына сәйкес қаладағы мектептердің жоғары кластарының оқушылары қоғамдық пайдалы еңбекке оның ішінде өндірістік еңбекке белсенді түрде тартылсын.

2. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік орман шаруашылығы комитетіне, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіне, облыстық партия комитеттеріне, қалалық комитеттеріне, аудандық комитеттеріне және еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне таяудағы 1—2 жылда әрбір орта және селолық ірі сегізжылдық мектептерде оқушылардың өндірістік бригадалары мен звеноларын немесе мектеп орманшылығын ұйымдастыру, олардың өндірістік және оқу қызметі үшін тиісті жағдайлар сондай-ақ оқушылар үшін мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, оқу бөлімдеріне және мектептердің педагогикалық коллективтеріне оқу-тәрбие процесін одан әрі жетілдіру негізінде еңбек тәрбиесін және оқушыларды кәсіптік бағдарлауды түбегейлі жақсартуды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылық өндірісінің негіздері, автомобиль ісі және басқа да техникалық мамандықтар бойынша теориялық және практикалық даярлық дәрежесін арттыруға ерекше көңіл бөлу міндеттелсін.

4. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттеріне, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Кәсіпшілер одақтарының Қазақ республикалық советіне және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіне балалармен жүргізілетін кластан тыс және мектептен тыс жұмысты жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыру міндеттелсін. Мектептен тыс мекемелердің жүйесі ұлғайтылсын, мектептердегі және мектептен тыс мекемелердегі үйірмелердің саны едәуір арттырылсын, олардың материалдық

базасы пайдаланылсын. Мектептер мен мектептен тыс мекемелердегі үйірмелерге жұмыс істеу үшін ғылыми-зерттеулер мекемелері мен жоғары оқу орындарының ғалымдарын, сондай-ақ халық шаруашылығының түрлі салаларының мамандарын кеңінен тартуға шаралар қолданылсын. Мектеп оқушылары творчествосының алуан түрлері бойынша жарыстар, олимпиадалар, көрмелер мен басқа да көпшілік шаралары үнемі өткізілсін.

5. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Еңбек ресурстарын пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитетіне, республиканың министрліктері мен ведомстволарына, кәсіпшілер одақтарының Қазақ республикалық советіне, кәсіподақтардың салалық комитеттеріне, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіне, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына және мектептердің педагогикалық коллективтеріне оқушыларды кәсіптік бағдарлау жөніндегі жұмысты жүйелі ұйымдастыру, оқушы жастарды кәсіптік бағдарлау жөніндегі республикалық, облыстық, қалалық және аудандық ведомствоаралық советтердің жұмысын жақсарту міндеттелсін.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері, атқару комитеттерінің жанындағы жастарды еңбекке орналастыру жөніндегі комиссиялардың мектептерде оқушыларды кәсіптік бағдарлау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін ролі мен жауапкершілігін арттырсын.

Кәсіпорындарда, құрылыстарда, совхоздар мен колхоздарда, оқу орындарында және мектептен тыс мекемелерде қоғамдық негізде кәсіптік-консультациялық бюро құру тиімді деп саналсын.

Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Кәсіпшілер одақтарының Қазақ республикалық советімен және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетімен бірлесіп бір ай мерзімде кәсіптік-консультациялық бюро туралы Ережені жасасын.

Қазақ ССР Оқу министрлігіне 1971 жылғы 1 июльден бастап министрлікке бекітілген еңбек жөніндегі жоспар, басқарма аппаратын ұстауға арналған қаржылар лимиті және бюджет қаражаттары шегінде 6 единицалы штаты бар (меңгеруші, аға методист, 3 методист және секретарь-машинистка) оқушыларды кәсіптік бағдарлау жөніндегі республикалық методика кабинетін ұйымдастыруына рұқсат етілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне Республикалық оқу-методика кабинеті мен облыстық атқару комитеттерінің кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі басқармаларының оқу-методика кабинеттері жанында Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне оқу орындары үшін бекітілген саны мен жалақы қоры шегінде жастарды кәсіптік бағдарлау жөніндегі методистер тобын (3—5 адам мөлшерінде) ұйымдастыруға рұқсат етілсін.

6. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі республика мектептеріндегі қазақ тілінің ескере отырып, еңбек сабағының мұғалімдерін даярлау және олардың квалификациясын арттыру жөніндегі мәселені қарасын.

7. Қазақ ССР Министрлер Советінің Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетіне, республикалық, облыстық, қалалық, аудандық газеттерге телевизия хабарларында, радио арқылы және

баспасөз беттерінде еңбек тәрбиесі, оқушыларды тәрбиелеу, кәсіптік бағдарлау жөніндегі алдыңғы қатарлы жұмыс тәжірибесін кеңінен жазу, жұмысшы кәсіптерін кеңінен насихаттау міндеттелсін.

ОҚУШЫЛАРҒА ЕҢБЕК ҮЙРЕТЕТІН ЖӘНЕ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРЕТІН МЕКТЕП АРАЛЫҚ ОҚУ-ӨНДІРІСТІК КОМБИНАТТАР ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1974 жылғы 30 сентябрьдегі № 522
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 20, 104-ст.)

СССР Министрлер Советінің «Оқушыларға еңбек үйрететін және кәсіптік бағдар беретін мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттар ұйымдастыру туралы» 1974 жылғы 23 августағы № 662 қаулысын орындау үшін, жалпы білім беретін орта мектептердің оқушыларын еңбекке және мамандық тануға даярлауды жақсарту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері:

а) Қазақ ССР Оқу министрлігімен келісіп алғаннан кейін өнеркәсіп және ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, мемлекеттік және кооперативтік ұйымдардың қатысуымен 1975 жылдан бастап, қажетті жағдайлар бар ретте, жалпы білім беретін орта мектептердің оқушыларына еңбек үйрететін және кәсіптік бағдар беретін мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттар құратын болсын.

Мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттарда оқушыларға еңбек үйретудің профильдері жұмысшы кадрларына деген жергілікті жердің қажетін және қолда бар өндірістік базаны есепке ала отырып анықталсын;

б) оқушыларға еңбек үйретудің және олардың өнімді еңбегінің Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Оқушыларды еңбекке даярлау мен кәсіптік бағдар берудің жайы және оны жақсарту шаралары туралы» 1971 жылғы 25 июньдегі № 364 қаулысында [2] көзделген басқа формаларын сақтау мен дамыту үшін шаралар алсын.

2. Мыналар мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттардың негізгі міндеттері деп саналсын: оқушыларды мамандықты саналы түрде таңдауға даярлау мақсатымен оқушыларды кәсіпорындардағы еңбек процестерімен және жұмысшылар еңбегінің мазмұнымен таныстыру, оларға кәсіптік бағдар беруді жүзеге асыру, оқушыларға таңдаған мамандығы бойынша еңбектің алғашқы дағдыларын үйрету. Мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттар аудандағы (қаладағы) мектептердің оқушылары мен олардың ата-аналары арасында кәсіптік бағдар беру жөніндегі жұмыстың орталықтары болып табылады.

3. Мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттардың оқу-материалдық

---

[1] Преамбулаға, 1-пункттің «а» тармағының бірінші абзацына, 4-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 31 декабрьдегі № 504 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

5-пункт СССР Министрлер Советінің 1974 ж. 23 августағы № 662 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

[2] 253-бетті қараңыз.

базасын нығайтуда, оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегін ұйымдастыру мен кәсіби бағдар беру жөніндегі жұмысты жүргізуде еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Оқу министрлігіне көмек көрсету Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына міндеттелсін.

4. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары оқушыларының таңдаған мамандығына сай денсаулығы жөнінде жарамдылығын анықтау мақсатымен оларды тыңғылықты медициналық тексеруден өткізуді қамтамасыз етсін.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДІҢ ЖОҒАРЫ КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫН АВТОМОБИЛЬ ІСІНЕ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 6 марттағы № 144
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Жалпы білім беретін орта мектептердің жоғары класс оқушыларын автомобиль ісіне оқыту туралы» 1969 жылғы 14 январьдағы № 44 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Республиканың жалпы білім беретін орта мектептерінде 1969—70 оқу жылынан бастап, IX—X класс оқушыларын автомобиль ісіне оқыту қосымшаға сәйкес енгізілсін.

Оқушыларды автомобиль ісіне оқыту енгізілетін мектептерді облыстық атқару комитеттері және Алматы қалалық атқару комитеті Қазақ ССР Оқу министрлігінің келісімі бойынша бекітеді. Материалдар келісу үшін Қазақ ССР Оқу министрлігіне жыл сайын 1 апрельге берілліп отырылады.

2. Жалпы білім беретін орта мектептердің оқушыларынан әуеской шоферлер даярлау үшін IX—X кластардың оқу жоспары бойынша еңбек сабақтары мен әскери-техникалық даярлыққа бөлінген уақыт бұдан басқа автомобильді практикалық жүргізуге жекелей оқытуға оқу жоспарынан тыс 32 сағат бөлінсді деп белгіленсін.

Кәсіпқой шоферлерді даярлау үшін оқу жоспары бойынша еңбек сабағына, әскери-техникалық даярлыққа және факультативті сабақтарға бөлінген уақыт пайдаланылады. Бұдан басқа (оқу жоспарынан тыс) автомобильді практикалық жүргізуге жекелей оқытуға 50 сағат бөлінеді.

3. Оқушыларды автомобиль ісіне оқыту енгізілетін жалпы білім беретін орта мектептерде жалақысының ставкасы СССР Министрлер Советінің 1960 жылғы 11 августағы № 896 қаулысына сәйкес 35 оқушыға бір нұсқаушы есебінен (шамамен) автомобильді практикалық жүргізуге оқыту жөніндегі нұсқаушы қызметі енгізілсін.

---

[1] Мыналар күшін жойды деп танылды:

2-пункт кәсіпқой және әуеской шоферлерді автомобильді практикалық жүргізуге пайдалануға жекелей оқытуға бөлінген қосымша уақыттан басқасы, 3-пункт нұсқаушыға ақы төлеу бөлігінде Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 31 декабрьдегі № 504 қаулысымен.

Қаулының 5-пунктінің «а» тармағы және қосымшасы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

10-пункт СССР Министрлер Советінің 1969 ж. 14 январьдағы № 44 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

4. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне 1969 жылы облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеттеріне оқушыларды автомобиль ісіне оқыту енгізілетін жалпы білім беретін орта мектептерге өз мақсаттарына пайдалану үшін республикаға СССР Қорғаныс министрлігі берген автомобильдерден 30 бүтін автомобиль бөлу міндеттелсін.

5. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне мыналар міндеттелсін:

б) Қазақ ССР Оқу министрлігіне мектептердегі бар автомобильдерді пайдалану үшін қажетті мөлшерде жанар-жағар май материалдары мен аккумуляторларды жыл сайын бөліп отыру.

6. Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігі автомобиль ісін оқып-үйрену енгізілетін мектептерге мектептердегі бар автомобильдерді пайдалану үшін Қазақ ССР Оқу министрлігінің заявкалары бойынша жыл сайын қажетті мөлшерде запас бөлшектер, сондай-ақ автомобиль агрегаттарын, приборлар мен детальдар (есептен шығаруға жатқызылған бұйымдар есебінен) бөлетін болсын және мектептерге қарайтын автомобильдерді өз кәсіпорындарында күрделі жөндеуді жүзеге асырсын.

7. Еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) оқушыларды автомобиль ісіне оқыту енгізілетін мектептерді автомобиль шаруашылықтарына, автомобиль шаруашылықтары бар өнеркәсіп немесе ауыл шаруашылық кәсіпорындарына бекітіп беру және бұл кәсіпорындардың автомобиль шаруашылықтарына мектептердің автомобиль ісі жөніндегі оқу кабинеттерін жабдықтауы үшін автомобиль агрегаттарын, приборлар мен бөлшектер (есептен шығаруға жатқызылған бұйымдар есебінен) бөлу, оқу кабинеттерінде жұмыс істеп тұрған стендтер мен агрегаттарды қондыруда және монтаждауда, сондай-ақ автомобильдерді техникалық қызметпен қамтуда және жөндеуде көмек көрсетуді міндеттеу;

б) жергілікті автомобиль шаруашылықтарының кәсіпорындарының және ұйымдарының таңдаулы қызметкерлерінің есебінен жалпы білім беретін мектептер үшін автомобиль ісінің оқытушыларын және автомобильді практикалық жүргізуге оқыту жөніндегі нұсқаушылар іріктеуді қамтамасыз ету;

в) автомобиль ісін оқыту енгізілетін мектептерде бұл үшін қажетті оқу-материалдық база құруға шаралар қолдану.

8. ДОСААФ-тың Республикалық комитетіне және Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне Қазақ ССР Оқу министрлігінің қаржылары есебінен және оның заявкалары бойынша қысқа мерзімді курстарда автомобиль ісінің оқытушыларын және автомобильді практикалық жүргізу жөніндегі нұсқаушыларды даярлау және қайта даярлау, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерге автомобиль ісі бойынша оқушыларды оқыту жұмысын ұйымдастыруда және жүргізуде көмек көрсету міндеттелсін.

9. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі жалпы білім беретін орта мектептердің оқу автомобильдерін белгіленген тәртіппен тіркеуді қамтамасыз ететін болсын.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҮШІН МЕХАНИЗАТОР ҚАДРЛАРЫН ДАЯРЛАУДЫ ОДАН ӘРІ ҰЛҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1970 ЖЫЛҒЫ 14 МАЙДАҒЫ № 333 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 31 июльдегі № 485
ҚАУЛЫСЫ

3, 4, 5, 6-пункттер

ЖҰМЫС КҮНІ ҰЗАРТЫЛҒАН МЕКТЕПТЕР ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР
МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1960 жылғы 25 июльдегі № 693
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1960 ж., № 26)

Балаларға қоғамдық тәрбие беру ісін одан әрі жақсарту, бұл жөнінде семьяларға көмекті күшейту мақсатымен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советтері мен Алматы қалалық Советінің атқару комитеттеріне және Қазақ ССР Оқу министрлігіне төмендегілер рұқсат етілсін:

а) қалаларда, жұмысшы поселкелерінде және селолық жерлерде балалар мен жасөспірімдер үшін жұмыс күні ұзартылған мектептер және балалар топтары ашылсын, оларда балалар күні бойына педагогтардың бақылауында болады.

Жұмыс күні ұзартылған мектептер мен балалар топтары I—VIII класс оқушылары үшін ашылатын болып белгіленсін, мұнда әрбір топта оқушылар 30—40 адам болуы керек, ондай мектептер мен балалар топтары бұрыннан бар немесе жаңадан салынатын мектептерге орналастырылады, мұндай мектептер мен балалар топтарын ашу бұл қаладағы және селодағы мектептерде сабақтың сменасын арттырмауға тиіс. Жұмыс күні ұзартылған мектептерге ең алдымен ата-аналары жұмыс істейтін балалар қабылданады;

б) жұмыс күні ұзартылған мектептер мен балалар топтарындағы оқушылар үшін ата-аналар қаржысына күніне 4 сом 90 тиын [3] есебімен екі рет ыстық тамақ ұйымдастырылсын.

Жұмыс күні ұзартылған мектептерде I—II класс оқушыларын және денсаулығы нашарлау балаларды күндіз ұйықтату ұйымдастырылсын [4].

---

[1] 295-бетті қараңыз.

[2] 5-пункттің екінші және төртінші абзацтары Қазақ ССР Министрлер Советінің 1968 ж. 24 июньдегі № 369 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР КЖ, 1968 ж., № 12, 73-ст.).

Қаулының 1, 7, 8, 10, 13, 14-пункттері және 1, 2-қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[3] СССР Министрлер Советінің 1960 ж. 4 майдағы № 470 қаулысымен баға масштабы он есе өзгертілген (СП СССР, 1960 ж., № 10, 69-ст.).

[4] 2-пункттің халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советі атқару комитеттері мен Қазақ ССР Оқу министрлігіне жұмыс күні ұзартылған мектептер мен балалар топтарын ашуға рұқсат ету жөнінде бөлігі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 11 октябрьдегі № 411 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

3. Еңбекшілер депутаттарының қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне жұмыс күні ұзартылған мектептер мен балалар топтарындағы оқушылар құрамының 25 процентіне дейін, ауқаты шамалы семьялардың балаларын тамаққа төленетін ақыдан босатуға право берілсін, олардың 10 проценті түгелдей босатылсын, 15 процент төленетін ақының тең жартысына дейін босатылсын.

4. Жұмыс күні ұзартылған мектептер ұйымдастырылғанда № 2 қосымшаға сәйкес үлгі шарттар басшылыққа алынсын.

5. Жұмыс күні ұзартылған мектептер мен балалар топтарында, егер әрбір топтағы оқушылар саны 30—40 адам болса, I—II класс оқушыларының бір тобына 1,5 адам есебінен, ал V—VIII класс оқушыларының бір тобына бір адам есебінен тәрбиешілер белгіленеді.

(Үшінші абзац) Жалпы білім мектептерінің мұғалімдері үшін белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар, пенсиямен қамтамасыз ету тәртібі және кезекті демалыстың мөлшері жоғарыда айтылған тәрбиешілерге де қолданылсын [1].

6. Жұмыс күні ұзартылған мектептер мен балалар тобын күтіп ұстау шығыны, балалардың тамағына жұмсалатын шығыннан басқасы, сол сияқты ауқаты шамалы семьялардың балаларына тамақ жөнінде берілетін жеңілдіктердің шығыны облыстардың және Алматы қаласының жергілікті бюджеттерінің қаржысы есебінен төленсін.

9. Қолхозшылардың балалары оқитын, жұмыс күні ұзартылған мектептер мен балалар топтарын ұйымдастыруға, сол сияқты ол мектептерде колхоз қаржысы есебінен қосымша қызметкерлер ұстауға (мектептің әкімшілік және тәрбиешілік қызметкерлерінен басқа) және оқушылардың тамағы жөніндегі шығындарды төлеуге белсене қатысу туралы колхоздарға ұсыныс жасалсын.

11. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына 1961 жылдан бастап материалдық-техникалық жабдықтау жоспарларында жұмыс күні ұзартылған мектептер мен балалар тобына арнап төсек-орын, жұмсақ және қатты жиһаз шаруашылық жабдықтар алу үшін Қазақ ССР Оқу министрлігіне өнеркәсіп товарының қорын бөліп отыру міндеттелсін.

12. Қазақ ССР Сауда министрлігіне және Қазақ ССР Тұтынушы қоғамдары одағына мыналар міндеттелсін:

а) жұмыс күні ұзартылған мектептер мен балалар топтарында ыстық тамақ ұйымдастыруды қамтамасыз етуге шаралар қолданылсын;

ә) жұмыс күні ұзартылған мектептерге және жұмыс күні ұзартылған оқушылар топтары ұйымдастырылған мектептерге музыка аспаптарын, спорт құралдарын, мәдени товарлар, ыдыс, шаруашылық бұйымдар және ас үй жабдықтарын банк арқылы аударылған ақшаға сату қамтамасыз етілсін.

---

[1] 5-пункттің үшінші абзацының ауыл шаруашылығы салығы бойынша жеңілдік жөнінде бөлігі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 24 январьдағы № 41 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 4, 9-ст.).

2. МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТАР, БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ИНТЕРНАТТЫҚ МЕКЕМЕЛЕР

РЕСПУБЛИКАНЫҢ БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІ МЕН МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 27 августағы № 544
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Оқу министрлігінің, облыстық атқару комитеттерінің, Алматы қалалық атқару комитетінің назары республиканың мектеп интернаттары мен балалар үйлерінің жұмысында орын алып отырған елеулі кемшіліктерге аударылсын.

2. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, облыстық атқару комитеттеріне, Алматы қалалық атқару комитетіне міндеттелсін:

а) 1970 жылғы 1 октябрьге дейін әрбір балалар үйі мен мектеп-интернаттың жұмыс жағдайымен талдап танысу. Олардың материалдық базасын нығайту, балаларды оқыту мен тәрбиелеуге қажетті шаралар жасау жөнінде тиісті шараларды әзірлеп, жүзеге асыру;

б) Мектеп-интернаттарда оқушылардың контингенті бойынша халық шаруашылығы жоспарын орындауды қамтамасыз ету, оқушылардың мектепті тастап кетуіне жол бермеу;

в) мектеп-интернаттар мен балалар үйлерінде оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру, балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың басшыларының, мұғалімдері мен тәрбиешілерінің балаларды оқыту мен тәрбиелеудің сапасына жауапкершілігін көтеру;

г) әрбір мектеп-интернатты физика, химия кабинеттерімен жабдықтау және оларды қажетті приборлармен, реактивтермен және басқа оқу жабдықтарымен қамтамасыз ету;

е) балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың финанс-шаруашылық қызметіне бақылауды күшейту, ақша қаражаттар мен материалдық құндылықтардың талан-тараж болуына және ұрлану жағдайына жол бермеу;

ж) барлық мектеп-интернаттары мен балалар үйлері жанынан қам-

---

[1] 3-пункттің бірінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

қоршылар советтерін құру, бұл мекемелерді кәсіпорындар, мекемелер, совхоздар мен колхоздар коллективтерінің қамқорлыққа алуын ұйымдастыру;

3. *(Екінші абзац)* Облыстық атқару комитеттеріне халық шаруашылығы жоспарларында балалар үйлері үшін асханалар, жатақханалар, жұмыс істеп тұрған мектеп-интернаттар үшін қажетті жайлар салуға алдын-ала күрделі қаржылар бөлуді көздеу тапсырылсын.

4. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі балалар үйлері мен мектеп интернаттарға медициналық қызмет көрсетуді жақсартсын, бұл мекемелердің санитарлық жағдайына ұдайы бақылау жасауды жүзеге асыратын болсын.

5. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мектеп-интернаттар мен балалар үйлерін норма бойынша және белгіленген ассортиментте тамақ өнімдерімен кідіріссіз жабдықтауды қамтамасыз етсін.

6. Балалар үйлері мен мектеп-интернаттарын таяудағы 2—3 жылда жүк автомашиналарымен және автобустармен қамтамасыз ету мақсатымен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комптетіне 1972 жылдан бастап, халық шаруашылығы жоспарын қарау кезінде балалар үйлері мен мектеп-интернаттарына Қазақ ССР Оқу министрлігінің заявкасы бойынша жүк автомашиналарын және автобустар бөлуді көздеу тапсырылсын

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫН ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1949 ЖЫЛҒЫ 24 ФЕВРАЛЬДАҒЫ № 824 ҚАУЛЫСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1949 жылғы 30 апрельдегі № 327
ҚАУЛЫСЫ

ССР Одағы Министрлер Советінің 1949 жылғы 24 февральдағы № 824 қаулысын орындау мақсатымен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

9. Егер бұл балалар білімін жалғастыру үшін орта мектептердің VIII—X кластарына түскен болса және онда «жақсы» және «өте жақсы» оқып жүрсе, белгіленген жәрдемдерді төлей отырып, балаларды патронаттау мерзімі олардың жасы толғанға дейін ұзартылсын.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТАР, БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ИНТЕРНАТТЫҚ МЕКЕМЕЛЕР ТУРАЛЫ» 1984 ЖЫЛҒЫ 5 ЯНВАРЬДАҒЫ № 25 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 9 февральдағы № 78
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. СССР Министрлер Советінің «Жалпы білім беретін мектеп-интернаттар, балалар үйлері және басқа да интернаттық мекемелер туралы» 1984 жылғы 5 январьдағы № 25 қаулысы басшылыққа алынып, мүлтіксіз орындалсын.

2. Облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Оқу министрлігі жалпы білім беретін мектеп-интернаттар, балалар үйлері және басқа да интернаттық мекемелер туралы мәселелер жөніндегі заң талаптарын сақтау жөніндегі жұмыстың жағдайын қарайтын болсын және бұл жұмысты оларда тәрбиеленушілердің оқуы, тәрбиеленуі және тұруы үшін тиісті жағдайлар жасауды, оларды маман педагог және медициналық кадрлармен толықтыруды, сондай-ақ аталған мекемелер үшін оқу корпустары мен жатақханалар салу және оларды пайдалануға беру жөніндегі белгіленген тапсырмаларды орындауды қамтамасыз етуге назар аудара отырып, одан әрі жетілдіру жөніндегі нақты шаралар әзірлеп, жүзеге асыратын болсын.

---

[1] Мыналар күшін жойды деп танылды: 1—7-пункттер, 11-пункттің «б» және «в» тармақтары, 12—25-пункттер Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 9 февральдағы № 78 қаулысымен, 8-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1979 ж. 26 февральдағы № 87 қаулысымен, 10-пункт, 11-пункттің «а» тармағы — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 ж. 26 апрельдегі № 215 қаулысымен.

[2] Қаулының 14, 15-пункттері және № 5 қосымшасы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қаулының 13-пункті және 1—4-қосымшалар СССР Министрлер Советінің «Жалпы білім беретін мектеп-интернаттар, балалар үйлері және басқа да интернаттық мекемелер туралы» 1984 ж. 5 январьдағы № 25 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

3. Облыстық атқару комитеттеріне, Алматы қалалық атқару комитетіне қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін бір мектеп интернатта кемінде 280 бала және олардың оқуы, тәрбиеленуі мен тұруы үшін қажетті жағдайлар болатын құрамында I—VIII кластар бар жалпы үлгідегі жалпы білім беретін жекелеген мектеп-интернаттарды қайта құруға право берілсін.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттері интернаттық мекемелердің қосалқы шаруашылықтарына тұқым, тыңайтқыш, үй құсын, өнімдік және жұмыс малдарын, ауыл шаруашылығы машиналарын және инвентарь бөлетін болсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жоспарларда Қазақ ССР Оқу министрлігіне интернаттық мекемелердің тәрбиеленушілері үшін киімге, аяқ киім мен жұмсақ инвентарьға қорлар, мектеп-интернаттар мен балалар үйлері үшін автомобиль транспортын бөлуді, сондай-ақ мектеп-интернаттар мен балалар үйлеріне олардың сұрауы бойынша тәрбиеленушілердің күшімен төсек және іш киімдер, сыртқы көйлектер тігу, киім мен аяқ киімді жөндеу үшін мақта-маталар және басқа маталар (дайын бұйымдар орнына) былғары және басқа материалдар бөлуді көздейтін болсын.

6. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі Қазақ ССР Сауда министрлігінің заявкасы бойынша интернаттық мекемелердің тәрбиеленушілері үшін қымбат емес, бірақ киюге төзімді материалдардан тігілген осы заманға сай киімдер мен аяқ киімдер шығаруды, аталған мекемелердің оқу және тұрғын үй жайлары үшін қымбат емес, әрі ыңғайлы мебельдер шығаруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, мектеп-интернаттары мен балалар үйлерін белгіленген нормативтерге сәйкес және қажетті ассортиментте киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ инвентарьмен, сондай-ақ өндірістік жабдықтармен, мебельмен және басқа инвентарьлармен жабдықтауды жақсартатын болсын.

8. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері:

мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың семьяда тәрбиелеуге қажетті жағдайлары жоқ балаларды тауып, дер кезінде интернаттық мекемелерге орналастыру жөніндегі қызметін үйлестіріп отыруды жақсартсын;

балалар үйлері мен мектеп-интернаттарға тәрбие жұмысын жүргізуде, оқу-материалдық базасын нығайтуда кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың шефтік көмегін дамытуына жәрдемдесетін болсын;

өзінің қызметін СССР Оқу министрлігі бекіткен балалар үйінің қамқоршылық советі жөніндегі Ережеге сәйкес ұйымдастыратын балалар үйінің қамқоршылық советтерінің жұмысын жақсартуға шаралар қолдансын;

балалар үйлері мен мектеп-интернат үйлерін тек тікелей өз мақсатына ғана пайдалануды қамтамасыз етсін;

балалар үйлері мен мектеп интернаттарына, бірінші кезекте селолық жерлер мен шағын қалаларда орналасқан балалар үйлері мен мектеп-интернаттарына қосалқы шаруашылықтар ұйымдастыру үшін жер учаскелерін бөлсін;

интернаттық мекемелердің басшылары мен педагог қызметкерлері үшін қажетті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасайтын болсын.

9. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіне кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың, комсомол ұйымдарының оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын, оларды өмір сүру мен еңбек етуге даярлауға, мектеп интернаттары мен балалар үйлерінің шеберханаларын жабдықтауға; оқу-тәжірибе учаскелері мен қосалқы шаруашылықтарын ұйымдастыруға белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

10. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Оқу министрлігімен бірлесе отырып, балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының кітапханаларын тәрбиелеушілердің жан-жақты дамуына қажетті әдебиетпен толықтыруды қамтамасыз етсін.

11. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті:

мектеп интернаттардағы, балалар үйлеріндегі және басқа да интернаттық мекемелердегі балалардың денсаулығын сақтауды жақсартсын; балалардың тамақтануын, дене тәрбиесін, гигиеналық дағдыларын жетілдіруді ұйымдастыруға, педагогтардың санитарлық-гигиеналық даярлығына және ата-аналардың санитарлық оқуын жақсартуға бақылауды қамтамасыз етсін;

интернаттық мекемелерді медикаменттермен, медициналық мақсаттағы заттармен, бактериялық дәрілермен және дезинфекциялық заттармен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз етсін;

балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін балалар санаторийлеріне 10 процент жолдама бөлетін болсын;

интернаттық мекемелер тәрбиеленушілерін жылына 2 рет терең медициналық бақылаудан өткізуді қамтамасыз етсін;

12. Қазақ ССР Финанс министрлігі мен Қазақ ССР Оқу министрлігі екі апталық мерзімде мектеп-интернаттарда колхозшылардың балаларын ұстағаны үшін ақы төлеудің мөлшері мен оны алудың тәртібі туралы ұсыныстар даярлап, оларды Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсынатын болсын.

КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫН МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТАРДА БАҒЫП-ҚАҒУ АҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕТТІРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 24 майдағы № 201
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 11, 42-ст.)

СССР Министрлер Советінің «Жалпы білім беретін мектеп-интернаттар, балалар үйлері және басқа интернат мекемелері туралы» 1984 жылғы 5 январьдағы № 25 қаулысына (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 7, ст. 23) сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Колхозшылардың балаларын жалпы білім беретін жалпы типтегі мектеп-интернаттарда бағып-қағу ақысы қосымшаға сәйкес төлеттіріле-

[1] 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ді деп белгіленсін. Колхозшылардың балаларын ғылым, өнер саласында балаларды жетігірек даярлауға арналған жалпы білім беретін мамандандырылған мектеп-интернаттарда, арнаулы орта музыка және көркем-сурет мектептері жанындағы интернаттар мен ерекше тәрбие жағдайларына мұқтаж балаларға арналған арнаулы мектептерде бағып-қағу ақысы да аталған мөлшерлерде төлеттіріледі.

2. Колхозшылардың балаларын мектеп-интернаттарда бағып-қағу ақысын төлеттіру Қазақ ССР Оқу министрлігі Қазақ ССР Финанс министрлігінің келісуі бойынша бекітетін колхозшылардың балаларын интернат мекемелерінде бағып-қағу ақысын есептеу және оны төлеттіру тәртібі туралы нұсқауға сәйкес жүргізіледі.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 21 майдағы
№ 201 қаулысына
ҚОСЫМША

Колхозшылардың балаларын жалпы білім беретін жалпы типтегі мектеп-интернаттарда бағып-қағу ақысының

МӨЛШЕРЛЕРІ

Семья мүшесіне шаққанда орташа жылытық еңбек табысы (сом)	Айына бір тәрбиеленуші үшін ақының мөлшері (сом)
60-тан 70-ке дейін	12
70-тен 80-ге дейін	15
80-нен 90-ға дейін	18
90-нан 100-ге дейін	21
100-ден 110-ға дейін	24
110-нан 120-ға дейін	27
120-дан 130-ға дейін	30
130-дан 140-қа дейін	34
140-тан асса	38

§ 4. КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КВАЛИФИКАЦИЯЛЫ ЖҰМЫСШЫЛАР ДАЯРЛАУДЫ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1969 ЖЫЛҒЫ 2 АПРЕЛЬДЕГІ № 240 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1969 жылғы 23 июньдегі № 391 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

5. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне және оның жергілікті органдарына теориялық және өндірістік оқыту дәрежесін арттыру, кәсіптік даярлықты жалпы политехникалық оқумен өзара байланыстыруды, оқушылардың білімді және кәсіптік дағдыны тиянақты игеруіне жетуді қамтамасыз ету, кәсіптік-техникалық оқу орындарында еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, өндіріс экономикасы мен жаңашылдар тәжірибесі мәселелерін оқып үйренуге ерекше көңіл бөлу, оқу процестеріне оқудың қазіргі заманның техникалық құралдарын кеңінен енгізу міндеттелсін.

Кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларын оқу мерзімінде оқу программаларын орындаумен байланысты емес әртүрлі шаруашылық жұмыстарына пайдалануға тыйым салынсын.

6. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына, кәсіпорындардың, құрылыстардың, совхоздар мен колхоздардың басшыларына кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына өндірістік практиканы өту үшін қажетті жағдайлар жасау, оларды ақы төленетін жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, оқушылардың жаңа техникамен, өндіріс технологиясымен және озат еңбек әдістерімен кеңінен танысуын ұйымдастыру, бұл мақсаттар үшін кадрлар даярлауға жұмсалатын қаржының шегінде еңбек ақы төлеп отырып, инженер-техник қызметкерлер мен квалификациялы жұмысшылар бөлу міндеттелсін.

7. *(Сегізінші абзац)* Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқушылары үшін сауықтыру лагерьлерін салуға көмек көрсетілсін және олардың құрылыстарына жергілікті құрылыс материалдары бөлінетін болсын.

(Он бірінші абзац) Кәсіпорындарға, құрылыстарға, совхоздар мен

---

[1] Мыналар күшін жойды деп танылды: 3-пункттің төртінші абзацы және 4-пункт — Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 30 декабрьдегі № 500 қаулысымен; 7-пункттің оныншы абзацы және 19-пункттің екінші абзацы — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 17 марттағы № 123 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 8, 19-ст.); 14-пункттің үшінші абзацы — Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 1 октябрьдегі № 355 қаулысымен.

1—3-пункттер, 7-пункттің бірінші — жетінші, тоғызыншы абзацтары, 8, 10-пункттер, 11-пункттің екінші абзацы, 13, 15, 16, 18-пункттер, 19-пункттің бірінші абзацы, 21, 23 және 25-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

26-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1969 ж. 2 апрельдегі № 240 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

ұйымдарға жұмысшылар даярлайтын кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқушыларына кәсіпорындардың, құрылыстардың, совхоздар мен ұйымдардың жұмысшыларымен және қызметшілерімен бірдей негізде кәсіподақтардың Мәдениет сарайларын және үйлерін, клубтарын, кітапханаларын, стадиондарын, спорт залдарын және туристік базаларын пайдалануына кәсіподақтар мүмкіндік беруі қажет деп танылсын.

9. Республикалық, облыстық газеттер мен журналдардың редакциялары, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Радиохабар және телевизия жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті, кәсіподақтардың республикалық Советі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті және республикалық «Білім» қоғамы республикада кәсіптік-техникалық білім беру ісін баспасөзде және ауызша насихаттауды жақсартсын, кәсіптік-техникалық оқу орындары оқушыларының оқуына, еңбегі мен тұрмысына арналған көркем шығармаларды, кинофильмдерді шығаруды, спектакльдер, радио және телевизия хабарлары санын көбейтетін болсын.

11. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің оқу орындары үшін инженер-педагог қызметкерлерін іріктеп алуды және тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жақсарту, кәсіптік-техникалық училищелерді жоғары білімді оқытушылармен және әдетте, орта арнаулы немесе жоғары білімді өндірістік оқыту шеберлерімен комплектілеуге шаралар қолдану міндеттелсін.

(Үшінші абзац) Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитеті жас мамандарды ведомстволар арасында бөлу жоспарларын жасаған кезде кәсіптік-техникалық оқу орындарын инженер-педагог қызметкерлерімен неғұрлым толық қамтамасыз етуді көздейтін болсын.

12. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне кәсіптік-техникалық оқу орындары оқушыларының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын, медициналық-санитариялық қызмет көрсетілуін және қоғамдық тамақтандырылуын жақсартуға шаралар қолдану міндеттелсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен бірлесе отырып тұтынушылар кооперациясының қарамағында тұрған және кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына қызмет көрсетіп жүрген асханаларды, оларда қажетті жағдайлардың жасалу барысына қарап, селолық кәсіптік-техникалық училищелердің қарамағына беру мүмкіндігі туралы мәселелерді қарап, шешетін болсын.

14. Еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне, республиканың министрліктері мен ведомстволарына, кәсіпорындардың, құрылыстар мен совхоздардың басшыларына мыналар міндеттелсін:

— кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің оқу орындарын бітіретін жас жұмысшыларды қабылдауға мезгілінде дайындауды қамтамасыз ету, оларға алған кәсіптері мен квалификациясына сәйкес жұмыс істеу үшін қажетті жағдайлар жасау, жас жұмысшылардың мәдени-техникалық жағынан өсуіне жан-жақты көмектесу.

17. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті өндірістік оқыту шеберлерін озат кәсіпорындарда, құрылыстарда және басқа ұйымдарда екі айға дейінгі мерзімге стажировкадан (оқу орнындағы жұмысынан қол үздіріп және қол үздірмей) өткізетін болсын, мұнымен байланысты шеберлер саны көбейтілмейтін болсын.

Кәсіпорындардың, құрылыстардың және басқа ұйымдардың басшылары өндірістік оқытудың шеберлеріне стажировкалардан өту үшін қажетті жағдайлар жасайтын болсын.

Аталған категориядағы қызметкерлердің квалификациясын арттыру және стажировкадан өту кезеңдерінде материалдық жағынан қамтамасыз етілуі СССР Министрлер Советінің 1966 жылғы 22 декабрьдегі № 966 қаулысында [1] көрсетілген тәртіппен жүргізілетін болсын.

20. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасы және Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігі кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқушыларын өндірістік оқыту үшін қажет соңғы сериялық маркалы тракторларды, комбайндарды, автомобильдерді, ауыл шаруашылық машиналарын жер қазатын және мелиоративтік техникаларды, металл кесетін және ағаш өңдейтін станоктарды, саймандарды, ағаш және басқа материалдарды тиісті салалардың қорлары есебінен материалдық-техникалық жабдықтау жоспарларында жыл сайын бөліп отыруды көздейтін болсын.

22. Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігіне, Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігіне, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, күріш өсіретін совхоздар құрылысы жөніндегі бас басқармаға өздерінің күрделі қаржылары есебінен де, сол сияқты салалар бойынша бөлінетін қаржылар есебінен де салынатын кәсіптік-техникалық оқу орындарының құрылысын түбегейлі жаңарту, құрылыстың салынып біту мерзімдерін қатал сақтау және оларды жаңа оқу жылының басталу қарсаңында бірінші сентябрьге пайдалануға беруді қамтамасыз ету міндеттелсін.

24. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне, ерекшелік ретінде, оған бекітіліп берілген әкімшілік-басқару персоналының саны мен еңбек жөніндегі жоспар мөлшерінде Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетінің шаруашылық есептегі орталық базасы бар жабдықтау және тауарларды өткізу жөніндегі бас басқармасын («Главпрофтехснабсбыт») шаруашылық есепте ұйымдастыруға рұқсат етілсін.

---

[1] СССР Министрлер Советінің 1976 ж. 10 декабрьдегі № 1007 қаулысын (СССР Заңдары жинағының 3-томы) қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 6 өктябрьдегі № 623
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 20, 110-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1969 жылғы 6 октябрьдегі
№ 623 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті одақтық-республикалық орган болып табылады және Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетіне бағынады.

Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті жалпы білім беретін сегіз жылдық және орта мектептерді бітірген жастардың ішінен маман жұмысшылар даярлау ісіне басшылық жасайды, жұмысшыларға тікелей өндірісте кәсіптік білім беру ісінде Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына методикалық білім беру жүйесінде маман жұмысшылар даярлау ісінің жай-жағдайы мен онан әрі өркендеуіне жауап береді.

---

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

2. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің басты міндеттері мыналар:

республика халық шаруашылығының қажетін есепке ала отырып, жастардан маман жұмысшыларды жоспарлы түрде даярлау мақсатында Қазақ ССР-інде кәсіптік-техникалық білім беру ісін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету;

осы заманғы өндірістің талаптарын есепке ала отырып, маман жұмысшылар даярлаудың сапасын одан әрі жақсартуды қамтамасыз ету, оқушыларға коммунистік тәрбие беруді, олардың адамгершілік, эстетикалық және дене шынықтығы жағынан өсуін жақсарту;

маман жұмысшылар даярлау жөніндегі тапсырмаларды және мемлекеттік жоспарды белгіленген басқа да тапсырмаларды орындау, мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

кәсіптік-техникалық оқу орындары мен тікелей өндірістің өзінде халық шаруашылығы үшін маман жұмысшылар даярлау саласында мемлекеттік бірыңғай саясатты жүзеге асыру, коммунистік құрылыстың міндеттеріне сәйкес кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру;

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына маман жұмысшыларды ең алдымен іске қосылатын объектілер үшін даярлауға, өндірістің комплексті механикаландырылуы мен автоматтандырылуына, еңбекті ұйымдастырудың жақсаруы мен өндірістің жетілдіруіне байланысты босатып алынатын қызметкерлерді қайта даярлауға көмек көрсету;

кәсіптік-техникалық оқу орындары мен өндірісте маман жұмысшыларды даярлағанда ғылымның, техника мен озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін пайдалануды жақсарту;

СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің кәсіптік-техникалық білім жүйесінде маман жұмысшылар даярлау ісіне байланысты шешімдерінің орындалуына, сондай-ақ жұмысшы кадрлар даярлайтын оқу орындары жүйесінің дамуына және оқушылар арасында оқу-тәрбие жұмысының жәй-жағдайына бақылау жасауды қамтамасыз ету;

еңбек пен басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруды ендіру, Комитет жүйесіндегі оқу орындары мен басқа да мекемелерді, ұйымдар мен кәсіпорындарды маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшы жұмыстарға жоғарылату.

Комитет жүйесіндегі оқу орындары оқушыларының, инженер-педагог қызметкерлерінің басқа да мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар жұмысшылары мен қызметшілерінің тұрғын үй, мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, оларға еңбектің хауіпсіз жағдайларын жасау.

3. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті кәсіптік-техникалық білім беруге басшылықты, әдетте, облыстық атқару комитеттерінің кәсіптік-техникалық білім жөніндегі басқармалары арқылы жүзеге асырады және оқу орындарын, республикаға бағынатын басқа да мекемелерді, ұйымдар мен кәсіпорындарды тікелей немесе өзі құрған органдар арқылы басқарады.

4. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттерінің кәсіптік-техникалық білім жөніндегі басқармалары, олардың қарамағындағы оқу орындары және басқа да мекемелер ұйымдары мен кәсіпорындар Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің жүйесін құрады.

5. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті өз қызметінде СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы

Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұйрықтары мен нұсқауларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және қазір күшінде бар заңдардың Комитет жүйесіндегі оқу орындарында, басқа да мекемелерде, ұйымдар мен кәсіпорындарда дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті кәсіптік-техникалық білім саласындағы республикалық заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасайды және бұларды Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына ұсынады.

6. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті:

— облыстық атқару комитеттерімен, Қазақ ССР-інің министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, республикада кәсіптік-техникалық білім жүйесін онан әрі дамыту және жетілдіру, оқушылар арасында оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру шараларын жасап, жүзеге асырады;

— облыстық атқару комитеттерінің, республика министрліктері мен ведомстволарының ұсыныстары негізінде кәсіптік-техникалық оқу орындары жүйесін дамытудың, халық шаруашылығы салаларының қажетіне сәйкес және жұмысшылардың кәсіптік құрамындағы өзгерістерді есепке ала отырып, осы оқу орындарында маман жұмысшылар даярлаудың перспективтік және жылдық жоспарларының жобаларын жасап, ол жобаларды Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етеді; Комитеттің қарамағындағы оқу орындарының, республикаға бағынатын басқа да мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың жылдық және перспективтік жоспарлары жобаларын жасау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады, осы жоспарлардың жобаларын әзірлеу жөніндегі методикалық нұсқаулар дайындайды; республиканың министрліктері мен ведомстволары үшін маман жұмысшылар даярлаудың Қазақ ССР Министрлер Советі бекіткен жоспарларына сәйкес Комитет жүйесіндегі оқу орындарында осы жұмысшыларды даярлау (оқушылар қабылдау және осы оқу орындарын бітірген адамдарды жұмысқа жіберу) жөніндегі тапсырмаларды облыстарға жеткізеді;

— жұмысшыларға тікелей өндірісте кәсіптік білім беруде Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына методикалық көмек көрсетеді, министрліктер мен ведомстволардың кәсіптік училищелері мен мектептерінде маман жұмысшыларды даярлағанда оқу жоспарлары мен программаларының, нұсқаулар мен ережелердің орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

— өз қарамағындағы оқу орындарының және басқа мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың финанс-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, оларды қаржыландыруды қамтамасыз етеді, осы оқу орындарында және басқа мекемелерде, ұйымдар мен кәсіпорындарда бухгалтерлік және статистикалық есептің жолға қойылуына басшылық, сондай-ақ финанстық бақылау жасайды, документалдық тексеру жүргізеді;

— өз қарамағындағы оқу орындарының және басқа мекемелердің ұйымдар мен кәсіпорындардың материалдық-техникалық жағынан жабдықталуын және дайын өнімін өткізуді жоспарлауды қамтамасыз етеді, оқу жоспарлары мен программаларына, жабдықтарға, машиналарға,

құрал-жабдықтарға, құрылыс материалдарына, көрнекі-оқу құралдарына, шаруашылық және мәдени инвентарьға, оқушылардың киім-кешектеріне, тағы басқа материалдық ресурстарға белгіленген тәртіп бойынша заявка береді және Комитетке бөлінген қорлардың пайдаланылуы мен өнімнің өткізілуіне бақылау жасап отырады;

— өз қарамағындағы оқу орындарында оқу жоспарлары мен программаларының орындалуына, оқу-тәрбие жұмысының жәй-жағдайына басшылық пен бақылау жасайды, оқу орындарын оқытушылармен, өндірістік оқу мастерлерімен, оқу жабдықтарымен және құралдарымен оқу-методикалық документациямен қамтамасыз ету шараларын алады;

— қажет болған жағдайларда кәсіптік-техникалық оқу орындарына арналған оқу жоспарлары мен программаларының мазмұнын жақсарту, олар үшін оқулықтар мен көрнекі-оқу құралдарын бастырып шығару туралы, сондай-ақ оқу мерзімдері мен кәсіптік-техникалық оқу орындарында, өндірісте даярланатын мамандықтардың тізбегі туралы ұсыныстарды СССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетіне енгізеді;

— халық шаруашылық жоспарларына сәйкес және өндірістік оқу программасының талабын негізге ала отырып, кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқу мастерскойлары мен базалық кәсіпорындардағы өндірістік қызметін жоспарлауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ кәсіптік-техникалық оқу орындарының бекітілген өндірістік қызмет жоспарларын орындауын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— кәсіптік-техникалық оқу орындарының құрылысын салуды жоспарлайды, олардың жобалануын және күрделі құрылысын бақылауды жүзеге асырады;

— өзіне қарасты училищелер мен басқа одақтас республикалар оқу орындарының жұмысындағы озық тәжірибелерді зерттейді, қорытады, таратады. Комитет жүйесіндегі қызметкерлерге арнап курстар мен семинарлар ұйымдастырады;

— оқушыларға саяси-идеялық және әскери-патриоттық тәрбие беру, физкультура мен спортты дамыту мен Комитет жүйесіндегі оқу орындарының оқушылары арасында сауықтыру шараларын жүргізу ісін ұйымдастырады;

— Қазақ ССР Оқу министрлігімен бірлесе отырып, жастарға кәсіптік жөнсілтеу жөнінде шараларды жасап, жүзеге асырады;

— Комитеттің кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде социалистік және мемлекеттік меншікті қорғауды, оған ұқыптылықпен қарауды қамтамасыз етеді;

— еңбекшілер хаттарының (арыздары мен шағымдарының) дер кезінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырып, осы хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуіне күш салады, сондай-ақ Комитет жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметіндегі еңбекшілер хаттарында айтылған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданылады;

— өзіне бекітілген еңбек жөніндегі жоспардың (бюджеттік қаржылардың) шегінде оқу орындарын, кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгіленген тәртіп бойынша құрады, қайта құрады және таратады;

— Қазақ ССР Орталық статистика басқармасынан, республиканың министрліктерінен, ведомстволарынан және басқа ұйымдарынан кәсіптік-техникалық білім мәселелері жөнінде белгіленген статистикалық есептерді, сондай-ақ мәліметтер мен материалдарды алып тұрады;

— қоғамдық ұйымдардың қатысуымен белгіленген тәртіп бойынша актив кеңестерін шақырады, оларда СССР және Қазақ ССР Үкіметінің

шешімдерін орындау жөніндегі шаралар туралы баяндамаларды, кәсіптік-техникалық білім берудің маңызды проблемаларын тыңдап, талқылайды, сондай-ақ сын және өзара сынды кең өрістету негізінде Комитеттің, облыстық атқару комитеттерінің кәсіптік-техникалық білім жөніндегі басқармалары мен олардың қарамағындағы оқу орындарының қызметін жақсартуға байланысты мәселелерді талқылайды.

7. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетін Председатель басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті Председателінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Председательдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі бөліп береді.

8. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінде коллегия құрылады, оның құрамында Комитет Председателі (коллегия председателі) және оның қызмет жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ Комитеттің басқа да басшы қызметкерлері болады. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

9. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына жеке жауап береді. Председательдің орынбасарларының, Комитет бөлімдері, басқармалары бастықтары мен басқа да бөлімшелері басшыларының Комитет жүйесіндегі оқу орындары, тағы басқа мекемелер мен ұйымдар қызметі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

10. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі Комитет компетенциясы шегінде қазір қолданылып жүрген заңдар, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар, нұсқаулар шығарады және облыстық атқару комитеттерінің кәсіптік-техникалық білім жөніндегі басқармалары, Комитет жүйесіндегі басқа да мекемелер мен ұйымдар міндетті түрде орындалуға тиіс нұсқаулар береді және олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің өз компетенциясына жататын мәселелер жөніндегі нұсқаулары маман жұмысшылар даярлауды жүзеге асыратын министрліктер, ведомстволар мен ұйымдар үшін міндетті болып табылады.

Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі қажет болған жағдайда Қазақ ССР-інің басқа министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

11. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп отыратын мәжілістерінде кәсіптік-техникалық білім беруді өркендетудің негізгі мәселелерін және Комитет қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, өз қарамағындағы кәсіптік-техникалық білім жөніндегі басқармаларға, оқу орындарына, басқа да мекемелерге, ұйымдарға, кәсіпорындарға практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, облыстық атқару комитеттерінің кәсіптік-техни-

калық білім жөніндегі басқармалар бастығының баяндамаларын, Комитет басқармаларының, бөлімдерінің, оқу орындарының, Комитет жүйесіндегі басқа да мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың есептерін, сондай-ақ республикада кәсіптік-техникалық оқу орындары жүйесін дамыту жайлы, Комитет компетенциясына жататын басқа да мәселелер жөнінде министрліктердің, ведомстволардың, ұйымдар мен кәсіпорындардың басшы қызметкерлерінің хабарларын тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Комитет Председателінің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Комитет Председателі мен коллегия арасында талас туған жағдайда Комитет Председателі бұл талас туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері өз пікірін Қазақ ССР Министрлер Советіне өздері тарапынан хабарлай алады.

12. Оқу жоспарлары мен программалардың, оқулықтардың жобаларын, методикалық және көрнекі-оқу құралдарды, жұмысшыларды өндірісте үйретуде және инженер-педагог кадрлардың мамандығын арттыруда кәсіптік-техникалық оқу орындарында қолданылатын оқу-тәрбие және методикалық жұмыс жөніндегі басқа да материалдарды қарау үшін Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінде көрнекті ғалымдардан, жетік мамандардан, өндіріс озаттарынан, сондай-ақ кәсіптік-техникалық білім жөніндегі қызметкерлерден ғылыми совет құрылады.

Ғылыми советтің құрамы мен ол туралы ережені Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі бекітеді.

13. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты қызметкерлерінің құрылымы мен санын СССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімі бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Комитеттің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ Комитеттің басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі бекітеді.

14. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген өз аты, қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІ ЖҰМЫСШЫ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДА ОНЫҢ РОЛІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» 1984 ЖЫЛҒЫ 12 АПРЕЛЬДЕГІ № 315 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1984 жылғы 25 майдағы № 212 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Кә-

[1] 22-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Кәсіптік-техникалық білім жүйесін одан әрі дамыту және білікті жұмысшы кадрларды даярлауда оның ролін арттыру туралы» 1984 ж. 12 апрельдегі № 315 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

сіптік-техникалық білім жүйесін одан әрі дамыту және білікті жұмысшы кадрларды даярлауда оның ролін арттыру туралы» 1984 жылғы 12 апрельдегі № 315 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарына сәйкес білікті жұмысшы кадрларды жоспарлы түрде даярлаудың негізгі формасы ретінде республиканың кәсіптік-техникалық білім жүйесін одан әрі дамытып, жетілдіруді, жастардың жалпыға бірдей кәсіптік оқуға көшуін жүзеге асыруда оның ролін арттыруды қамтамасыз етсін.

Кәсіптік-техникалық оқу орындарында оқу-тәрбие процесінің идеялық-саяси бағытын күшейтсін. Оқушылардың бойында маркстік-лениндік дүниетанымды, баянды материалистік ұғымдарды, дұшпандық идеологияның қандай да болсын көріністеріне ымырасыздықты қалыптастырсын. Әрбір болашақ жас жұмысшыны социалистік қоғамның азаматы, патриот және интернационалист, коммунизмнің белсенді құрылысшысы, жұмысшы табына тән революциялық идеологияға, моральға, мүдделерге, коллективистік психологияға, жоғары еңбек, мінез-құлық және тұрмыс мәдениетіне ие ұқыпты қожайын ретінде тәрбиелеуге күш салсын.

Инженерлік-педагогикалық коллективтердің, кәсіптік-техникалық білім жүйесінің барлық қызметкерлерінің күш-жігері оқушылардың терең де баянды білім алуына, олардың бойында осы заманғы экономикалық ойлау қасиетін, жоғары кәсіптік шеберлікті, еңбекке творчестволық көзқарасты қалыптастыруға бағытталсын. Жаңа техниканы, компьютерлер, роботтар, микропроцессорлық құралдар мен икемді технологиялар қолданылатын автоматтандырылған өндірістерді жасап, пайдалану үшін білікті жұмысшылар даярлауға айрықша назар аударылсын.

3. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті 1984 жылы қазіргі кәсіптік-техникалық оқу орындарын бірыңғай үлгіде — кәсіптер бойынша тиісті бөлімдері бар, оқуға түсушілердің білім дәрежесіне қарай оқыту мерзімдері белгіленген орта кәсіптік-техникалық училище етіп қайта ұйымдастыратын болсын.

4. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі өздерінің қарауында жұмысшы кадрларды даярлауды жүзеге асыратын кәсіптік (кәсіптік-техникалық) училищелерді 1984—1986 жылдары Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің жүйесіне беруді аяқтасын.

5. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп жалпы білім даярлығының деңгейін арттыруға, ғылым негіздерінің баянды игерілуін қамтамасыз етуге, жалпы орта білімге қойылатын бірыңғай талаптарға сәйкес оқушылардың білім сапасын жақсартуға, жалпы білім пәндерін оқытуды игерілетін кәсіппен тығыз байланыстыруға шаралар қолдансын. Орыс тілін ана тілімен қатар оқып үйренуді жақсартсын. Оқушылардың ықыласын ескере отырып факультативтік және үйірмелік сабақтарды енгізсін, лабораториялық және өздігінше істейтін жұмыстарды кеңінен практикалайтын болсын.

Оқу-тәрбие процесін педагогикалық тұрғыдан комплексті қамтамасыз етуге, оқу-методикалық құралдар мен оқытудың дидактикалық құралдарын жасауға айрықша назар аударылсын. Оқушыларға жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу құралдарын жасап, олар тиісті кәсіп топтары бойынша кәсіптік даярлық мазмұнын бейнелейтін болсын.

6. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары оқушылардың кәсіптік даярлық, ең алдымен олардың өндірістік оқу деңгейін арттырсын. Оқуды оқушылардың өнімді еңбегімен неғұрлым терең әрі толық ұштастыруға күш салсын, әдетте базалық кәсіпорындардың заказдары бойынша пайдалы өнім шығаруға, жұмыстардың күрделі түрлерін орындауға арналған өндірістік оқуды кеңінен практикаға енгізсін. Оқушылардың жаңа техника мен технологияны тиімді пайдаланудың практикалық дағдысы мен шеберлігін, өндіріс жаңашылдарының тәжірибесін баянды игеруін қамтамасыз етсін.

Кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларының өндірістік оқуы мен өндірістік практикасы таңдаулы бригадалар мен звенолар құрамында өндіріс озаттарының, жаңашылдарының, еңбек ардагерлері мен тәжірибелі тәлімгерлердің басшылығымен өткізілсін. Кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларының өндірістік оқуын өткізу үшін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының жауапкершілігі арттырылсын.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті экономикалық және әлеуметтік дамудың бесжылдық және жылдық жоспарларының жобаларында халық шаруашылығының жұмысшы кадрларға деген қажетін, жекелеген аймақтың, қала мен селоның ерекшеліктерін ескере отырып орталау мектептерді бітірушілерді орта кәсіптік-техникалық училищелерге қабылдауды бірте-бірте (перспективада шамамен екі есе) көбейтіп отыруды көздейтін болсын.

Осы мақсатпен орта кәсіптік-техникалық училищелердің оқу-материалдық базасын барынша нығайту, олардың беделін арттыру, оқу-тәрбие процесін және болашақ жас жұмысшылардың жалпы білім мен кәсіптік даярлық сапасын жақсартсын. Жастарға кәсіптік бағдар беруді ұйымдастыруға айрықша назар аударылсын.

Кәсіптік-техникалық оқу органдары жалпы білім беретін мектептермен, еңбек коллективтерімен, ата-аналармен байланысын ұлғайтсын.

Базалық кәсіпорындар кәсіптік-техникалық оқу орындарын оқушылармен толықтыруға белсене қатысып отырсын.

Орта кәсіптік-техникалық училищелерді бітіргендерге біліктілігін көтеру және оқуын жалғастыру үшін қажетті жағдайлар жасалсын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, газеттер мен журналдардың редакциялары кәсіптік-техникалық оқу орындарының таңдаулы педагогикалық колдективтерінің, базалық кәсіпорындардың, училищелерді бітірген жас жұмысшылардың жұмыс тәжірибесін баспасөзде, телевизия мен радио арқылы жүйелі түрде көрсетіп отыратын болсын.

8. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқу-материалдық базасын нығайту жөніндегі шараларды 1986—1990 жылдары № 1—9 қосымшаларға сәйкес жүзе-

ге асырсын. Жаңа кәсіпорындар мен объектілер салу және жұмыс істеп тұрғандарын ұлғайту кезінде жоспарда көзделген орта кәсіптік-техникалық училищелерді бір мезгілде салуды жүзеге асырып, оларды пайдалануға бірінші кезекте беруді қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті кәсіптік-техникалық білім объектілерін іске қосу жөніндегі тапсырмаларды әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілер салу жоспарының құрамдас бөлігі ретінде облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне жеткізіп отырсын.

9. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары 1985 жылдан бастап экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында № 1—9 қосымшаларда көзделген объектілерді салуға арналған күрделі құрылыс лимиттерін бөлуді көздейтін болсын.

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, одақтық бағыныстағы кәсіпорындар училищелер комплекстерінің құрамын, олардың қуаттылығы мен территориялық орналасуын Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісіп отыратын болсын.

10. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Алматы қаласында және Алматы облысында құрылыс жүргізу жөніндегі территориялық бас басқарма және орта кәсіптік-техникалық училищелер құрылысын жүзеге асырушы басқа да министрліктер мен ведомстволар орта кәсіптік-техникалық училищелер құрылысының барысын тұрақты бақылауды қамтамасыз етсін. Кәсіптік-техникалық білім объектілерін салу жоспарының орындалуы жөнінде мердігер құрылыс ұйымдарының жауапкершілігін арттырсын. Олардың құрылысының жайын жүйелі түрде қарап, осы объектілерді уақтылы іске қосу жөнінде нақты шараларды жүзеге асырып отырсын.

11. Облыстық атқару комитеті, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті селоларда орта кәсіптік-техникалық училищелер жүйесін одан әрі дамытып, ұтымды орналастыруға, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс салалары үшін білікті кадрлар даярлауды жетілдіруге, сондай-ақ кәсіптік-техникалық училищелер түлектерінің еңбегіне, тұрмысына және тынығуына қажетті жағдайлар жасауға, сөйтіп оларды ауыл шаруашылық өндірісінде орнықтыруға айрықша назар аударатын болсын. 1985—1990 жылдары ауыл шаруашылық өндірісі үшін кадрлар даярлаумен шұғылданатын орта кәсіптік-техникалық училищелерге жаңа оқу шаруашылықтарын ұйымдастыру, жұмыс істеп тұрғандарын ұлғайту үшін жер учаскелерін № 10 қосымшаға сәйкес, сондай-ақ тракторлар, комбайндар, автомобильдер, автобустар, мелиорация техникасын және станок жабдықтарын № 11 қосымшаға сәйкес бөлуді қамтамасыз етсін.

12. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау жоспарларында кәсіптік-техникалық білім органдары мен

базалық кәсіпорындардың заявкалары бойынша орта кәсіптік-техникалық училищелер үшін осы заманғы жабдықтар, машиналар, механизмдер, транспорт құралдарын, ауыл шаруашылық және мелиорация техникасын, өлшегіш, кескіш және басқа аспаптарды, жанар-жағар май материалдарын беріп отыруды көздейтін болсын.

Базалық кәсіпорындар мен ұйымдар орта кәсіптік-техникалық училищелердің үйлері мен жабдықтарын жөндеуді қамтамасыз етіп, оқушыларды оқыту үшін қажетті оқу цехтары мен учаскелерін жасайтын болсын, сондай-ақ бұл училищелердің шеберханаларын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырып отырсын.

13. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті СССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісуі бойынша 1985 жылдан бастап кәсіптік-техникалық оқу орындарында ауыл шаруашылық өндірісінің негізгі кәсіптері бойынша білікті жұмысшы кадрлар даярлауды жоспарлауды жүзеге асырсын.

14. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қарағанды, Павлодар облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті арнаулы кәсіптік-техникалық училищелерде оқу-тәрбие жұмысының деңгейін көтеру, оларды инженерлік-педагогикалық кадрлармен және тәрбиешілермен нығайту жөніндегі жұмысты күшейтсін.

Әрбір арнаулы кәсіптік-техникалық училищеге базалық кәсіпорын бекітілсін, оның еңбек коллективінің оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге қатысуы қамтамасыз етілсін. Арнаулы кәсіптік-техникалық училищелерді бітірушілердің жұмысқа орналасуын және олармен жұмыс орны мен тұрғылықты жерлерінде жүргізілетін тәрбие жұмысының жайын бақылау жүзеге асырылсын.

15. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның жергілікті органдары министрліктермен және ведомстволармен, кәсіпорындардың, құрылыстардың, совхоздар мен колхоздардың басшыларымен бірлесіп орта кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларымен жұмыс істеуге өндіріс мамандарын, жастар тәлімгерлерін, еңбек ардагерлері мен озаттарын кеңінен қатыстырсын, кәсіптік-техникалық оқу орындарына өндірістік оқу мастерлері болып жұмысқа ауысатын жоғары білікті жұмысшылардың инициативасын барынша көтермелеп отырсын.

Бүкілодақтық кәсіптік-техникалық білім берудің басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін көтеру институтының Алматы филиалында училищелерге өндірістік оқу мастері қызметіне ауысқан адамдарды қайта даярлықтан өткізу ұйымдастырылсын. Бұл оқу орны тыңдаушыларының назары педагогика мен психологияны оқып-үйренуге, өндіріс салаларының осы заманғы жетістіктерін, оқушыларды өндірістік оқыту мен тәрбиелеу методикасын игеруге жұмылдырылсын.

16. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне басшылық етудің ленинстік мен әдістерін жетілдіру, кәсіптік мектептің алдына қойылған міндеттерді орындауда кадрлардың жауапкершілігін, инициативасы мен іскерлігін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырсын. Кәсіптік-техникалық оқу орындарын басқару және әсіресе орта кәсіптік-техникалық училищелерде ұйымдық-педагогикалық жұмысты жетілдіру, инженер-педагог қызметкерлердің еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру, теориялық және өндірістік оқуға бақылау жасау мәселелеріне көңіл бөлуді күшейтсін.

Кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларын оқу жылы кезінде ауыл шаруашылық және оқу процесіне байланысы жоқ басқа жұмыстарға тартпақтауға тыйым салынсын.

17. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, одақтық бағыныстағы базалық кәсіпорындар, халық депутаттары Советінің атқару комитеттері жалпы білім беретін орталау және орта мектептердің ағымдағы жылдардың түлектерін бөлудің бірыңғай жоспарларын әзірлеу кезінде қабылдаудың бекітілген жоспарларына сәйкес орта кәсіптік-техникалық училищелерді оқушылармен толықтыруды (кәсіптік бағдар беру жөніндегі шараларды ескере отырып) көздеп отырсын. Осы жоспарлардың орындалуына бақылау орнатсын. Кәсіптік-техникалық білім беру объектілерінің салыну барысына және уақтылы оқу жылының басталуына дейін іске қосылуына пәрменді ықпал жасайтын болсын. Училищелерді кадрлармен нығайтуға көмек көрсетіп, кәсіптік-техникалық оқу орындары қызметкерлерінің еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту жөнінде ұдайы қамқорлық жасап отырсын, оларға тұрғын үйлерді бірінші кезекте берсін. Оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және оларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету сапасының арттырылуына, орта кәсіптік-техникалық училищелерді бітірушілердің өндірісте орнығып қалуына күш салсын.

18. Кәсіптік-техникалық училищелердің инженер-педагог қызметкерлеріне 1985—1990 жылдары тұрғын алаңды № 12 қосымшаға сәйкес бөлу туралы Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының ұсыныстары қабылдансын.

19. Атқарғанда қызметтік тұрғын жай алуға право беретін қызметтердің үлгі тізбесіне (Қазақ ССР Министрлер Советінің 1969 жылғы 20 октябрьдегі № 637 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 21, 112-ст.) бекітілген Қызметтік тұрғын жайлар беру мен пайдалану тәртібі туралы нұсқауға № 1 қосымша) ауыл шаруашылық өндірісі салаларының базасында жұмыс істейтін кәсіптік-техникалық училищелердің оқытушылары мен өндірістік оқу мастерлері енгізілсін.

20. Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі, кәсіподақтардың республикалық комитеттері мен облыстық советтері, базалық кәсіпорындардың еңбек коллективтері білікті жұмысшылар даярлау мен тәрбиелеу сапасын арттыруға белсене қатысып, кәсіптік-техникалық училищелер түлектерінің үйренген кәсібі мен біліктілігіне қатаң сәйкес жұмысқа орналасуы мен пайдаланылуын бақылауды күшейтсін, оқушылар мен инженер-педагог қызметкерлер коллективтерінде социалистік жарысты ұйымдастыруды жетілдірсін. Экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында, коллективтік шарттарда кәсіптік-техникалық оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту, оқушылардың оқуы, еңбек етуі, тұрмысы, тынығуы мен сауықтырылуы жағдайларын жақсарту, олардың техникалық және көркем творчествоға ықыласын аудару жөніндегі шараларды көздейтін болсын.

Әлеуметтік белсенді еңбеккерлер қалыптастыруда, оларды жұмысшы табының революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлерінде тәрбиелеуде оқушылардың кәсіподақ ұйымдарының ролі арттырылсын.

21. Қазақстан ЛҚСМ Орталық Комитеті, облыстық комсомол комитеттері кәсіптік-техникалық оқу орындарына қамқорлықты күшейтіп, училищелерге пәрменді көмек көрсетіп отырсын. Оқушыларға идеялық-саяси тәрбие беруге белсене қатысу, олардың бойында асыл адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жөнінде, оқу нәтижелері, оқу және еңбек тәртібінің сақталуы жөнінде оқушылар комсомол ұйымдарының жауапкершілігі арттырылсын.

23. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері кәсіптік-техникалық оқу жүйесінің беделін барынша арттырып, базалық кәсіпорындардың, кәсіптік-техникалық білім органдары мен орта кәсіптік-техникалық училищелердің білікті жұмысшылар даярлауды ұлғайтып, жетілдіру, оларға коммунистік тәрбие беру жөніндегі қызметін бақылауды күшейтсін; училищелердің бастауыш партия ұйымдарына басшылықты жақсартсын, оларды оқыту-тәрбиелік жұмыс тәжірибесі бар коммунистермен нығайтсын, өндірістік оқу мастерлері мен қоғамдық пәндер оқытушылары арасында партиялық топты күшейтуге айрықша назар аударып отырсын.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына

№ 1 ҚОСЫМША

Өнеркәсіп салалары, транспорт, құрылыс және халық қажетін өтеу сферасы базасында жұмыс істейтін орта кәсіптік-техникалық училищелер салу мен іске қосу жөнінде 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

	училище комплекстері		Оқу корпустары (оқушы орны)	Оқу-өндірістік шеберханалар (оқушы орны)	Жатақханалар (жалпы алаңы шаршы метр)		
						сонын ішінде	
	единица	оқушы орны			Барлығы	жаңа салынып жатқан комплекстер үшін	жұмыс істеп тұрған кәсіптік-техникалық училищелер үшін
1	2	3	4	5	6	7	8
Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі	1	720	—	240	3600	3600	—
Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі	5	2700	—	—	13000	13000	—
Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі	1	540	—	—	2500	2500	—
Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі	2	1440	—	240	24000	20000	4000
Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі	2	1080	—	—	5000	5000	—
Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі	2	1080	—	—	7000	5000	2000
Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі	1	540	—	—	—	—	—
Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі	2	1440	—	480	7000	7000	—
Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі	3	1620	—	720	11100	7500	3600
Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігі	1	600	—	—	3000	3000	—
Қазақ ССР Дайындау министрлігі	4	1920	—	—	9500	9500	—
Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі	1	720	—	—	4200	4200	—
Қазақ ССР Сауда министрлігі	2	1200	—	—	—	—	—

1	2	3	4	5	6	7	8
Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі	1	540	—	150	5200	2700	2500
Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі	2	1440	400	—	13900	7200	6700
Қазақ ССР Байланыс министрлігі	2	840	300	—	6700	4200	2500
Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті	—	—	—	—	2500	—	2500
Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті	—	—	—	150	2000	—	2000
Колхозаралық құрылыс ұйымдарының Қазақ республикалық советі	1	540	—	—	4500	3000	1500
Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі	1	540	—	—	4000	4000	—
Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі	1	540	—	—	5200	2700	2500
Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі	1	720	—	—	4200	4200	—
«Главалмаатастрой»	1	720	—	—	7600	4100	3500
Қазақ ССР «Госкомсельхозтехникасы»	2	1080	—	—	5000	5000	—
Барлығы	39	22560	700	1980	150700	117400	33300

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына

№ 2 ҚОСЫМША

Ауыл шаруашылық өндірісінің салалары базасында жұмыс істейтін орта кәсіптік-техникалық училищелер комплекстерін салу мен іске қосу жөнінде 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

	Училище комплекстері		Соның ішінде жылдар бойынша (оқушы орны)				
	единица	оқушы орны	1986	1987	1988	1989	1990
Қазақ ССР-і бойынша барлығы	37	23600	2400	4800	5000	4740	6660
Соның ішінде облыстар бойынша:							
Ақтөбе	2	1440	—	720	720	—	—
Алматы	1	720	—	—	—	720	—
Шығыс Қазақстан	2	1260	—	—	—	720	540
Гурьев	1	480	—	—	—	480	—
Жамбыл	3	1800	—	720	—	540	540
Жезқазған	2	1440	—	720	—	—	720
Қарағанды	1	680	—	—	680	—	—
Көкшетау	3	1980	—	720	—	540	720
Қостанай	1	720	720	—	—	—	—
Павлодар	1	720	—	—	720	—	—
Солтүстік Қазақстан	3	1740	—	720	—	480	540
Семей	3	1920	480	—	720	—	720
Талдықорған	3	2160	—	—	720	—	1440
Торғай	2	1200	—	480	—	—	720
Орал	4	2700	720	—	720	540	720
Целиноград	2	1200	480	—	720	—	—
Шымкент	3	1400	—	720	—	720	—

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына

№ 3 ҚОСЫМША

Ауыл шаруашылық өндірісінің салалары базасында жұмыс істейтін орта кәсіптік-техникалық училищелер оқу корпустарын салу мен іске қосу жөнінде 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

	Оқу корпустары		Соның ішінде жылдар бойынша (оқушы орны)				
	единица	оқушы орны	1986	1987	1988	1989	1990
Қазақ ССР-і бойынша барлығы	44	10400	1480	2080	2520	2160	2160
соның ішінде облыстар бойынша:							
Ақтөбе	3	720	—	240	—	240	240
Алматы	3	720	—	—	240	240	240
Шығыс Қазақстан	3	600	120	240	240	—	—
Гурьев	2	400	—	160	—	240	—
Жамбыл	2	480	—	—	240	—	240
Жезқазған	1	240	—	240	—	—	—
Қарағанды	3	720	240	—	—	240	240
Қызылорда	2	400	160	—	—	—	240
Көкшетау	2	480	—	—	240	240	—
Қостанай	3	720	—	240	240	240	—
Павлодар	3	720	—	240	240	—	240
Солтүстік Қазақстан	2	480	—	240	—	240	—
Семей	3	600	240	—	120	—	240
Талдықорған	2	480	—	240	—	240	—
Торғай	3	720	240	—	240	—	240
Орал	2	480	240	—	—	240	—
Целиноград	3	720	—	240	240	—	240
Шымкент	2	720	240	—	480	—	—

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына

№ 4 ҚОСЫМША

Ауыл шаруашылық өндірісінің салалары базасында жұмыс істейтін орта кәсіптік-техникалық училищелердің лабораториялық-практикалық корпустарын салу мен іске қосу жөнінде 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

	лабораториялық практикалық корпустар		Соның ішінде жылдар бойынша (оқушы орны)				
	единица	оқушы орны	1986	1987	1988	1989	1990
1	2	3	4	5	6	7	8
Қазақ ССР-і бойынша барлығы	32	4000	720	920	760	760	840
соның ішінде облыстар бойынша:							
Ақтөбе	4	520	120	160	120	—	120
Алматы	1	120	—	—	—	120	—

1	2	3	4	5	6	7	8
Шығыс Қазақстан	2	240	—	120	—	—	120
Гурьев	1	120	120	—	—	—	—
Жамбыл	1	160	—	160	—	—	—
Жезқазған	1	160	—	—	—	160	—
Қарағанды	2	280	120	—	160	—	—
Қызылорда	3	360	—	120	—	120	120
Көкшетау	2	240	—	—	120	—	120
Қостанай	1	120	—	—	—	120	—
Павлодар	4	480	120	120	120	—	120
Солтүстік Қазақстан	2	240	—	120	—	120	—
Семей	2	240	—	—	120	120	—
Талдықорған	1	120	120	—	—	—	—
Торғай	1	120	—	120	—	—	—
Орал	2	240	120	—	—	—	120
Целиноград	1	120	—	—	120	—	—
Шымкент	1	120	—	—	—	—	120

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына

№ 5 ҚОСЫМША

Ауыл шаруашылық өндірісінің салалары базасында жұмыс істейтін орта кәсіптік-техникалық училищелердің қоғамдық-тұрмыстық корпустарын салу мен іске қосу жөнінде 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

(единица)

	Барлығы	Соның ішінде жылдар бойынша				
		1986	1987	1988	1989	1990
Қазақ ССР-і бойынша	64	11	12	13	14	14
соның ішінде облыстар бойынша:						
Ақтөбе	6	1	1	1	2	1
Алматы	3	—	1	—	1	1
Шығыс Қазақстан	5	2	1	1	1	—
Гурьев	1	—	—	1	—	—
Жамбыл	5	—	2	1	1	1
Жезқазған	2	—	—	1	1	—
Қарағанды	3	—	1	1	—	1
Қызылорда	2	1	—	—	1	—
Көкшетау	3	1	1	1	—	—
Қостанай	5	2	—	1	1	1
Павлодар	5	1	1	—	2	1
Солтүстік Қазақстан	3	1	—	1	—	1
Семей	3	—	—	1	1	1
Талдықорған	3	—	1	—	1	1
Торғай	5	1	1	1	1	1
Орал	3	1	1	—	—	1
Целиноград	4	—	—	1	1	2
Шымкент	3	—	1	1	—	1

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына
№ 6 ҚОСЫМША

Ауыл шаруашылық өндірісінің салалары базасында жұмыс істейтін орта кәсіптік-техникалық училищелердің оқушылары үшін жатақханалар салу мен іске қосу жөнінде 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

(жалпы алаңы мың шаршы метр)

	1986—1990 жылдары	Соның ішінде жылдар бойынша				
		1986	1987	1988	1989	1990
Қазақ ССР-і бойынша барлығы	110	28	23,5	21	21	16,5
соның ішінде облыстар бойынша:						
Ақтөбе	7	1	2	1	2	1
Алматы	4	1	1	1	1	—
Шығыс Қазақстан	5	1	1	1	1	1
Гурьев	3	1	1	—	—	1
Жамбыл	6	2	1	2	1	—
Жезқазған	2	—	1	—	1	—
Қарағанды	8,5	2	2	2	2	0,5
Қызылорда	6	1	1	2	1	1
Көкшетау	3	1	1	—	1	—
Қостанай	2	1	—	1	—	—
Павлодар	8	3	1	2	1	1
Солтүстік Қазақстан	7	2	2	1	1	1
Семей	5	1	1	1	1	1
Талдықорған	11	3	2	2	2	2
Торғай	7,5	2	2	1	2	0,5
Орал	8	2	2	1	1	2
Целиноград	10	2	2	2	2	2
Шымкент	7	2	0,5	1	1	2,5

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына
№ 7 ҚОСЫМША

Ауыл шаруашылық өндірісінің салалары базасында жұмыс істейтін орта кәсіптік-техникалық училищелердің оқу шаруашылықтарындағы оқу-өндірістік үй-жайларды салу мен іске қосу жөнінде 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

(единица)

	Барлығы	Соның ішінде жыл бойынша				
		1986	1987	1988	1989	1990
1	2	3	4	5	6	7
Қазақ ССР-і бойынша	9	2	2	2	2	1
соның ішінде облыстар бойынша:						
Ақтөбе	1	1	—	—	—	—
Алматы	1	—	1	—	—	—
Қарағанды	1	—	1	—	—	—

1	2	3	4	5	6	7
Қызылорда	1	—	—	1	—	—
Павлодар	1	—	—	—	1	—
Солтүстік Қазақстан	1	1	—	—	—	—
Талдықорған	1	—	—	—	1	—
Торғай	1	—	—	—	—	1
Целиноград	1	—	—	1	—	—

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына

№ 8 ҚОСЫМША

Кәсіптік-техникалық училищелер объектілерін салу мен іске қосу жөнінде облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне 1986—1990 жылдарға арнап берілген

ТАПСЫРМА

(единица)

	Жатақхана	Оқу-өндірістік шеберхана	Қоғамдық тұрмыстық корпус	Асхана
Қазақ ССР-і бойынша барлығы	2	1	1	1
Алматы қаласы	1	—	—	1
Павлодар облысы	—	1	—	—
Қарағанды облысы	1	—	1	—

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына

№ 9 ҚОСЫМША

Өнеркәсіп салалары, құрылыс және халық қажетін өтеу сферасы базасында жұмыс істейтін орта кәсіптік-техникалық училищелердің асханаларын салу мен іске қосу жөнінде 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

(отыратын орын)

	Барлығы	Соның ішінде жылдар бойынша				
		1986	1987	1988	1989	1990
Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі	160	—	160	—	—	—
Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі	160	—	160	—	—	—
Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі	440	200	—	240	—	—
Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі	120	—	—	—	120	—
Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті	120	120	—	—	—	—
Барлығы	1000	320	320	240	120	—

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына

№ 10 ҚОСЫМША

Ауыл шаруашылық өндірісінің салалары базасында жұмыс істейтін орта кәсіптік-техникалық училищелерге жаңа оқу шаруашылықтарын салу және жұмыс істеп тұрғандарын ұлғайту үшін жер учаскелерін бөлу жөнінде 1985—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

	Көлемі мың гектар	Соның ішінде жылдар бойынша (мың гектар)					
		1985	1986	1987	1988	1989	1990
Қазақ ССР-і бойынша барлығы	21,5	6,25	3,25	2,4	3,6	1,2	4,8
соның ішінде облыстар бойынша:							
Ақтөбе	0,7	0,7	—	—	—	—	—
Алматы	1,2	—	—	—	—	1,2	—
Шығыс Қазақстан	1,2	—	—	—	—	—	1,2
Гурьев	1,7	1,7	—	—	—	—	—
Жезқазған	1,2	—	—	—	—	—	1,2
Көкшетау	2,4	—	—	1,2	—	—	1,2
Маңғышлақ	1	1	—	—	—	—	—
Павлодар	1,85	0,65	—	—	1,2	—	—
Солтүстік Қазақстан	2,1	—	0,9	1,2	—	—	—
Талдықорған	2,15	—	0,95	—	—	—	1,2
Орал	1	1	—	—	—	—	—
Целиноград	1,2	—	—	—	1,2	—	—
Шымкент	3,8	1,2	1,4	—	1,2	—	—

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына

№ 11 ҚОСЫМША

Ауыл шаруашылық өндірісінің салалары базасында жұмыс істейтін орта кәсіптік-техникалық училищелерге тракторлар, автомобильдер, автобустар, комбайндар, мелиоративтік техника мен станоктық жабдықтар бөлу жөнінде 1986—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

(жылына единица)

	қосарлана басқарылатын трактор	қосарлана басқарылатын автомобиль	астық	арнаулы	Жолаушылар автобусы	Бульдозер, скрепер, грейдер	Экскаватор	станоктық жабдықтар
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Қазақ ССР-і бойынша барлығы	720	240	140	110	25	110	65	75
соның ішінде облыстар бойынша:								
Ақтөбе	44	15	9	7	1	7	4	5
Алматы	27	9	5	4	1	4	2	3

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Шығыс Қазақстан	38	12	7	6	1	6	3	4
Гурьев	23	7	4	3	1	3	2	1
Жамбыл	38	12	7	6	1	6	4	4
Жезқазған	12	4	2	2	1	2	1	1
Қарағанды	40	15	8	6	2	6	4	4
Қызылорда	38	12	7	6	2	6	4	4
Көкшетау	49	16	9	7	2	7	4	5
Қостанай	53	17	10	8	2	8	5	6
Маңғышлақ	4	1	1	—	—	—	—	—
Павлодар	37	12	7	6	1	6	3	4
Солтүстік Қазақстан	40	14	8	7	1	7	4	4
Семей	34	12	7	5	1	5	3	3
Талдықорған	44	15	9	7	2	7	4	5
Торғай	40	14	8	6	1	6	4	4
Орал	52	17	10	8	2	8	5	6
Целиноград	48	16	10	7	2	7	4	6
Шымкент	59	20	12	9	1	9	5	6

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 25 майдағы № 212 қаулысына

№ 12 ҚОСЫМША

Өнеркәсіп салалары, транспорт, құрылыс және халық қажетін өтеу сферасы базасында жұмыс істейтін кәсіптік-техникалық училищелердің инженер-техник қызметкерлеріне тұрғын алаң бөлу жөнінде 1985—1990 жылдарға арналған

ТАПСЫРМА

(жалпы алаң шаршы метр)

1	Барлығы	Соның ішінде жылдар бойынша					
		1985	1986	1987	1988	1989	1990
	2	3	4	5	6	7	8
Қазақ ССР-і бойынша барлығы	45600	7950	7250	7950	7250	7950	7250
соның ішінде:							
Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі	1500	250	250	250	250	250	250
Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі	5400	900	900	900	900	900	900
Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі	300	50	50	50	50	50	50
Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі	9000	1500	1500	1500	1500	1500	1500
Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі	1350	200	250	200	250	200	250
Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі	2100	350	350	350	350	350	350
Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі	150	50	—	50	—	50	—
Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі	4800	800	800	800	800	800	800
Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі	7500	1250	1250	1250	1250	1250	1250
Қазақ ССР Монтаж және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігі	4200	700	700	700	700	700	700
Қазақ ССР Дайындау министрлігі	250	50	—	100	—	100	—
Қазақ ССР Геология министрлігі	1200	200	200	200	200	200	200
Қазақ ССР Сауда министрлігі	1500	500	—	500	—	500	—
Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі	300	100	—	100	—	100	—
Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі	1950	300	350	300	350	300	350

1	2	3	4	5	6	7	8
Қазақ ССР Байланыс министрлігі	1200	200	200	200	200	200	200
Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті	300	50	50	50	50	50	50
Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті	150	50	—	50	—	50	—
Қолхозаралық құрылыс ұйымдарының Қазақ республикалық советі	300	50	50	50	50	50	50
Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі	200	100	—	50	—	50	—
Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі	150	—	50	—	50	—	50
Алматы қаласында және Алматы облысында құрылыс жүргізу жөніндегі территориялық бас басқарма	1800	300	300	300	300	300	300

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҮШІН МЕХАНИЗАТОР КАДРЛАРЫН ДАЯРЛАУДЫ ОДАН ӘРІ ҰЛҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1970 ЖЫЛҒЫ 14 МАЙДАҒЫ № 333 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1970 жылғы 31 июльдегі № 485 ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің 1970 жылғы 14 майдағы № 333 қаулысына сәйкес және республиканың ауыл шаруашылығы үшін механизатор кадрларын даярлауды одан әрі ұлғайту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Облыстық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігіне және Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне 1975 жылы селолық кәсіптік-техникалық училищелерде механизатор кадрларын даярлауды республиканың облыстары бойынша № 1 қосымшаға сәйкес бөлу міндетелсін.

3. Қазақ ССР Оқу министрлігі және облыстық атқару комитеттері, 1970/71 оқу жылынан бастап, қажетті жағдайлары бар селолық жерлердегі жалпы орта білім беретін мектептерде, оқу жоспары бойынша өндірістік практикаға баулуға, факультативтік сабақтар мен жазғы өндірістік практикаға бөлінген уақытты пайдалана отырып, жоғары кластардың оқушыларын тракторларда, комбайндарда және басқа ауыл шаруашылық машиналарында жұмысқа дайындауды ұйымдастырсын.

---

[1] Мыналар күшін жойды деп танылды: 3-пункт үйретуге бөлінген уақыт бөлігінде, 4-пункттің үшінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 31 декабрьдегі № 504 қаулысымен.

Қаулының 2 және 9-пункттері мен № 1—3 қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 14 майдағы № 333 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

машиналарында жұмыс істеуді үйретуді, сондай-ақ оқушыларды агротехника мен мал шаруашылығы негіздерін оқытуды енгізетін болсын. Сонымен қатар бұл мектептерде (оқу жоспарынан тыс) оқушыларды тракторларда, комбайндарда және басқа ауыл шаруашылық машиналарында жұмыс істеуге жекелеп үйрету үшін 20 сағат уақыт бөлінсін.

4. 1970—1975 жылдары жалпы білім беретін орта мектептерде оқушыларды тракторларда, комбайндарда және басқа ауыл шаруашылық машиналарында жұмыс істеуге үйретуді енгізу тапсырмасы № 3 қосымшаға сәйкес облыстар бойынша бөлініп бекітілсін.

Облыстық атқару комитеттері екі ай мерзім ішінде ауыл шаруашылық органдары мен халыққа білім беру органдарының ұсынысы бойынша оқушыларды ауыл шаруашылық мамандықтарына үйрету ұйымдастырылатын мектептердің тізбегін бекітсін.

(Төртінші абзац) Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және облыстық атқару комитеттері тракторларда, комбайндарда және басқа ауыл шаруашылық машиналарында жұмыс істеуге оқушыларды үйрету енгізілген жалпы білім беретін орта мектептерге тракторлар (100 оқушыға 1 трактор есебінен, бірақ бір мектепке 1 трактордан кем емес), астық жинайтын комбайндар және басқа ауыл шаруашылық машиналарын, сондай-ақ аккумуляторлар, жанар-жағар материалдарын, агрегаттар, приборлар мен қажетті бөлшектер бөлуді қамтамасыз ететін болсын.

Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі мектептерге берілген тракторларды, комбайндарды және басқа ауыл шаруашылығы машиналарын күрделі жөндеуден өткізуді жүзеге асыратын болсын.

5. Облыстық атқару комитеттері, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі және Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі Қазақ ССР Министрлер Советінің 1970 жылғы 21 январьдағы № 47 қаулысына сәйкес селолық жерлердегі мектептердің оқушыларын еңбекке үйретуді жақсарту үшін практикалық шаралар қабылдасын.

6. Еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне селолық жерлердегі жалпы білім беретін орта мектептерді колхоздарға, совхоздарға «Қазсельхозтехниканың» кәсіпорындарына және базалық кәсіпорындарға (ұйымдарға), сол сияқты селолық кәсіптік-техникалық училищелерге бекітіп қою міндеттелсін.

7. Облыстық атқару комитеттері жеке тұрғын үйлер салушы ауыл шаруашылығының механизаторларына сату үшін рынок қорлары есебінен құрылыс және басқа материалдар бөлуді қамтамасыз ететін болсын.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫН БІТІРІП ШЫҚҚАНДАРДЫ ӨНЕРКӘСІП КӘСІПОРЫНДАРЫНДА, ҚҰРЫЛЫСТАРДА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1980 ЖЫЛҒЫ 9 ИЮНЬДЕГІ № 453 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1980 жылғы 4 августағы № 301
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 17, 46-ст.)

Кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіріп шыққандарды пайдалануды одан әрі жақсарту, оларды өндірісте тұрақтандыру, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогрестің осы заманғы талаптарын ескере отырып жас жұмысшылардың кәсіптік дәрежесін арттыру мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіріп шыққандарды өнеркәсіп кәсіпорындарында, құрылыстарда және ауыл шаруашылығында пайдалануды одан әрі жақсартуға жас жұмысшылардың тұрақтануына жәрдемдесетін қажетті жағдайлар жасауға шұғыл шаралар қолдану Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының, облыстық атқару комитеттерінің, Алматы қалалық атқару комитетінің, бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың аса маңызды міндеті деп саналсын.

2. Республиканың бірлестіктерінің, кәсіпорындары мен ұйымдарының басшылары:

кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіріп шыққандардың алған мамандығы мен біліктілігіне сәйкес жұмыс берілуін қамтамасыз етіп, оларға қажетті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасасын;

бірлестіктерде, кәсіпорындар мен ұйымдарда қанша жұмыс орны бар екендігі және кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіріп шыққандарды тұрғын жаймен қамтамасыз етудің мүмкіндігі туралы мәліметтерді оқушылар оқуын бітірерден бұрын бір тоқсаннан кешіктірмей сол оқу орындарына хабарласын;

жас жұмысшылардың біліктілік шеберлігін арттыруды қамтамасыз ететін болсын;

жас жұмысшылар арасындағы жұмыс туралы жұмысшы жиналыстарында (конференцияларда) ұдайы баяндап отырсын;

кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып цехтардың (учаскелердің) арасында жас жұмысшыларды өндірісте жақсы тұрақтандыру жолында социалистік жарыс өрістетсін, сондай-ақ жас жұмысшының жұмыстан босату туралы өтініш беруінің дәлелін цех (учаске) жетекшісінің, кәсіподақ комитеті председателінің тікелей өзі мұқият талдап қарамайынша оны жұмыстан шығаруға болмайтын тәртіп орнатсын. Жас жұмысшылардың өндірістен кетуінің себептерін жоюға тиісті шаралар қолданатын болсын;

жастар арасында кәсіптік шеберлік конкурстарын өткізуді практикаға енгізсін, жас жұмысшыларды рационализаторлар мен өнертапқыштар қозғалысына кеңінен қамтысын.

3. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті оқу орындары бойынша республиканың министрліктері мен ведомстволары, сондай-ақ одақтық бағыныстағы бірлестіктер, кәсіп-

[1] 8-пункт СССР Министрлер Советінің «Кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіріп шыққандарды өнеркәсіп кәсіпорындарында, құрылыстарда және ауыл шаруашылығында пайдалануды одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1980 ж. 9 июньдегі № 453 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

орындар мен ұйымдар үшін білікті жұмысшылар даярлау жөніндегі тапсырманы облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне хабарласын.

Күндізгі кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіріп шыққандар Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік даму жоспарына сәйкес жас жұмысшылар даярлау жүзеге асырылатын министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары мен ұйымдарына жіберілсін.

4. Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіріп шыққандарды кәсіпорындар мен ұйымдарда пайдалануға байланысты мәселелерге жүйелі түрде талдау жасап, жас жұмысшылардың тұрақтамауының себептерін ашып отырсын, министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып оларды өндірісте дұрыс пайдалану мен тұрақтандыруға шаралар қолдансын.

5. Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіріп шыққандардың бірлестіктерде, кәсіпорындар мен ұйымдарда пайдаланылуы мен тұрақтандырылуын бір мезгілде тексеруді дүркін-дүркін жүргізіп отырсын.

6. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары кәсіподақтардың республикалық комитеттерімен бірлесе отырып кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіріп шыққандарды алған мамандығы мен біліктілігіне сәйкес жұмыспен белгіленген тәртіп бойынша арнаулы киіммен қамтамасыз ету жөнінде, орындайтын жұмысына сәйкес еңбек ақы төлеу, қажетті тұрғын үй тұрмыстық жағдайлар жасау, олардың кәсіптік шеберлігін арттырып, жалпы білімі мен мәдени дәрежесін көтеру жөнінде коллективтік шарттарда көзделетін шараларды бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың орындауын бақылауды күшейтсін.

7. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіріп шыққандарды өндірісте пайдалану, жас жұмысшылардың кәсіптік және мәдени жағынан одан әрі өсуін қамтамасыз ету жөніндегі озық тәжірибесін насихаттасын.

РЕСПУБЛИКА КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ УЧИЛИЩЕЛЕРІ ОҚУШЫЛАРЫНА ТҰРҒЫН ҮЙ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ МЕН МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1977 жылғы 9 августағы № 382
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

2. *(Екінші абзац)* Училищелердің жаңа комплекстерін салғанда бірінші кезекте жатақханалар мен қоғамдық-тұрмыстық корпустарды пайдалануға беру көзделетін болсын.

(Төртінші абзац) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық шаруашылығының жылдық жоспарларының жобаларында «Ауыл шаруашылығы» саласы бойынша селолық кәсіптік-техникалық учили-

[1] Қаулының 1-пункті, 2-пункттің бірінші және үшінші абзацтары, 3, 4, 6, 7 және 9, 10-пункттері мен № 1—6 қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

щелер салуға бесжылдық жоспармен қаралған күрделі қаржыландыру көлемінің мөлшерінде селолық кәсіптік-техникалық училищелері үшін жатақханалар мен асханалар салуға арнап Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетке қажетті күрделі қаржыларды бөлуді қарайтын болсын.

5. Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы:

— республика кәсіптік-техникалық училищелерінің оқушылары үшін қажетті мөлшерде берілген заявкаларға сәйкес формалық киімдер мен аяқ киімдерді белгіленген мерзімдерде жеткізіп беруді қамтамасыз ететін болсын.

— Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне керекті технологиялық жабдықтарды, инвентарьмен, лакпен сырланған бұйымдарды бөлу арқылы көмек көрсетсін.

8. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына дәрігерлік қызмет көрсетуді жақсартсын, оларды жүйелі түрде дәрігерлік байқаулар мен тексерулерден өткізсін, оқу орындары мен жатақханалардың санитарлық-гигиеналық жағдайына үнемі бақылау жүргізсін.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҮШІН МЕХАНИЗАТОР КАДРЛАРЫН ДАЯРЛАУ ІСІН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1962 жылғы 30 марттағы № 221

ҚАУЛЫСЫ

Білікті механизатор кадрларды даярлау ісін жақсарту, сондай-ақ республиканың колхоздары мен совхоздарының бұл кадрларға деген қажетін толық қанағаттандыру мақсатында және КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1962 жылғы 10 январьдағы № 34 қаулысына [2] сәйкес Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелері мен селолық кәсіптік-техникалық училищелерде колхоздар үшін механизатор кадрларын даярлау 1962 жылдан бастап, мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілетін болып белгіленсін.

Колхоздар үшін механизатор кадрларын қысқа мерзімді курстарда даярлау колхоздардың қаржысы есебінен жүргізіледі. Аталған курстарды республика бюджеті қаржылары есебінен қаржыландыру қажетті реттерде экономикалық әлсіз колхоздар үшін ғана Қазақ ССР Министрлер Советінің шешімі бойынша жүргізілсін.

---

[1] Мыналар күшін жойды деп танылды: 1-пункт Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 30 декабрьдегі № 500 қаулысымен; 2-пункт Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1968 ж. 25 октябрьдегі № 653 қаулысымен.

Қаулының 3-пунктінің үшінші абзацы, 5-пункттің бірінші абзацы, 9-пункт, 10-пункттің бірінші абзацы және № 1—3 қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

(Төртінші абзац) Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және дайындау министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы кәсіптік-техникалық білім беру бас басқармасы Қазақ ССР Финанс министрлігімен бірлесе отырып, совхоздар үшін механизатор кадрлар даярлаудың орталықтандырылған есептеу тәртібін бекітетін болсын.

4. Ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелері мен селолық кәсіптік-техникалық училищелердің барлық оқушыларына, 1962 жылдан бастап, № 3 қосымшаға сәйкес табель бойынша формалы киімдер мен арнаулы киімдер берілетін болсын.

5. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Тың өлкелік атқару комитеті жыл сайын «Мәдениет және ағарту» саласы бойынша ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерін салуға ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1961 жылғы 20 январьдағы № 74 қаулысында көзделінген, 1962 жылы 5 мың орындық және 1963—1965 жылдарда жыл сайын 6 мың орындық училищелерді іске қосуды қамтамасыз ететін күрделі қаржы бөлуді көздейтін болсын.

6. Осы қаулының 5-пунктінде көзделген жаңа және жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы училищелерінде оқу-өндірістік, мәдени-тұрмыстық және тұрғын үйлер салу Тың өлкесі бойынша Главцелинстройға, ал республиканың басқа облыстары бойынша Главсельстройға жүктелсін.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жыл сайын жобалау ұйымдарының жоспарына Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру бас басқармасының заявкасы бойынша ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерін салуға арналған қажетті документацияларды әзірлеуді кіргізу міндеттелсін.

8. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, «Қазсельхозтехника» мен «Целинсельхозтехника» бірлестіктері жыл сайын ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелері мен селолық кәсіптік-техникалық училищелер үшін еліміз бен республиканың озат механизаторларды пайдаланатын тракторларды және машиналардың тиісті жиынтықтарын, құралдар мен басқа да техникалық құралдарды қажетті мөлшерде бөлетін болсын, сондай-ақ Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру бас басқармасының заявкасы бойынша училищелерді өндірістік серияның алғашқы партиясынан ауыл шаруашылығы үшін түскен жаңа машиналармен және жабдықтармен ұдайы қамтамасыз етсін.

10. (Екінші абзац) Тың өлкелік атқару комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен дайындау министрлігі мал қора-жайларының дайын болуына қарай механизация училищелеріне әр училищенің оқу шаруашылығында табын жасау үшін совхоздардан тегін мал беретін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті орталықтандырылмаған қаржыландыру көздері есебінен мемлекеттік жоспардан тыс жүзеге асырылатын күрделі құрылысқа арналған құрылыс материалдары қорларын бөлу кезінде жыл сайын жоспарларда Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру бас басқармасына ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінің оқу шаруашылықтарының өндірістік қызметтерінен түскен пайдалар мен кірістер есебінен жүргізілетін объектілерін салуға құрылыс материалдары мен еңбек жөніндегі лимиттерді бөлуді көздейтін болсын.

11. Ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелері мен селолық кәсіптік-техникалық училищелерді инженер-педагог қызметкерлермен нығайту үшін республика Мемлекеттік жоспарлау комитеті алдағы кезде Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру бас басқармасына ауыл шаруашылығы институттары мен техникумдарын бітірушілердің ішінен жоғары және арнаулы орта білімі бар ауыл шаруашылығы мамандарын көптеп бөлуді көздеу міндеттелсін.

12. Тың өлкелік партия комитеті мен облыстық партия комитеттері, Тың өлкелік атқару комитеті мен облыстық атқару комитеттері ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелері мен селолық кәсіптік-техникалық училищелерге басшы және инженер-педагог кадрларды іріктеу мен орналастыруда бұл оқу орындарына тәжірибелі ауыл шаруашылығы мамандарын жіберу есебінен практикалық көмек көрсететін болсын.

13. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру бас басқармасына Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне училищелердің инженер-педагог кадрларының іскерлік біліктілігін арттыру, олардың ауыл шаруашылығы озаттарының жұмыс тәжірибесін және ауыл шаруашылығы ғылымының жетістіктерін талдап

зерттеуі жөніндегі жүйелі жұмысты бұл жұмысқа институттардың ғылыми қызметкерлері мен тірек-үлгілі шаруашылықтардың мамандарын тарта отырып жүргізу міндеттелсін.

14. Жастарды ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелеріне және селолық кәсіптік-техникалық училищелеріне совхоздар мен колхоздардың жолдамасы бойынша жіберу тәртібі белгіленсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігіне, Тың өлкелік атқару комитетіне, совхоздар мен колхоздар басқармаларының басшыларына жас механизатор кадрларын дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету және шаруашылықтарда тұрақтандыруға себепші болатын олар үшін қалыпты тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасау міндеттелсін.

15. Шаруашылықты жүргізудің әдістерін неғұрлым терең зерттеу және таңдаулы механизаторлардың жұмыстың озат тәсілдерін игеру сондай-ақ оқушылардың өндірістік практикасын дұрыс ұйымдастыру үшін облыстық атқару комитеттеріне 1962 жылдың ішінде облыстық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен дайындау және кәсіптік-техникалық білім беру органдарының ұсыныстары бойынша барлық ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерін облыстың тірек-үлгілі және басқа таңдаулы шаруашылықтарына бекітіп беру міндеттелсін.

Совхоздар мен колхоздардың басшылары өндірістік практика кезінде оқушылардың дұрыс пайдаланылуына ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінің директорларымен бірдей жауапты болады деп белгіленсін.

Тың өлкелік партия комитеті мен өлкелік атқару комитеті, облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті, аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті кәсіптік-техникалық білім беру оқу орындарының оқушыларын оқу программаларын орындаумен байланысы жоқ жұмыстарға тартуға тыйым салатын болсын.

16. Ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесі мен селолық кәсіптік-техникалық училищелердің методикалық жұмысын және оқу өндірістік процеске басшылық етуді жақсарту қажет деп саналады.

Қазақ ССР Финанс министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру бас басқармасына екі апталық мерзім ішінде республика Министрлер Советіне Бас, өлкелік және облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының селолық кәсіптік-техникалық училищелерінің құрылымы және ғылыми-методикалық кабинеттері мен бөлімдерінің штаттары туралы ұсыныс енгізу тапсырылсын.

17. Қазақстан ЛҚСМ Орталық комитетіне, өлкелік, облыстық және аудандық комсомол комитеттеріне ұсынылсын:

а) жергілікті совет, шаруашылық органдарымен, «Союзсельхозтехника» бөлімдерімен, сондай-ақ кәсіптік-техникалық білім берудің тиісті органдарымен бірлесе отырып, ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелер мен селолық кәсіптік-техникалық училищелерді комплектілеуге тікелей қатысу және колхоздар мен совхоздар комсомол ұйымдарының таңдаулы өндірісшілерді іріктеу және оларды училищелерге жіберу жұмысын ұйымдастыру;

б) қыздарды ауыл шаруашылығын механикаландыру және селолық кәсіптік-техникалық училищелерде оқуға және механизатор кәсібін меңгеруге кеңінен тарту;

в) жаңа ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелері мен селолық кәсіптік-техникалық училищелердің құрылысына және бұларда жақсы оқу-өндірістік база жасауды шефке алуды жүзеге асыру.

§ 5. ОРТА АРНАУЛЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ

I. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 21 марттағы № 181
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 6, 28-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1969 жылғы 21 марттағы
№ 181 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және ол Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне бағынады.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі республикада жоғары және арнаулы орта білімге басшылық жасайды.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жоғары және арнаулы орта білім жүйесінің қазіргі жайына және оны онан әрі өркендетуге, жоғары және арнаулы орта білімді кадрлар даярлаудың сапасына, студенттер мен оқушылар арасындағы идеялық-тәрбие жұмысына, сондай-ақ республика халық шаруашылығының осы мамандар жөніндегі қажетін неғұрлым толық қанағаттандыруға жауап береді.

2. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— республика халық шаруашылығының жоғары және арнаулы орта білімді мамандар жөніндегі қажетін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатымен жоғары және арнаулы орта білім жүйесін өркендете беру;

— республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарында жоғары квалификациялы мамандар даярлауды қамтамасыз ету, олар өз мамандықтарына байланысты терең білімді, практикалық дағдыны игерген, марксшк-лениндік теорияны меңгерген және коммунистік жоғары саналылық рухында тәрбиеленген болуға тиісті;

— республикада жоғары және арнаулы орта білімді мамандар даярлау жөніндегі тапсырмаларды және мемлекеттік жоспар бойынша белгіленген басқа да тапсырмаларды орындау, мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— республикада жоғары және арнаулы орта білімді мамандар даярлауға ғылыми-методикалық басшылық ету, сондай-ақ республиканың халық шаруашылығында жұмыс істейтін мамандардың мамандығын арттыру жөніндегі жұмысқа жалпы методикалық басшылық жасау;

— республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарында ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауды және олардың мамандығын арттыруды, сондай-ақ бұл кадрларды өз қарамағындағы оқу орындарында неғұрлым эффектілі пайдалануды қамтамасыз ету;

— республиканың жоғары мектептерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын, арнаулы орта оқу орындарында эксперименттік-конструкторлық жұмыстарды дамыту және бұл жұмыстардың эффектілігін арттыру;

— еңбек пен басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруды енгізу, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін-өзі көрсете білген мамандарды басшылық жұмыстарға жоғарылату;

— Министрлік жүйесіндегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілерінің, студенттердің, оқушылардың, аспиранттардың,

ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, олар үшін еңбектің хауіпсіз болу жағдайларын қамтамасыз ету.

3. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі өз қарамағындағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарына, кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге тікелей басшылық жасайды және Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының қарамағындағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарына оқу — методикалық басшылық беруді жүзеге асырады.

4. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі мен оған бағынатын жоғары және арнаулы орта оқу орындары, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің жүйесін құрады.

5. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі өз жұмысында СССР мен Қазақ ССР Заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және Министрлік жүйесіндегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың қолданылу практикасынан қорытынды шығарады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің қарауына енгізеді.

6. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен бірлесе отырып, республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарында халық шаруашылығының талаптарына сәйкес мамандар даярлаудың перспективтік және ағымдағы жоспарларының жобаларын, республикада жоғары және арнаулы орта оқу орындарын тиімді орналастыру және дамыту жоспарларының жобаларын жасап, оларды Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс етеді;

б) мамандар даярлаудың белгіленген тәртібі бойынша бекітілген жоспарлар негізінде Министрлік жүйесіндегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарына оқушылар қабылдау жоспарын белгілейді;

в) СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі белгілейтін мамандықтар бойынша жоғары және арнаулы орта оқу орындарына арналған программалар мен оқу жоспарларын жасап, СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің бекітуіне табыс етеді және Министрлікке бекітілген мамандықтар мен пәндер бойынша жоғары және арнаулы орта оқу орындарына арналған программаларды бекітеді; СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен келісе отырып, Министрліктің әрбір жоғары оқу орнында мамандар даярлау арқылы жүзеге асырылуға тиісті жаңа мамандықтардың тізбегін бекітеді; белгіленген тәртіп бойынша жоғары және арнаулы орта оқу орындарының уставтары мен структурасын, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер туралы ережелерді бекітеді;

г) СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен келісе

отырып, белгіленген тәртіп бойынша Министрлік жүйесіндегі арнаулы орта оқу орындарын, жоғары оқу орындарының филиалдары мен оқу-консультациялық пункттерін құрады және ажыратады;

д) республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарына арналған оқулықтар, оқу құралдары мен методикалық әдебиеттер дайындап, басып шығаруды ұйымдастырады, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, басылымдардың жыл сайынғы және перспективтік жоспарларын жасайды, ана тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарының тираждарын белгілейді және бұларды СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі мен СССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне табыс етеді;

е) оқытудың қазіргі заманғы техникалық құралдарын (кино, радио, телевизия, тағы басқа құралдар) оқу процесіне енгізу жөнінде шаралар жасап, жүзеге асырады, бұл жұмысқа оқу-методикалық басшылық етеді. Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері үшін радио мен телевизиядан оқу жұмыстарына арнап хабарлар беруді ұйымдастырады;

ж) Министрлік жүйесіндегі жоғары және арнаулы орта оқу орындары студенттері мен оқушыларының практикалық дайындығының дәрежесін арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жасап, жүзеге асырады; республиканың министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, осы министрліктер мен ведомстволарға тікелей бағынатын кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді студенттердің практика өткізу үшін тұрақты база ретінде жоғары оқу орындарына бекітіп береді; СССР министрліктері мен ведомстволарына бағынатын кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде, студенттердің өндірістік практика өткізуі үшін базаларды жоғары оқу орындарына бекітіп беру туралы СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне ұсыныстар жасайды;

з) республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарында қоғамдық ғылымдардың оқытылу жайына басшылық етеді; қарамағында жоғары және арнаулы орта оқу орындары бар министрліктермен, ведомстволармен бірлесе отырып, қоғамдық ғылымдар кафедраларының және арнаулы орта оқу орындары пән комиссияларының оқу, ғылым және тәрбие жұмыстарын жақсартуға байланысты шараларды жасап, жүзеге асырады, қоғамдық ғылымдар кафедраларының іс тәжірибесінен қорытынды шығарады және таратады;

и) республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарында әскери және дене шынықтыру дайындығына белгіленген тәртіп бойынша оқу-методикалық басшылық жасайды; Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советімен және мүдделі министрліктермен, ведомстволармен бірлесе отырып, жоғары және арнаулы орта оқу орындарында сауықтыру-спорт лагерьлерін, профилакторийлер, тағы басқа сауықтыру мекемелерін ұйымдастыру жөнінде шаралар белгілейді;

к) Министрлік қарамағындағы жоғары оқу орындарының Мемлекеттік емтихан комиссияларының председательдерін және арнаулы орта оқу орындарының Мемлекеттік мамандық беру комиссияларының председательдерін бекітеді;

л) Министрліктің жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірген жас мамандарды және осы жоғары оқу орындардың аспирантураларын бітіргендерді белгілеген тәртіп бойынша бөледі, оларды республика халық шаруашылығында тиімді пайдалануға шаралар қолданады; Министрліктің жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітіретін жас

мамандардың әрқайсысының жұмыс орнын белгілеу жөніндегі комиссиялардың құрамын бекітеді;

м) Министрліктің жоғары оқу орындары жанынан диссертациялар қорғау мен ғылыми дәрежелерді беру жөнінде мамандандырылған советтер құру және осы советтердің персоналдық құрамын бекіту туралы СССР Министрлер Советі жанындағы Жоғары аттестация комиссиясының алдында өтініш жасайды; [1]

н) Министрліктің жоғары және арнаулы орта оқу орындарының ғылыми-зерттеу және эксперименттік-конструкторлық жұмыстарына басшылық жасайды, ғылыми жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастыруды жетілдіру және олардың эффектілігін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады; маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша мемлекеттік жылдық және перспективтік жоспарлардың, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің, Министрліктің жоғары оқу орындарында ғылымды дамыту мен ғылыми кадрлар даярлауға күрделі қаржы бөлудің жобаларын жасайды; одақтық маңызы бар ғылыми-техникалық проблемаларды үйлестіру жоспарларына ұсыныстар мен сын ескертпелер әзірлейді, өзіне бағынатын жоғары оқу орындарында ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктеріне және халық шаруашылығының талаптарына жауап беретін машиналар мен материалдардың жаңа түрлерін жасап, өндіріске енгізуді, сондай-ақ жоғары эффектілі технологиялық процестер мен өндірісті ұйымдастыру әдістерін жасап, халық шаруашылығына енгізуді қамтамасыз етеді;

о) жоғары оқу орындарының профессорларын, оқытушыларын халық шаруашылығы мен жоғары білімнің қажеттері үшін ғылыми және зерттеулер жүргізуге кеңінен қатыстыруды қамтамасыз етеді, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, бұл зерттеулердің нәтижесін халық шаруашылығында пайдалану жөнінде шаралар жасап, жүзеге асырады;

п) жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу және тәжірибе жұмыстарын жүргізуге арналған қаржыларды пайдалану жайын қарайды, сондай-ақ Министрліктің жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу жұмыстар жөніндегі тоқсандық және жылдық есептерін қарап, бекітеді;

р) республикада жоғары және арнаулы орта білім проблемаларына байланысты, сондай-ақ Министрліктің жоғары оқу орындарында орындалған ғылыми-зерттеулердің нәтижелеріне байланысты ғылыми және ғылыми-техникалық информация ұйымдастырады; белгіленген тәртіп бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық әдебиет дайындап, басып шығаруды қамтамасыз етеді және Министрлік жүйесінде патент — лицензия жұмысын ұйымдастырады;

с) белгіленген тәртіп бойынша республикада жоғары және арнаулы орта білім мәселелеріне арналған кеңестер, конференциялар өткізеді, СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекіткен жоспарға сәйкес жоғары оқу орындары арасында ғылыми және ғылыми-техникалық конференциялар өткізеді, Қазақ ССР-інде жоғары және арнаулы орта білімді өркендету мәселелері жөнінде республика территориясында көрмелер ұйымдастырады;

т) Министрліктің жоғары оқу орындарында проблемалық лабораториялар ашу және оларды жабу туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсыныстар табыс етеді және мүдделі министрліктермен, ведомстволармен, СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен келісе

---

[1] 6-пункттің «м» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1976 ж. 23 августағы № 392 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1976 ж., № 18, 60-ст.).

отырып, Министрліктің жоғары оқу орындарында салалық ғылыми-зерттеу лабораторияларын ашады және оларды жабады;

у) СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен келісе отырып, ғылыми-педагог кадрлар даярлаудың жоспарын жасап, оны Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етеді, Министрліктің жоғары оқу орындары жанындағы аспирантура арқылы ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау ісіне басшылық етеді;

ф) Министрлік жүйесіндегі жоғары және арнаулы орта оқу орындары оқытушыларының мамандығын арттыру жөнінде жоспарларды жасап, СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің қарауына табыс етеді; жоғары және арнаулы орта оқу орындары оқытушыларының мамандығын арттыруды ұйымдастырады;

х) республиканың министрліктері мен ведомстволарынан, сондай-ақ тікелей жоғары және арнаулы орта оқу орындарынан Министрлікке жүктелген тапсырмаларды орындауға қажетті материалдарды, жоғары және арнаулы орта білім мәселелері жөнінде белгіленген есептерді қабылдайды, республикада жоғары және арнаулы орта оқу орындарында есеп жұмысына, есеп беру ісінің жайына бақылау жасайды;

ц) республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарының жұмысына бақылау жасайды, сондай-ақ СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің тапсыруы бойынша СССР министрліктері мен ведомстволарының қарамағындағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының жұмысын бақылайды;

ч) Министрлік жүйесінде күрделі құрылысты жүзеге асырады, күрделі қаржыны эффектілі пайдалануды, жаңа құрылысты тиімді орналастыруды, күрделі қаржыны ең алдымен жоғары және арнаулы орта оқу орындарын, кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді техникалық жағынан қайта қаржыландыруға жұмсауды, күрделі қаржыны ең алдымен іске қосылатын құрылыстарға жұмсауды және аяқталмаған құрылысты азайтуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ өз компетенциясы шегінде Министрлік жүйесіндегі күрделі құрылысқа, күрделі жөндеуге байланысты тағы басқа мәселелерді шешіп отырады;

ш) Министрлік жүйесіндегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарын, кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді жабдықтармен, шикізатпен, отынмен, тағы басқа материалдық ресурстармен жабдықтауды жүзеге асырады;

щ) Министрлік жүйесіндегі мемлекеттік бюджеттегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарын, кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады, сондай-ақ дербес баланстағы шаруашылық есепке көшірілген кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік және финанс жұмысын басқарады; Министрліктің жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің финанс және шаруашылық жұмысына бақылау жасайды және Министрлік жүйесіндегі бақылау-тексеру жұмыстарын ұйымдастырады;

э) белгіленген тәртіп бойынша Министрліктің жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің профессоры мен оқытушыларының, оқу-көмекші қызметкерлерінің, жұмысшылары мен қызметшілерінің штатын бекітеді;

ю) белгіленген тәртіп бойынша Министрлік жүйесіндегі озат қызметкерлерді наградаға ұсынады;

я) Министрлік жүйесіндегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, кәсіпорындарында, ұйымдар мен мекемелерде социалистік меншікті қорғауды және оған ұқыптылықпен қарауды қамтамасыз етеді.

7. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігін Ми-

нистр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі тағайындайды, ал сессия аралығында — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кейіннен бекітуіне ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім Министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім Министрі бөліп береді.

8. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және оның орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрліктің коллегия мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

9. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім Министрі Министрлікке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына тікелей жауап береді, Министрдің орынбасарларының, Министрліктің басқармалары мен бөлімдері бастықтарының, Министрлік жүйесіндегі жоғары және арнаулы оқу орындарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысы үшін және Министрлік қызметінің жекелеген салаларын басқару үшін жауапкерлік дәрежесін белгілейді.

10. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім Министрі өз компетенциясы шегінде қазір күшінде бар заңдарды, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын орындау үшін және осылардың негізінде бұйрықтар, нұсқаулар шығарады және олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім Министрінің өз компетенциясына кіретін республика жоғары және арнаулы орта білімін басқару мәселелеріне байланысты бұйрықтары мен нұсқаулары барлық жоғары және арнаулы орта оқу орындары, сондай-ақ осы оқу орындары бағынатын Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары үшін міндетті болып табылады.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім Министрі қажет болған жағдайларда Қазақ ССР-інің басқа да министрліктері және ведомстволары басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

11. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіп отыратын мәжілістерінде жоғары және арнаулы орта білімді дамытудың негізгі мәселелерін, Министрлік жұмысының басқа да мәселелерін қарайды. Министрліктің жоғары және арнаулы орта оқу орындарына, кәсіпорындарына, ұйымдар мен мекемелеріне практикалық басшылық жасау, жұмыстың орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу, даярлау және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Министрліктің басқармалары мен бөлімдерінің, Министрлік жүйесіндегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің есептерін, сондай-ақ қарамағында жоғары және арнаулы орта оқу орындары бар республика министрліктері мен ведомстволары басшы қызметкерлерінің баяндамаларын тыңдайды.

Коллегияның шешімдері әдетте Министрдің бұйрығымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында қайшылық, талас бола қалған жағдайда Министр бұл туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

12. Қазақ ССР-інде жоғары және арнаулы орта білімді дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін отандық, шет елдік ғылым мен техниканың жоғары және арнаулы орта оқу орындары жұмысындағы озық тәжірибенің жаңа жетістіктерін ескере отырып, мамандар даярлаудың ғылыми мазмұнын анықтау үшін Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінде көрнекті ғалымдардан, ірі мамандардан, ғылыми-техникалық қоғамдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен ғылыми совет құрылады.

Ғылыми советтің құрамы мен ол туралы ережені Министр бекітеді.

13. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің структурасын және оның орталық аппараты қызметкерлерінің санын СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен келісе отырып, Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Орталық аппараттың штат кестесін, сондай-ақ Министрліктің басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерін Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім Министрі бекітеді.

14. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі еңбекшілердің хаттарын (шағымдары мен арыздарын) дер кезінде және ұқыптылықпен қарауды ұйымдастыруды және бұл хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысындағы еңбекшілер хаттарында айтылған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

15. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА УЧИЛИЩЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ
1944 жылғы 15 августағы № 457
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ әйелдері арасынан педагогикалық маман кадрлар даярлау мақсатында Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Алматы қаласында 1944 жылдың 1 октябрінен бастап физика-математика, тарих, тіл және әдебиет факультеттері бар Қазақ Мемлекеттік қыздар институты және Мәншүк Мәметова атындағы Қазақ педагогикалық қыздар училищесі ұйымдастырылсын.

4. Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогика институтының студенттерін, қыздар педагогика училищесі мен даярлау бөлімшелерінің оқушыларын ұстау мемлекет есебінен қабылдансын.

---

[1] 3-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 30 ноябрьдегі № 810 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

2, 5—9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ҚАЗАҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА УЧИЛИЩЕСІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫН МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ
1944 жылғы 24 октябрьдегі № 622
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ қыздары арасынан педагогикалық маман кадрлар даярлауға жағдай жасау мақсатында Халық Комиссарлар Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің 1944 жылғы 15 августағы № 457 қаулысының 4-пунктіне қосымша ретінде Қазақ қыздар педагогика институтының студенттерін, қыздар педагогика училищесінің және даярлау бөлімшелерінің [2] оқушыларын ұстауға арналған мынадай шығындар мемлекет есебінен қабылдансын:

а) 1-қосымшаға сәйкес жабық түрдегі мекемелерді жабдықтау нормалары бойынша тамақтандыру (үш рет);

в) 2-қосымшаға сәйкес жаздық және қыстық киім, сондай-ақ нормалар бойынша төсек-орын бельесімен қамтамасыз ету.

2. Қазақ қыздар педагогика институтының барлық студенттері, қыздар педагогика училищесі мен даярлау бөлімшелерінің оқушылары оқығаны және жатақхананы пайдаланғаны үшін ақы төлеуден босатылсын [3].

3. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне Қазақ қыздар педагогика институты мен қыздар педагогика училищесі үшін осы қаулының 1-пунктінде көрсетілген мақсаттарға арнап тікелей мақсатына арналған тіркелген нормалар бойынша Оқу Халық комиссариатына өнеркәсіптік товарлар бөлу міндеттелсін.

1970 ЖЫЛЫ ӨНДІРІСТЕН ҚОЛ ҮЗІП ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН БІТІРЕТІН ЖАС МАМАНДАРДЫ БӨЛУ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 10 ноябрьдегі № 675
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

7. Министрліктердің, ведомстволардың, мекемелер мен кәсіпорындардың басшыларына, жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітіретін жас мамандарды жұмысқа жолдама қағазсыз қабылдауға тыйым салынсын.

---

[1] 1-пункттің «б» тармағы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 30 ноябрьдегі № 810 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

Қаулының 4 және 5-пункттері және № 1—3 қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] Қазіргі уақытта даярлау бөлімшелері жоқ.

[3] СССР Министрлер Советінің 1956 ж. 6 июньдегі № 768 қаулысы бойынша 1956 жылдың 1 сентябрінен бастап барлық оқу орындарында оқығаны үшін ақы төлеу жойылған.

[4] Қаулының 1—6 -пункттері және № 1—4 қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ, ЖАС МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1963 ЖЫЛҒЫ 9 МАЙДАҒЫ № 533 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1963 жылғы 1 августағы № 615
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі «Жоғары және арнаулы орта білім беруді одан әрі дамыту, жас мамандар даярлауды және оларды пайдалануды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1963 жылғы 9 майдағы №533 қаулысы [2] мүлтіксіз басшылыққа алынып, орындалсын.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау Комитетіне, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне республиканың халық шаруашылығы салалары мен мәдениетінің кадрларға деген қажетіне сәйкес жоғары және арнаулы білімі бар мамандар даярлауды одан әрі жоспарлы түрде ұлғайтуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

Студенттер мен оқушылардың санын көбейту, ең алдымен жұмыс істеп тұрған жоғары және арнаулы орта оқу орындарын кеңейту, өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың, ірі совхоздар мен басқа да ұйымдардың жанындағы жоғары оқу орындары мен техникумдардың филиалдарын, жалпы техникалық және жалпы ғылыми факультеттерін (бөлімдерін) құру есебінен жүзеге асырылсын.

7. Қазақ халық шаруашылығы советіне, республиканың министрліктері мен ведомстволарына мемлекеттік салалық өндірістік комитеттерден, СССР министрліктері, ведомстволарынан жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандардың орнын басуына жататын лауазымдардың үлгі номенклатурасын алысымен оны Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісе отырып, бір айлық мерзім ішінде штаттық кестеге сәйкес оларға бағынатын кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға келтіру міндеттелсін.

8. Жоғары оқу орындары мен техникумдары бар Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына республиканың өкілдері мен облыстарының шалғай аудандарынан жастарды жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарында оқуға пропорциялы түрде тартуға қажетті шаралар қолдану міндеттелсін.

9. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне міндеттелсін:

а) педагогикалық институттарында жалпы білім беретін мектептер үшін мұғалімдер даярлауды тәртіптеу мен тездетуді қамтамасыз ету.

[1] 14-пункт Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 1 сентябрьдегі № 390 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР КЖ, 1981 ж., № 20, 52-ст.).

3—6, 12 және 13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

1963—1964 жылдардан бастап оларды оқу мерзімі төрт жылдық бір мамандық бойынша (математика, физика, орыс тілі мен әдебиеті және басқалар), дайындау СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің келісімі бойынша мұғалімдерді тек аз комплектілі мектептер үшін ғана оқу мерзімі 5 жылдық 2 мамандық бойынша даярлауға қалдыру;

б) 1964—1965 жылдарда республиканың музыкалық және хореографиялық орта оқу орындарын негізгі емес басқа пәндердің сағат санын азайту есебінен гуманитарлық циклдегі сабақтарды көбейтуді қамтамасыз ететін СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекіткен жаңа оқу жоспарына көшіру.

10. Қазақ Халық шаруашылығы Советіне, экономикалық әкімшілік аудандардың Халық шаруашылығы советтеріне, республиканың министрліктері мен ведомстволарына кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына жоғары оқу орындарының студенттері мен арнаулы оқу орындары оқушыларының өндірістік жұмысы мен практикасын ұйымдастыруды жақсартуға қажетті шаралар қолдану, оларға оқу орнында алған мамандығына сәйкес жұмыс орындары мен лауазымдар беру және оқушылардың өндірістің технологиясы, ұйымдастырылуы мен экономикасы жөнінде қажетті білім алуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

11. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне міндеттелсін:

халық шаруашылығы жоспарларында 1964 жылдан бастап КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1963 жылғы 9 майдағы № 533 қаулысының 18-пунктіне сәйкес республикада жоғары және арнаулы білім беруді дамытуды қамтамасыз ететін жоғары және арнаулы орта оқу орындарын салуға және олардың жұмыс істеп тұрғандарын жабдықтауға, сондай-ақ оқу аландары мен студенттер жатақханаларын іске қосу жөніндегі тапсырмаларға арнап қажетті күрделі қаржы бөлуді көздеу;

сондай-ақ жылдық жоспарларда жоғары оқу орындары мен техникумдарға өндірістік сериямен шығарылған алғашқы партиядан жаңа маркалы машиналар, приборлар мен аппараттар, станок жабдықтарын бөлуді көздеу.

15. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақстан Компартиясы өлкелік, облыстық және қалалық комитеттеріне студенттер мен оқушылар арасында саяси-тәрбие жұмысының жағдайын жақсарту, студенттер мен оқушы жастарды жұмысшы табының ерлік және еңбек дәстүрлеріне тәрбиелеу, олардың бойында еңбекке және еңбек адамына деген сүйіспеншілікті, Отан алдындағы борыш пен жауапкершілік сезімін, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм сезімін қалыптастыру міндеттелсін.

Республиканың оқу орындары басшыларынан бітірушілердің бөлу жоспарына сәйкес жұмыс орнына дер кезінде баруын қамтамасыз ету талап етілсін.

16. Қазақстан Компартиясы өлкелік, облыстық және қалалық комитеттеріне, еңбекшілер депутаттары өлкелік, облыстық, қалалық және аудандық Советтері атқару комитеттеріне, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының бітірушілері қарамағына жіберілетін кәсіпорындар-мыста мамандықтары бойынша дұрыс пайдалануды, сондай-ақ оларға

қалыпты тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

17. Жас мамандардың жіберілген жеріне баруына және оларды дұрыс пайдалануға бақылауды жақсарту, сондай-ақ оқу орындарына бітірушілердің нақты баратын жерін беруді және бітірушілердің жұмыс орнына бару жол пұлы үшін ақша қаржыларын аударуды тездету мақсатында Қазақ ССР Халық шаруашылығы советтеріне, министрліктері мен ведомстволарына жас мамандардың документтерін дайындау жұмысын орталық аппаратқа шоғырландыру және осы мақсаттарға көзделінген ақша қаражаттарын орталықтандыру міндеттелсін.

18. Қазақстан Компартиясы өлкелік, облыстық, қалалық комитеттеріне, еңбекшілер депутаттары өлкелік, облыстық, қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ Халық шаруашылығы советтеріне, Экономикалық әкімшілік аудандардың халық шаруашылығы советтеріне, министрліктер мен ведомстволарға, кәсіпорындардың басшыларына кадрлармен жұмыс істеуді, барлық буындарды жас мамандармен тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу дәрежесін арттыруды қамтамасыз етуге қабілеті бар тәжірибелі әрі білікті қызметкерлермен толықтыруды шұғыл жақсарту жөнінде нақты шаралар әзірлеп, жүзеге асыру міндеттелсін.

19. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ Халық шаруашылығы советіне Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып, екі айлық мерзім ішінде Қазақ ССР Министрлер Советіне Қазақ Халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында, 1964 жылдан бастап, типтік және ғылыми жабдықтар, приборлар дайындауды, сондай-ақ республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындары үшін арнаулы типтік мебель шығаруды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар тапсырсын.

20. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, баспалар мен оқу орындарының ведомстволық бағынысына қарамастан, жоғары оқу орындары мен арнаулы орта оқу орындары үшін оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығарудың жинақталған перспективалық және жылдық жоспарларын қарап, оны бекіту үшін СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне беру жүктелсін.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЕЛІМІЗДЕ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУГЕ БАСШЫЛЫҚТЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1966 ЖЫЛҒЫ 3 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 729 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1966 жылғы 9 декабрьдегі № 852
ҚАУЛЫСЫ

Жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандар даярлауды жақсарту, жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту мақсатында Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі және оқу орындары бар басқа министрліктер мен ведомстволар КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Елімізде мамандар даярлауды жақсарту және жоғары және арнаулы орта білім беруге басшылықты жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 1966 жылғы 3 сентябрьдегі № 729 қаулысын мүлтіксіз басшылыққа алып және орындайтын болсын, қазіргі заманғы өндірістің, ғылымның, техниканың, мәдениеттің және оларды дамытудың перспективалық талаптарын ескере отырып мамандар даярлаудың сапасын одан әрі жақсарту жөнінде шаралар белгілеп, оларды жүзеге асыратын болсын.

2. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері жоғары және арнаулы орта оқу орындарының партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының қызметіне бақылауды күшейтсін, олардың назарын мамандар даярлаудың сапасын онан әрі арттыру жөніндегі міндеттерді орындауға, сондай-ақ қоғамдық ғылымдарды оқытудың дәрежесіне ерекше көңіл бөле отырып студенттер мен оқушыларға идеялық-саяси тәрбие беруді онан әрі жақсартуға аударсын. Қоғамдық ғылымдар кафедраларын жоғары квалификациялы кадрлармен нығайту жөнінде шаралар қолданылсын.

3. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі мен Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі Қазақ ССР Ғылым академиясымен, республиканың министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп ғылыми мекемелердің, өнеркәсіп кәсіпорындарының ірі мамандарын жоғары оқу орындарында штатта немесе қосымша жұмыс істеу үшін ғылыми-педагогикалық қызметке неғұрлым кеңінен тартуға шаралар қабылдансын. Облыстық партия комитеттері бұл істе аталған министрліктерге қажетті көмек көрсететін болсын.

4. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне және республиканың басқа да министрліктеріне ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлаған кезде квалификациялы ғылыми-педагогикалық кадрлар бар жоғары оқу орындарының кәсіпорындарымен және мекемелерімен жасалған шаруашылық келісімдер бойынша ғылыми зерттеу-

---

[1] 5, 7, 8-пункттер, 14-пункттің «г» тармағы, 15-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

16-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Елімізде мамандар даярлауды жақсарту және жоғары және арнаулы орта білім беруге басшылықты жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 1966 ж. 3 сентябрьдегі № 729 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

лерді орындауға қатыстыруды және осы мақсаттар үшін қажетті материалдық-техникалық және ақша қаражаттарын бөлуді көздеу тапсырылсын.

6. Оқытудың сапасын жақсарту, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық жұмыс үшін неғұрлым қабілетті жастарды жақсы даярлау мақсатымен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне және Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушыларының, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттарының, заводтардың лабораторияларының және ауыл шаруашылық тәжірибе станцияларының ғылыми қызметкерлерінің басшылығымен студенттерді ғылыми зерттеулер жүргізуге кеңінен тарту жөніндегі шараларды белгілеп, жүзеге асыру міндеттелсін.

9. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне қоғамдық ғылымдардың оқытушыларын квалификациясын арттыру үшін қоғамдық ғылымдардың оқытушыларының квалификациясын арттыру институттарына, ал университеттің және педагогикалық жоғары оқу орындарының педагогика пәндерінің оқытушыларын СССР Педагогика ғылымдары академиясы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін жоғары педагогикалық курстарға белгіленген тәртіппен жыл сайын жіберіп отыру міндеттелсін [1].

10. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне жоғары оқу орындарының арнаулы пәндерінің оқытушыларын республиканың озат өнеркәсіп және ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу ұйымдарында 3 айға дейінгі мерзімде (жоғары оқу орындарындағы жұмыстан қол үзіп және қол үзбей), бұл кезде жоғары оқу орындарының профессор-оқытушы құрамының белгіленген санын өзгертусіз қалдырып-ақ, стажировкалауды 1967 жылдан бастап жүйелі түрде жүргізу міндеттелсін.

Республика кәсіпорындарының және Қазақ ССР Ғылым академиясының басшылары жоғары оқу орындарының оқытушыларын стажировкаға қабылдасын және өндірістің технологиясымен, осы заманғы жабдығымен, экономикасымен және ұйымдастырылуымен танысу үшін оларға қажетті жағдайлар жасасын.

11. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, жоғары оқу орындары ректорларының профессор-оқытушы құрамының белгіленген штаттары мен қосымша штаттық лимиттер шегінде тиісті ставканың жартысын төлей отырып қосымша қызмет атқару тәртібімен педагогикалық жұмысқа ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғылыми қызметкерлері мен халық шаруашылығында жұмыс істейтін мамандарды шақыруы үшін Қазақ ССР Министрлер Советі осы министрліктер үшін белгілеген жалпы лимит шегінде жоғары оқу орындарына жыл сайын қосымша қызмет штаттарының лимитін белгілеу міндеттелсін.

12. Республиканың министрліктері мен ведомстволарына жоғары немесе арнаулы орта оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволардың заявкалары бойынша алдыңғы қатарлы кәсіпорындарды студенттер мен оқушылардың өндірістік практикадан өтуі үшін тұрақты база ретінде бекітіп беру міндеттелсін.

13. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау ко-

---

[1] СССР Министрлер Советінің 1969 ж. 9 январьдағы № 48 жарлығымен СССР Педагогика ғылымдары академиясы жанындағы Жоғары педагогикалық курстары КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1966 ж. 3 сентябрьдегі № 729 қаулысында белгіленген оқу мерзімдері мен қабылдау контингентін сақтай отырып, педагогика пәндері оқытушыларының мамандығын арттыратын Институт болып қайта ұйымдастырылды.

митеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі және жоғары оқу орындары бар басқа да министрліктер мен ведомстволар жоғары және орта білімді мамандар даярлау жоспарларын жасаған кезде жоғары және арнаулы орта оқу орындарында күндіз оқытуды онан әрі басымырақ дамытуды көздесін.

14. Жас мамандарды даярлау мен бөлуді жоспарлауды жақсарту мақсатымен Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне мыналар міндеттелсін:

а) жоғары және арнаулы орта білімді мамандар даярлаудың жылдық және перспективалық жоспарларының жобаларын жасау және оларды Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына беру;

б) СССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен келісілген республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарына әр мамандық бойынша студенттер мен оқушыларды қабылдау және олардан мамандар оқытып шығару жөніндегі жоспарларды бекіту үшін республиканың Министрлер Советіне бекітуіне жыл сайын беріп отыру;

в) күндізгі жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітіретін жас мамандарды бөлу туралы ұсыныстарды және жас мамандарды республикааралық бөлу жоспарын бекіткеннен кейін оларды ведомствоаралық бөлу жоспарын республиканың Министрлер Советіне беру.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫ ЖОСПАРЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ МЕН ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫН БІТІРУШІЛЕРДІ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 27 ЯНВАРЬДАҒЫ № 64 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1978 жылғы 24 наурыздағы № 116
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 8, 27-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. СССР Министрлер Советінің «Мамандар даярлауды жоспарлауды жетілдіру мен жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірушілерді халық шаруашылығында пайдалануды жақсарту туралы» 1978 жылғы 27 январьдағы № 64 қаулысы басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы халық шаруашылығы салаларының жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандарға деген қажетіне сүйене отырып, мамандарды республиканың өндіргіш күште-

[1] 4, 6-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт СССР Министрлер Советінің «Мамандар даярлауды жоспарлауды жетілдіру мен жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірушілерді халық шаруашылығында пайдалануды жақсарту туралы» 1978 ж. 27 январьдағы № 64 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

рінің дамуына, ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогрестің перспективаларына сәйкес даярлауды жоспарлауды одан әрі жақсартуға шаралар қабылдайтын болсын. Республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық, бесжылдық және ұзақ мерзімді мемлекеттік жоспарларын әзірлеген кезде мамандар мен білікті жұмысшыларды еңбек ресурстарының балансын ескере отырып даярлауды комплексті жоспарлау жүзеге асырылсын. Халық шаруашылығының аса маңызды салаларын, интенсивті дамып келе жатқан аймақтар мен өнеркәсіптік орталықтарды кадрлармен қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлінсін.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ғылым академиясы, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып, СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1990 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобасына Қазақ ССР-і бойынша нақтыланған ұсыныстармен бірге мамандар даярлау мен жоғары және арнаулы орта оқу орындарын орналастырудың комплексті жоспарын республиканың халық шаруашылығы салаларының даму қажеттеріне сәйкес әзірлейтін болсын. Мамандарды республикааралық және ведомствоаралық кооперациялау жолымен даярлау белгіленген тәртіп бойынша енгізілсін. Студенттерді оқытуды қажетті ғылыми-педагогикалық кадрлары мен оқу-материалдық базасы бар оқу орындарына шоғырландыру көзделсін, студенттер контингенті аз аттас мамандықтардың бірнеше жоғары оқу орындарында ашылуына жол берілмесін.

5. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандарға деген қажетті анықтаудағы және оларды оқу орындарында алған мамандығы мен біліміне сәйкес жұмыста пайдаланудағы орын алып отырған кемшіліктерді жоятын болсын. Кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде мамандар еңбегін ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеп, енгізу қамтамасыз етілсін, кадрлардың идеялық-теориялық және кәсіптік дәрежесін арттыруға, жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірушілердің стажировкасын жақсартуға, оларды халық шаруашылығының тиісті салаларында өндіріске тұрақтандыруға қосымша шаралар қабылдансын. Мамандарды дұрыс пайдалануға бақылау орнатылсын.

7. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшылары практикалық қызметкерлерді оқу орындарының кешкі және сырттай оқытатын бөлімшелерінде оқуға кеңінен тартуды қамтамасыз етсін, олардың жоғары және арнаулы орта білімді ойдағыдай және кезінде алуына барынша көмек көрсетсін, оқу-тәрбие процесінің оқып жүргендердің өндірістегі практикалық жұмысымен байланысын нығайтсын.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «СЫРТТАЙ ЖӘНЕ КЕШКІ ОҚУ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІ ОНАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1964 ЖЫЛҒЫ 9 АПРЕЛЬДЕГІ № 285 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1964 жылғы 24 июньдегі № 448
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің 1964 жылғы 9 апрельдегі № 285 қаулысын орындау мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, жоғары және арнаулы орта оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволарға сырттан және кешкі білім беруді онан әрі ұлғайтуды негізінен жоғары және арнаулы орта оқу орындарының өнеркәсіп кәсіпорындары, құрылыс, транспорт және басқа ұйымдары жанындағы қазіргі бар филиалдарын нығайту және кеңейту, сондай-ақ жаңа филиалдарын, жалпытехникалық, жалпығылыми және басқа факультеттері мен бөлімшелерін, оқу-консультациялық пункттерін ұйымдастыру есебінен қамтамасыз ету міндеттелсін.

2. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік құрылыс комитетіне, Қазақ халық шаруашылығы советіне, министрліктер мен ведомстволарға ірі өнеркәсіп, транспорт, байланыс және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары құрылысының бас жоспарына халық шаруашылығының тиісті саласы бойынша бөлінетін күрделі қаржының есебінен жоғары және арнаулы орта оқу орындарының сырттан оқытатын және кешкі филиалдары, жалпы-техникалық және жалпығылыми және басқа да факультеттер мен бөлімдер және оқу-консультациялық пункттер үшін оқу, лаборатория және басқа да үйлер комплексін салуды енгізу және бір ай мерзімде республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарының қатардағы кешкі және сырттан оқытатын филиалдары, факультеттері мен оқу-консультациялық пункттері үшін осындай комплекстер салу туралы ұсыныс енгізу міндеттелсін.

4. Өндірістен қол үзбей оқып жатқан жоғары оқу орындары студенттерінің және арнаулы орта оқу орындары оқушыларының құрамын жақсарту, олардың теориялық және практикалық даярлану дәрежесін арттыру мақсатымен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, жоғары және арнаулы орта оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволарға мыналар міндеттелсін:

а) жоғары және арнаулы орта оқу орындарындағы сырттан және кешкі оқытуға, әсіресе техникалық және ауыл шаруашылық мамандықтарына, ең алдымен қабылдау емтиханын ойдағыдай тапсырған және

---

[1] 8-пункттің екінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 21 январьдағы № 29 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 3, 13-ст.).

3-пункт, 5-пункттің «б» тармағының екінші және үшінші абзацтары және 6-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункттің бірінші және үшінші абзацтары СССР Министрлер Советінің «Сырттай және кешкі оқу арқылы жоғары және арнаулы орта білім беруді онан әрі жақсартуды және кешкі оқу арқылы жоғары және арнаулы орта білім беруді онан әрі жақсартай және кешкі оқу арқылы жоғары және арнаулы орта білім беруді онан әрі жақсарту туралы» 1964 ж. 9 апрельдегі № 285 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

жоғары оқу орнында таңдаған немесе соған тектес мамандығы бойынша жұмыс істейтін адамдарды қабылдау;

б) кәсіпорындардың жанынан дайындық курстарының кең жүйесін белгіленген тәртіппен ұйымдастыру жолымен жоғары және арнаулы орта оқу орындарына қабылдау емтихандарына тапсыратын қызметкерлерді даярлау үшін жағдай жасау;

в) профессорларды, неғұрлым квалификациялы мұғалімдер мен өндіріс мамандарын сырттай және кешкі оқу орындарындағы студенттермен және оқушылармен оқу сабақтарын жүргізу үшін неғұрлым кеңінен тартуды қамтамасыз етуге шаралар қолдану.

5. Өндірістен қол үзбей оқып жатқан жоғары оқу орындарының студенттерін және арнаулы орта оқу орындарының оқушыларын оқулықтармен, оқу құралдарымен және оқу-методика документациясымен қамтамасыз ету мақсатымен:

а) Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, жоғары және арнаулы орта оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар сырттан оқитын әрбір студент пен оқушыны оқу жылы басталуына қажетті оқулықтардың, оқу құралдарының және оқу методика документациясының толық комплектімен қамтамасыз ететін болсын;

б) Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті орта мектептер үшін оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығарумен қатар, сондай-ақ бірінші кезектегі тәртіппен жоғары және арнаулы орта оқу орындары үшін оқу-методика документацияларын басып шығаруды қамтамасыз ететін болсын;

в) жоғары және арнаулы орта оқу орындарына көтерме сауда қоймаларынан ұйымдасқан тәртіппен сауда жеңілдігі бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын алуға, оқу орындарының сметасы бойынша оқыту шығындарына және кітапханалар үшін кітаптар алуға арналған қаржының 20 процентіне дейінгісін осы мақсаттарға жұмсай отырып, аталған қаржылардың тиісінше орнын толтыра отырып, кітаптарды сырттан оқитын оқушылар мен студенттерге сату үшін алуға рұқсат етілсін.

7. Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетіне сырттай және кешкі арнаулы оқу орындарының студенттері мен оқушылары үшін радио және телевизия арқылы оқулық хабарларды жүйелі түрде ұйымдастыру міндеттелсін.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМДІ МАМАНДАРДЫ ӨНДІРІСТЕН ҚОЛ ҮЗБЕЙ ДАЯРЛАУДЫ ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 15 ИЮНЬДЕГІ № 552 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1981 жылғы 10 июльдегі № 322 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі республикада халық шаруашылығын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етуде және еңбек ресурстарын ұтымды пайдалануда аса зор маңызы бар сырттай және кешкі жоғары және арнаулы орта білім беру одан әрі дамып, жақсарғанын атап

[1] 5-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 21 январьдағы № 29 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 3, 13-ст.).

6-пункт СССР Министрлер Советінің «Жоғары және арнаулы орта білімді мамандарды өндірістен қол үзбей даярлауды одан әрі жетілдіру туралы» 1981 ж. 15 июньдегі № 552 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

көрсетті. Сырттай және кешкі факультеттердің, филиалдардың, бөлімдердің, оқу-консультациялық пункттердің кең жүйесі қанат жайды, бұларда 190,7 мың адам немесе жоғары және орта оқу орындарындағы студенттер мен оқушылардың жалпы санының 36,3 проценті өндірістен қол үзіп оқиды. Оныншы бесжылдық жылдарында оқудың сырттай-кешкі формасы бойынша 150 мыңнан астам маман даярланды.

Сонымен қатар СССР Министрлер Советінің эталған қаулысында атап көрсетілген өндірістен қол үзбей мамандар даярлау мәселелеріндегі кемшіліктер біздің республикада да орын алып отыр. Бірқатар оқу орындарында қажетті оқу-материалдық база жоқ, мамандарды өндірістен қол үзбей даярлаудың сапасы және бітірушілердің теориялық білім дәрежесі бірқатар жағдайларда қазіргі талаптарға сай емес. Оқу программаларын жетілдіруге, оқытудың прогресті әдістері мен техникалық құралдарын пайдалануға жете көңіл бөлінбейді. Студенттер мен оқушылар оқу-методикалық документтермен толық дәрежеде қамтамасыз етілмейді. Көптеген кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін жастардың ойдағыдай оқуына жағдай жасалмайды. Мамандарды даярлау мен оларды халық шаруашылығына пайдалануды жоспарлауды жақсарту талап етіледі.

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. СССР Министрлер Советінің «Жоғары және арнаулы орта білімді мамандарды өндірістен қол үзбей даярлауды одан әрі жетілдіру туралы» 1981 жылғы 15 июньдегі № 552 қаулысы басшылыққа алынып, мүлтіксіз орындалсын.

2. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы кадрларды даярлауды сырттай және кешкі оқыту формаларымен жүзеге асыратын қарамағындағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының күш-жігерін оқыту сапасын барынша жақсартуға жұмсасын және мыналар қамтамасыз етілсін:

марксгік-лениндік теорияны творчестволық жағынан меңгерген, теориялық білімдерін терең практикалық даярлықпен үйлестірген, жоғары коммунистік саналылық рухында тәрбиеленген, қоғамдық-саяси және ұйымдастырушылық жұмысқа дағдыланған мамандар даярлау;

оқытудың мазмұнын жетілдіру, мамандардың теориялық және кәсіби даярлығында іргелі ғылымдардың маңыздылығын арттыру, оқу жоспарлары мен программаларында ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарын, басқарудың ғылыми негіздері мен коммунистік құрылыстың тәжірибесін көрсетеді;

сабақ берудің сапасын, оқу процесін өндіріспен жан-жақты байланысын дамыту бағыттылығын арттыру, оқытудың сырттай және кешкі білім берудің ерекшеліктері неғұрлым толық ескерілген жаңа әдістері мен құралдарын пайдалануды кеңейту;

қарамағындағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының сырттай және кешкі оқыту формалары бар филиалдары мен оқу-консультациялық пункттерінің жүйесін одан әрі кеңейту. Аталған филиалдар мен оқу консультациялық пункттер тиісті оқу-материалдық база мен білікті педагог кадрлар болған жағдайда ғана және ірі өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдар бар жерлерде, бірінші кезекте, республиканың өндірістік күштері интенсивті дамыған аудандарында ғана құрылсын.

3. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ

ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, өндірістен қол үзбей оқитын студенттер мен оқушыларды өндірістен қол үзіп оқитындарды оқытудың ерекшеліктерін ескере отырып, оқулықтармен, көмекші оқу құралдарымен неғұрлым толық қамтамасыз етуге шаралар қолданатын болсын.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі:

мамандарды өндірістен қол үзбей даярлауды жоспарлауды жетілдіруге шаралар қолдансын, жоғары оқу орындарына қабылдаудың жылдық жоспарын әзірлеу кезінде бірінші кезекте халық шаруашылығының жетекші салаларының кадрларға деген қажетін неғұрлым толық қанағаттандыру қажеттігін ескерсін;

1981—1985 жылдарда жоғары оқу орындары жанындағы дайындық бөлімдеріне өндірістен қол үзіп оқуы үшін жастар қабылдауды бірте-бірте (50 процентке дейін) ұлғайтуды жүзеге асырсын.

СЫРТТАН ОҚЫТАТЫН ЖӘНЕ КЕШКІ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1957 жылғы 28 августағы № 603
ҚАУЛЫСЫ

Сырттан оқытатын және кешкі жоғары білім беру жүйесін дамыту, оларды мамандар даярлаудың сапасын жақсарту және практиктерге, жас жұмысшыларға, қызметшілер мен колхозшыларға өндірістен қол үзбей арнаулы жоғары білім алуға мол мүмкіндіктер туғызу мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. *(Үшінші абзац)* Ірі кәсіпорындар мен құрылыстарда, сондай-ақ оқу орындарының жанынан жоғары оқу орындарына түсуге даярлау жөнінде курстар ұйымдастырылсын, олар оқып жатқан адамдардың есебінен ұсталсын.

3. Жалпы білім беретін, сабақтардан түсердегі және түскеннен кейінгі сырттан оқытатын институттардың I—III-курстарының емтихандарын қабылдау, сондай-ақ консультациялар өткізу жергілікті жердегі сырттай оқытатын институттар мен стационарлық жоғары оқу орындарының оқу-консультациялық пункттерінде ұйымдастырылады деп белгіленсін.

4. Қазақ ССР Оқу министрлігіне сабақтан бос кешкі уақытта және каникул кезінде мектептер мен педагогика институттарының үйлерін сырттан оқитын студенттермен оқу сабақтарын және емтихандар өткізу үшін беру міндеттелсін.

5. Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларынан сырттан оқитындарға СССР Министрлер Советінің қаулыларында көзделген барлық жеңілдіктерді беру, оның ішінде сессиялардың кезінде ағымдағы және мемлекеттік емтихандарды өткізу үшін кезекті еңбек демалыстарын және қосымша демалыстар беру талап етілсін.

[1] 1-пункттің бірінші және екінші абзацтары, 2, 7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

6. Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларына сырттан оқитындарға оқу жоспарын ойдағыдай орындауы үшін қажетті көмек көрсету, сырттан оқитындарды жұмыстан тыс және басқа қосымша жұмыстарға көп пайдалануға жол бермеу міндеттелсін.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ МЕН ТЕХНИКУМДАРДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫРУҒА ЖӘНЕ ӨЗДЕРІНІҢ КӘСІПОРЫНДАРЫ ҮШІН МАМАНДАР ДАЯРЛАУҒА ӨНЕРКӘСІП КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ, СОВХОЗДАР МЕН КОЛХОЗДАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ» 1959 ЖЫЛҒЫ 18 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 1099 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1960 жылғы 5 февральдағы № 86
ҚАУЛЫСЫ

Республиканың жоғары және орта арнаулы оқу орындарына түсуге жұмыс істейтін жастарды даярлау сапасын жақсарту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық, аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне, халық шаруашылығы советтеріне өндіріс кәсіпорындарының, құрылыстардың, совхоздар мен колхоздар басшыларының қатысуымен СССР Министрлер Советінің 1959 жылғы 18 сентябрьдегі № 1099 қаулысын орындау жөніндегі шараларды жасау және практикалық жұмыстан кемінде екі жыл стажы бар дайындығы күшті және ең қабілетті өндіріс озаттарын жоғары оқу орындары мен техникумдарға оқуға жіберуді қамтамасыз ету міндеттелсін [2].

3. Еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтеріне жұмыс істейтін жастарды жоғары оқу орындары мен техникумдарға түсуге даярлау жөніндегі курстарды орналастыру үшін қажетті бөлмелер беру міндеттелсін.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1960 ЖЫЛҒЫ 5 ФЕВРАЛЬДАҒЫ № 86 ҚАУЛЫСЫНЫҢ 1-ПУНКТІН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1967 жылғы 15 сентябрьдегі № 668
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің 1967 жылғы 25 августағы № 810 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Жоғары оқу орындары мен техникумдарды оқушылармен толықтыруға және өздерінің кәсіпорындары үшін мамандар даярлауға өнеркәсіп кәсіпорындарының, совхоздар мен колхоздардың қатысуы туралы» 1959 жылғы 18 сентябрьдегі № 1099 қаулысын орындау жөніндегі шаралар

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 15 сентябрьдегі № 668 қаулысымен өзгертілген.

туралы» 1960 жылғы 5 февральдағы № 86 қаулысының 1-пункті[1] өзгерту мақсатымен осы қаулымен көзделген тәртіппен жоғары және орта арнаулы ауыл шаруашылығы оқу орындарына колхоздар, совхоздар және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындары есебінен стипендия төленетін оқуға бір жылдан кем емес практикалық стажы бар адамдар қабылданады деп белгіленсін.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ МЕН ТЕХНИКУМДАРДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫРУҒА ЖӘНЕ ӨЗДЕРІНІҢ КӘСІПОРЫНДАРЫ ҮШІН МАМАНДАР ДАЯРЛАУҒА ӨНЕРКӘСІП КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ, СОВХОЗДАР МЕН КОЛХОЗДАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1961 жылғы 26 апрельдегі № 283
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне және Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жоғары оқу орындары мен техникумдарға түсуге жұмыс істейтін жастарды даярлау жөніндегі курстар жүйесін кеңейтуді ұйымдастырып, оларға бірінші кезекте өнеркәсіп орындары, құрылыстар, совхоздар, колхоздар, шаруашылық ұйымдары, Қазақ темір жол басқармасы және шаруашылық есептегі геологиялық барлау ұйымдары ұсынған адамдарды қабылдау міндеттелсін.

4. Жоғары оқу орындары мен техникумге түсуге даярлау курстарының типтік штаты қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1961 жылғы 26 апрельдегі
№ 283 қаулысына
ҚОСЫМША

Жоғары оқу орындары мен техникумдарға түсуге даярлау курстарының әкімшілік-басқару қызметкерлерінің

ҮЛГІ ШТАТТАРЫ

	Оқушылар санына қарай			
	50-ге дейін	51-ден 100-ге дейін	101-ден 200-ге дейін	201-ден 300-ге дейін
Курс меңгерушісі	0,5	1	1	1
Методист	—	—	0,5	1
Секретарь-машинистка	0,5	0,5	0,5	0,5
Барлығы	1	1,5	2	2,5

Мұнан басқа тазартылатын, сыпырылатын алаңның 400 шаршы метріне бір үй сыпырушы.

[1] 325-бетті қараңыз.

[2] 1, 3-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

РЕСПУБЛИКАДА ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМІ БАР МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫ ҰЛҒАЙТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1962 жылғы 30 июньдегі № 473

ҚАУЛЫСЫ

Жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандар даярлауды одан әрі ұлғайту және оқу орындарының оқу-материалдық базасын нығайту мақсатында Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Республиканың халық шаруашылығы советтеріне, министрліктеріне және ведомстволарына КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1954 жылғы 30 августағы № 1863 қаулысына сәйкес жоғары және арнаулы орта оқу орындарына оқу мақсатына қажет қазіргі заманға сай құрал-жабдықтарын тегін беруді қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу лабораторияларын, кабинеттер мен өндірістік шеберханаларды құрып, жабдықтауға практикалық көмек көрсету міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ халық шаруашылығы советіне, Қазақ ССР Финанс министрлігіне жыл сайын республиканың халық шаруашылық жоспары мен бюджетінде оқу орындарының лабораторияларын, кабинеттерін және өндірістік шеберханаларын жабдықтау үшін ең жаңа жабдық пен приборлар сатып алуға қажетті қорлар мен қаржыларды алдын ала қарау тапсырылсын.

СТУДЕНТТІК ОТРЯДТАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1976 жылғы 12 июльдегі № 323

ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап өтеді: жоғары оқу орындары студенттік отрядтарының жазғы каникул күндерінде құрылыс жұмыстарына қатысуы кең өріс алып отыр. Тек тоғызыншы бесжылдық жылдары республиканың студенттік отрядтарында 230 мыңға жуық адам жұмыс істеді, олар 720 миллион сомның күрделі қаржысын игеріп, көптеген түрлі мақсаттағы объектілерді іске қосты. Студенттік отрядтардағы жұмыс жастарда кәсіптік және ұйымдастырушылық дағдылардың дамуына жәрдемдеседі.

Өндірістік міндеттерді орындаумен қатар студенттер жергілікті

---

[1] 8-пункттің «б» тармағының екінші абзацы Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1965 ж. 9 февральдағы № 106 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

1, 4—15-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] 6-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1967 ж. 26 майдағы № 386 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

халық арасында зор қоғамдық-саяси және мәдени-бұқаралық жұмыс жүргізеді.

Сонымен бірге студенттік отрядтарды қалыптастыру мен олардың қызметінде елеулі кемшіліктер бар. Жекелеген оқу орындары отрядтардың саны жөнінде белгіленген тапсырмаларды орындамайды, ал комсомол органдары студенттік отрядтардың басшыларын іріктеу мен даярлауға жеткілікті көңіл бөлмейді.

Студенттік отрядтарды қабылдайтын кәсіпорындар мен ұйымдар көбінесе оларды қажетті жұмыс көлемімен, құрылыс материалдарымен, транспортпен, машиналармен және механизмдермен қамтамасыз етпейді, студенттік тұрмыстық жағдайлар жасау жөнінде қажетті шаралар қолданбайды; еңбек қорғау мен хауіпсіздік техникасының ережелерін бұзушылығы орын алып отыр.

Жоғары оқу орындары студенттік отрядтарының жазғы жұмыстарын ұйымдастыруды одан әрі жақсарту мақсатында және КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Студенттік отрядтардың жазғы жұмыстарын ұйымдастыруды одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1976 жылғы 26 майдағы № 386 қаулысын орындау үшін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Республика студенттік отрядтарының жұмысын қалыптастыру мен ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан ЛҚСМ Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі студенттік отрядтарды қабылдайтын Қазақ ССР-інің министрліктері

мен ведомстволарының келісуі бойынша ВЛҚСМ Орталық Комитеті мен СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекіткен қалыптастыру жоспарына сәйкес әзірлеп, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына енгізеді деп белгіленсін.

Студенттік отрядтарды қалыптастыру жұмыстардың осы түріне қарсы медициналық көрсетінділері жоқ үлгіретін студенттер қатарынан еріктілік принципі бойынша жүргізіледі.

Студенттік отрядтардың жұмысы тиісті кәсіпорындар (ұйымдар) мен отрядтардың арасында жасалып, екі жақтың міндеттемелерін реттейтін шаруашылық шарттардың негізінде жүзеге асуға тиіс.

2. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттері студенттік отрядтардың жұмысын ұйымдастыруды одан әрі жетілдіруге шаралар қолданып, оларды жан-жақты көмек көрсетіп қолдап отырсын, тиімді қызмет істеуге, идеялық-саяси және мәдени-бұқаралық жұмыс жүргізуге қажетті жағдайлар жасайтын болсын.

3. Студенттік отрядтарды қабылдайтын министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері, кәсіпорындар мен ұйымдар мыналарды қамтамасыз етсін:

— қажетті жұмыс көлемін уақтылы әзірлеп қоюды және құрылыстар мен объектілерді материалдармен, механизмдермен, транспорт құралдарымен және құрал-саймандармен үзіліссіз жабдықтауды, сондай-ақ жоғары еңбек өнімділігіне жәрдемдесетін басқа да жағдайлар жасауды;

— студенттерді ұйымдасқан түрде қабылдау мен орналастыруды, олар үшін тиісті тұрмыс, демалыс жағдайларын жасауды, оларға қажетті тұрмыстық инвентарь мен көрпе-төсек беруді;

— студенттік отрядтар жұмыс істеген кезде хауіпсіздік техникасының талаптары мен жұмыс уақытының белгіленген режимінің сақталуын, студенттік отрядтардың мүшелеріне қолданылып жүрген нормалар бойынша арнаулы киім, арнаулы аяққиім мен қорғаныш құралдары берілуін.

4. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі студенттік отрядтардың мүшелеріне дәрігерлік қызмет көрсетуді ұйымдастырсын, бұл мақсат үшін медицина жоғары оқу орындарының жоғары курс студенттері мен клиникалық ординаторларын қосымша қатыстырсын, сондай-ақ осы отрядтарды жарақтандырудың бекітілген табельдер бойынша медикаментпен, байлап-орайтын материалдармен және дезинфекциялық құралдармен жабдықтайтын болсын.

Студенттік отрядтар жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдар медикаменттердің, байлап-орайтын материалдар мен дезинфекциялық құралдардың құнын төлесін.

5. Студенттік отрядтарды қабылдайтын Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары Қазақстан ЛҚСМ Орталық Комитетімен, Қазақстандық студенттік құрылыс отрядтарының штабымен, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен бірлесе отырып жұмыс істеу үшін отрядтар жіберілетін кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылары есебінен студенттік отрядтардың мүшелерін бекітілген 12 сағаттық программа бойынша хауіпсіздік техникасының ережелері мен кәсіптік даярлықтың дағдыларын оқытып-үйретуді қамтамасыз етсін, бұл шығындарды осы кәсіпорындар мен ұйымдарға тиісінше еңбек қорғау жөнінде және кадрлар даярлауға көзделген шығындарға жатқызсын.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ОҚУШЫЛАРЫН ТҰРМЫСТЫҚ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 24 июльдегі № 466
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

6. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеттеріне оқу орындарының заявкасы бойынша жөндеу-құрылыс ұйымдарының күшімен оқу корпустарын, жатақханаларды және студенттердің асханаларын оқу жылының басталуына күрделі жөндеуден өткізу міндеттелсін.

10. Қазақ ССР Сауда министрлігіне Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің және Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің қорлары бойынша студенттердің жатақханалары мен оқу корпустары үшін қажетті мебель беруді қамтамасыз ету міндеттелсін.

17. Қазақ ССР Финанс министрлігіне мыналар міндеттелсін:

б) республикалық бюджетте мыналарға қаржы көзделсін:

— СССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитеті, СССР Министрлер Советінің Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті және СССР Финанс министрлігі ВЦСПС-пен және ВЛКСМ Орталық Комитетімен келісе отырып 1966 жылғы 31 майда бекіткен нормалар бойынша студенттердің жатақханалары үшін жұмсақ инвентарь мен жабдықтар сатып алуға;

— өзінің қарауында жоғары және арнаулы орта оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар үшін жатақханалармен қамтамасыз етілмеген студенттер мен оқушылар үшін пәтерлер (бұрыштар) жалдауға қаржы бөлінсін.

18. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, облыстық атқару комитеттеріне және Алматы қалалық атқару комитеттеріне студенттердің асханаларын екінші категориядағы етпен, ішек-қарынмен, сосискамен, пісірілген шұжықпен, овощпен, жеміспен, сүтпен және шағындалып бөлінген қышқыл сүт бұйымдарымен, жұмыртқамен, пирожокпен, жартылай фабрикаттармен және басқа да тағам өнімдерімен кідіріссіз жабдықтауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

19. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, облыстық атқару комитеттеріне және Алматы қалалық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

Оқу орындарының басшыларына еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің келісімі бойынша оқу орындарының асханалары мен буфеттерінің тек қана студенттер мен оқушыларға қызмет көрсететін жұмыс сағатын белгілеу правосы берілсін.

---

[1] 1—5, 7, 8, 9, 11—16-пункттер, 17-пункттің «а» тармағы, 19-пункттің «а», «б» тармақтары, «в» тармағының бірінші абзацы, 20—22-пункттер, 24-пункттің нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

23. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне, Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, облыстық атқару комитеттеріне және Алматы қалалық атқару комитетіне оқу орындары студенттердің жатақханаларынан берген бөлмелерде шаштараздар және жөндеуге киім, аяқ киім, сондай-ақ көрпе-жастық тысын жууға кір қабылдайтын пункттер және басқа да тұрмыстық қызмет түрлерін, бұл заказдардың қысқа мерзімде орындалуын көздей отырып, ұйымдастыру міндеттелсін.

24. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне, облыстық атқару комитеттеріне және Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттелсін:

а) студенттер мен оқушыларға медициналық қызмет көрсетуде орын алып отырған кемшіліктерді анықтасын, студенттер мен оқушыларды жыл сайын медициналық байқаудан өткізуді және оларға үнемі флюорографиялық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

25. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен оның жергілікті органдарына студенттер мен оқушылардың мәдени тынығуын ұйымдастыруда оқу орындарына қажетті көмек көрсету міндеттелсін.

26. Оқу орындарының басшыларына жоғары оқу орындарының, техникумдар мен училищелердің бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына мыналар міндеттелсін:

— студенттер мен оқушылар арасындағы саяси-тәрбие жұмысында орын алып отырған елеулі кемшіліктерді жою жөнінде нақты шаралар белгілеу;

— саяси-тәрбие жұмысын жүргізуге оқытушыларды, партия, совет, комсомол ұйымдарының өкілдерін кеңінен тарту, жатақханаларда коммунистік құрылыстың маңызды әрі көкейтесті мәселелері бойынша диспуттар, дискуссиялар өткізуді практикаға енгізу;

— студенттер мен оқушыларға мақсат қоятын ғылыми-педагогикалық және эстетикалық тәрбие беру үшін көрнекі үгіттің барлық түрлері мен формаларын (кино, театрлар, телевизия) кеңінен пайдалану, демалыс орындарына коллектив болып шығу, көрмелерге, музейлерге және басқа орындарға бару;

— жігіттер мен қыздарды белсенді қоғамдық қызметке кеңінен қатыстыру;

— қоғамдық мамандықтар факультеттерін, жас лекторлар мектептерін ұйымдастыру, жастарды аға ұрпақтың революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлеріне тәрбиелеу жөніндегі жұмысты күшейту.

27. Қәсіподақтарының Қазақ республикалық Советіне оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволармен бірлесе отырып барлық жоғары және ірі арнаулы орта оқу орындарының жанында өздері берген үйлерде профилакторийлер ашуға шаралар қолдану ұсынылсын.

28. Қазақстан КП облыстық комитеттеріне, қалалық комитеттеріне және аудандық комитеттеріне студенттер мен оқушыларға идеялық-саяси тәрбие беруге ерекше көңіл бөле отырып жоғары оқу орындары мен арнаулы орта оқу орындары бастауыш партия ұйымдарының жұмысына басшылықты күшейту, кейбір жастар арасында социалистік тұрмыс ережелерін бұзу фактілерін жою міндеттелсін.

2. АРНАУЛЫ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫ

ҚПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АРНАУЛЫ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНА БАСШЫЛЫҚТЫ ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМІ БАР МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1974 ЖЫЛҒЫ 22 АВГУСТАҒЫ № 656 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1974 жылғы 15 октябрьдегі № 551
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 22, 111-ст.)

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап көрсетеді: республиканың арнаулы орта оқу орындары халық шаруашылығы үшін мамандар даярлау ісінде маңызды орын алады және жастарға жалпыға бірдей орта білім беруді жүзеге асыруға қомақты үлес қосады.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

7. *(Екінші абзац)* Республиканың өз қарамағында арнаулы орта оқу орындары бар министрліктері мен ведомстволары арнаулы орта оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептерді қамтамасыз ету мақсаттымен оқу-лаборатория жабдығын және оқытудың техникалық құралдарын жасап шығару үшін қарамағындағы техникумдардың оқу-өндірістік шеберханаларын кеңінен пайдалансын.

8. Арнаулы орта білімі бар мамандар даярлаудың сапасына бақылауды күшейту үшін Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім

---

[1] 1—6-пункттер, 7-пункттің бірінші абзацы, 8-пункттің екінші абзацы, 9—11-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

13-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Арнаулы орта оқу орындарына басшылықты одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы және арнаулы орта білімі бар мамандар даярлаудың сапасын жақсарту туралы» 1974 ж. 22 августағы № 656 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

министрлігіне олардың қай ведомствоға бағынатынына қарамастан республиканың арнаулы орта оқу орындарын мемлекеттік инспекциялау жүктелсін.

12. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, өз қарамағында арнаулы орта оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволарға кешкі және сырттай оқыту формалары бойынша мамандар даярлаудың сапасын одан әрі арттыруға қажетті шаралар алу тапсырылсын.

Кешкі және сырттай оқитын арнаулы оқу орындарының (бөлімшелердің) оқушыларын халық шаруашылығының тиісті салаларындағы озық технологиямен, жаңа техникамен, еңбекті ұйымдастырудың және өндірісті басқарудың прогрестік әдістерімен таныстыру үшін диплом жұмысы алдында өндірістік практикадан өту кезеңінде оқушыларды тиісті саланың (таңдаған мамандығының профилі бойынша) озық кәсіпорындарына жіберу кәсіпорындардың басшыларына ұсынылсын.

РЕСПУБЛИКАДА ОРТА КВАЛИФИКАЦИЯЛЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1967 жылғы 24 майдағы № 374
ҚАУЛЫСЫ

Ауыл шаруашылық техникумдарының оқу-өндірістік материалдық-техникалық және тұрғын үй тұрмыстық базасын одан әрі нығайту және ұлғайту мақсатында Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақстан КП облыстық комитеттеріне және облыстық атқару комитеттеріне ағымдағы бесжылдықтың аяғында шаруашылықтардың орта квалификациялы мамандарға деген қажетін әрбір облыстың өз ішінде оларды жергілікті жастардан даярлау есебінен негізінен қанағаттандыруға қажетті шаралар қолдану міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі:

а) орта квалификациялы ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау сапасын онан әрі жақсарту, оқушыларды қазіргі заманғы ғылым мен озат тәжірибенің базасында теориялық және практикалық жағынан оқытудың дәрежесін көтеру жөнінде шұғыл шаралар қолдансын, оларға экономикалық пәндерді оқып үйрету мен ұйымдастыру қабілетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлетін болсын;

б) техникумдардағы оқу процесінде жаңа техникалық құралдарды, әсіресе радионы, киноны, телевизияны, оқытатын және бақылайтын машиналар мен қондырғыларды кеңінен қолдануды және пайдалануды қамтамасыз ететін болсын;

в) техникумдардың оқушылары арасында саяси-тәрбие, физкультура-спорт және мәдени-көпшілік жұмыстарын жақсартуға шаралар қолданатын болсын;

г) бұл жұмысқа өндірістен жоғары квалификациялы және тәжірибелі мамандарды тарту, арнаулы пәндердің оқытушыларының педагогикалық білімін күндіз және сырттан оқыту арқылы, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарының педагогикалық факультеттерінде, сондай-ақ

[1] Қаулының 2, 5, 9, 13 және 14-пункттері мен № 1—3 қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

арнаулы курстар мен семинарларда көтеру есебінен техникумдардың оқытушы кадрлар құрамының сапасын онан әрі жақсартуға ерекше назар аударатын болсын;

д) техникумдарды бітірушілерді шаруашылықтар бойынша жекежеке бөлу ісіндегі тиісті тәртіп орнатсын, жас мамандардың жіберілген жерлерге бармай қоюының бірде бір оқиғасы аяқсыз қалдырылмасын.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Алматы, Ақтөбе және Семей облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттерінің Талдықорған ауыл шаруашылығы техникумын Көксу ауыл шаруашылығы техникумы деп, Ақтөбе мал-дәрігерлік техникумын Темір мал-дәрігерлік техникумы деп және Семей ауыл шаруашылығы техникумын Новопокров мал-дәрігерлік техникумы деп қайта атау туралы ұсыныстары мақұлдансын.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне таяудағы 5-6 жылдың ішінде орта ауыл шаруашылық оқу орындары үшін бір үлгідегі үйлер мен ғимараттар комплекстерін салып бітіру үшін қажетті күрделі қаржыларды жыл сайын бөліп отыру міндеттелсін.

7. Республиканың қалаларында техникумдар салу Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігіне, ал осы министрліктің құрылыс ұйымдары жоқ селолық жерлер мен аудандарда — Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне жүктелсін.

8. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік құрылыс комитеті өзінің қарамағындағы институттардың күшімен, СССР Министрлер Советінің Мемлекеттік құрылыс комитеті белгілеген мерзімдерге сәйкес, ауыл шаруашылық техникумдары үшін жобалау-смета документтерін даярлауды қамтамасыз ететін болсын.

10. Ауыл шаруашылық техникумдарын жалпы білім беретін пәндер жөніндегі көрнекі құралдармен жабдықтау Қазақ ССР Оқу министрлігінің «Қазглавснабпросына» жүктелсін.

11. Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі ауыл шаруашылық техникумдарын, олардың заявкалары бойынша, совхоздармен және колхоздармен бірдей дәрежеде қажетті техникамен, запас бөлшектермен және материалдармен қамтамасыз ететін болсын.

12. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына селолық жерлерде орналасқан ауыл шаруашылық техникумдары жанындағы асханаларда қоғамдық тамақтандыру ісін жақсартуға, тағамдарды арзандатуға шаралар қолдану тапсырылсын.

15. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын 1 январьда осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне есеп беріп отыратын болсын.

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1967 ЖЫЛҒЫ 24 МАЙДАҒЫ № 374 ҚАУЛЫСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ЖӘНЕ СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ АРНАУЛЫ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1969 ЖЫЛҒЫ 14 АВГУСТАҒЫ № 658 ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 10 апрельдегі № 263
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігінің, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігінің, Қазақстан КП облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттерінің басшыларының Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 жылғы 24 майдағы № 374 және 1968 жылғы 24 июльдегі № 466 қаулыларын [2] орындау жөніндегі олардың жүргізіп отырған жұмысының жеткіліксіздігіне назары аударылсын және осы қаулылармен көзделген шаралардың мүлтіксіз орындалуы үшін қосымша шаралар алу талап етілсін.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан КП облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттері СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылық арнаулы орта оқу орындарында мамандар даярлауды одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1969 жылғы 14 августағы № 658 қаулысына сәйкес республиканың ауыл шаруашылығы техникумдарында мамандарды дайындаудың сапасын одан әрі жақсарту, олардың оқу-өндірістік және материалдық-техникалық базасын күшейту, барлық оқу-тәрбие жұмысының дәрежесін көтеру, сондай-ақ осы оқу орындарын оқытушылардың маман кадрларымен нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жыл сайынғы халық шаруашылығы жоспарларында мынадай құрылыстарды салуға қажетті күрделі қаржыны бөлу көздесін:

а) алдағы бесжылдықтың аяғында барлық техникумдар оқу бөлмелерімен, жатақханалармен қамтамасыз етілу қажеттігін ескере отырып техникумдардың оқу-тұрмыстық және өндірістік бөлмелерін және олардың оқу-өндірістік шаруашылықтарын;

б) жаңадан ұйымдастырылатын Ақтөбе, Зайсан, Семей мен Шымкент ауылшаруашылық және Павлодар есеп-экономикалық техникумдарын.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруа-

---

[1] 4-пункттің екінші абзацы, 6, 8 және 10-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

11-пункт СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылық арнаулы орта оқу орындарында мамандар даярлауды одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1969 ж. 14 августағы № 658 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

[2] 330-бетті қараңыз.

шылығы министрлігіне техникумдарды салу үшін жобалау-смета документациясын жасауға лимит пен қаржы бөлуді көздеу міндеттелсін.

5. Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне және облыстық атқару комитеттеріне техникумдар құрылысының барысына үнемі бақылау тағайындау және белгіленген мерзім ішінде объектілерді күшіне енгізу қамтамасыз ету міндеттелсін.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі және облыстық атқару комитеттері белгіленген тәртіппен Қазақ ССР Министрлер Советіне ауыл шаруашылығы техникумдарында, оларда жоқ болған күнде, оқу-өндірістік шаруашылықтарын ұйымдастыру туралы ұсыныс енгізу міндеттелсін.

9. Қазақ ССР Оқу министрлігі мен облыстық атқару комитеттері жоспарларда ауыл шаруашылық орта оқу орындарын жалпы білім беретін пәндер жөнінде оқулық жабдықтарымен жалпы білім беретін мектептермен бірдей қамтамасыз етуді көздейтін болсын.

12. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне, облыстық атқару комитеттеріне және олардың жергілікті органдарына ауыл шаруашылық техникумдарынан жіберілген мамандарды жұмысқа тұрақтандыруға, оларды өндірісте неғұрлым тиімді пайдалануға және оларға қажетті мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасауға пәрменді шаралар қолдану міндеттелсін.

13. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулының орындалу барысы туралы жыл сайын 1 мартта Қазақ ССР Министрлер Советіне хабар тапсырып тұратын болсын.

ҚАЗАҚ ССР-інде АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ХИМИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СУАРМАЛЫ ЕГІНШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫ ҰЛҒАЙТУ МЕН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1964 жылғы 13 августағы № 560
ҚАУЛЫСЫ

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығын химияландыру және суармалы егіншілік жөніндегі мамандарды даярлауды ұлғайту мен жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1964 жылғы 21 майдағы № 483 қаулысына сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Тың өлкелік атқару комитетіне республиканың орта ауыл шаруашылық оқу орындарында агрохимия өсімдіктерді қорғау, гидромелиорация және гидро-

[1] Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1966 ж. 10 майдағы № 332 қаулысының 1-пунктімен өзгертілген (342-бетті қараңыз).

12-пункт Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 8 февральдағы № 72 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

Қаулының 2, 4, 6 және 7-пункттері мен № 1—2 қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

мелиорация жұмыстарын механикаландыру жөніндегі мамандарды даярлауды ұлғайту міндеттелсін. Ауыл шаруашылық профиліндегі техникумдардың барлық оқушыларын ауыл шаруашылығын химияландыру және механикаландыру мәселелері бойынша, ал аудармалы егіншілік аудандарында — ирригация және мелиорация мәселелері бойынша да даярлау ісі жақсартылсын.

3. Ауыл шаруашылығын химияландыру және суармалы егіншілік жөніндегі мамандарды даярлауды арттыру, негізінен республикада қазір бар оқу орындарын кеңейту және өндірістен қол үздірмей мамандар даярлауды арттыру есебінен жүзеге асырылуға тиіс деп белгіленсін.

5. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Тың өлкелік ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау басқармасына 1964—1965 және одан кейінгі жылдары агрохимия, өсімдіктерді қорғау, гидромелиорация және гидромелиоративтік жұмыстарды механикаландыру бойынша мамандарды дайындау жөніндегі бөлімшелерін № 3 қосымшаға сәйкес ұйымдастыру міндеттелсін.

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне Қызылорда гидромелиоративтік техникумы жанынан толық емес орта мектеп көлемінде білімі және таңдап алған мамандығы бойынша су шаруашылығы ұйымдарында, совхоздар мен колхоздарда кемінде екі жыл жұмыс стажы бар практиктер арасынан оқу мерзімі 2 жыл 6 ай гидромелиорация және гидромелиоративтік жұмыстарды механикаландыру бойынша техниктерді дайындау жөніндегі арнаулы күндізгі бөлімше ұйымдастыруға рұқсат етілсін.

Көрсетілген бөлімдерге 1964—1966 жылдары әр бөлімге жылына 30 адамнан қабылдау жоспары белгіленсін.

Техникумдардың арнаулы бөлімдеріне өлкелік және облыстық ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау басқармаларының, өлкелік су шаруашылығы мен облыстық су шаруашылығының, сондай-ақ Қазақ ССР Суармалы егіншілік және су шаруашылығы министрлігінің, Қазақ ССР Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігінің және Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігінің командировкасы бойынша су шаруашылығы ұйымдарының, колхоздар мен совхоздардың қызметкерлері қабылдансын.

Техникумдардың арнаулы күндізгі бөлімдерін бітіргендер оларды оқуға жіберген ұйымдар мен кәсіпорындарға жұмысқа қайтарылады деп белгіленсін.

Техникумдардың көрсетілген арнаулы бөлімдерінде оқушыларға, ерекше жағдай ретінде, жұмыс орны бойынша орта еңбек ақысы, бірақ айына 80 сомнан артық емес, сақталсын. Колхоздарға арнаулы бөлімдерде оқитын колхозшылардың орташа айлық еңбек ақысын сақтау ұсынылсын.

9. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік Жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Тың өлкелік атқару комитетіне агрохимия, өсімдіктерді қорғау, гидромелиорация және гидромелиорация жұмыстарын механикаландыру жөнінде мамандар даярлауды жүзеге асырушы қазіргі бар техникумдар мен олардың оқу-өндірістік шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар қолдану, сондай-ақ 1964 жылдан бастап, халық шаруашылық жоспарларында оқу үйлерін, оқушылар үшін жатақханалар, оқытушылар үшін тұрғын үйлер және ауыл шаруашылық техникумдары үшін басқа объектілер салуға күрделі қаржылар көздеу міндеттелсін.

10. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі мен Тың

өлкелік «Целинсельхозтехника» бірлестігіне жоспарларда Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Тың өлкелік ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау басқармасына, олардың заявкалары бойынша агрохимия, өсімдіктерді қорғау, гидромелиорация және гидромелиорация жұмыстарын механикаландыру жөнінде мамандар даярлауды жүзеге асырып жатқан техникумдар үшін машиналар мен жабдықтарды арнаулы мақсатпен бөлуді көздеу міндеттелсін.

11. Қазақ ССР Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігі мен Қазақ ССР Суармалы егіншілік және су шаруашылығы министрлігіне республиканың ауыл шаруашылық жоғары және орта оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу институттарымен шарттар жасау арқылы колхоздар мен совхоздар мамандарының квалификациясын арттыруды, агрохимиялық қызметті, өсімдіктерді қорғау қызметін, ауыл шаруашылығын химияландыру және суармалы егіншілік мәселелері жөніндегі су шаруашылығы ұйымдарын ұйымдастыру міндеттелсін.

13. Қазақстан КП өлкелік комитеттері мен облыстық комитеттеріне, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне жоғары және арнаулы орта білім оқу орындарына оқу жұмыстарын ұйымдастыруда және ауыл шаруашылық өндірісінің қазіргі заманғы талаптарына сәйкес мамандар даярлау сапасын арттыруда жан-жақты көмек көрсету, оқу орындарының партия және комсомол ұйымдарына басшылықты жақсарту, олардың назарын студенттер мен оқушылардың арасындағы идеялық-саяси жұмысты күшейтуге аудару, мамандарды дұрыс пайдалану жолында үнемі бақылау жасауды қамтамасыз ету, олардың өндірісте жемісті жұмыс істеуі үшін қолайлы өндірістік және материалдық-тұрмыстық жағдай жасалуына қол жеткізу міндеттелсін.

Қазақстан КП Орталық Комитеті
мен Қазақ ССР Министрлер
Советінің 1964 жылғы 13 августағы
№ 560 қаулысына
№ 3 ҚОСЫМША

Агрохимия, өсімдіктерді қорғау, гидромелиорация және гидромелиоративтік жұмыстарды механикаландыру бойынша мамандарды дайындау жөніндегі бөлімшелері жанынан ұйымдастырылатын ауыл шаруашылық техникумдарының

ТІЗІМІ

Ауылшаруашылық техникумдарының аты	Қандай бөлімшелер	Қай жылдан бастап
Алматы гидромелиоративтік техникумы	Гидромелиорация	1964
Талғар ауыл шаруашылығы техникумы	Агрохимия	1964
Талдықорған ауыл шаруашылығы техникумы	Өсімдіктерді қорғау	1964
Орал ауыл шаруашылығы техникумы	Агрохимия	1964
Қапланбек зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумы	Агрохимия	1964
Шарбақты ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумы	Гидромелиоративтік жұмыстарды механикаландыру	1966
Қазақ ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумы	Агрохимия	1964
Ленин ауыл шаруашылығы техникумы	Өсімдіктерді қорғау	1964
Ақтөбе ауыл шаруашылығы техникумы	Агрохимия	1966
Қарағанды ауыл шаруашылығы техникумы	Өсімдіктерді қорғау	1966

ҚАЗАҚ ССР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКУМДАРЫНЫҢ КЕЙБІР МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ ЖОСПАРЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1966 жылғы 10 майдағы № 332
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР-інде ауыл шаруашылығын химияландыру және суармалы егіншілік жөніндегі мамандарды даярлауды ұлғайту мен жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1964 жылғы 13 августағы № 560 қаулысын ішінара өзгерту мақсатында Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығы техникумдарына оқушылар қабылдаудың жоспары мынадай мамандықтар бойынша кемітілсін: «Өсімдіктерді қорғау» — 300 адамға, «Агрохимия» — 180 адамға және осының есебінен техникумдарға қабылдау мынадай мамандықтар бойынша ұлғайтылсын: «Агрохимия» — 270 адамға, «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» — 150 адамға, «Зоотехния» — 30 адамға және «Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» — 30 адамға.

[1] 2-пункт Қазақ ССР Зандарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

3. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЕЛІМІЗДЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІ ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1972 ЖЫЛҒЫ 18 ИЮЛЬДЕГІ № 535 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1972 жылғы 5 сентябрьдегі № 505
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1972 жылғы 18 июльдегі № 535 қаулысы мүлтіксіз басшылыққа және орындауға қабылдансын.

5. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, жоғары оқу орындарының ректорларына жоғары білім берудің кешкі және сырттай формалары бойынша мамандар даярлауды едәуір жақсарту міндеттелсін. Кафедралар жоғары квалификациялы оқытушылармен нығайтылсын. Жоғары оқу орындарына өндірістен қол үзбей түскен кезде таңдаған мамандықтар бойынша практикалық стажы бар адамдарға артықшылықтар беру қамтамасыз етілсін.

Материалдық өндіріс жүйесінде жұмыс істейтін жастардан студенттерді толықтырудың маңызды формасы ретіндегі жоғары оқу орындары жанындағы даярлық бөлімдерінің қызметі нығайтылсын және жақсартылсын.

6. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы

---

[1] 2, 3, 4, 7, 9, 10, 15—18-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

19-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Елімізде жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 1972 ж. 18 июльдегі № 535 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

істері жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп республиканың жоғары оқу орындарының қажеттерін қанағаттандыратын тираждармен педагогикалық оқу орындарының қазақ бөлімдері үшін оқулықтар, оқу-методика құралдарын мерзімінде даярлауды және басып шығаруды қамтамасыз ететін болсын.

8. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне салалық министрліктер мен ведомстволар студенттердің өндірістік практикасын жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру, студенттердің өндірістік практикадан өтуі үшін бөлінген базалық кәсіпорындардың, өндірістік бірлестіктердің, ғылыми-зерттеу институттарының, жобалау-конструкторлық ұйымдардың, мәдениет мекемелерінің жүйесін қайта қарау және кеңейту міндеттелсін.

11. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі:

а) СССР Министрлер Советінің Ғылым мен техника жөніндегі мемлекеттік комитетіне және СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне республиканың жоғары оқу орындары үшін стажер оқытушылар қабылдау жоспарын белгілеу туралы жыл сайын ұсыныс енгізетін болсын;

б) квалификациялы ғылыми-педагог қызметкерлерді лекциялық курстар оқу, оқу-тәрбие процесін жетілдіруде және ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыруда көмек көрсету үшін облыс орталықтарындағы жоғары оқу орындарына командировкаға жіберу практикасын ұлғайтсын.

12. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі республиканың Мемлекеттік жоспарлау комитетімен бірлесіп гуманитарлық жоғары оқу орындары үшін ғылыми-педагог кадрларын даярлауды ұлғайту және жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асырсын. Жоғары оқу орындары ректорларының гуманитарлық мамандықтар бойынша аспирантура жұмысының тиімділігі, оның сапалық құрамын жақсарту үшін жауапкершілігі арттырылсын; аспиранттардың маркстік-лениндік теорияны; жоғары мектептегі оқыту методикасы мен коммунистік тәрбие беруді терең оқып-үйренуі ұйымдастырылсын.

13. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, жоғары оқу орындарының ректорлары, Қазақ ССР Ғылым академиясының, салалық министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен ірі ғалымдарды, халық шаруашылығының жетекші мамандарын неғұрлым сындарлы ғылыми-техникалық проблемалар, студенттердің дипломдық жобалары мен өндірістік практикасына, ғылыми-зерттеу жұмыстарына және аспиранттарға жетекшілік ететін жас мамандар даярлауға тартатын болсын. Жекелеген реттерде аталған мамандарды қосалқы штат тәртібімен (жоғары оқу орны оқытушысының 0,5 немесе 0,25 ставкасына) жұмысқа тартсын. Қосалқы штаты жоғары оқу орнының профессор-оқытушы құрамының штаттық қызметінің жалпы санының 2 процентінен аспауға тиіс.

14. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, жоғары оқу орындарының ректорлары:

— жоғары оқу орындарындағы ғылыми зерттеулердің теориялық дәрежесі мен тиімділігін халық шаруашылығы үшін кадрлар даярлаудың сапасын жақсарту міндеттерімен тығыз байланыстыра отырып арттыруды қамтамасыз етсін; жоғары оқу орындарының Қазақ ССР Ғылым академиясының, салалық министрліктер мен ведомстволардың ғылыми мекемелерімен творчестволық байланысты күшейтетін болсын;

— ғылыми зерттеулердің материалдық өндіріс жүйесіне, оқу-тәрбие процесіне енгізу жөніндегі жұмысты күшейтсін;

— студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына неғұрлым кеңінен тарту үшін қажетті жағдайлар жасасын.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАНЫНАН ДАЯРЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ» 1969 ЖЫЛҒЫ 20 АВГУСТАҒЫ № 681 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 30 сентябрьдегі № 605
ҚАУЛЫСЫ

ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1969 жылғы 20 августағы № 681 қаулысына сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетіне Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігін және Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігін қатыстыра отырып жоғары оқу орындарының күндізгі оқуға қабылдау жоспарының 20 процентке дейінгі мөлшерінде, күндіз, кешкі және сырттан оқыту формалары бойынша даярлау бөлімшелеріне қабылдау жоспарын жыл сайын белгілеу міндеттелсін.

3. Облыстық партия комитеттеріне, қалалық партия комитеттеріне, аудандық партия комитеттеріне және еңбекшілер депутаттары Советтерінің атқару комитеттеріне даярлау бөлімшелерін ұйымдастыруда, бұл бөлімшелердің тыңдаушыларына оқу үшін, тұрғын үй-тұрмыс жағынан орналасуы, медициналық және мәдени қызмет көрсетілуі үшін қажетті жағдайлар жасауда жоғары оқу орындарына, өнеркәсіп кәсіпорындарына, құрылыстарға, транспорт және байланыс ұйымдарына, совхоздар мен колхоздарға жан-жақты көмек көрсету жөнінде шаралар қолдану міндеттелсін. Озат жұмысшылар мен колхозшыларды даярлық бөлімшелеріне іріктеп алып, жіберіп отыру ісіне үнемі бақылау жасалсын.

5. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі мен Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне озат жұмысшылардан, колхозшылардан және СССР Қарулы Күштерінің қатарынан оралған жақсы даярлығы бар жастарды жоғары оқу орындарына неғұрлым кеңінен тартуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

6. Қазақ ССР Оқу министрлігі және халыққа білім беру органдары жұмысшы және село жастары кешкі (сменалы) мектептерінің жұмысын жақсартуға ерекше көңіл бөле отырып, жалпы білім беретін орта мектептерде оқу және тәрбие жұмысын онан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қолданатын болсын.

---

[1] 1-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

4-пункт ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жоғары оқу орындарының жанынан даярлық бөлімшелерін ұйымдастыру туралы» 1969 ж. 20 августағы № 681 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІН МҰҒАЛІМ КАДРЛАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1961 жылғы 17 октябрьдегі № 715
ҚАУЛЫСЫ

Республиканың мектептерін педагог кадрларымен қамтамасыз ету, мұғалімдердің еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту мақсатымен және КПСС Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советінің 1961 жылғы 31 августағы № 817 қаулысына [2] сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

4. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне мыналар міндеттелсін:

б) бір жылдық педагогикалық кластарды және педагогика училищелерін бітірген және мектептер мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде жұмыс істеп жүрген адамдарды халыққа білім беру органдарының жолдамасы бойынша педагогика институттарының сырттан оқытатын бөлімдерінің бірінші курстарына конкурстан тыс қабылдау;

в) педагогикалық емес жоғары білімі бар және педагогикалық жұмысқа көшуді қалайтын адамдарға — емтихансыз IV курсқа түсуге, ал мұғалімдер институттарына теңестірілген оқу орындарында білім алған адамдарға — педагогика институттарының сырттан оқытатын бөлімдерінің III курсына бұрын алған даярлығының профиліне жақын келетін мамандыққа түсуге рұқсат беру.

СЫРТТАН ОҚЫТАТЫН ЖӘНЕ КЕШКІ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚИТЫН ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1962 жылғы 8 февральдағы № 90
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советі Президиумының күнделікті істер жөніндегі Комиссиясының шешіміне (1961 ж. 16 декабрьдегі № 39 протокол) сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

Сырттан оқытатын және кешкі жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқитын Қазақ ССР-інің жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдеріне, олардың тілегі бойынша, жұмыстан бос күндері, оларға каникул кезіндегі (күзгі, қысқы, көктемгі және оқу сабақтары аяқталғаннан кейінгі уақытта кезекті демалысы басталғанға дейін) алатын жалпы жалақысының 50 проценті мөлшерінде төлене отырып, СССР Министрлер Советінің 1959 жылғы 2 июльдегі № 720 қаулысының[3] 3-пунктінде көзделген бос күндердің жалпы санының шеңберінде, жалақы саны мен қоры арттырылмай, жеңілдіктер беріледі деп белгіленсін.

[1] 1—3-пункттер, 4-пункттің «а» тармағы, 5—13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

[3] СССР Министрлер Советінің 1959 ж. 2 июльдегі № 720 қаулысының күші жойылды деп танылуына байланысты, СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 24 декабрьдегі № 1116 қаулысымен бекітілген, жұмысты оқумен қатар жүргізетін жұмысшылар мен қызметкерлер үшін жеңілдіктер туралы Ережені басшылыққа алу қажет (СССР Заңдары жинағының 2-томын қараңыз).

4. ОҚУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫН ОНАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1971 ЖЫЛҒЫ 18 ОКТЯБРЬДЕГІ № 755 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 16 декабрьдегі № 691
ҚАУЛЫСЫ

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушыларының материалдық және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын онан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1971 жылғы 18 октябрьдегі № 755 қаулысына сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

6. Республиканың министрліктері мен ведомстволары, сондай-ақ еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері:

— оқу орындарының жанындағы қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын және олардың жатақханаларын қажетті тоңазытқыш және технологиялық жабдықпен, мебельмен, инвентарьмен және ыдыспен жабдықтауды қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Сауда министрлігі осы мақсаттар үшін олардың заявкалары бойынша қажетті тоңазытқыш және технологиялық жабдық, мебель, инвентарь және ыдыс бөлетін болсын.

---

[1] 1—5, 7, 10 және 13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

15-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушыларының материалдық және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын онан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1971 ж. 18 октябрьдегі № 755 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

7. Қазақ ССР Сауда министрлігі және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушыларына қызмет көрсететін қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын тамақ өнімдерімен жабдықтауды жақсартсын, абонементтер бойынша таңертеңгі, түскі және кешкі тамақтар сатуды кеңінен практикаласын, арзан тағамдарды мол шығарсын, қажет болған жағдайларда оқу орындары жанындағы асханалар мен буфеттерді және олардың жатақханаларын базалы асханалар мен фабрика-кухнялардан даяр тағамдармен орталықтандыра жабдықтауды қамтамасыз етсін.

8. Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі және Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі студенттер мен оқушылардың тамақтануы ұйымдастырылған асханаларды жабдықтау үшін 1972 жылдан бастап Қазақ ССР Сауда министрлігімен және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен келісілген мөлшерде консервіленген кулинария жартылай фабрикаттары мен тамақ қоспаларын шығаратын болсын.

11. Қарауында жоғары және арнаулы орта оқу орындары бар Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары Кәсіподақтарының Қазақ республикалық советімен, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігімен, Қазақ ССР Финанс министрлігімен, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетімен және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы физкультура және спорт жөніндегі комитетпен бірлесіп жоғары және арнаулы орта оқу орындарындағы сауықтыру-спорт жұмысын онан әрі жақсарту және профилактория мен сауықтыру-спорт лагерьлерінің жүйесін кеңейту жөніндегі шараларды белгілеп, жүзеге асыратын болсын. Кәсіподақтарының Қазақ республикалық советі жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушыларын мемлекеттік сақтандыру қаражаттары есебінен санаторийлер мен демалыс үйлеріне жолдамалармен қамтамасыз етуді жақсартсын.

12. Республиканың өнеркәсіп, құрылыс министрліктері мен ведомстволарына, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне СССР Министрлер Советінің 1959 жылғы 18 сентябрьдегі № 1099 қаулысымен[1] белгіленген тәртіппен және жағдайларға сай жоғары оқу орындарына (даярлық бөлімдерін қоса) және арнаулы орта оқу орындарына жұмыс істеп жүрген жастарды оқуға жіберу туралы өнеркәсіп кәсіпорындарына, құрылыстарға, совхоздарға тапсырмалар белгілеу және колхоздарға ұсыныс жасау міндеттелсін.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі және жоғары ауыл шаруашылығы оқу орындары аталған қаулыға сәйкес оқуға қабылданған студенттердің жоғары оқу орындарының толық курсын және тындаушылардың даярлық бөлімдерін, сондай-ақ оқушылардың арнаулы орта оқу орындарын ойдағыдай бітіруі үшін қажетті жағдайлар жасайтын болсын.

14. Қазақ ССР Финанс министрлігіне ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1971 жылғы 18 октябрьдегі № 755 қаулысымен белгіленген стипендиялар төлеуді толық қамтамасыз ету үшін республиканың мемлекеттік бюджетінде қажетті қаржылар көздеу міндетелсін.

16. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Финанс министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының басқармасы, облыстық атқару комитеттері және Алматы қалалық

[1] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

атқару комитеті Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне жыл сайын 1 декабрьден кешіктірмей осы қаулының орындалу барысы туралы хабарлап отырсын.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, қарауында оқу орындары бар республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволарына осы қаулыда көзделген жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушыларының материалдық және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын, медициналық қызметпен қамтылуын және қоғамдық тамақтануын жақсарту жөніндегі, сондай-ақ осы оқу орындарындағы сауықтыру-спорт жұмысын жақсарту жөніндегі шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолдануды міндеттейді.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ОҚУШЫЛАРЫНА ҚАЛАЛАР МЕН ЖҰМЫСШЫ ПОСЕЛКЕЛЕРІНДЕ АВТОБУСТАРМЕН ЖҮРУ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 21 августағы № 540
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Жоғары оқу орындарының студенттері, арнаулы орта оқу орындарының оқушылары үшін қалалар мен жұмысшы поселкелерінде қалалық маршруттардағы автобустармен жүру правосын беретін құны 2 сом 50 тиын бір айлық жеңілдік билеті 1970 жылғы 1 январьдан бастап белгіленсін.

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ЕҢБЕК ТУРАЛЫ ЗАҢДАР КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1972 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1972 ж., № 31)

185—195-статьялар

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ СТИПЕНДИЯ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1967 жылғы 8 декабрьдегі № 829
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1967 ж., № 14, 82-ст.)

Ірі ғалым әрі жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың туғанына жетпіс жыл толуына байланысты Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР жоғары оқу орындарында үздік оқитын студенттер үшін әрқайсысы айына 50 сомнан М. О. Әуезов атындағы 4 стипендия тағайындалсын.

2. Жоғары оқу орындарының ғылыми советтерінің ұсынуы бойынша стипендияларды үздік оқитын студенттерге Қазақ ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі тағайындайтын болып белгіленсін.

ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР ИНСТИТУТЫНДА Ш. К. АЙМАНОВ АТЫНДАҒЫ СТИПЕНДИЯ БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 20 сентябрьдегі № 544
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік өнер институтының актерлік бөлімінің озат студенті үшін айына 50 сом мөлшерінде Ш. Қ. Айманов атындағы стипендия белгіленсін.

2. Озат студентке стипендия тағайындауды жоғарыда аталған институттың ғылыми советінің ұсынуы бойынша Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жүргізеді деп белгіленсін.

---

[1] 3-томның 7-бетін қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ, Ы. АЛТЫНСАРИН, С. СЕЙФУЛЛИН, А. В. ЗАТАЕВИЧ ЖӘНЕ М. ТӨЛЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ СТИПЕНДИЯЛАР БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 12 июньдегі № 346
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Таңдаулы озат студенттер үшін әрқайсысы айына 50 сом мөлшерінде бірден-бір мынадай стипендиялар белгіленсін: Қазақ ССР Көкшетау педагогика институты үшін — Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов атындағы, Қостанай педагогика институты үшін — Ыбырай Алтынсарин атындағы, Целиноград педагогика институты үшін Сәкен Сейфуллин атындағы, Құрманғазы атындағы Мемлекеттік өнер институты үшін — Александр Викторович Затаевич және Мұқан Төлебаев атындағы стипендиялар белгіленсін.

2. Озат студенттерге стипендия тағайындауды Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жоғарыда аталған институттар советтерінің ұсынуы бойынша жүргізеді деп белгіленсін.

С. Д. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ СТИПЕНДИЯ БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1978 жылғы 10 майдағы № 175
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 11, 38-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

Абай атындағы Қазақ педагогика институтының үздік оқитын таңдаулы студенттері үшін айына 65 сом мөлшерінде С. Д. Асфендияров атындағы бір стипендия берілсін.

І. ЖАНСҮГІРОВ ЖӘНЕ Б. МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ СТИПЕНДИЯЛАР ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 19 июньдегі № 261
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 14, 51-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогика институтының таңдаулы үздік-студенттеріне арналған айына 65 сом мөлшерінде Ілияс Жансүгіров атындағы бір стипендия тағайындалсын.

2. СССР-дің 50 жылдығы атындағы Қостанай педагогика институтының таңдаулы үздік-студенттеріне арналған айына 65 сом мөлшерінде Бейімбет Майлин атындағы бір стипендия тағайындалсын.

§ 6. ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МАМАНДЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ

РЕСПУБЛИКА ӨНЕРКӘСІБІНІҢ, ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕР-ТЕХНИК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МАМАНДЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1960 жылғы 16 ноябрьдегі № 975

ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Халық шаруашылығы салаларының басшы және инженер-техник қызметкерлері мен мемлекеттік аппараты қызметкерлерінің мамандығын арттыру жүйесі туралы» 1960 жылғы 3 июньдегі № 577 қаулысына [2] сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

2. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігіне, Қазақ халық шаруашылығы советіне, республиканың министрліктері мен ведомстволарына 1961 жылдың 1 январынан бастап қазіргі бар күндізгі, кешкі және сырттай жоғары және арнаулы орта оқу орындарында басшы және инженер-техник қызметкерлерін өндірістен қол үзіп және қол үзбей мамандығын арттыру жөніндегі оқытуды ұйымдастыру міндеттелсін.

3. Қазақ ССР-інің халық шаруашылығы советтеріне, министрліктері мен ведомстволарына тапсырылсын:

б) басшы және инженер-техник қызметкерлерін жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқуға алу олардың оқу орындарымен қызметкерлерді оқытуға жасасқан шарттары негізінде кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жолдамалары бойынша жүргізілсін.

5. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі оқу әдебиетін министрліктер, ведомстволар мен халық шаруашылығы советтерінің заказдары бойынша шығаруды, сондай-ақ басшы және инженер-техник қызметкерлерінің

[1] Қаулының 1-пункті, 3-пункттің «а» тармағы, 4-пункті және № 1—2 қосымшалары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

мамандығын арттыру ұйымдастырылатын оқу орындары үшін қажетті мөлшерде лекциялар мен басқа да оқу-методикалық материалдарды шығаруды қамтамасыз етсін.

6. Басшы және инженер-техник қызметкерлерінің мамандығын арттырудың жаңа жүйесі ұйымдастырылуына байланысты республикадағы білім көтеру және мамандық арттыру институттарын, мұғалімдердің, медицина қызметкерлерінің білімін көтеру және қоғамдық ғылым оқытушыларының мамандығын арттыру институттарынан басқасы таратылсын.

7. СССР Министрлер Советінің 1960 жылғы 3 июньдегі № 577 қаулысына сәйкес басшы және инженер-техник қызметкерлердің мамандығын арттырудың негізгі формалары күндізгі жоғары және арнаулы орта оқу орындарының қазіргі бар кешкі және сырттан оқытатын факультеттері мен бөлімшелерінде, кешкі және сырттан оқытатын және арнаулы орта оқу орындарында және халық шаруашылығы советтерінің, министрліктердің, ведомстволардың, ірі кәсіпорындардың, құрылыстар мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің жанындағы мамандығын арттырудың қысқа мерзімді курстарында өндірістен қол үзбей оқыту болып табылады деп есептелсін. Аталған қызметкерлер үшін өндірістен қол үзбей мамандығын арттырған кездегі оқу мерзімінің ұзақтығы: жоғары және арнаулы орта оқу орындарында — 1 жылға дейін және мамандығын арттырудың қысқа мерзімді курстарында 6 айға дейін болады деп белгіленсін.

Басшы және инженер-техник қызметкерлердің жаңа техникалық арнаулы мәселелері бойынша мамандығын арттыруды ерекшелік ретінде, өндірістен қол үзіп 3 айға дейінгі мерзімде жүргізілуі мүмкін.

8. Қазақ ССР-інің министрліктеріне, ведомстволарына және халық шаруашылығының советтеріне мыналар міндеттелсін:

а) осы қаулының 7-пунктінде көзделген тәртіп бойынша мамандығын өндірістен қол үзіп арттыратын басшы және инженер-техник қызметкерлерінің жалақысын негізгі жұмыс орнындағы лауазымдық оклад мөлшерінде сақтау;[1]

б) жоғары және арнаулы орта оқу орындарында мерзімі кемінде он ай, өндірістен қол үзбей ойдағыдай көтеріп жүрген басшы және инженер-техник қызметкерлерге зачеттер, емтихандар немесе оқу бітіру жұмыстарын қорғау кезінде негізгі жұмыс орнындағы жалақысын сақтай отырып, ұзақтығы 10 календарьлық күн болатын қосымша демалыс беру. Оқу орны тұрған жерге баруға және қайтып келуге қажетті уақыт негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақтала отырып, қосымша демалыстан тыс беріледі.

9. Мамандығын сырттан арттыратын басшы және инженер-техник қызметкерлердің оқу-емтихан сессиясына оқу орны орналасқан жерге бару және қайтып келу, ал өндірістен қол үзіп мамандығын арттыратын қызметкерлердің оқитын жеріне бару және қайту жөніндегі жол шығынын (жылына бір рет) өздері жұмыс істейтін кәсіпорындар мен мекемелер төлейді.

Мамандығын өндірістен қол үзіп арттыру үшін немесе емтихандар мен зачеттар тапсыру үшін келген адамдарға жатақхананы оқу орындары мен оқуды ұйымдастырушы тиісті мекемелер тегін береді.

---

[1] 8-пунктің «а» тармағы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 13 марттағы № 92 қаулысымен агроөнеркәсіптік комплекс жүйесінде мамандығын арттыратын қызметкерлердің жалақысын сақтау бөлігінде ішінара күшін жойды деп танылды.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК КОМПЛЕКС ЖҮЙЕСІНІҢ БАСШЫ КАДРЛАРЫ МЕН МАМАНДАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫ ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ» 1985 ЖЫЛҒЫ 3 ЯНВАРЬДАҒЫ № 4 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1985 жылғы 26 апрельдегі № 150
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 12, 33-ст.)

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1985 жылғы 3 январьдағы № 4 қаулысында аталған аграрлық-өнеркәсіптік комплекс жүйесінің басшы кадрлары мен мамандарының біліктілігін арттыру ісіндегі кемшіліктер біздің республикада да орын алып отырғанын атап өтеді. Біліктілікті арттырудың қалыптасқан жүйесі КПСС Орталық Комитетінің осы заманғы кадр саясаты мәселелері жөніндегі нұсқауларынан туындайтын талаптар мен міндеттерге әлі де толық дәрежеде сай келмейді.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің басшы кадрлары мен мамандарының біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орындарының қазіргі жүйесі қызметкерлердің барлық категорияларын оқытудың белгіленген мерзімділігін және олардың толық қамтылуын қамтамасыз етпейді.

Оқу процесін ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер бар. Біліктілікті арттыру жөніндегі оқу жоспарлары мен программаларында көбінесе өндірісті интенсивтендірудің нақты міндеттерімен байланысы жоқ жалпы сипаттағы мәселелер шамадан тыс көп. Жетекші ғалымдар мен мамандар, партия, совет және шаруашылық органдарының, озат кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары оқу процесін өткізуге жеткілікті қатыстырылмайды.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс құрамына кіретін басқа министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері кадрлардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайтып, оларды осы заманғы машиналармен, жабдықтармен, оқу құралдарымен, сондай-ақ транспорт құралдарымен жабдықтандыруға қажетті барлық шараларды қолданбайды.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Аграрлық-өнеркәсіптік комплекс жүйесінің басшы кадрлары мен мамандарының біліктілігін арттыруды одан әрі жетілдіру туралы» 1985 жылғы 3 январьдағы № 4 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

---

[1] 4-пункт, 8-пункттің үшінші және төртінші абзацтары, 13-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.
12-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1985 ж. 3 январьдағы № 4 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жемісовощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой», ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттері КПСС Орталық Комитетінің май (1982 ж.) және одан кейінгі Пленумдарының шешімдерін басшылыққа ала отырып аграрлық-өнеркәсіптік комплекс жүйесінің басшы кадрлары мен мамандарының біліктілігін арттыруды одан әрі жетілдіруге бағытталған нақты шараларды әзірлеп, жүзеге асырсын, оларда мыналарға ерекше назар аударсын:

басшы кадрлар мен мамандарды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын оқу орындарының жүйесін тәртіпке келтіруге және дамытуға;

біліктілікті арттыру институттары, факультеттері, мектептері мен курстары коллективтерінің күш-жігерін оқу процесін ұдайы жетілдіруге және тыңдаушылар КПСС-тің экономикалық саясатын, ғылымның, техниканың ең соны жетістіктері мен озық тәжірибені, өндірісті жоспарлау мен басқарудың осы заманғы тиімді әдістерін, еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру, шаруашылық есеп пен коллективтік мердігерлікті енгізу мәселелерін терең оқып-үйренуін қамтамасыз етуге шоғырландыруға;

тыңдаушылардың өндірістік оқуын және олардың стажировкадан өтуін ұйымдастыру ісін жақсартуға, бұл үшін озат колхоздарды, совхоздар мен аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарын пайдалануға;

басшы қызметкерлер мен мамандардың, біліктілігін арттыру үшін тиісті оқу орындарына уақтылы жіберуді және оқудан кейін оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету үшін аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының жауапкершілігін арттыруға;

аграрлық-өнеркәсіптік комплекс жүйесінің басшы кадрлары мен мамандарының біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орындарының жұмысын ұдайы бақылауды жүзеге асыруға, материалдық-техникалық базаны нығайтуда, профессор-оқытушылар кадрларын іріктеуде, сондай-ақ осы оқу орындары қызметінің тиімділігін барынша арттыра беруде оларға көмек көрсетуге.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың республикалық жоғары мектебі ұйымдастырылсын.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың республикалық жоғары мектебіне республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің құрамына кіретін министрліктер мен ведомстволардың, облыстық және аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктердің, колхоздардың, совхоздардың және аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарының басшы кадрлары мен мамандарының, сондай-ақ ауыл шаруашылығын басқару мектептері, ауыл шаруашылық кадрларының біліктілігін арттыру мектептері, техникумдар, совхоз-техникумдар және оқу-курс комбинаттары директорларының біліктілігін арттыру жүктелсін.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың республикалық жоғары мектебінде тыңдаушыларды жұмыстан қол үзіп оқытудың ұзақтығы 3 айға дейін деп белгіленсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі он екінші бесжылдықта тыңдаушылар контингентін одан әрі ұлғайтуды ескере отырып Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың республикалық жоғары мектебінің оқу комплексі салынуын көздейтін болсын.

5. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың республикалық жоғары мектебінің тыңдаушылар контингенті туралы СССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен және аграрлық-өнеркәсіптік комплекс құрамына кіретін СССР-дің тиісті министрліктерімен, ведомстволарымен келісілген ұсынысты жыл сайын Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне енгізіп отырсын.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақ ССР Финанс министрлігінің келісуі бойынша Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың республикалық жоғары мектебі профессор-оқытушы құрамының штатын анықтасын.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Финанс министрлігі 1985 жылдан бастап республиканың жоспарлары мен бюджеттерінің жобаларында Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың республикалық жоғары мектебін ұстауға арнап жыл сайын Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне тиісті қаржылар бөлінуін көздеп отырсын.

8. Қолхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының өндірістік бөлімшелерінің басшыларын, сондай-ақ арнаулы орта білімі бар ауыл шаруашылығы мамандарын (агрономдар, зоотехниктер, мал фельдшерлерін, механиктер, құрылысшы-техниктер, гидротехниктер және басқа мамандар) даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің СССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, Қазақ ССР Финанс министрлігімен және облыстық атқару комитеттерімен келісілген мына ұсыныстары қабылдансын:

Петропавл ауыл шаруашылық кадрлары біліктілігін арттырудың республикалық мектебін Петропавл ауыл шаруашылығын басқару мектебі етіп, Ақтөбе мемлекеттік ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы жанындағы ауыл шаруашылық кадрларының біліктілігін арттыру мектебін Ақтөбе ауыл шаруашылығын басқару мектебі етіп қайта құру туралы;

Шығыс Қазақстан облысының Лениногор орман техникумы жанындағы ауыл шаруашылық кадрларының біліктілігін арттыру мектебін тарату туралы.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі таратылатын мектеп тыңдаушыларының контингентін Шығыс Қазақстан совхоз-техникумы жанындағы мектепке берсін.

9. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс құрамына кіретін республиканың министрліктері мен ведомстволары және облыстық атқару комитеттері 1985—1990 жылдары Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың республикалық жоғары мектебінің, біліктілікті арттыру институттары мен факультеттерінің, ауыл шаруашылығын басқару мектептерінің, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс жүйесінің басшы кадрлары мен мамандарының біліктілігін арттыру жөніндегі басқа да оқу орындарының оқу-материалдық база-

сын нығайтуға, керекті оқу үйлері мен жайлы жатақханалар салуға қажетті шараларды жүзеге асырсын.

10. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институты 1986—1990 жылдары республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексі жүйесінің басшы кадрлары мен мамандарының біліктілігін арттыру факультетіне арнап Алматы қаласында 300 орындық жатақхананы жобалау мен салуға байланысты мәселелерді белгіленген тәртіп бойынша шешетін болсын.

11. Аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің кәсіпорындары мен ұйымдарының орта буын мамандарының біліктілігін арттыру, әдетте, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің тиісті министрліктері мен ведомстволарының біліктілікті арттыру жөніндегі оқу орындарында жүргізіледі деп белгіленсін.

ӨНЕРКӘСІПТІҢ, ҚҰРЫЛЫСТЫҢ, ТРАНСПОРТТЫҢ, БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖӘНЕ САУДАНЫҢ БАСШЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН МАМАНДАРЫНЫҢ МАМАНДЫҒЫН АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 1 наурыздағы № 120
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., № 5, 44-ст.)

СССР Министрлер Советінің 1967 жылғы 6 июньдегі № 515 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне, Қазақ ССР Халықтың тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне, Қазақ ССР Байланыс министрлігіне, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Тас жолдар бас басқармасына, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасына, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының басқармасына бір ай мерзім ішінде әрбір министрлік пен ведомство жүйесін тұтас алғанда 1968 жылы басшы қызметкерлер мен мамандардың мамандығын арттырудың мамандықтар, оқытудың түрлері (өндірістен қол үзіп және қол үзбей) және мерзімдері көрсетілген жоспарларын, сондай-ақ жоғары білімі бар басшы қызметкерлер мен мамандар үшін министрліктер мен ведомстволар жанынан, арнаулы және жалпы орта білімі бар басшы қызметкерлер мен мамандар үшін министрліктер мен ведомстволар жанынан, арнаулы және жалпы орта білімі бар басшы қызметкерлер мен мамандар үшін кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер жанынан мамандық арттыру курстарын, жоғары оқу орындары жанынан факультеттер ұйымдастыру туралы ұсыныстар әзірлеп, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс ету міндеттелсін.

2. Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне, Қазақ ССР Орман, целлюлоза-қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Геология министрлігіне, Қазақ ССР Химия өнеркәсібі басқармасына, Қазақстан мұнай бірлестігіне, Қазақ ССР Монтаж және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігіне, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігіне оқытуға жататын барлық қызметкерлерді қамту мақсатымен СССР-дің тиісті министрліктері мен ведомстволарында басшы қызметкерлер мен мамандардың мамандығын арттырудың мәселелерін жан-жақты шешу міндеттелсін.

3. Осы қаулының 1-пунктінде аталған Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісе отырып, министрліктер, ведомстволар, олардың кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелері жанындағы мамандықты арттыру курстарының, сондай-ақ жоғары оқу орындары жанындағы факультеттердің оқу-мате-

---

[1] 1-пункттің екінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

7-пункт СССР Министрлер Советінің «Өнеркәсіптің, құрылыстың, транспорттың, байланыстың және сауданың басшы қызметкерлері мен мамандарының мамандығын арттыруды ұйымдастыру жүйесін жетілдіру туралы» 1967 ж. 6 июньдегі № 515 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

риалдық базасын жасауға, халық шаруашылығының тиісті саласын өркендетуге бөлінген қаржы есебінен, жылдық жоспарларда қажетті күрделі қаржы қарап отыру міндеттелсін.

4. СССР Министрлер Советінің 1967 жылғы 6 июньдегі № 515 қаулысына сәйкес басшы қызметкерлер мен мамандардың мамандығын арттыру жөніндегі жаңа жүйенің енгізілуіне байланысты және бұл жүйені жоспарлауды онан әрі жетілдіру мақсатымен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне мыналар жүктелсін:

а) республикалық министрліктер мен ведомстволардың басшы қызметкерлер мен мамандарды мамандық арттыру курстары мен жоғары оқу орындары жанындағы факультеттерге қабылдаудың жыл сайынғы жоспарларын қарап, бекіту;

б) республика министрліктері мен ведомстволарының және олардың кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелері жанындағы мамандық арттыру курстарының, сондай-ақ жоғары оқу орындары жанындағы мамандық арттыру факультеттерінің оқу-материалдық базасын өркендету және нығайту жөніндегі республикалық министрліктер мен ведомстволардың жоспарларын қарап, келісу;

в) СССР одақтық және одақтық-республикалық министрліктер мен ведомстволардың республика территориясында ұйымдастыратын мамандық арттыру институттары мен олардың филиалдарына (мамандықтар бойынша) тыңдаушылар қабылдауды, сондай-ақ республикалық министрліктер мен ведомстволар жанындағы мамандық арттырудың біріктіруді қажет ететін сала аралық курстарды және жоғары оқу орындары жанындағы факультеттерді ұйымдастыру мәселелерін үйлестіру.

5. Қазақ ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігіне республикада басшы қызметкерлер мен мамандардың мамандығын арттыру жұмысына методикалық басшылық жасау жүктелсін.

6. Қазақ ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігіне мамандық арттыру курстарын тиісті оқытушылармен толықтыру жөніндегі республикалық министрліктер мен ведомстволарға қажетті көмек көрсету міндеттелсін.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛІКТЕРІ ЖАНЫНАН БАСШЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН МАМАНДАРДЫҢ МАМАНДЫҒЫН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 12 ноябрьдегі № 676
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., № 22, 142-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, Қазақ ССР Халықтың тұрмыс қажетін өтеу министрлігі және Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі жанынан басшы қызметкерлер мен мамандардың мамандығын арттыру курстары ұйымдастырылсын.

2. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне, Қазақ ССР Халықтың тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне және Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне қажет болған жағдайда басшы қызметкерлер мен мамандардың мамандығын арттыру курстарын кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдар, жоғары және арнаулы орта оқу орындары жанынан ұйымдастыруға право берілсін.

3. Мамандық арттыру курстарын ұйымдастыру және бұл курстарға басшы қызметкерлер мен мамандарды жіберу СССР Министрлер Советінің «Өнеркәсіптің, құрылыстың, транспорттың, байланыстың және сауданың басшы қызметкерлері мен мамандарының мамандығын арттыру жүйесін жетілдіру туралы» 1967 жылғы 6 июньдегі № 515 қаулысымен [1] белгіленген шарттар мен тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

4. Қазақ ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігіне мамандық арттыру курстарын профессор-оқытушы кадрлармен толықтыруға министрліктерге қажетті көмек көрсетіп отыру тапсырылсын.

ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ ЖАҢА, ПЕРСПЕКТИВАЛЫ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША КАДРЛАРДЫ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАУЛЫ ФАКУЛЬТЕТТЕР ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1974 жылғы 1 октябрьдегі № 524
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Ғылым мен техниканың жаңа, перспективалы бағыттары бойынша кадрларды қайта даярлау жөніндегі арнаулы факультеттер ұйымдастыру туралы» 1974 жылғы 6 сентябрьдегі № 704 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитеті және Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі:

а) мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісілген, қажетті материалдық-техникалық базасы және квалификациялы профессор-оқытушы құрамы бар республиканың жетекші жоғары оқу орындарында күндізгі оқыту формасы бойынша бір жылға дейінгі және кешкі оқыту формасында екі жылға дейінгі мерзімді ғылым мен техниканың жаңа, перспективалы бағыттары бойынша кадрларды қайта даярлау жөніндегі арнаулы факультеттер ұйымдастыру туралы ұсыныстарды Қазақ ССР Министрлер Советіне 1975 жылдың 1 январына тапсырсын;

б) нақты мамандықтар мен тыңдаушыларды оқытудың формаларын көрсете отырып ғылым мен техниканың жаңа, перспективалы бағыттары бойынша арнаулы факультеттерде кадрларды қайта даярлаудың қажеттігі туралы ұсыныстарды Қазақ ССР Министрлер Советіне жыл сайын тапсырып отырсын.

---

[1] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

[2] 2-пункт СССР Министрлер Советінің «Ғылым мен техниканың жаңа, перспективалы бағыттары бойынша кадрларды қайта даярлау жөніндегі арнаулы факультеттер ұйымдастыру туралы» 1974 ж. 6 сентябрьдегі № 704 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ӨНДІРІС БАСҚАРУ ІСІН ҒЫЛЫМИ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МАМАНДЫҒЫН АРТТЫРУ КУРСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 15 сентябрьдегі № 564
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 18, 85-ст.)

Еңбекті және өндіріс басқару ісін ғылыми ұйымдастыру жөніндегі қызметкерлердің мамандығын арттыруды жақсарту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Алматы халық шаруашылығы институты жанынан еңбекті және өндіріс басқару ісін ғылыми ұйымдастыру жөніндегі қызметкерлердің жұмыстан қол үзіп оқитын бір ай мерзімдік тұрақты жұмыс істейтін курсын ұйымдастыру туралы Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің министрліктермен, ведомстволармен келісілген ұсынысы қабылдансын.

Көрсетілген курста кәсіпорындардың, құрылыстардың басшылары, олардың орынбасарлары, Еңбекті ғылыми ұйымдастыру орталықтарының басшылары, министрліктердің, ведомстволардың, бас басқармалардың, кәсіпорындар мен құрылыстардың жоспарлау, өндіріс бөлімдерінің және еңбек пен жалақы бөлімдерінің бастықтары оқудан өтеді деп белгіленсін.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне мыналар міндеттелсін:

— Қазақ ССР-інің тиісті министрліктерімен және ведомстволарымен келісілгеннен кейін курсқа жіберілетін адамдардың нақты саны мен оларды жіберу мерзімін қосымшаға сәйкес министрліктер мен ведомстволар бойынша белгіленген контингент шегінде белгілеу;

— халық шаруашылығы салаларының айрықшылықтарын есепке ала отырып, Еңбекті ғылыми ұйымдастыру қызметкерлерінің мамандығын арттыратын тұрақты жұмыс істейтін курстың оқу жоспары мен программасын бекіту;

— халық шаруашылығының салаларында еңбекті ғылыми ұйымдастырудағы айрықша ерекшеліктерді есепке ала отырып, оқу лектерінің графиктерін белгілеу.

3. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

— қарамағындағы кәсіпорындардан, ұйымдардан және орталық аппараттан курсқа тыңдаушылардың белгіленген мерзімдерде жіберілуін қамтамасыз ету;

— курстың тыңдаушыларын материалдық жағынан қамтамасыз етуді СССР Министрлер Советінің «Өнеркәсіптің, құрылыстың, транспорттың, байланыс пен сауданың басшы қызметкерлері мен мамандарының мамандығын арттыру жүйесін жетілдіру туралы» 1967 жылғы 6 июньдегі № 515 қаулысымен [2] белгіленген шарттар негізінде жүзеге асыру;

— курсқа келетін адамдарды жатақханаларға орналастыруды қамтамасыз ету.

4. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне мына-

[1] № 1 қосымша Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

— тұрақты жұмыс істейтін бір айлық курсты профессор-оқытушы кадрлармен толықтыру;

— лекция және практика сабақтарын жүргізу үшін өндірістер мен құрылыстардың ысылған жетік мамандарын тарту;

— сабақтарды дұрыс өткізу үшін курсты оқу-материалдық базамен қамтамасыз ету.

5. Курста тыңдаушыларды оқытуға шығындар тиісті министрліктер мен ведомстволардың орталықтандырылған қорына олардың қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өнеркәсіп өнімінің, тасымалдар мен байланыс операцияларының өзіндік құнынан бөлетін қаржылары, мердігер құрылыс ұйымдарының финанс жоспарларында мамандықты арттыруға қаралған қаржылар, товар айналымынан бөлінетін қаржылар есебінен, сондай-ақ кадрлар даярлауға қаралған басқа да қаржылар есебінен жұмсалады деп белгіленсін.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісілгеннен кейін курсқа жұмсалатын шығыстар сметасын бекітетін және тиісті министрліктер мен ведомстволардың бұған қатысу үлесін белгілейтін болсын.

ҚПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «КОЛХОЗДАР МЕН СОВХОЗДАРДЫҢ БАСШЫ КАДРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАМАНДАРЫНЫҢ МАМАНДЫҒЫН АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІН ОНАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1966 ЖЫЛҒЫ 15 ЯНВАРЬДАҒЫ № 38 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1966 жылғы 29 апрельдегі № 302 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1966 ж., № 22)

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру жүйесін онан әрі жақсарту туралы» 1966 жылғы 15 январьдағы № 38 қаулысына сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. 1965/1966 оқу жылында республикадағы колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын даярлайтын бір жылдық мектептер және

---

[1] 1-пункттің үшінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 13 мартағы № 92 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру жүйесін онан әрі жақсарту туралы» 1966 жылғы 15 январьдағы № 38 қаулысын жүзеге асыру шаралары туралы» 1966 жылғы 29 апрельдегі № 302 қаулысын ішінара өзгерту туралы Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 28 мартағы № 196 қаулысын және Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Ауылшаруашылық кадрларының мамандығын көтеру мектептері туралы» 1976 жылғы 17 мартағы № 116 қаулысын қараңыз.

4, 5, 7, 12, 13, 16-пункттері және № 2 Қосымшасы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

2 және 15-пункттер КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1966 ж. 15 январьдағы № 38 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді. (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

олардың мамандығын арттыратын алты айлық курстар, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыратын курстар колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыратын факультеттер болып қайтадан құрылсын. Бұл факультеттер Қазақ және Целиноград ауыл шаруашылық институттарында, Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтында, Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтында ұйымдастырылсын.

Жоғарыда аталған институттардың осы факультеттерінің әрқайсысында екі бөлімше: колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын даярлайтын бөлімше және колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының, ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыратын бөлімше ұйымдастырылсын. Бұларға тыңдаушылар жыл сайын № 1 қосымшаға сәйкес қабылданатын болсын.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) 1965/1966 оқу жылында республикадағы ауыл шаруашылық техникумдары, ғылыми-зерттеу институттары, тәжірибе станциялары, тағы

басқа ұйымдар жанындағы колхоздар мен совхоздардың ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру курстарын ауыл шаруашылық мамандарының мамандығын арттыру мектептеріне айналдырып қайта құру, сондай-ақ мектептер бойынша жыл сайын № 2 қосымшаға сәйкес тыңдаушылар қабылдайтын жаңадан мектептер ұйымдастыру;

б) көрсетілген мектептерде арнаулы орта білімі бар қызметкерлердің — агрономдардың, зоотехниктердің, мал фельдшерлерінің, механиктердің, құрылысшы-техниктердің, гидротехниктердің, ауыл шаруашылығының басқа да мамандарының, бөлімше басқарушыларының өндіріс бригадасы бригадирлерінің, колхоздар мен совхоздардың мал фермалары меңгерушілерінің, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі кәсіпорындары мен ұйымдарының, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігінің, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі ұйымдарының және колхозаралық құрылыс ұйымдарының қызметкерлерінің мамандығын арттыру;

в) ауыл шаруашылық кадрларының мамандығын арттыру мектептерінде оқу мерзімін ауыл шаруашылық және селолық құрылыс мамандары үшін 2 ай, ал бөлімше басқарушылары, өндірістік бригадасы бригадирлері және колхоздар мен совхоздардың мал фермалары меңгерушілері үшін 2 ай етіп белгілеу;

г) ауыл шаруашылық кадрларының мамандығын арттыру мектептерін республикалық бюджет есебінен қаржыландыру және ұстау;

д) ауыл шаруашылық кадрларының мамандығын арттыру мектептерінің оқытушылар құрамының, оқу-көмекші, әкімшілік-басқару қызметкерлерінің штатын, мектептерде мамандығын арттыратын тыңдаушылардың жыл бойындағы орташа контингентіне сәйкес, арнаулы орта оқу орындары үшін белгіленген норма бойынша тағайындау;

е) мектептердің оқытушыларының еңбегіне ақы төлеуді арнаулы орта оқу орындарының оқытушылары үшін белгіленген тәртіп бойынша және сол мөлшерде беру, ал оқу-көмекші, әкімшілік-басқару қызметкерлерінің еңбегін курстардың, оқу пункттерінің, бір жылдық ауыл шаруашылық мектептерінің қызметкерлері үшін — КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің және ВЦСПС-тің 1964 жылғы 15 июльдегі № 620 қаулысымен белгіленген тәртіп бойынша және сол мөлшерде беру міндеттелсін.

8. Ауыл шаруашылық кадрларының мамандығын арттыру мектептеріндегі тыңдаушылардың өздері қызмет істеген орындарындағы орташа айлық жалақысы сақталынатын болып белгіленсін.

Осы мектептерде оқитын колхозшылардың еңбегіне төленетін орташа айлық ақысын сақтау колхоздарға ұсынылсын.

Мұның үстіне аталған мектептердің тыңдаушыларына айына 40 сом ақша мөлшерінде мемлекеттік стипендия қосымша төленетін болсын.

9. Ауыл шаруашылық кадрларының мамандығын арттыру мектептеріне басшылық ету Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

10. Тұрғын үй құрылысының 1966 жылға бекітілген жоспары шеңберінде, техникумдар, ауыл шаруашылық ғылыми-зерттеу мекемелері, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындары жанында ұйымдастырылатын кадрларының мамандығын арттыру мектептерінің тыңдаушылары үшін жатақханалар, оқытушылар үшін тұрғын үйлер салуға Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне рұқсат етілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне бір ай мерзім ішінде тұрғын үйлер мен жатақханалардың бір үлгідегі жобасын жасау міндеттелсін.

11. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР

Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жыл сайынғы жоспарларда кадрлардың мамандығын арттыру мектептері ұйымдастырылатын ауыл шаруашылық техникумдарына, сондай-ақ Ақтөбе, Гурьев, Көкшетау, Қостанай ауыл шаруашылық тәжірибе станцияларына, Қазақтың мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына, Қазақтың қаракөл қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына, оқу және тұрғын үйлер салуға, ауыл шаруашылық техникасын, автомобильдер, лабораториялар үшін жабдықтар, тағы басқа материалдық-техникалық құралдар сатып алуға қажетті қаражат бөліп отыру міндеттелсін.

14. Ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарының жанындағы колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру факультеттеріне, сондай-ақ ауыл шаруашылық кадрларының мамандығын арттыру мектептеріне бірінші қабылданғандардың сабағының басталу мерзімі —1966 жылдың 1 октябрі болып белгіленсін.

Қазақстан КП Орталық Комитеті
мен Қазақ ССР Министрлер
Советінің 1966 жылғы 29 апрельдегі
№ 302 қаулысына
№ 1 ҚОСЫМША

Колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын және ауыл шаруашылығы мамандарын дайындау факультеттері, олардағы бөлімшелер мен тыңдаушылар контингенті көрсетілген, ұйымдастырылатын ауыл шаруашылық институттарының

ТІЗБЕГІ

Институттың аты	Ұйымдастырылатын факультеттері мен бөлімшелер	Жыл сайынғы қабылданатын тыңдаушылар (адам)
1	2	3
Қазақ ауыл шаруашылығы институты	колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру факультеті	830
	ондағы бөлімшелер:	
	— колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын дайындау	50
	— колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру	780
Алматы зооветеринарлық институты	колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру факультеті	880
	ондағы бөлімшелер:	
	— колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын дайындау	100
	— колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру	780
Целиноград ауыл шаруашылығы институты	колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру факультеті	980
	ондағы бөлімшелер:	
	— колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын дайындау	130
	— колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауылшаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру	850
Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институты	колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру факультеті	90

1	2	3
	ондағы колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру бөлімшесі	90
	Барлығы колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру факультеттерінде	2780
	соның ішінде:	
	— колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын дайындау бөлімшелерінде	280
	— колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру бөлімшелерінде	2500

КОЛХОЗДАР МЕН СОВХОЗДАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ БАСШЫЛАРЫН ДАЯРЛАУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1975 жылғы 15 сентябрьдегі № 460
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1975 ж., № 19, 88-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. СССР Министрлер Советінің «Колхоздар мен совхоздардың өндірістік бөлімшелерінің басшыларын даярлауды жақсарту туралы» 1975 жылғы 27 июньдегі № 562 қаулысына (СП СССР, 1975 ж. № 18, ст. 109) сәйкес колхоздардың, совхоздардың, шаруашылық аралық кәсіпорындар мен бірлестіктердің өндірістік бөлімшелерінің басшыларын даярлау үшін ауыл шаруашылық кадрларының мамандығын көтеретін мектептердің базасында ауыл шаруашылығын басқарудың республикалық мектептерін мына жерлерде ұйымдастыру туралы Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынысы қабылдансын:

а) Талғар ауыл шаруашылық техникумы жанынан «Бөлімшелердің (фермалардың) басқарушылары» мамандығы жөнінде;

б) Көкшетау мемлекеттік облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясының совхоз-техникумы жанынан «Өндірістік және комплексті бригадалардың бригадирлері» мамандығы жөнінде;

в) Қостанай мемлекеттік облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясының жанынан «Мал фермаларының меңгерушілері мен бригадирлері» мамандығы жөнінде; аталған мектепке осымен бірге ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын көтеру жүктелсін.

Аталған республикалық мектептердің тыңдаушыларының жыл

---

[1] Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 5 декабрьдегі № 700-р жарлығымен осы қаулымен ұйымдастырылған ауыл шаруашылығын басқарудың республикалық мектептерінің әрқайсысы 1978 жылдан бастап «Бөлімшелердің (фермалардың) басқарушылары», «Өндірістік және комплексті бригадалардың бригадирлері» және «Мал фермаларының меңгерушілері мен бригадирлері» мамандықтары бойынша колхоздардың, шаруашылық аралық кәсіпорындар мен бірлестіктердің өндірістік бөлімшелерінің басшыларын даярлауды жүргізе алады деп белгіленді.

7-пункт СССР Министрлер Советінің 1975 ж. 27 июньдегі № 562 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

сайынғы контингенті 600 адам болып белгіленсін және сабақ 1976 жылдың 15 январынан басталсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісіп алғаннан кейін ауыл шаруашылығын басқару мектептерінің оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші персоналының штатын арнаулы орта оқу орындары үшін белгіленген нормалар бойынша белгілейтін болсын.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі:

— ауыл шаруашылығын басқару мектептерін жаңа ауыл шаруашылық техникасымен, транспорт құралдарымен, лаборатория жабдығымен, мебельмен және басқа материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етуге шаралар алсын;

— тыңдаушыларды практика мен стажировкадан өткізу үшін аталған мектептерге озат шаруашылықтар мен кәсіпорындарды бекітіп берсін.

4. Ауыл шаруашылығын басқару мектептеріне басшылық ету және оларға қызмет көрсету Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Алматы, Көкшетау, Қостанай облыстық атқару комитеттеріне жүктелсін.

